

1702-1763

ҚҰЛЕКЕ БАТЫР ЖӘНЕ ҰРПАҚТАРЫ

ТАРИХИ-ӨМІРБАЯНДЫҚ ОЧЕРКТЕР


Құлеке батырдай мықты, құдіретті бол!


Сегіз серінің батасы





94(575)
JC 20





Издательство
«Северный Казахстан»

Кусеке
Бағытқа қарай
Жаңақұрылыс
Қалалық
Көшелер
Мұғалім
Қалам
Сөз.

21 / XII 22



1702-1763

ҚҰЛЕКЕ БАТЫР ЖӘНЕ ҰРПАҚТАРЫ

ТАРИХИ-ӨМІРБАЯНДЫҚ ОЧЕРКТЕР

ҚҰЛЕКЕ БАТЫР ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫ
АРҒЫН
АТЫҒАЙ
2021 ж.

Петропавл қаласы
2022 жыл

УДК 94 (575)
ББК 63.3 (5Қаз)
Ж 20

Шығарушылар алқасы:
Зарқын Тайшыбай, Қадыр Ахметов, Сәуле Мәлікова,
Мұрат Жантілеуов, Қайрат Дүйсенбин

Жинақты құрастырып, кіріспе сөзін жазған
Мұрат Жантілеуов

М. Жантілеуов

Ж 20 Құлеке батыр және ұрпақтары: Тарихи-өмірбаяндық очерктер. – Петропавл, 2022. – 496 бет.

ISBN 978-601-7959-38-4

567967

XVIII ғасырда өмір сүрген батыр бабамыз Құлеке батыр туралы көптеген құжаттар мен мәліметтер архив қорларында сақталған. Бұл жинаққа батырдың елін жаулардан қорғау жолындағы ерлік істері, сонымен бірге Абылай ханның сенімді серігі ретінде патшалық Ресеймен арадағы бітімгершілік қызметі туралы архив құжаттары жүйеленіп берілген. Сонымен бірге жинақта Құлеке батыр әулетінің шежіресі және оның туған жерінде өмір сүріп, қызмет еткен және бабалар ісін жалғастырып жатқан қазіргі ұрпақтары туралы баяндалған.

Өлкетанушы – зерттеушілердің, ақындардың мақалалары, өлеңдері, деректері де еңбектің мазмұнын толықтыра түскен.

Басылым қазақ тарихына, батыр бабалар өміріне, өлке тарихына ден қойған зерттеушілерге, ұстаздарға, оқушы жастарға, көпшілік қауымға арналған.

«Құлеке батыр және оның ұрпақтары» туралы дайындалған жинақ өлкетану саласына қосылатын өте маңызды, әрі өскелең ұрпаққа қажетті еңбек. Ресей архив қорларынан алынған құжаттар негізінде XVIII ғасырда өмір сүрген батыр бабаларымыз, олардың ішінде бірегейі болған Құлеке батыр туралы баға жетпес мәліметтер жинаққа арқау болған. Сонымен бірге Батыр бабамыз туралы жазылған мақалалар, оның ұрпақтарының шежіресіне байланысты қамтылған тараулар, қарастырылып отырған жинақтың маңызын арттыра түсетіні даусыз.

УДК 94 (575)
ББК 63.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-7959-38-4

© Жантілеуов М., 2022
© Издательство «Северный Казахстан», 2022

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

Кіріспе

1964 жылы Солтүстік Қазақстан облысына келген жазушы Мұхтар Мағауин Сергеев ауданы «Октябрь» лесхозында болған кезінде 70 жастағы әкем Қошан Жантілеуовпен кездесіп, Шал ақын туралы көп мәліметтермен қатар 20-дан астам Шал ақынның өлеңдерін жазып әкеткен.

Қошан – Құлекенің бесінші ұлы, Қазақбайдың ұрпағы. Сол кездесуде М. Мағауин Шал ақынның әкесі Құлеке батыр туралы архивте көп мәліметтер бар екенін айтты. Сонда әкеміз, көзіне жас алып, Құлеке бабамызға арнап құран бағыштады. Мен 15 жасымнан Құлеке батыр туралы естелік, әңгімелерге қанық болып өстім. «Октябрь орман шаруашылығының» директоры белгілі халық ақыны Ахметжан Нұртазин 1970 жылы «Арнаған ұрпақтарға аманатым» деген шежіре-дастан жазып газетке шығарды. Сол көркем шығарманы оқып жекпе-жекте Құлеке батырдың естек батырларын жеңгеніне ұрпағы ретінде мақтандым. Бабамыздың осы ерлігінің арқасында Есілдің құнарлы жерлері естектерден босатылып, Құдайберді-Бәйімбет рулары қоныстанған екен.

2004 жылғы 24 қыркүйекте «Солтүстік Қазақстан» газетінде өлкетанушы Қайролла Мұқановтың Құлеке батыр туралы мақаласы шықты. Бұл мақалада Құлеке батыр туралы тарихи құжаттарға, деректерге сүйеніп, толығырақ өмірбаяны жазылған. Белгілі өлкетанушы, батыр бабамыз туралы көп ізденіп, архивтерден тың деректер жинақтаған Қайрекеңнің мақаласында қазақ тарихында, Абылай ханға қатысты түрлі ғылыми еңбектерде, көркем шығармаларда көптеген авторлар белгілі батырлардың ішінде Алашқа еңбегі сіңген батырлардың бірі Құлеке Тәңірбердіұлы екенін тайға таңба басқандай дәлелдеген.

Құлеке батырдың әкесі Тәңірберді ауқатты, Атығай руы басы болған адам, ұлы жүздің төбе биі Төле бимен құда болған. Төле бидің Сандық атты қызын Құлеке баласына әперген. Көп құжаттарда айтыла бермейтін тың деректі жуырда төменде көрсетілген жинақтан оқыдым. Мұндағы атап көрсетілгендей, Төле бидің өзі де, балалары да білімді адамдар болған. Бидің күйеу баласы атақты Құлеке батыр да хат жазып, хат алысқан білімді кісі екен. (Между-

народные отношения Центральной Азии XVII-XVIII вв. Документы и материалы. Кн.2 М.,1989. 70 стр.).

Қазақ елінің белгілі жыршы, сазгер, ақыны Сегіз-сері батасын мына сөзбен аяқтайды екен: «Құлеке батыр сияқты құдіретті, мықты бол!» – деп.

2005 жылы белгілі журналист, жазушы, суретші, Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы Ожан Қали маған хабарласып Құлеке батыр бабамыздың суретін салып аяқтағанын айтып, келіп көруіме болатынын хабарлады. Сол кездесуде маған естелікке бабамыздың елшілік кейпіндегі суретін сыйлады. Ол батыр бабамның бейнесін сол дәуірдің Итіке батырының ел аузында сақталған мына өлең жолдарына сүйене отырып салғанын айтты:

Аққұба, ашаң өңді, кең маңдайлы,
Қырандай қырағы көз тез арбайды.
Көсем сөз ағытыла сөйлеп кетсе,
Ойыңды орағыта жүз қармайды.

Осы ағаларымыздың еңбектерімен танысқаннан кейін менің бабамыздың тарихына деген қызығушылығым арта түсті. Құлеке Тәңірбердіұлы туралы тарихи деректермен танысып, көп кітаптардан мағлұмат алдым: Т. Шонанов «Ел тағдыры – жер тағдыры»; З. Тайшыбай «Қазақтың ханы Абылай», 3 том; Т. Садуақасов «Ел мен жер»; И. В. Ерофеева «1675-1821 жылдардағы қазақ билеуші элитасының эпистолярлық мұрасы», II том; В. Кузнецов «Мал золотник, да дорог», 2 кн., Русско-казахские отношения в 17-19 веках», т.б.

Тарихи деректермен танысқаннан кейін Құлеке бабамыз туралы бір естелік кітап шығарса ғой деген ой мазалады. Жерлестер мен Құлеке бабамыздың ұрпақтарымен ақылдаса отырып осы еңбекті жазуға кірісіп кеттік.

Кітаптың бірінші бөліміне Ресей мұрағаттарынан табылған құжаттар басылым бетіне шыққан кітаптардан алынды:

1. З. Тайшыбайдың «Қазақтың ханы Абылай», Алматы, «Ел шежіре» ҚҚ, 2011 ж. 3 томдық еңбегінен Құлеке батырдың өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар.

2. И. В. Ерофеева «1675-1821 жылдардағы қазақ билеуші элитасының эпистолярлық мұрасы» тарихи құжаттардың екі томдық жинағы. Алматы, 2011.

Ресми құжаттарда Құлекенің есімі 40-тан астам рет кездеседі. Бұл құжаттар 1732 жылдан 1765 жылдың қаңтар айына дейінгі уақыт ішінде хатқа түскен.

1732 жылы Орта жүздің ханы Сәмекенің елшісі ретінде Құлеке батыр Санкт-Петербургке барып, императрица Аннаның қабылдауында болған. Ұлы Жібек жолы бойында Ресей керуені қазақ жерінде тоналып, қазақтарға жала жабылғанда екі ел арасындағы араздықты реттеу мәселесіне арнайы елшілік миссиясын орындап, елге оралған болатын. Бұл бабамызды білікті дипломат – елші дәрежесіне көтерген сын сағаты еді.

Жалпы XVIII ғасырдың 30-70 жылдары Ресей патшалығының Орынбордағы әкімшілігі Қазақ елінің батыс және солтүстік өңірін өз билігіне қаратып, колониалдық үстемдігін белсенді түрде іске асырумен болды.

Қазақ елі Жоңғар, Қытай басқыншыларының өктем, жаугершілік саясатының құрбаны болып кетпеу үшін Ресей билігіне бағынышты болуды таңдаған. Сондықтан да Абылай бастаған қазақ сұлтандары Ресей патшасы Анна Иоановнаға «подданный» деп ант етіп, қол қойғандар санатында Құлеке бабамыз да бар.

Радик Темиргалиевтың «Эпоха последних батыров» кітабының 288 бетінде төмендегі деректер келтіріледі: «...Казахи оказались в крайне сложной ситуации. Тяжелая война с цинской армией усугублялась к тому же противостоянием с соперниками Амурсаны в Джунгарии. Так, заслонительному отряду Кулеке батыра на р. Нуре пришлось три раза вступать в бой с ойратами. Хотя в каждом случае победа доставалась казахам, эти столкновения отвлекали силы от борьбы с цинскими отрядами...».

Құлеке батырдың 1763 жылы қайтыс болғанын Абылай сұлтан ұлы патшайым II Екатеринаға арнайы жазған хатында жабырқау көңілмен хабарлағаны туралы И. В. Ерофеева «1675-1821 жылдардағы қазақ билеуші элитасының эпистолярлық мұрасы» кітабының 426 беті № 258 жазылған.

Тарихтан белгілі Шал акын әкесі Құлеке қайтыс болғанда шығарған жоқтауында:

Алпыс бір мүшел келді мерттей болып,
Өтпедің сол мүшелден серттей болып,

– деп әкесі Құлекенің 61 жасында өмірден озғанын айтады. Бұл архивтік документ бойынша 1763 жыл, сонда туған жылы

1702 жыл болып табылады. Архивтік құжаттар болмағандықтан бұрынғы жазбаларда жобамен алынған.

Бүгінгі дәуіріміздегі тәуелсіздік алған еліміздің Мәңгілік ел болу жолындағы өткелдерінің бірі – сол алмағайып заманымызда, бүгінгі мемлекетіміздің негізі болып отырған алып аймақты сақтап, ел мүддесін қорғау үшін тар жол, тайғақ кешуі Құлеке батырдың тек өз заманында алты алашқа аты шыққан, Абылай ханның сенімді елшісі ғана емес, бүгінгі ұрпақ ардақтайтын мемлекет қайраткері екенін бүгінгі ұрпаққа жеткізу осы кітаптың негізгі міндеттерінің бірі деп есептеймін.

3. Болатбек Нәсеновтың «Қазақтардың тарихы. Хандар» кітабының 2,3 беттерінен хандардың тарихы туралы мәліметтер келтірілген және Б. Тоғысбаевтың «Образование первого казахского государства» 369-371 б. жарияланған.

II бөлімге Құлеке батыр туралы баспасөзде жарияланған мақалалар мен өлеңдер кірген. Мұнда «Абылай хан резиденциясы» мұражайының бөлім бастығы Бауржан Жүнісовтың, белгілі өлкетанушы Қайролла Мұқановтың, жазушы М. Мағауинның, ҚР ҰҒА-ның академигі, батырдың ұрпағы А. Қошановтың, тарих ғылымдарының докторы генерал-лейтенант А. Тасболатовтың, академик, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ профессоры З. Тайшыбайдың, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Ж. Сүлейменовтың т.б. Құлеке батыр туралы жазылған мақалалары енгізілді.

III бөлімде белгілі ақын, жазушы, драматург, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Баянғали Тоқанұлы Әлімжановтың «Құлеке батыр» пьесасы енгізілді.

IV бөлімде соңғы жылы батырға арналып өткен іс-шаралар, бейнеконференциялар материалдары жарияланды.

18.11.2015 жылы бір топ еліміздің азаматтары Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Е.Х. Сұлтановқа хат жолдап, Сергеев қаласын Құлеке батыр қаласы деп өзгертуін сұраған.

02.11.2020 жылы ҚР ҰҒА-ның академигі, Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы А. К. Қошанов Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Қ. І. Ақсақаловқа Құлеке Тәңірберді ұлын мәңгі есте қалдыру үшін бірнеше ұсыныстармен хат жолдады. Осындай тілекпен бір топ Солтүстік Қазақстан азаматтары облыс әкімінің орынбасары Ғ. Нығметовке хат жолдаған.

12.11.2020 жылы Құлеке батыр туралы Солтүстік Қазақстан облысының мұрағат басқармасында, барлық аудан мұрағаттарымен онлайн режимде бейнеконференция өтті.

24.02.2021 жылы «Абылай хан резиденциясы» мұражай кешенінде Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Қос батырдың бірі – Құлеке» тақырыбында Zoom платформасында бейнеконференция өткізілді.

27.09.2021 ж. Абылайхан резиденциясында Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «XVIII ғасырдағы қазақ батырлары» атты бейнеконференция өтті. Бұл бейнеконференцияларға үлкен ағартушы ғалымдар, тарих ғылымының докторлары, кандидаттары, мәдениет қайраткерлері, ҚР Ұлттық ұлан әскери институтының курсанттары, СҚМУ студенттері, аудандық мұрағат қызметкерлері, көрермендер мен Құлеке батырдың ұрпақтары қатысты. Бейнеконференцияда Сергеевка қаласының атын «Құлеке батыр» деп өзгерту жайлы ұсыныстар болды. 2021 жылғы 1 сәуірде «Солтүстік Қазақстан» газетінде ҚР ҰҒА-ның академигі Аманжол Қошанов пен тарих ғылымдарының докторы генерал Абай Тасболатовтың «Қол бастаған Құлеке» атты мақаласы жарық көрді. Ал «Северный Казахстан», аудандық «Новатор» газеттерінде Солтүстік Қазақстан М. Қозыбаев атындағы университеттің профессоры, қоғам қайраткері, академик З. Тайшыбайдың «Кулеке батыр – соратник Абылай хана» атты мақаласы шықты. Осы тақырыпқа арналған облыстық теледидарда да көп ақпараттар жарияланды. 2021 жылы сәуір айында Шал ақын ауданының Петропавл қаласында тұрып жатқан азаматтарының «Жерлестер» қауымдастығының жиыны өтті. Абылай хан заманының ұлы қайраткері, Қазақ елінің егемендігіне үлкен үлес қосқан, қазақ халқына қызмет еткен жерлесіміз, бабамыз Құлеке Тәңірбердіұлының Отан тарихындағы орнын жаңғыртып, бүгінгі ұрпаққа өнеге, ғибрат ету мақсатындағы «Қауымдастық» кеңесінің құрамы бекітілді, атқарылатын іс-шаралардың тізімі жасалды.

Құлеке батыр тарихын зерттеуге арналған «Қауымдастық» кеңесінің мүшелері

Нұғыманов Б.К.
төраға, «СҚО ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы





Тәжин Ж.У.
Педагог, еңбек ардагері, Петропавл қ. ардагерлер кеңесінің төрағасы



Қоспанов С.Б.
ҚР денсаулық сақтау саласының ардагері



Қалиев Қ.Қ.
Қоғам қайраткері, ҚР ауыл шаруашылығының ардагері, СҚО Құрметті азаматы



Омаров Қ.Қ.
Еңбек және спорт ардагері

Жантілеуов М.Қ.
ҚР су шаруашылығы ардагері, СҚО Құрметті азаматы





Балтабаев А.З.
ҚР ауыл шаруашылығының ардагері

Құлеке бабамызды халқының біртуар перзенті ретінде тарихтағы іс-өнегесімен халқымызды таныстырып, оған тарихтағы лайықты орын алуға бағытталған іс-шараларды орындау үшін арнайы «ҚОР» ашылды. Соның арқасында батырдың туғанына 320 жыл толуына орай белгілі ақын, жазушы, драматург, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Баянғали Тоқанұлы Әлімжанов «Құлеке батыр» пьесасын жазды.

Шал ақын ауданының орталығы Сергеевка қаласында «Құлеке батыр» атындағы дене шынықтыру – сауықтыру кешені ашылды. Өңір басшысы Қ. І. Ақсақалов ауданға арнайы барып, нысанның ашылуымен құттықтады. Бұл кешенде елді мекен тұрғындарына спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын ұстануға бар мүмкіндік жасалған.

2021 жылы 6 желтоқсанда Шал ақын ауданындағы Құлеке батыр атындағы спорттық-сауықтыру кешенінде қазақ күресінен облыстық турнир өтті. Спорттық шара Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және саналы ғұмыры ат үстінде елін, жерін қорғаумен өткен Құлеке батырды еске алу мақсатымен ұйымдастырылды.

2022 жылы 5 мамырда Түркістан қаласында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай қорығында конференция өтті. Негізгі тақырыптарының бірі – Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар туралы болды.

V бөлім. Ел тарихы, елге тағзым.

Бұл бөлімде ауыл тарихы, ел қорғаған ағаларды еске алу мақсатында өткендерді ұмытпай, алтын тарих түбінде жатқан ата-аналарымызға құрмет көрсетіп, тірілермен бірлігіміз жарасып кейінгі ұрпаққа патриоттық тәрбие, өнеге болсын деген ниеттегі мақалалар жинақталған.

VI бөлімде батырдың елге белгілі ұрпақтарының өмірбаяндары енгізілді.

VII бөлімде Құлеке батырдың шежіресі келтірілді. А. Нұртазин, Қ. Жантілеуовтың, У. Латановтың, Қ. Дүйсенбиннің, Р. Жантілеуованың жазба шежірелері жарияланды.

Бүгінгі дәуірімізде елімізді, Мәңгілік ел, егемендігімізге рухани тірек, ел мүддесін қорғауға Құлеке батырдың тар жол тайғақ кешуі бірден-бір айғақ болуда. Сол себептен тарихи тұлға, өз заманының мемлекеттік қайраткері, Абылай ханның жақын серіктесі Құлеке батырды мәңгі есте қалдыру мақсатында соңғы жылдары біраз іс-шаралар өткізілді.

Еліміздің тәуелсіздігі жолында ерен еңбегімен көзге түскен ардақтыларын тек қана халық «батыр» деп атақ беріп, дәріптеген. Ал олардың ішіндегі ең үздіктеріне кейбір қазақ рулары ауылдарын солардың атымен атаған. Қазіргі Сергеев қаласы тұрған жердегі елді мекенді «Құлеке батыр ауылы» деп аталғанын архив құжаттары дәлелдеп отыр.

Бүгіндері Құлеке бабамыздың құрметіне өтіп жатқан жиын-конференцияға қатысушылар әділдікті қалпына келтіріп, осы тарихи есімді қайтару туралы ұсыныстар айтуда. Бұл елінің болашағына, біртұтас ел болуға үлес қосқан Құлеке батыр өмірін жастарға үлгі қылуға зор үлес қосар еді.

Осы кітапты құрастырып шығару барысында естеліктер, фотосуреттер, тарихи материалдар жинап және шежіре басуға көп еңбек сіңірген батырдың жас ұрпақтарын атап өткім келеді. Олар Орынбай Сексенов, Ерсайын Қошанұлы, Ләйла Қошанқызы, Ернар Мұратұлы, Данияр Амангелдіұлы, Елжан Ерсайынұлы, Қошановтар-Жантілеуовтар және жиендеріміз – Айбек Сабырұлы Ахметов, Олжас Шоқанұлы Балтабаев.

Жиналған материалдарды түгендеп компьютерге терген Раушан Қошанқызына, Ұмсындық Ыбырайқызына алғыс айтамын. Бұл кітап тарихи әділдікті қалпына келтіруде, жастарды патриотизм рухында тәрбиелеуде және ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруда көп септігін тигізеді деген ойдамын.

Мұрат Жантілеуов,
Құлеке батырдың жетінші ұрпағы

Алғы сөз

Абылай ханның өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдармен айналысқаныма отыз жылдан асты. Ресейдің Санкт-Петербург мемлекеттік архивінен, Мәскеудегі МИД-тің және Орынбор, Омбы архивтерінен сол жұмысты айлап жатып жинадым. Нәтижесінде 2005 жылы «Абылай хан» атты кітабым жарық көрді. Бертін, 2011 жылы «Қазақтың ханы – Абылай» деген екі томдық ғылыми басылым жазып шығардым. Ал 2021 жылдың аяғында «Қазақтың ханы – Абылай» атты кітабымның үшінші томын аяқтадым.

Абылай хан туралы ел жадында сақталған әртүрлі мағлұматтар көп. Бері қойғанда, екі ғасыр бойы халқымыз Абылайға байланысты көптеген аңыз-әфсаналар тудырды, әр кезеңде ақындар жыр-дастандар арнады. Ауыздан-ауызға жетіп, уақыт көші ілгерілеген сайын, жаңғыра жаңарып келе жатқан халық мұрасында Абылайдың адал ұл, ержүрек батыр, көреген қолбасшы, ұлттың кемеңгер көсемі екендігі паш етіледі. Бірақ, бұл шығармалар тарихтағы Абылай өмірі мен қызметін жан-жақты әрі толық көрсететін іргелі ғылыми-зерттеудің орнын толтыра алмайды, нақты дерек те бола алмайды. Абылай тарихына байланысты мұрағат деректері мен XVIII ғасырдан сақталған басқа да құжаттық материалдарды салыстыра зерттеп, жинап қазақ тілінде бір арнаға түсіру жұмысын арнайы қолға алдым.

Атығай руының белгілі ел ағалары Құлсары мен Құлеке батырлардың орыс әкімшілігіне жолдаған хаттары да Абылай бейнесін толықтыра түседі.

Қандай да тарихи дерек, мейлі ол сырт көзге ұсақ-түйек болып көрінсе де, Абылай бейнесін ашуға, оның саяси, әскери, шаруашылық қызметін неғұрлым толық көрсетуге, сайып келгенде, Абылайдың адам, азамат, Тұлға ретіндегі болмыс-бітімін дәлірек тануға көмектеседі деп ойлаймын. Уақыт жағынан алғанда, бұл зерттеулер XVIII ғасырды толық қамтиды.

Әр мемлекеттің тарихында Даңқы мәңгі өшпейтін тұлғалар бар. Еліміздің өткеніне көз жүгіртсек, ұлы дала төсінде қанша қантөгіс орын алды емес пе?

Абылай дәуірі – Ресей патшалығы мен Қазақ хандығы, Жоңғарлар мен Қытай-Цин империясының мүдделері тоғысқан кезең болатын. Міне, осындай қиын-қыстау дәуірде орыс-қазақ келіссөздерінде бітімгершілік қарым-қатынас орнатуға, жоңғар-қалмақ басқыншыларынан елімізді азат етуге аянбай күрескен ірі тұлғалардың бірі – Құлеке батыр. Ол туралы осы кітаптарда 30-дан астам архивтік материалдар бар. Осы документтерге қарағанда, Құлеке батыр отыз жылдан артық Орта жүз Сәмеке ханмен және Абылай сұлтан Ордасымен тығыз байланысты болып, қызмет атқарғаны дәлелденген.

Құлеке батырдың есімі көбінесе ішкі саясат мәселелерінде Абылайдың тапсырмаларын орындаушы, әрі солтүстіктегі Атығай тайпасының ел ағасы ретінде көрінеді. Тіпті кей жағдайларда Құлеке Абылай сұлтанның атынан, әсіресе қазақ шаруашылық мәселелері бойынша әрекеттер жасап, Ресей үкіметінің шекара бастықтарымен байланысып тұрғаны туралы мәліметтер көп кездеседі. Ол батырлығымен бірге өз заманының мемлекет қайраткері, Абылайдың елшілік қызметін атқарып, ел ағасы ретінде зор беделге ие болған. Алдарыңызға Құлеке батыр Абылайдың сенімді серігі, дипломат, тарихи тұлға туралы архивтік материалдарды ұсынамыз.

Зарқын Тайшыбай,
М. Қозыбаев атындағы СҚМУ профессоры,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
ҚР жоғарғы білім Ұлттық академиясының академигі

I бөлім

Атығай руының белгілі батыры Құлеке Тәңірбердіұлы туралы, оның өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен мағлұматтар Ресей мұрағаттарында сақталған. Онда Құлеке батырдың 30 жасынан бастап өмірден озғанға дейінгі кезеңдері қамтылады. Бұл материалдар З. Тайшыбайдың «Қазақтың ханы Абылай» еңбегінен алынған.

Атығай руының белгілі ел ағалары Құлсары мен Құлеке батырлардың орыс әкімшілігіне жолдаған хаттары да Абылай бейнесін толықтыра түседі. Бұларды тура мағынасында қабылдай беруге болмайды, терең зерттеу барысында олар «тыңшылық мағлұмат» сияқты көрінгенімен, Абылай саясатының тағы бір көрінісі екенін, яғни көрші Ресей, Қытай, Жоңғар мемлекеттерінің барлау қызметі үшін әдейі таратылған арнайы ақпарлар болғаны байқалады. Мұндай көп материалдарды салыстыра зерттегенде осыған көз жеткіздік. Олар Абылайдың қырық қатпарлы саясатының сырын ашатын немесе қазақтардың әскери-қорғаныс қуатын әлсіретететін, көрші мемлекеттермен байланысына нұқсан келтіретін акпарлар емес. Сырттай солай көрінгенімен, Абылай өзі ашып айтпаған, немесе айтуға тиіс емес пікірді, пиғылды Ресей барлаушыларына жанама түрде Құлсарының аузымен, сол айтты етіп білдіріп отырған. Керек десеңіз, Құлсарыға қалтқысыз сенген Ресей әкімшілігі кейде Абылайға қарсы ойластырған құпия айла-амалының сырын ашып алған. Бұл ақпарлар дереу Абылайға жетіп, оның алдағы қадамдарын түзуіне, өзіне Ресей тарапынан жасалмақ қарсылық пен қысымға бейімделе әрекет етуге негіз болған. Мысалы: Құлсары

орыстарға жазған бір хатында «Абылай бұрынғы жонғар жеріне көшпек еді, біз жібермей қойдық», немесе: «Абылай оңтүстіктен келмей, сол жақта қалып қоюы мүмкін», - деген қауіпті ақпар беріп, Ресейлік талма тұсын басып, оның алдында Абылайдың бағасын жанама түрде арттырып отырған. Ал, Ресей үшін Абылайдан тірілей көз жазып қалу – қазақ жерлерінен айырылу деген сөз.

Абылайдың қырғыздарға, түрікмендер мен қарақалпақтарға, башқұрттарға қарсы жорықтары туралы құжаттар да тереңірек зер салуды керек етеді. Олардың ішіндегі Ресейге немесе Қытайға табынғандарына ғана күш көрсетуі – бұл елдердің сол мемлекеттерге қосылып кетпеуі үшін, нәсілі, діні бір Қазақ хандығына бейімдеу ниетін көздегені аңғарылады. Сондай-ақ, мұндай нәзік саясат Абылай хаттарынан ашық көрінбеуі заңды, өйткені бұл қазақтар үшін мемлекеттік құпия. Абылайдың түрік мемлекетімен, қырымдағы татарлармен, Қобан өлкесіндегі түрік насілді жұрттарымен жақындаспақ ниеті де мемлекеттік тауелсіздікке ұмтылу, дербестік сақтау саясатының іс жүзіндегі 2 тармақтары екендігін кітаптағы құжаттардан байқауға болады.

1733 жыл. 2 қаңтар күні Тевкелев Уфаға келіп жетті.

4 қаңтар күні Санкт-Петербургтен қайтқан қазақ елшісі Құлеке Әбілкайыр ханның ұлы Ералы сұлтанға айтыпты: «Ресей керуені тоналғаны үшін патша ағзам казақтарға ызалы. Бұл жақтан барған қазақтарды ұстап қалуы мүмкін». Мұны естіген ханның ұлы, Бөкенбай батырдың інісі Құдайназар мырза және басқа қазақтар қатты қорықты.

9 қаңтар күні қазақтардың бұлайша қауіптеніп, толқып жатқанын көрген Тевкелев оларға басу айтып: «Елші Құлеке өтірік айтады. Ресей қазақтар сияқты жеңіл мінезді емес. Ресей керуенінің тоналғанына патша ағзам ренжіп, қахарын басқаларға тікпейді. Ол жаққа барған адал ниетті адамдар жақсы қабылданып сый-сияпатпен қайтады», - деді. Алайда, Құдайназар мырза бұл айтқанға да сенбей, өзін Уфадан қайтарып жіберуді сұрап жалынды.

...Қазақ даласында жүргенде тілмәш Тевкелевтің байқағандары: қазақтар зеңбірек жасамайды екен, олар соғыста зеңбірек қолданбайды. Сондай-ақ, мылтық та жасамайды. Олар мылтықты Хиуа мен Бұқарадан қойға, жылқыға айырбастап алады. Ал, оқ дәріні әркім өзіне керегінше жасап алады. Басқадай зауыттары жоқ. Соғыста садақты аз қолданады, көбінесе шүріппесі жоқ білтелі мылтықтар қолданады. Ал, башқұрттар соғыста тек садақ қана ұстайды, дәрімен атылатын мылтықтары жоқ.

«Қазақтың ханы – Абылай»: Дәуірі, өмірі мен қызметі. Ғылыми басылым. Алматы, «Ел-шежіре», 2011. т. I-16, 102, 103 бб.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазақ істері қоры. 122 тізбе, 1733 жыл. 1-іс, 8-137 пар.: XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары (Құжаттар мен материалдар жинағы). А. 1961, док. № 33. 48-86 бб.

[30] Шақшақ Бөгенбай – Орта жүздің батыры, Шақшақ Жәнібек тарханның аталас туысы әрі ізбасар серігі.

[31] Құлеке Тәңірбердіұлы – батыр (т. ж. б.-1767-68). Орта жүз, Атығай руының ел ағасы. Абылай ханға жақын кеңесші, маңызды тапсырмаларға жұмсайтын сенімді елші болған. 1732 жылы Орта жүздің ханы Сәмекенің елшісі ретінде Санкт-Петербургке барып, императрица Аннаның қабылдауында болған. Мұрағат қорларында Құлеке батырдың есімі көбінесе ішкі мәселелерінде Абылайдың тапсырмаларын орындаушы әрі солтүстіктегі Керей тайпасының ел ағасы ретінде көрінеді. Тіпті кей жағдайларда Құлеке Абылай сұлтанның атынан, әсіресе қазақ шаруашылығының мәселелері бойынша әрекеттер жасап, Ресей үкіметінің шекара бастықтарымен байланысып тұрады. 1755-56 жылдарға дейін Құлеке батыр солтүстік Қазақстандағы Преснов қамалының маңайын жайлаған, 1756 жылы Қожаберген, Қарбағай (Бабақай) батырлармен бірге, әрқайсысы қол бастап, үш мыңдай шаңырақты алып, Ертістің жоғары ағысына қарай көшкен. Кейінгі тарихи оқиғалардың өрбуіне қарағанда, бұлай үдере көшудің мәнісі Қытайлы манчжур-шүршіт әскерінің қазақ жерлеріне басып кіруінің алдын алу, басқыншылыққа қарсы Абылай басқарған Қазақ хандығы әскерінің стратегиялық жоспары еді. Құлекенің қайтыс болуы туралы нақты жазба деректер табылмады. Құжаттардағы жағдайларды салыстыра отырып, Құлеке батыр 1767-1768 жылдар шамасында 75-80 жаста қайтыс болды деп жорамалдауға болады.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 72, 73, 113, 114, 202, 207, 211, 233, 234, 236, 238, 240, 241, 255, 257, 265, 277, 289, 297-299, 301, 302, 305, 306, 316, 317, 320, 321, 326, 331, 332, 342, 344, 349, 350, 353, 361, 368, 369 беттер.

S67967

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

№ 17

1733 жылғы 4 қаңтар

Құлеке батыр сапардан оралды деген хабар*

Құлеке батыр 1733 жылы 4 қаңтарда С.-Петербургтен елшіліктен оралды (осы сапарда Тәуекел молла да бар).

Ресей керуендерін тонағаны үшін қазақ елшілігінің біраз адамдарын Ресей үкіметі ұстап қалған. Ұсталғандардың ішінде Бөкенбай батырдың інісі Құдайназар мырза да бар. Ол Уфада ұсталып қалған.

М. Тевкелевтің 1731-32-33 жж. жазбаларынан, 117 б.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазақ істері қоры, 122 тізбе, 122/1 қор, 1733. 1-іс. 8-17-пар.

[3] Төле би – Төле Әлібекұлы (1663-1756) – қазақ халқының бірлігін нығайтуға зор үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Ұлы жүздегі Дулат тайпасының Жаныс руынан. Әкесі Әлібек момындығы үшін ағайындары арасында «қарашоғыр» атанғанымен, өзіндік беделі бар би болған. Бала күнінен жас Төле әкесіне еріп жүріп ел көреді. Жұрт таниды, қазақ халқының ақындық-шешендік өнерінен тәлім алады. Он бес жасынан ел билігіне араласып, ақыл-парасаты, әділ шешімі, шешендік өнерімен көзге түседі. Төле би Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билермен бірге Тәукені хан сайлауға, үш жүздің ұлыстарын бір орталыққа бағындыруға, сөйтіп, бірегей Қазақ хандығын нығайтуға, жоңғар шапқыншылығына қарсы бауырлас қазақ, қарақалпақ және өзбек халықтарының жауынгерлік одағын құруға бағытталған шараларды жүзеге асыруға қатысты. Тәуке хан Төле биді Ұлы жүздің бас биі еткен. Төле би Қазыбек бимен және Әйтеке бимен бірлесе отырып, қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының жинағы болып табылатын «Жеті жарғының» қабылдануына ат салысты. Ордабасы жиыны кезінде Төле би басшылық жасап, жоңғар басқыншылығына қарсы бүкілхалықтық тойтарыс беруге ұйытқы болды. 1734 ж. Ресей императрицасы Аннаға және 1749 ж. Орынбор губернаторы И. Неплюевке хат жолдап, бодандықты қабылдауға ризашылық танытты. Бұл сол тарихи кезеңде шарасыздан жасалған қадам болатын. Ол жоңғар шапқыншылығынан титықтаған халықтың жағдайын жақсартуды бірінші кезекке қойды. 1738 ж. орыс сауда керуені тоналғанда, бұған кінәлі Қойгелді батырды билер алқа-

сына шақыртып, одан бұл шығынды төлетуге шешім шығарды. Оның елге танымал «Елге бай құт емес, би құт» дейтін қанатты сөзі айқын аңғартады. Бізге келіп жеткен аңыз-әңгімелерде Төле бидің ұлт бірлігін нығайтуды барынша жақтағандығы айтылады. «Жүзге бөлінгеннің – жүзі қара. Руға бөлінгендердің құруға асыққаны. Атаға бөлінгендер адыра қалады. Көпті қорлаған көмусіз қалады. Хан азса, халқын сатады. Халық азса, хандыққа таласады». Төле бидің артында кейінгі ұрпаққа жарық жұлдыздай жол көрсетіп, жөн-жоба сілтейтін осындай көптеген өсиет сөздері айтпақ ойының ұшқыр да тапқырлығымен, тап басатын көркем теңеулерінің дәлдігімен, тілінің өткір де айқындылығымен ерекшеленеді.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. Сб. документов и материалов. т. 1, А., 1961; Төле би, А., 1991; Үш пайғамбар, А., 1992; Төле би мен Қойгелді батыр, А., 1992; Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей, А., 1996; Қазақстан тарихы. 3 т., А., 1998; Жасыбаев Е., «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия, А., 2006, 466-467 беттер.

«Қазақтың ханы – Абылай»: Дәуірі, өмірі мен қызметі. Ғылыми басылым. Алматы, «Ел-шежіре», 2011. т. I т. 124, 125 бб.

№ 20

1734 жылғы 10 маусым

Орта жүздің ханы Сәмекеге Ресей императрицасы Аннаның құзырхаты*

Бізге шын берілген Сәмеке ханға, Орта жүз қазақтарының бүкіл аламанына біздің ұлы мәртебемізден мархабат.

1731 жылы, Қазақ хандығына Тевкелев мырза барғанда, сен, Сәмеке хан, біздің қарауымызға кіріп, адал болуға уағда берген едіңдер. Содан кейін сенің Орта жүзіңнің қазақтары антты бұзып, біздің қарауымыздағы башқұрттарды шаппақ болды. Бұдан әрі, Сәмеке хан, сен өзің бастап келіп, біздің башқұрттарға екі мәрте тиістің, екеуінде де жеңіліп, артынан башқұрттармен тіл табысып едіңдер. Сен өзің айыбыңды мойындап, біздің құдіретімізге бас идің, адал боламын деп ант бердің. Бодандық қабылдап, Уфаға елші жібердің, бұл бастамаңды құп көріп, елшілеріңді қайтардық.

Ал енді, міне Ор өзенінің сағасында қала салу үшін статский советник Иван Кирилов пен жоғарыда аталған полковник Тевкелев мырзаны жіберіп отырмын. Мен оларға толық билік құзырын бердім. Осы жөнінде Орта жүздің ханына және ел ағаларына ха-

барлап, біздің жеке-дара билігімізді сөзсіз мойындауға шақырамын; егер біздің қарауымызға шын ниетіңмен кіріп, бодандық кабылдағың келсе, алғашқы антты бұзған тентектігіңді кешіремін. Сәмеке хан, сенің және бүкіл Орта жүз қазағының бұдан былайғы тәртіп-талайы қалай болатынын статский советник Кирилов пен полковник Тевкелев хабарлайды. Патшалығымыздың бесінші жылында Санкт-Петербург қаласында, 1734 жылғы маусымның 10 жұлдызында берілді.

«Қазақтың ханы – Абылай»: Дәуірі, өмірі мен қызметі. Ғылыми басылым. Алматы, «Ел-шежіре» 2011. т. I т. 127, 128 бб.

№ 27

1737 жылғы мамыр

Қазақтарға қару-жарақ сатқызбау туралы Татищевтің Үкімет сенатына хатынан*

Қазақ елшілері Мәскеуге барғанда көптеген қару-жарақ сатып алыпты. Атап айтқанда: 28 мылтық, екі пистолет, 15 қылыш, 5 садақ, 3 кіреуке сауыт. Бұл жөнінде статский советник Кириловқа сыртқы істер алқасынан хабар түскен.

Бұл қаруларды ұстап қаламыз ба, әлде қазақтарды өткізе береміз бе? Біздің ойымызша, бұл кару-жарақты қазақтардан тартып алмай-ақ қойсақ та болады, өйткені олар қажет қылса, мұндай мылтықтарды Бұхара жақтан да табады ғой. Оның үстіне санаулы ғана қару-жарағымен бізге қазақтардан келе қоятын қауіп жоқ деп ойлаймын және де оларды үлкен өкпе-ренжіске қалдырмайық.

Ал, келешекте Мәскеу мен басқа да қалалардан қазақтар мен ташкенттіктерге мылтық сатқызбау қажет шығар. Бұл мәселе жөнінде нұсқау шығарып, тиісті орындарға хабарлап қойған жөн болар еді. Отты-оқты қарулар сатып алуда оларға тиым салу артық болмас.

Ресей империясының көне құжаттар мұрағаты. 248 кор. 1164 тігінді, 570 парақ, 141 б.

[1] Ор бекінісіне келуге көндіріңдер – Абылай сұлтанды тұтқында ұстаған Қалдан Серен Орта жүзге қысымды күшейтіп, сонымен бірге Кіші жүзге де ауыз сала бастады. 1742 жылы 14 сәуірде Кіші жүздің Батыр сұлтанына арнайы кісі жіберіп, жоңғарға қарауға үгіттеді, сол елші аркылы Әбілқайыр ханға хат жазды. Қалдан

Серен бұл хатында Орта жүз қазақтарына қару кезеп, қорқытып Әбілмәмбет ханның, Барақ сұлтанның, Жәнібек батырдың ұлдарын аманатқа беруді талап еткен. Әбілқайыр ханға да бұйрық беріп, «Ұлыңды аманатқа өткіз және баланды білікті-білікті ел ағаларына ертіп маған жеткіз. Соғыс ашамын», - деп қоқан-лоққы жасаған. «Алым салық төлейсің, мен көрсеткен аумақты ғана жайлап қыстайтын боласың» (63 құжатты қараңыз. - **З. Т.**), - деп үзілді-кесілді талап койған. Осыған байланысты мазасы кеткен Ресей үкіметі Орта жүз бен Кіші жүздің, тіпті Ұлы жүздің қазақтарынан тағы бір қайтара ант алып, оларға деген сенімін нығайта түспек болды. Тиісінше, үш жүзге де шақырту жіберілді.

Шақыртуға Әбілмәмбет хан келген жоқ. Сақталған құжатта: «1742 жылы тамыздың 23 жұлдызында Әбілқайыр ханмен бірге келген қазақтың мына төмендегі салалары мен басқа да кісілері патша ағзамға адал қызмет істегісі жөнінде ант беріп, мөрі танбаларын басты», - деп жазылган. Жазба дерек ретіндегі танымдык құнын ескеріп, тізімді толық бергенді жөн көрдік. Қазақ руларының атаулары мен адам есімдері орысша, көбіне бұрмаланып хатқа түскен (шама келгенше таратып, қазақша беруге талпынғанымызды ескертеміз. Кей тұста тізімді ретке келтіріп, өз жанымыздан түсінік беріп отырдық. - **З. Т.**).

Ұлы жүз, үйсіннен: 1. Ақтамберді. 2. Жұлын Қалдыбай батыр Даулин. 4. Ақтанбай батыр.

Орта жүзден:

Шақшақ руы: 1. Төртуыл батыр. 2. Шоң батыр. 3. Тәстемір батыр. 4. Айдабол жасауыл. 5. Кеген (Кешен) батыр. 6. Жылбол батыр. 7. Алысай батыр. 8. Есенгүл батыр. 9. Күнту батыр. 10. Дербісәлі батыр. 11. Алтыбасар батыр. 12. Текебай. 13. Сүйіндік батыр Тұрдыгұлов. 14. Әлтеке батыр Қожашев.

Төртуыл руы: 15. Төлебай би, інісімен. 16. Шағырай би. 17. Баян батыр.

Керей руынан: 18. Құттым би Қоштаев. 19. Саламат би. 20. Сасықбай батыр. 21. Жарас би. 22. Кішкентай (Кегентай) батыр. 23. Қаңбақ батыр. 24. Үсен батыр. 25. Көрпеш батыр. 26. Жапа батыр. 27. Еңкілдес батыр. 28. Алшынбай батыр. 29. Бұқай (Боқай) батыр. 30. Адырғай батыр. 31. Өмір батыр. 32. Бекберді батыр. 33. Сырымбет батыр. 34. Асан батыр. 35. Таттіқожа батыр. 36. Алдоңғар батыр. 37. Амандық батыр.

Атығай руынан: 38. Қожаназар батыр.

Ат-керей руынан: 39. Әлімбет би.

Уақ-керей руынан: 40. Ақбота батыр.

Абақ-керей руынан: 41. Бәйсейіт батыр.

Қанжығалы руынан: 42. Тілеуімбет батыр. 43. Жиенқұл батыр. 44. Ынтықбай батыр. 45. Төлеміс батыр. 46. Малдыбай батыр. 47. Шындаулет бай. 48. Базартай батыр. 49. Тоқсанбай батыр. 50. Есен батыр. 51. Елебай. 52. Самырат батыр. 53. Есбол батыр. 54. Досай батыр.

Алтай руынан: 55. Сасықбай батыр.

Сарыжетім-шақшақ руынан: 56. Жәлменбет батыр.

Арғын руынан: 57. Есәлі батыр. 58. Олжабай батыр, 59. Тілеуберлі батыр. 60. Есмұхамбет-Қошан би. 61. Қадірбек Есболаев би. 62. Алтай батыр Дәулеев би. 63. Қалыбек батыр.

Төртуыл руынан: 64. Сасықбай батыр Бесаға (Вашата) руынан. 65. Сүйіндік батыр. 66. Сүйіндік батыр. 67. Сырымбет батыр.

Қарауыл руынан: 68. Итқара би Қанбиев.

Шақшақ руынан: 69. Әлтеке батыр Қожашев. 70. Бертіс Султанов. 71. Өтейбаев. 72. Байғожа Құттымбетов. 73. Умлюсденебик Аназаров. 74. Өмірзақ-бейіс Саумұратов. 75. Тоғызақ Құдайбаев. 76. Қозыбак Жұмағұлов. 77. Ниқанбай Әліқұлов. 78. Тұма Торғаев. 79. Бопы Байқасқин. 80. Күскен Оразаев. 81. Талас Сақауылов. 82. Базаркелді бай Әлеков. 83. Дауылбай Алдабаев.

Кіші жуз, Алшын руынан: 1. Мойнақ Қожаберді би. 2. Мамыт батыр Төленұлы мырза. 3. Тауасар Жақсымбетов. 4. Тойбақ Аталықов.

Табын руынан: 5. Жаназар Тілеубаев би.

Алшын руынан: 6. Қозыжамырақ аталық. 7. Итемген Тілеке батырұлы. 8. Бостыбай батыр Рысайбайұлы. 9. Жұмалық Аллаберген бай. 10. Қожагүл Төбетеев бай. 11. Сейсенбай Тілеуқозин. 12. Сейітқұл батыр. 13. Ақәлім батыр. 14. Жақсымберді Сатыпалдиев. 15. Әдік Басақов. 16. Қожайық би Әтекеев. 17. Қарабай би Ақанаев. 18. Кедей би Ниязов. 19. Құдайберді батыр Телеев.

Телеу руынан: 20. Жортар Бекбауов. 21. Жортар Бекбауов. 22. Байтемір Қашадов. 23. Алабай Тока батыр. 24. Караменде Басаров. 25. Желі Умбетов. 26. Түрке Қожамжұмыров. 27. Шақа Сапин. 28. Лақа Сасықбаев. 29. Құмалақ Сабалтаев. 30. Бердік Шұбаев. 31. Арал Кеңгірбаев. 32. Тойғұла Бесаев. 33. Мәмбет Жанболатов. 34. Қимабай Жаланқұлов.

Тамыздың 26-сы күні Орта жүздің Атығай руынан ант бергендер: 1. Құлсары би. 2. Шешен Жарылғап.

Найман руынан: 3. Уәлі Аталықов. 4. Майлы батыр. 5. Талбасар батыр. 6. Теле батыр. 7. Барғана батыр.

Сарыжетім руынан: 8. Буданбай.

Арғын-алтай руынан: 9. Әліке шешен.

Шақшақ руынан: 10. Тілеу батыр.

Сол Орта жүзден 28 тамыз күні ант бергендер мыналар: 1. Бекболат би. 2. Қожанбай. 3. Құрманбай. 4. Бәйімбет батыр. 5. Өсергелді батыр. 6. Төлебай би Өресі батыр. 7. Сүлеймен батыр. 8. Барғана батыр. 9. Тілеміс мырза. 10. Төлебай би. 11. Танабай батыр. 12. Әйтен мырза. 13. Төбетбай. 14. Жайықбай батыр. 15. Орам батыр. 16. Жантай батыр. 17. Бұқа мерген. 18. Айтқожа. 19. Қарасай батыр. 20. Шындаулет батыр. 21. Сейтен батыр. 22. Досан батыр. 23. Майлыбай батыр. 24. Сағуар батыр. 25. Мизамбай. 26. Байыр батыр. 27. Алакөл батыр. 28. Жомартбай. 29. Киікбай батыр. 30. Шомақбай. 31. Маныбай батыр. 32. Қоштай батыр. 33. Байжігіт батыр. 34. Жылгелді батыр. 35. Құлеке батыр. 36. Болат батыр. 37. Байназар.

Тамыздың 30 жұлдызында сол Орта жүздің:

Керей руынан: 1. Қожаберген батыр ант берді.

Қыпшақ руынан: 2. Бостан мырза. 3. Өтел би. 4. Шақа батыр. 5. Таз батыр. 6. Барғана мырза.

Керей руынан: 7. Қуат батыр. 8. Жанбай мырза. 9. Алтыбай бай. Жоғарыда аталған қазақтардан ант алған. Орынбор комиссия сынын татар ахуны Ибраһим Тілеков. Қолы қойылған.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазақ істері қоры, 122 тізбе, 1742 жыл, 4-іс, 158-169 парақтар. Сонда 241 б.

[1] императрица Елизавета – (29.12.1709-05.08.1762) – Ресей империясының билеушісі (1741-1761), 1 Петрдің бәйбішесі Екатеринадан туған кіші қызы. Елизавета патшалық құрған кезінде әкесінің тұсында қалыптасқан ел басқару жүйесін қайта қалпына келтіріп, дворяндардың экономикалық жағдайы мен саяси артықшылықтарын нығайтты. Ресей Пруссия королі II Фредериктің баскыншылық саясатына қарсы шығып, жеті жылдық соғысқа белсене араласты. Ресей әскерлері П. А. Румянцевтің және А. В. Суворовтың баскаруымен ірі-ірі жеңістерге жетіп, Берлин қаласын алды. Бұл кезде орыс мәдениеті де жаңа сатыға көтерілді. Мәскеу университеті (1755) және Көркемөнер академиясы (1756) ашылды. Елизавета патша патшалық еткен дәруірде қазақ жерін отарлау саясаты әрі қарай жалғасты. Осы мақсатпен Орынбор губерниясы құрылды (1749).

Әдеб.: Әбдірәсілов Ә. «Қазақстан»: Ұлттық энциплопедия. А, 2001. 366 бет. Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана. 2005. 97, 106, 130, 253, 266, 282, 290, 292, 303, 307, 308,310, 333, 352 беттер.

№ 106

1747 жылғы 21 шілде

Ресей Үкіметі сенатының қазақтарға мылтық сатқызбау туралы құпия жарлығынан

«Қаулы етілді: барлық сауда адамдарына құпия түрде хабарлансын: қазақтарға ешқандай қару-жарақ, оқ-дәрі, оттық және қорғасын, тіпті оқ жасалмаған күйінде де сатылмайтын болсын. Кімде-кім бұларды сатса, қатаң айып салынады. Неплюевтен сұрау керек, қазақтарға жез бен темір де сатқызбау керек шығар».

Сборник указов и узаконений о киргизах степных областей. Издание неофициальное (Сост. ст. советник Тургайского обл. правл. И. И. Крафт). Оренбург: Тип. П. Н. Жиринова. 1898. П. 1747 г.с. 90.Сонда, 365 б.

[1] ...Абылай сұлтанды жонғар нояндарын... «Тевкелевтің 1752 ж. 9 шілдеде Орынбордан жазған хатына қарағанда Орта жүздің қазақтары аталған нояндарды өздеріне билеуші ретінде алып қалмақ. Кейбір қазақтар бұл жөнінде сұрапты да. Патша ағзамның мүддесі тұрғысынан қарағанда былай болуы жөн емес, себебі Дауашы дегеніңіз жоңғар тағынан бірден-бір үміткер тұлға. Егер келешекте ол билікке келе қалатын болса, қазақтар өз жағына қарай оңай қаратып алуы мүмкін. Сондықтан мұндай жағдайға жеткізбеуге тырысу керек», - деген жарлық 2 қыркүйек күні арнайы жасауыл арқылы Орынбордағы Тевкелев пен Тобылдағы генерал Киндерманға жөнелтілді. Оған қоса, Тевкелевке жазылған хатта И. И. Неплюев мына мәселелерді тапсырған: «Дәл қазіргі жағдайда, қыс түскенше аталған нояндарды өзімізге шақыртып алыңыз. Бұл жұмысқа капитан Яковлев лайық. Ол Орта жүзде бірнеше рет болған, қазақша жақсы біледі. Оған тілмаш Гуляев пен Османды және қазақша тіл білетін екі қазақ қосыңыз. Арапов қайтып келген болса, оны да сол топқа енгізіңіз. Егер олар Троицк арқылы кететін болса, жер жағдайын, елдің жайын білетін бір башқұртты және косыңыз. Сол капитан Яковлевке қалмақ тілінің тілмәші Ерофеевті де қоса аттандырса, қалай болар еді?

Ол христиан ғой, күдік тудырып алмаймыз ба? Бірақ, оның дінін кім сұрап жатыр, өзі айтпасын».

Осылайша 1752 жылғы 19 қыркүйекте Орынбор губерниялық кеңсесінде мынадай ұйғарым жасалды: Орта жүзге капитан Яковлев жедел жолға шығуы керек. Оған қалмақ тілінің тілмашы Иван Ерофеев пен татар тілмашы Арысланов және татарларды білетін 2 қазақ қоса аттанады. Жолға жетерлік қаражат беріледі. Абылай сұлтанға сыйға тартуға шапандық 5 ар қызыл шуға (ар рубльден), тымақтық бар түлкі (20 рубль) бөлінді. Бұған қоса жолдағы Троицк бекінісінің бастығы Ренненкампф Орта жүздегі беделді қазақтарға сыйлық ретінде 100 рубль ақшаға түрлі бағалы заттар сатып әпереді. Ренненкампф өз тарапынан сенімді деген 2 башқұрт жігітін қосады. Бұлардың біреуі епте қазақ ортасымен таныс. Абылаймен бұрыннан дос-жарандығы бар Қатай болысының башқұрты Абдолланы қосқан жөн делінді.

Бұлардан басқа сол Троицкіге саудамен келіп қазақтардың арасынан сенімді екі кісіні тауып, Абылайдың ордасына апаруға жолбасшы ретінде алсын. Бұл қазақтарға тиісінше, 1 рубльдің шұғасынан екі кесегін тарту ету қажет. Жолаушылар ат-көлікпен қамтамасыз етілді.

Орынбордан аттанарда Яковлевтің қолына екі хат тапсырылды. Біреуі – Абылай сұлтанға, екіншісі – Дауашы мен Әмірсанаға. Бұл сапардың сырын Абылайдан жасыру үшін Яковлев Троицк бекінісіндегі қазақ-орыс саудасының жағдайымен барған болуға тиіс. Атап айтқанда, соның алдында ғана Троицкіге келе жатқан қашқар саудагерлер жолда қазақтармен қақтығысып қалып, қорқа-қорқа қайтқан болатын. Олардың қауіпі тегін болмай, қайтар жолда қазақтардың шабуылына тағы ұшыраған. Соғысып қалған. 96 қашқарлық саудагер 16 қазақты мерт қылған. Сонда да қазақтардан жеңіліс тапқан, 2 саудагер өлген. Қазақтар керуенді талап, 6 мың рубль тауарын тартып әкеткен. Жеңілген саудагерлер бас сауғалап, Пресное көліне ұрымтал тоғай ішіндегі орыс бекінісіне барып тығылған. Қуып барған қазақтар бекіністен қаймығып, қайтып кеткен.

Яковлев 1752 ж. 24 қарашада Орынбордан аттанып, ертеңінде жол үстінде Араповқа жолығады. Арапов Абылай сұлтанның Сібір тарабындағы Краснояр бекінісінен 6 күндік жерде Қасқатау деген маңда жайлауда екенін айтқан. 13 қазан күні Яковлев Тобыл сыртындағы Арақарағай деген жерде Абылай сұлтанға кездеседі. Абылай оған өздері жоңғарларға қарсы соғысқа қамданып

жатқанын, соның алдында ғана жоңғарлар Орта жүздің бірнеше ауылын қансыратып, шауып кеткенін айтады. Сайын Бөлек пен Садыр бастаған 3 мыңдық жоңғар әскері Ұлытау мен Кішітаудағы сақтарды, одан кейін Жыланды бойындағы амандар мен керейлерді шауып, көп малды, 3 мың қазақты айдап әкеткенін айтады. Жоңғар қолына түскендердің арасында уақ-керейдің Баян батыры ұлымен, ақ найман Әжібек батыр бар. Абылай олардың соңынан қуғыншы жасақ жіберген екен, әлі хабар жоқ.

Жоңғар шапқынынан қатты үрейленген қазақтар дүние-мүлкін тастап, көшін жеңілдеп алып, бет-бетімен бытырай қашқан. Жоңғардың бұл шабуылы «Дауашы мен Әмірсананы қазақтар жасырып отыр» деген сылтаумен қалмақ ханы Лама Доржының бұйрығымен жасалған.

Қазақтардың мұндай соққы көріп, талауға түскеніне жазықты өзі екенін сезінген Дауашы қолына қару алып, өзімен бірге ере келген туыстарынан 200 жігітті ертіп, шапқыншы жоңғарлардың соңынан кеткен, Абақ-керейдің Қожаберген, Қошқарбай батырлары, Досымбет батыр інісі Өмірмен Дауашыға қоса аттанған.

Қуғыншылар жаудың соңынан жетіп, бірнеше кісісін өлтірген. Тұтқындар мен қолды болған малды айырып алып, жоңғар шебіне таяу Баянтау деген жерге тоқтап, еру болып жатыр. Абылай мұны айтқанда, өз халқын тыныштандыру үшін жоғарыдағы Дауашы бастаған қуғыншылардың жеңісі туралы хабарды өсіріңкіреп жіберуі мүмкін.

Көп кешікпей, Жоңғардың 30 мыңдық әскері Дауашы мен Әмірсананы іздеп қайта шығыпты деген хабар қазақ арасына тарады. Қазақтар тағы үрейленді. Тобыл мен Обаған бойында қыстап қалуға қорықты. Обаған бойы, Тоғызақ пен Тобыл арасындағы көп жайылым жазда күйіп кеткендіктен бүкіл Орта жүз Тоғызақ өзенінен өтіп, ауа көшті. Тек, жоңғар нояндарын паналатып отырған Абақ-керейлер ғана Ертіс бойына, Есілдің құйылысына таяу маңды қыстап қалды. Қазақ билері орыс бекіністерін сағалап, шекара бойында қыстап шығуға шеп бастықтарынан рұқсат сұрауға мәжбүр. Дәуіт тархан Тевкелевке кісі шаптырып, Үй өзеніне көшіп келуге рұқсат сұрады. Тевкелев оның бұл тілегін қанағаттандырды. Құлсары, Құлеке, Әлімбет батырлар да осылай қарай көшпек болды. Тіпті Абылайдың өзі де Яковлевке сөз салып: «Үй өзені бойына көшіп келуіме рұқсат сұрап бере аласың ба?» – деген көрінеді.

Осындай үрейлі, алашапқын күндері Абылай әскер бастап Дауашыны қуып жетіп, қарымта қайтаруға бекінді. Сөйтіп, 17 қазанда

Абылай Обаған өзені бойындағы шеткі ұлыстарға қарай ойысты. Бұл жерде оны қарулы 300 сарбаз күтіп жүрген. Соғысқа дайындық қызу. Бүкіл дала алқабы әскер лагеріне айналды. Бөкенбай батыр мен Дәуіт тархан Абылайға Торғай өзені бойында кездеспек болған екен, олай емес, әрқайсысы аз қолымен соғысқа аттанып кеткенін хабарлапты.

Яковлев болса, Абылайды, басқа да қолбасшыларды бұл жорық тан тежемекке күш салды. «Жоңғар нояндарын осында алып келіп, Орынборға жөнелтейік», – дегенін айта берді. «Дауашы орыстың қолында болса, Лама Доржы қазақтарды шабуға жүрексінеді», – деді.

Алайда, Абылайдың өзінің ішкі есебі басқа еді. Ол Яковлевтің талабына селқостық танытты. Дауашыға кездескен бетте-ақ оны орыстар шақырып жатқанын жеткіземін деп, айтуын айтса да, Абылай айнып кетті. Оның ойынша: «Егер бұл нояндарды қолымнан шығарып алсам, жоңғар ішіндегі оқиғаларға ықпал етпей қаламын, ал екі ортаға орыстар сыналап кірсе, Орта жүздің тәуелсіздігіне қауіп төнеді», – деп білді.

Сөйтіп, Яковлев қанша талпынса да ештеңе шығара алмады. Абылай жоңғар жеріне соғыспен аттанбаққа кәміл екендігін білдірді. Және Яковлевтің таңдауына екі шарт ұсынды: «Жоңғарларға менімен бірге аттанасың ба, әлде Орынборыңа қайта бересің бе? Өзің біл. Соғыс аяқталып, жорықтан қайтқан соң Дауашыны үйлі-баранымен алып кетерсің», – деді. «Абылайдың соңынан қайтсе де қалма» деген тікелей нұскау болмағандықтан Яковлев онымен коштасып, 27 қазан күні Орынборға кайтатын болды. Құлеке мен Құлсары батырларға жолығып қолхат жаздырып алды. Олар Дауашыны, Әмірсана мен Банжурды Орынборға ертіп әкеліп бермекке міндеттенді…

В. И. Витевский, И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 года. III том. Спб. 1897. с. 744-748. Сонда 439-442 б.

№ 144

1753 жылғы 31 наурыз

Троицк бекінісінің командирі майор Ренненкампф рапорты

Наурыздың 29 күні Орта жүз Атығай руының белгілі адамдары Құлсары және Құлеке батыр екеуі Троицкіге келіп, маған өздері сұранып жолықты.

Олардың айтуынша: «Абылай сұлтан мен жоңғар қалмақтары арасында жанжал бола қоймайды. Ал егер қалмақтар шабуыл жасайтын болса, қазақтар қарсы соғысады. Сол кезде қазақтардың әйелдері мен балаларын орыс бекіністері қорғар ма екен, шекара шебінен ішке қарай өткізер ме екен? Өйткені қазақтар патша ағзамға қарайды ғой. Ресейдің қорғаныш болуын тілейміз». Оларға мен: «Бұрынғыдай қорғаймыз, патша ағзамның бұйрығы өзгерген жоқ, қазақтар Ресейге қарайтындықтан міндетті түрде көмек қолын созамыз», – дедім.

Құлсары: «Өзеннің арғы жағасынан қонысқа қолайлы жер кестіріп алғым келеді. Бұрын әрбір рудың өзінің меншікті жері болатын, кейбір рулар қора-қопсы салып алғысы келеді. Жер кескенде бір рудың жерін екіншісіне ауыстырып алмаса екен, әр рудың өз жері болсын. Бұл мәселелерді көктемге қарай Абылай сұлтанмен ақылдасып шешеміз. Абылай сұлтан Троицкіге міндетті түрде барады. Жоғарыда айтқан жер туралы тілегімізді жеткізуге Орынборға арнайы кісі де жібереміз», – деді. 30 наурыз күні Құлеке батыр келіп, Абылай сұлтанның Троицкіге сөзсіз келетінін тағы да бекітті.

Майор Иоанн Ренненкампф

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазақ істері қоры, 22 тізбе, 1753 жыл, 14-16 пар.: Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 205. С. 532–533. Сонда 443 б.

[1] шекара шебінен ішке қарай өткізер ме екен? – Қазақ-орыс қатынастарында орын алған осы бір ақаулы шаруа туралы орыс бас штабының офицері, кейін үлкен тарихшы ретінде мәшһүр болған А. Красовскийдің пікірі мынадай: «Дауашы 1754 жылы Орта жүзге қатты қысым жасап, біздің шекараға қарай ығыстырды… Осы кезде Абылай Орта жүздің кейбір ауылдарының әйелдер мен балаларын шекара ішіне қарай өткізу мүмкіндігін қара-

стыруды сұрап, шекара бастықтарына хат жазды. Алайда, Ресей әкімшілігі әскери алқаның жарлығына сүйеніп, Абылайдың тілегін аяқсыз қалдырды. Осылайша, Жоңғар сияқты түкке тұрмайтын елден қорғаштап, өзіне қарайтын қазақтарға пана бола алмаған орыс үкіметінен Абылай бойын аулақ сала бастады. Алдағы уақытта да қолдау көре алмайтына көзі жетті. Кейінірек, сенаттың 1756 жылғы 24 қазандағы жарлығына байланысты бұл қателік түзелсе де, үкіметіміздің бір ғана жаңылыс қадамы Абылайды Ресейден мүлде бездіріп жіберді. Содан бастап оның бізге, біздің оған деген өшпенділігіміз басталды. Абылай өз өмірінің соңына дейін бізбен жауығып өтті. Атақты қазақ сұлтандарының арасында ойы озық, бірегейі Абылайдың сеніміне сыза түсіргеніміз өкініштi-ақ. Өз халқы арасында қадірі жоқ Әбілқайыр сияқты ханнан гөрі бізге Абылай құндырақ еді».

Әдеб.: Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Область сибирских киргизов. Часть 1. Составил генштаба подполковник А. Красовский. 1868, СПБ. С. 86.Сонда 444 б.

№ 158

1755 жылғы 21 тамыз

Ресей патшасының Орынбор губернаторы И. Неплюевке арнайы жарлығы

...Тыйым салынғанына қарамастан қазақтар Ертістің ішкі жағына көп малмен өтіп кетіп жүр. Тоқтатпақ болған әскерге қазақтар қарсылық көрсетеді. Мысалы, 1755 жылы Құлеке батырдың ұлы, жанында серіктері бар, біздің қазақтар мен атты әскерлермен жанжалдасқан. Орыс әскерінің адамдарын ұрып-соғып, көбінің басын жарған. Команда әскерлері мылтық атқанда ғана қазақтар Ертістен өтіп қашқан, малы артынан өткізілді. Ертіс шебінің басқа тұстарында әлі де мыңдаған қазақ кетпей қалып қойған, кетірмек болған орыс әскеріне қарулы қарсылық жасайтын.

Осы оқиғадан кейін Железин бекінісінде Құлеке батырдың ұлы ұсталды. Оны қазақтың ел ағалары жазаламайтын болса, губернатор Неплюевке тапсырып сазайын тарттыру қажет.

Сборник указов и узаконений о киргизах степных областей. Издание неофициальное (Сост. ст. советник Тургайского обл. правл. И. И. Крафт) – Оренбург: Тип. П. Н. Жиринова. 1898. -11. 1755 г. С. 161-168.Сонда 456 б.

[1] әлі де мыңдаған қазақ – қазақ жеріне, дәлірек айтқанда, Орталық Қазақстанға Қытай әскері басып кіруі мүмкін екендігін болжаған Абылай, алдын-ала дайындық жасап, Сібір шебіне таяу тұрған қазақ әскерлерін шығысқа қарай топтастырды. Қожаберген батыр мен Құлеке батыр өздері, ал Құлсары батырдың қолын Қарбағай батыр бастап, Ертіс бойындағы Жәміш, одан әрі Железин бекіністерінің тұсынан өтіп барып, шығыстан келуі мүмкін қытай-шұршіт әскерлерін күтті. Бұл соған байланысты шоғырлану.

[2] Железин бекінісі – Ертіс өзенінің бойында 1717 ж. негізі қаланған бекініс. Железин бекінісі Сібір генерал-губернаторлығының тұңғыш губернаторы М. П. Гагариннің бастамасымен салынды. 1714-16 ж. I Петрдің жарлығымен Ертіс өңіріне аттандырылған И. Д. Бухгольцтің жорығы сәтсіздікпен аяқталғаннан кейін, князь Гагарин Ертіс өзенінің бойында жаңа бекіністер тұрғызу үшін арнайы экспедиция ұйымдастырып, осы бекіністің негізін салды. Ресей әкімшілігі оны Зайсанға, Қара Ертіске шығатын, Түркістанға жасалатын жорықтардың әскери тірегі ретінде пайдаланды. XVIII ғ. 20-30 жылдарында Железин бекінісі қазақтарды жоңғар шапқыншылығынан қорғауда үлкен рөл атқарды. Екінші жағынан, орналасқан жері қолайлы болғандықтан Ресей империясы Железин бекінісін Орта жүзді отарлаудың бір тірегі ретінде пайдаланды. Бекініс XVIII ғ. 40-50 жылдарында қазақ-орыс, орыс-жоңғар сауда байланыстарын дамытуда елеулі рөл атқарды. 1868 ж. Семей облысына қарасты Павлодар уезінің құрамына кірді.

Әдеб.: Касымбаев Ж. Казахстан-Китай. Караванная торговля в XIX - начале XX вв., Алма-Ата, 1996; Қасымбаев Ж. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. А, 2001, 634-635-беттер: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 211, 233, 236, 237, 240, 253, 254, 304, 344, 349 беттер. Сонда 457 б.

№ 192

1757 жылғы шамамен 29-30 қыркүйек

Железин бекінісінен түскен рапорт

...қыркүйек айының 20 күні таңертенгі сағат 8-дер шамасында Тар станциясына қарсы Ертістің арғы бетінде, шамамен үш шақырымдай жерде, ұзын, саны 3 мыңдай, бәлкім, одан да көп қазақтар көшіп келді. Сол күні біз олармен сойлесе алмадық, тіл білетін адам болмады. Қыркүйектің 25 күні бұлар қандай адамдар

екен, Ресей шекарасына неге таяп келген, басшылары кім, қайда бара жатыр, деп тексермек болдым. Қыркүйектің 28 күні түс ауа Ертістің қыр жағынан беймәлім бір адамдар келіп, бізге жолықпақ болды, тілмаш сұрады. Унтер-офицер Захаринді жанына Өтегенов деген тілмашты қосып жіберсек, қазақтар бекіністің ең үлкен бастығын керек етіпті…

Сұрап білгенімізде, оларды Абылай сұлтан жібергенін, ішінде Құлеке батыр бар екенін айтыпты. Қытайдың әскерлері қайда, олар тыныш па, тиіспей ме, деп Құлеке орыстардан сұрапты.

Баян тауларында жауды күтіп жатқан Бөгенбай батыр орыстардан сұрапты. «Қалмақтар қайда, олардың басшысы Әмірсана батырды көрдіңдер ме?» – депті. Біздің кісілер көрмегенін айтыпты. «Өтіп бара жатқан біреулерден естідік. Әмірсана, жанында бір қазақ, тағы бір қазақ-орыс бар, Ертістен өтпек болғанда суға батып кетіпті». Бұл қазақтар 100 үй екен. Железин бекінісінің жанында Ертістен өтіп, осы маңайда еру бола тұрмақ. Қалғандары Жәміш (Тұзқала) бекінісіне Абылай сұлтанға бармақ. Абылай Ақтас деген жерде, осыдан сегіз күндік қашықтықта…

Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты. 1 қор, 1 тізбе, 58-іс, 76, 76 сырт., 77, 77 сырт. пар. Сонда 502 б.

[1] …Абылай сұлтанға бармақ – Содан бір жыл бұрын. Әмірсананы қуып келдік деген желеумен Дардана және Хадаха бастаған манчжур-цин әскерлері Қарқаралы тауындағы соғыста жеңіліс тауып, 1756 жылғы қазан айында қайтып кетуге мәжбүр болғаны мәлім. Басқалармен бірге аталған соғысқа Қожаберген батыр да қатысты. Қазақ жасақтары қытай әскерін Ертістің қазіргі Ақсу қаласы тұсынан өткен бетте қарсы алды. Жауғаш, Ақтамберді батырлар бастаған қаракесек, қанжығалы, найман, үйсін қолдарын дайындап Абылай сұлтанға қарсы шығады. Кіші жүздің қолын бастап Ералы сұлтан келді деген де дерек бар. 40-50 күнге созылған жойқын ұрыстар Қарқаралының сыртында Нұра өзенінің бастауындағы Жарлы жазығында қазақтардың жеңісімен аяқталды.

Әуелде соғысқа Әмірсана да қатысып, Қожаберген батырдың қолына қосылғаны, Жауғаш батырдың жау қолына түсіп қалғаны мына құжаттардан айқын көрінеді. Осы соғыста Абылай аяғына оқ тиіп жараланады. Бұл сәтсіз шайқастарды қорытындылаған император Цяньлун Абылайға арнап хат жазып: «Әмірсананы ұстап әкеліп бермесеңдер, әскеріміз келесі жылы [1757] қайта барады…» – ден қоқан-лоққы жасаған болатын. Сондықтан Абылай тағы да қайталануы мүмкін соғысқа дайындалып, Есілдің төменгі

ағысындағы Қожаберген, Құлеке, Құлсары батырларды алдын ала шақыртқан болатын. Алайда, Абылай бастаған қазақ көсемдері қытай жағымен татуласу жөнінде мәмілеге келіп, императорға елші жіберді. Қытай жағы қайыра тиіскен жоқ, Абылай сұлтанға императордың атынан хабар беріліп: «Ел-жұртыңды шошытпайық деп, бізге қосынды тоқтату туралы бұйрық келді. Егер Әмірсананы ұстап, бізге тез хабарлай алсаңыздар, онда сөз жоқ. Мол сыйлыққа ие боласыздар», – деген мазмұнда тілек білдірді. Қожаберген батыр өзіне ерген елімен бірге Ертісті өрлеп, шығысқа қарай барды да сол жақты мекендеп қалды. Құлеке мен Құлсары батырлардың жасақтары мен ерген елі қайта көшіп, Қазақстанның солтүстігіне оралды. Баян тауларында жауды күтіп жатқан Бөгенбай.

№ 196

1757 жылғы 2 қазан

Ертіс бойындағы Железин бекінісі комендантының мәлімхатынан*

Железин бекінісінен мынадай хабар келді: ...қазан айының 2 куні Осморыж (сегізінші) қамалы тұсында Ертістің арғы жағасына отыз шақты адам келіп айғайлапты. Тілмаш арқылы сұрап білгенде олар: Құлеке батырдың адамдары, мың адам Ертіс бойымен Семей бекінісіне кетіп бара жатыр, орын тебуге колайлы жер іздейді, үш тәуліктей осы маңайда болады. Нан сатуды сұрапты... Содан кейін Ертісті бойлап жүріп кетіпті... [1].

Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты, 1 кор, 1 тізбе, 58-іс, 205, 205 сырт. пар. Сонда, 508 б.

[1] Ертісті бойлап жүріп кетіпті... – бұл оқиғалар бұрын тарихи деректерде көрініс таппаған, мұрағаттан тұңғыш рет анықталып, ғылыми айналысқа енгізілді.

№ 199

1757 жылғы 4 қазан

Железин бекінісінен түскен рапорт*

... Осморыж стансасының поручигі мынаны хабарлады: 2 қазан күні Ертіс өзеніне арғы жақтан 30 шақты кісі келіп айғайлады.

Құлеке батырдың адамдарымыз, мыңға тарта кісі, деді. Ертісті бойлап Семей бекінісіне қарай кетіп барады. Сатуға нан сұраған екен, вахмистр «сататын нан жоқ», депті.

Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты, 1 кор. 1 тізбе. 58 с. 11 сырт. Сонда, 510 б.

№ 200

1757 жылғы 6 қазан

Полковник Лорихке капитан Нагининнің хабарлағаны*

...Казанның 2 күні Ертістің арғы жағынан қалың әскер көрінді. Тілмаш арқылы сөйлесіп білгенде анықталғаны мынау: олар Құлсары батырдың иелігіндегі халық, Құлсарының өзі мұнда жоқ. Оларды Қарбағай (Бабақай?) батыр бастап келеді. Бұлар мал-жанымен қырық көшке бөлінген. Канша адам екенін айтқан жоқ. Құлсары Есіл жағасында Қаржан деген жерде, осылай қарай көшіп келеді. Ал, Абылай сұлтанның көші Баянаула деген жерде. Құлеке батыр көшін жеңілдеп алып, Абылайға кетті. Құлеке де, Абылай да жылқы табындарын Құлсарыға қалдырып кетті. Қытайлармен дос, олардан қауіп жоқ. Қарбағай бұл жерде енді екі тәулік болып, Ертісті жоғары бойлап көшпек.

Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты. 1 кор. 1 тізбе, 58-іс. 133 сырт. 134 пар. Сонда, 510 б.

[1] Қарбағай – қате жазылған болуға тиіс, тереңірек қарастырғанымызда әңгіме тек қана Бабақай батыр туралы екендігіне көзіміз жетті. Бабақай батыр, кейде Абақай деп те жазылғаны байқалады. Құлсары батырдың серігі, өзі жоқта оның қолын басқарған. Орта жүздің ықпалды батырларының бірі. 1764 ж. қазан айының 24 жұлдызында Ресей барлаушысы Шүкір Абзямов Абылай сұлтанға, Құлсары және Бабақай батырға арнайы хат әкелгені туралы дерек бар. Уәли сұлтан Абылайұлы 1781 жылы тамызда марқұм әкесінің орнына хан сайланып, лауазымды бекіту туралы Ресей императорына жазған хатында өзінің төңірегіндегі игі жақсылар қатарында аталатын Бабеке деген кісі де осы Бабақай батыр.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 365-366, 452 беттер. Сонда, 511 б.

№ 215

1758 жылғы ақпан айы

Қазақ тайпаларының саны туралы [1]

Орта жүзде тарақты, арғын, найман, керей, уақ, төленгіт, қыпшақ қатарлы 7 тайпа бар.

Тарақты тайпасының 400-ге жуық отбасы Наймантай батырдың билігінде;

Қанжығалы арғынның 2 000 отбасы Бегембай батырдың билігінде;

Қаракесектің 2 000 отбасы Қазыбек бидің билігінде;

Алтай-арғынның 3 000 отбасы Нияз батырдың билігінде;

Атығай-арғынның 1 000 отбасы Жәпек батырдың,

Қарауыл-арғынның 2 000 отбасы Итқара батырдың,

Бәсетиін-арғынның 2 000 отбасы Жанұзақ батырдың,

Тобықты-арғынның 1 000 отбасы Қарпық бидің,

Қозған-арғынның 1 000 отбасы Төлеуке бидің,

Төртуыл-арғынның 2 000 отбасы Бабеке бидің,

Арғын майлы-балта руының 1000 отбасы Итқара батырдың,

Баба-арғынның 500 отбасы Бабаназар бидің қарауында.

Жоғарыда аталған арғынның 11 руы жылдың төрт маусымында Обаған-Тобыл, Ханшаған-Мөде қатарлы жерлерде көшіп-қонып мал бағып жүреді.

Абыралыдан аттанып, 40 күн жол жүргенде олардың көшіп-қонып жүрген жерлерінің орталығына жетеді.

Биыл Алтай арғындардың Казыбек би, Нияз батыр сынды адамдары Қарқаралы, Қазылық жерлеріне қоныстанған.

Төленгіт тайпасының 1 000 отбасы Жаңазар батырдың билігінде, бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған. Елдің айтуына қарағанда, бұл тайпаның халқы Тауке ханның елінде болған. Мұнда әртүрлі адамдар бар.

Терістаңбалы тайпасының 1 000 отбасы Жарылғап батырдың билігінде;

Қаракерей-байжігіт найманның 10 000 отбасы Қабанбай батыр мен Дәулетбай батырдың билігінде; Матай-найманның 10 000 отбасы Олжабай мен Аталықтың билігінде;

Садыр-найманның 1 000 отбасы Малай батырдың билігінде; Төртуыл-найманның 1 000 отбасы Тұңғатар бидің билігінде;

Болақшы-найманның 500 отбасы Таз батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған. Көкжарлы-найманның 1 000 отбасы Барақ батырдың билігінде.

Бура-найманның 2 000 отбасы Жаубасар батырдың билігінде; Бағаналы-найманның 2 000 отбасы Малар батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған.

Осылар найман тайпасының 10 руы болып табылады.

Ашамайлы-керейдің 10 000 отбасы Тұрсынбай батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған.

Абақ-керейдің 1 000 отбасы Қожаберген батырдың билігінде;

Абақтың 500 отбасы Нияз батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған.

Ителі-керейдің 1 000 отбасы Жантөре батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған.

Бұл аталғандар – керейдің 5 руы.

Уақ тайпасының 1 000 отбасы Сары Баянның билігінде;

Уақ тайпасының 1 000 отбасы Тілеу батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған.

Уақ тайпасының Бармақ батыры 500 отбасын басқарады. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған. Ергенекті-уақ руының 1 000 отбасы Есенқұл батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған.

Жаңа уақтың 500 отбасы Сары батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған.

Бұл аталғандар – уақтың 5 руы.

Қыпшақ тайпасының 3 000 отбасы Қошқарбай батырдың билігінде.

Жоғарыда айтылғандай, үлкендеу ру тайпалардың жалпы саны – 35, олардағы отбасының саны – 68 000-нан астам.

Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. III том. Алматы, 2006. 38-42 беттер. Қытайшадан аударған Б. Еженханұлы. Сонда, 530 б.

№ 222

1758 жылғы 31 наурыз

Фрауендорфқа подполковник Теменевтің жазғанынан

...Құлсары мен Құлекенің адамдарын бекіністер мен редуттарға таяу келтіргеніміз жоқ. Олар Абылай сұлтанға қарайтындығын айтып көріп еді, көнбедік...

Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты. 1 кор. 1 тізбе, 66-іс, 73, 73 сырт. пар. Сонда, 535 б.

№ 226

1758 жылғы 13 сәуір

Петропавл бекінісінен келген хабар

Наурыздың 29-ы мен сәуірдің 5-сі аралығында Петр ағзам бекінісі маңайында тыныштық. Құлсары батырдың қазақтары Пресное бекіністен қырға қарай көшіп кетті. Қазір қай жерде отырғанын білмейміз.

Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты. 1 кор. 1 тізбе, 66-іс, 156, 156 сырт пар. Сонда, 538 б.

[1] Қазір қай жерде отырғанын... – бұл құжатқа қарағанда бекіністердегі күзет адамдары өз бастықтарына қырдағы жағдайды апта сайын хабарлап отырғанын көруге болады. Әрине, Абылай сұлтаннан бастап Құлсары, Құлеке батыр сияқты елге ықпалды билеушілердің көшкен-қонғанын, жүріс-тұрысын, басқан ізін аңдып отырған.

Сонда, 538 б.

№ 227

1758 жылғы 6 мамыр

Ресей әскери алқасының жарлығы

Орта жүздің сұлтаны Абылай арнайы жасауыл арқылы Орынборға хат жолдапты. Хаттың мазмұны мынадай: «Қытайлар Орта жүздің қазақтарын жоңғарлардан босаған жерлерді жайлауға шақырыпты. Қытайдың боғдыханы Абылайға арнайы елшілер жіберіп, Абылайды «өзінің ұлындай» көргісі келетінін жеткізіпті. Қытай жағы қазақтар үшін Орынбордағыдай сауда орнын Еренқабырға деген жерден ашып бермек екен».

Жарлықта, қазақтар Қытайға қарап кететін болса, оның арты қиын болатыны көрсетілген. Қазақтар – мұсылман, сондықтан өзімен бірге башқұрттарды, орыс қарауындағы басқа да мұсылмандарды еліктіріп, ертіп кетуі мүмкін. Яғни, біздің шекараларымызға қауіп төнеді. Жоңғарлар «пұтқа бағынатын» болғандықтан, Сібір

шебіне өздері ғана қауіпті еді, өйткені бұл жақта олардың діндес басқа ағайындары жоқ болатын.

Сондықтан Орта жүздің қазақтарын алдап-арбап, емексітіп, сый-сияпат беріп, Қытай қарауына өткізбеу үшін барлық жағдайды жасау керек.

Абылай сұлтанға есімі жазылып, зерленген қылыш, сондай-ақ, бұрын Ералы мен Айшуақ сұлтандарға башқұрттарды ұстап бергені үшін сыйға тартылған қылыш сияқты тағы екі қылыш жіберілді.

Сборник указов и узаконений о киргизах степных областей. Издание неофициальное (Сост. ст. советник Тургайского обл. права. И. И. Крафт) Оренбург: Тип. П. Н. Жиринова. 1898. -11. 1758 г. № 442. С. 117-122. Сонда,538,539 бб.

№ 237

1758 жылғы 21 тамыз

Абылай сұлтанның Фрауендорфқа жазған хаты

Өткен айдың 7 жұлдызында 8 қалмақ маған қарайтын Құлсары мен Құлеке батырлардың және олардың ағайындарының 200 жылқысын ұрлап, айдап әкетті. Соңынан барған қуғыншылар жете алмай қалыпты, ұрылар Шарлақ бекінісіне өтіп кеткен. «Бекіністе барсақ, ұстап алады», деп қорқып, адамдарымыз қайтып келді.

Бұл ұрлықты қалмақтар орыс командирлерінің бұйрығымен жасады ма, әлде өз бетінше жасады ма, білмей отырмыз. Егер бұған командирлердің катысы болса, біз патша ағзамға шағынып, көмек сұрауға мәжбүр боламыз. Ал, қалмақтар өз бетінше ұрлаған болса, жылқымызды таптырып, менің кісілерім арқылы қайтаруыңызды сұраймыз. Ертістен шығынсыз өткізіп жіберіңіздер. Жоғалған малдың жай-жапсарын Алшағыр және Мергенұлы деген менің адамдарым айтады. Біздің тілегімізді қабыл алуыңызды сұраймын.

Ал, інім Жолбарыс сұлтан қосшыларымен, жанында тілмаш Арапов бар, патша ағзамға шағым әкетті.

Түпнұсқасына Абылай сұлтанның қара мөрі басылған. Орысшаға аударған Омбыда қызметтегі Тобыл татары тілмаш Мәметияр Кучеяров.

Ресей мемлекеттік көне құжаттар мұрағаты. 248 кор. 113 тізбе. 867-іс. 7-8 пар. Сонда, 556 б.

[1] Шарлақ бекінісіне – Омбыдан Керекуге қарай, бұрын Черлак уезі деп аталып, Қазақстанға қараған аймақ, 1925 жылы Омбы облысына берілген.

Сонда, 557 б.

№ 242

1758 жылғы 29 тамыз

Абылай сұлтанға Ресей патшасы атынан Сібір шекара шебінің командирі фон Фрауендорф жазған хат

Петр ағзам бекінісінің командирінен бұхаралық Мырзәлі Шихов арқылы маған жолдаған екі хатыңызда мыналарды жазыпсыз:

Бірінші хатыңызда Ресей патшасының боданы торғауыт нояны Серенге ерген торғауыт қалмақтары Сіздің қазақтардан өткен айда 5 мың жылқы, кейінірек 500 жылқы жаулап әкеткен. Бұл жылқылар атығай болысының Құлсары және Құлеке батырлары мен олардың інілерінікі. Қалмақтарды қуған қазақтар екі ат және бір қап кепкен нан тауып алыпты. Сіздің адамдар ұрыларды Петропавл бекінісіне дейін қуып, жете алмапты.

Сіздің ойыңызша, бұл жылқыларды айдатып алып отырған біздің командирлер болса керек, немесе ұрылар өз бетімен келген. Осы ұрыларды ұстап, жылқыларды қайтаруды сұраған екенсіз. Егер біз мұны істемесек, ұрыларды ашық аспан астында қолымызға беріңіздер, өзіміз басқаша сөйлесеміз», депсіздер.

Тағы да, егер қазақтар Ресейге керек болмаса, жазып жіберіңдер, патша ағзамның өзіне шағынамыз, өзіміз іргені аулақ салып, алысқа көшіп кетеміз», депсіздер.

Екінші хатыңызда 7 тамыз күні сегіз қалмақ Құлсары және Құлеке батырлардың өрісінен екі жүз жылқыны айдап, Шарлақ қаласына қарай асқанын, қуғыншыларыңыз аз болып әрі қамал басында ұсталып қаламыз деп қаймығып, қайтып кеткенін жазыпсыз.

Міне, осы хаттарыңызға беретін жауабым төмендегідей:

Өз атымнан хат жазып, Сіздің сенімді адамдарыңыз Баба мен Бөрі деген қазақтар арқылы 13 тамызда жібергенмін, алған боларсыз. Сонда жазғанымдай, Ресей командирлері тарапынан ұрыларға ешқандай кешірім болмайды. Және де Ресей шекараларынан

мұнша көп жылқыны айдап өткен жағдай кездескен емес. Кейде ұрылардан жылқыларыңды айырып қалып отыратынбыз.

Ал, мына жолы былай болыпты: біздің әскер командирлері сол түні ұрылардың соңынан қуғыншы аттандырған, бірақ жете алмаған. Ұрылар Жәміш (Тұзқала. – **З. Т.**) бекінісінен жоғарылау өткел арқылы Ертістен өтіп, далаға сіңіп кеткен. Бірақ, айдаған жылқылары жоқ, астында салт мінген аттары ғана болған.

Өзеннің бергі жағасында қалған жылқыларды Омбы бекінісіне айдап әкелген, олар әлі сонда. Өткен хатта жазғанымдай, бұл айтып отырғаным – 142 жылқы туралы.

Одан басқа, Ресей шекарасына қарай және одан әрі қалмақ нояны Сереннің көшіне сіздер жақтан жылқы айдап өткені туралы еш жерден хабар жоқ. Алда-жалда кейін мұндай сыбыс естісек, сөз жоқ, жедел іздестіріп тауып, өздеріңізге қайтарамыз. Ал, ұрылар қатаң жаза тартады.

Ал енді: «Егер жылқымызды тауып қайтармасаңдар, олармен өзіміз басқаша сөйлесеміз, ашық далаға шығарып беріңдер. Ресейге керегіміз жоқ болса, оны айтыңыздар», – дегендеріңізге келсек, оған жауап мынау:

Сіздің Орта жүздің қазақтары Ресей патшасына шын берілген боданымыз екені хақ. Оны өздеріңіз де жақсы сезініп, өз басыңызға да, халқыңызға да патшамыздың мейірі түсіп, шапағаты тиіп отырғанын білесіздер. Сіздерді сыртқы шабуылдардан қорғап, сақтап отыру жөнінде патшамыздың әмірі бар. Демек, мен сіздерді басқалармен соғыстырмаймын, қантөгіске жол бере алмаймын. Қазір де, келешекте де мұқият бақылап, сіздердің тыныштығыңыз үшін қам жейтініме кәміл сеніңіздер.

Ал енді, «шекарамыздан іргені аулақ салып, алыс қиырларға ауа көшеміз» деуіңіздің тіпті де жөні жоқ. Ресейдің қарауында болғандықтан шекараға таяу тұра беріңіздер.

Айдап әкеткен жылқыларды біз қайтармасақ, қалмақтармен соғыспақ екенсіздер. Біліп қойыңыздар, патшамыз өз қарауындағы халықтардың өзара қырқысып, жауласуына жол бермейді. Біз екі жаққа да бірдей мүдделіміз. Қарулы қақтығыстарды тойтарып отырамыз. Даулы мәселелер болса, анық-қанығына жетіп, әділ шешім табайық. Жоғалған малдарыңыз ізделмей қалмайды, ұрылар заң жолымен жазаға тартылады.

Бұл жөнінде Бағлан (Звериноголов. – **З. Т.**) бекінісінің бастығына жазбаша тапсырма бердім. Сол маңдағы барлық жылқы табындарын тексереді. Қалмақтар Ресей бодандығына кіргенде қанша

жылқысы болғаны бізге мәлім. Демек, олардың жылқылары түгелдей қайта саналады, артық шыққанын тартып алып, сіздерге қайтарып береміз. Жылқы әкеткен ұрыларды қатаң жазалаймыз.

Және осы жөнінде Орынбор комендантты Бахметьевке де нұсқау берілді.

Өз атыңыздан Құлсары мен Құлеке батырларға жеткізіңіз: сенімді деген бірнеше адамды Бағлан бекінісіне жіберсін, қалмақ жылқыларын тексеріп, санауға қатыссын. Өз жылқылары болса, танып алып қайтсын.

Омбы бекінісінде тұрған 142 жылқыны алып кетуге өзіңіз хат жазып, мөріңізді басып, кісі жіберіңіз. Сонда сенімді болады.

Хатыңыз қолыма тиісімен жылқыларды сіздер айтқан жерге айдатып жіберемін, сол жерде қабылдап аласыздар.

Әйтеуір, аса құрметті Абылай сұлтан, біздің шекара командирлері жөніндегі күдігіңізді сейілте көріңіз, еліңізге де басу айтыңыз. Ресей командирлерінің ешқайсы ұрлыққа бармайды. Және сіздердің көңілдеріңізге кірбің түсеретін қандай да әрекет жасаған емес, алда да жасамайды.

Патша ағзамның қазақтарға қамқор болып, қорғап-сақтау туралы әмірі сөзсіз орындалады, шекара командирлері тарапынан жайсыз қылықтарға жол бермейміз. Ресейдің қазақтарға адалдығы жөнінде көңілдеріңізге кірбің, сенімдеріңізге сызат түсермесіміз хақ.

Деніңізге саулық, еліңізге игілік тілейміз, аса қадірлі Абылай сұлтан.

Сібір шебінің командирі фон Фрауендорф

Ресей мемлекеттік көне құжаттар мұрағаты. 248 кор. 867-ді, 9-12 пар. Сонда 560, 561, 562 б.

[1] Мырзәлі Шихов – саудагер кейпінде Абылай ордасына келіп-кетіп жүретін Ресей тыңшысы, барлаушы.

[2] Фрауендорф – Ресей мұрағаттарында кейде Фрауендорп деп жазылады.

№ 250

1758 жылғы 12 қыркүйек

Абылай сұлтан жіберген бес қазақтың Орынборға әкелген хатынан

Бізге қарайтын Атығай руының Құлсары батыры мен Құлеке батыры және олардың інілері саудаға салуға 500 жылқы алып келді. Сондай-ақ, Шырын төре қарауындағы халқымен Ресейдің қоластына кіруге келді.

Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты. 1 кор, 1 тізбе, 69-іс, 54 пар.

«Қазақтың ханы – Абылай», т. 2, 12 б.

[1] 500 жылқы алып келді – осы құжатта, сондай-ақ, Атығай болысынан тағы да 200 жылқы, қыпшақ болысынан 200 жылқының Орынборға саудаға әкелінгені туралы мағлұмат бар.

№ 256

Сібір губернаторы Саймоновтың сенатқа хаты

Бұл хатты орысшаға аударғанда:

Абылай сұлтаннан бригадир Фрауендорфтың атына жазылған екі хат, Құлсары батырдан біреу, генерал-майор Тевкелевтің атына жазылған бір хат. Подполковник Тюменевтің атына Абылай сұлтан мен Құлсары екі хат жазыпты.

1. Серен есімді торғауыт нояны бастаған қалмақтар өткен айда қазақтардың әуелі бес мың, кейінірек 500 жылқысын қуып кеткен. Олардан қалған екі ат пен бір қап кептірілген нан жолда табылған.

Абылай осы жылқыларды тауып қайтаруды, ұрыларды жазаға тартуды талап етеді. Ал, малымыз қайтарылмаса, жолымызды ашып беріңдер. Ресей империясының қалмақтарымен өзім есеп айырысамыз, депті. Бұған қоса Абылай былай деп жазыпты: «Ресей бодандығында болуым керексіз болса, маған жазбаша хабар беріңдер, патша ағзамға шағынып, хат түсіремін, елші жіберемін. Өзім қиыр-қияға көшіп кетемін».

2. Өткен айдың 7 жұлдызында Құлсары және Құлеке батырлардың, олардың туыстарының 200 жылқысын 8 қалмақ ұрлап,

Шарлақ бекінісіне қарай қуып кеткен. Мал иелері артынан қуып барған, аз кісі болғандықтан бекініске кіруден тайсақтаған.

Абылайдың талаптарын қабылдап, оны тыныштандыру үшін торғауыттардың қосы тұрған Бағлан бекінісінің командирі майор Кондыревке біздің тарапымыздан тапсырма берілді. Ол қалмақ көшін тоқтатып, барлық жылқысын санап, тексеруге тиіс. Бұл қалмақтар бодандыққа кіргенде қанша жылқысы болғаны хатталған. Демек, артығы болса, тартып алып, ұрлық мал ретінде қазақтарға қайтаруға тиіс. Кінәлі ұрыларды мейлінше қатаң жазалайды. Бұл жұмыстарға Орынбор командирі Бахметьев көмек береді.

Абылай сұлтан, Құлсары мен Құлеке батырлар өз тараптарынан Бағлан бекінісіне сенімді кісілер жіберіп, жоғалған малдарын танып алуы керек.

Олардың даулап отырғаны өте көп мал. Әуелі бес мың, бес жүз, одан бұрын жеті мың жылқы қолды болды деп отыр. Мұншама мал анау-мынау жайылымға симайды да. Сонымен қатар, бір өткелден өтіп, шекара ішіне енуі мүмкін емес. Торғауыт қалмақтарының Ертістен өтіп келіп, 138 жылқыны қуып кеткені рас, бұл малды айырып алып қалғанбыз.

Бұған қоса, подполковник Тюменев мынаны хабарлап отыр. «Абылай сұлтанға өз кісілері арқылы айтып жібердім. Петр ағзам бекінісі маңынан көп жылқы айдап өткен із жоқ. Жылқы жоғалды деген аймақтан Омбы мен Петропавл арасындағы бесінші және алтыншы редуттар арқылы өтеді десек те, ол жақтан ондай із табылған жоқ. Тағы да анықтай түсу үшін Ганкин және Аюлы редуттарының арасын байқадық, онда да із жоқ. Мұншама көп жылқының ізі көрінер еді ғой». Тара мен Есіл дистанцияларының жерін көріп келуге арнайы офицер жібердік.

Егер мұншама жылқыны шынында да қалмақтар айдап кеткен болса, ұрылар Ертіс сыртындағы даламен кетуі мүмкін, бірақ ол жақ бізге қарамайды. Абылай: «малымызды Серен ноян ұрлады», деп бекер күдіктенеді. Абылай өзі Серенге тиіскен емес, олардың өзара өш-қастығы жоқ. Ал, 138 жылқының Ертіс сыртындағы даладан табылғаны рас.

Жоғарыда аталған хаттардың орысша аудармасын жіберіп отырмын. Абылай сұлтан мен Құлсары батырға беретін жауабым да жоғарыдағыдай.

Федор Соймонов

Ресей мемлекеттік көне құжаттар мұрағаты. 248 қор. 113 тізбе. 867-іс. 1-4 пар. Сонда 17, 18, 19, 20 бб.

1 хат

Бригадир мырзаға Орта жүз билеушісі Абылай сұлтан тағзым етіп, сәлем жолдайды.

Орыстар сияқты қазақтар да Ұлы мәртебелі патша оның құлдары екені аян. Олай болса, қазақтарға зорлық көрсетіп, жазықсыз жәбірлеу туралы жарлық жоқ.

Патша ағзамның тағы бір сенімді болып саналатын Серен, жанына торғауыт қалмақтарын ертіп, өткен айда 5 мың жылқымызды, осы айдың 21 жұлдызында тағы 500 жылқымызды қуып кетті. Менің қарауымдағы Құлсары, Құлеке батырлар мен олардың туғандарының бұл жылқыларын алған ұры қалмақтарды майор [орыс] бастап келген.

Ұрылардан қалған екі ат пен бір қап кепкен нан тауып алдық. Жылқы алған ұрылардың арасында орыстар да бар-ау деп ойлаймыз. Жылқының соңынан қуған адамдарымыздың аттары болдырып, жете алмай, қайтып келді. Олар ұрылардың Петропавл бекінісінен өткенін көрген.

Бұл әрекет командирлердің пәрменімен істеліп отыр ма, әлде торғауыт қалмақтары өз бетінше шапқан ба?

Командир мырзалар, жылқыларымызды түгендеп, қайтарып беріңіздер. Ал, қалмақтарға сөздеріңіз өтпей, жылқыны қайтармасаңыздар, біз олармен өзіміз баскаша сөйлесеміз, ашық далаға шығарып беріңіздер. Тұрысатын жерін айтсын. Өз жоғымызды өзіміз түгендеуге шамамыз жетеді.

Егер біздің Ресейге бодан ретінде қажеттігіміз болмаса, командирдің атынан қағаз беріңіздер, біз патша ағзамға шағынып, елші аттандырамыз. Ал, өзіміз, бүкіл елімізбен, сіздерден іргені аулақтатып, қиырға ауа көшеміз.

Інім Жолбарыс сұлтанды, жанына тілмаш Араповты қосшы қылып, патша ағзамға жөнелттім. Менің жіберген адамдарым арқылы малымызды іздеп тауып, бірін қалдырмай қайтаруды талап етемін.

Қалған жылқылар туралы менің адамдарым Байғозы мен Байшағыр түсіндіріп айтады.

Соңында Абылай сұлтанның қара мөрі басылған.

Ресей мемлекеттік көне құжаттар мемлекеттік мұрағаты. 248 кор. 113 тігінді, 867-іс, 7-8 сырт. Сонда 22 б.

№ 261

1758 жылғы қараша айының ортасы

Генерал К. Фрауендорфтың Құлсары батырға жолдаған хаты

«Бізге шын берілген құрметті Құлсары батыр! Маған жолдаған хатыңызда да Ресейге тән қалмақтар өзіңіздің және бауырларыңыз Байқаш пен Есберлінің 7 мың жылқысын Петропавл бекінісіне қарай айдап әкеткенін көрген адамдар бар, депсіз. Бұл, әрине, өкінішті-ақ, бірақ мұншама көп жылқы Ресей шекарасынан ішке қарай өтпеген. Петропавл бекінісі төңірегінде ондай көп малдың ізі жоқ. Бұл тұрасында Мырзалі Шиховты шығарып салған сіздің кісілеріңіз де куәлік ете алады. Сонымен бірге, сол қатардағы бекініс командирлерінен сұрастырып білгенімізде және қалмақтарды бастап өткізген майордың жазбаша хабарына қарағанда, қалмақ көштеріне ондай жылқылар келмеген.

Осыдан отыз күн бұрын белгісіз қалмақтар Ертістің Черлак бекінісі тұсынан, кімдікі екені белгісіз, жылқы айдап өткен. Олардың соңына түскен біздің әскери команда әр жерде шашырап қалған 142 жылқыны жинап алған. Түн қараңғысында ұрыларды қолға түсіре алмаған. Ұрылар Жәміш бекінісі тұсынан өзеннен өтіп кеткен. Ұсталған 142 жылқы біздің бекіністерде, солдаттардың күзетінде тұр. Бұл малдарды алып кетуге қолыңыздан хат жазып, мөріңізді басып, кісі жіберіңіз. Бұл жөнінде Абылай сұлтанға да хатпен хабарладым.

Бұған қоса, біздің жаққа деген күдігіңіз қалмасын деп, сіздің жоғалған жылқылар өтті деген мәндағы өткелдерді шолып, із кестіру үшін арнайы адам жібердім.

Бұған қоса, Бағлан бекінісіне келген қалмақ көштерін тоқтаттым. Сіздің кісілеріңізге қалмақтар айдап келе жатқан жылқыларды аралатып көрсету туралы тапсырма бердім. Сондықтан Бағлан бекінісіне келіп, немесе Құлеке батыр сияқты сенімді ағайындарыңыздың біреуін жіберіп, қалмақтардың жылқыларын көзбе-көз қараңыздар. Сізге көмектесіп, таныған малдарыңызды түгел қайтарып, ұрыларды қатаң жазалау туралы бекініс коменданты Бахметьевке арнайы хат жазып, нұсқау бердім.

Ал енді Ресей шебіне іргелес тұрған сіздерге қиянат жасап, шекарадан сіздерді қуамыз деген бұйрық та жоқ, ондай ойымыз жоқ, құдай сақтасын. Қайта, сіздерді дұшпандардан қорғап, күзетуге

тиіспіз. Ол жөнінде патша ағзамның жарлығы бар. Демек, ештеңеден қауіп ойламай, үрікпей-қорықпай, алаңсыз жүре беріңіздер.

Алда-жалда біздің жақтан өздеріңізге деген жайсыз қылық байқасаңыздар, сол сәтте-ақ маған білдіріңіздер. Сіздердің мүдделеріңізді мейлінше әділ қорғаймын.

Өз басыңызға, аса құрметті Құлсары батыр, әмәнда денсаулық пен сәттілік тілеймін.

Сібір шебінің колбасы әрі бригадир Карл Фрауендорф».
Кеңсе хатшысы Вас Лазарев.

Ресей мемлекеттік көне құжаттар мұрағаты. 248 кор. 113 тізбе. 867-іс. 19-20 тар.

Мазмұндалып берілді.

Сонда 27, 28 бб.

№ 301

1760 жылғы 10 сәуір

Абылай сұлтанға барып қайтқан

И. Ураков пен Я. Гуляевтің айтқандарынан

1760 жылдың 3 қаңтары күні біз Орынбор губерниялық кеңсесінен арнайы нұсқау алып, осында келген Жолбарыс сұлтан бастаған қазақтарға еріп, Үй шекара шебінен Орта жүзге аттанып кеттік. Бағлан бекінісін басып, осы жылғы қаңтардың 19 жұлдызында Орта жүздің беделді ел ағаларының бірі – Құлеке батырдың ауылына келдік. Оған Орынбордан жіберілген жалпы құны жүз сомдық сәлем-сауқатты тапсырдық. Құлеке батыр патшамызға, Орынбордағы бастықтарға алғысын білдірді.

Құлеке батырдың қасында тәулік болғанда естігендеріміз мынау:

Былтыр, 1759 жылы, Абылай сұлтан Қытайдың Боғдыханына өзінің немере інісі Мәмет сұлтан (Солтанмәмет) мен Орыс сұлтан бастатып, оларға қазақ төленгүттерін қосып, 25 кісі аттандырды. Елшіліктің мақсаты Абылай сұлтанның өзіне қарайтын Орта жүздің елімен көрші Қытай мемлекетімен тату-тәтті өмір сүргісі келетін еркін білдіру еді. Сол жылы күзде Қытайға барып, қайтып келген елшілер мынадай әңгіме айтқан. Қытай патшасы Орыс сұлтаннан: «Қазақтар Ресеймен тату тұра ма, Ресейдің қарауына

енген жоқ па?» – деп сұрапты. Бұл сұраққа Досан (Досалы) деген қазақ жауап беріп: «Тату көршіміз. Ресейдің боданымыз. Соның арқасында Ресей жеріне сауда жасап барып жүрміз», – депті. Қытай патшасы: «Қазақтар кашаннан Ресейдің қарауында?» – деп сұрапты. «Ресей сияқты Ұлы мемлекеттің боданы болсаңдар, біздің де бодандығымызды алғандарың жөн болады», – деп құрмет көрсетіп, шығарып салыпты.

Осыны айтқан Құлеке басқа бөтен ештеңе қосқан жоқ.

Құлеке батырдың ауылында екі күн болып, қаңтардың 29 күні Көкшетау деген тауларға таяу орналасқан Қылшақты аталған өзен бойындағы Абылай сұлтанның ауылына келдік. Бұл жер Сібір шебіндегі Петр ағзам бекінісінен асықпай жүріп отырғанда бес күндік екен.

Құлеке батырдан 10 қаңтар күні мынаны естідік: Орта жүз атығай руының Байсары деген қазағы айтыпты. Әбілмәмбет ханның бәйбішесі алтай-арғын ішіндегі Болат сұлтан деген ұлының қолында тұрады екен. Әбілмәмбет бұрынғы орнында, жаз шыққанда ғана келіп, қазақ арасындағы зор мәселелерді шешті. Абылай сұлтан Әбілмамбет ханмен ақылдаспай маңызды мәселелерді шеше алмайды.

Биыл Әбілмәмбет хан Абылай сұлтанды көп әскерімен шақырып, Ташкентті, Түркістанды және де басқа қалаларды жат жұрттықтардан тазартуға, Жаркент қаласына апаратын керуен жолдарын тыныштандыруға шақырып отырған көрінеді. Көктем шыға Абылай сұлтан Әбілмәмбетке барады.

Сонда, 77, 78, 82 бб.

№ 308

1760 жылғы 19 мамыр

Орта жүздегі Құлсары батырға барып келген тыншы Сафар Салиевтің айтқандарынан

1. Қазақтардың айтуынша, Орта жүз найман болысының көкжарлы руының Барақ батыры өз серіктерімен бірге өткен қыста бірнеше ұранхайлықтарды қазақ даласына әкелді. Олар Қытайға қарайтын ұлыстардан болса керек.

Қытай шекарасына жақын жерде Абылай сұлтан бастаған екі мың, Қабанбай батыр бастаған екі мың, Қожаберген мен Қошқар-

бай батырлар бастаған екі мың, көкжарлы Барақ батыр бастаған екі мың әскер тұр.

2. Құлсары және Құлеке батырлардың елі Есіл өзенінен өтіп, Ресей бекіністерінің Тобыл шебіне таяу жайлайды. Олар қытайлықтардың көкжарлы Барақ батырды ұстап беріңдер деген бұйрығынан сескеніп, әрірек көшіп бара жатыр. «Қытай әскері Барақ батырды ұстап бермесе және ұранхайлықтарды қайтармаса, қазақтарға шабуыл жасамақ», дегенді де Салиев естіген, бірақ қытайлықтардың қай жерден соққы беретінін білмейді.

Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты. 1 кор. 1 тізбе, 88-іс. 757-759 пар. Сонда, 92 б.

№ 317

1760 жылғы 18 шілде

Ураков, поп Гуляев қайтып келе жатып, жолай Құлсары батырға соққан екен. Құлсары айтыпты, өткен жазы Абылай сұлтан қарауындағы ел сол Қаратал жаққа көшпек болып еді, мен ұстап қалдым. Себебі, Абылайға қарайтын елдің басым бөлігі Құлсарының туыстары, демек, Құлсарының айтқанынан шықпайды да, ешқайда көшпейді де. Бірақ, Абылай жоңғар жеріне көшемін деген ниетінен әлі қайта қойған жоқ.

Ал, бұл жақтың жақсылары: «Ресей шекарасынан ешқайда көшетін емес. Бұрын жоңғарлар иемденген жерді қоныстануға көшіп барып, Қытайға жақындайтын болса, қытайлар алдап, жоңғарларды талқандағандай күйге ұшыраудан сақтанады. Бұл мәселе жөнінде Әбілмәмбет хан, Абылай сұлтан, барлық ел ағалары каракерей-найман руында бас косып кеңеспек», – дейді Құлсары.

Бұл кеңесте талқыланатын маселелердің арасында Қарун өзені бойында уранхайлықтар екен деп қазақтар тұтқынга алған Ресей татарлары жөнінде сөз болады. Тұтқын татарларды босатуга күш салуға Құлсары батыр уағда берді. Кеңесте мәселенің қалай шешілгендігі жөнінде Ресей үкіметіне хабарлайды, ол үшін Орынборға өз ұлын жібереді, мүмкін өзі Құлеке батыр екеуі сонда барып та кайтатын шығар. Сондай-ақ, осы мәселе жөніңде Кытай ханына елші жіберу де Құлсарының ойында бар.

Құлсары өзінің және балаларының тілегін Ресей жағы аяқсыз қалдырмауын сұрады. Абылай сұлтанға Ресей үкіметі жалақы тағайындады, сондай жалақы Құлсарыға да берілсе екен, дейді.

Өйткені, Құлсары Ресейге Абылайдан да артық қызмет көрсетіп отырмын дейді. Ал, жалақы тағайындаған күнде өзін Құлеке батырмен теңестірмеуді сұрады. Өйткені Құлеке Құлсарыға қарағанда едәуір қартайған.

Сіз, Абылай сұлтанға үкімет тарапынан тағайындалған 300 руб. жалақыны оның өзі Орынборға келгенде беру керек деп ұсыныс жасапсыз. Бірақ, ол Орынборға келмейтін болып отыр. Абылай сұлтан Үй шебіндегі Троицк бекінісінің бастығы полковник Роденге хат жазып, өзіне белгіленген жалақыны Троицк бекінісі арқылы төлеп отыруды сұраған. Сондықтан, 1760 жылдың жалақысы Абылайдың Троицк бекінісіне арнайы жіберген кісісі арқылы төленіп қойған болатын.

Ал, енді алдағы уақытта да хат жазып арнайы кісі жіберетін болса, жалақысын беріп жіберу қажет пе? Егер де Абылай Орынборға немесе Троицкіге өзі келетін болса, қасына ел ағаларын, мысалы, Ресейге адал қызмет ететін Құлсары мен Құлеке батырларды ертіп келіп, айталық, Құлсары да жылдық жалақы сұрайтын болса, беру керек пе, кімге қанша беру керек? Нұралы хан келгенде осындай мәселе туындаган еді.

Сонда, 110,111 бб.

№ 318

1760 жылғы 18 шілде

Ресей Сыртқы істер алқасының жарлығы

Орынбордан Орта жүзге барып қайтқан поручик князь Ураков пен тілмаш Гуляев арқылы анықталғаны: Орта жүзде Абылайдың сөзі атығай руына ғана жүреді, ал Орта жүздің ханы Абылайдың немере ағасы Түркістанда тұратын Әбілмәмбет. Әбілмәмбеттің ұлдары Болат пен Әбілпейіз. Болат алтай-арғын руын, Әбілпейіз қаракерей найманды билейді, қаракерей-найман дар Қаратал жағында бұрынғы жоңғар жерлерін мекендейді. Жоңғар жерінде, Іле өзен бойында қытайлар Іле деп аталатын қала салып, Орта жүз қазақтарымен сауда жасайды. Абылай сұлтан да жоңғар жерлеріне көшуді ниет етулі. Ол әртүрлі сылтау айтып, Орынборға келмей қойған өзіне тиесілі жалақысын кісі жіберіп алдыртпақ. Алайда, Абылай сұлтанның қарауындағы қазақтарды жоңғар жеріне көшіп кетуден Құлсары батыр тежеп отыр. Құлсары батыр өзіне жылдық

жалақы тағайындалса, Ресей пайдасына қызмет етуге дайын, бірақ өзін қартайып қалған Құлеке батырмен теңестірмеуді сұрайды.

Орта жүздің ханы – Әбілмәмбет. Оның ықпалы күшті, демек, Абылайды хан сайлауға күш салып керегі жок. «Келешекте сайланатын хандарды патша бекітетін болсын, Кіші жүз жөнінде осылай жасалған», – деген тұжырымға келдік.

Ал, Орта жүз жөніндегі саясатымыз: оларды Қытай қарауына өтіп кетуден тежеп ұстау; қазақтардың Қытаймен байланысының әр қадамы туралы нақты, дәл деректер алып отыру болуы керек. Ол үшін «қазақтардың жерік асы» ретінде Абылай сұлтанға жалақы тағайындап, Құлсары мен Құлеке батырларға сыйлық беріп қою керек. Сенімді татарлар арқылы Абылай сұлтанмен және батырлармен үзбей байланыс жасап тұру қажет...

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазақ істері коры. 122 тізбе, 1760 жыл, 4-іс. 111-114 пар. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 236. С. Сонда 114,115 бб.

№ 324

1760 жылы қыркүйек айы

Генерал Веймарнның майор фон Линеманға жазған құпия хатынан*

Осыған қоса Абылай сұлтанға, Құлсары мен Құлеке батырларға хат жазып отырмын. Сол хаттарды Құлсары батырдың колына тез тигізіңіз.

Абылайға жазылған хаттан: Құлсары батыр маған хат жазып, сіздің Орта жүзде Кіші жүздің Нұралы ханына қарайтын Орынбор маңайындағы ұлыстардан Ресей адамдары көп жылқы қуып кетіпті және Орынбор жағы қазақтарға соғыс ашпақ екен деп үрейленіп отырған көрінеді. Қорыққандықтан көп ауыл Қырға сіңіп кетіпті. Құлсары батыр аз ғана үйлерімен қалған көрінеді. Орыс жағынан жылы хабар келсе, қазақтар қайта көшіп келмек.

Бұндай әнгіменің шығуына ешқандай негіз жоқ. Қазақтарға ешкім соғыс ашпайды. Кіші жүз де, сіздің Орта жүз де көптен орыс мемлекетінің қарауында. Біз сіздерге соғыс ашпақ түгілі, басқа қауіптен қорғауға міндеттіміз.

Расында, Кіші жүз қазақтарына: «Еділ қалмақтары мен Жайық қазақтарына тиіспеңдер, аяғы ұрлыққа, кісі өліміне апарып соғады», - деп талай айтқанбыз. Жайықтың ішкі жағына өтуге

болмайды, дегенбіз. Соған қарамастан, қазақтар өзеннен өтіп, қалмақтардың ұлыстарына сұғынып барды. Жылқыларын қалмақ ауылдарына енгізіп жіберді. Сөйтіп, қалмақтар қазақтардың жылқыларын ұстап қалды, өздері жайылымнан айырылды. Көктем шығысымен Нұралы хан өзі және Кіші жүздің сұлтандары Ресей жағынан көп өсімімен жылқы талап етеді. Қазақтардың талабы бойынша олардың малдарын іздеп табу үшін Жайық қаласына обер-офицер бастаған әскер де жібердім. Сегіз мың жылқы тауып, дайындап қойдық. «Алып кет», деп хабар берсек, қазақтар келмейді, өздері қиыр жайлап Қырға көшіп кетіпті. Енді біздің жақтан «қазақтарға әскер шығып, соғысады екен» деген сөз таратыпты. Құрметті Абылай сұлтан, сіз мұндай әңгімелерге сенбеңіз, өз қарауыңыздағы игі жақсыларға да айтып қойыңыз. Ресей жағынан ешқандай қауіп күтпесін. Орынборға келіп жылқыларын алып қайтсын.

Құлсары батырға! Мына екі хаттың бірін Абылай сұлтанға, екіншісін Құлеке батырға тезірек жеткізуінізді сұраймын.

Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты. 1 кор, 1 тізбе, 83-іс, 88. 90 сырт. пар. Сонда, 122,123 б.

№ 340

1761 жылғы 19 сәуір

Абылай сұлтанға барып қайтқан башқұрт

Ш. Абзямов пен жолдастарының айтқандары

Абылай сұлтанның иелігіндегі қазақтың Орта жүзіне үш серігімен барып қайтқан Барын-табын болысының башқұрты Шүкір Абзямов өзіне құпия барлау сапарының нәтижесінде қазақтар мен қытайлар туралы мына жағдайларды айтып келді:

1. Троицк бекінісінен шығып, Орынбор және Сібір шебі бойындағы бекіністер мен қамалдарды басып отырып, Петр ағзам бекінісіне келдік. Одан даламен тіке жүріп отырып, Абылай сұлтанға қарайтын ел ағасы Құлсарының ауылына екі күнде, ал одан Абылай сұлтанның ордасына он бес күнде келіп жеттік. Қазақтар бізді ауылдан ауылға бастап апарып отырды.

Абылай сұлтанға келіп сәлемдескеннен кейін оған қолымыздағы хатты тапсырдық. Хатты осы жақтан барған мешер Мүңосін оқып берді.

Абылай елінде жүріп, жасырын мынаны білдік: Әбілмәмбет ханның ұлы Әбілпейізге қарайтын қаракерей руының қазағы Құттыбай көрші Қытай боғдыханына барып қайтыпты. Екеуінің арасындағы сөздің мазмұны мынадай болса керек:

Боғдыхан: «Қазақтар Ресей жағымен қалайша жақын болып отыр?».

Құттыбай: «Біз көп уақыттан бері Ресейге боданбыз, тату көрші тұрамыз».

Боғдыхан: «Егер сіздер Ресей мемлекетіне бодан болсаңыздар, Ресейді паналап жүрген қалмақ нояндары Серен мен Әмірсананы қытай боғдыханының колына ұстап беруге мумкіндіктеріңіз бар ма?

Құттыбай: «Біз Серен мен Әмірсананы сізге кайтарып бере алмаймыз».

Боғдыхан: «Олай болса, мен осы көктемде 40 мың адам қытай әскерін Ресеймен соғысуга Ертіс бойымен аттандырамын. Демек, сендер қазақтар Ресей шекарасынан шегініп, Қырға қарай көшетін болыңдар».

Қытайлар жоңғарлардың жерін басып алған, әскерлері қазір Іле өзенінің бойындағы Үрімші деген өлкеде тұр. Олардың неге тұрғанын, саны қанша екенін қазақтар біле алмапты.

2. Қытайға барып қайтқан Құттыбайдың бұл сапары туралы бүкіл Орта жүзде мынадай әңгіме тарап жүр: Қытай боғдыханы Құттыбайға ертіп қазақтың Орта жүзіне 10 мың түйеге теңдеп айырбасқа тауар жөнелтпек болыпты. Мұнысы – қытайлардың қазақтарға істеген жақсылығы мыс.

Алайда, Құттыбай бұл ұсыныстан бас тартып, қазақ арасында түрлі-түрлі адамдар бар, керуеніңізді тонап, талауға салуы мүмкін депті. Бірақ, Қытай боғдыханы өз айтқанынан қайтпай, «ең болмаса, жоңғардан босаган Баркөл деген жерге барсын, сол жерден жармеңке ашайық. Қазақтар сол жердің жартысына көшіп келіп орналассын, қалған жартысына қытайлар орналассын», депті-міс.

Қазақтың Ресей жағына жағымды Құлеке және Құлсары батырлары бұған қарсы. Қытайлар алдап отыр, жоғарыда айтқан 40 мың әскерін Ресей шекарасынан қашыққа көшкен қазақтар өз жері арқылы өткізетін болса, қытайлар Ресейді емес, қазақтарды шабады, дейді олар. Тіпті, қытайлар қазақ жеріне 10 мың әскерін енгізіп, келесі жылы одан да көбейтіп отыратын болса, қазақтарға тыныштық жоқ. Сондықтан, қазақтар осыдан үрейлі.

3. Абылай сұлтан бұрынғысынша, Ресей жағына адал. Ол Кіші жүздің Нұралы ханына хат жазып, өз халқын Ресейден айнытпай ұстауға кеңес беріпті. Биыл жазда Нұралы екеуі кездесіп, маңызды жағдайлар туралы ақылдаспақ көрінеді.

4. Бұл күнде Абылай сұлтан Қылшақты өзені, ал Құлеке мен Құлсары батырлар Есіл өзені бойында. Естуіміз бойынша, Әбілпейіз жоңғардан босаған Көксу-Қараталда, Әбілмәмбет хан Түркістанда. Әбілмәмбеттің пейіл-пиғылы туралы ешқандай хабар жоқ. Орта жүздің қазақтары тыныш, бөгде қылық білдірмей жүріп жатыр. Абылай сұлтан қолым тимейді деп қазақ шаруасы жөнінде Орынборға келуден бас тартады. Тек Құлеке батыр ғана осы жазда Троицкіге немесе Орынборға келіп қайтпақ.

5. Қытай боғдыханына Абылай елшілікке жіберген Жолбарыс сұлтан әлі қайтқан жоқ. Ұзынқұлақ хабарға қарағанда, қытай патшасы оны мейлінше жақсы қарсы алып, сый-құрметке бөлесе керек. Абылай сұлтан Жолбарыстың және онымен бірге қытай елшісінің келуін күтіп отыр. Олардың не ойы барын білмейді. Әзірше Абылайға қытайдан елші келген жоқ.

Бұл айтылғандарды растап қол қойған башқұрттар... Шүкір Абзямов, Ыдырыс Боқшанов және Күшік Сагитов.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазақ істері қоры. 122 тізбе, 1761 жыл. 4-іс. 109-111 пар: Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 237. С. 613-615. Сонда, 142,143,144 бб.

№ 343

Абылай сұлтанға барып қайтқан Ф. Гордеевтің өз бастығы П. Роденге жазған мәлімхаты. Ерекше құпия

7. Сіздің хатыңыз оқылып болғаннан кейін Абылай патша ағзамның амандығын, көрші мемлекеттермен қарым-қатынас жағдайларын сұрады. Әсіресе, Ресейдің Пруссиямен арадағы жанжал немен аяқталғанына, Қытаймен арадағы ахуал қандай екеніне назар аударды. Мен Абылайға жауап ретінде Пруссия королі жеңіліп, Ресейге жарты жыл бұрын бодан болғанын, ал Қытаймен ежелден тату екенімізді, арамызда ешкандай шиеленісті мәселе жоқ екенін айттым.

Абылай біраз үндемей отырды да қазақтардың қолында тұтқында отырған Ресей боданы болып табылатын уранқайлықтардың жағдайын қозғады…

8. Өткен қыста қазақтар, атап айтқанда Құлеке мен Құлсарының елдері, Үй және Сібір шекара шебіне таяу қыстаған болатын. Қар кетіп, жаз шыға Ресей әскерлері Қытаймен соғысады екен дегенді естіп, басқа малдарын бақташыларымен тастап, жылқысын алып Есілдің ішкі жағына өтіп кетті. Қазір Құлсарының ауылы Есілдің жоғарғы ағысында, Бағлан бекінісінен салт атпен жеті күндік жерде, ұсақ көлдердің маңында отыр. Бұрлық өзеніндегі Құлекеге дейін тоғыз күн. Ал, Абылай сұлтан Жыланды тауларының маңайында, Атбасар өзені аңғарындағы Қалутан деген жерді жайлап отыр…

Ресей империясы сыртқы саясат мұрағаты. Қазақ істері қоры. 122 тізбе, 1761 жыл. 4-іс, 109-111 пар.: Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 240. С 620–625. Сонда,152 б.

№ 347

1761 жылғы 19 қараша

Орта жүздегі жағдайлар туралы Құлсары батырдың аузынан жазып алынғандар

1. Қытай әскерлері қазір жоңғарлардан босаған аймақта, Іле өзенінің бойында және сол өңірде тұр. Саны қанша екені белгісіз. Қытайлар Іле өзені бойында бекініс салып жатқан болуы керек және олардың кімдермен соғысқалы жатқаны белгісіз, қазақтармен екі арасы жақсы. Абылай сұлтанға сырттан келген елшілер жоқ.

2. Қазіргі кезде Абылай сұлтанның қытайлармен байланысы жоқ. Орта жүз қазақтарынан қытайларға берілгендер жок. Орта жүз қазақтарының бір бөлігі Аягөз бойы жоңғарлардан босаған жерлерді жайлағаны рас. Ілеге құятын Аягөз деген өзен. Іле бойындағы қытай бекіністеріне салт атпен жарты күнде жетуге болады. Қазақтар Аягөз өзені бойын жайлаған, бірақ былтырғы 1761 жылғы күзде Қытай боғдыханының жарлығы бойынша 2000 қытай әскерінің күшімен жазаланып, қуып шығарылған. Қазақтар қытайлардан қорқып, ірі қара малдарын тастап Ресей бекіністеріне карай, Ертіс өзені бойына ығысып, қоныстанды. Қытайлар: «Бұдан былай Аягөзге қарай көшпеңдер, жақын тұрсаңдар жылқымызды

қуып әкетесіңдер, тыныштық бермейсіңдер», - деп қатаң ескерткен.

3. Орта жүз қазақтары басқа жүздермен тату, тек Кіші жүзбен арада аракідік мал дауы болып қалады.

4. Қытай боғдыханы Абылай сұлтанды және оның Орта жүзін өзіне неге бодан санайтынын Құлсары білмейді. Бұрынырақ Абылай сұлтанның Қытай жағына бейіл бергені рас, бірақ қазір Абылай сұлтан өзі және оның қарауындағы халқы Қытайға бет бұрып отырған жоқ, бұрынғысынша Ресей жағына қалтқысыз адал, ал қытайлардың қулық-сұмдығынан мейлінше сақтанады.

5. Биылғы көктемде Құлсары және Құлеке батырлар Абылай сұлтанның тапсырмасымен Қытай шекарасына дейін барып, сол жақтағы қазақтардың дау-шарын шешіп қайтқан. Ол екеуінің Қытай елшілерімен келіссөз жасауға барыпты дегені қауесет қана. Шын мәнінде, ондай шаруа болмаған, тіпті Құлсары Жолбарыс сұлтанга еріп келген Қытай елшілерін көрмеген. Қытай елшілерінің Абылайға не айтқанын естімеген.

6. Кіші жүз туралы. Кіші жүздің қазақтары әлі толқулы, анда-санда тентектік көрсетіп қояды. Нұралы ханнан ешқандай хабар жоқ.

7. Абылай сұлтан бұл күнде озінің ежелгі мекені Кылшақты өзенінің бойында, ал Құлсары мен Құлеке батырлар Есіл өзенінің жағасында, Ресей бекіністеріне таяу мекенде.

8. Қазақтың Орта жүзінің ханы Әбілмәмбет бұрынғысынша Түркістанда жүріп жатыр. Өткен 1761 жылдың жазында кейбір қазақтардың кеңесімен Әбілмәмбет хан Түркістандағы бұхаралықтарды жинап, оларға түрлі мата және былғары төлеп тұру жөнінде айтқан екен. Бірақ артынан бұхаралықтарға аяушылық білдіріп, ауыртпалық түсірмеу үшін қазақтардың олардан алым-салық алуына тыйым салған. Бұған наразы болған қазақтар Әбілмәмбетті Түркістаннан кетіріпті. Алайда, хан өзіне жақтас қазақтардың және өз ұлдарының көмегімен Түркістанға кайтып барып, сонда жақсы жайлы тұрып жатыр.

9. Алда-жалда, Қытай әскері шабуыл жасайтын болса, қазақтар әйелдері мен балаларын Ресей бекіністеріне қарай көшіріп жіберіп, қытайлықтарға қарсы соғыспақ. Қытай әскеріне қарсы төтеп бере алмаған жағдайда қазақ жасақтары Ресей бекіністеріне қарай беттемек.

10. Қос азаматтығы бар Ресей бодандарын, сондай-ақ, қазақ арасына қашып барған атты солдаттар мен Жайық қазақтарын Құлсары мен Құлеке уақыты болмағандықтан әлі іздеп тапқан жоқ.

Абылай сұлтан немесе басқа ел ағалары оларды іздеген іздемегенін Құлсары білмейді.

11. Ертіс бойындағы қамалдан шығып кеткен бес ат әлі табылған жоқ. Құлсары оларды іздеймін, деді.

12. Құлсары батыр өзі, қазақтың бүкіл Орта жүзі Ресей жағына шын берілген, оны ісімен дәлелдеп отыр. Алдағы уақытта да сол бетінен қайтпайды.

13. Орта жүз қазақтарының Ресей бекіністерінен аулақ көшіп кетпеуін, бекіністерге таяу болуын Құлсары батыр үнемі қадағалап отыр. Қытай жағына бағынуды ойға да алмайды. Қытайлардың қазақтарға зорлық-зомбылық көрсетуі әбден мүмкін екенін Құлсары батыр үнемі айтып отырады.

Қазақтар Құлсары батырдың айтқанынан шықпайды. Оның дәлелі – былтырғы 1761 жылы Абылай сұлтан Орта жүзден жоңғар жеріне көшпек болып, оны басқа ел ағалары да қолдағанда, олардың бұл ниетін Құлсары мен Құлеке батыр тежеп, тоқтатқан болатын. Құлсары мен Құлеке батырдың жақын-туыстары көп, олар әлі де Ресей бекістеріне жақын жерді жайлайды.

Абылай сұлтанның жоңғар жерлеріне көшу жөніндегі райынан қайтып, бұрынғы мекендерінде қалғанын көріп, маңайдағы барлық ұлыстар тыныштанды. Қазақтардың орнығуы үшін жаңа шептің шекара бойында төрт жерде қысқы үй-жайлар салынғаны дұрыс болар еді.

Құлсары: «Өзім әбден қартайдым. Ол дуниелік болып кетсем де, балаларым Ресей патшасына адалдығын сақтайды», – дейді. Өзінің орнына үлкен ұлы Құлыбекті ұсынып, өзіне тиесілі сый-құрмет соған көрсетілсе деген тілек білдірді. «Егер менің ұрпақтарыма осындай құрмет көрсетілсе, басқа қазақтар да Ресей жағына сенімі артып, адал болар еді», – деді. «Ресей патшасына мейлінше адал Орта жүздің Жәнібек батыры қайтыс болғаннан кейін үкімет тарапынан көңіл бөлінбей оның балалары ұмыт калды. Әкесінің еңбегі бағаланбаған соң балалары ол адалдықты сақтамады. Бірақ, мен өз ұлдарымның Ресейге шын берілгендігінен үміттімін, ұлым Құлыбекті Ресей командирлеріне жиі-жиі жіберіп тұрамын», – деді...

Жазып алған Дмитрий Колугин

Ресей империясы сырткы саясатының мұрағаты. Қазақ істері коры. 122 тізбе, 1761 жыл. 6-іс. 12-16 сырт пар. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 247. С. 632-635. Сонда 158, 159, 160, 161 бб.

№ 364

1763 жылғы 1 наурыз

Қазыбек би туралы Фрауендорфтың сыртқы істер алқасына мәлімхатынан

Өткен айының 25 жұлдызында Сібір губернаторы тайный советник Соймонов мырзаның Мәскеуге кетуіне байланысты мұндағы шекара бойының билігі маған тапсырылған болатын. Сондықтан, қалыптасқан тәртіп бойынша шекара шебіндегі жағдайларды мәлім етемін. Қазір дистанция бастықтарының хабарына қарағанда, Ресейдің қазақтармен шекарасы тыныш, ешқандай жаман хабар жоқ.

Шекараға іргелес аймақта қазақтардың Орта жүзінің Абылай сұлтанға қарайтын ұлыстары көшіп-қонып жүреді. Абылай бұл жақта бүкіл Орта жүздің басты билеушісі болып саналады. Алайда, қазақтар Абылай сұлтанды үнемі тыңдай бермейтін көрінеді. Билік ісінде Абылай өзі де кейбір ел ағаларынан келісім, кеңес сұрап отыратын болса керек.

Бұл жөнінде Орта жүздің Солтанмәмет сұлтанға қарайтың қыпшақ ұлысындағы Оразмәмбет тарханнан естіп білдім. Оразмәмбет Ертіске таяу аймақта, Железин бекінісінің маңайын жайлайды. Ол орысша тап-тәуір тіл біледі, едәуір сауаты бар. Оның айтуынша, Абылай мен Сұлтанмұхаммет сұлтандар, Құлсары мен Құлеке батырлар өз елдерінде беделді. Ресей жағы оларды мойындайды, әсіресе Абылайды бүкіл Орта жүздің билеушісі ретінде таниды. Дегенмен, Абылайдың беделі артықшылығы белгілі болғанымен, оның билігі негізінен өзінің атығай руына ғана жүретін болса керек.

Оның мәнісі мынада: Орта жүзде найман, арғын, уақ-керей және қыпшақ деген басты-басты төрт ру бар. Олардың ішінде саны көбі, әрі жауынгері – арғындар. Арғындар өз ішінде он аймаққа, немесе ұлысқа бөлінеді. Мұнда жаз айларында Түркістаннан Әбілмәмбет хан келіп тұрады.

Өйткені, арғынның ішіндегі ең күштісі – Қаракесек ұлысы. Оның барлық билігі Қазыбек бидің қолында. Қазыбек би бүкіл жүзде ең басты би болып табылады. Оған Әбілмәмбет ханның өзі, сондай-ақ, Абылай сұлтан, басқа да ұлыстарының сұлтандары мен ел ағалары жыл сайын келіп, әртүрлі келіссөз жүргізеді, тіпті

Қазыбек бидің келісімінсіз Орта жүзде бірде-бір маңызды мәселе шешілмейді екен.

Осы жағдайларды біліп алған соң, мен ойланып-толғанын, шынында солай ма деп арғын руындағы жағдайларды білу әрі ондағы атақты Қазыбек би туралы нақты мағлұматтар алу үшін жоғарыда аты аталған Оразмәмбет тарханға Сұлтанмұхаммет сұлтанның қасындағы татар Айдар Сафаров тілмашті қосып жіберіп алдым.

Олар сол өңірде қашып жүрген жайық қазақ-орысын іздеуге барғанын сылтау етеді.

Қазыбекпен жүздесуге Оразмәмбет қуана келісті және тілмаш Сафаровты апарып-келу жауапкершілігін мойнына алды, көлік берді. Аттанар алдында Оразмәмбетке түсіндіріп, менің атымнан Қазыбек биге мына сөздерді айта бар деп тапсырдым:

«Қазақтың Орта жүзі, міне 30 жылдан астам Ресейдің қоластында. Арғын рулары Орынбор бекінісінен тым шалғай жатыр, ал бұл күнде біздің Ертіс бойындағы бекіністерімізге таяу көшіп барып жүр. Демек, олар Ресей патшасының тағына Екатерина Алексей қызының отырғанын біле ме екен? Білсе, патшаға адалдық антын беруі керек».

Орта жүздің мұндағы Абылай және Сұлтанмұхаммет сұлтандары, Құлсары және Құлеке батырлары, өзге де ел ағалары қарауындағы халқымен ант берді. Сібір шебінің қолбасшысы Фрауендорф мырза Ертіс шебіне және өзенге таяу көшіп келсеңіздер, Ресейге адал екендіктеріңізге көзін жеткізгісі келеді.

Осы тапсырмамен кеткен адамдарым – Оразмәмбет пен Сафаров 1762 жылғы 14 желтоқсанда Омбы бекінісіне қайтып келді. Олармен бірге арғын-қаракесек ұлыстарының көрнекті он адамын бастап, Қазыбек бидің ұлы Сырымбет би мен Қазыбек бидің немере інісі Отарбай келді. Олар маған жолығып, өздерін Қазыбек би жібергенін айтты және оның сәлемін жеткізді:

Сонда, 180,181 бб.

№ 377

1764 жылғы 16 қараша

Сібір әскерлерінің командирі И. Шпрингердің рапорты

Мен осында қызметке келгеннен бері Абылай сұлтан және оның қарауындағы Абылайдың туған інісі Жолбарыс сұлтан, Құлсары

және Құлеке батырлар, Байжігіт мырза және басқалары біздің бекініс бастықтарына өздерінің балалары мен беделді кісілерін жіберіп, тіпті Абылай сұлтаннан басқалары өздері келіп, қысқы тамаққа қара бидай және ақ бидай ұнын, басқа да түрлі жармалар беруді үнемі сұрап келеді.

1760 жылғы 16 сәуірде Орынбор губерниялық кеңесі осындағы генерал Веймарнға нұсқау беріп Абылай сұлтанның Петр ағзам бекінісінен өзіне астық, ұн мен жарма босату жөніндегі тілегін орындап, 30 рубльдің азық-түлігі берілсін деген болатын. Осыған орай Веймарн 1761 жылы Петр ағзам бекінісінен Абылайға 112 пұт астық босатуға жарлық еткен. Сондай-ақ, оның інісі Жолбарыс сұлтанға, бізге ниеті түзу Құлсары және Құлеке батырлардың әрқайсысына 100 пұттан астық берілді. Бұған қоса Байжігіт мырзаға (Абылай сұлтан оны басқалардан ерекше жақсы көреді, өзінің сырын соған ғана айтады) 25 пұт босатылды. Қазақтар жылдан-жылға астықты көп талап ете бастады. Мемлекеттік алқаның 1760 жылғы 18 шілдедегі жарлығы бойынша Абылай сұлтанның бізге деген көз-қарасы өзгермегенше оның сұраған астығын (бірақ, қанша екені көрсетілмеген) беріп тұруымыз қажет. Осы жарлыққа қосымша ретінде шыққан 22 тамыздағы нұсқауға қарағанда, қазақтардың өзге ел ағаларына астық берілмесін деген. Ал, қазақ арасындағы және шекара бойындағы басқа халықтардың жағдайы туралы құнды мағлұмат хабарлағандарға кісі басы 10-15 рубль сыйлық беріледі. Оларға ұн босатылсын деген анық нұсқау жоқ... Демек, Абылай сұлтанға астық жіберіп тұру керек, ал Құлсары және Құлеке батырларға сұраған астығын беріп, оларға тиесілі сыйлықтың сомасына жазып қою қажет, делінген. Осыған байланысты Абылай сұлтанға екі жүз, аталған ел ағаларына жүз пұттан астық беріп тұруыма бола ма деп нұсқау сұраймын.

Иван Шпрингер

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазақ істері 1762-1775 жылдар. 14 кітап. 149-151 сырт. пар. Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках (Сборник док. 122- А. 1961 г. док. № 262. С. 674-676. Сонда, 211,212 бб.

Архивные документы на русском языке

Среди всех аспектов истории Казахстана большое внимание приковано к истории Казахского ханства, истории сложения казахского этноса, военной и политической деятельности элиты того времени и ее связи с внешним миром.

Письма казахской элиты, адресованные правителям соседних государств, проливают свет на многие неизученные вопросы исторического прошлого.

В книге И. В. Ерофеевой «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1765-1821 годов» в двух томах имеются письма с упоминанием имени нашего предка Кулеке батыра, соратника Абылай хана.

В письме от 8 сентября 1758 года императрице Елизавете Петровне с посольской миссией отправляется группа послов, в том числе Кулеке батыр. В письме написано «**...Уважаемые, утром мои лучшие люди Кулсары-аулие, Кулеке батыр представятся вашим величественным очам...**».

В письме от 24 июня 1764 года императрице Екатерине II сообщаетс: «**...Я и старшины наши Кулсары, Теним-батыр да Байегид-батыр и прочие находимся здесь благополучно, а Елдубай-бий и Куляка-батыр от сего временного света навечно переселились...**».

На 426 странице № 258 написано: **Кулеке батыр умер в 1763 году.**

Ранее в архивных документах, статьях историков были разные толкования о годах рождения и смерти Кулеке Танирбердыулы. Теперь мы имеем конкретную дату рождения – 1702 год и смерти – 1763 год. Умер он в возрасте 61 года, пятый мушел согласно жоктау (прощание) его сына Шал акына об умершем отце.

Далее представляем содержание вышеуказанных писем:

№ 258

1758 г. августа 21 – Коменданту Омской крепости

Перевод с присланного Средней киргис-кайсацкой орды от владельца Аблай-салтана с их языка на русский диалект письма, которое переведено через находящегося при Омской крепости за толмача тобольского служилого татарина Маметьяра Кучеярова 1758 г. августа 31-го дня.

Средней орды от владельца Аблай салтана в Омской крепости командиру бригадиру нижайший поклон, а после поклона слово. Как русские, так и киргис-кайсаки всемилостнейшей государыни холопы безвинно их обидеть указу нет. Августейшей всемилостивейшей государыне в верное подданство Шерин-торгоут посылал своих калмаков, прошедшего месяца пять тысяч лошадей, а после еще того ж месяца 21-го числа пятьсот лошадей угнали. Оные лошади Атагайской волости моих подвластных людей Кулсары, Куляки батырей [3] и их братьев. А этих лошадей взяли калмыки, которые следуют с майором…

Эпистолярное наследие казахской правящей элиты. 1675-1821 гг.Сборник исторических документов в 2-х томах. Алматы: АО «АБДИ», 2014.т. 1 письма правителей 7 с. 293, 2947.

№ 259

1759 г., августа 29 – Коменданту Омской крепости

Перевод с присланного Средней киргис-кайсацкой орды владельца Аблай-салтана с их языка на русский диалект письма, которое переведено через находящегося при Омской крепости за толмача тобольского служилого татарина Маметьяра Кучеярова 1758 г. августа 29-го дня.

Средней орды владелец Аблай-салтан в Омской крепости командиру г-ну бригадиру нижайший поклон, а после поклона слово. От моих подвластных людей Кулсары и Куляки батырей и от их родных братьев двести лошадей отогнали прошлого месяца 7-го числа калмыки восемь человек, а за ними гонялись наши люди, и они ушли в Черлаковской форпост, и затем их не могли догнать и назад возвратились. А боялись в форпост приехать затем, что

малолюдны, дабы поймать и задержать их не могли; и в этом деле командир ли им, калмыкам, повелевал или по своей воле отгоняли. И ежели от командиров велено, то мы всемилостивейшую государыню будем просить, а ежели эти воры своевольно сделали, то оных двести лошадей отобрать и нам с посланными от нас людьми прислать и чтоб оные лошади за реку Иртыш хорошенько переправлены были. А посланные люди от нас Олцагыр, Мерзакуль об отогнавших табунах вам скажут, пожалуйте послушайте нас; а брат мой Юлбарис-салтан с добрыми людьми, с толмачом Араповым об этом деле ко всемилостивейшей государыне рапортовать посланы.

На подлинном письме приложена Аблай-салтана чернильная печать.

РГАДА Ф. 248. Оп. 113. Кн. 867. Л 8 и об. Перевод XVIII в. Копия Другая копия перевода – РГВИА Ф 20 Оп. 1. д. 594 4. 4. Л. 51 и об. Там же, с. 294.

№ 260

1758 г., сентября 8 – императрице Елизавете Петровне

Величественной, могущественной, великой государыне императрице, самодержице всероссийской и прочих и прочих и прочих владений Елизавете Петровне от ее подданных.

От верноподданного вам Аблай-султана Среднего жуза киргиз-казахского йурта направляем наше прошение. Наш старший брат Абулхаир-хан сам вам покорился. Мы также под вашей милостью пребываем благополучно. В течение многих лет у вас не было нашего посланника и до вас не доходили наши прошения. Под вашей милостью, дал бог, мы, ваши рабы и ваш казахский йурт, благополучно пребываем от различных опасностей и угроз. У нас был один враг – это китайский народ. Но и с ним мы живем в согласии. Наше прошение сообщит вам о следующем: мы живем близко к русскому народу, находящемуся в этой далекой окраине; хотя казахский йурт, как и русский народ, пребывает рабами государя, мы терпим обиды и убытки со стороны русских торе этих окраинных ваших владений. Они нанесли нам следующие убытки: ограбили аул Алимбета батыра из рода атыгай подведомственного мне Среднего жуза. Это сделали русские жители Омской крепости. Князь капитан с толмачом по имени Максуд еще при жизни Алексея Миклиса Шукуравиза убили 11 человек

и с собой увели живыми 43 человека. Кроме того, они с собой увели 28 верблюдов и 1500 лошадей и забрали имущество 13 домов. Упомянутых пленных они возвратили. Семействам девяти пленных они вернули 500 лошадей из 1500, и еще они вернули 8 верблюдов из 28. За исключением этого, остальное до сих пор находится в руках русских. У упомянутого Алимбет батыра одна жена [по имени) Крымша, другая жена – Слуша, дочь Байбек и сын Сабан до сих пор находятся живыми в руках упомянутого Алексея Миклиса Шукуравиза. Где находятся остальные, нам ничего не известно. Ограбление скота указанного Алимбета батыра произошло в 1742 г.

Вторая глава. В 1751 г. [русские) из Куртамышской крепости, убив всех людей одной семьи, захватили с собой весь ее скот и все домашнее имущество. Об этом нам сообщила одна женщина, которую убийцы считали мертвой. Третья глава. Подведомственный мне один человек, который был назначен пастухом, зимовал возле подчиненного Темирской крепости, расположенной по берегу Иртыша, Фошмарского редута, находящегося выше Темира по Иртышу. Один посторонний казах перегнал своих лошадей через [Иртыш] во внутреннюю сторону, повыше указанного Фошмарского редута. Поручик вышеуказанного редута спросил упомянутого моего пастуха: кто перегнал лошадей на внутреннюю сторону? Пастух ответил: я не знаю. Поручик, говоря, почему ты не знаешь, приказал его сильно избить. Ввиду избиения мой пастух сильно заболел. Ввиду болезни он пользовался услугами лекаря упомянутого фошмарского редута. Этот лекарь за свое лечение и лекарство получил от него 4 лошади и 20 овец. Однако от этого [лечения] пользы он не получил. Тогда он стал лечиться у казахского лекаря. Этому казахскому лекарю он дал одного верблюда и одного коня-иноходца. Несмотря на это, он находится при смерти.

Четвертая глава. В прошлую зиму 1757 г. два калмыка, захватив у некоего Медета из рода атыгай Среднего жуза кама и двух его собственных сыновей, скрылись с ними в Омской крепости. Мы обратились к бригадиру Омской крепости фон Фрауендорфу с просьбой вернуть нам упомянутую каму и наших сыновей. Но он не отдает их. Пусть будет известно, что как вам, так и нам одинаковы пленные калмыки. Сироты, которые нами были взяты во время войны с калмыками и которые нами были куплены, убежали от нас и скрылись в окраинных русских крепостях. Мы

ездили туда вслед за ними и просили вернуть их нам, однако торе, проживающие в ваших окраинных владениях, нам их не возвращают. Также они не отдают нам лошадей, на которых сироты убежали, и взятые ими с собой ценности. Бывает, что и со стороны русских к нам тоже прибегают как русские, так и калмыки. Но мы, не задерживая ни одного часа, возвращаем как русских, так и калмыков. Подведомственные бригадиру Бахметову башкиры захватили у трех родов Среднего жуза – керей, аргын и кипшак – 1300 лошадей. В 1758 г. торе верхнеторгоутских калмыков Шерин [1], приняв подданство вашего русского йурта, стал проживать в Семипалатинской крепости. Выехав оттуда, он захватил у казахского йурта 2000 лошадей. Кроме того, мы слышали, что им захвачено еще 500 лошадей. Владелец этих лошадей ко мне не явился, так как он был ранен. Упомянутых калмыков, став во главе их, привел майор Алексей Кондуров.

Когда с какой-нибудь стороны вытесняют нас враги или когда случается пожар и сгорает вся трава, мы, казахский народ, зимуем недалеко от русских. Русские не отгораживают свое скошенное сено. Если скот, принадлежащий нашему казахскому народу, пройдет мимо сена, то русские задерживают этот скот. Если же попадутся владельцы этого скота, то русские сажают их в тюрьму и вымогают у них скот. Они применяют и другие притеснения. Они нас выдают за противников государя. Вот таковые обиды наносят нам русские, когда мы прикочевываем, спасаясь от опасности. Русские наносят нам много, много обид. Стоит ли их перечислять? Мы знаем, что невозвращение нам наших беглецов и захваченных лошадей – дело бригадира Бахметова. Все жестокие меры против нас исходят исключительно от этого бригадира Бахметова. Все упомянутые дела, которые изложены выше, не доходят до Вас, наша великая государыня. Здешние младшие торе не ценят нас. О наша величественная государыня, мы остаемся в надежде, что последует Ваша милость по нашему вышеизложенному прошению. Друзьям всемогущественной и всемилостивейшей государыни мы – друзья и врагам ее мы – враги. Пока наша душа находится в теле, мы готовы ей служить. Никаких дурных намерений у нас нет. Наш старший брат Абулхаир-хан пребывал под вашей защитой, и мы пребываем в надежде получить от вас подобную защиту. Уважаемые йуртом мои лучшие люди Кулсары -аулие и Кулеке-батыр представятся Вашим величественным очам. Нашего младшего брата, Жолбарыс-султана, Клышт-батыра со

всеми его спутниками направили к Вам. Остальные наши слова устно сообщит Вам наш младший брат Жолбарыс султан.

Слева черным приложена миндалевидная печать, надпись не разобрана.

МИКССР под редакцией Современный перевод с чаготайского тюрки составителей МИКССР под редакцией И. Н. Леманова – Архив СПбИИ РАН. Ф. 276. Оп. 1. д. 24. Л. 177–180. Подлинник на тюрки – АВПРИ. Ф. 122 Оп. 1. 1758 г.д. 4.0. 205 и об.там же, с. 296.

№ 264

1759 г., октября 22 – полковнику П. А. Родену

Высокородному и высокопочтенному г-ну полковнику Петру Андреевичу Родену от меня, Аблай-солтана, поклон.

Чрез сие Вам доношу, что сего октября 20-го числа от е.и.в. ко мне пожалованную высочайшую и всемилостивейшую за белым гербом грамоту и пять аршин кармазинного сукна находящегося в Оренбурге его высокопр-ва г- на генерала, тако ж и Ваше письмо чрез посланного Вашего переводчика Филата и оною высочайшею полученною мною грамотою я доволен, кою владения моего киргисцам читал и объявлял. И впредь, ежели от е.и.в. какие повеления будут, с радостию исполнять буду, и какие ж с моей стороны о народном деле что-либо и донесению нужное быть может, о том Вашему высокородию, г-ну генералу письменно доносить имею.

А ныне Вам доношу: владения моего Средней орде у киргисцов чрез тригодичное время башкирцами покрадено 2500 лошадей. А тех воров предводители Барын-Табынской волости Лапа да Кубеляцкой волости Бектемир. И о том я многократно уехавшим генералу и бригадиру об отыскании, возвращении тех лошадей писал, только всех не прислали, а возвратили часть лошадей, а протчие и поныне не отысканы. Да собственныя мои девять лошадей у майора Нармоцкого содержутся; одного мерина да кобылу посланному от меня человеку возвратил, а протчие и поныне там. Сего ж месяца в первых числах, ис-под крепости Краноярской (т.е. Святого Петра) приехали русские люди, покрали у киргисцев 12 лошадей. И по следу их в догон послал я свого старшину Куляк батыря. Отыскал или нет, еще неизвестно. Да Вы писали ко мне, что Средней орды киргисцы ис-под Санарской и Нижноувельской слобод отгнали лошадей, и пока те лошади хозяевам не возвра-

тятся, то от киргисцов бежавших пленных лошади, отбирая, отдаваны будут. У невиновных и безгрешных людей скот за воров отнимать не грех ли? Только такого дела владения моего люди не учинят. Токмо в народе спрашивать буду ныне, вскорости познать немножко затем, что народ, каждый порознь разъехавшись, ищут себе к зимованию мест. Когда ж о таких случаях узнаем, лошадей ваших отдав и ворам наказания учиним. Вы б наших, а мы ваших лошадей возвращали, воров и плутов унимали, то б весьма было изрядно. А мое усердие непременно. От государыня отпасть не желаю, во всяких службах находиться будем. Егда лошади возвращены не будут, буду жалобу приносит государыне.

О нас, ежели изволите напаметовать, слава богу, и с народом здрав и благополучен. Зимовать намерен при Кукчатаве-горе и при речке Кылчаклы. Прошу ж я и народ мой, чтоб дозволить в крепости Святого Петра киргисцам выменивать муку и крупу.

Да в прошлом году прислали к нам для письма муллу Азамата, кой уже стар и не весьма грамоте доволен и глазами мало видит. На место ево пришлите другого хорошего, годного человека, хотя б и з женой. Азамата муллу в дом его.

Во уверение сего мы, Аблай-солтан, печать свою приложили.

Октября 22-го дня 1759 г.

Переводил переводчик Филат Гордеев и под подлинным подписался.

В должности секретаря коллежский регистратор Петр Чучалов.

С подлинным читал канцелярист Василий Цедвинцев.

АВПРИ. Ф. 122. Оп. 1. 1759 г. Д.4. Л. 437-438. Перевод XVIII в. Опубл: КРО-1. Док. №. 602-603. Там же, с 301.

№ 276

1764 г. июня 24 – императрице Екатерине II

Перевод с листа на высочайшее имя е.и.в. киргиз-кайсацкой Средней орды от Аблай-солтана, присланного от него с сыном его Бури-солтаном, в Оренбурге августа 13-го дня 1764 г.поданного.

Всепресветлейшая державнейшая великая государыня императрица Екатерина Алексеевна, самодержица всероссийская и проч. и проч. и проч. Вашего императорского величества всеподданнейший и покорнейший раб киргиз-кайсацкой Средней орды Аблай-солтан, уведав о вступлении в.и.в. на всероссийский им-

ператорский наследный правосудный престол для самодержавия, с раболепнейшею подданностью челом бью и для поздравления с тем послал я сына моего Бури-солтана и с ним Байтюку-мурзу, сына Елдубай-биева, да сына ж старшины Кулсары Килчира-батыря, а большей ево сын Мирзагельда здесь остался, Байкунгура Байсарина, Баяна, Батыя, Ергала, да Анкабуляка.

Я и старшины наши Кулсары, Теним-батырь, да Байегид-батырь и прочие находимся здесь благополучно, а Елдубай-бий и **Кулякя-батырь от сего временного света на вечной переселились.**

Как я предкам в.и.в. по присяжной моей должности служил выдачею из орды нашей 70 дымов башкирцов с детьми и со всем их скотом, 30 человек уранхайцев и 4 человек русских, в том числе 2 мужеска, да 2 же женска пола, и протчем, так ныне и впредь службе моей находиться имею. Во умерение же сего я Аблай-солтан своеручно печать мою приложил. Под оным листом ево, Аблай-солтана, чернильная печать приложена.

Писан 24 июня 24-го дня 1764 г.

Переводил переводчик Леонтий Прасолов.

АВПРИ Ф 122 Оп. 2 1762-1775 гг. д. 14. Л. 191-192. Перевод XVIII. Подлинник на тюрк - там же. Л. 190. Там же, с. 310,311

№ 258

1. Құлсары-батыр (умер в 1790-е) **и Кулеке-батыр** (умер в 1763) – наиболее авторитетные и влиятельные в то время старшины крупного рода атыгай племени аргын Среднего жуза. После смерти тархана Жанибека Кошкарулы батыр Кулеке являлся самым сильным старшиной в Среднем жузе («во всей тамошней орде сильный»). В 50-х – начале 60-х гг. XVIII в. под его управлением находилось около 3 тыс. казахских семей. Кулсары и Кулеке обычно кочевали вместе с аулом султана Абылая в бассейне реки Ишим от Звериноголовской до Петропавловской крепости.

(КРО-1.С. 608,610,633,634; МОЦА-2. С. 47.68–70, 163, 188; Андреев 1998. С. 112).Там же, с. 426.

Болатбек Нәсенов

Қазақтардың тарихы. Хандар

Қазақ тарихын жақсы білетін тарихшылар, журналистер, сыншылар, тағы басқа мамандардың өкілдері санаулы ғана десек қателеспейміз. Совет заманында «Қазақ халқында тарих жоқ, мемлекет деген болмаған, шекара дегеннің не екенін білмеген», – деп үйретті. Ішіміз қазандай қайнап жүрді. Неге? Олай дейтініміз, мемлекеті жоқ халық болмайтынын түсінуші едік. Әрі қазақтың ертегілерінен нелер ғажайып хандар замандары болғанын еститінбіз. Қазақтың әрбір тайпасы бір-бір мемлекет болды (сол заманның мөлшерімен). Амал не, осы бүгінгі күнге дейін қазақ деп қанша аталдық? Мемлекетіміз болды ма? – деген сұрақтарды көпшілік халық айта алмайды. Оның басты себебі – жоғарғы жақтардың шовинистік көзқарастары бөгет жасады. Мәскеудегі орталық мұрағаттарға (Ресей сыртқы істер министрлігінің сыртқы саясат мұрағатына) біздің ұлттың тарихшыларына жол жабық болды. Ол жерлерде құпия құжаттармен танысып өз саясаттарына пайдалана білген мына ғалымдар еді.

1. Апполон – 1935-1955 жж. 2. Матвиевский – 1947-1968 жж.
3. Сердюк – 1965 жылдан бастап. 4. Басин – 1965 жылдан бастап.
5. Ефремова – 1965 жылдан бастап.

Ал кейбір қазақ ғалымдары (Заң министрлігінен) докторлық диссертация қорғау үшін әр жерінен алған. Біз сөз қозғап отырған хандар туралы ешкім аузын ашқан емес. Өйткені, бұл хандар туралы құжаттар Ташкент, Пекин, Каир, Бағдаттардың мұрағаттарына жатса керек. Ал оларды зерттеп орхо, шағатай тілінде оқи алатын тарихшыларымыз жоқтың қасында болар. Өйткені, сауда мәселесінен басқа тақырыптарға тісі батпағанға ұқсайды. Автор ұлы Мұхаммед Хайдар Дулатидың еңбегін білуді, оның еңбегін әрі қарай жалғаушыларды зерттеу қажеттігіне баса көңіл бөледі. «Ой, қойшы. Орыс елінде мемлекет болды. Ал бізде болған жоқ», – дейтін топастар көп-ақ. «Жоқ, айналайын, Ресей елінен әлдеқайда бұрын қазақ жерінде атағы жер жарған мемлекет болған», – дейді автор. Жүз дегеннің болмағаны тоқталған.

Алматы, 2012 ж.



Сәмеке хан-Шахмұхамед (т.ж.б. – шамамен 1737 ж.ө.) Орта жүздің ханы (шамамен 1723-1737 жж.). Тәуке ханның баласы. Ордасы Түркістанда болды. Ол ішкі саясатта Орта жүзді біріктіруге күш салды



Төле би - Төле Әлібекұлы (1663-1756). Қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері, Құлеке батырдың қайын атасы



Анна Иоановна (1693-1740 жж.) – Ресей патшасы (1730-1740 жж.) 1 Петрдің немере қарындасы. Оның патшалығы тұсында дворяндардың құқықтары кеңейтілді. 1731 жылы императрица Кіші жүздің қазақтарын Ресейдің қол астына алу туралы грамотаға қол қойған



Құлеке Тәңірбердіұлы батыр (1702-1763 жж.). Орта жүз Атығай руының ел ағасы. Абылай ханның сенімді серігі, маңызды тапсырмаларға жұмсайтын елшісі болған. 1732 жылы Орта жүздің ханы Сәмекенің елшісі ретінде Санкт-Петерборға барып, императрица Аннаның қабылдануында болған. Суретте елші киімінде. Суретті салған Ожан Қали



Абылай хан (шын есімі Әбілмәнсұр). 1771-1781 жылдар аралығында билік құрған Қазақ хандығының 18-ші ханы. Қазақ ордасының тарихындағы ең ұлы хандардың бірі. Көркем-Уали сұлтанның ұлы. Барақ ханның ұрпағы. Абылай хан Қазақ хандарының мавзолейі Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде жерленген



Құлеке Тәңірбердіұлы батыр (1702-1763). Абылай ханның сенімді серігі, оң қолы болған тарихи тұлға. Ел ағасы ретінде зор беделге ие болған. Қайтыс болғаннан кейін Абылай ханның жарлығымен қасиетті Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде жерленген



Елизавета Петр қызы (1709-1761 жж.) Ресей патшасы (1741-1761 жж.)



И. И. Неплюев – орынбор комиссиясының басшысы (1742-1743 жж.). Орынбор өлкесінің бірінші губернаторы (1744-1758 жж.)




Қожаберген жырау (1663-1763) – ақын, күйші, батыр, қолбасшы. Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Благовещенкаға жақын орналасқан Богдановка ауылы Гүлтөбе ауданында туған




Құлсары батыр Бөріұлы (1708-1776). Құлсары батыр – Абылай ханның серігі, 18 ғасырдағы көрнекті мемлекет қайраткері. Қазақтың үлкен руы Атығайдың Құдайбердінің ұрпағынан шыққан



Шал ақын, шын аты Тлеуке Құлекеұлы (1748 ж. Көкшетау облысы – 1819 ж. Солтүстік Қазақстан облысы кәзіргі Шал ақын ауданы) – халық ақыны, Абылай ханның замандасы. Шал ақын өз дәуірінің даналығын бойына сіңірген кең тыныстыы, қуатты ақын



Қожа Ахмет Яссауи кесенесі (1338-1405 жж.) Түркістан қаласында салынған мавзолей



XVIII ғасырдағы Қазақстан. Шартты белгілер: 1. Қазақстанның XVIII ғасырдың 30-40 жылдарында Ресей империясының құрамына енген аумағы; 2. Қазақстанның XVIII ғасырдың екінші жартысында Ресей империясының құрамына енген аумағы; 3. Елшіліктер (1716 жылғы Б. Екешев пен Б. Бөриевтің, 1716-1717 жылдардағы Н. Белоусовтың, 1717-1718 жылдардағы Б. Брянцевтің, 1730 жылғы С. Койдағұлов пен К. Қоштаевтың. 1731 жылғы А. Тевкелевтің елшіліктері); 4. Сауда жолдары; 5. И. Бухгольцтің экспедициясы (1714-1716); 6. А. Бекович-Черкасскийдің экспедициясы (1716-1717); 7. Камалдар; 8. Басқа да Елді мекендер; 9. Жоңғар феодалдарының шапқыншылықтары; 10. Қазақтардың жоңғар әскерлеріне карсы соғыс қимылдары. Шайқас болған жерлер, жылдары көрсетілген); 11 . Мемлекеттік шекара; 12. Қазақстанның шекарасы.

XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының жоңғарларға қарсы жүргізген күресі
РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ
ЖОҢҒАРИЯ
ЦИНЬ ИМПЕРИЯСЫ
ҚЫТАЙ
ЖОҢҒАР ХАНДЫҒЫ
ҚОҚАН ХАНДЫҒЫ
БҰХАРА ХАНДЫҒЫ
ХИУА ХАНДЫҒЫ
ТҮРКІСТАН
САЙРАМ
ОРДАБАСЫ
Ертіс
Есіл
Тобыл
Нұра
Сарыарқа
Сырдария
Жем
Орал
Ембі
Қаспий теңізі
Арал теңізі
Зайсан көлі
Алакөл
Балқаш көлі
Іле
Шу
Талас
Аягөз
Ақтақай. 1729 – 1730 жж.
1718 ж.
1726 ж.
1728 ж.
Жоңғар әскерінің шабуылы
Қазақтардың жоңғарларға қарсы шабуылы
Ашаршылық жылдарындағы қазақтар жаңа қоныстарына аууы
Үш жүздің өкілдері бас қосып, құрылтай өткізген жер
Шабуылдың өткен жері мен уақыты
Ескертпе: картада өзендер мен су қоймаларының қазіргі атаулары көрсетілген

XVIII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ жеріне жасалынған шабуылдар
Троицкі
Звериноголовск
Петропавл
ОМБЫ
Железинск
Коряков бекінісі
Ямышев
СЕМЕЙ
ӨСКЕМЕН
ОРЫНБОР
Ташалы
Ор
Елек
Орал
ЖАЙЫҚ
Каменков
Сарайшық
Үлкен
Кулаген
Ебі
Есіл
Ишим
Тобыл
Ертіс
Зайсан көлі
Балқаш көлі
Іле
Шу
Талас
Сырдария
Жаңкент
ТҮРКІСТАН
Үргеніш
АРАЛ ТЕҢІЗІ
КАСПИЙ ТЕҢІЗІ
ХИУА ХАНДЫҒЫ
БҰХАРА ХАНДЫҒЫ
ҚОҚАН ХАНДЫҒЫ
ЖОҢҒАРИЯ ХАНДЫҒЫ
Ескертпе: картада өзендер мен су қоймаларының қазіргі атаулары көрсетілген
Қоқан және Хиуа бектерінің Кіші жүз жеріне шабуылы
Қазақ бектерінің көрші елдерге жасаған шабуылдары
Қалмақтардың Еділдің төменгі жағалауынан Жоңғар шекарасына қарай көшіп аударуы
Цинь империясының шабуылы

Насенов Б.

История казахов. Ханы

Во время Советской власти мы изучали историю России подробно, а что касается истории Казахского государства – почти нет.

Причиной тому послужили шовинистические взгляды ученых центральных городов.

Ученые-казахи не допускались к архивным материалам. Если взглянуть на списки ознакомленных, например, в Архиве внешней политики Министерства иностранных дел Российской империи, то в основном следующие историки допущены:

1. Апполон – 1935-1955 годы.
2. Матвиевский – с 1947 г.
3. Сердюк – с 1965 г.
4. Басин – с 1965 г.
5. Ефремова – с 1965 г.

Они ничего не переписывали, им дали микрофильмы (отдельные страницы по томам). Ими по-настоящему не передана история нашего народа.

Настоящая история казахского народа находится в Китае, Ташкенте, Каире, Багдаде. К глубокому сожалению, специалистов, которые могли бы прочитать записи на орхонском, шагатайском языках, видимо, нет. Сколько бы специалистов ни выезжало, в их трудах не видно существенной, настоящей истории.

Одним из великих трудов, на взгляд автора, является книга Мухаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди», а также книга Льва Николаевича Гумилева «Мир Льва Гумилева» (2 том). На основании книг этих двух авторов можно предположить, что у казахов государства образовались еще до нашей эры. Каждый крупный род имел свое государство (Уйсуны, Аргыны, Адаи, Найманы, Кереи и т. д.). Через тысячелетие объединились в орды и далее целое государство. Жузов не было. Это выдумка с целью разъединить народ.

Приводимые ханы-казахи не знали, что такое жуз. В настоящее время некоторые ученые часто применяют это слово. Надо забыть о жузах, а надо говорить: «Мы из такой-то Орды». Это значит, были такие государства. Никакого разделения не будет. Это, наоборот, объединяет народ.

Алматы, 2012 г.

Бек Тогисбаев

Образование первого казахского государства

Падение Золотой Орды вызвало коренные изменения в судьбах многих племен и народов. В конечном итоге оно способствовало образованию первого самостоятельного казахского государства. Вкратце остановимся на этом событии.

Лев Гумилев поведал такую историю.

Один из последних ханов Золотой Орды Мамай однажды сильно обидел московского князя Дмитрия. В то время было распространено сватовство правителей государств, дабы иметь союзника. Великий князь Литвы хотел породниться с ханом Мамаем, заранее приглашал его в гости, чтобы выдать за него замуж свою дочь. Узнав это, Дмитрий втайне готовился отомстить Мамаю. Собирал войско, нанимал беглецов из разных стран. Ничего не подозревавший Мамай с небольшим отрядом при переправе через Дон в устье Непрядвы попал в засаду Дмитрия, потерял отряд, сам еле спасся.

Это известие дошло до грозного Тимура, у которого служил Токтамыс, мечтавший о троне Золотой Орды. Токтамыс попросил у Тимура большое войско, чтобы «искупить позор Мамая». С этим войском он разрушил трон Мамая. Объявив себя ханом Золотой Орды, Токтамыс пошел на Москву, разгромил войско Дмитрия Донского. Сам князь бежал, а Токтамыс, вернувшись в Орду, почувствовал себя всемогущим властелином.

Потеряв надежду на возвращение своего войска, великий эмир сам пошел войной на Золотую Орду. В апреле 1395 года на реке Терек произошло решающее сражение между войсками Тимура и Токтамыса. Токтамыс потерпел поражение и бежал, потом погиб от рук батыра Ногайской Орды Едиге. Тимур дотла сжег Сарай и возвратился со всем войском в Самарканд. Это событие стало переломным пунктом для многих народов и племен, населявших империю Чингисхана. Отделились Крымское, Казанское, Астраханское и Сибирское ханства. В центре бывшей Золотой Орды и на севере Кавказа еще дышала Ногайская Орда, не раз угрожавшая Москве (Кстати, население нынешнего Западного Казахстана входило в состав Ногайской Орды).

Вскоре на севере Казахстана появилось Узбекское ханство, самым именитым властелином которого был Абулхаир Шейбани. В восточном Дешт-и-Кипчаке он правил сорок лет (1428-1468). Это было время непрерывных войн с соседями, смуты и внутренних раздоров. Народ страдал от жестокости хана Абулхаира. Воспользовавшись недовольством своих соплеменников, сыновья последнего хана Белой Орды Барака султаны Керей и Жаныбек, возглавив казахские роды и выйдя из владений Абулхаира, направились в сторону Семиречья. Коварный Абулхаир ничего не смог предпринять, так как казахи тоже имели грозную военную силу.

На юге и юго-востоке Казахстана существовало государство Магулистан. Это народная транскрипция Монголистана. Название Магулистан введено в научный оборот персидскими историками. Из этого ханства вышли люди Бабыра – потомка Тимура, который завоевал север Индии. Его потомки, названные «великими моголами», в дальнейшем объединили всю Индию в одно великое государство.

Хан Магулистана в Семиречье Есенбуга (1434-1462) радостно встретил казахов на Курдайском перевале, ему надо было их использовать против наседавшего хана кочевых узбеков Абулхаира. На горе, и поныне называемой Хантау, на берегу реки Чу (территория нынешней Жамбылской области) Керей и Жаныбек подняли знамя нового государства – Казахского ханства. Историк начала XVI века Мухаммед Хайдар Дулати пишет: «Их узбеки называли «казахами». Казахские султаны начали править в 70-х годах» (1465-1466). «После смерти Абулхаира пошатнулись шаныраки узбекских юрт, началась смута, многие из них ушли к Керейхану и Жаныбекхану». Из истории известно, что кочевые узбеки тоже ушли на юг, завоевав нынешние земли Узбекистана, кроме Каракалпакии.

Таким образом, родиной первого казахского государства являются долины рек Чу и Талас.

После смерти Есенбуги Магулистан как государство практически перестал существовать, он пал в результате вторжения с востока джунгарских калмыков – ойратов. Народ естественным образом слился с племенами Казахского ханства, началась их совместная многовековая борьба с калмыками – ойратами монгольского происхождения из Джунгарии.

Молодое государство казахов, ведя постоянную оборонительную борьбу на Востоке, стремилось наладить торгово-экономические связи со среднеазиатскими государствами. В результате много-

летней борьбы Казахское ханство расширяло территорию до нынешних размеров, установило контроль над большими и малыми городами в долине Сырдарьи, включая Ташкент.

В 1718 году умер великий хан Тауке, после этого не стало централизованного государства, казахи разделились на три жуза со своими ханами. Разведав внутреннее состояние бывшего могучего государства, джунгары невиданной лавиной обрушились на казахские земли: ойраты – с востока, калмыки – с запада. 1723 год стал годом «великого бедствия». Казахи были поставлены перед дилеммой: быть или не быть. Были полностью разорены аулы и кишлаки в Семиречье и Сары-Арке, сожжены города на юге Казахстана. Помощи ждать было неоткуда.

Тогда народные ополченцы во главе с биями Толе, Казыбеком, Айтеке и батырами Богенбаем, Кабанбаем, Райымбеком, Наурызбаем и другими начали великую отечественную войну против захватчиков, которая ознаменовалась сокрушительной победой на поле Аныракай, что лежит на стыке Алматинской и Жамбылской областей, южнее озера Балхаш. Главнокомандующим всех казахских войск избран молодой хан младшего жуза Абулхаир.

Дальнейшая судьба казахского народа связана с именем последнего великого хана Абылая, которому в течение сорока лет пришлось бороться за независимость от России и Китая, от южных ханств и эмиратов. После смерти Абылая казахи вошли в состав России.

Возникает вопрос: откуда брал силу сравнительно немногочисленный народ, восстановивший и защищавший свои земли от Алтая до Урала, от сибирских лесов до гор Алатау, от бесчисленных нашествий в течение трех столетий? Ответ несложный: тогда душами людей владел патриотизм, тогда было крепкое единство всех жузов под предводительством великих ханов. Каждый считал себя воином и защитником своей Родины. К примеру, по свидетельствам историков тех лет, избранный после Керея и Жаныбека Касымхан в случае опасности извне мог выставить миллион всадников. Тогда каждая юрта обязана была снарядить не менее одного воина с боевым конем и оружием. Эта традиция сохранилась и во времена правления великих ханов Хакназара, восседавшего на троне 42 года (1538-1580), Тауекеля (1586-1598), Есимхана (1627-1645) и Таукехана (1680-1718).

Сегодня часто муссируется вопрос о делении казахов на жузы, которое якобы мешает консолидации нации. Но надо знать исто-

рию, чтобы понять что жуз – это чисто географическое понятие. Жуз – по-арабски «часть» (он не прав, «часть» – уже деление ничего не означающее, и в то же время слова «жуз» не было – это выдумка Б.Н.). Как было показано, на юго-востоке Казахстана образовалось первое национальное государство, объединившее племена в старший жуз. Потом к нему присоединились племена, обитавшие на северо-востоке, их называли средним жузом. Последними после распада Ногайской Орды присоединились племена, населявшие запад, – они получили название младшего жуза. Все три жуза имели своих правителей, но все беспрекословно подчинялись великому хану. В языке и быте, образе жизни трех жузов абсолютно нет никакой разницы, поэтому все они – представители единой казахской нации.

Ныне мы живем в многонациональной семье народов Республики Казахстан. Дай Бог всем нам благополучия и счастья в третьем тысячелетии новой эры!

История казахов. Ханы, с. 369-371, Алматы, 2012 г.

II бөлім

Абылай хан и вопросы государственности

Развитие и формирование государственности любого народа имеет объективные причины и предпосылки, которые являются закономерным итогом предшествующих этнополитических, социально-экономических и духовно-идеологических процессов, но нельзя сбрасывать со счетов, как показывает история, и субъективный фактор, величие и мудрость отдельных государственных лидеров, представителей народа.



Жунусов Бауржан Набиевич, руководитель отдела истории КГКП «Резиденция Абылай хана» управления культуры, развития языков и архивного дела акимата СКО», магистр гуманитарных наук

В создании казахской государственности, согласно историческим данным, такую роль играли ханы, султаны, бии, батыры.

Высшая государственно-исполнительная власть всегда принадлежала ханам и султанам-чингизидам, и в казахской истории со времён образования государства не было ханов самозванцев, нечингизидов. Нелишне

также подчеркнуть, что если в других странах цари, эмиры, короли и императоры занимали трон по наследству, без выборов, то казахские ханы всегда публично избирались на всенародных собраниях, причем из нескольких кандидатур, на альтернативной основе, что говорит о традициях демократизма в управлении государством и устройстве власти.

С каждым ханом связан определенный этап истории народа, курс внутренней и внешней политики, укрепления национальной государственности и сохранения территориальной целостности. Разные люди занимали ханский трон, и отличались они друг от друга личными качествами, политическим весом в степи, судьбой и местом в истории. В этой связи самого пристального внимания и изучения заслуживают биографии тех деятелей прошлого, которые способствовали укреплению независимости и территориальной целостности Казахского ханства.

XVIII век выдвинул двух знаменитых деятелей казахской истории, которых очень часто путают, приписывая одному деяния другого. В советской историографии, в зависимости от идеологической конъюнктуры, их деяния подавали то как союзников царизма в подавлении своего народа, то, наоборот, поднимали на щит, когда нужно было показать нерушимость дружбы народов СССР. Были моменты, когда в «опале» был один, другого восхваляли, или же, напротив, пели дифирамбы второму, а первого уводили в тень. Словом, две эти исторические личности были очень похожи между собой, обе прошли почти одно и то же.

В первой половине XVIII века блистал выдающийся государственный и военный деятель, верховный главнокомандующий казахскими войсками в войне с джунгарами, знаменитый хан Младшего жуза Мухаммед Абулхаир Гази Бахадурхан, в жизни которого причудливо переплелись триумф гениального полководца и трагедия непонятого политика. В судьбоносном сражении при Буланты и Аныракае под его руководством народное ополчение нанесло сокрушительное поражение исконным врагам казахского народа – джунгарам.

Вторая половина прошла под знаком хана Абылая, в правлении которого значительно укрепилась казахская феодальная государственность, которому удалось восстановить территориальные владения Казахстана. В период своего правления он осуществил значительные преобразования в государстве.

Жизненный путь восхождения во власть, данный ему происхождением, был тернистым в молодые и далеко не простым в зрелые годы.

Он родился в 1711 году (по другим сведениям в 1713) в г. Туркестан (по другим данным в Ташкенте). Ак-суек, чингизид рано потерявший родителей из-за междоусобиц, вынужден был скрываться в степи, бедствовать и бороться за свое существование. Абильмансур, Сабалак, Абылай – три имени хана, и каждая овеяна легендами и преданиями, из глубины веков несущая нам любовь к Родине, непреклонное мужество и гордость, целеустремленность к восстановлению попранного генетического права на власть.

Согласно источникам и шежире настоящее имя его – Абильмансур. В пятом колене его предком является Есим-хан, давший вполне законченное государственное устройство Казахскому ханству, документ «Древняя тропа хана Есима», в четвертом – Жангир-хан «Салкам», прославивший себя как полководец и батыр в битвах с джунгарами. Абылаем звали деда Абильмансура, прозванного как Абылай Кровопийца за свою жестокость, отцом Абильмансура был Коркем-Уали (Вали Красивый). В свою очередь, от Абылай хана ведут родословную в качестве внуков Кенесары и Чингис, с сыном Шоканом занявшие диаметрально противоположные позиции по отношению к имперской политике царизма. Если искать более отдаленных предков Абылай хана, то его генеалогию можно возвести к младшему сыну Джучи – Тока-Темиру. Без такой родословной, т.е. не будучи чингизидом, он не мог быть верховным ханом всех казахов.

В возрасте пятнадцати лет, откликнувшись на призыв «Аттан!», юный Абильмансур вступает в ополчение батыра Богембая и принимает активное участие в битве против джунгар. В это ужасное и кровавое время, как писал Шокан Уалиханов, «…обращает на себя всеобщее внимание султан Абылай, участвуя во всех набегах, сначала как рядовой воин он показывает подвиги необыкновенной храбрости и выносливости. Полезные советы его и стратегические соображения упрочивают за ним имя мудрого» [1 с 112].

После Аныракайского сражения Абылай, уже будучи султаном, становится правителем родов Атыгай и Карауыл и получает от них 700 лошадей, 3 тыс. овец, а также 6 невест, к 1740 г. у него было 20 тыс. семей Атыгай и Карауыл. В начале 1741 г. в единоборстве он убил родственника Галдан Церена – нойона Чарчу (Шарыша)

и в марте этого же года попадает в плен, где провел 2,5 года до 5 сентября 1743 г.

Абылай действительно перенес много испытаний и борьбы, пока значение его не возросло до того, что «…Киргизы считали его воплотившимся духом (аруах), ниспосланным для совершения великих дел. Он был два раза в плену, спасение от Галдан Церена считается чудом, тем более что он убил его любимого сына Чарча» [2 с. 113].

В 1743 году казахские послы при содействии российских властей освободили султана Абылая из плена.

В связи с переездом в конце 1743 г. хана Абильмамбета на постоянное место жительства в г. Туркестан и устранением от дел его место занимает султан Абылай. В 1749 г. все аргыны, кереи, уаки, часть кыпчаков признали его своим султаном.

В данное время среди родоправителей атыгаев выделялись Кулеке батыр (1702-1763) и Кульсары батыр. Они стали сподвижниками хана Абылая на севере Казахского ханства, были его послами, выезжали на дипломатические переговоры с царизмом в Оренбург, Уфу, Санкт-Петербург. Эти два батыра в числе биев и батыров Среднего жуза дали клятву о подданстве русской императрице Анне Иоанновне в августе 1742 г. Имя Кулеке батыра встречается в официальных документах 33 раза. Батыр Кулеке во главе вооруженного соединения вместе с султаном Абылаем принимал непосредственное участие в освобождении казахских земель Тобола – Иртыша от завоевателей джунгар и по прямому распоряжению Абылая заселял казахскими родами освобожденные земли. В книге И. В. Ерофеевой «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1775-1821 годов» сказано о письме, адресованном Абылаем императрице Екатерине II от 24 июня 1764 г. Среди прочей информации упоминается, что скончался Кулеке батыр. Это говорит о том, что для Абылая это была большая потеря. И об этом могла знать императрица Екатерина II. Именно по указанию Абылая дети и родственники Кулеке батыра после его кончины перевезли тело, обернутое кожей, с временного захоронения в далекий Туркестан и предали земле мавзолея знаменитого Ходжа Ахмета Яссауи. Памятный камень, поставленный на могилу батыра, сохранился до наших дней.

В 1771 г. создались условия для избрания Абылая общеказахским ханом. Осенью 1771 г. после длительных консультаций представители всех трех жузов прибыли в древнюю столицу хан-

ства – город Туркестан для выборов нового хана. Безоговорочную поддержку Абылаю оказали влиятельные жырау Бухар Калкаманулы, султаны Абулфеиз и Болат, правители казахов младшего жуза, кроме Нуралы хана, представители среднего и старшего жузов. При большом стечении народа по казахскому обычаю Абылай был поднят на белой кошме и провозглашен ханом трех жузов.

Как говорил А. Левшин, «он приобрел оный (титул) победами над торгоутами и после смерти Абулмамбета, избранием не только от всех орд Киргиз-казачьих, но и от Туркестанцев и Ташкентцев» [3 с. 254].

Несмотря на всенародные признания и титул хана трех жузов, власть Абылая была не абсолютной. Некоторые родоправители, недовольные властью хана, пытались даже свергнуть его военной силой.

Абылай прекрасно понимал, что для выживания в изменившейся внешнеполитической ситуации Казахскому ханству необходимо изменить политическую систему в сторону большей централизации. Для достижения этого хан действовал по нескольким направлениям.

В первой четверти XVIII века каждое родовое объединение было практически автономно и управлялось своими биями, родоправителями. При этой системе хан во многом зависел от воли биев и не имел больших возможностей влиять на принятие решений на уровне отдельных родов. В 20-30-х годах XVIII века эта система стала меняться, начала расти роль султанов, приглашавшихся тем или иным родом в качестве военачальника и политического лидера. Абылай стремился внести в управление жузов и больших объединений элементы федерализма на основе традиционной казахской ментальности. В роли таких правителей выступили многочисленные сыновья хана. В 1774 году правителем части Старшего жуза был назначен султан Адиль, для которого Абылай построил городок в долине Таласа и заселил его каракалпаками. В северо-восточном Жетысу правил другой сын Суюк, в Центральном Казахстане – Касым. Почти все земли Среднего и Старшего жузов были разделены между сыновьями хана. Только в Младшем и в западной части Среднего жуза правили султаны – потомки хана Каипа, в некоторых районах Центрального Казахстана – потомки хана Барака, а в приграничных с Китаем землях и на Сырдарье – потомки хана Абулмамбета.

Второй комплекс мероприятий, предпринятых ханом Абылаем для усиления центральной власти, – опора на деятельность одной личности и её личностные качества. Так, хан Абылай вопреки традиционным представлениям обычного права присвоил себе право приговаривать преступников к смертной казни. Эта прерогатива ранее была только у суда биев. Значительно ограничены были права советов биев и съезда старейшин-родоправителей. Однако традиционность обычного права, недостаток реальных рычагов управления не позволили Абылаю до конца провести реформу политической системы ханства. К тому же вся система управления была почти разрушена войнами. Элементы федерализма тесно переплетались с родовыми принципами управления, власть хана по-прежнему в значительной мере ограничивалась биями и султанами. Прочность государственной машины целиком и полностью зависела от авторитета самого хана, его умения находить компромиссы во время решения сложных политических проблем.

Внешняя политика хана Абылая также характеризовалась гибкостью и компромиссностью. Его отношения с такими сильными государствами, как Россия и Китай, значительно отличались от отношений со среднеазиатскими государствами. Хан, прекрасно сознававший мощь колониальных империй, пытался в отношениях с ними проявлять максимальную гибкость, с одной стороны, не отказываться от признания российского протектората, с другой – не допускать усиления влияния обеих держав в своих владениях. «Казахи с самого начала держались двойственно, – говорил цинский император в своем указе 1779 года, – ...когда Абылай подчинился нам, Россия присылает протест, заявляя, что Абылай является подданным и что поэтому нам не следует принимать его в свое подданство. Мы отвечали тогда: «Вы говорите, что Абылай ваш человек. Если бы вы хорошо управляли им, он ни в коем случае не перешел бы в наше подчинение... И как вы, русские, сможете воспрепятствовать этому?.. Если в будущем возникнет подобный инцидент, поступать следует осторожно» [4 с. 255].

С одной стороны, Абылай постоянно убеждал китайские власти в своей лояльности, с другой – представлял дело так, что он «к российскому двору гораздо усерднее..., а с китайским ханом корреспонденцию продолжает для одного виду того, чтоб подчинённым его киргис-кайсакам не причинялось от китайцев обид и притеснений» [5 с. 255].

Хан не только старался таким образом обезопасить свои владения от агрессивных соседей, но и извлечь определенные выгоды, применяя политику лавирования между крупными империями.

Отношения Абылая со своими южными соседями были иными. В Жетысу, который благодаря усилиям Абылая вновь стал казахским регионом, продолжались столкновения с кыргызами, и Абылай периодически совершал походы против них. Подобные акции предпринимались в 1774 и 1779 годах. Последняя привела к подчинению части кыргызских народов Казахскому ханству. Война с Ташкентом и Ходжентом привела к возвращению казахам Сайрама, Шымкента, Сузака и Ташкента. Таким образом, внешнеполитическая деятельность Абылай хана в 70-х годах XVIII века привела к временному восстановлению единства Казахского ханства, упрочению его на международной арене.

Ни один казахский хан ни до, ни после Абылая не имел такой неограниченной власти. Это было связано прежде всего с безусловно харизматическим характером его власти. Шокан Валиханов говорил, что «уважение (к хану) имело какой-то мистический характер… Этот хан, действуя деспотически против свободных льгот, освященных временем, умел облечь свои действия в такую форму, что потомство считает его святым» [6, с 116].

Дальновидный политик и тонкий дипломат, Абылай сумел заслужить любовь своих приверженцев и уважение противников. Абылай имел хорошее мусульманское образование, умел читать и писать. Это был незаурядный политик, прекрасный полководец и дипломат. Тем не менее ему не удалось изменить ход истории и возродить былую мощь кочевой цивилизации. Воссозданное им единое Казахское ханство просуществовало столько же, сколько жил сам хан.

К 70 годам здоровье хана заметно пошатнулось: сказались долгие годы борьбы по отстаиванию интересов страны в условиях постоянного передвижения и противоборства с внутренними и внешними силами

Перед своей кончиной он решил вопросы престолонаследия. Сын Уали должен был править Средним жузом, Адиль – Старшим, остальные дети – небольшими уделами в Среднем и Старшем жузах.

Хан Абылай умер в районе города Ташкент поздней осенью 1780 г. и был похоронен в мавзолее Ходжи Ахмета Яссауи в г. Туркестан. Дети покойного хана в первые месяцы его кончины тща-

тельно скрывали смерть своего отца: видимо, пытались дождаться выборов хана и в то же время опасались вмешательства в выборные дела Российской империи. Это видно из письма генерал-майора Н. Г. Огарева в Государственную коллегию иностранных дел от 21 марта 1781 г.: «Шыгыс-солтан запрещает киргизцам о том российским людям объявлять (о кончине Абылая. - **Авт.**) до предбудущаго их собрания в летнее время» [7, с 143].

Китайское правительство, получив весть о смерти хана, отправило посольство, которое совершило торжественное поминовение по умершему. На могиле хана его родственники и сподвижники установили надгробную мраморную плиту. По поводу кончины своего отца его сын Уали писал только лишь 16 июля 1781 года: «Вашему превосходительству доношу, что родитель мой Абылай хан по достижении себе от роду шестидесяти девяти лет жизнь свою окончал, которую он во все оное шестидесятидевятилетнее время продолжал, упражняясь в службах… нигде никакого вреда, ни же неповиновенья не делал».

Хан Абылай занимает важное место в истории казахского народа, его усилия были направлены на создание сильного и независимого Казахского государства. Он возглавил объединительные процессы казахов и способствовал некоторой централизации государственной власти в Великой степи. Ему принадлежит важная роль в деле разгрома джунгар и волжских калмыков: в 1758 году перестало существовать Джунгарское государство, а в октябре 1771 года – Калмыцкое ханство. Благодаря своим военным усилиям и дипломатическим шагам он не только остановил движение китайских армий по территории Казахстана, но и вернул традиционные пастбища на Тарбагатае и в долине р. Или, также благодаря его военным походам несколько прекратились набеги алатауских кыргызов.

Абылай хан являлся деятелем своей эпохи. Он сумел не только сохранить, но и отчасти даже приумножить то, что было до него. Какой бы он ни был, со всеми его достоинствами и недостатками, он все делал правильно, только беспощадная жестокость и хитрость могли держать в узде вольных степных султанов. Только умение жертвовать малым во имя сохранения большего могло остановить яростный натиск джунгар. Только изощренное искусство дипломата могло спасти ханство от поглощения Российской или Китайской империями. И его политика «льва и дракона» относительно данных империй себя оправдала.

В результате вхождения территории Среднего жуза в состав Российской империи в 1752 году на высоком побережье р. Ишим (Есиль) было начато строительство крепости св. Петра. Поводом для возведения крепости послужило налаживание политических и торгово-экономических отношений между российской администрацией и ханской властью. В связи с этим возникла необходимость в строительстве также специальной резиденции хана для решения вопросов, возникших в ходе участившихся казачьих рейдов в степь, угона скота у коренного населения и захвата земельных участков. Архивные материалы свидетельствуют, что «по просьбе его, Абылая, для пребывания его построен прямо у крепости св. Петра, вверх по р. Ишим в горах Енгистау, в 1765 году деревянный дом» («Енгистау» или «Ен Кыстау» означает с казахского языка «долина для зимования») [8 с. 33].

Дом был предназначен не только для пребывания, но и для решения конфликтных ситуаций. Впоследствии, предположительно во время одного из пожаров, деревянное здание полностью сгорело, а на его месте 1829 году было возведено двухэтажное каменное, которое в дальнейшем в народе получило название «Абылайдың ақ үйі». История здания неразрывно связана с фактами и преданиями из жизни хана Абылая. В XX веке здание использовалось для различных административно-хозяйственных нужд.

В 80-90-х годах прошлого столетия здание-памятник осталось невостребованным и из-за отсутствия ремонтно-восстановительных работ зданию был нанесен значительный ущерб.

В 2003 году группой специалистов СКО проведено изучение и исследование документов в архивах гг. Москва, Омск, Алматы по истории русско-казахских отношений на рубеже XVIII-XIX вв., что подтвердило нахождение резиденции ханской ставки Абылая в г. Петропавловске.

По инициативе акимата Северо-Казахстанской области в бытность акимом области доктора политических наук Мансурова Т. А. был разработан проект по воссозданию и реставрации Резиденции Абылай хана, который осуществлялся в рамках выполнения Государственной программы «Культурное наследие» на 2004-2005 годы. Ремонтно-восстановительные работы начались в апреле 2005 года, финансирование осуществлялось из средств республиканского бюджета.

21 августа 2008 года состоялось знаменательное событие не только для нашего города, но и для всей республики – открытие

музейного комплекса «Резиденция Абылай хана». Открыл комплекс Первый Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев. Северо-Казахстанская область получила уникальный музей нового типа, не имеющий аналогов в республике.

Экспозиция музея состоит из 4 залов. Основа экспозиции – жизнь и деятельность Абылая хана – государственного и политического деятеля Казахского ханства XVIII века. Экспозиция комплекса не только знакомит посетителей с основными событиями жизни Абылай хана, но и уделяет значительное внимание воспитанию в посетителях чувств патриотизма и преданности Родине. В первом зале есть витрина, посвященная Кулеке батыру.

С 2017 года музей-комплекс «Резиденция Абылай хана» по государственной программе «Рухани жаңғыру» включен в Сакральную карту РК.

Список использованной литературы:

1. Ч. Ч. Валиханов «Собрание сочинений в пяти томах». Алма-Ата. 1985 г. Т. 4. С. 112.

2. Там же. С. 113.

3. А. И. Левшин «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей». Алматы, «Санат». 1996 г. С. 254.

4. История Казахстана в 5 томах. «Атамура». 2000 г. Т. 3. С. 255.

5. Там же. С. 255.

6. Ч. Валиханов «Собрание сочинений в пяти томах». Алма-Ата. 1985 г. Т. 4. С. 116.

7. История Казахстана в русских источниках 16-20 вв. Алматы. 2007. Том 6, с 143

8. Государственный архив Сев.-Каз. области. Ф.158. Оп. 1. Д. 295, л. 33.

9. История государственности Республики Казахстан. Петропавловск, 2002 г.

10. Ерофеева И. Политическая организация кочевого общества. А-А., 1985 г.

Құлеке батыр

«Солтүстік Қазақстан»,
24 қыркүйек, 2004 жыл

Күңіреніп ойлағанда Алаш жайын,
Жаныңды орай берсе ұлы уайым,
Кеудеме күннің нұры толғандай боп,
Жырлаймын алты Алаштың Абылайын,



Қайролла Мұқанов,
өлкетанушы

- деп Мағжан ақын мадақтаған Абылай ханның маңында топтасқан, сыртқы жаулардан ел қорғаған ерлер-батырлар, шешен-жыраулар, атақты билер көп болғаны тарихтан белгілі. Еліміздің тарихына, Абылай ханға қатысты жазылған түрлі ғылыми еңбектерде, көркем шығармаларда Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Шапыраштың Наурызбай, Бұқар жырау, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би, Қанай би, басқа да аты белгілі батырлар мен билер туралы сөз болады. Бұл орынды да. Дегенмен, осы тұлғалардан кем еңбек етпеген, азаттық үшін жан аямай күрескен, хан санатында жетекші орын алып, сындарлы саясатқа тікелей араласқан, алаш ісіне ақыл-кеңесін аямаған, бірақ әртүрлі себептермен осы күнге дейін кең айтылмай жүрген ел ардагерлері де аз емес. Сондай Алашқа еңбегі сіңген ерлердің бірі Құлеке Тәңірбердіұлы.

Құлеке батыр туралы жиған-терген деректерге сүйеніп, толығырақ әңгімелейік. Құлеке батыр Абылай ханның сенімді серігі, оң қолы болған тарихи тұлға. Ол батырлығымен бірге өз заманының көрнекті мемлекет қайраткері болып, Абылайдың елшілік қызметін де атқарған, ел ағасы ретінде де зор беделге ие болған. Кейін де ел-жұрты оның аруағын қадір тұтқан. Ол қайтыс болғаннан

кейін сүйегі құрметтеліп қасиетті Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне қойылған.

Құлеке батырдың ата-тегіне келсек, былай өрбиді: Атығай ішінде Бәйімбет. Одан – Жоламан, Жоламаннан –Дәулетай. Дәулетайдан – Тәңірберді (Ел ішінде Тәйірберді деп те жүр, шындығы – Тәңірберді). Тәңірбердіде төрт ұл болыпты: Тілеке, Құлеке, Қожаберген, Ақан-Барақ. Құлекеде алты ұл болған: Бәбеке, Мөңке, Тілеуке (Шал ақын), Шардақ, Қазақбай, Жұсып.

Құлеке 1702 жылы туып, 1763 жылы қайтыс болған. Ол Абылай ханнан тоғыз жас үлкен, одан он сегіз жыл бұрын, 61 жасында дүниеден өткен. Оның 61 жасында дүниеден өткендігін өзінің туған баласы Тілеукенің (Шал ақынның) әкесіне жоқтау ретінде айтқан мына өлең жолдары да растайды:

Құлеке жиырмада арқар еді,
Отызда би, қырқында дарқан еді.
Кешегі дулап өткен Құлекенің
Алдынан орыс, қазақ тарқап еді.

Алпыс бір мүшел келді мерттей болып,
Өтпедің сол мүшелден серттей болып.
Кешегі дулап жүрген, ер Құлеке,
Су тиген сөне қалдың өрттей болып!

Тарихи құжаттарда Құлекенің есімі бірінші рет 1742 жылғы тамыз айында кездеседі. Сол 1742 жылдың 23-30 тамыз күндері Орынбор қаласында Орынбор комиссиясының начальнигі, тайный советник сенатор И. И. Неплюевтің алдында орыс патшайымына адалдығы туралы қазақтың бір топ батырлары мен билері ант берген. Солардың ішінде Құлеке батыр 28 тамыз күні 35-ші болып ант беріпті. Қарасай батыр 19-шы болып берген. Яғни, бұл екі батыр бір мезгілде ант беріп кездескен деуге болады. Бұл құжат «Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках» деп аталатын 1961 жылы Алматыда басылып шыққан кітапта (222 бет) берілген.

Бұдан кейінгі жылдары Құлеке батыр орыс үкіметімен жақсы қатынастарда болады. Абылай хан атынан әлденеше рет елшілікке барады. Орыс үкіметінің ресми құжаттарында оның есімі жиі кездеседі. Олардан Құлеке батырдың өз заманында аса ықпалды, беделді адам болғандығы көрінеді. Құлекенің Орта жүз атынан ант берген 148 би-батырлардың бірі болып, солардың қатарынан

орын алуы оның өз заманында ру ішінде үстемдігін жүргізген беделді атқамінер болғанын танытады. Жазба құжаттарда оны батыр немесе старшина деп атап отырған.

Шал ақын өзінің бір өлеңінде әкесі Құлекенің атақты батыр болғанын атап өтеді:

Құдай жақсы жаратқан нұр екіні айт,
Елде жақсы бар болса бір-екіні айт.
Атығайда төрт қасқа батыр өткен,
Жантелі, Жәпек, Тілеке, Құлекені айт! – деп

Атығай ішіндегі атақты төрт батырдың қатарына әкесі Құлекені де қосып атайды. Бұл батырлардың екеуі – Жантелі мен Жәпек – Атығайдың Құдайберді, ал Тілеке, Құлекелер Бәйімбет атасынан. Тілеке мен Құлеке – бір туысқан ағалы-інілі бауырлар. Тілеке Құлекеден он жастай үлкен болса керек. Ол Жантелі, Жәпек батырлармен тұстас екен. Тілеке Әбілмәмбет ханның тұсында жасаған атақты батырлардың бірі. Жоғарыда аталған кітапта («Казахско-русские отношения ...») мынадай жолдар бар: «Генерал-лейтенант подарил хану (Абильмамбету. – **Қ. М.**) белый хрептовый пансырь железной, Абылай-султану – пансырь железной. Джанибек батыру и Тлеке батыру – пансырь же» (167 бет). Яғни, патша үкіметі Тілеке батырды да жоғары бағалаған.

Құлеке – Атығай руының ру басы, атқамінерлерінің бірі. Ол өмір бойы дерлік Абылайдың қол астында, хан ордасында қызмет атқарады. Ол кезде Орта жүз ханы Әбілмәмбет Түркістанда тұрады да, Абылай сұлтан Көкшетау маңында тұрып, сол маңдағы Атығай, Қарауыл, Керей, Уақтарды басқарады. Абылайдың өз қасындағы батырлары Құлсары, Құлеке, тағы басқалары оның тапсырмасын орындаушылар болады. Осыған байланысты олардың есімі Орта жүз хандығына, Абылай әкімшілігіне қатысы бар Ресей шекара приказдарымен, шекара комиссиясымен жазысқан қатынас қағаздарда, ресми құжаттарда жиі кездеседі. Ресми құжаттарда (документтерде) Құлекенің есімі 12 рет кездеседі. Бұл документтер (құжаттар) 1742 жылдың тамыз айынан 1765 жылдың қаңтар айына дейінгі уақыт ішінде хатқа түскен.

Осы документтерге қарағанда, Құлеке батыр 1732 жылдан 1763 жылдың қаңтарына дейін 31 жыл бойы Абылай ордасымен тығыз байланысты болып, қызмет көрсетеді. Абылай оны әртүрлі ұсақ нәрселерден бастап, ел дауын, кісі құнын шешуге, тіпті шекара

комиссиясына қатысты саяси мәселелерге дейін жұмсап отырған. Мысалы, Абылай жоғалған аттарын іздетіп, оны Ойыл әскери линиясына, Ертістің ішкі жағына мал жаю үшін рұқсат сұратып сыртқы істер коллегиясына және азық-түлік әкелу үшін Святой Петр қорғанына жіберді («Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв.» 620, 623, 660 беттер). Кейде Абылай Құлекені Құлсарымен бірге саяси мәні бар ресми істерді бітіріп келуі үшін өз атынан жұмсап отырған. 1753 жылы наурыз айында Абылай Құлсары, Құлеке батырларды Жоңғар шапқыншыларына қарсы көмек сұрауға Орта жүз Атығай руының атынан Троицк қорғанына елшілікке жібереді (Сонда, 614 бет).

Ресейдің сыртқы істер алқасының Орынбор губернаторы А. Давыдовқа 1760 жылғы 18 шілдеде берген жарлығында Құлеке батырдың қазақ ішінде аса атақты, беделді адам екендігі айтылып, онымен жақсы қатынаста тұру керектігі, лайықты сый көрсетілуі қажеттігі ескертіледі.

Аталған кітаптағы («Казахско-русские отношения ...») № 240 документте «өте құпия» деген айдармен Ф. Гордеев деген аудармашының Троицк бекінісінің коменданты П. Роденге Абылай сұлтанның ордасына Орта жүз қазақтарының Қытаймен қарымқатынасын байқауға барғаны туралы 1761 жылдың 3 шілдесінде жазған рапорты берілген. Енді әлгі рапортты сол қалпында орыс тілінде келтірейік:

«Первое. По отправлении от Вашего высокородия минувшаго мая от 26-го числа, июня 22-го дня к Аблай-солтану я прибыл и письмо Вашего высокородия ему, Аблаю, отдал, которое того ж дня при собрании довольного числа киргисдов и при мне через ево, Аблаева, писаря прочтено, который, как тем письмом и присылкою меня был доволен. Посланные ж со мною к старшинам Кулсаре и Куляка батырам Вашего высокородия письма им персонально не вручены затем, что до прибытия моего к ним за десять дней уехали они из домов своих во отдаленные крайние Средней же орды Аблаева владения, кочующие близ границы калмыцкой в пусте оставшей землицы киргиз-кайсацкие улусы для разбирательства учинившегося между двух киргизцов смертного убийства» (Сонда, 620-бет).

Бұл құжаттан Құлекенің орыс чиновниктерінің алдында беделді екенін көреміз және оның орыс тілін бірсыдырғы білгені де анық. Құлекенің Ресей үкіметіне беделді екенін Сібір әскерлерінің ко-

мандирі генерал-поручик И. Шпринглердің сыртқы істер алқасына 1764 жылғы 16 қарашада жазған мына рапортынан да көреміз:

«... В 1761-1764 гг. султану Абылаю ежегодно только из крепости святого Петра отпускалось 212 пудов зерна, муки, хлеба. Его брату султану Юлбарсу, батырам Кулсары и Куляки за это же время выдавалось по 100 пудов в год» (В. Я. Басин. Россия и казахские ханства в XVI-XVIII вв. Алма-Ата, 1971 г. с. 204). Құлекенің есімі соңғы рет 1765 жылдың қаңтарында жазылған «Сыртқы істер алқасының қазақтарға астық сату жөніндегі жұмысының көшірмесінде» аталады. Бұдан кейін ресми документтерде Құлеке туралы ешбір дерек жоқ. Құлеке батырдың ата-бабалары бұрын Сыр бойында тұрса керек. «Ақтабан шұбырынды...» кезінде халық босып көшкенде олар да көшіп осы күнгі Ақмола облысына қарасты Азат станциясының маңына орналасыпты. Құлекенің атақты ұлы Тілеуке (Шал ақын) сонда 1748 жылы дүниеге келген. Болашақ ақын ес біліп, ер жетіп қалған шағында Бәйімбет, Құдайберді тайпалары Есіл бойына қоныс аударады. Бұл жерді мекендеген естектермен соғыста Құлекенің ағасы Тілеке қаза табады. Алайда, осыдан соң көшіп келген қазақтар өздерінің басшысы Құлеке батырдың қайраты арқасында естектерді Есілден ығыстырып шығарады. Естектердің Шуда, Бағанаты, Сарыбұлақ есімді үш батырын Құлекенің жекпе-жекте өлтіргені туралы тараған аңызды осы күнге дейін көнекөз қариялар айтып отырады. Ал, еліміздің белгілі халық ақыны Ахметжан Нұртазин былай жырлағын:

Сарыбұлақ, Шуда менен Бағанаты,
Естектің батыры екен шыққан аты.
Соғысып, сойылдасып берілместен,
Белдеуден босамапты байлаулы аты.
Тілеке сол ұрыста қаза тапты,
Құлеке ашуменен ерттеді атты.
Өлтіріп Бағанаты, Сарыбұлақты,
Ағасы Тілекенің кегін апты.

Бұл оқиғаның дәл қай жылы болғаны белгісіз. Ахаңның шамалауынша, бұл 1750-1760 жылдардың шамасы, өйткені Ақтабан шұбырындыдан кейін Бәйімбет тайпасы Көкшетау маңында 25 жылдай тұрған екен. Содан соң Есілге кетіпті. Бұл есеп шындыққа келеді. Орыс үкіметінің ресми документтерінен Құлеке батырдың ауылы 1761 жылы Есіл бойында көшіп жүргенін білеміз. Алайда

Құлекелердің бұл жерді нақты қашаннан бері иемденгенін дөп басып айту қиын. Құлеке қайтыс болғасын Есіл өзенінің жағасындағы «Аютас» деген жерге қойылады. Ол өзі дүние салар алдында денесін Түркістанға, ханның, әулие-әмбиелердің қасына апарып жерлеуді өсиет еткен көрінеді. Соңынан сонау алыстағы Түркістанға, Бетпақдаланы басып өтіп, жылқы терісіне оралған мәйітті бірнеше салт атпен айшылық жол жүріп, атақты Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне апарып жер ана құшағына тапсырған баласы Тілеуке (Шал ақын). Сөйтіп, ол әке өсиетін бұлжытпай орындап, перзенттік борышын риясыз атқарыпты. Оның бейітінің басында ескерткіш құлыптасы осы күнге дейін сақталыпты. Ол туралы Құлеке батырдың алтыншы ұрпағы, Қазақстан ұлттық ғылым академиясының академигі Аманжол Қошанов ана бір жылдары әкесі Қошан марқұммен арнайы барып, Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі Құлеке бабасының қабірінің басына зиярат жасап қайтқандарын айтқан болатын. Ия, жақсының аты өлмейді деген осы да.

ҚОЛ БАСТАҒАН ҚҰЛЕКЕ

«Солтүстік Қазақстан» газеті,
1 сәуір, 2021 ж.

Әр мемлекеттің тарихында даңқы мәңгі өшпейтін тұлғалар бар. Олардың есімдері әрқашан есте қалады. Еліміздің өткеніне көз жүгіртсек, Ұлы дала төсінде қанша қантөгіс орын алды емес пе? Ата-бабаларымыздың ерлігі мен батырлығының арқасында бүгінгі тәуелсіз мемлекет қалыптасты.

Ғасырлар бойы аңсаған азаттыққа қол жеткізіп, бар-жоғымызды түгендей бастаған кезде, өкінішке қарай, бұрын-соңды аты да, заты да беймәлім «батырлардан» аяқ алып жүре алмай қалдық. Қалтасы қалыңдар, қолында билігі барлар найза түгіл, шоқпар сілтеп көрмеген ата-бабаларын түгендеуге кірісті. Соның салдарынан тұлпар мініп, ту ұстаған, буырқанып бұрсанған, мұздай темір құрсанған, жарғақ құлағы жастыққа тимей елін, жерін қорғаған талай ердің есімі тасада қалды. Мемлекет бас-

шысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында ұлттық тарихымызды зерделеу міндетін алға тартты. Ұлт шежіресін түгендеп, жаңа заманның жақсы-жаманын екшеп, артықшылықтарын бойға сіңірумен қатар, тамырымызды берік сақтауымыз қажет екенін айтты. Бұл алдымен тарихты түгендеуден басталады. Ал тарихи ілім шындыққа түзелсе, ұлттық ой жүйесін қалыптастырып, ұлттық болмысымызды анықтап, қазақ идеологиясын, көзқарасын қалыптастырады. Сондықтан өткеннің ақтаңдақ беттерін зерттеп, зерделеу – уақыт талабы. Бұл орайда қазақ даласының Ресей империясы құрамындағы тарихы, қазақ хандығының Ноғай ордасы, Сібір, Қазан, Астрахан хандығымен қарым-қатынасы толық зерттеуді қажет етеді.

Абылай дәуірі – Ресей патшалығы мен Қазақ хандығы, Жоңғарлар мен Қытай-Цин империясының мүдделері тоғысқан кезең болатын. Міне, осындай қиын-қыстау дәуірде орыс-қазақ келіссөздерінде бітімгершілік қарым-қатынас орнатуға, жоңғар-қалмақ басқыншыларынан елімізді азат етуге аянбай күрескен ірі тұлғалардың бірі – Құлеке батыр.

Мұрағат деректеріне сүйенсек, Құлеке Тәңірбердіұлы 1702 жылы Есіл бойында, Аютас өңірінде дүниеге келді. Пайғамбар жасына жетпей, 1763 жылы өмірден өткен. Құлеке батырдың ата-тегіне келсек: Атығай ішінде Бәйімбет. Одан – Жоламан – Дәулетай – Тәңірберді. Тәңірбердіден алты бала: Тілеке, Құлеке, Қожаберген, Малтабар, Бурабай, Ақан-Барақ. Құлекеден Бәбеке, Мөңке, Тілеуке (Шал ақын), Шардақ, Қазақбай, Жүсіп есімді алты ұл өрбіген. Оның ұрпақтары бүгінде Шал ақын ауданының Сергеевка қаласында, Алқа-ағаш, Қаратал ауылдары мен еліміздің өзге өңірлерінде тұрады.

Құлеке батыр – Абылай ханның оң қолы, сенімді серігі, данагөй кеңесшісі, тонның ішкі бауындай жақын, үзеңгілес жолдасы болған. Абылай күрмеуі қиын небір жауапты міндеттерді жау жүрек батыр әрі шашасына шаң жұқпайтын мәмілегер Құлекеге сеніп тапсырып отырған. Шал ақын өзінің бір өлеңінде әкесі Құлекенің атақты батыр болғанын былай жеткізеді:

Құдай жақсы жаратқан нұр екіні айт,
Елде жақсы бар болса бір-екіні айт.
Атығайда төрт қасқа батыр өткен,
Жантелі, Жәпек, Тілеке, Құлекені айт!

Мұрағат деректері негізінде жазылған «XVIII ғасырдағы қазақ-ресей қарым-қатынастарының тарихы» атты кітапта Құлеке батырдың есімі жиі аталады. Онда Абылай сұлтанның Құлсары және Құлеке батырлармен бірге Есіл бойында қоныстанғаны туралы баяндалады. Демек, қазақ даласының ұлы билеушісі сенімді серіктерін өзіне ұрымтал жерде ұстаған. Тағы бір құжатта патша өкіметі тарапынан Абылай сұлтан мен Құлеке батырға ақы (жалование) тағайындалуы туралы сөз болады. Абылай ханның әмірімен Құлеке батырдың Санкт-Петербургке, Мәскеуге мәмілегерлік сапармен аттанғанын аңғарамыз. Соған қарағанда Құлеке батырдың орыс тілін білгенін болжаймыз. Шығыстағы көрші мемлекет – Қытаймен келіссөздер жүргізуге де Абылай хан көбіне Құлекені жұмсаған.

1733 жылы Орта жүздің ханы Сәмекенің бұйрығымен қазақ елінің елшісі ретінде Санкт-Петербургке барып, патшайым Анна Иоанновнаның қабылдауында болып, орда бұзар 30 жасында Ұлы Жібек жолы бойында қазақ жерінде Ресей керуені тоналып, жергілікті халыққа жала жабылғанда – екі ел арасындағы араздықты реттеу мәселесімен арнайы елшілік миссиясын орындаған болатын. Бұл бабамызды білікті дипломат – елші дәрежесіне көтерген сын сағаты еді.

«XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Цин империясы мен қазақ хандығы» атты жинақта Омбы мұрағатынан көне деректер келтірілген. Онда: «Абылай сұлтан Құлеке батырды Цин империясымен келісім жасауға аттандырды», – деп жазылған. Бір құжатта Кіші жүзден Нұралы мен Ералы сұлтандардың, Орта жүзден Құлсары, Құлеке, найман руынан Қабанбай, Қанжығалы Қошқарбай, керейден Қожаберген батырлардың есімдері аталады. Осы кітапта сол дәуірдегі қазақ елінің Еуропамен арадағы сыртқы саясатына қатысты құжаттар жиі ұшырасады. Мәселен, бір жазбада: «Абылай сұлтан Санкт-Петербургке төрт мәмілегерді, соның ішінде Құлеке мен Құлсары батырларды жөнелтті», – деп жазылған. Сондай-ақ, «Абылай сұлтан генерал-майор Тевкелевпен жолығысқысы келеді және бұл кездесу Троицк қаласында өтуін, оған Құлеке мен Құлсары батырлардың да қатысуын қалайды», – деген деректер бар.

Жалпы, XVIII ғасырдың 30-70 жылдары Ресей патшалығының Орынбордағы әкімшілігі қазақ елінің батыс және солтүстік өңірін өз билігіне қаратып, колониалдық үстемдігін белсенді түрде іске асырумен болды. Қазақ елі Жоңғар, Қытай басқыншыларының өктем, жаугершілік саясатынан жұтылып кетпеу үшін Ресей билігіне

бағынышты болуды таңдаған-ды. Сондықтан да Абылай бастаған қазақ сұлтандарының Ресей патшалығына ант беруі саяси жағдайдан туған айла болды. Қол қойғандар санатында Құлеке бабамыз да бар болатын. Бұл рәсім Ресейдің өкілетті елшісі Тевкелевтің басшылығымен ұйымдастырылған еді. Бүгінгі таңда Ресей империясының Азия департаментінде барлық мәліметтер сақтаулы. Сол ақпараттар арқылы көп жаңалықтар ашылуда.

Құлеке Тәңірбердіұлы жалпы қазақ еліне ортақ мәселелер бойынша сауда-саттық, шекара келісімдері, жер дауы, жайылымдар талап ету мен тағы басқа жағдайларда Ресей үкіметінің шекара бастықтарымен, Орынбор губернаторы Неплюевтің қабылдауында болып, шиеленіскен мәселелерді шешіп, келісімге қол жеткізген.

1756 жылы Құлеке бабамыз баласы Бәбеке, Қожаберген батырлармен бірге қол бастап, үш мыңдай шаңырақты Ертістің жоғары сағасына үдере көтеріп, Қытайдың маньчжур-шүршіт әскерінің жерімізге басып кіруіне алдын ала қалқан болып, қазақ елінің байырғы жерін қорғады. Бұл қазақ елін, жерін қорғаудағы көрегендік жоспар еді. Ол елшілік тапсырмасымен Орынбор, Тобольск, Троицк қалаларымен жиі байланыста болып, жоңғар-қалмақтардан қазақ даласын қорғауда, атығай руының жайылымына Ертіс бойынан жер талап етіп, Ресеймен сауда-саттықты молайту туралы келісімшарт жоспарына қол қойған. Сондай-ақ, Құлеке батыр қарулы қосынды басқарып Тобыл мен Ертіс арасындағы қазақ жерін жаудан азат етіп, Ертістің оң жақ сағасына мыңдаған отбасын қоныстандырған екен (Т. Шонанов «Жер тағдыры, ел тағдыры», Алматы, 1995 ж).

1757 жылы Абылай хан басқарған үлкен қарулы қосынға Құлеке, Мерген батырлар мен Көкжал барақ сұлтан, Қаракерей Қабанбай батыр әрбіреуі 2 мың сарбазымен он мың қайысқан қол Жетісу өңірін, Түркістанның шығысын қытайлардан кейін қалған торғауыттарды талқандады. Бұл өлкеге жоңғар қалмақтары, ойрат, торғауыттар қайта шауып, үстемдік ете алмады.

Құлеке батыр Ресей, Қытай, Жоңғарияға қатысты тынымды істерімен кеңінен мәлім болуымен қатар, еліне қамқор, пана болып, бірлік пен тұрақтылықты, татулықты мақсат тұтты. Ресей әкімшілігінің бағалауы бойынша қазақ ру басыларының ішінде ең беделдісі деп танылған.

Құлеке батырдың қайратының арқасында естектерді Есілден ығыстырып шығарады. Естектердің Шуда, Бағанаты, Сарыбұлақ есімді үш батырын Құлекенің жекпе-жекте өлтіргені туралы та-

раған аңызды осы күнге дейін қариялар айтып отырады. Белгілі халық ақыны Ахметжан Нұртазин кезінде былай жырлаған:

Сарыбұлақ, Шуда менен Бағанаты,
Естектің батыры екен шыққан аты.
Соғысып, сойылдасып берілместен,
Белдеуден босамапты байлаулы аты.
Тілеке сол ұрыста қаза тапты,
Құлеке ащуменен ерттеді атты.
Өлтіріп Бағанаты, Сарыбұлақты,
Ағасы Тілекенің кегін апты.

Абылай сұлтан 1764 жылы Құлеке батырдың қайтыс болғанын патшайым II Екатеринаға арнайы жазған хатында үлкен күйзеліспен, жабырқау көңілмен жеткізген. Ол жан тәсілім етер алдында баласы Шал ақынға мәйітін ұлы хандар мен белгілі тұлғалар жатқан Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерлеуді өтінген. Ал әкесі Құлеке батырдың қыр-сырын туған ұлынан артық ешкім білмесе керек. Оның:

«Құлеке жиырмада арқар еді,
Отызда – би, қырқында дарқан еді.
Кешегі дулап өткен Құлекенің
Алдынан орыс, қазақ тарқап еді»,

– деп әкесі қайтыс болғанда жырға қосқаны бар. Абылай ханның жарлығымен баласы Шал ақын Құлеке батырдың мәйітін Есіл бойынан Бетпақ даланы көктей өтіп, бірнеше күн арып-ашып киелі Түркістанға жеткізген. Ол дәуірде жол сілемі жоқ, түнде ғана жүріп, оңтүстіктен туған Шолпан жұлдызын бағытқа алып, күндіз мәйітті қалың құмға жасыруға тура келген. Құлеке бабамыздың ел мүддесі үшін аянбай күресіп, қазақ ұлты үшін сіңірген еңбегі зор. Оның есімі ешқашан ұмытылмайды, халықпен бірге жасайды.

«Мәңгілік ел» атану үшін өзіміздің төл тарихымызды ғылыми негізде тәуелсіздік ұстанымы тұрғысынан қайта қарауымыз керек. Отан тарихында Құлеке батырдың есімін жаңғыртып, ұрпаққа өнеге, ғибрат ету – біздің тікелей міндетіміз. «Асқар таудың төбесі алыс, етегі жақын, хас жақсының денесі алыс, атағы жақын», – дегендей Құлеке батырдың денесі туған топырақтан жырақ жатса да, ұрпақтары батыр бабасын ардақ тұтады. Оның ұлағатты істері

тарих бетінде хатталып, жалпы оқырмандардың қолына ақпарат жүзінде тараса, рухани жаңғыру үрдісіне қосқан қомақты үлес болары сөзсіз.

Биыл Құлеке батырдың өмірден озғанына 258 жыл. Батырға тағзым ретінде есімі білім ордаларына, елді мекендерге, көше-алаңдарға, стадиондарға берілсе құба-құп. Ата қонысы Шал ақын ауданында ғана емес, облыс орталығында ескерткіші орнатылса ғанибет емес пе? Тіпті Сергеевка қаласына Құлеке есімі берілсе нұр үстіне нұр болар еді.

Аманжол Қошанов,
Ұлттық ғылым академиясының академигі.
Абай Тасболатов,
тарих ғылымдарының докторы, генерал-лейтенант

Кулеке батыр – соратник Абылай хана

(«Северный Казахстан», 25 мая 2021 г.)



Заркын Тайшыбай

В истории каждого государства есть личности, слава о которых неподвластна времени – о них будут помнить всегда.

И если вспомнить тернистый путь нашей страны на пути к Независимости и свободе, вспомнить, сколько крови было пролито, сколько войн и распрей пронеслось над Великой степью, то станет ясно: только благодаря отваге и героизму предков, благодаря деятельности всех последующих поколений сегодня сложилось большое и сильное государство – Республика Казахстан!

В XVIII веке – в сложную эпоху правления хана Абылая в русско-казахских переговорах по установлению добрососедских отношений особо выделяется фигура Кулеке батыра. В результате мно-

голетних научных исследований жизни и деятельности султана, в последующем хана Среднего жуза Абылая, нами установлено, что Кулеке батыр был одним из доверенных лиц, правой рукой Абылая. Он был не только смелым воином, активно участвовавшим в сражениях с врагами, но и полководцем, видным государственным деятелем своего времени, выполнявшим важные задачи посла в переговорах с представителями соседних государств – России и Китая. Кулеке как старейшина рода Атыгай заслужил глубокое уважение и признание народа своими делами.

В исторических документах имя Кулеке батыра впервые встречается в августе 1732 года. Известно, что тогда ханом Среднего жуза был Самеке. По его заданию Кулеке Танирбердыулы был направлен в качестве руководителя казахской делегации, посла хана в г. Санкт-Петербург и был на приеме у императрицы России Анны Иоанновны. На межгосударственных переговорах решались важные вопросы казахско-русских отношений, в том числе, как говорится в документе, безопасного перемещения торговых караванов России и Бухары на территории казахского ханства...

Кулеке батыр возвратился на родину из г. Санкт-Петербурга 4 января 1733 года, о чем информирует российский чиновник высокого ранга Алексей Тевкелев. Нами обнаружен также другой документ, в котором говорится, что в мае 1737 года Кулеке батыр был с посольской миссией в Москве в Госколлегии иностранных дел. На обратном пути послами-казахами было закуплено некоторое количество оружия (28 ружей, два пистолета, 5 сайдаков), о чем другой большой чиновник В. Татищев уведомил Правительствующий сенат России. Ответ коллегии иностранных дел был таков: «Это малое количество оружия они, киргиз-кайсаки, могут купить и в Бухаре, и от этого для безопасности России нет угрозы, но все-таки в будущем возможно ввести запрет на продажу оружия казахам и ташкентцам» (АВПРИ. Ф.248, 1164 книга, стр. 570).

Другой документ показывает, что 23-30 августа 1742 года в городе Оренбурге большая группа казахских батыров, биев присягнула на подданство русской императрице Анне Иоанновне перед начальником Оренбургской комиссии И. И. Неплюевым. В их числе: Кулсары аулие дал присягу 26 августа, ... 35-м Кулеке батыр дал клятву 28 августа и др... («Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках», Алматы, 1981 год, стр. 222).

В последующие годы Кулеке батыр во главе вооруженного соединения вместе с Абылаем принимал непосредственное участие

в освобождении казахских земель междуречья Тобол – Иртыш от завоевателей-джунгар и по прямому распоряжению Абылай хана заселял казахскими родами освобожденные земли.

Автором этих строк впервые выявлены из архивов и введены в научный оборот новые сведения о полководческой деятельности Кулеке батыра в период обострения казахско-китайских отношений, завершенного вооруженным столкновением у Баянаульских, Кувских и Каркаралинских гор в Центральном Казахстане (территории нынешних Павлодарской, Карагандинской и Акмолинской областей).

Так, получив разведданные о готовящемся вторжении крупной силы китайских войск на территорию Среднего жуза осенью 1756 года, Абылай султан с казахами спешно создает несколько ополчений, один из которых с одной тысячей сарбазов возглавляет Кулеке батыр и отправляется встретить с боем и отразить захватчика.

В рапорте начальника Железенской крепости говорится: «Утром 20 сентября, к 8-ми часам на степной стороне Иртыша появилась огромная толпа кочующих казахов, примерно тысячи три, может, и того больше. Мы наблюдали за ними. 28 сентября к нам пришли неизвестные люди. Послали к ним унтер-офицера Захарьина и переводчика Утегенова. Они просили встречу с начальником крепости. И говорили, что это войско Абылай султана и среди них Кулеке батыр. Кулеке батыр, вступив в разговор, сказал, что «направляются вверх по реке». Их 100 юрт, намерены побыть здесь несколько дней и идти к урочищу Актас Семипалатинской крепости, где их ждет Абылай султан. За нами следуют войска Кулсары батыра, правда, его самого нет, другую тысячу возглавляет Бабеке батыр (Карбагай)…».

Его имя встречается в имеющихся официальных документах 33 раза. Абылай хан посылал его на урегулирование самых сложных, спорных дел в улусах, а также в Российскую пограничную комиссию по политическим вопросам. По поручению Абылая он ездил на Уильскую военную линию в поисках большого количества угнанных башкирами лошадей, был в коллегии иностранных дел, чтобы получить разрешение для выпаса скота в прииртышских землях, кроме этого, ездил в крепость Святого Петра на выручку плененных русскими людей…

В марте 1753 года Абылай хан отправил батыров Кулеке и Кулсары с дипломатической миссией в Троицкую крепость с просьбой

оказать помощь в борьбе с джунгарскими завоевателями. В Указе коллегии внешних дел губернатору Оренбурга А. Давыдову от 18 июля 1760 года подчеркивается, что «Кулеке батыр среди казахов является особенно знаменитым и необходимо оказывать ему соответствующий почет».

Примечательно, что русская администрация во многих случаях, чтобы снестись с Абылаем по некоторым, скажем, «щепетильным вопросам», старается найти к нему путь через Байжигит тархана, Кұлсары батыра и Кулеке батыра. Этот феномен показывает, во-первых, неприступный характер Абылая султана и, во-вторых, влияние названных батыров, пользовавшихся большим авторитетом у «строптивого» правителя.

Родословная Кулеке батыра выглядит следующим образом: он из Среднего жуза, из рода Аргын-Атыгай, отделение Баимбет. Точных сведений о дате его рождения не обнаружено, по многолетним исследованиям архивов и другим косвенным документам полагаем, что на момент появления Абылай султана, назначенного на управление «кокшетаускими атыгаями и караулами» в 1731-32 годах, Кулеке батыр уже состоявшийся старшина в своей округе, признанный деятель времен Самеке и Абильмамбета ханов, являлись советниками молодого султана Абылая. Поэтому есть основания полагать, что они старше Абылая лет на 10, если не 20. И рожденными могут быть в последней четверти XVII века, примерно в 1685-1690 годах.

Вообще, если нет документальных доказательств, когда речь идет о годах жизни какой-либо личности, каких-либо событиях, нужно скромно избегать точного названия года, тем более месяца.

24 июня 1764 года на имя императрицы Екатерины II было отправлено письмо от Абылай хана, присланное с зятем (в другом документе сын, возможно, не родной. – **З. Т.)** его Бори-султаном в Оренбург 13 августа 1764 года. В этом письме сообщается, что «Жолдыбай-би и Кулеке-батыр от всего временного света на вечной переселились. Во уверение же сего я, Абылай-султан, своеручно печать мою приложил». Эти данные приводит исследователь И. В. Ерофеева в своей книге «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1775-1821 годов», стр. 310. В комментарии на стр. 426: Кулсары-батыр и Кулеке-батыр (умерли примерно в 1763 году) – наиболее авторитетные и влиятельные в то время старшины крупного рода Атыгай, племени Аргын Среднего жуза. После смерти тархана Жанибека Кошкарулы Кулеке батыр явля-

ется самым сильным старшиной в Среднем жузе («во сей тамошней орде сильный»), в 50-х – начале 60-х годов 18 века под его управлением находилось около 3 тыс. семей. Кульсары и Кулеке обычно кочевали вместе аулом султана Абылая в бассейне реки Ишим от Звериноголовской до Петропавловской крепости (КРО-1. С. 608, 610, 633, 634; МОЦА-2. с.47, 65-70, 163,188; Андреев, 1998, с. 112). В последний раз имя Кулеке батыра упоминается в ноябре 1764 года.

По преданию потомков, Кулеке батыр временно, по-казахскому обычаю «аманатом» был похоронен в урочище Аютас. В последующее лето его сын Тлеуке (Шал акын) и другие дети и родственники по решению ханского совета Абылай хана доставили его тело в столицу всех казахов город Туркестан и предали земле у священного мавзолея Кожа Ахмета Яссауи.

Памятный камень, поставленный на могиле батыра, сохранился и до наших дней. На внутренней стене мавзолея имеется список похороненных здесь знаменитых ханов, султанов, батыров, биев. В этом списке есть и имя Кулеке Танирбердыулы.

Потомки Кулеке батыра на сегодняшний день живут в селах Каратал, Алкаагаш, ауле Искак Ибрая, в районе Шал акына Северо-Казахстанской области и многих населенных пунктах и городах Республики Казахстан.

Заркын Тайшыбай,
заслуженный деятель Республики Казахстан,
академик Национальной академии наук ВШ Республики Казахстан,
профессор СКГУ им. М. Козыбаева.
16.05. 2021, г. Петропавловск

Құлеке батыр



Хамит Біржанов

Біз төл тарихымыздан ажырап қалған жұртпыз. Өйткені, үнді халқының кемеңгер ұлы Джавахарлал Неру айтқандай, отар елдің тарихын отарлаушылар өз мақсатына бейімдеп жазып келді. Соның салдарынан тұлпар мініп, ту ұстаған, буырқанып бұрсанған, мұздай темір құрсанған, жарғақ құлағы жастыққа тимей елін, жерін қорғаған талай еңіреген ерлеріміздің есімдері тасада қалды. Құйма құлақ халқымыздың жадында сақталған қаһарман ұландары Қобыланды, Алпамыс, Ертарғын сынды баһадұрларды малданып жүрдік. Арамза билік қасақана тамырымызға балта шапты, мәңгүрттендірудің құлақ естіп, көз көрмеген құйтыртқы айлаларын іздеп тапты.

Ал ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздік тиіп, өз қолымыз өз аузымызға жетіп, бар-жоғымызды түгендей бастаған кезде бұрынсоңды аты да, заты да беймәлім «батырлардан» аяқ алып жүре алмай қалдық. Қалтасы қалыңдар, қолында билігі барлар найза түгіл, шоқпар сілтеп көрмеген ата-бабаларын шегірткедей қаптатып, оларға ескерткіштер орнатуға тыраштанып, аттарын ауылдарға, көшелерге тықпылады.

Есіл өңірінде жан аямас ерлік көрсеткен, «Атығайдың төрт қасқасы» атанған Құлеке, Тілеке, Жантелі, Жәпек батырларға орын тимеді. Ал енді сөзімізді Құлеке батырға бұрсақ.

Құлеке батыр, немесе Құлеке Тәңірбердіұлы, мұрағат деректеріне сүйенсек, 1702 жылы Есіл бойында Аютас өңірінде дүниеге келіп, Пайғамбар жасына жетпей, 1763 жылы өмірден өткен. Құлекеден Бәбеке, Мөңке, Тілеуке, Жардақ, Қазақбай, Жүсіп есімді алты ұл өрбіген. Оның ұрпақтары негізінен қазіргі Шал ақын ауданының, Алқа-Ағаш, Қаратал ауылдарында мекендейді.

Тарихи деректер айна-қатесіз айқындағандай, Құлеке батыр Абылай ханның оң қолы, сенімді серігі, данагөй кеңесшісі, тон-

ның ішкі бауындай жақын, үзеңгілес жолдасы болған. Абылай хан күрмеуі қиын небір жауапты міндеттерді әрі жаужүрек батыр, әрі шашасына шаң жұқпайтын мәмілегер Құлекеге сеніп тапсырып отырған. Ол қалмақтың әйгілі батыры Бағанатыны жекпе-жекте жеңіп, бастаған қолын ат тұяғы жеткенше ел шетінен жыраққа қуып тастаған.

Мұрағат деректері негізінде жазылған «XVIII ғасырдағы қазақ-ресей қарым-қатынастарының тарихы» атты кітапта Құлеке батырдың есімі жиі аталады. Абылайдың дәрежесін төмендету үшін орыс зерттеушілері көбіне «хан» демей «сұлтан» деп атаған. Жоғарыда айтылған кітаптың 9-шы бетінде Абылай сұлтанның Құлсары және Құлеке батырлармен бірге Есіл бойында қоныстанғаны туралы баяндалады. Демек, қазақ даласының ұлы билеушісі сенімді серіктерін өзіне ұрымтал жерде ұстаған. Тағы бір құжатта патша өкіметі тарапынан Абылай сұлтан мен Құлеке батырға ақыпұл (жалование) тағайындалуы туралы сөз болады. Абылай ханның әмірімен Құлеке батырдың Санк-Петербургке, Мәскеуге мәмілегерлік сапармен аттанғанын оқимыз. Соған қарағанда Құлеке батырдың орыс тілін білгенін аңғаруға болады. Шығыстағы көрші мемлекет – Қытаймен келіссөздер жүргізуге де Абылай хан көбіне Құлекені жұмсаған.

«XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Цин империясы мен қазақ хандығы» атты жинақта Омбы мұрағатынан көне материалдар келтірілген, онда Абылай ханның Құлеке батырмен Есілдің жоғары бойында қоңсы қонып отырғаны айтылса, енді бір жерінде «Абылай сұлтан Құлеке батырды Цин империясымен келісім жасауға аттандырды» деп жазылған.

Бір құжатта Кіші жүзден Нұралы мен Ералы сұлтандардың, Орта жүзден Құлсары, Құлеке батырлардың, Найман руынан Қабанбай батырдың, Қанжығалы Қошқарбай батырдың, Керейден Қожаберген батырдың есімдері аталады.

Осы кітапта сол дәуірдегі Қазақ елінің Еуропамен арадағы сыртқы саясатына қатысты құжаттар жиі ұшырасады. Мәселен, бір жазбада «Абылай сұлтан Санкт-Петербургке төрт мәмілегерді, соның ішінде Құлеке мен Құлсары батырларды жөнелтті» деп жазылған.

Сондай-ақ, «Абылай-сұлтан генерал-майор Тевкелевпен жолығысқысы келеді және бұл кездесу Троицк қаласында өтуін, оған

Құлеке мен Құлсары батырлар да қатысуын қалайды» деген деректер бар.

Көнеден қалған бір тәмсіл бар: баланды алты жасқа дейін періштедей мәпеле, одан он алтыға дейін құлыңдай жұмса, он алтыдан кейін досыңдай сыйлас. Көреген Құлеке батыр да осы нақылды берік ұстануы тиіс. Сондықтан әкесі Құлеке батырдың қыр-сырын туған ұлы Тілеукеден (кейін атақты Шал ақын атанған) артық ешкім білмесе керек.

Шал ақын бабамыз әкесі қайтыс болғанда:

Құлеке жиырмада арқар еді,
Отызда – би, қырқында дарқан еді.
Кешегі гүлеп өткен Құлекенің
Алдынан орыс, қазақ тарқап еді,

– деп жырға қосқан.

Шал ақын перзенттік борышын адал ақтап, Құлеке батырды Есіл бойынан Бетпақ даланы көктей өтіп, бірнеше күн жол жүріп ардақты әкесінің өсиетін орындап, мәйітін киелі Түркістанға, Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жер қойнына тапсырған.

Асқар таудың төбесі алыс, етегі жақын, хас жақсының денесі алыс, атағы жақын дегендей, Құлеке батырдың денесі туған топырақтан жырақ жатса да, ұрпақтары батыр бабасын қошеметтеп, ардақ тұтады. Құлеке батырдың өмірден озғанына 260 жылға таяп қалды. Баһадұрды еске сақтау мақсатымен қазір «Сергеев» деп аталатын кентке Құлеке есімі берілсе, Есілдің жар қабағында батырдың ескерткіші қасқайып тұрса нұр үстіне нұр, ал байырғы қазақ жерін орыстікі деп көкіп, жармасушылардың аузына құм құюдың бірден-бір жолы болар еді.

«Батыр туған бабамнан жер қорғауды үйренгем,
Ару болған анамнан ар қорғауды үйренгем»,

– дейді біздің көреген халқымыз. Бүгінгі жастар, келешек ұрпақ атақты батырдан ғибрат алып өссін деп армандайық!

Хамит Біржанов,
Құлеке батырдың ұрпағы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Алматы қаласы Бостандық ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы

Батыр бабалар хақында

Тарихи зерттеулер. Қызылжар, 2006 жыл



Ғалым Қадіраліұлы, жазушы

Сонау 18 ғасырда өткен атақты бабаларымыз жайында сөз қозғайық. Есімдері аңызға айналған, ауыз әдебиетінде жыраулардың жыры болып жатталған, тарих жолында өшірілмейтін із қалдырған атақты бабаларымыз баршылық. Оларды білуге деген құштарлық күннен күнге артып келеді. Олар кімдер еді, қандай ерлік жасады, қайда жерленді деген сұрақтар өзінен-өзі туындауы сөзсіз.

Қазақ арасынан батырлардың көптеп шығуы екі ғасырға созылған жоңғарлардың жойқын соғысына жаппай қарсы тұрудың әсері болмақ. Тарихшылар бұны «Отан соғысы» деп атайды. Елді, жерді сақтау жолында қанды шайқасқа қылышы мен найзасын алып, сауытын киіп ер азамат атқа мінді, жан аямай соғысты. Солардың ішінде өз өңірімізден шыққан атақты батыр бабаларымыз; Жолдыбай, Жантелі, Меңдеке, Маңдай, Нарбота, Тілеке, Сарыбай, Қара Ерсайын, Сырымбет, Құдайберді, Бекболат (оның ұлы Елшібай), Бөкенбай, Өрмек, Манабай әр жерде аталып кетеді. Ал Азат, Шортай, Тышқан деген батырлар еш жерде жазылмаған, айтылмаған, бірақ ел аузында берік сақталған. Шал ақын ауданында Шортай, Тышқан деген ауылдар болған, ал Көкшетау темір жолының бойында Азат станциясы осы күнге дейін бар. Оған қоса Сарыбай мен Сырымбет деген елді мекендер де сақталған, бірақ ол екеуі біздің жердің батырларымен аталған ба, жоқ па, ол жағы әлі белгісіз.

Ал, біз Абылай сұлтанның Орта жүздегі сенімді серіктері, Атығай мен Карауыл, Керей мен Уақ руларынан шыққан атақты батырлар Құлсары, Құлеке, Баян, Жәпек, Қанай, Андықожа жөнінде біраз тарихи деректер табылғанына қуаныштымыз.

Атақты аталарымыздың, белгілі бабаларымыздың біразының мәйіттері Түркістандағы қасиетті Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде жерленген. Қасық қаны қалғанша елін, жерін сыртқы жаулардан қорғаған батыр да, әділ билігін жүргізген белгілі билер де, байлығы мол байлар да, салмақты сұлтандар да, қысқаша айтқанда, елдің бетке ұстар беделді басшылары өзінің ақтық демі таусыларда сүйегін осы қасиетті кесенеге апарып қоюды өсиет, аманат етеді екен. Әрине, ол өсиеттердің бәрі орындала бермейтіні шындық. Дегенмен, аталған кесененің маңынан 121 адамның зиратының құлпытастары табылған. Солардың ішінде біздің де батыр бабаларымыз табылып отыр. Олар:

1. Құлеке батыр Таңірбердіұлы, атақты Шал ақынның әкесі, руы Атығай, 1760 жылдары қайтыс болған.

2. Қанай батыр (би), руы Қойлы Атығай, 1672-1752 жылдары өмір сүрген. Бұл топырақта қазақ жұртының талай көрнекті ұлдары жатыр. Олардың көпшілігі төре тұқымдары – хандар.

Абылайдың Аңырақайдағы ерлігін бірнеше рет қайталаған, оның сенімді серігі, сүйікті батыры болған Баянды ел аңызға айналдырды. Орта жүзді жоңғарлардан азат етуге қатысқан ержүрек батыр, Шоқанның айтуы бойынша, 100 адамымен Қытай әскерін Түркістаннан қуып шыққан. Батыр Баян тарихи деректерде, әдеби шығармаларда орнықты орын алған атақты тұлға болып саналады. Соңғы кездері батырдың есімін мәңгі есте қалдыру жөніндегі игі істер де басталып кетті.

Құлеке батырдың ұлы Шал ақын бабамыз өзінің бірнеше өлеңдерінде жеті-сегіз жерлес батырларымыздың аттарын атап кетеді.

Абылайдың тұсында Құтпан болған,
Сөйлейін Баян, Қанай, Жолдыбайдан,
Құдай жақсы жаратқан нұр екіні айт,
Елде жақсы бар болса бір-екіні айт.
Атығайда төрт қасқа батыр өткен,
Жантелі, Жәпек, Құлеке, Тілекені айт.
Атығайдың басы екен Қара Ерсайын,
Көңілін бермес ол күнде батыр екен.
Әулиені айтсаң, Құлсарыны айт,
Батырды айтсаң, Құлекені айт.

Жәпек батыр мұрағаттарда сақталған құжаттардың әр жерінде кездесіп қалады. Қазақстан тарихында да жазылыпты. 18 ғасырдың

қырқыншы жылдары Галдан-Церен (Жоңғардың ханы) Абылайды қолға түсіреді. Бұл жерде екі пікір бар: бірі – Абылай ұйықтап жатқанда қолға түскен, екіншісі – Абылай аң аулап жүргенде ұсталады. Қалай болса да, Абылайды қолға түсіреді. Жоңғар ханының мақсаты Абылаймен жекпе-жекте өлген Шарыш батырдың өшін, Абылайдың басын алу. Абылай дегенмен осыдан құтылып кетеді. Осы кезде Жәпек батыр да Абылаймен қолға түседі, бірге құтылып шығады.

1742 жылы Әбілхайыр ханның тұсында үш жүздің батыр билері, ел басшылары Елизавета Петрқызына (патшайымына) ант беру рәсіміне қатысады. Ант беру қағазы (грамотасы) Орынбордан келеді, соған қатысушылардың әрқайсысы қолдарын қойып, мөрлерін (таңбаларын) басады. Ол қағаз қайтадан Орынборға жеткізіліп, арнаулы комиссияға тапсырылады. Бұл құжаттарды толтыру, түсіндіру, қол қойдыру, тапсыру хан кеңесшісі мен татар тілмаштарының жұмысы. Сол ант беру науқанына қатысқандардың аттары жазылған. Ұлы жүзден – 4 адам, Орта жүзден – 140 адам, Кіші жүзден – 34 адам қатысып қол қойған. Орта жүздің ішінде біздің өлкеден қатысқан бай-сұлтандар және Сырымбет, Назар, Шағырай, Баян, Олжабай, Құлсары, Бәйімбет, Барғана, Манабай, Құлеке сияқты батырлар болған.

Құлсары батыр, Құлеке батыр жөнінде ауыз толтырып айтар әңгіме баршылық. Себебі, мұрағаттарда ол екеуі жөніндегі деректер мол сақталған.

Әсіресе, 1740 жылдардан былайғы уақытта екеуі өмірінің соңына дейін бірге жүрген және үнемі Абылайдың қасында болған, әрі ақылшысы, әрі елшілік қызметтерін атқарған. Жоңғар шапқыншыларының беті қайтқаннан кейін (әлі де қауіп сөнген жоқ еді) қазақ елі екі алпауыттың – Ресей мен Қытайдың арасында қалды. Екеуі де елімізді бодандыққа алуды армандады, таласты. Абылай сұлтан екеуімен де келіссөз жүргізді, алдын-артын байқады, бірақ өзі барып оларға бас имеді, қатыспады, тек елшілері арқылы ғана немесе хатпен ғана хабарласқан.

Құлсары (би, әулие, батыр деп әр жерде әртүрлі жазылады) жасы жағынан Құлекеден үлкен. Деректерге қарағанда Құлсары орыстармен жақсы қарым-қатынаста болған көрінеді. Дау-жанжал, келіспеушілік жағдайын екі арада үйлестіруші – дәнекерлеуші, осы іскер Құлсары болған. Ал, Құлекені Абылай сұлтан үнемі ұрыс-керіс болған жерлерге, жылқы ұрлағандарды іздестіруге, жер дауына жұмсайды екен. Құлсары мен Құлекенің сөздері көбіне бір

жерден шығып отырған. Ол екеуі Абылай сұлтанның Қытаймен астыртын байланыс жасап жүргенін сезбеген, бірақ олар Қытаймен ымыраға келуге мүлде қарсы болған, оны үнемі ашық айтқан. Көпшілік жағдайда Абылай сұлтан Құлсары мен Құлекенің пікірлерімен санасып отырған көрінеді.

Бір құжатта XVIII ғ. қырқыншы жылдарының басында Құлсары мен Құлекені Орынбор губерниясының тапсырысы бойынша Троицк әскери бекінісінің басшылары шақырады. Әңгіменің басы жоңғарлар мен Абылай сұлтан арасында қақтығыс болуы мүмкін бе деген сауалдың төңірегінде өтеді. Сондағы Құлсары мен Құлеке батырлардың берген жауабы: «Жоңғарлар бұдан былай тиісе қоймас. Алда-жалда тиісе қалса, қазақтардың оған тойтарыс бере алатындай шамасы бар. Елін, жерін бұдан әрі де қорғай алады». Бұл пікірлерде негіз де жоқ емес. Ресей мен Қазақ хандығы шартқа отырып, ант берісті. Қазақтардың сүйенері де, қорғаушысы да мықты. Екінші келісілген мәселе: егер сырттан қазақтарға біреу шабуыл жасаса, соғыса қалса, онда олардың балалары мен әйелдері әскери бекіністерге паналайтын болады. Бұған да екі жақ қарсылық білдірмеді, келісті. Одан соңғы талқыланған мәселе жер және оны пайдалану жайында болған. Әр рудың өзіне тиісті жері бар. Олардың арасында талас-тартыс, бірін-бірі ығыстыру жиі кездесіп тұрады. Бірақ екі батырдың көтеріп отырған мәселесі ішкі қайшылық емес, әскери бекіністер арасындағы сызықтар маңы-шекара жиектері, өзендер қойнаулары, т.б. жерлерді қазақтардың әртүрлі мақсаттарда пайдалануы жайында болған. Қойылған мәселелер бірден шешілмегенімен кейінгі кезде шешімін табар деген үмітпен оралады батырлар бұл жолы.

Орыс бекіністерін басқарып отырған әскери басшылары, губерния адамдары Орта жүздің елшілерін жақсы қарсы алып отырса да, Абылай сұлтанның келіссөзге тікелей араласпауы, шақырғанға келмеуі алаңдатады, оларда аз да болса күдік туғызғаны сезіледі. Орта жүз қазақтары (басқа елдер сияқты) жаз жайлауда, қыс қыстауда, көшіп қонып жүрген. Жоңғарлар қырғыны басылса да шауып, атып-тартып кету, малды айдап әкету, ұрлық, зорлық-зомбылық басылмайды. Оған қырғыздар да, башқұрттар да, шекарадағы орыстар да кінәлі. Абылай сұлтан шекара басшыларына осындай кереңсіз жайттарды хабарлап, талай шағымданған болатын. Ол талай істі тындырып, шамасынша жоғалған мал бастарын қайтарып алып отырған.

Абылайдың келесі хаттарында шекарада Есіл мен Ертіс қойнауларында мал жайылымдарын пайдалану үшін рұқсат сұрап, егін егу, балық аулау, т. б. шаруашылықтармен айналысу жөнінде көмек беруді сұрайды, яғни құрал-сайман мен басқа жабдықтар беруді өтінеді. Ол үшін ауыл шаруашылығын жақсы білетін 10 адамды жіберуді сұрайды. Олар жергілікті халықты кәсіпкерлікке үйретуі қажет. Қазақ жерінде беделі үстем болып тұрған Абылайды шеттетпеу үшін оның хаттарына дұрыс жауап беріп, оған дүркін-дүркін генерал-губернатордан құттықтау хаттар мен сыйлықтар келіп тұрған. Мұндай сыйлықтардан Құлсары мен Құлеке де құр қалмапты. Бірде Абылай сұлтан Ресей орденімен марапатталады, бірақ оны Орынборға барып алудан бас тартады.

Бір жылы Орта жүзде құрғақшылық болып, малдардың қырылып қалу қаупі туады. Осыған орай Абылай сұлтан орыстардан тағы көмек сұрайды. Онысы малдарды аман сақтап қалу үшін қысқа жем-шөп дайындау, өзен мен көлдердің жиегіне малдарды оттату, шекара сызықтарынан әрлі-берлі еркін өткізу, қажет болса арғы бетте қыстап та қалу еді. Егер бұған орыс бекініс-бекеттері көнбесе, онда үлкен қақтығыстарға баратындығын да ескертеді Абылай сұлтан. Құлеке батыр орыс әскери бекініс басшыларымен келіссөз жүргізіп, бір ымыраға келіп, мәселе оңынан шешіліп отырған. Нәтижесінде Құлсары батырдың алты мың жылқысы мен отызға тарта жылқышысы әулие Петр бекінісінен әрлі-берлі тоқтаусыз өтетін болады. Қыстауларда үй салғызу (Құлсарының ұсынысы) мәселесі де шешіледі, бірақ ол үйлер орыс бекіністері аралығындағы сызықтарға жақын салынатын болсын деген талап қойылады. Сөйтіп, шекара маңындағы қазақтардың қонысы салына бастайды. Ресей патшалығы қазақтарға қамқорлығының куәсі ретінде бос жатқан жерлерді пайдалану, жайылымды кеңейту, тұрақты үйлер, мал қораларын салу жөнінде шешім қабылдайды. Қыста қысылмай тұру үшін мал-жанға баспана керек деп алғаш айтқан Құлсары болатын өзінің қартайған шағында.

Ертіс бекінісінің басшылары Абылайға, Құлсарыға, Құлекеге үлкен сенім білдіреді, шекарада жоғалған жылқыларды іздестіру, шекаралық қақтығыстарды реттеу, халықтың арасындағы келіспеушілікті болдырмау осы үшеуіне тапсырылады. Өйткені бұл үшеуінің атағы жалғыз Орта жүзге емес, бүкіл Ресейге де тараған еді. Соның нәтижесінде Ертіс өзенінің жоғарғы бөлігін Орта жүздіктер кең пайдаланды. Сол сенімнің арқасында Құлсары мен Құлеке әрқайсысы әр кез 100 рубль көлемінде ақшалай сыйлық,

құнды заттар алып тұрған. Ал, Абылайға берген сыйлықтар ерекше: 300 рубль және бағалы қымбат заттар мен бидай өнімдері оған Ресейден келіп тұрған.

Абылай сұлтанның тұрақты қонысы кәзіргі Көкшетау қаласының аймағы, Құлеке батырдың жері Иман-борлық пен Аютас аралығы, Құлсары батырдың орналасқан жері шекара бекетіне жақын, бүгінгі Қызылжар маңы болыпты.

Әңгімеміздің басында Құлеке, Андықожа, Қанай, Баян батырлардың мәйіті қайда жатқанын айтып кеттік. Ал, Құлсары батыр жөнінде тағы не айтуға болады? Құлсары тарихта болған адам. Ол жөнінде Ресей мұрағаттарында сақталған дүние көп. Кей жерлерде оны батыр, кейде елші, тіпті әулие деген де жазылыпты. Орыстар оны және Құлеке батырды старшина деп атаған көрінеді. Құлсары мен Құлеке арғы аталары бір (атығайлықтар) туыс адамдар және түрлі жорықтарда, елшілікте бірге жүрген адамдар.

Қытайлықтарды тілі, діні, пиғылы бөлек деп жек көрген, орыстармен әрқашан тіл табысып үнемі ымыраға келіп отырған адамдар. Он сегізінші ғасырдың алпысыншы жылдарында Құлсары қартаяды. Өзінің Құлбақы деген үлкен ұлына орыстармен жақын бол, қазақтар үшін бұл пайдалы деп өсиет айтып кеткен.

Құлсары әулие қайда жерленген? Облысымыздың Есіл ауданындағы Бұлақ ауылы мен Жалғыз таудың арасындағы бір биік дөңнің басында батырдың зираты жатыр.

Осыдан отыз жыл бұрын Қалиасқар деген ақсақал өзінің көзі тірісінде әулие атасының басына құлпытас орнатып, зиратын қоршатыпты, ас беріпті.

Осы төңіректің адамдары әулиенің басына барып, бата жасап, құран оқытып, кейбірі басына түнеп те қайтады екен.

Құлеке нағыз ержүрек батыр, батыл адам болса, Құлсарының батырлығынан ақылдылығы асқан әулие адам, осындай батыр, әулие бабаларымызды еске алып, олардың есімдерін мәңгі есте сақтау жөнінде қолдан келген игі істерді атқару біздердің еншімізге тиіп отыр. Оған жол ашылды, еліміздің мүмкіндігі де бар, сеніміміз де мол.

Ұлылардың бесігі

«Солтүстік Қазақстан». 26 мамыр, 2008 жыл



Жарасбай Сүлейменов,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

«Сауырынан су төгілмес боз жорға», жыр жүйрігі – Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы) Ақмола облысының аумағындағы Азат станциясы төңірегінде өмірге келді деген сөз бар да, оны дәлелдейтін, қағазға түскен дерек, дәйек жоқ. Сол сияқты, ақынның ес біліп, есейгеннен кейінгі бүкіл ғұмыры өткен Есіл өңіріне де табаны қашан тигені белгісіз. «... Құлсары мен Құлеке батырлар Есіл өзенінің бойында, Ресей қорғандарына таяу жерде көшіп жүр» («Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках». Алматы, 1961, 633 б.). Ресей мұрағатынан алынған осы дерек 1761 жылдың 19 қарашасында қағазға түсірілген. Жалпы, зерттеушілер анықтағанындай, Құлеке есімі Орта жүз хандығы, Абылай әкімшілігі Ресеймен алмасқан қатынас қағаздарда, басқа да ресми құжаттарда 12 рет аталады. Осының өзі-ақ, Шал ақынның әкесі – Құлеке батырдың өз заманында атақты, беделді адам болғанын айғақтайды.

Бертінге дейін Шал ақынның жоқтаушысы болмағандықтан ба екен, оның өміріне қатысты көптеген жайлар адамдардың жадынан өшіріліп, көмескіленіп қалған. Сондықтан да қазір оларды нақты анықтау қиын, мүмкін де емес. Мәселен, Мұхтар Мағауин «Шалдың шешесі – «Ұлы жүзде ханнан кем қадірленбеген» атақты Үйсін Төле бидің қызы екен», – деп жазады. (М. Мағауин. «Қобыз сарыны». Алматы, 1968. 100 б.). Бұл қайдан шыққан сөз? Мұрағат деректерімен жұмыс істеу тәртібін жақсы білетін ғалым-жазушының өзі айтып отырған жайға оқырманның көзін жеткізуге ұмтылмауы ойға қалдырады, күмәнға жетелейді. Соған қарамастан, Шал ақын тақырыбына қалам тартып жүргендер ешқандай сілтемесіз М. Мағауиннің айтқаның қайталаумен келеді.

Сонымен, Шал ақын қай жылы туған? Оның өмірі мен шығармашылығына басқалардан бұрын ден қойып, артына қалдырған мол мұрасының халық игілігіне айналуына жол ашқан белгілі жазушы Мұхтар Мағауин өзінің «Қобыз сарыны» деп аталатын еңбегінде: «Біз Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы) 1748 жылы туып, 1819 жылы өлген деп санаймыз», – деп жазады. Алайда, бұл тұжырыммен ғалым Ғали Әбетовтың келіскісі жоқ. Ол белгілі ақын жерлесіміз Ғалым Малдыбаевтың 1958 жылғы қарашаның 28-де «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Шал ақын кім?» деп аталатын мақаласын негізге ала отырып, «Шал 1760 жылы туып, 1831 жылы «тақыр қоянда» дүние салған» («Шал ақын Құлекеұлы». Алматы. 1999, 207 б.) деген ойдың ұшығын шығарады. Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс? Бұл арада дөп басып, төрелік айту қиын. Дегенмен, қолда бар деректерді пайдалана отырып, ой өрбітуге болады. Ғали Әбетов: «Негізінде Ғ. Малдыбаев көрсеткен мерзімді ұстанған жөн. Өйткені, Ғ. Малдыбаев бұл деректі Шал ақынмен аталас ағайындарының қазіргі көзі тірілерінің айтуы, анықтау бойынша жариялап отыр», – деп одан әрі тереңдемесе, Мұхтар Мағауин: «Егер Шал шынымен 1760 жылы дүниеге келіп, 1831 жылы опат тапты десек, Абылай (1710-1781) көз жұмғанда ол 21 жаста, және Шоқан туардан төрт-ақ жыл бұрын қайтқан. Олай болса, Шоқанның Шалды Абылай ханның замандасы деуі жөнге келіңкірейтін еді. Шоқан Шал құрастырған үлкен шежіре-жырдың ұмытылып бара жатқандығын айтады... Шоқан үшін Шал өзі туардан төрт-бес-ақ жыл бұрын өлген адам емес, ертеректе жасаған ақын. Ал Шоқанның бұл ретте қателесуі мүмкін емес еді: Шал шыққан ауыл да Шоқан ауылы дерлік, ақын мекені Алқа-Ағаш, Қаратал-Сырымбеттен 40-50 шақырымдай-ақ жер» («Қобыз сарыны». Алматы. 1968, 102 б.)», – деп нақты деректерге жүгінеді.

Шал ақынның өзі:

Алпыс бір мүшел келді мерттей болып.
Өтпедің сол мүшелден серттей болып,

– деп әкесі Құлекенің 61 жасында өмірден озғанын айтады. Бұл қай жылы еді дегенге келсек, зерттеушілер 1765 жылды жиі ауызға алады. Өйткені, жоғарыда өзіміз келтірген Ресейде сақталған құжаттарда 1765 жылдың қаңтарынан бергі кезеңдерде Құлекенің есімі аталмайды. «Абылайдың үлкен ұлы Уәли сұлтанның 1781 жылы әкесінің қайтыс болғаны турасында шекара приказына

жазған ресми хатында сол кезде ордада қызмет көрсетіп жүрген сұлтандардың, би-батырлардың бастылары түгелдей аталады. Мысалы, солардың ішінде Атығай руынан Сары-қазақ (Жәпек батыр) бар, ал Құлсары мен Құлеке батырлар жайында ешбір сөз жоқ». («Шал ақын Құлекеұлы». Алматы. 1999, 215 б.). Осы арада сәл тізгін тартып, ойға құрық жалғасақ, екі түрлі жорамал жасауға болады. Біріншісі – Құлеке 1765 жылдан кейін, тіпті 1770 жылдары қайтыс болды дегеннің өзінде, әлі онға толмаған баланың жұрт алдында шығып жоқтау айтқанына, сол сөздердің ұрпақтың жадында жатталып қалғанына сену қиын. Демек, Шал ақын 1748 жылы туды деген М. Мағауиннің сөзі қисынға көбірек келетін сияқты.

Құлеке мен Құлсарының жаназасында болмауын олардың өлімінен басқа мына бір жаймен де түсіндіре кету жөн. Бұл екеуі де Ресей шекара приказдарының өкілдерімен жақсы қатынаста болған, оларға адал қызмет еткен. Сондықтан олар беделді, сол төңіректегі «ең сенімді, игі ниетті адамдар» («Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках». Алматы. 1961, 633 б.) ретінде есептелген. Орыстар олардың сұраған заттарын қайтармай беріп отырған, тіпті олар арнайы сыйлық беруге де татитын адамдар екені жайында да атап айтылады. Сыртқы істер коллегиясының Орынбор губернаторы А. Давыдовқа арнайы жарлықпен Құлеке батырмен жақсы қатынаста тұру керектігін, оған лайықты сый көрсетілуі қажеттігін ескертіуі, міне, осының дәлелі.

Ал, Абылайдың Ресеймен қарым-қатынасы тұрақты болмағаны тарихтан белгілі. Абылай хан өмірін жан-жақты, терең зерттеген ғалымдардың бірі, тарих ғылымының докторы Қ. Қ. Әбуев осы жайында өзінің 2006 жылы «Елорда» баспасынан шыққан «Қазақстан: тарих және тағылым» деген еңбегінде былай деп жазады: «1771 жылы Әбілмамбет хан дүние салуына байлыныстыдәстүр бойынша оның балаларының бірі хан сайлануы тиісті еді. Алайда, үш жүздің өкілдері жиналып, бүкіл қазақтың ханы етіп Абылайды сайлайды... Ал патша үкіметі болса онымен келіспейтінін білдірді. Өйткені, қазақты жаулап алудың отарлық саясатын ғана көздеген ол хандық билігінің нығаюына, үш жүздің басы бірігуіне қайткенде жол бермеуге күш салған-ды... Сондықтан болар, Ресей патшасы II Екатерина Абылайдың оған арнайы жазған хатында келтірілген деректерге құлақ аспады... Абылайдың өз еркімен елінің бірлестігін, дербестігін сақтаудан тайынбайтынына көзі жеткен Ресей үкіметі оны қайтсе де өз ықпалына көндіру шараларын қарастырды».

Осындай текетіреске орыс ғалымы, шығыстанушы А. И. Левшин де назар аударған. «Абылайдың бұл қылығына ыза болған Ресей үкіметі оған ақы төлеуді тоқтатып, оны кемсіту үшін кез келген бір сұлтанды көтермелеп, оған қарсы қоюды ұйғарған, – деп жазады ол. – Онымен қоймай, Абылайды тұтқындап, ішкі бір губерниясына жер аударуды да ойластырған» («XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастары. Құжаттар мен материалдар жинағы». 2 т. Алматы. 1964. 585 б.).

Осындай қарсылықтарға қарамастан Абылай өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес жүргізуге ұмтылса, Ресей билеушілерінің қолтығына кіріп алған Құлеке мен Құлсарының іс-әрекеттеріне кешіріммен қарап, өзіне жақын тартуы мүмкін бе? Жалпы, Абылай аса маңызды шешім қабылдарда өзінің жанындағы билер мен батырларды жинап, ақылдасып отырған. Алайда, олардың арасында Құлеке, Тілеке есімдері аталмайды. Демек, осы бір аласапыран заманда оның орыстарға тым «жақындасып» кеткен Құлеке мен Құлсарыдан іргесін аулақ салуы да мүмкін ғой.

Ақтабан шұбырындыдан кейін Есілді бойлай қоныстанбақ болған Бәйімбет, Құдайберді тайпалары осы жерге орныгып қалған естектердің қатты қарсылығына тап болады. Осындай кескілескен ұрыстардың бірінде Құлекенің ағасы Тілеке мерт болады.

Сарбұлақ, Шуда менен Бағанаты
Естектің батыры екен шыққан аты,
Соғысып, сойылдасып берілместен
Белдеуден босанбапты байлаулы аты.
Тілеке сол ұрыста қаза тапты,
Құлеке ашуменен ерттеді атты.
Өлтіріп Бағанаты, Сарбұлақты,
Ағасы Тілекенің кегін апты.

Осы жолдардың авторы, есімі солтүстікқазақстандықтарға жақсы таныс ақын Ахметжан Нұртазиннің айтуынша, бұл оқиға шамамен 1760 жылдары болған. Егер Шал ақын нақ осы жылы туды десек, онда ол Абылаймен замандас бола алмайды. Демек, М. Мағауиннің Шал XVIII ғасырдың орта шеніңде туған деп шамалуы біршама шындыққа жанасады. Осымен бұл әңгімені доғара тұрып, Шалдың туған жері деп саналатын Аютастың тарихына көшсек, бұл жайында ел арасына тараған аңыз-әңгіме көп.

Оның шет жағасын алғаш рет ұзақ жылдар бойы қазіргі Шал ақын ауданындағы Балуан сегізжылдық мектебінде директор болған, зейнет демалысына шыққаннан кейін Алматыға көшіп, орталық кітапхананың сирек қолжазбалар бөлімінде қызмет істеген бірнеше кітаптың авторы, ұстазым Сейтен Лиманұлы Сауытбековтың аузынан естігенім есімде. Секең өте балажан, жаңашыл ұстаз еді. «Сегіз қырлы, бір сырлының» нағыз өзі: өлең жазады, сурет салады, мектептегі көрнекі құралдардың бәрін өзі жасаған. Ол кісінің беделі ауылда ғана емес, ауданда, облыста да өте жоғары болды. Сәбит Мұқанов елге келген сайын біздің ауылға соқпай кетпейтін. Сонда ат басын тірейтіні Секең үйі. Міне, осы Секең 1962 жылы жазғы демалыстың алдында бізді, жетінші, сегізінші сыныптың оқушыларын, сапқа тұрғызып: «Екі аптадан кейін Есіл өңіріндегі ауылдарға саяхатқа шығамыз, концерт қоямыз, спорттық жарыстар өткіземіз, дайындалыңдар», – деді. Бұрын-соңды мұндай шара ұйымдастырылмағандықтан, саяхатқа шығар күнді асыға күттік. Бір аптаның ішінде Жалтырда, Чапайда, Жаңажолда, Жаңаталапта болып, сапарымыздың соңғы күні Қараталға соқтық. Әдетте, барған жерде күндіз жергілікті мектептің оқушыларымен жүгіруден, ұзындыққа, биіктікке секіруден сайысқа түсеміз де, кешке ауыл клубында концерт қоямыз. Жүгіруде қазір белгілі журналист, ақын Тоқтар Зікірин алдына жан салмаса, сол жылы сегізінші сыныпқа көшкен Қалдық Бегенов сиқыр жасап, жиналғандарды таңғалдыратын. Оның құпиясының мәні мынада: үстелдің үстінде тұрған шағын жәшікті ашқан сайын ішінен не көгершін, не мысық, не қоян шығады. Жұрт көргендеріне мәз, олар дуылдата қол соққан сайын Қалдықтың да танауы таңқия түседі.

Сол күні Қараталда қонып қалдық та, ертеңіне таңмен таласа жолға шықтық. Бағытымыз – аудан орталығы Марьевка.

– Бүгін Аютасты көресіңдер, – деді директорымыз.

Сол-ақ екен, бәріміз шулап қоя бердік:

– Аютас?! Аю тас болып қатып қалған ба?!

– Ол жерде аюлар бар ма?

– Бізді жеп қоймай ма?

Секең алдымызда үнсіз, күлімсіреген күйі кең адымдап келеді.

– Қазір бәрін өздерің көресіңдер.

Біздің ауылдың маңайы қайың-терегі ұйысқан қалың орманымен, жұпар исі аңқыған гүлдерімен ерекшеленсе, бұл өңірдің кейпі өзгешелеу сияқты. Әсіресе, Есілдің жарқабағындағы «үйдей-үйдей» тастар бізге таңсық.

– Міне, Аютасқа да келіп қалдық, осы арада аздап демалып алайық, – деді директор сәлден соң.

Балалар тағы да шуылдасып кетті:

– Ешқандай аю көріп тұрған жоқпын, – дейді бізден ересектеу Сайлау қуақыланып.

– Көрдім, көрдім, әне, дәу де болса, анау алып тас аумаған аю емес пе?!

– Қайдағы аю, сіздің үйдегі Құтжолға да келмейді, – деп Бекен балаларды бір күлдіріп алды.

Сегізінші сыныпта оқитын Асқар ғана сабырлы: жазғы демалысының біраз бөлігін осы жақтағы нағашыларында өткізетін оған Есілің де, тау-тасың да таңсық емес.

– Ағай, Аютас деген сөз қайдан шыққан? – деді ол жұрттың назарын өзіне аударып.

– Сәл шыдасаңдар, қазір бәрін айтамын,- деп Сейтен ағай бізді үңірейген аузына қарағанда ішіне бір отар қой сыйып кететіндей үңгірге қарай бастады.

– Осы маңайды жергілікті тұрғындар Аютас деп атайды. Ерте заманда осы өңірде Өтеу дейтін сіңірі шыққан бір тақыр кедей өмір сүріпті. Сол байғұс бірде соқыр әйелін жетелеп қаңғалақтап жүріп, осы маңайға келіп қалады. Бейшаралар әбден шаршаған ғой, тыныстап алмақ болып тізе бүгеді. Сол кезде мына үңгірден ақырып атып шыққан аю әлгі екеуін бас салып, парша-паршасын шығарады. Ертеңіне оларды осы маңайдан өтіп бара жатқан жылқышылар тауып алады. Содан жайсыз хабар осы өңірді жайлайтын Құлеке батырдың ауылына жетеді. Сол-ақ екен, көптен найзасын қолына алмаған батыр төрт қаруын асынып, «аюдын апаның көрсетіңдер» деп жылқышылардың соңынан ереді.

Адам етіне дәндеген аю бөтен иісті тез сезіп, сыртқа атылады. Осы кезде Құлеке оны найзасымен түйремек болады. Аюдың да айбаты күшті болса керек, алдыңғы аяғымен салып қалып, найзаны қақ бөледі. Ол ол ма, батырдың санына тырнағын батырып та үлгереді. Бірақ, оған болайын деп тұрған Құлеке бар ма, жан-дәрмен қимылдап, аюды алып ұрып, найзасын жүрек тұсына сүңгітіпті.

– Содан кейін не болыпты?!

– Не болушы еді, аю өкіріп-бақырып құлайды, содан кейін батыр жігіттеріне аюдын терісін сыпыртып алады да, үңгірде қалған екі күшігін тұмылдырықтап, ауылға алып келеді.

Осы әңгіме сол кезде маған да, басқа балаларға да аса әсер ете қоймады білем, бәріміз Құлекені де, аюды да тез ұмытып, суға қа-

рай жүгірдік. Мен Сейтен ағайдың әңгіме, өлең жазатының білуші едім, әсіресе, ертегілері «Балдырған» журналында жиі жарияланатын. Мүмкін, сол көп ертегінің бірі сияқты да көрінген шығар, әйтеуір Қамбар батырды, Ертарғынды жаттап өскен бізді Құлекенің ерлігі қызықтыра қоймағаны анық. Кейін Алматыға көшіп кеткен Секең бір кездескенде «Жазушы» баспасынан шыққан «Аютас» деп аталатын ертегілер жинағын сыйлады. Кітапқа бізге айтқан әңгімесін де енгізіпті.

Арада біраз жылдар өтті. Өмір ағысы бәрімізді жан-жаққа алып кетті: Асқар мен Таңсық - Алматы медицина институтының студенттері. Қалдық эстрадалық-цирк училищесінде оқиды, Тоқтар мен Бекен Қарағандыда... Мен болсам, әскери борышымды өтеп келгеннен кейін бірден облыстық «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газетіне кіші әдеби қызметкер болып қызметке орналастым. Студент кезінен өлең жазуға машықтана бастаған Тоқтар да Қарағанды кооператив институтын тәмамдағанымен, сауда саласында көп істеген жоқ, өзі сұранып газетке келді. Ол-Сергеевкада меншікті тілші, мен қаладамын, әйтеуір, күн сайын дерлік хабарласып тұрамыз. Бір күні Тоқтар телефон шалып: «Сен очерк жазып жүресің ғой, керемет бір кейіпкер таптым, келіп кетсейші», – деді. Қазақ КСР-нің 60-жылдығы қарсаңында көлемді бір материал жазсам ба деп жүруші едім, бірден келісе кеттім. Іс-сапарға барамын дегеніме басшылар да қарсы болған жоқ, сөйтіп, өзімнің туған ауданым Сергеевкаға бет алдым. Бұл 1980 жылдың шілде айы болатын.

Аудан орталығы – Сергеевка бұл кезде он мыңдай тұрғыны бар, Солтүстік Қазақстан облысындағы Петропавлдан кейінгі екінші қала болатын. Тұрғындардың дені сияқты Тоқтар да апасы екеуі көп қабатты үйде тұрады. Үш бөлмелі жайлы пәтер. Жас кезіміз ғой, шаршау деген жоқ, жуынып-шайынып алғаннан кейін, енді не тұрыс дегендей Тоқтарға қарадым.

– Орман шаруашылығында Қошан деген қария тұрады, өзінің білмейтіні жоқ, дейді.

– Онда ерте күнді кеш қылмай барайық.

– Үлкен кісі ғой, салып ұрып жетіп барсақ, баласынып қалуы мүмкін, кеше орман шаруашылығының директоры Қабыкеш Шәріповке хабарласқам, сол кісі апаратын болды, қазір келуге тиіс, – деді Тоқтар.

Айтқандай, көп күттірмей Қабыкеш ағамыз да келіп жетті. Орта жасқа келіп қалған қара торы өнді кісі екен, өте сабырлы көрінді.

– Қошекеңе түстен кейін барамыз, қазір Алқаағашқа соға кетейік, - деді.

Бізде қарсылық жоқ, қайда апарса да ризамыз, оның үстіне Алқаағашта Тоқтардың нағашылары тұрады.

Ол кезде машина деген тапшы, бес кісілік «ГАЗ-69» машинасына отырғанда кәдімгідей төбеміз көкке жеткендей болып қалдық.

Қабекең: «Тура жолмен барамыз, – деп Ыбыраев аулының тұсына келгенде солға бұрылды. – Осы арадан Алқаағаш жиырма шақырымдай ғана». Машина шоқ-шоқ ормандардың арасымен зымырап келеді. Көк майса көмкерген төңірек ерекше құлпырып, көздің жауын алады.

Тамылжып Алқаағаштың атырабы,
Алдыңнан көркем сурет ашылады.
Құлпырып гүл-бәйшешек жұпар бүркіп,
Жаныңды рахатқа батырады.

– Өзіңіз ақын екенсіз ғой?!

– Маған ақындық қайдан келсін, бұл Ахметжан ағамыздың өлеңі ғой, осы маңайдағылардың бала-шағасына дейін біледі.

Ахметжан Нұртазин – елге белгілі азамат, ол да көп жыл орман шаруашылығында қызмет істеген, бірнеше кітабі бар, әсіресе, жұрт оны айтыс ақыны ретінде жақсы таниды.

– Шежіре адам еді, өмірден ерте кетті ғой, - деп Қабекен мұңайып қалды.

Біз келгенде Қошекең үйде, кереуетінің үстінде отыр екен. Аққұба өңді, көркем кісі екен, мұрты мен сақалы өзіне жарасып тұр. Сол кезі жасы жетпістің үстіне еркін шыққан-ау деп қалдым.

Қол беріп амандастық. Сәлемімізді алғаннан кейін «Бұлар қай балалар?» дегендей Қабекешке қарады.

– Өзіңізге айтып едім ғой, екеуі де газетте істейді, – деді орманшы жігіт.

Енді Қошекен құлағым сіздерде дегендей бізге қарады. Манадан кіре беріс оң жақтағы кілемнің үстінде қатар-қатар тізілген саятшының саймандарынан көз ала алмай отырғанымызды байқаса керек:

– Бергі шеткісі томаға, одан кейінгі балақ бау, балдақ, тұғыр, – деп түсіндіре бастады. Әйтеуір, бұрын біз көрмеген дүниелер.

– Жас кезіңізде бүркіт ұстадыңыз ба? - деді Тоқтар.

– Жас кезде ондай мүмкіндік болған жоқ. Жігіттік шақ ақ пен қызылдың аласапыранына түспа-тұс келді, одан кейін де тұрмыс түзеліп кете қойған жоқ. Қалада тұрған кезде қан қысымым көтеріліп, дәрігерлер бір тыныш жерге көшуге кеңес берді. Одан бері де қырық жыл өте шығыпты. Біз не көрмеді дейсіңдер, - ақсақал ойланып қалды.

– Қошекең атақты Шал ақынның ұрпағы, - деді манадан қою шайды сораптап отырған Қабекең осы арада әңгімеге араласып.

Шал ақын? Бізге онша таныс есім емес, елең ете қалдық. Тоқтар да біле бермейді, білем, үнсіз. Әңгімені Қошекеңнің өзі жалғастырды:

– Біз Құлеке батырдың ұрпағымыз. Үлкендердің айтуларына қарағанда, оның Қазақбай, Тілеуке, Бәбек, Шардақ, Жүсіп деген алты ұлы болыпты. Біз Қазақбайдан тараймыз, менің әкем Жантілеу оған шөбере болып келеді. Шалдың ата-анасы азан шақыртып қойғызған аты Тілеуке.

– Неге Шал деп қойды екен?

– Ол кезде жазу-сызу жағы шамалы болды ғой, әркім әртүрлі айтады. Соның бәрін кезінде керек қылдық па, әйтпесе, біздің үйге бертінде Үкілі Ыбырай, Тырбидың Молдахметі сияқты әнші-жыршылар соғып жүрді. Әкей өнерге жақын адам еді. Бір естігенім – Тілеуке өте зерек, ақылды болып өсіпті, үлкендерше ойлап, үлкендерше сөйлейді екен. Екінші бір әңгіме – оған бұл атты, қайын атамыз атын атамаймыз деп жеңгелері қойыпты. Өйткені, Құлекенің Тілеке ағасы болыпты. Қалай десек те: Шал бабамыздың бойындағы қасиетіне орай қойылған ат болуы керек.

– Сіз білетін осы әңгімелерді бұрын еш жерде кездестірген жоқпыз.

– Ол рас, өзіміз де ұмыта бастағандай едік, ана жылдары Алматыдан Мұхтар Мағауин деген жазушы келіп, екі-үш күн жатып кетті. Соған кезінде жаттап алған жиырма шақты өлеңді айтып бердім. Өзі де көп біледі екен. Әсіресе, мені Құлекеге қатысты әңгімелері қатты қызықтырды.

– Шал ақынның туған, қайтқан жылдары туралы не білесіз?

– Өзіміз білетін жырларынан оған ілгешек боларлық ештеңе кездестірмедім. Зерттеушілер бабаларымыз осы өңірге Ақтабан шұбырындыдан кейін табан тіреді дейтін көрінеді. Менің жобалауымша, бұл сол 1760 жылдардың шамасы болуы керек. Бұл Шал ақындығымен таныла бастаған кез. Олай болса, Шал сол 1740-1750 жылдардың аралығында дүниеге келді деу жөн сияқты. Мұхтардың

айтуына қарағанда, 1740 жылы Әбілмамбет хан, Абылай сұлтан бастаған Орта жүздің біраз билері мен батырлары Ресей патшасының қол астына өз еріктерімен енетіндері жөніңде ант беру үшін Орыңборға барады. Екі жақ өзара қарым-қатынас мәселелерін он күндей талқылайды. Содан қыркүйектің бірі күні патшаның өкілі генерал-лейтенант В. Урусов қазақ жағынан келгендерге сыйлық таратады. Сонда Тілеке батырға темір сауыт тиіпті. Ал Құлеке ант беруге кейін барған. Кейінгі құжаттарда Тілекенің аты кездеспейді, сірә, ол естектермен шайқаста қаза тапты деген сөз шын болуы керек. Ал, қайтқан жылына келсек, «Кәрілік» деген өлеңінде бәрін өзі айтып тұрғандай, алпысынды да, жетпісінді де көргені байқалады.

– Шалдың зираты қайда?

– Өздерің білетін шығарсыңдар, бұрынғы аудан орталығы – Марьевканың күншығыс жақ бетінде үлкен зират болған, сонда қойылса керек. Бірақ, басында белгі жоқ.

– Бірақ, осы күнге дейін аты неге аталмай келген?
– Оның көптеген себептері болуы мүмкін.
«Бәйгеден келе бермес малдың бәрі,
Қатарға ене бермес жанның бәрі»,

– деп бабамыздың өзі жырлағандай, есімі ұмыт болған асылдар аз емес қой. Мен Шал ақынның ұрпағынан алыстатқан бірінші жай – оның дінге көзқарасы ма деймін.

Жаратты Мекке менен Мәдинаны,
Жаратты имам дұға шын дунияны...
Жаратып он сегіз мың ғалам етті,
Бірісін ғалым, бірісін надан етті...
Құранда уассамаһи дастан болар,
Аллаға құлшылығы жаққан құлға,
Есігі сегіз жұмақ бостан болар.
Құранда уассамаһи уәл арузы,
Алланың пендесіне көп қарызы,
Жігіттер, ораза ұста, намаз оқы,
Ғарасат майданы бар, тергеледі...

Міне, осы жолдар ақын атамыздың діни сенімінің беріктігін айғақтайды. Олай болса, оның кеңестік саясаттың шекпеніне сыймағаны анық.

Қошекең үйін ауылдың шетіне орманның ығына өзі салдырған екен. Шайдан кейін есік алдына шығып, көкмайсаға жайғастық.

– Қазақтың қай жері болсын қасиетті ғой. Бабаларымыздың қаны мен тері сіңген бұл жер де талай оқиғаларға куә болған, – деді Қошекең.

– Ата, Құлеке мен Тілекеден тараған сізден басқа кім бар?

– Бар ғой, бар... Алқаағаш, Қараталды айтпағанның өзінде, қатар жатқан осы екі ауданда біраз адам тұрады.

Біз Қошекеңмен қимай қоштастық. Қарттың кеудесі алтын сандық екен, жаңылмай сөйлейді. Үкілі Ыбырыйды еске алғанда екі көзі тіпті жайнап кетеді. Бұл енді бөлек әңгіме.

Батыр бабалар ерлігі үлгі болуға тиіс



Жангелді Тажин

Абылайханның сенімді серігі, қазақ халқының басынан өткен қилы заманда рында жерін жаудан қорғаған, елдігін сақтап қалуға өз үлесін қосқан Құлеке батырға арналған конференцияға қатысқаныма қуаныштымын. Қазіргі заманғы технология мүмкіндігіне сәйкес конференция Zoom платформасының көмегімен өтті. Конференцияда Құлеке Тәңірберді ұлының ұрпағы, жерлесіміз академик Аманжол Қошанов, Астанадан тарих ғылымдарының докторы Абай Тасболатов, Манаш Қозыбаев атындағы жергілікті университеттің профессоры Зарқын Тайшыбай сынды айтулы азаматтармен бірге батыр бабамыз туралы ой бөліскенім мен үшін үлкен мәртебе.

Академик ағамыздың тарихи құжаттар негізінде өз бабасы туралы баяндамасы өз заманының мемлекеттік деңгейдегі қайраткері болған Құлеке батырдың өз халқының, елі мен жерінің дербестігін сақтап қалу жолындағы сан қилы ерлігі мен еңбегі, мемлекеттер арасындағы мәмлегерлік қызметі туралы мол мағлұматтар берілді. Соңғы жылдары жерлесіміз Абай Бөлекбайұлы қазақ батырлары туралы көлемді еңбектер жазып, жинақтар шығарып жүргенін білеміз. Конференцияға әр аймақтан қатысқан 200-ден астам тыңдаушыға генерал-лейтенант жерлесіміздің бөліскен ойлары ауқымды, тағылымы мол болды.

Абылай хан және оның сенімді серіктері болған Құлеке мен Құлсары батырлар туралы Ресей мемлекеттік архивтерінен мол мағлұматтар жинаған ғалым Зарқын Сыздықұлы конференцияның мазмұнына жаңа ой, деректермен тыңдаушылардың көңілінен шықты.

Осындай заманымыздың озық ойлы азаматтары, тарих ғылымы саласының білікті мамандарынан кейін тұшымды ой айтудың өзі қиынның қиыны еді.

Алайда, өз өмірімді ұрпақ тәрбиесіне арнаған мен үшін батыр бабаларымыздың халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы ерлікке толы өмір жолы өзіме ғана емес, мен тәрбиелеген шәкірттеріме де үлгі және өнеге болатын. Сондықтан тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай өткізіліп жатқан іс-шараның өскелең ұрпаққа өткенімізді түгендеп, ел тарихындағы елеулі оқиғаларды еске алғанда жерлесіміз, мемлекеттік қайраткер болған Құлеке батырды жас ұрпаққа ерлік пен отансүйгіштіктің үлгісі қылып насихаттау міндеті туралы сөз қозғадым.

Өткенге ой жүгіртсек, кәзіргі Шал ақын ауданының орталығы Сергеевка қаласының түбіндегі Жаңаталап ауылы менің нағашыларымның ата-баба қонысы. Ол жерлер ежелден Атығай-Бәйімбет руы мекендеген төңірек. Ондағы ауылдар мен үшін де қымбат мекендер. Халқымыздың жақсы дәстүрінің бірі нағашылап келген жиенді құрметтеу. Кішкене кезімнен мен қонаққа келген сайын «жиен, керей баласы» деп төрге отырғызатын.

Әңгіме, әнге, дастандарға құмар едім. Өзім қазір ата жасына жеткенде ойға келетін бір жәйт – сол кездегі үлкен қариялар, оқыған оқуы болмаса да, ұрпақ тәрбиесіне, елдің бірлігіне, болашағына аса мән беретін. Ел тарихындағы айтулы тұлғалардың өнегелі өмірі, қисса-дастандар, тағылымды әңгімелер, мақал-мәтелдер нағыз тәрбие мектебі еді.

Ақсақалдар, әсіресе, өз батыр бабасы Құлеке батыр туралы сөздің майын тамызып, әсерлеп айтқан әңгімелері сол кездегі біз секілді жас өскіндерге үлкен өнеге мектебі болатын.

Жоңғарлармен бірге өлкеміздің Есіл бойындағы шұрайлы жерлерді басып алған естектермен болған соғыстарда талай боздақтардың, оның ішінде Құлекенің үлкен ағасы Тілеке де қайтыс болғанын айта келе, ел азаттығы үшін болған соғыстағы қаза тапқандардың жаны жәннәтта болады дейтін.

Ал естектердің атақты батыры Бағанатымен болған жекпежек, ондағы бабамыздың жеңісі туралы әңгіме ерекше бір хикая, ертегідегі алыптардың шайқасындай болып әңгімелететін. Жаңаталап ауылының өзім сияқты қара домалақтары аузымызды ашып тыңдап, сол қырғын шайқастың ішінде өзіміз болғандай күй кешетінбіз. Сол шайқастар болған өңірде қоныс салған қазақ ауылы естек батырының атымен «Бағанаты» деп аталады дегенде түсінбейтінбіз. Біздің балалық ой-санамыз – ата жауына сонша құрмет көрсету дұрыс емес қой деп ойлайтынбыз.

Бағанатыдан басқа Құлеке батыр жекпе-жектерде жер жастандырған естек батырлары Шуда мен Сарбұлақтардың да есімдері сақталып алды. Мысалы, Есіл өзеніне келіп қосылатын дала өзені Шудасай деп аталады.

Осының бәрі жас ұрпаққа үлгі боларлық қазақ батырларының мәрттігі болса, ал жалпы қазақ халқының өз тарихына, елін жаудан қорғаған ерлердің ерлігін мәңгілікке жеткізіп, паш етудің үлгісі болса керек.

Біздің өңірдің мақтанышы, жер жәннәты Есіл өзенінің өн бойы кезінде жау қолында болып, осы төңіректі басқыншылардан азат қылған, ел қондырған Құлеке батырдың ерлігін кім бүгін еске алып, дәріптеп жүр деген ой мазалайды.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы осындай ерлікпен ел мен жеріне қорған болған, мәмлегерлік қасиетінің арқасында Абылай ханның, Қытай мен Ресей мемлекеттерінде елшілік сапарлармен болып, Қазақ мемлекетінің сақталып қалуына өз үлесін қосқан атақты жерлесіміздің есімін жас ұрпаққа үлгі қылып жеткізсек деген тілекпен конференцияға өз ойымды қостым.

Ж. Тәжин,
ардагерлер кеңесінің төрағасы,
Петропавл қаласы

Будь сильным, как Кулеке...

550-летие создания Казахского ханства

25.12.2015

Кулеке Танирбердиулы, прозванный в народе Кулеке батыром, был одним из наиболее близких сподвижников хана Абылая, бием. В памяти народа он остался как героическая личность, выдающийся государственный деятель своего времени.

...По преданиям, предки Кулеке батыра проживали в долине реки Сырдарья. В годы Великого бедствия – «Ақтабан шұбырынды» род откочевал и остановился на территории нынешней железнодорожной станции Азат Акмолинской области. По казахской устной генеалогии Шежире, он родился в первой четверти XVIII века на территории района Шал акына (бывший Сергеевский) Северо-Казахстанской области. Кстати, Шал акын (по рождению Тлеуке) – сын Кулеке, известный казахский акын-импровизатор.

Кулеке батыр участвовал во всех основных сражениях того времени против джунгарского нашествия. Упоминается в очерке Ш. Уалиханова «Исторические предания о батырах XVIII века».

В 1756-1757 годах китайские войска окончательно разгромили Джунгарское государство. Возникла угроза вторжения войск Циньской империи в пределы Казахии. Об этой ситуации в книге ученых Р. Б. Сулейменова и В. А. Моисеева «Абылай хан: внешняя и внутренняя политика» (Алма-Ата. 1988, 72 стр.) говорится так: «Положение становилось критическим. Повстанческие отряды в Джунгарии были окончательно разгромлены карательными отрядами, население поголовно вырезано... Многие казахские султаны и старшины откочевали вместе со своими улусами под защиту русских крепостей. Несмотря на это, Абылаю, Кулсаре и Кулеке батырам удалось собрать шеститысячное ополчение и в первых числах июня (1757 г.) выступить в поход».

Поэтому есть все основания назвать Кулеке батыра одним из наиболее выдающихся борцов за независимость казахов. Думается, сегодня вполне уместно сказать несколько слов о нем.

Являясь послами Абылай хана, легендарные личности, батыры Кулеке и Кулсары выезжали на дипломатические перегово-

ры с царской администрацией в города Оренбург, Уфа, Москва, Санкт-Петербург.

Потомки Кулеке от его шести сыновей проживают в районе Шал акына Северо-Казахстанской области.

Кулеке батыр умер в 1763 году. Известно, что его сын – Шал акын – по указанию Абылай хана похоронил отца в Туркестане возле мавзолея Ахмета Яссауи.

«Кулеке был старейшиной Атыгайского подрода Баимбет. Он всю свою жизнь был под началом Абылая, служил ханской орде», – писал о нем выдающийся казахский писатель Мухтар Магауин.

Его имя часто встречается в русских официальных документах, из которых видно, что батыр Кулеке был влиятельнейшим деятелем своей эпохи. Например, в приказе от 18 июля 1760 года Коллегии иностранных дел губернатору Оренбургского края А. Давыдову указывается, что батыр Кулеке является прославленным и уважаемым человеком среди казахов и что поэтому необходимо поддерживать с ним хорошие отношения, оказывать ему почет.

Весьма почитаемый у казахов певец, композитор и поэт Сегіз сері, говорят, любил заканчивать свои бата (благословения, напутствия) словами: «будь сильным и могучим, как Кулеке!».

Мусатай Есмаганбет,
исследователь народного творчества,
профессор КУ им. А. Мырзахметова

Кулеке батыр в истории Северного Казахстана

На севере Казахстана было в прошлом немало знаменитых батыров, бывших в близком окружении Абылай хана: Кожаберген жырау, Батыр Баян, Кулсары аулие, Кулеке батыр и другие, боровшиеся за независимость своей родины. О таких батырах слагали легенды, воспевали в народных сказаниях. Их имена, подвиги передавались из поколения в поколение по всей казахской степи.

В 2022 году состоится празднование 320-летия Кулеке Танирбердыулы, знаменитого батыра, на его родине в районе Шал акына Северо-Казахстанской области.



КҰЛЕКЕ ТАНИРБЕРДЫҰЛЫ (1702-1763 гг.)

В XVIII веке – в сложную эпоху правления Средним жузом Абылай султана в русско-казахских переговорах по установлению добрососедских отношений особо выделяется фигура Кулеке батыра. Он был не только смелым воином, активно участвовавшим в сражениях с врагами, но и видным государственным деятелем своего времени, выполнявшим важные задачи посла в переговорах с представителями соседних государств – России и Китая. Кулеке как старейшина рода Атыгай заслужил глубокое уважение и признание народа своими делами, его ещё в молодости называли батыром за смелость и отвагу. Прочитаем, как это было?

Сандык – первая жена Кулеке, была дочерью Толе би из Старшего жуза, по ошибке многие считают её матерью Тлеуке (Шал акына). На самом деле это не так – она воспитала новорожденного Тлеуке.

Отец Кулеке, Танирберды – влиятельный представитель рода Атыгай, засватал дочь Толе би Сандык, когда они ещё были детьми. Но после смерти Таниберды род его ослабел, и Толе би задумался, стоит ли выдавать замуж дочь за Кулеке? В это время на земли Толе би нападает батыр по имени Келдек. Из-за возникшей ситуации ставка Толе би переехала в другое место. Несколько раз Кулеке хотел забрать невесту и посылал сватов, но каждый раз получал отказ. В очередной такой раз, не выдержав, он направил людей с вопросом: «Что желает Толе би?».

На что получил ответ: «Пусть разберётся с моим врагом – Келдек батыром и вернёт мой скот». Толе би думал, что молодой и горячий Кулеке в бою с опытным батыром Келдеком погибнет или, испугавшись, откажется и таким образом он избавится от него.

Но Кулеке принимает вызов – в бою он побеждает Келдек батыра и возвращает скот Толе би. С тех пор молодого Кулеке прозвали батыром (героем). Старый Толе би остался довольным и выдал дочь Сандык за Кулеке батыра.

В 1733 году в связи с обострением ситуации с джунгарами Толе би пишет письмо императрице России, что не только его род,

а в целом все жузы, готовы перейти под покровительство России. Согласие в этом выразили Хатта Кодар би, Сатай батыр, Койгелды батыр, Болек батыр, наряду с ними упоминает Толе би и имя Кулеке батыра.

Сам Толе би и его дети были грамотными людьми. Зять бия Кулеке батыр писал письма и мог читать их, был грамотным человеком (Международные отношения в Центральной Азии XVII-XVIII вв. Документы и материалы Кн. 1. М. 1989. 70 л 290 л).

Когда род Атыгай возвратился на родную землю в район реки Есиль, в боях с естеками погибает старший брат Кулеке – Тлеке, по казахскому обычаю, для сохранения и продолжения рода, его двух жён отдают Кулеке батыру. Позже одна из них родила сыновей – Монке и Тлеуке (Шал акын). Воспитание Тлеуке взяла на себя старшая жена Кулеке – Сандык. У неё не было своих детей, но от любви к ребёнку у неё появляется молоко и она кормит его своей грудью. С грудным молоком передались гены Толе би, и Тлеуке стал акыном (Шал акын). Кулеке батыр мечтал, что сын будет батыром, но жена Сандык отвечала: «Он будет акыном, когда я его кормлю грудью, он играет ею, как домброй».

В исторических документах имя Кулеке батыра впервые встречается в августе 1732 года. **Ханом среднего жуза Самеке Кулеке Танирбердыулы был направлен в качестве посла в г. Санкт-Петербург и был на приеме у императрицы Анны.** Решались вопросы свободного и безопасного перемещения торговых караванов России на территории Казахского ханства и другие.

Кулеке батыр возвратился на родину из г. Санкт-Петербурга 4 января 1733 года, о чем информирует посол Тевкелев А.И. в Министерство иностранных дел России («Казахско-русские отношения в 17-18 веках», Алматы. 1961 год).

В мае 1737 года Кулеке батыр был с посольской миссией в Москве в Министерстве иностранных дел. На обратном пути послами-казахами было закуплено небольшое количество оружия (28 ружей, 15 сабель), о чем статский советник Кирилов уведомил Министерство иностранных дел России. Ответ министерства был таков: «Это малое количество оружия казахи могут купить и в Бухаре, поэтому для безопасности России нет угрозы, но в следующий раз запретите продажу оружия казахам» (из архива Российской империи, том 248). З. Тайшыбай. «Қазақтың ханы – Абылай». Алматы. 2011. «Ел-шежіре» т. 1. с. 141.

Рядовое население всех жузов, значительная часть старшин и батыров не одобряли принятую казахскими ханами тактику лавирования между Россией и Джунгарией с целью получить от той и другой стороны наибольшую выгоду. От некогда враждебных отношений они перешли к политике активного сотрудничества, расширения политических и торговых связей, однако это вовсе не означало признания ими власти джунгарского хана. «Русская партия» была, может быть, менее многочисленной, но вопреки мнению Чокана Валиханова, далеко не «ничтожной» и «слабосильной». Его лидеры –Абулхаир, хотя и ссорившийся с оренбургской администрацией, Джаныбек, Кулсары, зять Толе би и отец известного акына Тлеуке (Шал акына) Кулеке батыр и другие были влиятельнейшими в Степи людьми. Их твердая позиция в отношении домогательств хунтайджи оказывала заметное влияние на многих колеблющихся и неустойчивых владетелей (В. А. Моисеев Джунгарское ханство и казахи XVII-XVIII вв с. 128-129).

23-30 августа 1742 года в городе Оренбурге большая группа казахских батыров, биев дала клятву о подданстве русской императрице Анне Иоанновне перед начальником Оренбургской комиссии, тайным советником сенатором И. И. Неплюевым. Пожелал принять участие в церемонии и один из чингизидов, султан Султанмамбет, который просил И. И. Неплюева оказать содействие в освобождении из джунгарского плена Абылая. В его свите находился знаменитый и почитаемый казахами Кулеке батыр из рода Атыгай. В их числе Кулсары аулие дал клятву 26 августа, 19-м по счету – Карасай батыр и 35-м – Кулеке батыр дали клятву 28 августа и 30 августа Кожаберген жырау («Казахско-руские отношения в XVI-XVIII веках». Алматы. 1981 год. с. 222).

В последующие годы Кулеке батыр во главе вооруженного соединения вместе с Абылай ханом принимал непосредственное участие в освобождении казахских земель междуречья Тобола – Иртыша от завоевателей-джунгар и по прямому распоряжению Абылай хана заселял казахскими родами освобожденные земли.

Из исторических архивов (Министерство иностранных дел России, Омский областной архив и архивные данные Китая) есть много новых сведений о полководческой деятельности Кулеке батыра в вооруженных столкновениях во время обострения казахско-китайских отношений на территории Казахского ханства. Осенью 1756 года Абылай султан с батырами Среднего жуза создал несколько ополчений, одну из которых с численно-

стью 1000 сарбазов возглавил Кулеке батыр и принимал участие в отражении нападения захватчиков.

Тяжелые потери понесли так же казахские отряды. В одном из боев копьем в ногу был тяжело ранен сам султан Абылай, как и прежде принимавший участие в столкновениях. Казахи оказались в крайне сложной ситуации. Тяжелая война 1756 года с цинской армией усугублялась к тому же и противостоянием с соперниками Амурсаны в Джунгарии. Так, заслонительному отряду Кулеке батыра на р. Нуре пришлось три раза вступать в бой с ойратами. Хотя в каждом случае победа доставалась казахам, эти столкновения отвлекали силы от борьбы с цинскими отрядами. (Р. Темиргалиев. Эпоха последних батыров с. 287-288).

В рапорте начальника Железенской крепости говорится: «Утром 20-го сентября 1757 года, к восьми часам, на степной стороне Иртыша появилась огромная толпа кочующих казахов, примерно тысяча три, может, и того больше. Мы наблюдали за ними. 28 сентября к нам пришли неизвестные люди. Послали к ним унтер-офицера Захарьина и переводчика Утегенова. Они просили встречу с начальником крепости и говорили, что это войска Абылай султана и что среди них Кулеке батыр. Кулеке батыр, вступив в разговор, сказал, что направляется вверх по реке, у них сто юрт, и он намерен побыть здесь несколько дней, а затем направиться к урочищу Актас Семипалатинской крепости, где их ждет Абылай султан. За ними следуют войска Кулсары батыра, правда, его самого нет, другую тысячу возглавляет Бабеке батыр (Омский областной государственный архив. 1 том, 1-Д, 58 ф, стр. 76-77). З. Тайшыбай. «Қазақтың ханы – Абылай». т. 1. с.502.

Кулеке батыр был в добрых отношениях с русским правительством. Его имя встречается в официальных документах более 40 раз. Абылай хан посылал его на урегулирование самых сложных, спорных вопросов в улусах, а также в Российской пограничной комиссии по политическим вопросам. По поручению Абылая он ездил в Уильскую военную линию в поисках большого количества угнанных лошадей, был в коллегии Министерства внешних дел, чтобы получить разрешение для выпаса скота в Прииртышских землях, кроме этого, ездил в крепость святого Петра за разными продовольственными товарами («Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв.», с. 620, 623, 660.)

В марте 1753 года Абылай хан отправил батыров Кулеке и Кулсары с дипломатической миссией в Троицкую крепость с просьбой

оказать помощь в борьбе с джунгарскими завоевателями. В Указе коллегии внешних дел губернатору Оренбурга А. Давыдову от 18 июля 1760 года подчеркивается, что «Кулеке батыр среди казахов является особенно знаменитым и необходимо оказывать ему соответствующий почет».

Об авторитете Кулеке в русских правительственных кругах мы узнаем и из письма командира Сибирских войск генерал-поручика И. Шпрингера от 16 ноября 1764 года Коллегии внешних дел: «В 1761-1764 годах султану Абылаю ежегодно только из крепости святого Петра отпускалось 212 пудов зерна, муки, хлеба. Его брату султану Жолбарысу, батырам Кулсары и Кулеке за это же время выдавалось по сто пудов в год (В. Я. Басин. «Россия и казахские ханства в 16-18 вв.». Алма-Ата. 1971 г. с. 204).

8 сентября 1758 года на имя императрицы Елизаветы Петровны отправлено из трех глав письмо от Абылай султана следующего содержания: «От верно подданного Вам Абылай султана Среднего жуза Прошение. В письме говорится, «что в течение многих лет у нас не было посланника и до Вас не доходили наши прошения. Многие годы опасности и угрозы исходили от одного нашего врага – Китая. Но и с ним мы в согласии. В данное время мы терпим обиды, угрозы и убытки со стороны русских. Жители Омской крепости убили 11 человек, забрали с собой 43 человека, увели 28 верблюдов и 1500 лошадей. Эти убийства казахов и ограбления происходили в 1742 году. В 1751 году русские из Куртамышской крепости убили семью казахов и забрали с собой весь скот и домашнее имущество. Прошлую зиму 1757 года два калмыка захватили двух сыновей у некоего Мелета из рода Атыгай Среднего жуза и скрылись в Омской крепости. Подведомственные бригадиру Бехметову башкиры захватили у Кереев, Атыгаев и Кипшаков 1300 лошадей. Русские наносят нам много обид. Стоит ли их перечислять? Мы остаемся в надежде, что наша государыня разберется и накажет виновных.

Уважаемые нашего жуза и лучшие мои люди Кулсары аулие и Кулеке батыр представятся перед Вашими очами и передадут наше прошение. Надеемся получить у Вас защиту...». (Слева черным приложена миндалевидная печать, надпись неразборчива. МИКССР под редакцией Современный перевод с чаготовского тюрки составителей ин. Леманова-Арка СПБИИ РАН, Ф. 276 он. 1. д. 24. Л. 177-180. Подлинник на мюрки - АВГРИ. Ф.

122О п. 1. 1758 г. д. 4.0. 205 и об). И. В. Ерофеева. Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг.

24 июня 1764 года на имя императрицы Екатерины II было отправлено письмо от Абылай хана, присланное с его сыном Бури султаном в Оренбург 13 августа 1764 года. В этом письме сообщается, что «...**Елдубай-би и Кулеке-батыр от всего временного света на вечной переселились.** Во уверение же сего я, Абылай-султан, своеручно печать мою приложил». Об этом сказано в книге И. В. Ерофеевой «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1775-1821 годов», с. 310.

В комментарии, с. 426, Кулсары батыр и Кулеке батыр (умер в 1763 году) – наиболее авторитетные и влиятельные в то время старшины крупного рода Атыгай племени Аргын Среднего жуза. После смерти Тархана Жанибека Кошкарулы Кулеке батыр является самым сильным старшиной в Среднем жузе («во сей тамошней орде сильный»). В последний раз имя Кулеке батыра упоминается в ноябре 1764 года.

По рассказам наших предков, осенью 1763 года род Баимбет возвращался с джайляу со стороны нынешнего района Габита Мусрепова для зимовки («кыстау»), ныне город Сергеевка. По дороге Кулеке Танирбердыулы почувствовал себя плохо, через несколько дней умер. Кулеке батыр был похоронен «аманатом» на родовом кладбище. В данное время это урочище Аютас под Сергеевским водохранилищем. Это жоктау (песню-прощание) Тлеуке (Шал акын), родной сын Кулеке батыра, посвятил своему отцу, ушедшему из жизни в 61 год (мушел жас):

В 20 лет Кулеке стал батыром могучим,
В схватках жизни степной он с лихвой побеждал!
В 30 лет предводителем рода, народ свой ведущим,
В 40 лет своей правой рукою назвал Абылай хан!
Власть и слава батыра гремели над степью,
Знал и русский его, и казах его чтил,
Только яркой звездою, над степью мелькнувшей,
Переломный свой 5-й мушел не сумел он пройти...
Лишь вчера пламя в сердце батыра кипело,
Будто ливень с небес превратил его в дым.
Но историю помнят потомки живые,
Жив в легендах степи Кулеке – наш батыр!

Перевод Байбусиновой Карлыгаш Мураткызы

Родословная Кулеке батыра выглядит следующим образом: он из Среднего жуза, рода Аргын-Атыгай, отделения Баимбет. Родился в 1702 году, умер в 1763 году. Предки Кулеке батыра во время сильного жута (обледенение земли и бескормица скота) переселились с севера в район Сырдарьи. Во время «Ақтабан шұбырынды» (Великое бедствие) в результате вторжения джунгарских войск в 1723 году они переселились в район города Кокшетау, ныне станция Азат Акмолинской области. Знаменитый сын Кулеке батыра Тлеуке (Шал акын) родился здесь в 1748 году. Позже отделение Атыгайского рода Баимбет и Кудайберды возвратились в район реки Ишим (ныне город Сергеевка, Северный Казахстан). В боях с кочевыми племенами Кулеке батыр в единоборстве убил трех естековских батыров: Шуду, Баганаты и Сарбулака. Благодаря Кулеке батыру земли вдоль реки Ишим были полностью освобождены от кочевых племен естеков. После смерти Кулеке батыр временно был похоронен в урочище Аютас. В последующее лето его сын Тлеуке (Шал акын) и другие дети и родственники по указанию Абылай султана и решением ханского совета повезли его тело, обёрнутое кожей, через Бетпакдалу в далекий Туркестан и предали земле в мавзолее знаменитого Кожа Ахмета Яссауи. Памятный камень, поставленный на могиле батыра, сохранился и до наших дней. На внутренней стене мавзолея имеется список похороненных здесь знаменитых ханов, султанов, батыров, биев. В этом списке есть и имя Кулеке Танирбердыулы.

Потомки Кулеке батыра на сегодняшний день живут в селах Каратал, Алкаагаш, ауле Искак Ибрая, в городе Сергеевке района Шал акына и многих населенных пунктах и городах Республики Казахстан.

Из воспоминания потомка Кулеке батыра Досмагулова Кабдрашита (1909-2003 гг.), большого знатока шежире (родословной своего рода), территория аула Кулеке располагалась на берегу реки Есиль (ныне г. Сергеевка). По его рассказам, на побережье реки были густые заросли ивняка, в отдельных местах возвышались скалы, далее росли лесные массивы. В те годы в этой местности водились разные звери, в том числе и медведи. Одна из берлог находилась на берегу Ишима возле скалы, которая возвышалась над поверхностью воды. Местные пастухи обходили это место и пасли скот подальше от берлоги зверя, но, несмотря на предосторожности, медведи часто задирали скот. В один из осенних

дней по незнанию местности два путника проходили недалеко от берлоги. Медведь, почувствовав запах людей, выскочил из берлоги и загрыз насмерть несчастных людей. Об этом случае пастухи доложили Кулеке батыру, который, взяв оружие и охрану, прибыл к месту трагедии. Вооружившись боевым копьем и айбалта (топор с длинной ручкой), он приблизился к берлоге. Медведь, зарычав, выскочил из берлоги, кинулся на батыра. В этой жестокой схватке Кулеке вонзил копье в сердце медведя. Под тяжестью веса древко копья переломилось, выбрав момент, ударом айбалта Кулеке разрубил голову медведя. Этот факт говорит о том, что Кулеке батыру была дорога жизнь каждого земляка. Доподлинно известно, что внук Кулеке батыра от его сына Монке Адырай был известным охотником, позднее в этих местах им было убито несколько медведей. Впоследствии эту местность назвали Аютасом, и было это ориентировочно 150 лет назад. Сегодня этих мест на карте района Шал акына нет, на этой территории обозначено Сергеевское водохранилище.

В 1822 году царским правительством был разработан «Устав о сибирских казахах», согласно которому все кочевники должны формировать аулы по 50-70 кибиток. 10-12 аулов составляли волость, 15-20 волостей – округ. Аулы района Шал акына относились к Баимбетской волости с центром в селе Казанке (ныне Айыртауский район) и Бейнеткорской волости с центром в селе Соколовке бывшего Соколовского района СКО, исконные названия аулов аннулировались и нумеровались.

Были изъяты из использования казахов годные для посева земли и лесные массивы в государственный фонд. В результате образовались так называемые государственные дачи: Ровная, Ястребиная, Ольховая, Сардоникова, центром которых являлась кондукторская канцелярия (ныне контора Октябрьского лесхоза).

В конце 19 века началось массовое движение из России переселенцев в северные районы нашей области. Важнейшей причиной такого явления было обнародованное в 1889 году «уведомление о том, что Акмолинские степи являются открытыми для вольного поселения крестьян России». Согласно этой колониальной политике в 1897-98 гг. приехавшему из Омска землемеру понравились земли, где был расположен казахский аул Кулеке. Для переговоров с местными казахами марьевские русские указали на местного Даулетбая, знавшего русский язык. При встрече землемер задал вопрос Даулетбаю, сколько лет живут здесь казахи, на что получил

ответ – 152 года. Согласно документам землемера, привезённым из архива Омска, значился 151 год. Когда землемер спросил: «Откуда вы знаете, если вы не ведёте письменную документацию?», ответ Даулетбая был таков: « У нас есть устный расчёт дней, недель, месяцев, 12 лет мушел, через 36 лет повторяется ораза. Эти расчёты передаются от отца к сыну, от ребёнка к ребёнку и ошибок нет. Ваша запись имеет место через год после заселения аула Кулеке». Землемер очень удивился ответу и покачал головой. Согласно распоряжению землемера село Кулеке было перенесено на правый берег Ишима, а территория посёлка отдана русским переселенцам. Жителям аула Кулеке была выделена земля от переезда Барамова у подножья села Марьевки до переправы Баянша, от местности «Музжауган» до посёлка Кривощёкова с солоноватой почвой.

В 1976 году мой дядя Габдолла, 1896 года рождения, рассказал интересную историю детства. Тогда родители его жили в ауле Кулеке, местность называлась Шабдар ат Шубары Баимбетской волости.

Сегодня это район Шал акына, территория нынешней Сергеевки. Юрты аула располагались там, где ныне стоят Дом культуры и акимат. Это было место зимовки рода Кулеке, называемое по-казахски «кыстау».

Габдолле тогда было восемь лет, когда его дед Бекмурза, четвертый потомок Кулеке батыра, в возрасте 57 лет решил совершить паломничество – «хадж» в Мекку. Глубоко верующий, состоятельный Бекмурза всю жизнь мечтал об этом, и в 1904 году он получил благословение своего рода и духовенства. С собой он решил взять двух родственников. Весной 1904 года, снег только начал таять, начались приготовления Бекмурзы в дальную дорогу. Путь не близкий, тяжелый. Необходимо было попасть в Казань, где формировалась большая группа членов хаджа, затем люди добирались до берегов Черного моря и на кораблях достигали берегов Турции. Следующий этап – верблюжьими караванами добирались в Мекку. Путь был трудный и опасный. В честь отъезжающих в ауле Кулеке устроили большой той. Пригласили всех родственников и гостей с ближайших аулов. Состоялась байга, соблюдались все мероприятия по мусульманскому обычаю.

Прошло несколько месяцев, и путники вернулись в аул, но деда с ними не было. По рассказам родственников, сопровождавших Бекмурзу, с большими трудностями они достигли Мекки и совер-

шили хадж. Там дед Бекмурза заболел и умер, похоронили его на окраине Мекки. С собой путники привезли сундук, наполненный подарками для родных и близких, закупленные им, также религиозные мусульманские книги – Коран, сосуды со святой водой. Книги сохранились до наших дней, а сундук как исторический шедевр передан в дар музею «Резиденция Абылай хана».

По воспоминаниям моих родителей, первый поселенец обосновался со своей семьей недалеко от аула Кулеке на берегу Есиля. Впоследствии главу семьи казахи стали называть «тамыром». Семья переехала из Украины, у них было несколько детей в возрасте моего отца и его братьев. Они подружились, играли вместе с ними, и через год вся их семья уже разговаривала на казахском языке. Местные казахи помогали этой бедной семье, дали корову и другую живность. Хозяин семьи был рыбаком и помогал местным казахам косить сено, рубить дрова и делать другие необходимые в хозяйстве заготовки.

Согласно очерку по истории Сергеевского района «Мал золотник, да дорог» краеведа, почетного гражданина города Сергеевки Кузнецова В. Д., территория города Сергеевки принадлежала древнему роду Кулеке батыра. До начала 20-го века территория называлась урочищем Аютас (Медведь-гора). По рассказам старожилов, село Сергеевка названо по имени первого поселенца из Украины Сергея Мисурина. Местные жители по казахскому обычаю назвали заселяемый участок «Сергей колы». Позже слово трансформировалось в Сергеевку. Поселение образовано в 1899 году. Как явствует из материалов обследования степных областей в 1903 году (опись Н. Ф. Дмитриева), местность называлась Аютасской по названию скалы Аютас. Согласно Столыпинской реформе 1906-1912 гг., началось плановое переселение населения, чтобы разрядить обстановку с недостачей земли в центральной России, прежде всего переселялись «бунтари». Согласно огосударствлению земель, с 1906-1912 гг. было отмежевано в переселенческий фонд четыре миллиона десятин. «По поводу такого хозяйничанья русских «добродеятелей» на казахской земле, по просьбе казахов девяти волостей Кокшетауского уезда (куда входили сёла нынешнего района Шал акына), казах Шаймерден Кощигулов написал жалобу генерал-губернатору Степного края: «В настоящее время из того же малого волостного участка нарезана земля еще для семи крестьянских деревень. Если переселенцы

поселятся на этой земле, то уже не только погибнет весь наш скот, но и все мы – казахи» (выдержки из вышеуказанного очерка).

Мой отец Кошан Жантлеуов родился в 1895 году в местности Шабдар Ат Шубары аул № 4 (аул Кулеке) Баимбетской волости Кокшетауского уезда, это территория нынешного города Сергеевки, район Шал акына. Учился в русской школе села Марьевки, окончил первую ступень. В 1922 году в возрасте 27 лет он был избран председателем исполкома Баимбетской волости, а с 1924-1929 гг. – председателем укрупнённой Ортакшиларской волости Кокшетауского уезда Акмолинской области. Он хорошо знал историю родного края. В архивах Северо-Казахстанской области сохранилось заявление председателя Ортакшиларской волости Кошана Жантлеуова следующего содержания:

В Акмолгубземлеустройство
От уполномоченного о-ва
«Кулеке» № 4-го аулсовета
Ортакшилдерской волости
Кокчетавского уезда
Кошана Жантлеуова

Заявление

Земля, состоящая в пользовании 435 едоков о-ва «Кулеке» на учёте, значится по 13 десятин на едока, но по выработанной норме в Акмолгубземлеустройство полагается нам по 14 десятин, следовательно, по 1 десятине не хватило на 435 едоков 435 единиц. Поэтому просьба о-ва дополнить этих недостающих земель из сменнолежащих участков К. Л. Д. Ястребиной, затем выселить посёлок Кривощёково, оставив землю в пользование о-ва «Кулеке».

Последняя просьба заключается в том, что леса, которые по качеству никуда не годны, были включены в счёт корма и нужно будет отнести их в счёт неудобных.

Председатель Кошан Жантлеуов
Переводил
20/ 4-27 год
Ф. 70, Оп. 6, Д. 172

Согласно этому заявлению, в 1929-1930 годах по отводу земли была создана комиссия, которая внесла соответствующие поправки, но они не были претворены в жизнь. Началась коллективизация по созданию колхозов.

В советское время казахи были отделены от собственной истории. В результате такой политики исчезли названия аулов с именами великих аксакалов и батыров, защищавших свою землю и сохранивших государство.

В 2015 году группа ветеранов труда, в том числе семь почетных граждан Северо-Казахстанской области, обратились с письмом к акиму СКО Султанову Е. Х. о переименовании города Сергеевки на Кулеке батыр. В ноябре 2020 года с таким же письмом по содержанию к акиму СКО Аксакалову К. И. обратился академик НАН Кошанов А. К., а также группа ветеранов труда к заместителю акима СКО Г. Ныгметову с аналогичной просьбой.

Последние годы знаменательны важными событиями в духовной истории Казахстана: концепции «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңгыру», исторический акт по реабилитации известных деятелей республики и восстановлению справедливости в оценке знаковых периодов в истории нашей страны.

Как стало известно, 3 декабря 2021 года сенатор Нурлан Бекназаров сообщил, что 13 из 49 городов районного значения не соответствуют статусу города по численности населения, в связи с чем существует необходимость в изменении их статуса.

В их число вошел город Сергеевка района Шал акына Северо -Казахстанской области (численность населения, согласно официальным данным статистики, – 7610 человек).

Учитывая положения действующего законодательства и перспективу изменения статуса центра района Шал акына – города Сергеевки на село, при изменении статуса данного населенного пункта небходимо вернуть историческое название – аул Кулеке.

Присвоение имени Кулеке батыра указанному населенному пункту будет являться восстановлением исторической справедливости, служить идеологическим целям государственной политики, воспитанию патриотизма, сохранению истории и нравственному воспитанию молодого поколения казахстанцев.

Список использованной литературы:

«Русско-казахские отношения в 17-19 веках» в книгах Т. Шонанова «Ел тағдыры – жер тағдыры», З. Тайшыбай «Абылай хан»; трехтомник

«Қазақтың ханы – Абылай»; Т. Садуакасов «Ел мен жер», К. Муканов «Өлке тұлғалары», Ж. Самырат «Абылайдың ақ үйі», И. В. Ерофеева «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов», том 1, 2», Кузнецов В. Д. «Мал золотник, да дорог», «Шежире» У. Л. Латанов, архив СКО и другие.

Жантлеуов Мурат Кошанович,
ветеран Водного хозяйства РК,
Почетный гражданин
Северо-Казахстанской области

Бір кездесу



Дастен Баймұқанов

1983 жылдың қыркүйек айының аяқ кезі. Күздің күні деуге келмейтін бір жайма-шуақ, көкжиекке көк желегін созған, жайлы да, жайдары да бір күн. Көлігім – қылығыма көнетін көк велосипед. Иман-Бұрлық өзенінің бойымен жүріп, дәл Есілге кеп құятын сағасын тамашалап, көгілдір айдынның көркін кіргізіп тұрған ошақ- ошақ аралдарға сүйсініп, төмендеу жерде жотасы бөлек Қорғантасқа қарап, табиғаттың тылсым сұлулығына аң-таң болып, өзімнің осы бір көркем көрініске куә болғаныма қуана-қуана шабыттанып, ерекше бір сезімнің құшағындамын. Көсіле құлап жатқан табиғи тастар да Қорғантастың атын әшкерлегендей. Енді көлденең көк Есілдің бойын бойлап, қыртыс-қыртыс жартастарды жағалап, бірін суретке түсіріп, бірін белгілі тұлғаларға ұқсатып, жоғарылай бердім. Екі-үш шақырымдай жер өткен кезде Есілдің оң жағасынан өте алыс емес жерде қарауытқан зираттың құлпысын көрдім. Біздің елдің зираттарына ұқсамайтын, сүлбесі басқа, қызыл-қоңыр тастан көтерілген үйлері бар, көзге оқшау көрінеді. Бар көңілім сол зиратқа ауды. Көп ойланбастан бетімді

сол жаққа түзедім. Әне-міне дегенше зиратқа да жеттім. Алғашында көзге түспеген, үйлердің сырт жағында бір «Волга» автокөлігі тұр екен, жанында үш-төрт кісі қарауытады. Жақын келіп көргенімде еңсегей бойлы, иықты да, үстінде әппақ көйлегі бар, қалың шашын артына қарай қайырған, қоңыр көзді, салмақты көзқарасы бар, жүзі көрікті, елағасылау кісі көзіме оттай басылды. Жанындағы үш жігіт, сол кісімен еріп келген, киім-кешектері өзгешеленіп, бар болмыстарын ақтарғандай. Әліптің алды сәлем демекші, алшақ басып бардым да бар дауысымды сала «Асссалаумағалейкүм!» деп, қос қолымды жая, әлгі үлкен кісіге ұсынып сәлем бердім. Тосыннан шыққан дауысқа таң қала, менің екі қолымды шап беріп, қысып алды да «Уағалейкүмәссәләм!» деп, сәлемімді алды. Жанындағы жігіттерге де қос қолдап сәлемдестім.

Олар да сәлемдесіп, қауғаласып қалды. Еңгезердей ағамыздың дауысы да зор екен, мені сүзе қарап, бұрын көрмеген неткен бала дегендей: «Иә, бала, қайдан жүрсің, кім боласың?» – деді. Мен осы жерден алыс емес Соколовка дейтін орыс селосындағы сегізжылдық мектебтің білдей бір директоры екенімді айттым. Келгеніме екі ай болды, маңайдың жер-суын таниын деген ниетпен, демалыс күнін пайдаланып, түз аралап жүрмін дедім. Елім Түшке Бірлік, руым Бәйімбет, жасым 25-те, атым Дастен, тегім Баймұқанов дедім. Жауабым жоталы да, айғақты да болды ма: «Жарайсың, жарайсың, балам, ісің дұрыс екен», – деп, қолпаштап қойды. Тағы да сүзе қарап, сәл ойланып тұрып « Мені танисың ба?» – деп сұрады. Қиналсам да, шындығын айттым: «Аға, танымаймын», – дедім. Менің жауабым жанындағыларға жабайы көрінді ме, миығынан сәл күлген болды.

«Мен Евней Букетов дейтін ағаң боламын», – деді. Басымнан жай ұрғандай, сәл-сәл сасып қалдым. Еліміздің еренқабырғадай тұлғасы екенін әкем мен шешемнің әңгімелерінен, ауылдағы үлкендердің әңгімесінен, институт қабырғасында жүргенде ол кісі туралы талай-талай ұстаздардың естеліктерінен естіп білгенбіз. «Сыртыңыздан тойынып таныған тұлға екеніңізді білгенмен, бірінші рет тірідей көруім», – дедім сасқанымнан. Ол кісі «Ха-ха-ха» деп күліп қоя берді. Күлгені менің жағдайымды кішкене болсын жеңілдетіп жіберді.

«Ал, бала, не таптың?» – деді, тесіле қарап. «Иман-Бұрлықтың Есілге құяр маңында 1930 жылдары Лениннің жоспарын іске асырамыз деп гидроэлектростанция салуға кірісіпті, оған маңайдағы ауылдарды жұмылдырып, қазу жұмыстарын бастаған екен, бірақ

әртүрлі жағдайларға байланысты тоқтап қалған екен, соның орнын таптым», – дедім. «Жарайсың, жарайсың, бұл бір тың нәрсе, ал тағы не таптың?» – дегеніне мен үнсіз қалдым.

Зират басына құран оқылды, сосын бәрімізді «Волганың» жанына шақырып, шағын да шамалы ас берді. Сораптап отырып шай іштік. Ағамыз сәл ойланып отырып, көкжиекке көз жүгіртіп «Бұл қорым, біздің ата-бабаларымыздың аруағының жай тапқан жері. Анау Есілдің ар жағындағы ауыл менің туып өскен ауылым, Бағанаты. Есіл мен ауылдың арасындағы үлкен алқа Алыпқаш деп аталады, он мың жылқы қамасаң, сыйып кетеді», – деді. Қиян шыңда қонақтаған қыран бүркіттей маңайға көзін созылта, сүзе қарап, қансонар әңгімені бастап кетті.

«18 ғасырдың басында қазақтың басына қатты қасірет қонды. Шығысынан жоңғар мен шүршіт, ойрат пен бұйрат, түскейінен хиуа мен қырғыз, батысынан түрікмен, құба қалмақ, терістігінен естек пен орыс қазақтың жерін жаулап, жұртын жосытып жіберді. Сол аласапыран, аңғал сәтте қазақтың алқалы қолы абырап, жері мен жұртына не пана, не дана болмай аңырағанда елінің еңсесін көтеріп, етегін жинаған Абылайдай ер еді ғой.

14 жасында Атығайға келіп сұлтан болған сол Абылай елдің басын қосып, ерлерін түгендей білді. Сол қиямет қиын кезде Абылайдың бірі оң қанаты, бірі сол қанаты болған Құлеке мен Құлсары еді. Құлеке Бәйімбеттен болса, Құлсары – Құдайберді. Қазақтың шығысын, түстігін, батысын түгендегесін Абылай жүзін теріскейге бұрды. Оның бар ойын іске асыруға белсене кіріскен сенімді серігі Құлеке батыр еді. Жанына ерткен жеті батырымен Атығайдың қолын бастап көлденең көк Есілдің бойын жаулаған естек жұртына жайындай тиді. Құлекенің жанындағы жеті батыры – үлкені Тышқан, Қаумен, Маңдай, Жанатай, Мәмбет, Жәпек, Жантелі.

Есілдің бойынан жанталасқан жауын үдерте қуған қазақ қолының шешуші шайқасы Алыпқаштың алқасында шешілетін болды. Екі жақтың мыңғырған қолы, тұрысатын жеріне, тағдырларын найзаның ұшына түйіп, қан майданға қасқия бет түзеп, жан беруге дайын еді. Сүт пісірім уақыттан кейін «Жекпе-жек, жекпе-жек» деген дауыс шықты.

«Жау, қайдасың» деп тұрған сілең батырлардың желебесі қозып, көздері қанталап, найза қылышын жонтайлап, қарсыласын іздеп, өршелене бастады. Сол кезде Естек қолының алдына көлденеңі есік пен төрдей, алқымы аршаланған, тұяқтары ошақтың орнындай, арыстандай талтайған, көкірегі көк тірегендей қарагер атқа

алпамсадай алқалы, екі иығына екі кісі отырғандай еңселі, кіреуке сауыт киген, басында даңғарадай дулығасы бар, бес қаруын асынған, еңгезердей денелі батыр шыға келді. Дауылпаздай аңғырта «Жекпе-жек, жекпе-жек» дегені жер жаңғыртады. Астындағы қарагер ат та, қапталдан шапқан қабандай қорсылдап, иесін көрсетейін дегендей, алшаң басып, бері тартты. Бұл Бағанаты батыр еді.

Жауды көрген Құлекенің батырлары да мен-мен деп, жекпе-жекке дайын екендерін желкелері күжірейіп, қанаттарын қомдаған қырандай қайсарланып, қаруларын қомдап, өршелене ұмтыла бастады. Сол кезде Құлеке батыр қолын көтеріп, тоқтау айтып, сөйлес қылды. «Ау, батырлар, өткен жылы жайлауда жүрген бауырым Тілекені естектің батырлары Бағанаты, Шуда, Сары қапыда қамап, қанын ішіп еді. Қайран ер қапыда кетіп еді. Бауырымның өші менің мойнымда, ендеше таласқа салмаңдар, өзім шығам жекпе-жекке», – дегенде, қалың қол тас көшкендей гүр етті. Себебі Құлекенің жасы да біразға келіп қалған еді. Жанатай жол менікі десе, Жәпек те жол сұрады, жас қырандар Мәмбет пен Маңдай да құлшына-құлшына жол сұрады. «Жоқ! Өзім», – деп, көлденеңі көшкен жолдай алқымы сала құлаш, тілерсектері бурадай, жотасы жалпақ, екі танауы борсықтың іниндей үңірейген, мойны темірсаптай сыланған бозайғырын бүлкілдегінен бір қағып, алға шықты.

Құлеке батыр кеңірдегін кере, дауысын қатайта «Сайыстағы қаруыңды айт», – деді. Жау жағынан «Жақ тартамыз, нысана арасы жүз құлаш», – деген Бағанаты батырдың үні естілді.

Бағанаты батырдың атымпаз, мерген екені аңыз болып тарапқа таралып кеткен. Болса болсын деп, Құлеке батыр қасқиып барып, өз орнын алды. Бағанаты батыр да жүз құлаш жерге тоқтады. «Батырлар сауыт кигенде, кіндіктің сол жағынан екі елі төмен жерден бос орын қалдырады, соны нысана дейді екен.

«Ау, батыр, Ясылдың бойын мен жайлап ем, бірінші жақ тарту кезегі менікі», – деді Бағанаты батыр (Естектер Есілді Ясыл, яғни жасыл дейді екен, оны жасыл болатын себебі судың түсіне қарап аталған. Сонау Арқадан төмен аққан Есіл өзені жер қойнауындағы мыс минералдарын ерітіп, жасыл түстенеді екен).

«Болса болсын», – деп Құлеке батыр, көкірегін кере, қасқиған кейпінен тартынбады. Сауыт бұзар сұр жебені адырнасына ілдіріп, қарагердің үстінде керіліп тұрып, құлақтан асыра кере тартып, нысанам осы-ау деп адырнасын азината босатты-ау Бағанаты батыр.

Құс қанатымен қосақтаған, сауыт бұзар сұр жебе ысқырған күйі, көзді ашып жұмғанша болмай Құлекенің кеудесіне кеп, кірш

етіп кіріп кетті. Талай жауын қансыратқан Бағанатының жебесіне сенімі мол еді. Құлеке қасарған күйінен өзгерместен, жеті қабат сауытын жара кірген сұр жебеге бір қарап: «Иә, аруақ, желеп-жебегеніңе тәуіп етем», – деп маңайын сүзе бір қарап өтті. Оның себебі бар еді. Құлеке туып шешесінің емшегін емгенде, шешесі таңырқап, бұл балам өскенде батыр болады деп болжап, баласына батыр болғанда киіп жүрсін, бәле-жала, оқ пен шоқтан сақтап жүрсін деп еткөйлек тігіп, емшегінің сүтіне жуған екен. Батыр жауға шапқанда сол анасынан аманаттап қалған еткөйлегін киеді екен. Жеті қабат сауыт бұзған сұр жебенің күші ана сүтіне жуған еткөйлекті сөге алмаған екен. Қайран құдіретіңнен айналайын ананың сүті! Серттескен сұр жебесінің селт кеткеніне таң қалған Бағанатының түрі қарауытып, қаны қызып, қапысыздың қамын шекті. Қанша налыса да, қаруды таңдаған өзі, кезекті алған өзі, болмыстың шешуіне көніп, қасқия қарсы тұрды. Құлеке қорамсаға қол салды. Аққу қанатымен қолпаштаған, сауыт бұзар сұр жебесін алып садағына саптады. Құлекенің садағын жасаған қарудың шебері Таңатар садақтың бойын бір жыл бойы тұзға оралып жатқан қызыл қайыңнан салалап, арқардың мүйізімен кептеп, күшейтіп, адырнасын сегіз жасар өгіздің тілерсегінің сіңірінен есіп байлаған екен. Құлекенің садағын ешкім ұстамайды екен, ұстаса да адырнасын тарта алмайды екен.

Құлеке сұр жебесін адырнасына саптап, шалқая, көсіле тартып, бар жеріңнің бағын сына дегендей босата салды. Өгіздей аңырап барған сұр жебе Бағанаты батырдың көкірегін қақ жарып, тесіп өтіп, ары қарай алшақтап барып, бір дөңестеу жерге барып қадалды.

Құлекенің садағының адырнасы, бір сұмдықтың болғанын сезгендей, өгіздей азынап тұрып, жебе жерге қадалғанда тоқтай қалды. Сәл бір сәттен кейін алпамсадай Бағанаты батыр ат үстінен омақаса құлап түсті. Қалың қол «Батыр өлді, батыр өлді», – деп у-шу болды. Естектің қолынан ес кетіп, езіле қашты. Ұрыс даласында қансыраған Бағанаты батыр Құлекеге датым бар еді, деп өтініш қылады. Қанша жауласса да, жауын сыйлай білген Құлеке батыр әлсіз қалған Бағанаты батырға сөйлес қылуға келеді. Сонда Бағанаты батыр: «Ал, Құлеке, сен жықтың, мен жығылдым, қаруды сұрадым, қарсы болмадың, кезегімді сұрадым, қарсы болмадың, соңғы сұрауым, топырақ бұйырған шығар, осы жерге мені жерлесең», – деген екен. Жаулығы өз алдына, батырлығы бөлек деп, арулап Иман-Бұрлық өзенінің оң жақ бойындағы Қорғантастың

дөңіне оба тұрғызып жерлеген екен. Естек елінің бір бөлігі Атығайға кіріп, аталас болып кеткен, қалған бір бөлігі жөңкіле көшіп, Челябі жағында Шұбаркөлге дейін кетіп, сол жақта қалған.

Есілдің сол жақ бетінде, Иман-Бұрлық өзенінің Есілге құяр сағасына қарама-қарсы тұрған ауылдың аты Бағанаты.

Құлеке қартайып, қыс көзі қатал суық кезде дүниеден өтеді. Үш жүзге сауын айтылып, жаназасына қалың ел жиналған десе-ді. Абылай ханның шешімімен, хан кеңесінің құптауымен денесі Қожа Ахмет кесенесінің жанындағы Ұлы қорымға жерленетін болып шешіледі. Жоғарғы Бәйімбеттегі, Уанастың ішіндегі Шөкей дейтін балгер, емші Құлекенің денесін ақбалшықпен сордың тұздығына, жусан шөбін қосып, сылап, жылқының терісіне тұмшалап, тігіп, сірелеген екен. Шал (Тілеуке) әкесіне арнап жоқтау айтқан екен:

Құлеке, жиырмада арқар еді,
Отызда би, қырқында дарқан еді.
Кешегі дулап өткен Құлекенің
Алдынан орыс, қазақ тарқап еді.
Алпыс бір, мүшел келді, мерттей болып,
Өтпедің сол мүшелден, серттей болып.
Кешегі дулап жүрген, ер Құлеке,
Су тиген сөне қалдың өрттей болып.
Астынан көк өгіздің тас көтерген,
Кісіні арықтаған ас көтерген.
Бәрі де туған жанның өлмей тұрса
Бұрынғы үлкен қайда бас көтерген.
Астынан қара тастың су көтерген
Мұнарды суға түскен, бу көтерген
Бәрі де туған жанның өлмей тұрса
Бұрынғы батыр қайда ту көтерген!

Сосын, жазғытұры, жер қардан босағасын, баласы Шал (Тілеуке) әкесінің денесін Түркістанға, Қожа Ахмет Яссауидің кесенесінің жанындағы Ұлы қорымға жерлеген. Басындағы құлпытасы әлі күнге дейін сақтаулы. Анау тұрған Бағанатының обасы», – деп ағамыз сөзін аяқтады. Қаншама жыл өтсе де, сол ғұлама ағаның айтқан әңгімесі әлі де көз алдымда. Әсерлі әңгімесі еске түскенде сол заманның жаңғырығы жадымды жүгендеп, тарих қойнауына жетелей береді. Бітпес баққа тең бір кездесу, міне, осындай. Аруағыңнан айналдым, бабаларым!

Ер есімі ел есінде



Самат Ғабдуллин

Биылғы жыл тарихи, мәдени шараларға бай жыл болмақ. Солардың ішіндегі күрделісі Тәңірберді ұлы Құлеке батырдың туғанына 320 жылдығы. Менің жетінші атам Қожаберген осы Құлеке бабамыздың туған інісі болып келеді. Сондықтан да болар – менің ниетім, ықыласым, бар дүниемнің тебіренісі – бәрі-бәрі осы бабамыздың, оның баласы Шал ақынның өмірі мен тағдырының қалай қалыптасқанына, халық алдындағы баға жетпес абырой, атақтарына тікелей байланысты.

Біздің қазақ халқының жайбарақаттығын, немқұрайлығын пайдаланып шығысымыздан жоңғарлар, терiскейімізден орыстар мазалап, бодан болуға мәжбүрледі. Халқымыздың өткен тарихын бұрмалап, тіпті жоққа шығарды. Әсіресе Ресей патшалығы басынғаны сонша, бүкіл шұрайлы жерлерімізді, айдын көлдерімізді тартып алып өздерінің шаруаларын (переселенец) орналастырады. Бұл саясат Қызыл империяның кезінде жаңадан күш алды. Ұлтымыздың зиялы қауым өкілдерін, бетке ұстар азаматтарын нақақтан-нақақ жала жауып шетінетіп жатты. Әлденеше этап геноцидке ұшыратып, жер бетінен жойып жіберуге дейін барды. Бізді өткені жоқ, олай болса келешегі де жоқ деп, бүкіл тарихымызды жоққа шығарып, жазба еңбектерді жағып жіберуге дейін барған. Бірен-саран қазақтар кездессе, аңға ұқсатып ата берген.

Алтынның сынығы жерде қалмайды дегендей, халқымыздың өткен өмірі мен тұрмыс-салты, мәдени құндылықтары бірте-бірте жанданып, өз орындарын таба бастады. Қазақтың біртуар ұлдары – Абай, Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп, Ахмет Байтұрсынұлы, Ілияс Есенберлин сияқты ғұламалардың арқасында өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жандана бастады. Біздің өңіріміздің бетке ұстар азаматы ғалым Зарқын Тайшыбай ағамыз Абылай ханды зерттеу барысында Омбы, Петербор, Қытай мұрағаттарынан талай құнды

деректерді жарыққа шығарды. Осы және басқа да ғалымдардың ізденуінің арқасында Құлеке бабамыз туралы біршама дәйектерді қуана қарсы алдық.

Құлеке батыр Абылай ханның уәзірі, біздің ұғымымызда сыртқы істер министрі, болып қызмет атқарса керек. Дипломатиялық қабілеті болғаннан соң бабамыз осындай мемлекетаралық тапсырмаларды жоғары дәрежеде атқарған. Әлденеше рет Ресейге, Қытайға баруы осыған дәлел, бұл сапарлары осы елдердің тарихи мұрағаттарында сақталған.

Бабамыздың тағы бір қасиеті – елін сүйгіштігі, сол жолда жасаған ерліктері, батырлығы. Осы төңірекке қоныс аударып келгенде бұл жерлерде естектер орын тепкен екен, Бағанаты, Сарыбұлақ, Шуда деген батырлары болса керек. Міне, солармен соғыса жүріп Есілдің өн бойын азат еткен екен. Латанов Уәп әкеміздің деректері бойынша Құлеке батыр қазіргі Явленка селосына дейінгі алқапты, ар жағын Құлсары батыр қорғауына алған екен. Сөйтіп Атығай руының қос батыры теріскей өңірдің шұрайлы, шүйгін жерлерін меңгеруге еңбек сіңірген.

Біздің қазіргі мекеніміз Сергеевка (атын өзгерту алыс емес шығар) қаласының оңтүстік жағында Аютас деген жақпар тас бар. Бұл жартас плотина салынбас бұрын, ол кезде бала едік, биік тау болып көрінетін. Сергеевка аудан орталығы болып, өндіріс орындары, тұрғын үйлер жанжақты, қарқынды жүре бастағанда құрылыс материалдарын осы жерден ала бастаған. Сонда да осы жартас баршылық. Осы Аютас тауында аюлар мекендеген. Бірде осы маңда жүрген адамдарға бір үлкен аю оқыс атылғанда Құлеке батыр айқасқа түсіп, жыртқыштың жанын тыныштырған екен, бұл аңыз емес, бұл нағыз шындық. Қолындағы бар қаруы найза болса керек, оның да сабы морт үзіліп кеткен, амалы мен күшінің арқасында жеңіске жеткен екен.

Батыр бабамыз көп өмір сүрген жоқ, небары 61 жасында, мүшел жасында, дүниеден озады. Оның мәйіті Абылайдың ұйғаруымен Түркістандағы Ахмет Яссауи кесенесінің іргесінен орын алған, бұл оған деген зор құрметтің белгісі. Топырағы торқа болсын, аруағы разы болсын деп бет сипаймыз.

С. Ғабдуллин,
өлке тарих зерттеуші,
Шал ақын ауданның құрметті азаматы,
Кәсіподақтар федерациясының құрметті ардагері

Сегіз қырлы, бір сырлы адам



Ожан Қали

Ожан Қали Амандықұлы 1927 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Сарман ауылында дүниеге келген. Журналист, жазушы, суретші. Ожекең арнайы сурет сабағын өтпеген адам. Тек Петропавл педагогика училищесінде оқыған кезінде өз бетімен әуестеніп машықтанады. Баян орта мектебінде ұстаздық еткен. Алматының Абай атындағы университетіндегі студент жылдарында суретпен әуестене түсті. Халық суретшісі Әбілхан Қастеевпен танысып, одан сайын қанаттана берді. Ұлы шеберден майлы бояумен салу тәсілдерін үйренді.

...Ожекең өмірдің бір талай соқтықпалы соқпақтарынан өтті. Атасы Қали марқұм ұлы тәркілеуге іліккен. Аман-сау қалу ойымен ішке (Ресейдің Қорған, Түмен облыстарын «іш жақ» деп атаған) паналаған. Әйтеуір тәңір қолдап, ұрпағы аман қалды. Топырақ іштен бұйырған әкесі мен Кенжекозы қажының басына құлпытас орнату парызын орындады.

Кейін Ожекең Павлодарда қызмет еткен шағында іште көзі көргендерін «Казахстанская правда» газетінің тілшісі Виталий Ступакқа сыр етіп шертеді.

– Ой, бұл бір ғажап тарих екен. Кітап шығару керек, – дейді әріптес досы.

Сөйтіп, «Замана үні» романы жазылады. Кітап алты жылда дайын болады. Бұл 2000 жылы еді. 400 беттік көркем туынды орыс тілінде жазылып оқырман қолына тиді. Кітапты бастыруға қаражат табылмаған соң ол төрт бөлмелі пәтерін сатып жіберген. Өнер қиын ғой..

Сегіз қырлы, бір сырлы талант иесіне «Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы» атағы берілген. Бірнеше тамаша туынды кітаптардың авторы.


2005 жылы маған хабарласып, Құлеке батыр бабамыздың суретін салып аяқтағанын айтып, келіп көруіме болатынын хабарлады. Сол кездесуде маған естелікке бабамыздың елшілік кейпіндегі суретін сыйлады. Ол суретті сол дәуірдің Итіке батырының ел аузында сақталған мына өлең жолдарына сүйене отырып салғанын айтты.

Аққұба ашаң өңді, кең маңдайлы,
Қырандай қырағы көз тез арбайды.
Көсем сөз ағытыла сөйлеп кетсе,
Ойыңды орағыта жүз қармайды.

Осылайша, Ожекең тірнектеп жинап, көзіне түскен көне әңгімелерді, өлеңдерді бір арнаға түсіріп бірнеше туынды салып шығарды. Ол Қожаберген батыр-жыраудың қылқаламмен өрілген кескіні, Сегіз серінің суреттері. Ожан Қали – Ақан серінің де суретін салып, ол әуелі облыстық, кейін КСРО 60-жылдығына арналған көрмеге қойылады. Ұйымдастыру комитеті Ожан Қалиевке 1-ші дәрежелі диплом мен лауреат атағын берген. Ожекең тек кескіндеу саласында ғана емес, бейнелеу, пейзаж саласында да суреттер салған. Олар «Бурабай курорты», «Іле Алатауы», т. б. Сол жолы маған жаңа басылымнан шыққан «Ойтолғау» жыр жинағын сыйлаған еді. Сол жыр жинағынан мына бір шумақ өлеңді келтіре кетуді жөн санадым.

Көңіл ауып көзді салып кітап бетін ашқанда,
Несі бар деп елегізи әлде нені тосқанда,
Сылдыр аққан бұлақтайын сыр пернесін басқанда,
Көңіліңнің көк дөненін жыр бәйгеге қосқанда –
Ойтолғаудың сонда есігі ашылар!

Мұрат Жантілеуов,
Су саласының еңбек ардагері,
Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы



Мүтәлләп Қанғожин

Құлеке батырдың соңғы сөзі

Тағдыр деген осы ма, ажал деген?
Алмақшы ма жанымды азынатып.
Айдаһар да немесе тажал да емен,
Бай да емеспін, жоқ малым, қазынам түк.

Ел шетіне жау тисе өкімденіп,
«Салауатты» салушы ем ғазауатты.
Топалаң тиген қойлар секілденіп,
Жау даламда шашылып талай жатты.

Халқымның намысынан жаралған ем,
Дұшпанға тас қамал ем беріспеген.
Елімнің ар-жалауы саналған ем,
Биіктеп, төмендеуге еш келіспеген.

Тәңірдің пешенеме жазғаны осы,
Ғұмыр-ай, қысқа екенсің бір-ақ тұтам.
Не болар сенің күйің, абзал досым?
Қоямын өзіме өзім сұрақты сан.

Жауымның жарқылдамай төбесінде
Қала ма алдаспаным қыныбында?
Қалады-ау кегім садақ жебесінде,
Жөн таппай адасқандай құба құмда.

Батыр дейтін, қалың ел құрметтейтін,
Құлекең де қайта бір қанаттанса.
Сан соғысқа қатысам дүрмек кей түн,
Көз шырымын алмаймын таң атқанша.

«Абылайлап» шабамын жауға ұмтылып,
Баяғыша сілтеймін қылышымды.
Жауыздықпен келгендер жайратылып,
Ерлікпен қандырамын құрышымды.

Аузын айға ақситқан дұшпандардың,
Үрей құтын қашырам, алып есін.
Найзаммен шаншылып жер құшқандардың,
Ә дегізбей қазақтың алып өшін.

Жантелі, Жәпек қайда Тілекемен?
«Ақ жолдап» қиқулайтын, аттандайтын.
Олардан жеке дара жүр екенмін,
Жауды қуып жұлдыздай аққандай тым.

Нарқасқа батырлар-ай ел мақтаған,
Жұп жазып көрмеп едік шайқастарда.
Күн қақтаған жүздері, жел қақтаған,
Көре алмадым бүгінгі айқастарда.

Қайдасыңдар, достарым, қанды көйлек,
Келмедіңдер жаныма шақырсам да.
Көп тобырмен айқасып қалдым терлеп,
Жалғыз екем, жеңдім-ау ақыр соңда.

Жаным талай қиналды, қансырадым,
Жанды түйдім ел үшін шуберекке.
Халқым үшін құдайдан хал сұрадым,
Бақ сұрадым бармақтай жігер көпке.

Ұл тіледім қазақтың қатынынан,
Ырық бермес жауына алысқанда.
Қыз тіледім қас сұлу, батылынан,
Жігіттен де кем түспес сайысқанда.

Ұл сұрадым, найзагер, болат білек,
Шайқалтпайтын қазақтың шаңырағын.
Оқ сызса да кеудесін, жарап, түлеп,
Жауға тиер диюдай аңыраған.

Бірлік керек еді ғой, керек еді,
Бар қазаққа үлкенге, кішіге де.
Ол бар жерде тірлік те бөлек еді,
Нұршуақ құйылып бар кісіге де.

Бірліктің туын ұстап масаттандық.
Жау қыспағын тойтардық, шегінбедік,
Жоңғарға жойқын қолмен жасақтандық.
Біз де арқалы батыр ек, тегін бе едік!

О баста адам боп жаралғанда,
Күн күліп шапақ шашқан екен маңға,
Сарыарқа, Атырауға таралған да,
Туған жер, тұнған екен далаң малға.

Малға бай, жерге кенен қазағыма
Кім көзін алартпасын, қызықпасын.
Тұс-тұстан шапқан жаудың азабына
Қалайша көніп тыныш ұйықтасын.

Атқа қонған бабалар андағайлап,
Жым болғанға жауы да қайран қалып.
Қанды тырнақ жоңғарлар қайда қалмақ?
Қашты қазақ қолынан ойран болып.

Біз де алғанбыз атаның алдаспанын,
Біз ұстадық ұлт туын қолымызға.
Содан болар, шығындап алға асқаным,
Содан болар, гүл шықты жолымызға.

Содан бері жеңіліс көргеміз жоқ,
Бақытымыз домалап өрге қарай.
Намысты, жерді жауға бергеміз жоқ,
Қуаныш күндей шашып елге қарай.

Батамды берем, батыр, қымбат халқым,
Ұлттығың, бірлігіңнен айырмасын.
Бар еді-ау достық деген сымбат салтың,
Қанатың кең жайылған қайрылмасын.

Намысың қайнап тұрсын жүрегіңде,
Дұшпанға бере көрме әсте қолдан.
Шырмала көрме, аңқаулық түнегінде,
Мәз болып аз дәулетке басқа қонған.

Сөйлеуші ем ұлы топта мен селдетіп,
Ұйытып өзіме елді һәм шөлдетіп.
Сол күндерім, көңілімді тербетіп,
Тебірентіп, міне, барады енді өтіп.

Қайрөш Қоспанов

ТУҒАН ЖЕР

Теңеу тауып, жазып көр,
Жазушы, ақын өлкемнің,
Тыңға қоскан үлесін
Қараталдай елімнің.

Тұрған жері елімнің –
Тың теңізі жағасы.
Мен мадақтап жатқанша
Өзің бер, көріп бағасын.
Аютас пен Ақтөбе
Қаратаудай біз үшін.
Есіл бойын қорғауға

Батыр атам Құлеке
Салған дейді бар күшін.

Қара Оба мен Толықсай
Тың теңізімен ұласқан.
Қыстауағаш, Саздыағаш,
Бір-біріне жарасқан.
Кішкенеміз, Итөлген
Суына талай түскенбіз
Бала шақтың өзінде-ақ
Көліндей Балқаш көргенбіз.

Қарамая, Бақтар алқабы,
Теңізіне астық айналды.
Қырманшы жастар күшімен
Дән толқыны шайқалды.
Өзіңмен қанаттандым,
Өзіңнен куат алдым.
Менің сен Алатауым
Елім менің, Қаратал ым.

Мәңгі есімде туған жер
Қартайсам да сақталад.
Бізге артқан сенімің
Әр уақытта ақталад.

Әбжатай Сұрағанұлы

Құлеке батыр

Тілеукенің (Шал ақын) әкесі туралы

Айырылып ұл – атадан, қыз – анадан,
Желінбей асқан қазан, жұрт та қалған.
Көп көріп көресінді қалмақтардан,
Арқаға қазақ ауды Сыр бойынан.

Ежелден ірге тепкен ата-баба,
Қонысы болған екен Сырдария.
Қалмақтан көріп қуған, жәбір жапа,
Орта жүз қоныс тепкен Сарыарқаға.

Ежелден қазақ – қалмақ жерге талас,
Ел шауып, кісі өлтіру – жасалған қас.
Кейде олар, кейде бұлар жеңіп,
Көнеден ел арасы болған талас.

Қалмақтың сол бір кезде күші асып,
Қазаққа әр жорықта тісі батып.
Қумаған ел намысын ерлер қайда,
Сабыр қып, тұралама үйде жатып.

Жайлапты Есіл бойын естек – қалмақ,
Қайдан – қашан келгенін болмас болжап.
Табын-табын сиыр, қой, жылқы өсіріп,
Өткізген өмірлерін аң-құс аулап.

Жер ізден бабаларым, жаңа қоныс,
Шөбі – шүйгін, суы бар, малға өріс.
Құтылып жоңғар-қалмақ жорығынан,
Дем алып еш алаңсыз алмақ тыныс.

Ақыры іздеген жер кездесіпті,
Тәңірім берсін пендеге мал нәсіпті.
Жер жұмағы үлкендердің осы шығар,
Тәңір бізге бұйыртсын десіпті.

Елге кеп, олар айтты барлық жайды,
Табылмас бұдан артық жер қолайлы.
Көп жылдан мекендеген қоныс тауып,
Қалмақтар өз еркімен қозғалмайды.

Сайлаңдар бұл ұрысқа қару-жарақ,
Аттарың жорыққа деп тұрсын жарап.
Қалмақтар қаннен-қапер отырғанда,
Жан-жақтан лап қойыңдар «Атығайлап!».

Не істерін білмес олар мүлдем сасып,
Қолға түспей кетерге болар асық.
«Шал-кемпір, балаларға тек тимеңдер,
Келгенін өлтіре бер қарсыласып.

Әкет тек табын-табын малын айдап,
Жүрмеңдер мүсіркелеп, бірің – аяп.
Күдер үзіп енді Есіл өңірінен,
Кетсін кемпір-шалы бас сауғалап.

Бар екен ағалы-інілі үш батыры,
Сарыбұлақ, Шұда менен Бағанаты.
Айламен жеке-жеке өлтіріңдер,
Күш бермес, біріксе олар тым ақыры.

Үшеуін өлтіріңдер айла тауып,
Әйтпесе болар бізге қатер-қауіп.
Ел басқарған үш батыр өлтірілсе,
Қалғаны берілері айдан анық.

Оларға Тілеке, Мендеке мен Жантелі барсын,
Өлтіріп сол үшеудің басын алсын.
Қалмақтар осы аймақтан қуылғанша,
Қас жауға еш рақымшылық жасалмасын».

Қалмақтың үш батырын өлтіреді,
Қалғаны қашып-пысып жөңкіледі.
Кемпір-шал, балалардың қанын төкпей,
Бас сауға бер деп айтты бар тілегі.

Ұрыста Мендеке, Тілеке мен Жантелі қаза тапты,
Қайғысы батырлардың жанға батты.
Інісі Тілекенің – ер Құлеке
Жібермей қас жауынан кегін апты.

Қалмақтар сол кеткеннен кетті қашып,
Еділ, Жайық бойынан әрмән асып.
Еңіресе етегі жасқа толып,
Қайран Есіл жерім-ай! – деп, қоштасып.

Жазайын батыр ата Құлекені,
Оқушым, өзің кешір, артық-кемін.
Өткізген өз дәуірін ерлікпенен,
Кеткен жоқ қас жауында намыс-кегі.

Арғы атаң, аты шыққан Қалқаш батыр,
Жауына сан түсірген заман ақыр.
Қорғаған жерін жаудан, елін даудан,
Ақиқат аңыз-дерек толып жатыр.

Туады бір атадан ала-құла,
Бірі жасық болғанда, бірі – тұлға.
Өзі өлсе де, өлмейтін аты қалған
Болмайды жақсыларды ұмытуға.

Нағашың ұлы жүздің Төле би,
Исі қазақ баршаның Төбе би.
Бабасы Бәйімбеттің кіндігінен тараған,
Ұлы жүз үйсіндердің бұл да бірі.

Ортадан оза туған данагөйі,
Үш жүзге билік айтқан өмір бойы.
Үш жүздің басын қосып біріктіру,
Татушылық, ынтымақ боп, барлық ойы.

Бір зат жоқ дүниеде, сынбас-тозбас,
Тәңірдің жазуынан адам озбас.
Жақсының жақсылығы сода емес пе,
Тектілер нәсіліне тартпай қоймас.

Құлеке ірі кісі, ұзын бойлы,
Тең жатыр батырлық пен ақыл-ойы.
Көзі – өткір, биік қабақ, жазық маңдай,
Кесек дене, көргенде көзге толы.

Жан екен қара торы, түсі суық,
Жасқанып, жасыйсыңдар, келсе жуық.
Күшіне ақылы сай, тым кемеңгер,
Атадан жаралған ол, үздік туып.

Есіктей кең қеуделі, кере құлаш,
Кең иық, жалпақ жауырын, қазандай бас.
Бұлшық еті, қол-аяқ бөлек-бөлек,
Ұстасаң, қолың батпас, бейне бір тас.

Салалы, жұмыр келген жуан саусақ,
Зор денесі – ауыр жүк, атқа – салмақ.
Айбарлы дауысымен жер сілкінтер,
Шақырса ұран салып, «Атығайлап!».

Жауына жекпе-жекке талай шыққан,
Жапырып сансыз қолды жерге тыққан.
Ұран сап, «Атығайлап!» жауға шапса,
Жаулары қорықаннан жерге бұққан.

Ел іші тыныш болса, жайлы жүрер,
Жау десе қару алып, атқа мінер.
– Аруағы атам Атығай, қолдай көр!- деп,
Жауына жасқанбай-ақ жалғыз тиер.

Өтіпті ол заманда талай жорық,
Жеңілсең, қас жауыңнан қандай қорлық.
Ден қойып Құлекенің ерлігіне,
Жүріпті хан Абылай риза болып.

Жолдасы өжет жүрек, батыр Жәпек,
Сескеніп көрген емес, жаудан шеттеп.
Қас жауға қарсы шығып, айғай салып,
Қорықпасаң, жекпе-жек кәне, шық деп.

Оқ тиіп, сол Жәпектің аты құлап,
Тұтқындап алмақ болды жаулар шулап.
Құлеке жетіп келіп, тымақтай жеңіл ғана
Атына мінгестірді көтеріп-ап.

Қалмақты сол жорықта қазақ жеңіп,
Қалмақтар қашты кейін, көп кісі өліп.
Қалмақ, қазақ бір-біріне ант берісіп,
Соғыспасқа бұдан былай ант беріп.

Өмірден бай да, патша, батыр да өткен.
Өлшеулі күні бітіп ажал жеткен.
Атадан асып қанша тусаңдағы,
Бәрінен таңірінің бұйрығы өткем.

Қас жауы қарсы келмей, кейін ықты,
Жаудан жасып қайтпаған батыр мықты.
Алпыс бірге келгенде ер Құлеке,
Алдында сұм ажалдың тізе бүкті.

Жақсының әрқашанда аты аталмақ,
Дұға арнап оқысаң, жебер аруақ.
Ерлігіне сүйсініп батыр ата,
Оқысын есіне алып бүгінгі ұрпақ.

III бөлім



Баянғали Әлімжанов
жазушы – драматург

Құлеке батыр

Екі актілі, жиырма бес көріністі драма

Қатысушылар:

Абылай – хан. 30-дарда.
Төле – би. 70-терде.
Анна Иоанновна – орыс патшасы. 40-тарда.
Құлеке – батыр, би. Жас кезі – 20-да, кейіннен 40-тарда.

Сандық – Төле бидің қызы, Құлекенің әйелі. 16-да, кейіннен 35-терде.

Құлсары – батыр, би. 35-терде.

Тілеке – батыр. 30-да

Тұрсынбай – батыр. 30-да

Бағанаты – естек батыры. 30-да.

Шуда – естек батыры. 25-те.

Сары – естек батыры. 25-те

Таймас – естек батыры. 30-да.

Генерал-губернатор. 45-терде.

Жандарал – орыс генералы, құпия қызмет басшысы. 40-тарда.

Жансыз – құпия қызмет офицері. 35-терде.

Шал – жасөспірім кезіндегі Тілеуке – Шал ақын. 15-те.

Тілмаш – патша қызметіндегі татар жігіті. 25-терде.

1-ші қыз – Сандықтың құрбысы. 16-да.

2-ші қыз – Сандықтың құрбысы. 16-да.

Маша – базардағы саудагер әйел. 35-терде.

Марфа – саудагер әйел. 40-тарда.

Даша – саудагер әйел. 50-лерде.

Көпес – қару-жарақ сататын көпес. 45-терде.

Жас сарбаз – 18-де.

Абыз Шал ақын – абыз. 70-терде. *Абыз Шал ақын ел-жұртының, ата-бабаларының басынан өткен тарихи жағдайларды баяндаушы, оқиға сабақтаушы, жалғастырушы, түйіндеуші ретінде көрініп, көшпенділер өркениетінің ірі рухани өкілі ретінде ой қорытындылап, тереңнен толғайды.*

Бірінші акт.

1 көрініс

Кең жазира дала. Балбал тастардың арасында абыз Шал ақын ойға батып отыр.

Абыз Шал ақын (*күңіреніп, тереңнен толғап, баяу, салмақпен):*

Бұл дүниенің мысалы
Ұшып өткен құспен тең.
Тағдыр жолы сан тарау,
Ұйқыда көрген түспен тең!

Жолдың алыс-жуығын
Белі жуан ат білер.
Жақсы адамның қадірін
Жақыны емес, жат білер.
Өткен менен кеткенді
Көп жасаған қарт білер.
Біреуді жақсы деме сен,
Біреуді жаман деме сен,
Бұл дүниеден өткен соң,
Шын дүниеге жеткен соң
Кімнің жақсы, жаманын,
Бір жаратқан хақ білер!
Бір жаратқан хақ білер!

(сәл бөгеліп, ойға батып): Хақтан кейін халық білер! Ал ердің аты несімен қымбат, несімен ардақты? Заманында атқа мініп, аңызға айналған жандардың тұлғасы уақыт мұнарының арасынан ауық-ауық бой көрсетіп тұратыны неліктен?! Аталарымыздың аруағын аспандатып, қатал тарихтың тастай ескерткішіне аттарын терең қашап жаздыртып қойған қандай құдірет?! Ол – ерлердің ел үшін жасаған еңбегі мен ерлігі! Тарих-таразы тек қана осыны – ел үшін жасаған еңбекті ғана сарапқа салады! Ал, елім деп еңіреп өткен ата-бабаларымыздың есімі мен ерлігін бүгінгі ұрпақтың есіне салып тұру – біздің парызымыз! Сондай ерлердің бірі – қазақтың асқан батыры, дана биі, мәмілегер қайраткері – атығай Құлеке батыр! Абылай ханның оң қолы болып, орыс, қытай, қалмаққа сан мәрте елшілікке барған айтулы жанның сан тарапты шарлап, арпалыспен өткен өмір жолы қилы-қилы хикая, қасиетті сыр шертеді!

2-ші көрініс

Жаздың жылы, жайлы кеші.
Орман шетінде жас қыз Сандық екі құрбысымен гүл теріп жүр. Гүлдерге сүйсінеді. Құрбылары шат көңілді.

Сандық: Қыздар! Қараңдаршы, қыздар! Гүл неткен сұлу! Жұпар иісі қандай! Бірақ неткен нәзік! Жұлынғанша ғана құлпырып, иісі аңқып, жан сүйсіндіреді!

2-ші қыз: Қыз-ғұмыр да неге сондай қысқа болды екен!

1-ші қыз: Шіркін-ай!

Сандық: Сүйген жардың қолына қонған қызда арман бар ма!

1-ші қыз: Апырмай, айттырып қойған батырың қандай екен шынында? Өмірі көрмесең де, жақсы көресің бе?

Сандық: Ол менің аталарым баталасып, құдай қосқан жан жарым емес пе?!

2-ші қыз: Шіркін, біздің Сандық – тұнып тұрған сыр сандық қой! Әйтпесе, айдаладағы бір жігітке көрмей, білмей ғашық бола ма! Х-хи-хи!

1-ші қыз: Хи-хи-хи!

Сандық: Көрмесем де, оның керемет екенін сеземін! Ес білгелі жаныма ұялады есімі! Өйткені, аталарымыз тегіннен тегін ант ішіп, бата бермейді! Тегіне, еліне тартса, кем болмайды деген үмітпен береді! Мен де оларға сенемін!

2-ші қыз: Солай-ақ болсын!

1-ші қыз: Тілектеспіз, жан құрбым!

Сандық *(Бір құшақ гүлді көкке көтеріп):* Сағынғаннан сарғайды ғой Сандығың. Сыйлар едім бұл өмірдің бар гүлін! Сары белден салған әнім сызылтып, Сырттаныма жетер ме еді дәл бүгін!

Кенет ақырған аюдың дауысы естіледі.

Шошып, шыңғырған қыздар қашпақ болады.

Қорбаңдаған аю олардың жолын бөгейді. Үш қыз біріне бірі жабысып, арлы-берлі бұлтарады. Аю орғып, орғып, олардың алдын бөгеп, тықсыра береді. Сандық кішкентай кездігін суырып алып, аюға айбат шегеді.

Аю аузын арандай ашып, қызға төніп келеді.

Сол сәтте жанұшырып жеткен жас батыр жүгірген бойы қорбаңдаған аюды бар екпінімен қос қолдап бүйірден соғып өтеді. Домалап түскен аю қайта тұрып, ырылдап, батырға бұрылады. Аман құтылған Сандық пен құрбылары аулақта: «Байқа! Байқа, батыр!» – десіп, жанұшырып қарап тұрады.

Жас батыр өзіне бас салған аюмен алыса кетпей, шапшаң, епті қимылмен жалтарып, жыртқыштың ұзын, өткір тырнақтарын денесіне дарытпай, бұлт етіп бір жағына шығып кетіп, өткір болат қанжарын суырып алып, аранын ашып, төніп келген аюдың қолтығына, қабырғасына, қарнына, мойнына салып, салып жібереді. Жыртқыш өкіріп, құлап түседі.

Сандық (*Жігіттің жанына жүгіре басып* келіп)*:* Батыр! Жараланып қалған жоқсыз ба? *(Батырдың үсті-басын қарап):* Білегіңізді іліп кеткен сияқты тырнағы… Қан ағып тұр ғой! *(Оюлы орамалын алып, батырдың білегін орап, мықтап таңып тастайды. Құрбылары жақын келіп, үнсіз қарап тұрады).*

Құлеке (*қызға күле қарап):* Шайқасқан соң қан шығарып шайқасу керек қой! Өзіңіз амансыз ба? Жыртқыштың тырнағынан... жаттың қармағынан!?

Сандық: Жөн білмейтін жыртқыштан басқа маған кімнің тырнағы тиер дейсіз... *(Қыз бен Құлеке қатар жүріп, сырласады. Құрбылары жымыңдасып, гүл терген болып, алыстап, көрінбей кетеді).*

Құлеке: Ал, сұлу қыз, атыңыз кім? Атаңыз кім?

Сандық: Есімім – Сандық, Төле бидің қызымын!

Құлеке (*қуанып, ойын-шыны аралас):* Пах, шіркін! Мен де кімді құтқаруды білемін ғой! Өзіңіз сондай сүйкімді екенсіз!

Сандық (*Қысылыңқырап, бірақ жақтырып):* Сіз де нағыз батырсыз! Аюдан қорықпай қалай айқаса кеттіңіз?

Құлеке: Ару қызды аюға талатып қоямыз ба? Сіздің сұлу екеніңізді байқап қалдым да, аюдан айырып ала қояйын дедім! Басыңыз бос па, бикеш?!

Сандық: Айттырып қойған жерім бар... Бесікте жатқанда аталарымыз баталасып қойыпты...

Құлеке: Апырмай! Бақытты жігіт кім болды екен, ә?

Сандық: Атығай елі... Құлеке батыр!

Құлеке: Батыр? Ха-ха-ха! Құлеке батыр, қалыңдығын аю қуғанда, үйінде ұйқтап жатыр!

Сандық: Олай демеңіз! Ол хабарсыз қалды, әйтпесе келер еді!

Құлеке: Оны қайтесің, маған ти! Аюдан айырып алған соң, сізді алуға хақым бар шығар!

Сандық: Айтуыңыз орынды! Бірақ, мені Құлекеге атастырып қойған... Бала күнімнен сенің жан жарың Құлеке, Құлеке деп құлағыма құйып, жүрегіме ұялатып тастаған!

Құлеке: Сонда... сен оны көрмей, білмей жақсы көріп жүрсің бе?

Сандық: Иә! Мен үшін ата жолы – заң! Аталарымыз қосқан адам – жан жарым!

Құлеке: Ал мен оған қарамай, тартып алып кетсем ше?

Сандық: Ақ батадан аттайтын ақымаққа ұқсамайсыз! Ақ тілеулі аға болып қалыңыз! Айтқандай, атыңызды атамадыңыз ғой, батыр аға!

Құлеке: А-а... солай ма? Менің атым ... менің атым... Аюгер-тағай!

Сандық: Аю алған Аю – Аюгер ағай! Керемет!

Құлеке: Аға демек түгілі, ата десең де, алған бетімнен қайтпаймын! Ертең би атаға барып жүгініп, әділ төрелік сұраймын! Сан-

дық қыз баяғыда аталарым айттырды екен деп, ай қарап жүрген атығайға тиесілі ме? Жоқ әлде аюдың аранынан арашалап алған Аюгер-тағайға тиесілі ме?

Сандық: Сіздің ерлігіңізге мен ғана емес, бүкіл ел де, би атам да риза болады! Алғысын жаудырып, арғымағын мінгізіп, шапанын жабар! Бірақ, атам бата бұзбайды! Онсыз да басы қатып жатқанда, сіз тағы бір бәле болмаңыз, Аю-ю-гер ағай!

Құлеке: Иә, не боп қалды тағы да?

Сандық: Жау келді жерімізге! Торғауыттың Келдек деген батыры қызыңды маған бермесең, еліңді шабамын деп қаһарын төгіп тұр!

Құлеке: Би атамның өз ойы қандай?

Сандық: Атам бізге ойын ашып айта бермейді ғой! Бірақ, қызымды айттырып қойған жер бар деп жауап бергенін құлағымыз шалып қалды.

Құлеке: Ал?

Сандық: Келдек батыр көнбей отыр бітімге! «Қазақтың батасы бізге жүрмейді! Не қызыңды бересің, болмаса еліңді түк қоймай шауып аламын!» – деп шабынып тұр!

Құлеке: Батадан аттаған кәпірді аруақ соғар! Көріп алдым содан келген керді!

Сандық: Екпіні қатты есердің…

Құлеке (*ерекше толғанып):* Сенің жолыңда жаным пида, Сандықжан! Аюдың артынан жіберейін айуанды!

Сандық: Бірақ, алдын ала ашып айтып қояйын – мен бәрібір сізге бұйырмаймын! Бұрыла да алмаймын! Келеді күткен Құлекем, құдай қосқан қосағым!

Құлеке: Келдегіңді де, Құлекеңді де көрермін!

Сандық: Сонда, үш батыр таласып, мені көкпар қылып, үш жаққа тартасыздар ма?

Құлеке: Тартқанда қандай! Қайқайтып тартамыз! Бір басыңа үш батыр таласқан сен қандай бақытты едің, Сандықжан! Күші асқанымыз алып кетсек, соған разы боласың ба?!

Сандық: Сізге мен қарыздармын, аға деп ардақтаймын! Бірақ, Құлеке жеңіп алады деп сенемін!

Құлеке: Сенің бала досың Құлеке менен мықты емес!

Сандық: Кім біледі…Бірақ, мен бәрібір Құлекенің тілеуін тілеймін!

Құлеке: Жә! Ендігісін би атаның өз аузынан естігенім жөн болар!

Сол кезде тоғайдан құрбы қыздары жүгіріп шығады: «Сандық! Сандықжан! Апам шақырып жатыр!».

Сандық *(күрсініп):* Аман болыңыз! Аққа құдай жақ деген! *(Жеңіл басып, қыздарға қосылып, кетеді).*

Құлеке *(толқып, ризашылықпен):* Сандықжан! Сандығым! *(Білегін ораған орамалды иіскеп):* Орамалын берген қыз кетпес, орайы келіп-ақ тұрған сияқты!

3-ші көрініс

Төле би ақ боз үйде күңірене толғап отыр.

Төле би: Кең дүние, тар заман! Сайын дала, шалқар көл, шет-шегі жоқ жер жүзін жайлаған сан алуан жұрт... Осынша ғаламға сыймай толқып, жар соғып, арпалысып жатқан адам баласына не дауа?! Бір-бірінің тынысын тарылтып, заманасын қуырып, қай мұратқа жетпек екен?! Тойымсыздық, әділетсіздік адамның бойын жайлап, ойын билеп алса, қайран басын тауға да, тасқа да ұрғызып, жан-жағын жалматып, біріне бірін жұтқызбай тынбас! Дүние қандай кең болса, адамның ниеті сондай тар болатыны неліктен екен, ә-ә?!

Жас Құлеке жалындап кіріп келеді.

Құлеке: Армысыз, би ата!

Төле би: Бар бол, балам!

Құлеке: Менің атым Аюгер-тағай! Сізге Сандық айтқан шығар... кешегі аюдың жайын...

Төле би: Әп, бәрекелді, батырым, жарайсың! Тусаң ту! Айтты Сандықжан, майын тамызып! Көп жаса, бақытты бол, балам! Өзіңе деген сый-құрметіміз бөлек!

Құлеке: Әумин, би ата! Рахмет! Бірақ, мен сізден сый-сияпат дәметіп келген жоқпын! Төрелік сұрап келдім!

Осы кезде би ордасына беттеген Сандық босағада бөгеліп, сыртта тұрып әңгімеге куә болады.

Төле би: Құлағым сенде!

Құлеке: Аюдан айырып алған қызыңызды маған қалыңсыз берсеңіз, әділ шешім бола ма, болмай ма?

Төле би: А-а, Аю... Аюкер...

Құлеке: Аюгер-тағай!

Төле би: Иә, Аюкер... Аютоғай батыр! Айтуың орынды, айыбы жоқ. Ажалға басын байлап, қызымызды аюдың аранынан айырып алған батырдан аяп қалуға хақымыз жоқ, әрине!

Құлеке: Бәрекелді! Осы сөзіңіз – сөз-ақ қой!

Төле би: Бірақ, бір гәп бар!

Құлеке: Не гәп? Неғылған бір бітпейтін гәп ол?

Төле би: Айттырып қойған жері бар! Бесік-құда болып, анттасып, баталасып қойғанбыз!

Құлеке: Би ата! Егер де кеше қызыңызды аю жеп қойғанда, антыңыз қайда қалатын еді? Батырға бата бөгет болып па?

Төле би: Антымыздан аю аттап, батамызды батырлар бұза берсе, бізде қандай қасиет қалады? Шырағым, ата жолынан адасып, мұратыңа жетпессің!

Құлеке: Демек, батаңыз – бата, антыңыз – ант па!?

Төле би: Иә!

Құлеке: Би ата! Сіз мені танымадыңыз ба?

Төле би (*күлімсіреп):* Шырамытып тұрған сияқтымын... Көзіме оттай басылып-ақ тұрсың... Бір жақындығың бар ма екен, кім білсін?!

Құлеке: Шынымен танымай тұрсыз ба?

Төле би: Е-е, шырағым, несін айтасың? Бұл заманның жастары өзгеріп кетті ме, әлде біз алжиын дедік пе?

Құлеке: Абыздар алжымайды, қазыналар қалғымайды! Жақсылап ойланып, есіңізге түсірсеңіз... сіз мені танисыз!

Төле би: Қайдам, қарағым! Осы күні жас түгілі жақынды да жыға тани алмайтын халге жеттік қой.

Құлеке: Мен сізге өте жақын боламын, ата! Сондықтан да сіз мені тануға тиіссіз! Тіпті, міндеттісіз!

Төле би: Апырмай, ә? Түсі игіден түңілме деген... атаңды әуре қылмай, жөніңді айт, балам! Мен сені қай жерде, қашан көрдім?

Құлеке: Сіз мені бұрын-соңды көрген жоқсыз, би ата!

Төле би: Оу, сен өзің қызық баласың ба, жоқ әлде бұзық баласың ба? Мен сені бұрын көрмесем, қайдан танимын? Қалай танимын?

Құлеке: Өзімді көрмесеңіз де, әкемді көрдіңіз ғой!

Төле би (*аң-таң болып):* Ә-ә?! Апырмай...

Құлеке: Әкемді көрмек түгілі, сыйлас болғансыз! Сондықтан, мені де білуіңіз керек!

Төле би: Әкең жақсы кісі болды ғой онда!

Құлеке: Өзім де жаман емеспін!

Төле би: Қайдам... Әзірге еш жақсылық көріп тұрған жоқпын!

Құлеке: Көрмесеңіз көресіз... Құлағыңызға мен келе жатыр деп, ешкім сыбырламады ма?

Төле би: А-а? Кім сыбырлауы керек еді?

Құлеке: Жел! Не болмаса ел!

Төле би: Не деп сыбырлауы керек еді сонда?

Құлеке: Мен келе жатыр деп!

Төле би: Ел сыбырлайтындай сен кім едің?

Құлеке: Мен – менмін ғой, ата! Менен басқа кім болушы еді?!

Төле би: Ішім сезеді әлденені... Анық көзім жетпей тұрғаны...

Құлеке: Мен – атығай Тәңірберді бидің ұлы Құлеке батырмын!

Төле би: Өзім де бірден солай жобалап едім! Бірақ, өз атыңды өзіңе айтқызайын деп едім!

Құлеке: Пара бидің алды – моладай тар, дана бидің алды – даладай кең болады емес пе? Сізге еркелеген түрім ғой...

Төле би: Әзілің жарасса, атаңмен ойна деген...

Құлеке: Пайғамбар да күйеу баласын сыйлапты деген...

Төле би *(таңырқай, сынай қарап, сабырмен):* Қайран Тәңірберді... елге керек ер еді! *(бетін сипайды):* Құлеке сойына тартса, бір соғар деп күтіп жүр едім... Жеттің бе ақыры?

Құлеке: Қанша сәлем жолдасам да, сізден жауап болмады! Сөзіңізді өз аузыңыздан естиін деп, алдыңызға өзім келдім! Құдаласқан Тәңірбердіні тәңірі алып кеткен соң, қалғандарын теңсінбей жүрдіңіз бе? Әлде мені жетім деп менсінбей жүрдіңіз бе? Атығайдың белі кеткен соң, берекесі де кетті деп елсінбей жүрдіңіз бе? Олай болса, құда да өзім, күйеу де өзім! Кесіп айтып, шешіп беріңіз! Батаңыз – батқан күнмен бірге батты ма? Антыңыздан аттап, сізді құдай атты ма!

Төле би: Жә-ә! Екпінің қатты, ерлігің қандай? Сесің бар екен, есің қандай?!

Семсер кетілсе де, ердің серті ескірмес!

Құлеке: Олай болса... Ата! Құдаңыз көкке ұшып кетсе де, күйеу балаңыз алдыңызда тұр! Беріңіз батаңызды!

Төле би: Бәрекелді! Жалындап-ақ тұр екенсің! Қайран жастық! Абайла! Не өздерің жанып кететін, не біреуді өртеп жіберетін кездерің ғой! Батыр – батыл болар, биде ақыл болар! Ессіз ерлік – елге сор! Көзсіз батылдық жарға жығар! Ақыл – шырақ, қараңғыдан алып шығар!

Құлеке: Ұқтым, би ата! Әр сөзіңіз жадымда жазылып, жаныма қонып жатыр!

Төле би: Қызыңды берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан аламын деп қамап тұрған Келдек батырдың қаһары қатты, қабырғама батты! Жақсы келдің, Құлеке! Атаңды босқа күйдірме, құсыңды

құзғынға ілдірме! Күрмеуі қатты түйінді ерлігіңмен өзің шеш! Бердім батамды! (*бетін сипайды).*

Құлеке: Әумин! Би ата, сіз сертіңізде тұрсаңыз, біз де тұрармыз! Ал, аттандым майданға! Аруақ!

Төле би: Жаратқан ием, жар бола көр!

Құлеке аруақтанып, аттана бергенде, жүгіре басып Сандық келіп қалады.

Сандық: Құлеке! Құлеке батыр!

Құлеке: Сандық! Сандықжан!

Сандық: Сіздің Құлеке екеніңізді кеше ішім сезіп еді! Көзіме оттай басылдыңыз! Өз-өзімнен жүрегім елжіреп кетті! Бірақ, анық білмеген соң, аузымды аша алмадым! Неге мені сонша сынап, қинадыңыз?! Сағынып күткенімді неге ойламадыңыз?

Құлеке: Сіздер де біздің сөзімізге жауап бермей, сарғайттыңыздар ғой әбден! Анық-қанығына жетейін, алатын жарымның қандайлығын сындап білейін дегенім ғой! Көзім жетті, көңілім толды, Сандықжан! Сандығым менің!

Сандық: Жолың болсын, батырым! Құдай, аруақ жар болсын!

Құлеке аттанып кетеді.

4-ші көрініс

Жас Құлеке Келдекпен шайқасуға майданға келеді. Арлы-берлі ұрандап, ат ойнатып жүреді.

Құлеке: Аттан! Аттан! Қайдасың, Келдек? Тірімісің, бармысың? Батыр болсаң, шық майданға! Қатын болсаң, қаш жаныңның барында! Аттан! Аттан!

Сол кезде Келдек дүбірлетіп шауып келеді.

Құлеке: Жекпе-жек! Жекпе-жек!

Келдек (*Құлекені асықпай бір айналып, сынай қарап, салмақпен):* Уай, талтүсте қиқулап не көрінді? Жын қаққаннан саумысың? Өзің жап-жас, бір қарасам, жап-жақсы жігіт сияқтысың…

Құлеке: Жекпе-жек, жекпе-жек!

Келдек: Іздегенің жекпе-жек болса, жетерсің! Желігіп жүрсең, желкең қиылып, желмен ұшып кетерсің! Алдымен жөн сұрасып алайық! Айтарлықтай бар болса, хе-хе-хе… еліңді айт, ата-тегіңді айт!

Құлеке: Арғы атам Арғын, Атығай! Бергі атам – ер Бәйімбет, әкем – Тәңірберді би! Өз атым – Құлеке батыр!

Келдек: Ха-ха-ха! Қарт Төле бидің Құлеке, Құлекем деп жүрген немесі сен бе едің? Құлеке, Құлекем... Құл екен! Құлым екен! Ха-ха-ха!

Құлеке: Құдайдың құлы, адамның ұлымын! Кердеңдеген Келдекті, ақылы келте келтекті, ел бүлдірген тентекті тезге салғалы келдім!

Келдек: Мен – Келдек, Келдердегин Доржы ноян, Дорболдой Сереннің серкесі, Торғауыттың төресімін! Жөніңді айттың, енді кеткен кегіңді айт! Қане, Құлеке, не үшін соғысамыз?

Құлеке: Ер намысы үшін соғысамыз! Төле би мен әкем Тәңірберді би баяғыда баталасып, Сандық екеумізді бесікте жатқанда атастырып қойған! Аталарымыздың батасынан аттап, қалыңдығымды тартып алатын сен кімсің? Бере салатын мен кіммін!?

Келдек: Сандалтқан Сандық болса, сағыңды сындырмайын... Маған сенің қасық қаның керек емес! Маған қатын керек! Жаның сауға, қайта ғой! Бір қыз үшін қанға батып жатқанымыз жөн болмас!

Құлеке: Сөзің түзу, Келдек батыр! Олай болса, сен неге қызды маған тастап жүре бермейсің?!

Келдек: Мен аламын деп келген соң, алмай қоймаймын! Жасың кіші екен, бір қызды ағаңның қанжығасына байлап бере салмайсың ба?

Құлеке: Тапқан екенсің ақымақты... Қызымызды қысық көздің қолтығына қыстыра салатын жайымыз жоқ!

Келдек: Уай, сен де қоймайды екенсің... Қыз бен қойдың бармайтын жері бар ма? Ха-ха-ха!

Құлеке: Уа, Келдек! Ендігісін, ақ білектің күші, ақ найзаның ұшына тапсырайық!

Келдек Келсең кел! (*Шайқасқа ыңғайланады. Қиқулап ұмтылады):* Дорболдой! Дорболдой!

Құлеке (*Қаруын сайлап, тұра ұмтылады):* Аруақ! Ақжол!

Екеуі ерегесіп, шарпысып, жекпе-жек әбден шайқасады. Бір кезде Құлеке Келдекті атынан құлатып, тамағына қылышын тақайды.

Келдек *(Тоқта дегендей, Құлекеге қолымен белгі береді).* Тоқта! Біліп жүр, Құлеке! Менің мойнымда қазақтың қаны жоқ!

Құлеке (*Тоқтап, қылышын тақап тұрып)*: Келдек батыр! Ерлерше айқастық! Мен де мойныма сенің қаныңды жүктегім келмейді! Осымен дұшпандықты қойдым деп антыңды бер де, қайт еліңе!

Келдек: Ант етемін!

Құлеке райынан қайтқан Келдекті тірі жібереді.

Майданға Төле би мен Сандық келеді.

Сандық *(жүгіре басып келіп):* Құлеке! Құлеке! *(құшақтағысы келеді, бірақ әкесінен ыңғайсызданып, өзін-өзі тежеп қалады).*

Төле би Құлеке мен Сандыққа батасын береді.

Төле би: Кісілігіңе ризамын, Құлеке қарағым! Қызымды көзіңнің қарасындай сақтай біл! Ерлігіңді көрсеттің – елдігіңді көрсет! Ер намысын қорғадың – ел намысын ойла! Ерлік жолы оңай емес, елдік жолы одан да ауыр! Жеріңді жатқа берме, жолыңнан жаңылма! Жұбың жазылмай, жүз жасаңдар! Сендерге Жаратқан иемжар болып, жолдарыңа нұрын жаудырсын!

Құлеке: Әумин!

Сандық: Әумин!

Екеуі қол ұстасып, болашақ өмірге аттанып кете барады. Төле би соңдарынан ойлана қарап, қала береді.

5-ші көрініс

Абыз Шал ақын:

Құдая, құдіретіңмен сақтағайсың,
Хақ деген пендең болса тастамайсың,
Су құйса төгілмейтін боз жорғаның,
Аяғын аңдаусызда қақпағайсың.

Құдая, жаманыңмен теңді қылма,
Құрбымнан өзім теңді кемді қылма.
Жаратқан барша жанды пәруардігер,
Өзімдей пенделерге пенде қылма!

6-шы көрініс

Патша генералының кеңсесі. Жандарал ой үстінде. Сып етіп, дыбыссыз кірген Жансыз бір буда қағаздарды әкеліп береді. Жандарал Жансызға бір көз тастап, қағаздарды асыға қарай бастайды.

Жансыз: Қырғыз-қайсақ даласынан жеткен хат-хабарлар... Далада болып жатқан оқиғалар туралы біздің офицерлердің рапорттары мен хабарламалары!

Жандарал (*Жансыз кеткелі бұрыла бергенде):* Тоқтай тұр! *(Жансыз бөгеледі).* Тағы бір аса маңызды әңгіме бар!

Жансыз: Құлағым сізде!

Жандарал: Біздің ғалымдар мен саяхатшылардың зерттеуінше, бұл көшпенділердің бір-біріне өшпенділігі өте күшті екен! Арғы аталарының жауласқанын ұмытпай, есе қайтаруға құмар дейді. Малға, жерге таласқандары өз алдына, бір-бірімен бақталас, қызғаншақ жандар екен.

Жансыз: Дәл солай, жоғары мәртебелім! Талай жыл даланы аралап, адамдарымен кездесіп, сөйлесіп, біліскен сайын, бұлардың бірін-бірі көре алмайтын қызғаншақ бейшара екендіктеріне көзім жетті!

Жандарал: Иә, сен бұлардың тілін, салтын жақсы білесің, сондықтан саған сырларын жайып салатын шығар?

Жансыз: Бұлар бұрын көріп білмеген бейтаныс жандарға да сырын айтып, жақындарын жамандай береді!

Жандарал: Міне, міне, бізге де керегі осы! Бұлардың алауыздығын пайдаланып, араздығын қоздырып отыру керек! Бірін-бірі иттің етінен жек көретіндей қылып, жауластыра берген жақсы!

Жансыз: О-о, бұл бір оп-оңай және жаныма жағатын шаруа! Мен мұны рахаттана атқаратыныма сене беріңіз! Ақымақтарды айтақтап, айқастырып қою – бұл дүниенің бір қызығы емес пе, жоғары мәртебелім!

Жандарал: Ал айтаққа еріп, бір-бірімен араз болған бодан байғұстар домалақ арыз болып алдымызға домалап өздері келе бермей ме? Хе-хе-хе!

Жансыз: Біз оларды қалаған жағымызға домалата бермейміз бе? Ха-ха-ха!

Жандарал: Солайы солай! Бірақ оңай емес-ау!

Жансыз: Оңай болмаса да, орайын келтіруге болады!

Жандарал: Олай болса, іске сәт! Біз сендерге сенеміз!

Жансыз (*сымдай тартылып, қолын шекесіне апарып):* Құп болады!

Кетеді. Жандарал оның соңынан қарап, басын шайқап, қағаздарын қарай береді.

7-ші көрініс

Естектердің қосыны. Бағанаты, Сары, Шуда батырлар жорыққа әзірленіп, әбігерленіп жатыр.

Жансыз Бағанаты батырды қазақтарға қарсы қайрап, айдап салуға тырысады.

Жансыз: Қазақтарды есінен тандырып, Есілден асыра қуып тастаудың орайы келіп тұр! Қазір шауып алмасаңыз, ертең табан тіреп алған соң, сіздерді Есілдің маңынан да жүргізбейді! Жандарал мырза сіздерді астыртын қолдап отыр! Қару-жарақ та жіберді! (*Бағанатыға пистолет сыйлайды).*

Бағанаты (*пистолетті қолына алып, айналдыра қарайды).* Әлгі от қару деп жүргендерің осы ма? Қол тоқпақтай болып, бұл нені қиратпақ?

Жансыз: Мұның оғы дөп тисе, темір сауытты тесіп өтіп, түйедей жігіттерді түймедей ұшырады!

Сары (*Бағанаты басын шайқап, пистолетті салмақтап отырғанда килігіп):* Бағанаты аға, мұның тілін мен жақсы білемін! Әпесер достарыммен бірге атып көргенмін! Олар мені мерген екенсің деп мақтаған! Осыны маған беріңіз! Кезеген дұшпанның көзін ойып берейін! Сізге мұның не керегі бар? Қылыш, найза, садаққа сізден шебер жан жоқ! Сайысқанда қара жерге салмаған жауыңыз жоқ, алысқанда алмаған дәуіңіз жоқ!

Бағанаты: Саған сауға болсын, Сары батыр! *(пистолетті әуелете лақтырып жебереді).*

Сары *(лып етіп, қағып алады. Сүйсініп, пистолетті бір сүйіп, қойнына тығып, белбеуіне қыстырады).* Аға, алатын жауыңызды ала көзіңізбен бір атып, сұқ қолыңызбен сілтей салсаңыз болды, тарс еткізіп, қалпақтай түсіре беремін! Ха-ха-ха!

Бәрі қосыла күледі.

8-ші көрініс

Есілдің жағасы. Еркін жел ескен жасыл өлке. Тілеке батыр бес-алты серігімен келе жатыр. Тілеке ән салып келеді. Туған жер туралы асқақ ән.

Тілеке:

Есілім менің,
Есілген ерке өзенім.
Ескенде самал,
Самғаймын, еркін кеземін.
Жайлаған бабам,
Жаныма жайлы мекенім,
Өзегім менің,
Есілім, еркем, өз елім!

О, туған жер, туған жер,
Атам белін буған жер!
Есілдің ерке суымен
Анам бетін жуған жер!
О, туған жер, туған жер!

Ат дүбірі мен ащы айқай, дауылдатқан дабыл мен сартылдаған қару-жарақ үні әнді күрт үзіп жібереді.

Әндетіп келе жатқан Тілеке батыр мен серіктерін естек батырлары Бағанаты бастаған, Сары, Шуда қостаған жасақ қоршап алады.

Шуда (*екпіндеп, еліріп):* Әй! Есілдің жағасында еркінсіп келе жатқан сендер кімсіңдер?

Тілеке (*мысқылдап):* Уәй! Әй-шәй жоқ әкіреңдеп, есіріп тұрған сен кімсің?

Шуда: Менің атымды естісең, атыңнан ұшып кетерсің! Ха-ха-ха! *(Басқалары қосыла күледі: Ха-ха-ха! Бағанаты ғана үнсіз, таудай болып, алыстан бақылап тұрады).*

Тілеке (*мысқылдап):* Ә-ә, естіген адам атынан құлап қалатындай, атың сондай жиіркеніште, өзің сондай жексұрын ба едің?

Шуда (*қылышына қол салып):* Тарт тіліңді!

Тілеке (*қылышына қол салып):* Өз тіліңе ие бол!

Естек жауынгерлері: Жекпе-жек! Жекпе-жек!

Бағанаты: Жә! Тоқтатыңдар! (*суырылып алға шығып):* Жөн сұраспай жатып, жекпе-жекке шақырғанды қай атаңнан көріп едіңдер!

Шуда: Менің атым Шуда!

Тілеке: Ха-ха-ха! Осы ма қорқытқан атың? Шуда болмақ түгілі, буда-буда болсаң да бұға алмадық! Ал, мен атығай Тілеке батырмын!

Сары: Кім болсаң да бізге бәрі бір! Аман-сауыңда еліңе қайт! Бұл жерді екінші рет аяғың баспайтын болсын!

Тілеке: Мен өз жерімде қашан, қалай жүріп-тұруды ешкімнен сұраған емеспін! Және сұрамаймын да!

Шуда: Әй, не оттап тұрсың!?

Сары: Бұл жер біздің жер!

Тілеке: Жоқ! Біздің жер! Ежелден бері біздікі!

Сары: Біз, естектер, Есілдің бойын еркін жайлап, ескен желмен бірге ойнап өскен елміз!

Тілеке: Желмен келсең, желмен бірге кетерсің!

Шуда: Шынымен сенің жерің бе?

Тілеке: Менің жерім!

Шуда: Мә ендеше! (*қылышпен салып қалады. Тілеке қалқанымен қағып тастайды).* Менің жерім деп меншіктегің келген екен, осы жерде мәңгі жатарсың!

Тілеке: Көрерміз кімнің жатқанын!

Бағанаты *(ақырып, арашалай береді):* Тоқтаңдар! Тоқтатыңдар!

Жансыз (*Бағанатының тізгініне жармасып):* Сіз кіріспеңіз! Жастарды бөгемеңіз! Қазірден қазақтардың бетін қайтарып тастамаса, бұл жерге бір табан тіреп алған соң, сіздерді маңынан да жүргізбейді! Жандарал мырза да осыны айтып, сіздерді қолдап отыр!

Бағанаты бөгеліп қалады. Басын шайқап, бақылап тұрады.

Тілеке мен Шуда жекпе-жек шайқасады. Ақырып соғысады.

Екі жақтың жасағы қиқулап, өз батырларын қолдап тұрады.

Тілеке бір кезде Шуданы өлтіреді.

Сол кезде ақырып Сары шығады майданға.

Тілекемен аянбай шайқасады. Бір кезде, Сары жеңіліп бара жатқанда, қойнынан орыс пистолетін алып шығып, Тілекені тарс еткізіп атып түсіреді. Тілеке құлап түскенде екі жақтың еліріп тұрған жігіттері сап тиылып, қалшиып қатып қалады.

Тілеке *(жанталасып жатып, жауларына айбарлы сөзін айтып кетеді):* Тұра тұрыңдар! Менің бауырым Құлеке тірі тұрса, кегімді алмай қоймайды! *(жан тапсырады).*

Бағанаты: Әй, ағаттық болды-ау, әттең! Жерге талас болсақ та, түбіміз бір ел едік... Дауға барсақ та, бітімге келер ме едік? Енді ердің құнына қалдық... Қиюы кеткен, қисыны жоқ іс болды. Қан төгілген соң қиын!

Сары: Қан... Қан... Немене қан? Соғыс болған соң қан төгілмей қоя ма? Егескен ерлер дұшпанын жер жастандырмай тұра ма? Келсе келсін Құлеке! Содан келген керді көріп алдым! Қайда барар дейсің? Бітімге көнер... Көнбесе... Құдайынан жаңылсын, қараңғы түн жамылсын, аюды соққан алыпқа, қой боғындай бір қорғасын жалынсын! *(пистолетін сүйіп, қойнына тығады).*

Бағанаты: Жә! Болар іс болды! (*өз жігіттеріне):* Тоқтаңдар! Осымен тоқтатыңдар соғысты! Батырдың сүйегін жігіттеріне беріңдер! Біз аруақпен соғыспаймыз! *(Естектер Тілекенің денесін тастап, аулақ кетеді. Бағанаты қазақтарға батырдың денесін алып, тыныш кете беріңдер дегендей, қолымен ишара қылып, әскерін алып кетеді).*

Қазақ жауынгерлері Тілекенің денесін айқастырған найзаға салып, көтеріп алып кетеді.

9-Көрініс

Құлеке батырдың ауылы. Қара шашақ байланған ұзын болат найза қара үйдің белдеуінде шаншулы тұр. Қаралы ауылда Құлеке батыр жақындарымен ауыр ой үстінде отыр. Қобыз үні күңіреніп, қасірет күйін жеткізеді.

Ақырын басып жас сарбаз келеді.

Жас сарбаз *(Құлекеге):* Аға! Балта керей Тұрсынбай батыр бастаған керейдің қосыны келе жатыр!

Құлеке ақырын басын изейді.

Тұрсынбай батыр келеді. Құлекемен құшақтасып, көріседі.

Тұрсынбай: Уа, Құлеке батыр! Сенің бауырың – менің бауырым! Сенің қайғың – елдің қайғысы! Сен жалғыз емессің, Құлеке! Жаныңда қалың қазағың бар! Өзіңмен тізе қосып, жауға қарсы аттанғалы келдім!

Құлеке басын изеп, ризашылығын білдіреді. Қолын көтеріп, жігіттеріне белгі беріп: «Аттан!» деп ұран салады. Қалың қол аттандап, аруақтап ұран шақырып, жауға аттанады.

10-шы көрініс

Құлеке мен Тұрсынбай бастаған атығай мен керейдің қолы бірге аттанып, майданға келіп, шеп құрып тұрады.

Тұрсынбайдың бойы атты кісідей биік, найзасы екі-үш құлаш, өте ұзын екен.

Оларға қарсы Таймас батыр бастаған естектің қалың әскері қарсы келеді.

Жекпе-жекке Таймас батыр шығады.

Таймас:

Уа, мен атақты батыр Таймаспын!
Жанып тұрған алмаспын!
Қарсы шыққан қазақтың
Басын алмай қоймаспын!
Жаудың қаны бал татиды,
Уыстап ішпей тоймаспын!

Тұрсынбай (*майданға беттеп, ұзын найзасын үйіріп):*

Таймаспын деп таңқима,

Қайқайтып найза салғанда
Таймағаныңды көрейін!
Адамыңа жолықтың,
Атой салып майданда,
Ойнағаныңды көрейін!
Өз қаныңа өкіртіп,
Аузы-мұрныңды батырсам,
Тоймағаныңды көрейін!
Уа, мен балта керей Тұрсынбай батырмын!
Сендейлерді талай жапырдым!
Доспен жылы сөйлесіп,
Жауды көрсем ақырдым,
Арыстандай атылдым!
Аруақ! Аруақ!

Екі батыр қаһарланып, қиқулап, ұран салып, бір-біріне қарсы ұмтылады. Арлы-берлі шайқасып, байқасқаннан кейін, шындап кіріседі. Құйғытып келіп сайысқанда, балта керей Тұрсынбай батыр Таймасты ұзын найзасымен бір-ақ ұрып, ат үстінен іліп әкетеді. Сол күйінде көкке көтеріп алып, үйіріп, үйіріп, лақтырып жібергенде, Таймастың өлі денесі ұшып барып, көлге күмп ете түседі. Қазақтар қиқулап, арқаланып кетеді. Жаудың жүні жығылып, қашуға айналады.

Тұрсынбай (*Құлекеге):* Құлеке бауырым! Мен мына қашқан жауды түбіне дейін қуайын, түгін қоймай қырайын, тірі қалғанын жерімізге қайтып келместей қылайын! Бұлардың енді бір қалың қолын Бағанаты батыр бастап келе жатыр. Оларды осы жерден өзің тосып аларсың!

Құлеке: Аттан, Тұрсынбай батыр, бауырым! Бағанатыны маған қалдыр!

Тұрсынбай батыр өз қолымен аттанып кетеді. Құлеке қолы: «Ақжол! Аруақ!» – деп, ұрандап шығарып салады.

Оңаша қалған Құлеке ойға батады. Құлағына қобыз сарыны келеді.

Сол уақытта ащы айқайға басып, қиқулап Бағанаты батыр бастаған, Сары қостаған естек әскері қаптап келеді. Жаудың әскері: «Бағанаты! Бағанаты!» – деп ұрандап, қиқуы күшейеді. Сары қолдың алдына түсіп, қаруын оңды-солды сермеп, тақап келеді. Құлеке батыр арыстандай атылып, қылыш, найзасын зуылдата сілтеп, Сарыны жайратып тастайды.

Құлеке: Алашымның намысы мен ары үшін! Жайғастырдым дұшпанның менменсіген Сарысын! Енді Бағанатының басын тартсам алдыңа, Тыныш ұйқта, Тілекедей арысым!

Жау жағынан Бағанаты батыр ат ойнатып, майданға шығады.

Бағанаты: Жекпе-жек! Жекпе-жек! Шық бері, батыр қаз-з- зақ! Менің атым Бағанаты батыр! Сары бауырымның қанына қан алмай қоймаймын!

Қазақ жағынан жекпе-жекке Құлеке батыр шығады.

Құлеке: Уа, Бағанаты, бермен кел! Менің атым Құлеке! Сенің мойныңда ағам Тілекенің қаны бар! Елімнің, жерімнің кегі бар! Жауап беретін кезің келді!

Бағанаты: А-а, Құлеке деген сенбісің? Өзіңді бір көруге құмар едім! Амал не, қан майданда кездестік!

Құлеке: Ал, ендігі сөзді қылыш айтсын! Тағдырды алдаспанның жүзіне тапсырдық!

Батырлар жекпе-жек шайқасады. Екі жақтың әскері қиқулап, аруақ шақырып, ұр, соқ деп ұрандап, дабыл қағып, дауылдатып тұрады. Екі батыр шоқпармен соғысып, қалқанмен қағысып, қылышпен шабысып, найзамен сайысып, бірін-бірі ала алмай, аяғында ат үстінде алысып, армансыз айқасады. Ақырында, Құлеке жеңуге айналып, жауына қанжар салады.

Бағанаты ауыр жараланып, атынан құлап түседі. Құлеке қылышын айналдыра сілтеп, оған төніп келеді. Жаны алқымға келген Бағанаты: Құлеке батыр, бір ауыз ақтық сөзімді тыңда!

Құлеке: Айт!

Бағанаты: Жақын ел едік! Жаттың алдауына сеніп, айтқанына көніп, айдауында жүрдік! Жалған дүниеде жағаластық, жауластық! Жерге таласып едік, сондағы тапқанымыз осы ма? Біріміз ердеміз, біріміз жердеміз, біріміз көрдеміз! Кеше ағаң Тілеуке жер жастанды! Енді бүгін мен де жер құшып жатырмын! Уақытың жеткенде сен де құларсың, Құлеке! Ердің басын ер сыйлаған ел едік, ақтық тілегім – сүйегімді қорлатпай, ит-құсқа жем қылмай, осы қырдың басына адамша жерлеп кет!

Құлеке: Бердім тілегіңді! Атадан асып туған ер едің, Бағанаты! Әттең, амал не, білекке – білек, тілекке – тілек қоса алмадық!

Бағанаты жан тапсырады.

Құлеке жау да болса оның тілегін орындап, төбе басына жерлейді.

Құлеке: Бұл жер бұдан былай Бағанаты деп аталсын!

Жас сарбаз: Бұл қалай, Құлеке аға? Жаудың аты өшсін! Қасиетті жеріміздің атауын қалай қиып бермексіз?!

Құлеке: Сөзіңнің жаны бар, бауырым! Бірақ, уақыт өтер, талай тарих ұмытылар. Ел есінде жердің аты қалады, ұрпақтан ұрпаққа кетеді. Міне, сонда сол атқа байланған тарих та сақталады! Бұл жаудың батырына қойылған белгі емес, бабалар тарихының белгісі екенін түсінеді келешек!

Батырлар ойға шомып, ауылға аттанады.

Екінші акт.

11-ші көрініс

Абыз Шал ақын: Арада талай жылдар өтті. Құлеке батыр есейіп, ел ісіне араласа бастады. Ақыл-ойы толысып, найзагер батыр енді мәмілегер биге айналды. Абылай ханның оң қолы, ең жақын ақылгөйлерінің бірі болды.

Абылай ханның айтқанын екі етпей, қиюы кеткен істің орайын еппен келтірді. Шүршіттің де тілін тауып, кем-кетігін толтырды! Ақыл-айласы ай-әлемді алты орайтын, қатпар-қатпар ойының тереңіне бойлатпайтын, ұшығына шығармайтын қытай төрелерімен терезе теңестіре сөйлесіп, қазағының жоғын жоқтап, мүддесін қорғай білді. Ел мен ел егессе – кесапат, қасірет, оның арты – жанған өрт! Жауласудың жалыны жан-жағын жалмап, бейбіт елге сор болар! Оның алдын алып, көршілес елдер келісімге келіп жатса, барша жұртқа жақсылық емей немене?! Міне, ханның елшісі, халықтың мәмілегері Құлеке батыр қазақ елінің тыныштығы үшін арандай ашылған аждаханың аузына барып тұрып, бітімгершілік жасады, бейбітшіліктің елшісі бола білді.

Бірақ, кейде амалың бар ма, бітімге келмей, білектің күшіне жүгінетін кездер де болмай қоя ма? Іргедегі көшпенді, жауынгер жоңғарлар қайта-қайта қазақтың мазасын алып, шапқынын тияр болмады. Қорлыққа қазақ көнер ме, елін жауға берер ме? Абылай хан бас болып, батырлар шықты майданға! Қahармандардың алдыңғы қатарында қасқайып шапты Құлеке!

Алаш атқа қонғанда,
Жоңғарды түре қуғанда,
Тобыл менен Ертістің,
Арасы елге толғанда.

Атығайдың қолын бастап жауға шауып, қалың қазағымен тізе қосып, ту түбінде таудай болып бірге тұрды! Бірақ, қиынның қиыны, түйіннің түйіні әлі алда болатын!

12-ші көрініс

Абылай ханның Көкшетаудағы ордасы. Ақ орданың төріндегі тағында отырған хан, Құлекені оңына, Құлсарыны солына отырғызған.

Абылай хан: Уа, Құлеке, Құлсары батырлар! Сіздерді әдейі шақырған себебім – сөйлесетін сөз бар. Көшпенді қазақтың өрісі тарылып барады. Заманның беті қалай бұрыларын кім білсін?! Екі оттың ортасында, екі алыптың арасында отырмыз. Есілге таласқан естек оңай жау емес. Қиқулатқан қалмақ тағы бар. Алайда, алынбайтын қамал да емес! Бірақ, бұлардың арғы жағы қиын! Артында кім тұрғанын ойлап көр! Олармен байқап сөйлес, тілін тап, жөнге келтір. Оған батырлықтан бұрын ақыл, айла керек!

Құлсары: Айла мен пайданы үйрене алмай-ақ қойды ғой қазекең!

Құлеке: Аман қалғысы келсе, бәрін де үйренер! Заман үйретпей қоймас!

Абылай: Үйренсеңдер, ақылды да айлалы алып көршімен қас болмай, дос болған жақсы! Жас кезімде патша бекіністерін шауып алмақ болғанымда, Бұқар жырау ағамыз тоқтатып еді!

«Өтіңменен жарылма,
Өкпеңменен қабынба,
Орыспенен соғысып,
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба!

– деген сөзі мәңгі есімде!

Құлеке: Жөн сөз, алдияр хан ием! Ұрпақтан ұрпаққа үлгі қылар лық сөз! От қарулы, ормандай қалың орысқа ат ойнатып абырой таппаймыз! «Білегіңмен емес, білігіңмен тіл табыса алсаң, ел іргесі тыныш болар! Елірменің тіліне ерме, еліңді ойла!» – деп, батырсынған жастардың жетесіне жеткізе беру керек!

Құлсары: Ел таразысын аңдамайтын есерлерге еруге де, ерік беруге де болмайды! Шолақ найзаларын шошаңдатып, шауып алатындай еліріп жүргендер қаншама! Соларға: «Сойылыңды сайламай, сойыңды ойла!» – деп, басу айтпасақ, ел арасына от жаққысы келіп жүргендердің жетегінде кетпесіне кім кепіл!?

Абылай хан: Бақалар бақылдап, шаяндар шағады екен деп, алған беттен ат басын бұрар жайым жоқ! (*Сәл бөгеліп):* Патшадан хат келді!

Құлеке: Тыныштық па, әйтеуір?

Абылай хан: Көңіл күпті, Құлеке! Патшаның кәрі күшті, зәрі қатты!

Құлеке: Талабы қандай?

Абылай хан: Талабы ма... талабы... « Керуенімді тонаған қарақшыларыңды тый! Мұрынан тізіп байлап бер!» – дейді.

Құлеке: Ал сіз не дейсіз?

Абылай хан: Біз не деуші едік? Біз ойланамыз... Антымызға адалмыз деп, алдап-сулаймыз... Бірақ, оған жандаралдар алданатын емес. «Даладағы қарақшыларыңды тый! Оған шамаң келмесе, оныңды айт, кететұғын жөніңді айт!» – деп отыр.

Құлеке: Қарақшыларды тиятын кез келді ғой расында!

Абылай хан: Оңай болса, баяғыда тимас па едік? Қайдан, қашан келерін жан білмейтін, құйындай соғып өтетін дала көкжалдарын ауыздықтап көр, мықты болсаң! Бірақ, жандарал оған қарай ма? «Ақ патшаның алдына жауабыңды алып, елшің келсін!» – деп қадалып отыр. Бас тартуға болмайды! Осы қиын сапарға өзіңді лайық көріп отырмын!

Құлеке: Әміріңізге құлдық, алдияр! Орыстың ордасын да көріп келейік!

Абылай хан: Ауылың да қашық емес, аралас-құраласың бар. Тілін де ептеп білесің. Орыс жандаралдары өзіңнің де, Құлсары батырдың да атына қанық!

Құлсары: Бармақ басып, ант бердік қой... өзіңіз бастап, алдияр!

Абылай хан: Бармағымызды бастық екен деп, бауырына кіріп кетеміз бе? Ант бердік екен деп, алдында тізе бүгіп, аузына қарап отырамыз ба?

Құлеке: Жоға!

Құлсары: О не дегеніңіз!?

Абылай хан: Аузыңды аяйсың ба, айта бер! Бармағыңды аяйсың ба, баса бер! Бірақ, түп есебің өзіңде болсын! Олар да өз елін ойлайды! Біз де ойлайық! Елдің еркіндігі, жердің тұтастығы бәрінен де маңызды екенін ешқашан есімізден шығармауымыз керек!

Құлеке: Сол үшін де аттан түспей жүрміз ғой! Қарсыласыңды алдасаң да, халқыңды алдама деген бұрынғылар!

Абылай хан: Құлеке, Құлсары батырлар! Шүршіт, қалмақпен де бітімге келіп, мәмілегер болып көрдіңдер. Енді мына іргедегі

орыс патшасына барып, сөйлесіп келіңдер. Бізге бәрінен жақыны да – осы орыс. Қытайдың темір ноқтасынан гөрі орыстың қайыс ноқтасы дұрыс шығар. Тіпті болмағанда, орысқа түріміз келмейді, ішінде жүрсек те сіңіп кетпеспіз. Қазақ екеніміз көрініп тұрады ғой. Ал, шүршіт жұтып қойса, көмейі бүлк етпес. Қайда кеткенің де білінбес. Қалың қытайдың ішіне бір кірсең, ұрпағыңды таба алмай қаларсың деп қорқамын! Бір жағымызда – патша... Бір жағымызда – боғдыхан... Бұларға бодан болмай, бас еркімізді бермей, көп жаудың бірін шауып, бірін арбап, бірін алдап арпалысып-ақ келе жатырмыз! Бірақ, ертең жерімізді жауға бастырмай, еркін ел болып қаламыз ба, жоқ па?! Менің қабырғамды қайыстыратын сұрақ осы!

Құлеке: Біздің де уайым сол!

Құлсары: Бүкіл елдің уайымы!

Абылай хан: Артымызда сан қилы тарих... Арқамызда ауыр жүк... Алдымызда ұзақ жол жатыр! Ата-баба аманатын адал атқарып, жас ұрпақты аман-есен өсіріп, алаштың ақ туын қолдарына тапсырып кету – қасиетті парыз! Сол жолда, сол парыз, міндетті орындау үшін аттаныңдар, батырлар! Сіздерге Алла жар болсын, Алла сүйген ата-бабаларымыздың аруағы қолдап, желеп-жебеп жүрсін!

Батырлар: «Әумин!» – деседі.

13 көрініс

Құлекенің ауылы. Құлеке Петерборға, орыс патшасына елшілікке жүргелі жатыр. Сандық оның керек-жарағын түгендеп, қоржынға салып жүр.

Сандық: Ақ жол тілеймін, батырым! Алыс сапар, ауыр сын! Орыс патшасының ордасын ата-бабамыз көрген емес! Аман-сау, абыроймен оралуға жазсын!

Құлеке: Әкеңіз Төле би бар қазақтың данасы еді! Бар баламның анасы да, панасы да өзіңсің, Сандықжан!

Сандық: Бір ауыз сөзіңізден жаным садаға, батырым! Алаң болмаңыз ауылға! Алға қарап, ауыр міндетті абыроймен атқаруды ойлаңыз!

Құлеке: Абылай хан адам таппай қалған жоқ шығар. Мұндай үлкен істі Құлсары батыр екеумізге сеніп тапсырып отыр!

Сандық: Батырым! Орыстың әйел патшасын біздей көріп қалмаңыз!

Құлеке: О не дегенің?

Сандық: Елдегідей еркінсіп: «Әй, қатын!» – деп жүрмеңіз!

Құлеке *(күліп):* Заты әйел болса да, патша аты бар ғой… байқармыз!

Сандық: Неше жерден патша болса да, сіздің әйел затының алдында қол қусырып, иіліп тұрғаныңызды көзіме елестету қиын!

Құлеке: Елші міндеті – елдестіру! Еліміздің бақ-мерейі үшін кіммен болса да тіл табысуға тура келеді!

Сандық: Аты кім дедіңіз… падишаның?

Құлеке: Анна Ұйан… Ойан қыз… Жуан қыз… Жо-жоқ… Иоанн қызы… Анна Иоанн-обы-на!

Сандық: Онда сіз келгенше мен де ауылда Сан-на Төле-ее-обына бола тұрсам қайтеді!

Құлеке *(күліп):* Таппайтының жоқ-ау, Сандықжан! Әлде, саған да патша даңқының салқыны тиді ме?

Сандық: Сіз елшілікке барады екен, орыс патшасымен кездеседі екен, ол патша әйел екен дегенді естігелі, жалғыз мен емес, ауылдағы барлық қатын-қалаштың құлағы көтеріліп, қақаңдап қалды!

Құлеке: Ал? Сонда не дейді?

Сандық: Орыстың қатындары патша болғанда, біз неге болмаймыз деп, кәдімгідей танаурап жүр!

Құлеке: Сыныктан өзгенің бәрі жұғады деген… Бәлесінен аулақ! Әр әйел өз отының басында патша, өз қалпында сұлу! Сабырға шақырып, сабаларына түсіріп қоярсың! Байбатшадан да бәйбіше деген атың артық емес пе?!

Сандық: Сөзіңізге құлдық! (*Қоржындарды қамдастыра береді. Тілеуке – Шал келеді).* Балам, мыналарды арбаға апарып сала ғой! *(Тілеуке қоржындарды іліп алып кетеді).* **Сандық Құлекеге***:* Тілеукені бауырыма салғанда, көзімнен жас, жанымнан нұр төгіліп еді! Тұла бойым иіп, ақ сүтім ағылып еді! Осы балам ақын болар деп болжап едім кішкене күнінен! Өйткені, анарымды домбыраның шегіндей шертіп ойнап, ыңылдап жатып ұйқтаушы еді! Айтқаным айдай келді! Жас та болса, Атығайдың ақыны атанып, құдайға шүкір, жарқырап келе жатыр!

Құлеке *(толқып):* Төле биден тараған сенің өнегең дарыса, жаман болмас деп, өзім де осы баламнан көп үміт күтемін!

Сандық: Бүгінде Тілеуке айтты деген сөздер ауыздан ауызға көшіп, ел ішіне тарап кетті!

Құлеке: Апырмай, шынымен солай ма? Қане, бір ауызын айтып жіберші!

Сандық: Қайсы бірін айтайын, қапелімде?! Ал, мінеки, тыңдаңыз:

Сөйлеп қал, қызыл тілім, жақ барында,
Кеудеде ақыл, маңдайда бақ барында.
Мың сайтан, жүз пәлекет қамаса да,
Бір тәңірі қағып шығар сақтарында!

Құлеке: Пах! Мынау баланың емес, дананың сөзі сияқты екен!

Сандық: Сізді де алыс сапарда жүргенде бір құдай өзі сақтасын! *(Тілеуке қайтып келеді).*

Шал: Әке, менің тұлпарымды былтыр хан қызығып сұраған соң, бердіңіз. Бәйгеге қосып, құмарынан шыққан шығар. Осы жолы неге атымды сұрап әкелмедіңіз?

Құлеке *(мүдіріп, сәл күмілжіп):* Ол оңай шаруа емес-ау, балам!

Шал: Неге? Өз атыңызды өзіңіз сұрағанның несі айып?

Құлеке: Ер жігіт елдің жоғын жоқтағанда батыл! Ал өз жоғын сұрауға келгенде ұялыңқырап тұрады.

Сандық: Жөн айтасыз! Бірақ, ер жігіт өз жоғын өзі іздемесе, біреу тауып бермес!

Шал: Біріңіз батыр, біріңіз хан! Бір баланың атын саудаға салатындай не болды? Атымды берген өзіңіз! Өзіңіз сұрап алуыңыз керек еді!

Құлеке: Әй, балам-ай! Болмадың ғой! Ақылды ақын болсаң, өзіңе келер сөзді алдын-ала болжай білгенің жөн!

Шал: Ат біздікі! Бәйгеге қосуға сұратып алған хан! Енді иесіне қайтару керек қой! Бұл жерде басқа қандай сөз болуы мүмкін?

Құлеке *(күрсініп):* Хан маған: «Даланың аманатын арқалап, патшаға бара жатып, баланың жаман атын сөз қылғаның қалай?» – десе, мен жерге қарамаймын ба?!

Шал: Жақсы ат – жарты патшалық деген бұрынғылар!

Құлеке: Тұлпар – тұтас патшалық болса да, Абылайдан ат даулағанды ар көремін!

Шал: Онда өзім сұрап алайын! Маған ханға баруға рұқсат етіңіз.

Құлеке *(мазақтап):* Өй-дөйт! Оп-оңай! Ханға бара қойсаң, атыңды ала қойсаң, ә?! *(салмақпен):* Қой, балам, жақсылықпен қоя ғой! Айтысуыңа атығай-қарауылдың қыз-қырқын, қатын-қалашы да жетер! Ол аз болса, керейдің кер жорғаларымен жарысып көр! *(кесіп-пішіп):* Ханда шаруаң болмасын! *(Шал үндемей, түнеріп қалады).*

Сандық *(күлімсіреп):* Батыр! Жас кезіңізде өзіңіз қандай едіңіз! Жиырмадан жаңа асқан шағыңызда, менің әкем, үш жүз түгел үлгі

тұтқан Төле биден қыз даулағаныңызды ұмыттыңыз ба? (*Құлекке күліп жібереді).* Тілеукенің бетін қайтармаңыз! Нағыз ақын хан-қараға бірдей сөйлер! Халықтың алдында сайраған тіл ханның алдында байланар дейсіз бе?! Рұқсатыңызды беріңіз!

Құлеке *(сәл ойланып, қабағын түйіп):* Жарайды! Таңдайыңды тақылдатып, айтқаныңды мақұлдатып көре ғой! Қолыңнан келсе... Байқа! Ақын екенмін деп, аузыңа келгенді сөйлеп, ханның қытығына тиіп кетіп жүрме! Ат сұраймын деп барып, жақсы атыңнан айырылып, масқара болып жүрме, әйтеуір!

Шал (*қуанып):* Ұқтым сөзіңізді!

Құлеке: Ал, ұқсаң, солай! (*жолға қамдана береді).*

14 көрініс

Хан ордасы. Орда алдында Абылай хан жас ақын Шал – Тілеукемен әңгімелесіп отыр.

Абылай: Ағайын арасында сені ақын деп жүр екен... Ақын деген үлкен ат, ауыр жүк. Ал, қане, ақын болсаң, сөйлеп көрші... Аталарыңның ерлігін айт, Атығайдың елдігін айт!

Шал (*сәл қысылыңқырап, баяу бастап, бірте-бірте көсіле береді):*

Сөйлеп қал, қызыл тілім, арыс келді,
Алдыңа сөйлейтұғын намыс келді.
Сөйлеп қал, қызыл тілім, осындайда,
Қысқарып ұзын дүние қарыс келді.

Сөйлеп қал, сөйле, тілім, иең келді,
Алдыңа сөйлейтұғын жүйең келді.
Сөйлеп қал, қызыл тілім, осындайда,
Қысқарып ұзын дүние сүйем келді.

Тілесе берер тілек бір құдайдан,
Орта жүзде хан өтпес Абылайдан.
Абылайдың тұсында құтпан болған,
Сөйлейін Баян, Қанай, Жолдыбайдан.

Құдай жақсы жаратқан Нұрекені айт,
Елде жақсы бар болса, бер-екіні айт.
Атығайда төрт қасқа батыр өткен,
Жантелі, Жәпек, Құлеке, Тілекені айт!

Абылай хан *(риза болып, басын изеп, қолын көтеріп, тоқта дегендей белгі береді. Ақын тоқтап, ханға қарап, үнсіз отырып қалады):* Жарайсың, Тілеуке, тусаң ту! Дарынды екенсің – сөзің нанымды, көпке жағымды болсын. Жас та болсаң, қариялардай күңіреніп толғайды екенсің! Және шапшаң, шалымды екенсің, мен сені бұдан былай Шал ақын деп атадым!

Шал: Хан ата, тілегіңізге рахмет! Қойған атыңыз маған құт болсын, жалғыз болмай жұп болсын! Әкем Құлекеден бәйге атымды алып едіңіз. Соны қосып беріңіз!

Абылай *(күліп, әрі сынай қарап):* Сырты түк, іші боқ бір мал жоғалып та кетпей ме? Мінем десең, әкеңнің малы жетпей ме? Сол мәстекті несіне сұрай бердіңдер? *(Шал үндей алмай, төмен қарайды).* Сұраған сен айыптысың ба? Сұратқан мен айыптымын ба? Ал, атыңды өлеңмен сұрап ал! Өлеңің жақса, ат сенікі, жақпаса менікі!

Шал ештеңе дей алмай, бөгеліп қалады. Сол кезде күн күркіреп, жаңбыр жауады. Хан мен ақын үйді ықтап, қалқада жан-жаққа қарап отырады.

Сол кезде маңыраған аяныштy дауыс естіледі. Қараса, бір кішкентай ақсақ тоқты балшыққа тайып жығылып, талдың түбінде тыпырлап жатыр екен. Су өтіп, суықтан өліп қалса обал болар деп, хан орнынан тұрып, жаңбырға да қарамай, шалшықты кешіп барып, тоқтыны көтеріп апарып ықтасынға жатқызады. Мұны көріп отырған Шал ақын ханға қарап тұрып, өлеңді қоя береді.

Шал:

Құдайдың мен көнемін салғанына,
Бала едім, Шал боп шықтым алдарыңа.
Ханымыз қандай дархан, қайырымды,
Қазақтың қамқор болған мал-жанына!

Абылай (*риза болып):* Бәрекелді! Сөз-ақ!

Шал:

Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің,
Қойға пана болмайды тал дегенің.
Жаңбырда шалшық басып, тоқты арқалап,
Хан ата, қалай екен мал дегенің!

Сыйлайды ханымыз деп үлкен-кіші,
Біреудің хақын жемес жақсы кісі!
Тақтағы хан, таптағы биді еңкейткен,
Хан ата, қалай екен малдың күші!

Хан (*күліп жіберіп):* Пах, шіркін! Тауып-ақ айттың! Аталы сөз айтатын адам қалмаса, ел сорлы, аталы сөзге құлақ асатын ханы болмаса, халық сорлы! Қауып сөйлеген ақын – дүрегей болар, тауып сөйлеген ақын дүр болар! Әркімнің айтқанымен жүрген, айтағына үрген ақын емес, адалынан сөйлеп, әділін айтқан адам – ақын! Осы жолыңнан танба, Шал ақыным! Атыңа бір ат қосып қайтардым!

Шал риза болып, қуанып, ханға бас иіп құрмет көрсетеді.

15 көрініс

Құлеке мен Құлсары бастаған қазақ елшілері Санкт-Петербургте. Патша жандаралының кеңсесі. Жандарал Құлекені қабылдап отыр.

Жандарал: Құрметті елші мырза Ку-ку-куля... Кулик... как там... Ку-лек!

Құлеке (*сабырмен, жымиып):* Құлеке... Кулеке, жандарал мырза!

Жандарал: Иә, иә, Куляке мырза! Ұлы орыс патшалығының астанасы Санкт-Петербург – Әулие Петр қаласына қош келдіңіздер!

Құлеке: Мархабат!

Жандарал: Сіздерді патша сарайының аса мәртебелі, жауапты басшысы генерал мырза өзі қабылдайды!

Құлеке: Біз жандаралға келген жоқпыз! Мен ұлы мәртебелі патшайымның өзіне жолығып, қазақтың ханы Абылайдың арнайы хатын тапсыруым керек!

Жандарал: Әлбетте, әлбетте, әрине. Бірақ, ұлы мәртебелі патшайымның аса маңызды мемлекеттік жұмысы өте көп! Уақыты тығыз! Әркімді қабылдай беруге мүршасы да келе бермейді! Даланың еркін жабайылары... тойыс... жақсы-жайсаңдары сіздер түгілі, Европаның азуын айға білеген айбарлы елдерінің айбатты байбатшаларының өзін қабылдай бермейді! Қабылдаған күнде де небір текті төрелер аудиенцияны... яғни, қабылдауды айлап, жылдап күтіп жататыны бар!

Құлеке: Біз қазақ ханының орыс патшасына үлкен жауапты жұмыспен арнайы жіберген елшілері болғандықтан, тезірек патшаның алдына апаруыңызды өтінеміз. Және де орыс патшасы аса маңызды мәселе бойынша ашық, бетпе-бет сөйлесу үшін қазақ даласынан ханның сенімді адамдарын арнайы шақыртқанын білетін шығарсыз!

Жандарал: Әрине, жақсы білеміз! Сондықтан да сізге айрықша құрмет көрсетіп, мынадай (*қолымен айналдыра көрсетеді)* зәулім

сарайда арнайы қабылдап, кеңесіп отырмыз! Мен сіздің тілегіңізді жоғары мәртебелі генерал мырзаға жеткізіп, тездетіп бір жауабын беруге тырысамын!

Құлеке: Сіздің жауабыңызды асыға күтеміз!

Екеуі лайықты дәрежеде бас изесіп, қоштасады.

16 көрініс

Құлеке мен Құлсары батырлар оңаша әңгімелесіп отыр.

Құлсары: Солай деңіз! Ол жандаралдың ойында не бар? Қалайда бізді патшайымға жолатқысы келмей тұрғаны анық! Байқауымша, бұл бізді менсінбей тұрған сияқты!

Құлеке: Сарала шекпені мен шені жалтырап тұрғанымен, іші қалтырап тұрғандай көрінді маған. Сөздің байлауы – жандаралға ханның хатын бермейміз, сырымызды айтпаймыз. Патшаға кірмей Петербордан қайтпаймыз!

Құлсары: Не болса да сабырмен күтейік! Әдейілеп өзі шақыртқан патша бізбен кездеспеуі мүмкін емес!

Құлеке: Иә, дұрыс айтасың! Бірақ, орта жолдан бәз біреулер басқа жаққа бұрып та кетуі әбден мүмкін! Мен соны ойлап, жоғары мәртебелі генерал-губернатордың кеңсесіне хабар бердім! Кешікпей, бір жауабы болып қалар!

Құлсары: Не көрмеген қайран бас! Жоңғармен де шабысқанбыз, қытаймен де қағысқанбыз, ақыры ақылмен тіл табысқанбыз!

Құлеке: Оларға қарағанда, орыс өзіміз емес пе?! Бір орайы келер! *(Екеуі күліп жібереді).*

Құлсары: Сонда да көңіл күпті! Батыр патшаны, ақын патшаны білуші едік, қатын патшаны кім көрген?! Онымен сөйлесіп, мәмілеге келу де оңай болмас! Қайда болса да, әйелдің аты әйел емес пе?

Құлеке: Мен татар тілмаштан ақырын сұрастырып көрдім. Патшайым, негізі, сүйкімді, ақ жарқын жан дейді. Адамдармен тең дәрежеде, жылы сөйлесіп, сөзін мұқият, ықыласпен тыңдайды екен!

Құлсары: Е-е, жақсы болды ғой!

Құлеке: Және, патша екенін де естен шығармай, өзіне сөзсіз бағынуды талап ететін көрінеді. Біреуге риза болса, ұмытпайды екен. Бірақ, өзін өкпелеткен адамды оңдырмайды дейді!

Құлсары: Апырмай, ә! Тілін тауып, байқап сөйлесерсің, батыр!

Құлеке: Байқармыз! *(күліп).* Бір емес, үш әйелдің тілін тауып жүрміз ғой! Сарай салтанатынан, ағыл-тегіл тіршілік қызықта-

рынан қазына байлығын аямай шашатыны да бар, қолы ашық, жомарт дейді.

Құлсары: Біздің қазекең сияқты десейші!

Құлеке: Және патшайым құс атқанды жақсы көреді екен! Асқан мерген дейді!

Құлсары *(күліп):* Қаның қызып кетіп, құс атудан патшамен жарысып жүрме, батыр!

Құлеке: Астапыралла! Патшамен жарысып жынды болыппын ба? Баяғыда даламызға орыс елінің елшісі келген екен. Кейбір батырлар: «Орыстан аулақ! Осының көзін жойып жіберсек қайтеді?» – десе керек. Сонда үш би көл жағасында кеңесіп отырады. Көлде аққу жүзіп жүр екен. Төле би: «Алар ма еді мына көлдің қуын атып?» – депті. Әйтеке би: «Оғың жазым кетпесін, суын атып!» – дейді. Қаз дауысты Қазыбек би: «Арылмастай пәлеге қап жүрмейік, суға түскен перінің қызын атып!» – деп түйіпті. Сөйтіп, елшіге тиіспей, мәмілеге келген екен!

Құлсары: Иә, ата-бабаларымыздың даналығы жолымызға жарығын түсіре берсе, адаса қоймаспыз!

Екеуі бас изесіп, ойға шомады.

17 көрініс

Патша генералының кең-жарық кеңсесі. Генерал-губернатор мен жандарал қызу әңгіме үстінде.

Генерал-губернатор: Қырғыз-қайсақ ордасынан келген елшілер Құлеке мен Құлсары даланың ең атақты адамдарының қатарынан саналады. Оларға лайықты сый-құрмет көрсетіп, өз дәрежесіне сай қарсы алыңдар!

Жандарал: Осыларға сонша құрмет көрсетіп не керек? Маған салса, бұл жабайыларды Ұлы мәртебелі орыс патшайымының жанына жақындатпас едім! Жақындатпақ түгілі, сарайдың маңынан жүргізбес едім! Осыларды өзіңіз-ақ қабылдап, шығарып салмайсыз ба?

Генерал-губернатор: Мұның болмайды, жарқыным! Дала елшілерін сарайдың өзі арнайы шақыртып отыр!

Жандарал: Сарайдың өзі шақыратындай бұларға тіреліп қалған қандай маңызды мәселе болды екен?

Генерал-губернатор: Аса маңызды, мемлекеттік мәселе, жарқыным! Мемлекеттік! Сондықтан, ханның елшілеріне кедергі жасаймын деп жүріп, жардан жығылып қалмауыңызды ойлаңыз!

Біз үшін хан елшілері тез арада патшайымның қабылдауында болып, түйінді мәселенің біржола шешілгені тиімді!

Жандарал: Солай деңіз... Құп болады! Дегенмен...

Генерал-губернатор: Оның астары бар, қымбаттым, астары... Мәселенің арғы жағына ой жүгірткеніңіз жөн.

Жандарал: Ойланатын не бар? Бәрі де түсінікті емес пе? Бұл қырғыз-қайсақтар ақ патшаға адал бодан болуға ант берді! Енді олардың билігі біздің қолымызда ғой...

Генерал-губернатор: Асықпа, жарқыным, асықпа... Бұлар әлі де күшті! Асау, тарпаң! Тізгінін қатты тартсаң үзіп кетіп, құйындай құйғыта жөнелуі мүмкін! Желдей ұшқан жүйріктерді құла дүзден тауып көр! Ұзын арқан, кең тұсаумен алдап, арбап, бұғалыққа... бодандыққа біртіндеп үйретуіміз керек!

Жандарал: Үзгенде қайда барады дейсің?

Генерал-губернатор: Қайда барады дейсің... Барады, баруы мүмкін... Баратын жері бар! Біздің қаупіміз де сол!

Жандарал: Қоқан ба? Хиуа ма? Бұқара ма? Олар да біздің болашақ бодандарымыз емес пе?

Генерал-губернатор: Жоқ, қымбаттым, әрірек ойла, тереңірек бойла! Қытай тұрған жоқ па далаға төніп!

Жандарал: А-а, иә... есімде... білемін...

Генерал-губернатор: Білсең соны абайла! Абылайды абайла! Ол орыс-қытайдың арасында айласын тауып, екі жағын да алдап соғуды ойлап жүрген ақылды хан! Егер біз ақырындап, амалын тауып, алдап-сулап өзімізге тартпасақ, бұлар қытай империясына қарай аунай салуы мүмкін! Ал бізге қырғыз-қайсақ даласына қытайды кіргізіп қоюға болмайды! Бұл стратегиялық қателік болады! Сондықтан, көшпенділердің андай-мындай еркеліктерін көтеріп, оны-мұны беріп, алдап-сулап тұрғанымыз әбден жөн!

Жандарал: Маған салса, оларға берген сыйлықты өзіміздің офицерлерге бөліп берер едім!

Генерал-губернатор: Жөн айтасың, генерал мырза, әбден жөн! Бірақ, дала батырларын өзімізге тарту – басты міндет! Құлеке – қол бастаған батыр ғана емес, дала заңына жүйрік би, ел арасын бітімге келтіріп жүрген мәмілегер! Ол Абылай ханның аса сенімді адамдарының бірі! Асау мінезді, асқақ Абылай ханмен тіл табысу қиындай бастағанда, бізге Құлеке сынды сабырлы, саясаткер билер өте керек! Ұқтыңыз ба?

Жандарал: Дәл солай!

Генерал-губернатор: Ұқсаңыз, елшінің мәселесін тез арада шешуіңіз керек!

Жандарал: Құп болады!

18 көрініс

Орыс патшасы Анна Иоанновнаның сарайы. Зерлі, өрнекті, айбынды алтын тақта жалт-жұлт еткен, қымбат, әсем киімдер киген, алтын тәжі жарқ-жұрқ еткен, толықша денелі, қара торы, қара шашты, шырайлы, жылы жүзді, көк көзді, сымбатты патшайым тіп-тік болып, сән-салтанаты жарасып отыр. Есік жақта екі жандарал сымдай тартылып тұр.

Сарай қызметшісі *(әскери тәртіппен кіріп, салтанатты дауыспен хабарлайды):* Ұлы мәртебелі патшайым! Сіздің талабыңыз бойынша қырғыз-қайсақ сұлтанының елшісі Құлеке батыр қабылдауыңызға келіп тұр!

Анна Иоанновна *(қолымен ишара қылып, мақұлдағандай белгі береді)*: Шақырыңыз!

Генерал-губернатор *(ақырын дауыспен):* Кірсін! Бастап алып келіңіз!

Жандарал *(сарай қызметшісіне ақырын сөйлеген болып, бірақ генерал-губернатор естісін дегендей әр сөзін салмақпен қадап):* Дала көшпендісіне ұлы мәртебелі патшаның алдында өзін қалай ұстау керектігін түсіндірген шығарсыз деп ойлаймын! *(Генерал-губернаторға тигізе):* Жусан мен жылқы сасыған жабайының жалпақ табаны алтын сарайдың жалтыр еденін басады дегенге мен әлі де сене алмай тұрмын!

Зерлі шапаны жарқырап, хан қалпағы көкке шаншылып, еңсесін көтеріп, Құлеке батыр елші кіреді. Сарайдың ортасына жете бере тоқтап, оң қолын кеудесіне қойып, басын сәл иіп, патшайымға тағзым етеді.

Анна Иоанновна *(Құлекенің тұлғасына жылы жүзбен қарап, ықыласпен):* Хош келдіңіз, мәртебелі елші мырза! Біз ұланбайтақ даланың батыр биін өз сарайымызда көргенімізге ризашылығымызды білдіреміз!

Құлеке: Ұлы мәртебелі патшайым! Сізге қазақ даласының ханы Абылайдың ақ тілеулі сәлемін жеткізуге рұқсат етіңіз! *(Қазақы ою-өрнекті, жылтырақ матаға шиыршықтап оралған хатты құрметпен ұсынады. Патша сәл жымиып, қолымен белгі береді. Са-*

рай қызметшісі лып етіп, хатты алып, бір шетке барып, сымдай тартылып тұрады).

Анна Иоанновна: Рахмет! (*Сәл қатайып):* Елші мырза! Біз Ресей мен Бұқара арасындағы керуендердің сіздің даладан емін-еркін және қауіп-қатерсіз өтуіне баса назар аударуларыңызды талап етеміз! Өткен жолы Бұқараға бара жатқан орыс керуенін қыр қарақшыларының тонап, талқандап кетуі бізді өте алаңдатып отыр. Жазықты жауыздарды тауып, қолымызға бергендеріңіз жөн! Жол торыған қарақшыларды империя заңымен соттап, жазасын береміз! Егер де мұндай жағдай тағы да қайталанатын болса, біз қатаң шаралар қолдануға мәжбүр боламыз. Ал ондай қадамға барсақ, сіздерге жақсы болмайды. Ресей жеріне аяқ басқан қырғыз-қайсақтардың барлығын ұстап, қамауға дейін баруымыз мүмкін!

Құлеке: Тақсыр патша ағзам! Қазақтың бәрі қарақшы емес! Біздің халқымыз қарақшылыққа қарсы!

Анна Иоанновна: Шыныңызды айтыңызшы, елші мырза! Сіз қалай ойлайсыз, қол астындағы жерінен емін-еркін керуен жүре алмаса, ондай сұлтанның құны көк тиын емес пе!?

Құлеке: Ұлы мәртебелі патшайым, сөзіңіздің бәрі жөн! Шындығына келсек, қазақтың ханы Абылай қарақшыларға тыйым салу үшін көп күш жұмсап келеді. Бірақ, қарақшыларды біржола жеңіп, тәртіпке салуға кейде біздің мұршамыз келе бермейді. Өйткені, шекарадағы сіздің қызметшілеріңіз бен жандаралдарыңыз қалмақтар мен естектерді қазаққа қарсы айдап салып, тыныштық бермейді. Мазамызды ала берген соң, біз олармен соғысуға мәжбүрміз. Егер шекарадағы шабуылдар тиылса, біз бар күшімізді жұмылдырып, қарақшыларды біржола тас-талқан қылар едік.

Анна Иоанновна *(генералдарға қарап, қатаң үнмен):* Генерал мырзалар! Елшінің айтып тұрғаны шын ба? Жауабын беріңіздер!

Генерал-губернатор *(Құлекеге):* Құрметті елші мырза! Ұлы мәртебелі патшайым бүкіл Ресей халықтарының тыныштығын ойлайды. Біз өз бодандарымыздың бір-бірімен жауласуына жол бермейміз. Ресей патшылығының адал қызметшілері бодан халықтарды бір-біріне астыртын айдап салып, жауластыруды мақсат етпейді. Және де көршілес отырған бодандарымыздың араздығын қоздыратын арам пиғылды әрекеттерге қатаң түрде тиым салып, жауапты адамдарды аяусыз жазалайтынымызды да естеріңізге салып қояйын. Алайда, көшпенді елдердің өз дағдысымен, ескі дұшпандықпен есе қайтару, кек алу мақсатындағы өзара шапқыншылықтарына патша қызметшілері жауапты бола алмайды. Бірақ,

алдағы уақытта шекара маңындағы ондай ұсақ-түйек қақтығыстарға жол бермеуге тырысамыз!

Құлеке: Жоғары мәртебелі жандарал мырза! Бұл ұсақ-түйек қақтығыстар емес! Қанды қырғын шайқастар! Халықтардың бір–бірімен қырылысып жатқанына сіздер бейтарап қарайды дей алмаймыз!

Анна Иоанновна (*генералдарға, шегелеп):* Мырзалар! Шекарадағы қақтығыстарға тиым салынатын болсын!

Генерал-губернатор мен жандарал (*жарыса):* Құп болады, ұлы мәртебелі патшайым!

Анна Иоанновна: Міне, көрдіңіз бе, елші мырза! Орыс империясы қанатының астына алған өз бодандарына қашанда қорған бола біледі!

Құлеке: Рахмет, ұлы мәртебелі патшайым! Қазақ хандығы алдағы уақытта да орыс патшалығымен одағын одан сайын нығайта бермек!

Анна Иоанновна: Сіздердей антына адал, сенімді боданымыздың болғанына біз өте ризамыз!

Құлеке: Біздің дархан қазақ халқы өрісі кең орыс халқымен мәңгі достықта, тату-тәтті көрші болып тұруды қалайды! Сіз бірақ сөзбен қиын түйінді қиып түстіңіз! Тура құс атқаныңыздай мерген екенсіз!

Анна Иоанновна (*мәз болып, көңілденіп):* Ал көшпенділердің қыздары аң-құс аулауға шыға ма?

Құлеке: Иә… Қазақтың қыз-келіншектері сахарада саяхаттап… саяттап бой сергітеді! Тіпті, көшіп-қонып келе жатқанда, кездесіп қалған аң-құсты аулай береді!

Анна Иоанновна: Дала амазонкалары шетінен мерген шығар?

Құлеке: Дәл солай! Қашқан аңды құтқармай, қағып түсіретін қыздар аз емес. Олардың арасында ұшқан құсты атып түсіретіндері де кездеседі!

Анна Иоанновна: Ұшқан құсты?!

Құлеке: Иә! Жалғыз-ақ жебемен!..

Анна Иоанновна: Садақпен? Садақпен атып түсіре ме сонда?!

Құлеке: Дәл солай… Атпен шауып келе жатып, садағын кере тартып, көктегі құсты көздемей-ақ қағып түсіретін қолмерген қыздар да бар!

Анна Иоанновна: Атпен шауып келе жатып!.. Ұшқан құсты… Садақпен… Кер-ремет! (*Сәл басылып, ойнақыланып):* Сонда қалай, сіздіңше, даланың қыздары менен де асқан мерген бе?

Құлеке: Олар ат үстіндегі мерген! Сіз тақ үстіндегі мергенсіз! Ал ат көп, тақ біреу-ақ қой!

Анна Иоанновна *(жадырап, жайнап):* Жарайсың, жарқыным! Сіздің әйеліңіз де атқыш па? Көз мерген бе, қол мерген бе?

Құлеке: Атқыш болмағанмен, айтқыштың нақ өзі!

Анна Иоанновна *(күліп):* Сөз мергені десеңізші! *(Екі білегіндегі жалпақ, жарқ-жұрқ еткен екі алтын білезігін шешіп алып, Құлекеге ұсынады):* Зайыбыңыздың қолына тағыңыз! Дала қызына орыс патшайымынан естелік сыйлық болсын!

Құлеке *(сәл толқып, сабырлы қалыппен сыйлықты алады):* Рахмет, көп рахмет сізге! Бұл біз үшін аса үлкен құрмет!

Анна Иоанновна *(жылы жүзбен):* Сау-сәлемет болыңыз, елші мырза! Дала сұлтанына біздің сәлеміміз бен талабымызды бұлжытпай жеткізерсіз деп сенемін!

Құлеке: Әлбетте жеткіземін, ұлы мәртебелі патшайым! Сіз де сау-сәлемет болыңыз! *(Оң қолымен кеудесін басып, басын сәл иіп, құрмет көрсетіп, бұрылып шығып кете береді).*

Анна Иоанновна *(Құлеке шығып кетісімен, орнынан тұрып, арлы-берлі жүреді. Жүрісі үйлесімді, ырғақты. Сымбатты, толықша денесі, жалт-жұлт еткен әдемі киімі жарасып, патшаның сән-салтанатын танытады. Жандаралға жақын келіп):* Генерал мырза, сіз не ойлап жүрсіз?

Жандарал: Орыс патшалығының қауіпсіздігін... ұлы мәртебелім!

Анна Иоанновна: Одан басқа да ойларыңыз бар екенін мен білмейді дейсіз бе?

Жандарал: О не дегеніңіз?

Анна Иоанновна *(күлімсіреп, жайдары жүзбен)*: Менен ештеңе жасыра алмайсыз... Жасырамын деп тырыспаңыз да! Менің сарай өсекшілерім... болтушкаларым... бәрін де естіп, біліп алып, маған сыбырлап отырады. Оларды сол үшін де жақсы көріп, сайқымазақтармен бірге жанымда ұстаймын! Ал, шынына келгенде, кейде олардың өсек-аяңдары сайқымазақтардың ойынынан да қызығырақ! Өйткені, сіздердің кейбір тірліктеріңіз сайқымазақтың көкесі ғой!

Жандарал *(қипақтап):* Дұрыс айтасыз, ұлы мәртебелі патшайым! Бірақ, бұл жолы не жазығым бар екенін біле алмай, дал болып тұрмын!

Анна Иоанновна *(салқын, өктем үнмен):* Сіз менің шақыртуыммен келген қырғыз-қайсақ даласының елшілерін сарайдың

маңына жолатқыңыз келмей, тіпті, оларды қуып жібергіңіз де келді. Солай ма? (*Жандарал үндей алмай қалады):* Патшайымға дәл солай деуді ұмытып кеттіңіз бе, генерал мырза!

Жандарал: Дәл солай!

Анна Иоанновна (*түсін суытып, кесіп-пішіп):* Ескертемін – қазақтарға тиісуші болмаңыз! Олардың қауіпсіздігіне басыңызбен жауап бересіз! Бұл мемлекеттік мәселе! Өйткені, бізге ұлы дала қажет! Біз дала көшпенділерін өзімізге тартып, бодандығын бекітіп, қанатымызды жая түсуіміз керек! Ұқтыңыз ба, генерал мырза!

Жандарал: Дәл солай, ұлы мәртебелі патшайым!

Анна Иоанновна: Егер де дала елшісін ренжітетін болсаңыз, мен сізді сол далаға өмір бойы жылқы етін жеп, қымыз ішуге жіберемін!

Жандарал: Дәл солай!

Анна Иоанновна: Елші Куляке батыр Ресей империясына қосылуға және ақ патшаға адал болуға Аблай сұлтанмен бірге ант берген! *(Генерал-губернаторға бұрылып):* Мәртебелі генерал-губернатор мырза! Аблай сұлтан мен елші Куляке батырға, басқа да елшілерге орыс патшалығы атынан лайықты сыйлық тағайындауыңызды тапсырамын!

Генерал-губернатор: Құп болады, ұлы мәртебелі патшайым!

Анна Иоанновна: Жә! *(күліп):* Құс ататын уақыт та болып қалыпты!

Кетеді. Жандаралдар да кетеді.

19 көрініс

Құлеке мен Құлсары батырлар патшаның қабылдауынан шыққаннан кейін Санкт-Петербургті аралап көреді. Бұларды алып жүрген тілмаш қазақша-татаршаны араластыра соғып, қызық тілде сөйлесе де, біраз жағдайды айтуға жарайды.

Тілмаш: Данышпан Петр патша салдырған қаланың әуелгі аты Шлиссельбург булған. Яғни, ашқыш, сіздерше кілт қала!

Құлсары: Петырборыңа тіліміз әрең келіп тұрғанда, Шылыс-мылысың не тағы?

Тілмаш: Нимісчә гәпірген бит… Кілт қала, яғни Европаның есігін ашатын кілт дегені де!

Құлеке: Ә-ә… Петырың ақылды болған екен-ау!

Тілмаш: Ақылды да, алып батыр да болған! Боярларды бақыртып тұрып, шаштарын қырқып, сақалдарын сыпырып тастаған!

Құлсары (*сақалын сипап):* Ол жоқта келгеніміз жақсы болған екен! *(Үшеуі күледі).*

Құлеке: Әй, татар малай... тілмаш мырза, бері қара! Бізді базарға апар!

Тілмаш: О, яхшы, яхшы икән! Бек яхшы! Хотунларыңызға маржалардың көйлегін, жүзік, сырғаларын, иіс майын алайын дидиңиз бе?

Құлсары *(әзілдеп, күліп):* Сандықтың сандығын саналуан сәтен мен сисаға толтырғыңыз келді ме, батыреке?

Құлеке *(күле жауап береді):* Ақ сандық, көк сандық... Бізде бар ғой көп сандық!

Тілмаш: Шошондай ма? Қозоқлар хотунжанды киләди бит! О, эти... әбзиләриңгә биләзек иәнә йүзікләр бик яхши!

Құлсары: Ат, әбзел дей ме, не деп шүлдірлеп кетті мынау?

Үшеуі қосыла күліп, базарға беттейді.

20 көрініс

Тілмаш батырларды базарға алып келеді.

Базардағы жұрт қазақша ою-өрнекті, әсем шапан киген батырларды көріп, аузын ашып, таңданып, бір-біріне қолдарымен көрсетіп, шуылдасып қалады.

Орыстың ұлттық көйлегін киген үш маржа батырларды көздерімен ішіп-жеп, біраз әңгіме қылады.

Даша: Мә, қатындар, қараңдар! Қандай қызық кісілер!

Маша: Расында да ерекше еркектер екен!

Марфа: Бұлар бірнеше қатын алады дейді!

Маша: Төртеу! Заңды түрде!

Даша: Әр әйелі – бір ауыл! Бәрін бір еркегі билейді екен!

Маша: Және бұларда ажырасу деген мүлде болмайды екен! Қатындары байларына құдайдай табынып, тырп етпей бағынып, баланы томпылдатып таба береді екен!

Даша (*бас бармағын көрсетіп):* Во! Отбасы деп соны айт!

Марфа: Жылқының сүтін ішіп, етін жейді екен!

Маша: Сүті жарайды-ау, етін қайтіп жейді! Бізде тиым салынған ғой!

Даша: Бұлардың діні басқа! Басурман!

Марфа: Басурман емес, мұсылман!

Маша: Бұлар үйлеріне кілт салуды білмейді екен! Есіктері күні-түні ашық тұратын көрінеді!

Марфа: Ұрлық болмайды дейді!

Даша: Қонақжай дейді! Кез -келген кісіден ақы-пұл алмай, тегін қондырып, тегін тамақтандырады екен!

Марфа: Арақ ішпейді екен!

Даша: Ой, қандай керемет!

Маша: Нешауа, үйретеміз әлі!

Марфа: Бұлардың даласында түрме жоқ дейді! Адамды соттап, абақтыға жаппайды екен!

Даша: Ой, қандай жақсы! Біздің мұжықтарға да керек зәкөн екен!

Батырлар мен тілмаш базарды аралап, бұларға қарай келе жатады.

Маша (*Құлекені көрсетіп):* Ал мынаның неше қатыны бар екен?

Кемінде үш қатыны бар-ау деймін! Демек, төртінші орын бос тұр!

Марфа: Аузыңның суы құрып бара ма? Тиіп алайын деп пе едің?

Маша: Тисе несі бар? Базар бағып, қалада қаңғып жүргенше, ауылға барып, аунап-қунап жатпаймын ба?

Даша: Алса тиесің! Сені қайтсін жалпитып…

Маша: Фу, сен де! Алдынан арлы-берлі бұлғаңдап өтсем, алмағанын көрейін!

Даша: Көрсек көрейік!

Саудагер Маша тауар ілінген қатарларды қарап, кері айналып келе жатқан батырлардың алдынан бұлғаңдап шыға келеді. Қылмаңдап күліп, құбылып сөйлейді.

Маша: Мырзалар! Даланың батырлары! Бері, бері жүріңіздер! Сіздерге лайық заттар бізде бар! Сіздерге арзанға береміз! Сіздерден аяйтын түгіміз жоқ!

Құлеке: Онда бері келіңіз! *(Саудагер әйелдің құлағына бірдеңе деп сыбырлайды. Әйел оны мұқият тыңдап, күлімсіреп, басын изеп, құптай береді).*

Тілмаш: Хи-хи-хи! (*Құлсарыға):* Сизләр илчиликкә имәс, киз-хотунларны курәргә килгәнләр!

Базардағы әйелдер Құлеке мен маржаны көздерімен ішіп-жей қарайды.

Маша (*Құлекеге күлімдей қарап):* Табамыз! Сіз үшін бәрі де бар! (*Ләпкесінің қуыстарын ақтара бастайды).*

Тілмаш *(күліп):* Қозоқ батурлар татарның матур қизларын, уруснуң маржаларын да бик яхши курәлә!

Маша *(әлденені тауып алып, әдемі қорапқа салып әкеліп, Құлекеге ұсынады):* Міне! Тура айтқаныңыздай!

Құлеке (*қорапты ашып, жалпақ, әдемі алтын сырғаны жарқыратып алып шығады). Құлсарыға:* Жолымызға қарап отырған қыз-келіншектер қолымызға да қарамай ма? Сандықтың құлағына алтын сырға! Қалғандарына күміс те жарайды! *(Күліп, Дашадан бірнеше күміс сырға, жүзік, білезік сатып алады. Ең соңында Марфадан бір топ матаны бір-ақ алады).*

Құлеке: Рахмет! *(Ақшасын беріп, кетеді. Үш әйел аузын ашып қала береді).*

Тілмаш (*топ матаны көтеріп шыға беріп):* Мә-ә! Маржаларны да ала китмәймиз бе?!

Құлеке *(Тілмашқа):* Жә, малай! Қылжақты қайтесің, бізді қару-жарақ сататын жерге апар!

Тілмаш: Қару-у-жарақ!? А-а-аружия! Булми ул, булми! Контора билип қойса, қиын була! Қини бизни!

Құлеке: Нигә булми? Елшіге бәрі де болады! Бол, тауып бер! Қазақтың елшісін қалаған жеріне апармасаң... қиниды сунда курәрсин!

Тілмаш: Яхшы, яхшы! Бир бәле булип қалса, узингиз виноватлар!

Құлеке: Әлбетте, мен жауап беремін бәріне! Ал, жүр!

Тілмаш: Сизгә қандай қару керек?

Құлеке: Ататын! Қарс ететін қара мылтық, шарт ететін шолақ мылтық керек!

Бағанадан бері үндемей бақылап тұрған Құлсары: «Пах, пах, шіркін!» – деп дауыстап жібереді.

Тілмаш: Құп болады!

Батырлар базарды айналып кете береді. Әрең тұрған әйелдер ауыздарына ерік береді.

Даша: Әй, ал айт!

Марфа: Ол саған не деді?

Маша: Ол ма-ған... Ах!

Даша: Сен оған не бердің?

Маша: Мен о-ған... Ох!

Марфа: Не ах, ох!?

Маша: Ол маған патшайым рұқсат етсе, далаға алып кетіп, төртінші әйел етіп аламын деді!

Даша: Сен ше?

Марфа: Сен тиемін дедің бе?

Маша: А как же! Ондай батырға отказ бола ма?!

Марфа: Ой! Шынымен кетесің бе далаға?

Даша: Басурман болмақсың ба?

Маша: Махаббат ештемеге қарамайды! Тек патшайым рұқсат берсе екен! Ах! Ох!

Марфа: Ах! Ох! Ой, қандай қызық!

Даша: Ах! Ох! Жә, қыздар! Ойнадық, күлдік! Енді тірлікті ойлайық!

Үшеуі күліп, қиялдап, бастарын шайқап, зат сатып алуға келген орыстармен саудаларын жалғастыра береді.

21 көрініс

Құлеке мен Құлсары, тілмаш үшеуі базардың шетінде, қалтарыстау жерде оңаша, оқшаулау тұрған қару-жарақ сататын дүкенге келеді. Құлеке мылтық, пистолет таңдай бастайды. Көздеп көреді. Көбірек оқ-дәрі сұрайды.

Біраз мылтық, пистолет, садақ, қылыш сатып алады.

Уыстап ақша шығарып, көпеске төлеп, қаруларды сатып алады.

Құлсары: Сандығыңды емес, хандығыңды, қатыныңды емес, халқыңды ойлап жүр екенсің ғой, қайран Құлекем-ай!

Құлеке *(мылтықтың ұңғысынан сығалап қарап) Құлсарыға:* От қарудың аузы қандай суық! Ажал сығалап тұрғандай көрінеді… *(пистолетті салмақтап, кезеп, көздеп көріп)*: Бір-ақ тұтам темірден ұшқан қой боғындай қорғасын тұлпар мініп, ту алған таудай батырды тіл тартқызбай сұлатып салады дегенге сену қиын! Сенбеске амалың да жоқ! Түп-түбінде темірдің тілін таппай болмас!

Құлсары риза болып, басын изейді. Тілмаштың көзі атыздай болады. Құлеке қару-жарақтың ақшасын төлеп, арбаға тиеп алып кетеді.

22 көрініс

Жандаралдың кеңсесі. Жансыз Жандаралға есеп беріп тұр.

Жансыз: Тақсыр, Құлеке мен Құлсары батырлар жай ғана елшілік мақсатта жүрген жоқ-ау деп қорқамын. Олар қайтарында

біраз қару-жарақ сатып алыпты! Мұны сенімді адамдар дереу бізге жеткізді!

Жандарал: Солай ма? Ал, қандай қару алды?

Жансыз *(қойнынан қағаз, қаламын суырып алып):* Міне, менде бәрі жазулы!

Жандарал: Сенің білмейтінің жер астында!

Жансыз: Рахмет! Қызметімді бұлайша жоғары бағалағаныңыз мен үшін үлкен мәртебе!

Жандарал: Бағаны да, жағаны да алар кезің алда! Ақ патшаға адал қызмет еткендердің еңбегі әрқашанда жоғары марапатқа лайық!

Жансыз *(сымдай тартылып, тік тұра қалып, басын иеді):* Дәл солай, жоғары мәртебелім!

Жандарал: Ал, қырғыз-қайсақ батырлары қанша қару сатып алды?

Жансыз: Жиырма сегіз мылтық пен екі пистолет... Әрине, мол оқ-дәрісімен...

Жандарал: Хм-м! Мылтық атуды үйренгілері келген екен. Имек садақтың күні өткенін бұлар да түсінетін болғаны ма?

Жансыз: Хе-хе-хе! Бірақ, оған қоса бес садақ, он бес қылыш сатып алыпты!

Жандарал: Ха-ха-ха! Әлі де қимайды десейші! Жә, бірақ ана мылтықтарды назарда ұстау керек!

Жансыз: Бәлкім, далаға әкетулеріне рұқсат бермей, шекарада сыпырып алсақ қайтеді?

Жандарал *(сәл ойланып, басын шайқап):* Жоқ, ол болмайды! Біз қырғыз-қайсақтардың елшілікке келген қадірлі адамдарына сенімсіздік танытсақ, хан Абылайды ренжітіп, ерегестіріп аламыз!

Жансыз: Сонда қалай... мылтықтарды беріп қоямыз ба? Күндердің күнінде өзімізге қарсы оқ атпасына кім кепіл?

Жандарал: Бір жолға әкете берсін! *(Күліп):* Отыз мылтықпен орыс патшалығын құлатып тастар деймісің!? Бұдан бізге қауіп жоқ! Ондай азын-аулақ мылтықты қырғыз-қайсақтар Бұхарадан да сатып алады. Бірақ, әрине, келешекте далалықтар мен тәшкендіктерге қару-жарақ сатуға мүлде тиым салу керек!

Жансыз: Түсінікті!

Жандарал: Бұл келешектің ісі! Ал қазіргі міндетің – елшілерді сырттай бақылай жүріп, аман-есен шығарып сал! Бұл патшайымның тапсырмасы!

Жансыз: Дәл солай, жоғары мәртебелім!

Жандарал: Олай болса, енді мынаны қара... *(Екеуі бір қағаздарға үңіліп, жұмыстарын жалғастыра береді).*

23 көрініс

Шал ақын: Е-е, дүние-ай! Әкеміз Құлеке елге аман-есен оралып, Абылай ханға патшаның сәлемін жеткізді.

Талай сырға қанықты,
Талай жерді таныпты.
Абылайға қосылып,
Ат үстінен түспеді,
Қорғаймын деп халықты!
Туған елдің қамын жеп,
Алыстан аман келгенде
Өз елінің жастары
Балағынан алыпты!

(Күрсініп): Пай, пай, не деп кеттім? Солай ма, солай емес пе? Өзім де анық білмеймін... Бірақ, өмірімде бірінші рет және ең соңғы рет өз әкеме қарсы сөйлегенім есімнен кетер ме? Не дерсің, қайран жастық!

24 көрініс

Елшіліктен оралған Құлеке ауылында отыр. Жанында – Сандық пен Шал.

Құлеке: Мына алтын сырғаны орыстың астанасы Петербордан арнайы өзіңе алдым! *(Сандық қуанып, алтын сырғаны құлағына тағады).*

Сандық *(құлағын қағып-қағып қойып)*: Қалай, жараса ма?

Құлеке: Жарасқанда қандай! Қатып кетті! Петербордың ақсүйек әйелдерінен асып түспесең, кем емессің!

Шал *(шаттанып):* Құлпырып кеттің, апа!

Құлеке *(ерекше салтанатпен):* Ал, мына алтын білезікті ұлы мәртебелі орыс патшайымы, көз мерген Анна Ұйбан-ноуна сахараның сөз мергені Сан-на Толе-е -еунаға сыйлыққа арнайы жіберді! *(Қамзолының қалтасынан екі үлкен, жалпақ алтын білезікті алып шығып, ұсынады. Сандық қуанып, екі білегіне тағып алады).*

Сандық *(екі білегін алға созып):* Рахмет, патшайымға көп рахмет! Ол бізді айрықша сыйлайтын нағыз досымыз екен!

Шал *(қозғалақтап, күйіп-пісіп):* Ойпырмай, апа, несіне сонша мәз болдыңыз?! Бүгін алтын білезігін таққан қолыңа ертең темір кісенін салмасына кім кепіл?

Құлеке: Шырағым, не лағып тұрсың?

Шал: Шен тағып, шекпен кидім деп шекеңізден бу шығады! Жыл сайын сыйлық алатын болыпсыз. Бұл не? Орыс патшасына жалданғаныңыз ба? Айласына алданғаныңыз ба?

Құлеке: Берген сыйлықты алу парыз! Бетіне лақтырып кетсең не болады? Ол ат құйрығын кесу деген сөз! Ал, орыспен егесіп, кетісер болсаң, артыңда аранын ашып аждаһа тұрғанын есіңнен шығарма! *(Ашуланып):* Әй, сен өзі не деп тұрсың?! Доғар оттамай!

Шал: Әкелікпен маған әмір берерсіз. Аузымды жауып, айтқызбай-ақ жеңерсіз. Бірақ ертең болашақ жастар сұрағанда, не деп жауап берерсіз?!

Сандық: Саған не боп қалды? Шал балам, шала болма, дана бол!

Шал: Ер басқарған еркін ел едік... Бөтенге бодан болды деген не сұмдық?! Жұрт неше түрліні гулетіп жүр! Тіпті, Абылай хан мен Құлеке батыр орыстың шен-шекпеніне елін сатты деуден де жүздері жанбайды!

Құлеке: Айтар, айтар әлі талай... Азғантай ақылы ауызында жүретін ағайынның сөзі кімге дәрі? Бірақ, тарихты ақылмен таразылайтын сарабдал жандар да табылар. Олар қазақтың ханы Абылай мен Құлеке, Құлсары батырлардың патшаның сыйлығына қарап қалмағанын пайымдай алатын шығар-ау?! Не үшін ақ патшаға бодан болып, ант бергенімізді де түсінер!

Сандық (*Екі қолын алға созады. Алтын білезіктер жарқырап кетеді)*: Апырмай, ақынның сөзінен кейін ақ патша сыйлаған алтын білезікті тағарымызды да, тақпасымызды да білмей қалдық қой! Алмақтың да салмағы бар дегендей... *(Шал қысылыңқырап, қозғалақтап қояды).*

Құлеке: Жә, қысылмай таға бер! Орыс патшайымының өзі сыйлаған деп, күндей күліп, алтындай жарқырап жүр, Төле бидің төре қызы!

Сандық *(толқып):* Рахмет, батырым! Сен аман бол, ел аман болсын!

Құлеке (*Тілеукеге қара мылтық сыйлайды):* Хан-қарадан қаймықпай сайраған қара тіліңнің қадірін білмейтін қорқаулардан қорғаның қара мылтық болсын! *(Мылтықты айналдырып ұзақ қарайды):* Бір қарасаң жай ғана қара темір. Ұңғысына үңіліп көр-

ші – қылт еткенді қалт жібермес ажал бұғып жатқандай! Мылтықтың аузы не деген суық! Қойдың құмалағындай қорғасын қамалға шапқан қас батырды қалпақтай түсіреді дегенге сену қиын! Амал жоқ, әттең! От қарудың құдіреті болмаса, бір кезде ата-бабаларымыз билеген орман еліне бодан болар ма едік! Қару тілін тауып, өзіміз зауыт аша алмадық, әттең! «Қазаққа қала салып беріп, қабырғалы ел қылар ма екенбіз!», – деп, Абылай хан да армандаумен келеді!

Шал: Рахмет, әке! Ел үшін шырылдап, бірер ауыз артық айтсам, кешірерсіз!

Құлеке: Сен әлі жассың ғой, Тілеуке!

Шал *(әзілге бұрып):* Жас емеспін, Шалмын ғой!

Құлеке *(күліп):* Жас шалсың! *(қатая түсіп):* Ал, жастың сөзі жалынды, жұрттың жүрегін жандырып, жолынан жаңылдыруы да мүмкін! Жаны да бар! Бірақ, жастық та бір мастық, жарға соғып жүрмесін! *(сәл ойланып):* Иә, келешек жастар біздің ісімізді де тарих таразысына тартып, ақ-қарасын сараптайтын шығар. Сенің сөзің – солардың сөзі! Бірақ, естеріңде болсын. Әр нәрсе өз заманында! Ақыл-ойларың толысқанда, аталарыңның айла, амалы, арпалысы жетелеріңе жетер! Анталаған жаудың қызығатыны – біздің ұланбайтақ жеріміз! Жоңғар, естек, қалмақ, орыс пен қаптаған қытай, манжудың ортасында отырмыз. Бұқар, Қоқан тағы бар. Сонда қайт дейсің бізге? Елді азат ел қыламыз, жерді қалай аман сақтаймыз деп, жаннан кешіп, аттан түспей келе жатырмыз. Кім үшін, не үшін? Жалпы қазақ елі үшін, туған дала, жер үшін! Ата жолын жалғайтын болашақ ұрпақ, сен үшін!

Шал: Патшаға қосылмай-ақ, өз еркімізбен жүріп-ақ елдігімізді сақтап тұра бермедік пе?

Құлеке: Ауызға бәрі оңай ғой, ақыным! Қара бұлт төніп, қарақұйын соғып, қауіп-қатер қара құрттай қаптап келе жатқан қаһарлы заманда бізге мықты одақтас, сенімді дос керек болды! Амалсыздан бодандыққа да көндік! Аталарыңды айыптаудан бұрын олардың басындағы халді түсініп, иығындағы жүкті салмақтап көріңдер, шырақтарым!

Шал: Айтқаныңыздың бәрі шын, әке! Бұл жайында ойланармыз, толғанармыз әлі талай…

Құлеке: Ақын деген ақылды болар! Еліңнің сөзін сөйле! Жұртыңның жоғын жоқта! Бірақ, бір жаққа бұра тартпай, ақ сөйле, адалын айт! Өзіңе де, өзгеге де әділ бол! Қараға жағамын деп, ханды даттама, ханға жағамын деп, халқыңды алдама! Аманат,

өсиетім өзіңе! Көтерерсің, көрерсің, балам! Келешек алда! Үміт пен сеніміңді жоғалтпай, аталардың жолын жалғауға дайын бол, балам! (*Үшеуі ойланып отырып қалады).*

25 көрініс

Абыз Шал ақын:

Құлеке жиырмада арқар еді,
Отызда – би, қырқында дарқан еді.
Кешегі дулап өткен Құлекенің
Алдынан орыс, қазақ тарқап еді.

Алпыс бір мүшел келді дерттей болып,
Өтпедің сол мүшелден серттей болып.
Кешегі дулап жүрген ер Құлеке,
Су тиген сөне қалдың өрттей болып.

Астынан көк өгіздің тас көтерген,
Кісіні арықтаған ас көтерген.
Бәрі де туған жанның өлмей тұрса,
Бұрынғы жақсы қайда бас көтерген!..

Астынан қара тастың су көтерген,
Мұнарды суға түскен бу көтерген.
Бәрі де туған жанның өлмей тұрса,
Бұрынғы батыр қайда ту көтерген!..

Сәл бөгеліп, ырғағын өзгертіп:

Асу-асу жерлерді арыстадым,
Қайда дүбір бар болса қалыспадым.
Кешегі қас батырлар, қайран жақсы
Алдында хан, қараның қарыштадым.

Бұл күнде көңілім ауыр қорғасыннан,
Өткіздім жігіттікті мен басымнан.
Сауырдан су төгілмес боз жорға едім,
Тарлан тартса танбайтын жорғасынан.

Өткен еске түскенде құлазимын,
Ақ киіктей айрылған ордасынан.

Әйтеуір үзілмейтін бір үміт бар,
Жастардан – аталардың жалғасынан!

Тебіреніп, алысқа, болашаққа көз салып, ойланып қалады. Құлағына қобыз сарыны келгендей…

Соңы.

25.09.-3.12.2021 ж.

Ел қорғанын – ұлықтау

Туғанына 320 жыл толған өз заманының мемлекет қайраткері, дипломат, елші, Абылай ханның оң қолы, заңғар тұлға Құлеке Тәңірбердіұлының ерліктерін келешек ұрпақ жадында жаңаша сипатта сақталуы үшін сахналанып жатқан қойылымның жаңалығы мен көркемдік деңгейі, жалпы Құлеке батырдың елге сіңген еңбегі жайында ғылыми-практикалық конференция өтті.

Аталмыш конференцияға театр директоры, ҚР мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Біржан Нұрмаханұлы модераторлық етті.

Қонақтарымыз тарихи драманың авторы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Баянғали Тоқанұлы, қоюшы режиссері Ержан Қауланов, Құлеке батырдың жетінші ұрпағы, Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы Мұрат Қошанұлы, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры, академик, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Зарқын Сыздықұлы, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағатының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Сәуле Зейноллақызы, Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданы әкімінің орынбасары Дүйсенов Арман қатысты.



Солдан оңға қарай; М. Жантілеуов, З. Тайшыбай, пьеса авторы Б. Әлімжанов, С. Мәлікова, режиссер Е. Қауланов, театр директоры Б. Жалғасбаев



Конференциядан жалпы көрініс



Солдан оңға қарай: М. Жантілеуов, Ұ. Жантілеуова, Б. Әлімжанов, Б.Жалғасбаев



Құлекенің ұрпақтары



Раушан Қаппарқызы, Раушан Қошанқызы туыстарымен



Құлекенің ұрпақтары және бір топ көрермендер



Қойылымды тамашалауға келген көрермендер



Б. Әлімжановпен бір топ көрермендер



Құлекенің ұрпақтары



Б. Әлімжановпен бір топ көрермендер



Құлекенің ұрпақтары
Т. Осипов, Х. Біржанов, Е. Жантілеуов



Премьерадан кейін театр ұжымы құрметті қонақтармен естелік суретте

Сахнада – ел қорғаны Құлеке батыр



Жақсыбай Самрат,
журналист, жазушы,
«Егемен Қазақстан» газеті

1702-1764 жылдары өмір сүрген Құлеке батыр Абылай ханның оң тізесін баса отыратын құрметті билерінің бірі, елшілікке жұмсайтын мәмілегері, ақылшысы болған. Ол – атақты Шал ақынның (шын есімі Тілеуке) әкесі. Биыл туғанына 320 жыл толатын батырдың құрметіне Солтүстік Қазақстан облысының Сәбит Мұқанов атындағы қазақ музыкалы-драма театрында «Құлеке батыр» атты тарихи драма қойылды.

Туындының авторы – атақты ақын, манасшы, драматург, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткер Баянғали Әлімжанов. Өзіне драмалық шығарма жазу туралы өтініш түскеннен кейін ол батырдың ісі мен өмірін бір жылдай зерттегенін айтты. XVIII ғасырдағы Қазақстан мен Ресей қатынастары туралы тарихи құжаттарда ол кісінің есімі 33 рет кездеседі екен. Өткен ғасырдың 60-шы жылдарында Мұхтар Мағауин ақын-жыраулардың шығармаларын жинап жүргенінде Шал ақынның қара шаңырағында болып, оның ұрпағы Қошан қарттың өз аузынан да Құлеке туралы көптеген дерек жазып алыпты. Экономика ғылымдарының докторы, академик Аманжол Қошанов та батыр бабасы туралы өзінің біршама жазбасын жариялаған. Сондай-ақ жергілікті өлкетанушылар Қайролла Мұқанов, Социал Жұмабаев Құлекенің елге сіңірген еңбегі туралы мақалалар жазған. Ал ғалымдар Зарқын Тайшыбай мен Сәуле Мәлікова архив деректерінен Құлекеге қатысты көптеген мәлімет тапқан. Халық ақыны Ахметжан Нұртазиннің Құлеке туралы мынадай өлең жолдары да бар:

...Белдеуден босамапты байлаулы аты,
Тілеке сол ұрыста қаза тапты.
Құлеке ашуменен ерттеді атты

Өлтіріп Бағанаты, Сарбұлақты
Ағасы Тілекенің кегін апты...

Бұл өлеңде ағайынды естек батырлары Бағанаты мен Сарбұлақ ағасы Тілекені жабылып өлтіргенде артынан кек қуып барған Құлекенің осы екеуін де өлтіргені туралы айтылған. Осы оқиға тарихи факт ретінде Солтүстік Қазақстан тарихында бірнеше рет жазылған. Ал екі естек батыры Бағанаты мен Сарбұлақтың атында жер де, артынан сол жерге түскен ауыл аты да бар. Атақты ғалым, академик Ебіней Бөкетов сол Бағанаты ауылында дүниеге келген...

Әкесінің өлімі туралы Шал ақынның өзінің де мынадай өлең жолдары бар:

Құлеке жиырмада арқар еді,
Отызда – би, қырқында дархан еді.
Кешегі дулап өткен Құлекенің
Алдынан орыс, қазақ тарқап еді.
Алпыс бір мүшел келді мерттей болып,
Өтпедің сол мүшелден серттей болып.
Кешегі дулап жүрген ер Құлеке
Су тиген сөне қалдың өрттей болып...

Құлекенің өзі Арғынның Атығай руынан тарайды. Оның ішінде Бәйімбет атасының тармағынан шыққан. Қазіргі Шал ақын ауданының орталығы Сергеевка селосының аумағында дүниеге келген. Ел ауған бір жұтта оның аталастары Сырдың бойына дейін барған. Осы жақта ол Үйсін Төле бидің қызы Сандыққа үйленген.

Еліміз Тәуелсіздік алған жылдардан бері батырдың есімі халқымен қайта қауышты. Артында іздеушісі болған жан бақытты ғой, Құлекенің ұрпағы Мұрат Жантілеуов ағамыз ұйытқы болып, білікті ғалымдар, өлкетанушылар, журналистер арасынан қолдаушы топ құрып, батыр бабасының атын жаңғырту жолында тер төгіп жүр. Соңғы жылдары ғана осы топтың ұйытқы болуымен С. Мұқанов атындағы облыстық кітапханада, облыстық архивте, «Абылай хан резиденциясы» мұражай кешенінде және т.б. жерлерде ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткен. Шал ақын ауданының орталығы Сергеевка селосында жаңадан салынған спорттық кешенге Құлеке батырдың есімі берілді. Енді Сергеевканың өз атауын да Құлекенің есімімен атауды жақтайтын қозғалыс





туып келеді. Бұл талап та орынды екені сөзсіз. Алайда осындай елге белгілі, тарихта өзінің орнын алған үлкен тұлғаны халыққа кеңінен танытуға мұрсатана беретін көркем образы жасалмаған екен. Осы олқылықты, жоғарыда айтқанымыздай, аузы дуалы, сөзі уәлі ақын Баянғали Әлімжанов толтырып, «Құлеке батыр» тарихи драмасын жазып шығыпты. Драма көрсетілер алдында батырдың өмірі мен әрекетін көрермендерге таныстыру мақсатымен шағын конференция да өткізіліп, оны театрдың директоры Біржан Жалғасбаев жүргізді.

Бас-аяғы жұп-жұмыр драма көрерменді XVIII ғасырдағы қазақ ортасынан бір-ақ шығарады. Айнала анталаған жау, жоңғарлар, естектер, қалмақтар, казактар, Қоқан хандығы – бәр-бәрінің көздегені қазақтың ұланғайыр жері. Олардың ар жағында Қытай мен Орыс империясы сияқты екі алып та жатыр. «Өзі зордың болады ығы да зор» деп Абай айтпақшы қазақ хандары орыс патшалығымен жақын болуды қалайды, алайда Қытаймен де жақсы қарым-қатынасты ұстауды шешеді. Ал ұсақ жауларын өз күштерімен талқандап, елдің рухын көтереді. Осы қыспақта Абылай өзінің ақылды адамдардан тұрған елшілерін елдестірмек үшін сол кездегі орыс патшасы Анна Иоанновнаға жібереді... Спектакльдің кульминациясы да осы оқиға. Даланың еркін самғайтын қыраны қаланың қанша жерден алақанда әлпештенсе де алып билігі қолына қонған көгершінінің алдында өзін мейлінше инабатты, ұстамды ұстап, аузынан шыққан әділетті сөздерімен мойындата алуы және келіссөздері екі жаққа да тиімді болуы – елшінің тарихи табысы. Бас кейіпкер Құлекенің аузынан шыққан уәлі сөздерінің бәрі елдің тыныштығы, халықтың бірлігіне арналған. «Дүние қанша кең болса да адамның ниеті неге сонша тар?» – дейді ол бір сөзінде...

Сонымен бірге Құлекенің батырлығын, жүрек жұтқан ерлігін, махаббатқа беріктігін көрсеткен қосымша эпизодтар да сәтті шыққан. Қоюшы режиссер Ержан Қауланов та бас кейіпкерінің сан түрлі қырларын ашып, образын күрделендіру жолында ұтымды шешімдер тапқан. Сөйтіп, Қызылжар топырағында бір өміршең, тарихи дүние өмірге келді деп айта аламыз.

Солтүстік Қазақстан облысы



Құлеке ұрпақтары Қошан Жантілеуұлы баласы Аманжолмен Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің алдында. Түркістан, 1971 жыл



Құлеке ұрпақтары Мұрат Қошанұлы баласы Ернармен Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің алдында. Түркістан, 2022 жыл



«Абылай хан резиденциясы» мұражайы. Петропавл қаласы



«Асыл мұра» орталығының ұйымдастырушылары.
Солдан оңға қарай: Социал Жұмабаев, Ғалым Қадіралин,
Қайролла Мұқанов



Шал ақынның ескерткіші алдында
бір топ «Есіл-су» РМК-ның қызметкерлері.
Сергеевка қаласы, 2016 ж.



Құлеке батырдың ұрпақтары бабалар басында тағзым етуде. Алқаағаш ауылы, 2017 жыл, шілде



Құлеке батырдың ұрпақтары Құлеке батыр спорт кешенінің алдыңца. 2021 жыл, шілде



Сергеевка су қоймасы, Шал ақын ауданы, Солтүстік Қазақстан облысы. Су қоймасы 1969 жылы құрылған. Оның ұзындығы – 75 км, ені – 7-8 км, жағалау сызығы – 246 км. Су қоймасының ауданы – 117 км², көлемі – 0,695 км³, орташа тереңдігі – 5,9 м. Су басқан аймақта бес елді мекен, аудан орталығы Марьевка, сондай-ақ Құлеке батыр ұрпақтарының бейіттері және Аютас тарихи мекені қалған.



Шал ақынның ескерткіші, аудан әкімдігінің жанында

IV бөлім

Құлеке батырды мәңгі есте сақтау және қайта қарау жөнінде

аудандық және облыстық әкімдікке ұсынылған құжаттар мен өткізілген конференциялар

Акиму Северо-Казахстанской области
Аксакалову Кумару Иргибаевичу

Уважаемый Кумар Иргибаевич!

Республика Казахстан, в том числе и Северо-Казахстанская область, переживают сложный, полный надежд и свершений период экономического и духовного возрождения. В год предстоящего 30-летия Независимости, подводя итоги пройденного, особого внимания заслуживают славные деяния и заветы наших предшественников, которые закладывали основы независимости и делали все возможное для преумножения усилий двух соседних народов (русского и казахского) в отстаивании независимости и их благополучия.

Мы, казахи, внимательно всматриваемся в свое героическое, временами трагическое прошлое, пытаемся найти в нем опору самоутверждения в будущем сообществе развитых народов. Поэтому с особым вниманием вглядываемся в дела наших выдающихся предков, которые благодаря своим незаурядным делам и по-

ступкам во имя и блага наших народов и сегодня присутствуют в наших примечательных буднях во имя лучшего будущего. Они, в судьбоносные периоды нашей истории сблизившись с Россией, давали достойный отпор внешним недругам в борьбе за свободу и независимость родного края.

В сложную эпоху хана Абылая в XVIII веке в русско-казахских переговорах по установлению добрососедских отношений особо выделяется фигура Кулеке батыра. Кулеке батыр, по историческим документам, был так же активен в борьбе с агрессорами того периода – калмыками, джунгарами, подстрекаемыми китайскими властями в пику интересам России и независимости северного региона республики той эпохи.

В когорте сподвижников Абылай хана Кулеке батыр особо проявил себя как переговорщик-дипломат, который до последних дней своей жизни активно сотрудничал с пограничной российской администрацией, принимал участие в казахско-китайских переговорах. Выполняя поручения хана, наш выдающийся предок отстаивал интересы своего родного края. 8 сентября 1742 г. Абылай хан с главами родов Среднего жуза присягал российской императрице Анне Иоанновне на подданство России. Наряду с другими старшинами родов в этом акте есть и подпись Кулеке батыра, который был уполномочен родами Атыгай, Караул, Керей, Уак, населявшими современную СКО. В 1753, 1759, 1760, 1762-63 гг. с посольскими поручениями наш предок Кулеке батыр ведет переговоры с оренбургским губернатором, тайным советником, сенатором И. И. Неплюевым. Часто с деловыми поездками посещает г. Оренбург, Тобольск, крепость Петра и Павла (Петропавловск). При этом выделяются просьбы о помощи по защите казахских земель от набегов джунгарских племен, выделении пастбищных угодий для рода Атыгай вдоль побережья Иртыша. И в целом под его началом подписывались договоры о расширении взаимной торговли с Россией («Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках». Сборник документов и материалов. Издательство Академии наук Казахской ССР. Алма-Ата, 1967 г.).

Также Кулеке батыр по заданию хана Абылая с вооруженным ополчением, освобождая казахские земли от джунгарских калмыков, правобережье Иртыша заселял тысячами казахских семей. (Тележан Шонанов. «Жер тағдыры». Алматы, 1995 жыл.).

Наш предок Кулеке батыр, бывая с дипломатической миссией в России, Китае, Джунгарии, а также в боевых походах во главе

с Абылай ханом в Восточном Туркестане, освобождал территорию края от вассальной зависимости императорского Китая.

Что же касается внутриполитической деятельности, то Кулеке батыр прилагал неустанные усилия по сохранению единства и благополучия местных родов Атыгай, Караул, Керей, Уак. Эти рода объемлют территорию современного Северного Казахстана. Он был фактически негласным главой и доверенным лицом Абылай хана и российской администрации в крае.

Начало жизненного пути Кулеке батыра, его родовое имение связаны с районом Шал акына (Кулеке батыр – отец Шал акына, выдающегося поэта, предшественника великого Абая. Имя Шал акына в знак признания его заслуг в духовной культуре казахского народа Указом первого Президента Н. А. Назарбаева в 2000 году было присвоено одноименному району СКО). Кулеке батыр постоянно проживал в урочище Аютас, Баганаты, Аканборлык (район Сергеевского водохранилища и современного поселка Сергеевка). По завету Кулеке батыра сын Шал акын упокоил его останки в мавзолее-некрополе Кожа Ахмета Яссауи в г. Туркестане. На сегодня сохранилось надгробье, которое покоится в зале Малый Аксарай мавзолея.

Последние годы знаменательны важными событиями в духовной истории Казахстана: концепции «Мәңгілік ел», «Рухани жанғыру», исторический акт по реабилитации известных деятелей республики и восстановление справедливости в оценке знаковых периодов в истории республики. Жизнь и деятельность Кулеке батыра в этой связи не могут быть уделом забвения в сложной истории Казахстана, в нескончаемой суете повседневности.

В череде известных мер по восстановлению исторической справедливости были бы важны шаги по увековечению имени и дел Кулеке батыра на его родине – в районе Шал акына, г. Петропавловске, области.

1. В этой связи в аспекте увековечения его деяний объективно напрашивается необходимость открытия специального выставочного раздела в музее Абылай хана в г. Петропавловске как одному из известных сподвижников хана с показом его разноплановой государственной деятельности во внутренней и внешней политике края.

2. К тому же по справедливости напрашивается, на наш взгляд, предложение наименовать именем Кулеке батыра одну из новых улиц активно строящегося г. Петропавловска. Тем более в кре-

пость Петра и Павла (Петропавловск) Кулеке батыр с делегацией казахов не раз приезжал для решения важных вопросов сотрудничества с российской администрацией еще в первые годы закладки крепости.

3. И самое важное. Малая родина Кулеке батыра – район Шал акына, его родовое поместье – урочище Аютас, территория современного Сергеевского водохранилища. Начало его разносторонней государственной деятельности, мечты о благополучии и торжестве суверенных прав его родного края в своем истоке брали начало именно в этих местах. Потому в аспекте увековечения благородных дел и замыслов нашего знаменитого земляка просим Вас, Кумар Иргибаевич, инициировать переименование поселка Сергеевка в поселок Кулеке батыра. Это было бы исторически справедливым актом и решением на малой родине известного прогрессивного деятеля за дружбу и сотрудничество между казахским и русским народами.

В связи с вышеизложенным обращаюсь к Вам, Кумар Иргибаевич, с просьбой о содействии в решении этих важных общественно значимых вопросов, которые имеют непосредственное отношение к укреплению дружбы и активного сотрудничества жителей нашего родного края.

С уважением,
академик НАН РК Аманжол Кошанов,
лауреат Государственной премии РК им. аль-Фараби,
почетный гражданин Северо-Казахстанской области,
почетный гражданин г. Алматы,
31.10.2020 г. Алматы

---

* Материалы о Кулеке батыре и Шал акыне содержатся в сб. «Имена в Истории». Северный Казахстан. TV. 2005 г. Гл. редактор И. И. Моор.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

Е.Х. Сұлтановқа

Құрметті Ерік Хамзаұлы!

Сіз өніріміздің басқаруға келгеннен бері Елбасының тапсырмаларын орындау, мемлекеттік бағдарламарды жүзеге асыру, бұқара халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды шаралар қолға алынып, шешімін табуда. Осы бағыттағы оңтайлы істер тәуелсіздігіміздің аркасы. Ұлан-байтақ жерімізді ата-бабаларымыз ғасырлар бойы жан-аяспас, жан-пида ерлікпен қорғап қалғаны белгілі. Сын сағатта елін жаудан азат етіп, жерін, арнамысын қолдан бермей, азаттық күрестің шебінде қазақ батырлары ерлікпен шайқасып, айтулы жеңістерге жеткені аян. Ресеймен жақындасып, жоңғар шабуылына тойтарыс беріп, егемен ел болуды армандап өтті.

Абылай хан заманы қиын-қыстау дәуірде орыс-қазақ келіссөздерінде бітімгершілік, достық карым-қатынас орнатуға, жоңғар, калмак баскыншыларынан елімізді азат етуге аянбай күрескен ірі, ұлт дәрежесіндегі тұлғалардың бірегейі - Құлеке батыр. Абылай ханның өзіне тете, бас колбасшыларының тандаулысы. Ақыл-парасатымен ерекшеленіп ханның арнайы тапсырмаларымен өмірінің сонғы сәтіне дейін шекара бойындағы қазақ-қытай арасындағы келіссөздерге қатысып, хан өкілдерімен бабамыз елшілік тапсырмаларды орындаған. қазақ халқы мүддесіне қызмет еткен. 1742 жылы 8 қыркүйекте Абылай-сұлтан бастаған Орта жүздік рубасыларымен бірге Орынборда Ресей патшайымы Анна Иоановнаға, Ресейге тәуелді болу рәсіміне кол қойғандардың ішінде Арғын рулары өкілдерімен катар Құлеке-батырдың да қолы бар. 1753, 1759,1760, 1762-63 жылдары елшілік тапсырмамен Орынбор губернаторы, құпия кеңесші (тайный советник), сенатор И.И. Неплюевпен, Орынбор, Тобольск, Тройцк қалаларымен, Қызылжар бекінісімен жиі байланыста болып, Жоңғар қалмақтарынан қазақ даласын қорғауға көмек сұрап, Атығай руының жайылымына Ертіс бойынан жер талап етіп, жалпы Ресеймен сауда-саттықты молайту туралы келісім-шарт жасасып отырған («Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках». Сборник документов и материалов. Издательство Академии наук Казахской ССР. Алма-Ата, 1967 г.)

Сондай-ақ. Құлеке батыр карулы қосынды басқарып, хан тапсырмасымен Тобыл мен Ертіс арасындағы қазақ жерін жоңғар қалмақтарынан азат етіп, Ертістің он жак сағасына мыңдаған қазақ түтіндерін қоныстандырған көрінеді. (Тәжкан Шоманов. «Жер тағдыры –ел тағдыры». Алматы, 1995

жыл). Осымен катар Қазақ елінің солтүстік өңірін естек (башқұрттар), жоңғар қалмақтарынан азат етуге қарулы қосындарымен соғысып, жеңіске жеткен.

1757 ж. (тарихи мұрағаттар дәлелінше; Ресейдің Сырткы істер министрлігінің Сырткы саясаттар ісі, Омбының облыстық мұрағаты, Қытай мұрағаттары бойынша) Абылай 10 мың сарбазымен Қашғария жеріне (1,0 млн. қалмақтарды қытайлықтар қырғаннан кейін) қалған торғауыттарды талқандап (жоңғар қалмақтарының бір бұтасы) – Арғын Құлеке батыр 2000 сарбазымен, Керей Мерген батыр – 2000 сарбазымен, Көкжал Барақ сұлтан – 2000 сарбазымен, Абылай сұлтан – 2000 сарбазымен, Қабанбай батыр – 2000 сарбазымен – қалған торғауыттарды жеріне тараткан екен. Бұл деректерге қарағанда Құлеке бабамыз Абылай қолбасыларының бірегейі саналып, сонау Шығыс Түркістанға дейін (қазіргі Түркістан өлкесі) елімізді қаласқан. Шын мәнінде бұл өлкеге жоңғар қалмақтары, ойрат, торғауыттар қайта шауып, үстемдік жасай алмаған.

Құлеке батыр, бабамыз Ресей, Қытай, Жоңғар елдеріне елшілік ретінде тынымды істерімен кеңінен мәлім болуымен катар, жергілікті Атығай, Қарауыл, Керей, Уақ елдеріне қамқор, пана болып, ел бірлігін сақтап, тұрақтылық пен тәтулықты максат тұтқан.

Құрметті Ерік Хамзаұлы, осы хатта аталған ұлы қайраткер, патриот, қазақ елінің егемендігіне үлкен үлес қосқан, қазақ халқына жан-пида қызмет еткен, бабамыз Құлеке батырды отан тарихындағы орнын жаңғыртып, бүгінгі ұрпаққа өнеге, ғибрат ретінде тарту ету біздің бүгінгі таңдағы, кезек күттірмейтін міндетіміз деп санаймыз. Елбасы, президентіміз Н.Ә. Назарбаев жар салған «Мәңгілік ел» қағидасы, өтіп жаткан Қазақ хандығының 550 жылдық мерей тойында мемлекетіміз бен халқымыздың өшпес өміршеңдігі, ұлы істері келешекте жалғасын тауып, жарқын болашаққа тірек болары, күмән тұғызбаса керекті. Осы ұлы бағытта тарихымыздың өткені мен болашағы ажырамас тұтастығын тауып, Құлеке бабамыз сынды аруақтар-тұлғалар халқының біртуар перзенті ретінде тарихтағы ғибратты іс-өнегесімен егемен ел, қазақ халқы, қазақ мемлекеті деген киелі ұғымның қалыптасуында өз орнын тауып, жалымызда сақтаулы тарихи бұлтармас шындық.

Осыған байланысты, Ерік Хамзаұлы, ең алдымен Сізден өтінетініміз: дана бабамыз Құлеке батыр атына лайық Сергеев қаласының атын қалалық мәслихат шешімімен **Құлеке батыр қаласы деп аталса.** Осы тілекке орай біздің хатымызбен бірге өзініз бастамашы болып мәслихат алдында қолдау көрсетсеніз. Өңірдің төл азаматы ретінде, тарихи деректерге сүйеніп Сіздің атыныздан жасалған қолдау орынды қадам болар еді, деген пікірдеміз.

Жалпы Құлеке батырдың өмір жолы осы өңірде – Шал ақын ауданының Аютас, Бағанаты. Борлық төңірегінде өткен. Алғашқы жауларын жеңіп орныккан елді мекені болған екен. Соңғы бақилық тапқан өңірі де осы өлке Аютас мекені. Сонынан өзінің өсиетімен Шал ақын бабамыз (баласы) Түркістанға, Қожа-Ахмет Яссауи кесенесіне апарып жерлеген. Бүгінде Ұлы бабаның басына қойылған құлпытасы сақталып, Абылай хан бастаған ұлы тұлғалардың санатында Әзірет-сұлтан мешітіндегі тізімде.

Биыл қос ханымыз Керей мен Жәнібек қазақ тәуелсіздік туын көкке көтеріп, Қазақ хандығын жария еткеніне орай Қазақ мемлекетінің өркендеуіне бағышталған іргелі шаралар өтуде. Осыған орай солтүстік өңірде Құлеке санатында арнайы бағдарлама негізінде шаралар ұйымдастырылып, облыс орталығында, аудан, елді мекендерде жүзеге асса заман талабынан, халық қалауынан туындаған орынды бастамалар болары күмән тудырмасы сөзсіз.

Қосымша:

1. Қайролла Мұкановтың «Егемен Қазақстан» газетінің 2010 жылғы 12 наурыздағы №90-93 (25939) нөмірінде жарияланған «Абылайдың қос батыры – Құлеке мен Құлсары» атты мақаласының көшірмесі - 6 парақта.
2. «Имена в истории. Северный Казахстан» кітабында жарияланған «Кулеке и его славные потомки» мақаласы, Петропавл, 2015 ж. 21–бет. – 3 парақта.

Құрметпен:

1. Ысқақов Жақсылық Ғабдоллаұлы еңбек ардагері, облыстың құрметті азаматы.
2. Қошанов Аманжол Қошанұлы академик Құлеке батырдың 5-ші ұрпағы, облыстың құрметті азаматы.
3. Қалиев Құлайберген Қалиұлы еңбек ардагері, облыстың құрметті азаматы.
4. Моор Иван Иванович «Северный Казахстан» облыстық газетінің бас редакторы, ҚР Президенті сыйлығының лауреаты.
5. Қалиев Ожан Қалиұлы журналист, суретші, облыстың құрметті азаматы.

6. Сейітбеков Жұмаш Сейітбекұлы педагогика саласының еңбек ардагері.

7. Сағындыков Болат Мағазұлы еңбек ардагері, облыстың құрметті азаматы.

8. Мұқанов Қайролла Мұқанұлы Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, халыққа білім беру ісінің ардагері.

9. Елеусізов Искендір Есмақұлы, ардагерлер кенесінің төрағасы.

10. Сүгірбаев Танат Айтмұқашұлы еңбек ардагері, облыстық ардагерлер кенесі Президиумының мүшесі, «Асыл мұра» орталығының жетекшісі.

17.11.2015 ж

Солтүстік Қазақстан облысы
әкімінің орынбасары, облыстық
ономастикалық комиссияның төрағасы
Ғ. С. Нығыметовке

Құрметті Ғани Сақтағанұлы!

Сізге облысымыздың бір топ ардагерлерінің 2015 жылғы 17 қарашада сол кездегі облыс әкімі Е. Қ. Сұлтановқа жолдаған өтініш көшірмесін жолдап отырмыз.

Ономастикалық комиссияның қарауына жазылған хатта қазақ халқының қалыптасуына, мемлекеттігі мен бірлігін сақтап, ел болуына себепкер Абылай ханның сенімді серігі болған, біздің өңірдің тумасы Құлеке батырдың атын өзі туған жеріндегі Сергеевка қаласына, бір сәйкес үлкен көшеге, Сергеевкада жаңадан салынып жатқан спорт кешеніне беруін сұрап хат жолдап отырмыз.

Құлеке батырдың тарихи тұлға, өз заманының көрнекті мемлекет қайраткері болғаны туралы көптеген құжаттарда, мысалы, Қайролла Мұқановтың «Егемен Қазақстан» газетінің 2010 жылғы 12 наурыздағы № 90-93 (25636) нөмірінде жарияланған «Абылайдың қос батыры – Құлеке мен Құлсары» атты мақаласы, «Тортай Садуақасовтың «Ел мен жер» атты 2003 ж. кітабы, Зарқын Тайшыбайдың «Абылай хан» 2005 ж., Жарасбай Сүлейменовтың «Дала бесік» 2009 жылы шыққан еңбектерінде кеңінен баяндалған. Ардагерлеріміздің осы өтінішін ономастикалық комиссияның отырысында қарап, елдігіміз бен бабалар рухына тағзым, құрметіміздің белгісі болатын шешім шығарады деген үміттеміз.

Құрметпен:

1. Жантілеуов Мұрат Қошанұлы, еңбек ардагері, облыстың құрметті азаматы.

2. Тәжин Жанкелді Уақпанұлы, халыққа білім беру ісінің ардагері, Қазақстан Республикасының үздік мұғалімі.

3. Қоспанов Сартай Біканұлы, денсаулық сақтау ісінің ардагері, Қазақстан Республикасының үздік дәрігері.

4. Елемесов Серікбай, ауыл шаруашылығының еңбек ардагері.

5. Құрманқұлов Зарап Ерғараұлы, еңбек ардагері, Шал ақын ауданының құрметті азаматы.

6. Балтабаев Абылай Зияұлы, ауыл шаруашылығының еңбек ардагері.

7. Жусупов Бекет Қаратайұлы, еңбек ардагері, Шал ақын ауданының құрметті азаматы.

8. Ысмағұлов Айтмұқан Жұмабайұлы, еңбек ардагері

29.10.2020 ж.

«ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ ХАС БАТЫРЛАРЫ» тақырыбында онлайн-конференция

2020 жылдың 12 қараша күні



2020 жылдың 12 қараша күні Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві Құлеке батырдың өмірі мен қызмет жолына арналған «Қызылжардың хас батырлары» тақырыбында онлайн-конференция

ұйымдастырды. Конференцияға М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің академигі, профессоры Тайшыбай З. С., қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Тәжин Ж. У., Құлеке батырдың ұрпағы Жантілеуов М.Қ. қатысты.

12 ноября 2020 г. Северо-Казахстанский государственный архив организовал онлайн-конференцию по теме: «Қызылжардың хас батырлары» – «Легендарные батыры Северного Казахстана», посвященную жизни и деятельности Кулеке батыра. В работе конференции приняли участие академик, профессор Северо-Казахстанского университета имени М. Козыбаева, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Тайшыбай З. С., председатель городского совета ветеранов Тажин Ж. У., потомок Кулеке батыра Жантлеуов М. К.

***

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған «Қос батырдың бірі – Құлеке» атты конференция.

24 ақпан, 2021

2021 жылдың 24 ақпанында Абылай хан резиденциясы «Қос батырдың бірі – Құлеке» атты онлайн-конференциясын ұйымдастырды. Конференцияда сөз сөйлегендер: Садаев Аян Нәбиұлы – Абылай хан резиденциясының директоры; Қошанов Аманжол Қошанұлы – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері; Тасболатов Абай Бөлекбайұлы – генерал-лейтенант, тарих ғылымдарының докторы; Тайшыбай Зарқын Сыздықұлы – академик, Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры; Біржанов Хамит Біржанұлы – Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Алматы қаласы Бостандық ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы; Тәжин Жангелді Уақпанұлы – қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы, педагогика еңбек ардагері; Смағұлов Рахат Назымбекұлы – Шал ақын ауданының әкімі; Оразалин Тұрар Сейтжанұлы – Шал ақын аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Тыңдаушылар: Абылай хан резиденциясының қызметкерлері, Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің студенттері, Шал ақын ауданының, Петропавл, Нұр-Сұлтан қалаларының тұрғындары.



https://rah.kz/kk/actions-kz/958-event-2021–2402–2-kz.html

Академик Аманжол Қошанов,
ҚР ғылым, білім саласындағы
әл-Фараби атындағы мемлекеттік
сыйлықтың лауреаты

Халық мүддесі, ел тағдырына байланысты аянбай қызмет еткен Құлеке батыр бабамыз туралы (1702-1763 жж.)

(Арнайы конференциядағы баяндама. Абылайхан резиденциясы, Петропавл қаласы, 24 ақпан, 2021 ж.)

Құрметті халайық,
Қызылжар өлкесінің азаматтары!

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздігіміз бәрінен қымбат» мақаласында ұлттық тарихымызды зерделеп, жаңа көзқараспен ұлттық мүддемізді, қазақ халқының ұлттық тарихын жаңадан дайындауға міндетін алға тартты. Бұл тарих европоцентристік бағытта емес, яки болмаса Ресей тарихының қосымша бөлігі емес, қазақ халқының қай деңгейде, уақытта болмасын – азаттық жолындағы күресін, тәуелсіздікті көксеген, осыған байланысты еліміздің ардагер азаматтарының тарихы болуға тиісті деген талап қоюда. Тарихи ілім шындыққа түзілсе ұлттық ой жүйесін қалыптастырып, ұлттық болмысымызды анықтауға, қауіпсіздігімізді бекіндіріп, қазақ идеологиясын, көзқарасын қалыптастырады. Осының негізінде мемлекетіміз тұрақты дамуға мүмкіншілік алады.

Қазақстан тарихын зерттеу арқылы халықтың тарихи зердесін қалыптастырып, тарихи шындықты қалпына келтіреді. Қазақ даласының Ресей империясы құрамындағы тарихы, қазақ хандығының Ноғай ордасы, Сібір, Қазан, Астрахан хандығымен қарым-қатынасы әлі толық зерттеуді талап етеді. Бүгінгі біздің конференциямыз Қазақ хандығының бір бөлігі Абылай дәуіріндегі Ресей мен Қазақ хандығы, Жоңғарлар мен Қытай-Цин империясының мүдделері тоғысқан кезеңі болатын. Міне осы жағдайда ұлы ханымыз Абылай саясатын жергілікті өңірдегі көш-ру басшылары, қиын-қыстау дәуірдегі орыс-қазақ келіс сөздерінде бітімгершілік қарым-қатынас орнатуға, жоңғар-қалмақ басқыншыларынан

елімізді азат етуге аянбай күрескен ірі ұлт дәрежесіндегі тұлғалардың бірегейі – **Құлеке батыр**. Абылай ханның өзіне тете, бас қолбасшыларының таңдаулысы. Ақыл-парасатымен ерекшеленіп, ханның арнайы тапсырмаларымен өмірінің соңғы сәтіне дейін шекара бойындағы қазақ-орыс, қазақ-қытай арасындағы келісімсөздерге қатысып, хан өкілдерімен бабамыз елшілік тапсырмаларды орындаған, қазақ халқы мүддесіне қызмет еткен.

Сондықтан да бүгінгі конференциямыз Құлеке батырдың елін, отанын қорғаудағы тарих бетінде өлшеусіз із қалдырған тынымды істері болмақ. Әрине, Құлеке батырдың қасында ақылман, ел мүддесін көксеген, тынымды билік жүргізген, аттары тарих бетінде таңбаланған ел ардагерлері болған. Олар туралы да осы жиында әңгіме болмақ. Конференция бағдарламасында аталған, кешегіге дейін ел сенімін ақтаған депутат, генерал Абай Тасболатов ініміз арамызда. «Егемен Қазақстан» газеті ардагерлер қоғамының құрметті мүшесі Хамит Біржанов ағамыз қатысуда. Арамыздағы шежіре қариямыз, Құлеке бабамыздың ұрпағы.

Жалпы XVIII ғасырдың 30-70 жылдары Ресей патшалығының Орынбордағы әкімшілігі Қазақ елінің батыс және солтүстік өңірін өз билігіне қаратып, колониалдық үстемдігін белсенді түрде іске асырумен болды.

Қазақ елі Жоңғар, Қытай басқыншыларының өктем, жаугершілік саясатынан жұтылып кетпеу үшін Ресей билігіне бағынышты болуды таңдағанды. Сондықтан да Абылай бастаған қазақ сұлтандары Ресей патшалығы Анна Иоанновнаға «подданный» деп ант етіп, қол қойғандар санатында Құлеке бабамыз да бар болатын. Бұл рәсім Ресейдің өкілетті елшісі Тевкелевтің басшылығымен ұйымдастырылған еді. Бүгінгі таңда Ресей империясының Азия департаментінде барлық мәліметтер сақтаулы. Сол ақпараттар арқылы көп жаңалықтар ашылуда. Профессорлар Жарқын Тайшыбай, Ақмарал Ыбыраева сынды ғалымдар тарихи деректерге сүйене отырып, сонау Алтын Орда заманынан Арғын, керей, Қыпшақ руларының осы өлкесінде автохтонды тұрақты болғанын қалтқысыз дәлелдегенді. Еліміздің ұлы азаматтары сонау Абылай заманының барлық күш-жігерін осы өңірдің келешегі, халықтың бірлігі, елінің тұтастығы үшін аянбай күрескен. Міне, солардың алғы шебінде Абылайхан басшылығымен тарихта аттары берік сақталып, бүгінгі дәуірімізде еліміздің Мәңгілік ел, егемендігімізге рухани тірек, ел мүддесін қорғауға бірден бір айғақ болуда.

Міне, бүгінгі конференциямыз Абылай дәуірінің көрнекті өкілі Құлеке бабамызға арналуда. Бабамыз Абылай ханмен дәуірлес, ел мүддесін қорғаудағы жан-жақты Ресей, Жоңғар, Цин (Қытай) империясымен тағдырлы, шиеленіскен қарым-қатынастарда халық мүддесін, ел тұтастығын сақтауға тікелей қатысы маңызды мәселелерде шешуші рөл атқарғаны белгілі. Сонау 1733 жылы Орта жүздің ханы Сәмекенің бұйрығымен қазақ елінің елшісі ретінде С-Петерборға барып, патша ағзам Анна Иоанновнаның қабылдауында болып, орда бұзар 30 жасында Ұлы Жібек жолы бойында Ресей керуені қазақ жерінде тоналып, қазақтарға жала жабылғанда – екі ел арасындағы араздықты реттеу мәселесімен арнайы елшілік миссиясын орындап, елге оралған болатын. Бұл бабамызды білікті дипломат – елші дәрежесіне көтерген сын сағаты еді.

Құлеке Тәңірберді ұлы Абылай ханның жақын кеңесшілері дәрежесінде маңызды тапсырмаларға жұмсайтын сенімді елшісі болғаны мәлім. Абылайдың тапсырмасын орындаушы, әрі солтүстіктегі үлкен Атығай, Керей тайпаларының ел ағасы ретінде көрінген еді. Біраз жағдайда жалпы қазақ еліне ортақ мәселелер бойынша сауда-саттық, шекара келісімдері, жер дауы, жайылымдар талап ету және т.б. мәселелер бойынша Ресей үкіметінің шекара бастықтарымен, Ресей өкілі, Орынбор губернаторы Неплюевтың қабылдауыда болып, шиеленіскен мәселелерді шешіп, келісімге қол жеткізген.

1756 жылы бабамыз Қожаберген, Бабақай батырлармен қолбастап, үш мыңдай шаңырақты Ертістің жоғары сағасына үдере көтеріп, қытай, маньчжур-шүршіт әскерінің қазақ жеріне басып кіруіне алдын ала қалқан болып, қазақ елінің байрығы жерін қорғаған болатын. Бұл қазақ елін, жерін қорғаудағы алдын ала жүзеге асырылған көрегендік жоспар еді.

Оның бер жағында патша ағзамының өкілі Орынбор генерал-губернаторы Неплюевпен келісім жүргізіп, Атығай мен Керей руларына Ертістің сол жағалауына дейін жер жайылымын алуға шарт жасасқан болатын. Құлеке бабамыз елшілік тапсырмамен Орынбор, Тобольск, Троицк қалаларымен, Қызылжар бекінісімен жиі байланыста болып, жоңғар-қалмақтарынан қазақ даласын қорғауда, Атығай руының жайылымына Ертіс бойынан жер талап етіп, жалпы Ресеймен сауда-саттықты молайту туралы келісімшарт жоспарына қол қойған (Казахско-русские отношения в 16-18 веках. Сб. документов и материалов. Алматы, 1967 г.).

Сондай-ақ, Құлеке батыр қарулы қосынды басқарып Тобыл мен Ертіс арасындағы қазақ жерін жоңғар қалмақтарынан азат етіп, Ертістің оң жақ сағасына мыңдаған қазақ түтіндерін қоныстандырған көрінеді (Тележан Шонанов, «Жер тағдыры, ел тағдыры», Алматы, 1995 ж.). Осымен қатар қазақ елінің солтүстік өңірін естек, тағы басқа ұсақ тайпалардан азат етуде, қарулы қосындарымен соғыса жүріп, жеңіске жеткен.

1757 ж. Абылай хан басқарған үлкен қарулы қосынға арғын Құлеке батыр, керей Мерген батыр, көкжал Барақ сұлтан, қаракерей Қабанбай батыр – әрбіреуі екі мың сарбазымен –10 мың қайысқан қол Жетісу өңірін, шығыс Түркістан өлкесін қытайлардан кейін қалған торғауттарды талқандап, бұл өлкеге жоңғар қалмақтары, ойрат, торғауыттар қайта шауып, үстемдік жасай алмаған.

Құлеке батыр бабамыз Ресей, Қытай, жоңғар елдеріне тынымды істерімен кеңінен мәлім болуымен қатар, жергілікті атығай, қарауыл, уақ елдеріне қамқор, пана болып, ел бірлігін сақтап, тұрақтылық пен татулықты мақсат тұтқан. Ресей әкімшілігі бағалауы бойынша қазақ ру басыларының ішінен ең беделдісі деп танылған. Ал көрші тайпаларға бедел-қауқарын қосқанда, әсіресе керей, уақ, жартылай қыпшақ елдеріне Құлеке бабамыздың бедел-парасатымен, оның ішкі, сыртқы саясатындағы пәрменімен тиянақты түрде санасқан еді.

Құлеке батырдың 1763 ж. қайтыс болғанын Абылай сұлтан ұлы патшайым II Екатеринаға арнайы жазған хатында жабырқау көнілмен хабарлаған болатын. Құлеке батырдың ел жайлаудан қайтқан жолда ауырып, жан тәсілімінде баласы Шал ақынға өсиет етіп, мәйітін ұлы хандарымен қазақ халқының белгілі ұлдары жатқан Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне табыс етуді жүктеген көрінеді. Шал бабамыз әкесінің өсиетін орындап кесенедегі ұлы зияратқа жерлеп, арнайы құлпытас шаптырып қойғызыпты. Жолда төрт ай жүріп, Бетпақ дала, Қарақұм, Қызылқұмды кешіп өтіп елге оралған екен. Ол дәуірде жол сілемі жоқ, түнде ғана жүріп, Оңтүстіктен туған Шолпан жұлдызын бағытқа алып, күндіз мәйітті қалың құмға жасыруға тура келген.

1971 жылы – дәл бүгінгіден елу жыл әкем Қошан Жантілеу ұлы (Құлеке бабамыздың тікелей ұрпағы) бізге Алматыға келген жолында «Бабамның басына зиярат етіп, құран бағыштау бір арманым еді», – дегенді. Ол кезде кесене жабық жөндеуде болатын,



арнайы Мәдениет министірлігінен рұқсат хат алып, әкемізбен Түркістанға барып мұсылмандық міндетімізді атқарған болатынбыз.

Әлі есімде, ақпанның сары аязында кесененің алдынғы залындағы тас тұғырда (тарихи жәдігер – Тайқазан Ленинградтан қайтпаған кезі) әкеміз марқұм бір сағат шамасында, көңілі босап отырып, бабамызға құран бағыштағаны әлі күнге дейін көз алдымда. (Арнайы фото суреттеріміз осындағы көрмеде). Құлеке бабамыздың құлпытасы қазақ хандарының, еліміздің айтулы оғландарына қойылған тастарымен бірге Кіші Ақсарайда сақталыпты. Ұлы кесененің Үлкен залында құлпытастар тізімі көрнекті жерге ілініп бұқара халыққа жәрия етілген.

Құлеке бабамыз құлпытасы № 61 тізіммен «Арғын Құлеке батыр Тәңірбердіұлы» деп тасқа қашалған мәлімет бар.

Жалпы, осы конференцияға қатысып отырғандар дені Құлеке бабамыздың тікелей ұрпақтарымыз, ұлы қайраткер, ел, жер мүддесін қорғаған заманының шоқтығы биік, тарих бетінде еліне, халқына жасаған тарихи іс-әрекеттері, халық бірлігін көксеген, елінің тұтастығын тынымсыз еңбегімен, қол бастаған жауынгерлігімен, мәмлегер-дипломат қабылетімен тарих бетінде өшпейтің іс, өлмейтін сөз қалдырған ұлы бабамыздың бүгін аруағын тербетіп еске алуымызды азаматтық ұрпақ борышы деп есептеуіміз керек.

Құлеке батырдың отан тарихындағы орнын жанғыртып, ұрпаққа өнеге, ғибрат ретінде тарту ету біздің бүгінгі таңдағы кезек күттірмейтін міндетіміз деп санаймыз. Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Мәнгілік Ел» қағидасына байланысты қазақ халқының болмысын қалпына келтіру мәселесі тұр, өзіміздің төл тарихымызды ғылыми негізде тәуелсіздігіміздің негізгі ұстанымы ретінде шығару күн тәртібінде. Ол өткен бабаларымыздың ел мүддесі үшін аянбай күресу жолдарын айқындап, еліміздің біріге түсуіне, жарқын болашағы үшін қазақ ұлты деген ұғымды қалыптастырып, еліміздің алға басуына бірден бір тірек, сенімінің кепілі. Жат жұртта тұрып жатқан бес миллион қандастарымыз да рухани қуат алып, мәңгілік қазақ елі деген ұлы ұғымның төңірегінде топтасу кепілі.

Өшпес ерліктерімен, тынымсыз ел тағдырына сіңірген айтулы іс-әрекеттерімен тарихта лайықты орнын алып, мемлекетіміз бен халқымыздың өміршеңдігі, ұлы істері келешекте жалғасын тауып, жарқын болашаққа тірек болары күмән туғызбаса керекті.

Осыған байланысты ұлы бабамыз Құлеке батырдың бейнесі халқының есінде, халықпен бірге жасасу шарты бүгінгі буын егемендік иелерінде. Сондықтан да бабамыз халқымыз үшін кезінде тындырған ұлағатты істері тарих бетінде хатталып, жалпы оқырмандардың қолына ақпарат жүзінде кеңінен тараса рухани жаңғыру үрдісіне қомақты үлес болары сөзсіз. Жалпы, Құлеке бабамыздың аты кезінде мектеп, колледждерге, қала, елді мекендерге, көше-алаңдарға, өз ата қонысы Шал ақын ауданы төңірегінде аты мәлім болып, Қызылжар қаласына мүсіндері қаланып, жастар стадиондары мен алаңдарға берілсе – жалпы бұқара халық үшін ел қадірін ұлықтауға үлкен себін тигізері күмән туғызбаса керек. Бұл ұсыныстар облыс, аудан, бұқара халықтың пәрменімен іске асатын жаңалықтар. Жеке адамның мақсат-тілегі емес, жалпы қоғамның ынта-ықыласы.

Сау-сәләмәт болыңыздар! Рахмет!

Абылай ханның сенімді серігі

Абылай ханның сенімді серіктерінің бірі – Құлеке батырдың туғанына биыл 320 жыл. Жуырда «Абылай хан резиденциясы» мұражай-кешенінде зиялы қауым өкілдерінің, ғалымдар мен тарихшылардың қатысуымен «Қос батырдың бірі – Құлеке» тақырыбында онлайн-шара өтті. Ол жерлес жауынгерді еске алумен қатар тарихымыздың баға жетпес қазынасын, қазақ батырларының ерлікті істерін жас ұрпаққа насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

1702 жылы дүниеге келген батыр бабамыз халық арасында Шал ақын деп аталып кеткен Тілеуке Құлекеұлының әкесі. Бұған қоса Құлеке өз заманында Абылай ханның сенімді серіктерінің бірі ретінде танылған. Бірнеше тіл меңгерген жерлесіміз кезінде Қытай мен Ресей елдерінің өкілдерімен тығыз байланыста болып, жаумен күресте де шеберлігімен көзге түскен. Қазақстанның халық жазушысы, көрнекті ақын Кәкімбек Салықов бір еңбегінде былай деп жазған екен: «Құлеке жаудан жаны шайлықпас батыр да, дауда орыс, қазақты таңдантқан орақ тілді шешен, байыпты туған саясаткер де болып өткен дарабоз. Ол Абылай ханның жалаңтөс батыры ғана емес, ең сенімді елшісі болып қызмет еткен, өз заманының сауатты да, салауатты озық туған шын мәніндегі зор қайраткер».

Шараға онлайн қатысқан еліміздің танымал азаматтары батыр бабамыздың осы қасиеттерін тілге тиек етіп, шайқастардағы ерлігін тағы бір мәрте еске түсірді. Ұлттық ғылым академиясының академигі Аманжол Қошанов, тарих ғылымдарының докторы Абай Тасболатов, М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дың профессоры Зарқын Тайшыбай, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Хамит Біржанов сынды азаматтар танымал тұлғаның өмірі мен жауынгерлік жолына кеңінен тоқталып, бүгінде батырдың есімін жас ұрпақ арасында насихаттау жолында атқарылған шараларды сөз етті.

Гүлбике Кубенова

«Қос батырдың бірі – Құлеке» атты конференция өтті

ХАЛЫҚ ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

Құлеке батыр қолданған найзаның ұшы, аңға шыққанда бүркіті отыратын тұғыр мен құстың томағасы. Бүгін бұл құнды дүниелер «Абылай хан резиденциясы» мұражай-кешенінде өткен конференцияда паш етілді. Сондай-ақ, «Қос батырдың бірі – Құлеке» атты жиында оның өмірі мен ерлігі жайлы айтылды.

Құлеке Тәңірбердіұлы 1702 жылы Солтүстік Қазақстан өңірінде дүние есігін ашқан. Батыр жұртшылыққа Шал ақын бабамыздың әкесі, Абылай ханның сенімді серіктерінің бірі, елші, мәмлегер ретінде таныс. Өз заманында талай мәрте ұлы шайқастарға қатысып, ерлікпен көзге түскен. Әрі білек күшімен білімді қатар алып жүрген көрнекті тұлғалардың бірі болған. Сондай-ақ, көрші Ресей және Қытай елшілерімен тығыз байланыста болған, бірнеше тіл білген.

Мұрат Жантілеуов – Құлеке батырдың ұрпағы:

«1732 жылы Орта жүз ханы Сәмекенің елшісі болып Санкт-Петерборға патшаға барған. Ол жерде біраз мәселелерді шешіп қайтады екен. Жасы 30-да ғана болған екен. Төрт ай жолда жүріпті. Бұл жайында орыс елшісі Тевкелев хабарлайды. Тағы, батырдың Мәскеуге талай рет барғаны жайлы да мәліметтер бар».

Ер есімі – ел есінде. Бүгінгі жиында батыр қолданған найзаның ұшы, аңға шыққанда бүркіті отыратын тұғыр мен құстың томағасы, тағы басқа да заттары көрсетілді. Құлеке батырдың 6-шы ұрпағы Мұрат Жантілеуов жаужүрек жауынгер жайлы қазіргі таңда біраз ақпарат барын айтады.

Мұрат Жантілеуов – Құлеке батырдың ұрпағы:

«Абылайдың айтуымен Есіл бойына қазақ руларын әкеліп орналастырған. Шал ақын ауданының жерінде болған жекпе-жекте үш естектің батырларын жеңген. Естек батырлары Сібір жағына кетіп, орнына қазақтар барыпты. Орыстардың тарихи қорларында батырдың есімі 33 рет аталады. Онда Ресей, Қытай, Қорғанға барғаны жайлы жазылған».

Тарихымызды білмей болашақты болжау расымен де қиын. Сол себепті, Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында мұражайда осындай

жиын өткізіліп отыр. Басты мақсат – жастарға ата-бабамыздың ерліктерін ұмытпай, бойларында патриоттық сезім қалыптастыру.

Әсемгүл Қыдбекова – «Абылай хан резиденциясы» мұражай-кешені директорының орынбасары:

«Бұл конференция өте маңызды. Өйткені, оған Алматы, Нұр-Сұлтан, біздің қаламыздың және Шал ақын ауданының әкімдігі қатысуда. Және де ардагерлер, Ұлттық ұлан ұландары, облыстық архивтің басшылығы қатысып отыр».

Жалпы, жиынға 200-ден астам адам қатысты. Алдағы уақытта мұражай қызметкерлері Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай бірталай іс-шаралар легін өткізуді жоспарлап отыр.

Алтынай Қазиқанова

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған конференция

27 қыркүйек, 2021 ж.



Жалаңтөс, Қарасай, Бөгенбай және Құлеке батырлар. Қазақстан тарихында ұлттың дамуына елеулі үлес қосқан көптеген атақты батырлар бар. Бүгін «Абылай хан резиденциясы» мұражай кешенінде «18 ғасыр батырлары» тақырыбында онлайн-конференция өтті. Жиында қазақ даласын жаудан аман сақтап қалған батыр бабаларымыздың ерлігі айтылды.

Қазақ даласында ел тағдырын бәрінен биік қойған, ұлт тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары асып артылады. Тарихта есімдері қалған батырлар жетерлік. Оларды халық мақтан тұтады. Олардың ерліктері болашақ ұрпаққа үлгі.

Әсемгүл Қыдбекова, «Абылай хан резиденциясы» мұражай-кешені директорының орынбасары:

– Өңірде дүниеге келген батырлардың бірі – Құлеке батыр. Ол Абылай ханның сенімді серіктерінің бірі болған. Абылайдың басқаруы кезінде елшілердің алдында маңызды міндет тұрды – әр түрлі мәліметтерді, өкімдерді және т. б. жеткізу. Абылай хан осындай мақсаттар үшін әрдайым осы сенімді серіктерін жіберіп отырған.

Абылай Балтабаев, Шал ақын ауданының тұрғыны:

– Құлеке батыр 1702 жылы туған, 1763 жылы қайтыс болған. Тарихи деректерде батыр жайында мәліметтер болған, бірақ соңғы жылдары ғана зерттеле бастады. Тарихты одан әрі зерттеп, ұрпаққа осы батыр бабаларымыздың ерлігін насихаттап, жеткізу керек.

Конференцияға ұлы батырлардың ұрпақтары, профессорлар, өңірдің қоғам қайраткерлері, жастар қатысты.

«Қаз дауысты Қазыбек бидің қазақ қоғамындағы орны мен рөлі» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция







ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ
«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ
«ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

«ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ОРНЫ МЕН РӨЛІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ

АҚПАРАТТЫҚ ХАТЫ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК Ұлы даланың ұлы тұлғасы Қаз дауысты Қазыбек бидің 355 жылдығына және Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына орай республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы жұмысына қатысуға шақырады.

Өтетін уақыты: 5мамыр, 2022 жыл.

Өтетін орны: Түркістан қаласы, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

Конференция тақырыбының негізгі бағыттары :

1. **Қазыбек бидің тарихтағы орны мен рөлі**
2. **Билер институтының қалыптасу кезеңдері**
3. **Түркістанда жерленген билер тағылымы**
4. **Халық ауыз әдебиетіндегі Қазыбек би бейнесі**
5. **Бодандық және Тәуелсіздік тұсындағы Түркістан**
6. **Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар**
7. **Түркістан жазирасы археологиясының өзекті мәселелері. Археологиялық дерекқөздер**
8. **Қазақстандағы ортағасырлық қалалар: шетелдік дерекқөздер.**
9. **Рухани жаңғыру: музей ісі және ескерткіштерді қорғау мәселелері**
10. **Тарихи-мәдени туризм және оны дамыту жолдары**

Конференцияның ресми тілдері: қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдері

Конференцияға тарих, филология, философия, шығыстану, дінтану, мәдениеттану салаларының ғалымдары, тарихи-мәдени мұраларды қорғау және музей саласының мамандары, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарының қызметкерлері қатыса алады. Конференцияның материалдары жинақ түрінде шығарылады.

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY
MÁDENIET JÁNE SPORT MINISTRLIGI
MÁDENIET KOMITETI
«ÁZIRET SULTAN»
MEMLEKETTIK TARIHI-MÁDENI
MÝZEI-QORYGÝ» RMQK

МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И СПОРТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ КУЛЬТУРЫ
РГКП «ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ИСТОРИКО-
КУЛЬТУРНЫЙ МУЗЕЙ-ЗАПОВЕДНИК
«ӘЗІРЕТ-СҰЛТАН»

161200, Túrkistan qalasy, Áteke bi kóshesi 1B
Tel./faks: (8-725-33) 3-23-00
E-mail: azret-sultan@mail.ru
www.azretsultan.kz

161200, город Туркестан, улица Айтеке би 1Б
Тел./факс: (8-725-33) 3-23-00
E-mail: azret-sultan@mail.ru
www.azretsultan.kz

19.11.2022 № 05-03/488-1

Солтүстік Қазақстанның
құрметті азаматы М.Жантлеуовке

Құрметті Мұрат Қошанұлы!

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» 2022 жылы 5 мамыр күні Қазыбек би Келдібекұлының 355 жылдығына орай «Қаз дауысты Қазыбек бидің қазақ қоғамындағы орны мен рөлі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізуді жоспарлап отыр.

Конференцияға отандық, шетелдік белгілі ғалымдар, музейтанушылар, қоғам қайраткерлері қатысады.

Осыған орай, Сізді конференция жұмысына қатысып, баяндама жасауға шақырамыз.

Іс-сапар шығындары келушінің өз есебінен төленеді.

Директор **М.Садықбеков**

Орындаған: Д.Арынова
Тел.: 8 725 33 3-51-54

Доклад для конференции на тему «Исторические личности, похороненные в Туркестане»

Самое грозное оружие в бою – душа человека, боеприпасы к нему – духовная пища. Спасение не в бегстве, а в защите и нападении, кто не защищается, тот погибает.

Б. Момышулы

Родина подобна огромному дереву, на котором не счесть листьев. И все наши добрые дела прибавляют ему силы, но всякое дерево имеет корни, связывающие его с землей. Корни – это наша история, то, чем мы жили вчера. Это наши деды и прадеды, чьи дела помогают нам жить сегодня. Все может родная земля: может накормить своим хлебом, напоить из своих родников, удивить своей красотой. Вот только защитить сама себя она не может. Поэтому защита родной земли – обязанность всех, кто ест ее хлеб, пьет ее воду, любуется ее красотой. Людям даются почетные и уважительные звания. Самое высокое из всех – защитник Родины.

В XVIII веке, в сложную эпоху правления хана Абылая, в русско-казахских переговорах по установлению добрососедских отношений особо выделяется фигура Кулеке батыра. Кулеке был одним из доверенных лиц, правой рукой Абылая. Он был не только смелым воином, активно участвовавшим в сражениях с врагами, но и видным государственным деятелем своего времени, выполнявшим важные задачи посла в переговорах с представителями соседних государств – России и Китая. Кулеке как старейшина рода Атыгай заслужил глубокое уважение и признание народа своими делами.

В свое время, а это XVIII век, Шал акын произнес емкую фразу: «Әулиені айтсаң – Құлсарыны айт, батырды айтсаң – Құлекені айт» [1].

Родословная Кулеке батыра выглядит следующим образом: он из Среднего жуза, рода Аргын-Атыгай, отделения Баимбет. Родился в 1702 году в местности Аютас нынешнего г. Сергеевки района Шал акына. Предки Кулеке батыра во время сильного джута переселились с севера в район реки Сырдарьи.

Отец Кулеке, Танирберды – влиятельный представитель рода Атыгай, засватал дочь Толе би Сандык, когда они ещё были дети-

ми. Но после смерти Танирберды род его ослабел, и Толе би задумался: стоит ли выдавать замуж дочь за Кулеке? В это время на земли Толе би нападает батыр по имени Келдек. Из-за возникшей ситуации ставка Толе би переехала в другое место. Несколько раз Кулеке хотел забрать невесту и посылал сватов, но каждый раз получал отказ. В очередной такой раз, не выдержав, он направил людей с вопросом: «Что желает Толе би?».

На что получил ответ: «Пусть разберётся с моим врагом – Келдек батыром и вернёт мой скот». Толе би думал, что молодой и горячий Кулеке в бою с опытным батыром Келдеком погибнет или, испугавшись, откажется и таким образом он избавится от него.

Но Кулеке принимает вызов – в бою он побеждает Келдек батыра и возвращает скот Толе би. С тех пор молодого Кулеке прозвали батыром (героем). Старый Толе би остался довольным и выдал дочь Сандык за Кулеке батыра.

Сандык – первая жена Кулеке, была дочерью Толе би из Старшего жуза, по ошибке многие считают её матерью Тлеуке (Шал акына). На самом деле это не так – она воспитала новорожденного Тлеуке.

В исторических документах имя Кулеке батыра впервые встречается в августе 1732 года. Ханом Среднего жуза Самеке Кулеке Танирбердыулы был направлен в качестве посла в г. Санкт-Петербург и был на приеме у императрицы Анны Иоанновны. Решались вопросы свободного и безопасного перемещения торговых караванов России на территории Казахского ханства и другие.

Кулеке батыр возвратился на родину из г. Санкт-Петербурга 4 января 1733 года, о чем информирует посол Тевкелев А. И. Министерство иностранных дел России [6].

В 1733 году в связи с обострением ситуации с джунгарами Толе би пишет письмо императрице России, что не только его род, а в целом все жузы готовы перейти под покровительство России. Согласие в этом выразили Хатта Кодар би, Сатай батыр, Койгелды батыр, Болек батыр, наряду с ними упоминает Толе би и имя Кулеке батыра.

Сам Толе би и его дети были грамотными людьми. Зять бия Кулеке батыр писал письма и мог читать их, был грамотным человеком [11].

В мае 1737 года Кулеке батыр был с посольской миссией в Москве в Министерстве иностранных дел. На обратном пути послами-казахами было закуплено небольшое количество оружия (28

ружей, 15 сабель) о чем статский советник Кирилов уведомил Министерство иностранных дел России. Ответ министерства был таков: «Это малое количество оружия казахи могут купить и в Бухаре и для безопасности России нет угрозы, но в следующий раз запретите продажу оружия казахам» (из архива Российской империи, том 248).

Рядовое население всех жузов, значительная часть старшин и батыров не одобряли принятую казахскими ханами тактику лавирования между Россией и Джунгарией с целью получить от той и другой стороны наибольшую выгоду. От некогда враждебных отношений они перешли к политике активного сотрудничества, расширения политических и торговых связей, однако это вовсе не означало признания ими власти джунгарского хана. «Русская партия» была, может быть, менее многочисленной, но вопреки мнению Чокана Валиханова далеко не «ничтожной» и «слабосильной». Его лидеры – Абулхаир, хотя и ссорившийся с оренбургской администрацией, Джаныбек, Кулсары, зять Толе би и отец известного акына Тлеуке (Шал акына) Кулеке-батыр и другие были влиятельнейшими в Степи людьми. Их твердая позиция в отношении посягательств хунтайджи оказывала заметное влияния на многих колеблющихся и неустойчивых владетелей [12].

23-30 августа 1742 года в городе Оренбурге большая группа казахских батыров, биев дала клятву о подданстве русской императрице Анне Иоанновне перед начальником Оренбургской комиссии, тайным советником сенатором И. И. Неплюевым. Пожелал принять участие в церемонии и один из чингизидов, султан Султанмамбет, который просил И. И. Неплюева оказать содействие в освобождении из джунгарского плена Абылая. В его свите находился знаменитый и почитаемый казахами Кулеке батыр из рода Атыгай. В их числе: Кулсары аулие дал клятву 26 августа, 19-й по счету Карасай батыр и 35-м Кулеке батыр дали клятву 28 августа и 30 августа Кожаберген жырау [13].

В последующие годы Кулеке батыр во главе вооруженного соединения вместе с Абылаем принимал непосредственное участие в освобождении казахских земель междуречья Тобол – Иртыш от завоевателей-джунгар и по прямому распоряжению заселял казахскими родами освобожденные земли.

Из исторических архивов (Министерство иностранных дел России, Омский областной архив и архивные данные Китая) есть много новых сведений о полководческой деятельности Кулеке батыра

в вооруженных столкновениях во время обострения казахско-китайских отношений на территории Казахского ханства.

Эта угроза со стороны китайцев усилилась после полного уничтожения Джунгарии. Многочисленное китайское войско предприняло наступление на казахские земли. Многие султаны и старшины казахских родов откочевали вместе со своими улусами на север, а вооруженное ополчение во главе с Абылай султаном, батырами Кожабергеном, Богенбаем, в т.ч. Кулеке стали на защиту от нападения врагов. Именно ему, а также Кульсары батыру, удалось добиться того, что в кратчайший срок был подготовлен шеститысячный отряд воинов.

В войне с китайцами казахи несли большие потери. В одном из боев копьем в ногу был тяжело ранен сам султан Абылай, как и прежде принимавший участие в столкновениях. Казахи оказались в крайне сложной ситуации. Тяжелая война 1756 года с цинской армией усугублялась к тому же и противостоянием с соперниками Амурсаны в Джунгарии. Так, заградительному отряду Кулеке батыра на р. Нуре пришлось три раза вступать в бой с ойратами. Хотя в каждом случае победа доставалась казахам, эти столкновения отвлекали силы от борьбы с цинскими отрядами [14].

Будучи тонким, умным дипломатом, Кулеке в течение 30 лет активно участвовал в укреплении Казахского ханства, в его внутренней и внешней политике. Своим авторитетом он разрешал внутренние родовые распри. То, что постоянным местом проживания Кулеке была территория Северного Казахстана, отмечено в документах. «Нынешнее кочевание старшины Кульсары и Кулеке имеют за Ишим-рекой, от российских жилищ не весьма в дальнем расстоянии. Например, верховой ездой будет не более 10 дней езды. Киргизцы своими улусами по Тоболу реке имеются, где ныне и зимовать намерены» [11].

Российская администрация принимала меры по недопущению откочевки казахов, а также стремилась иметь достоверные сведения о сущности казахско-цинских отношений. В то же время следовало постоянно держать в поле зрения Абылай султана, делая все для того, чтобы он не склонился на цинскую сторону. Для этого Абылая и его сопровождающих лиц, особенно старшин Кульсары и Кулеке, одаривали ценными подарками. Отдельные представители казахской знати получали годовое жалованье. С 1759 года Абылай получал по 300 рублей в год, а Кульсары и Кулеке – по 100.

Позднее, с 1764 года, на угощение казахской знати отпускалась 1 тыс. рублей в год [15].

Кулеке батыр был в добрых отношениях с российским правительством. Его имя встречается в официальных документах более 40 раз. Абылай посылал его на урегулирование самых сложных, спорных вопросов в улусах, а также в Российской пограничной комиссии по политическим вопросам. По поручению Абылая он ездил в Уильскую военную линию в поисках большого количества угнанных лошадей, был в коллегии Министерства внешних дел, чтобы получить разрешение для выпаса скота в Прииртышских землях, кроме этого отправлялся в крепость святого Петра за разными продовольственными товарами [13].

В марте 1753 года Абылай султан отправил батыров Кулеке и Кулсары с дипломатической миссией в Троицкую крепость с просьбой оказать помощь в борьбе с джунгарскими завоевателями.

8 сентября 1758 года на имя императрицы Елизаветы Петровны отправлено из трех глав письмо от Абылай султана, в котором он пишет об убийствах, грабежах, нападениях на казахов, подвластных Российской империи, русских, башкир, калмыков и просит разобраться и наказать виновных. «...Уважаемые нашего жуза и лучшие мои люди Кулсары аулие и Кулеке батыр представятся перед Вашими очами и передадут наше прошение. Надеемся получить у Вас защиту...» [4].

В Указе коллегии внешних дел губернатору Оренбурга А. Давыдову от 18 июля 1760 года подчеркивается, что «Кулеке батыр среди казахов является особенно знаменитым и необходимо оказывать ему соответствующий почет».

Об авторитете Кулеке в русских правительственных кругах мы узнаем и из письма командира Сибирских войск генерал-поручика И. Шпрингера от 16 ноября 1764 года Коллегии внешних дел: «В 1761-1764 годах султану Абылаю ежегодно только из крепости святого Петра отпускалось 212 пудов зерна, муки, хлеба. Его брату султану Жолбарысу, батырам Кулсары и Кулеке за это же время выдавалось по сто пудов в год» [16].

24 июня 1764 года на имя императрицы Екатерины II было отправлено письмо от Абылай султана, присланное с сыном его Бури-султаном в Оренбург 13 августа 1764 года. В этом письме сообщается, что «...Елдубай-би и Кулеке-батыр от всего временного света на вечной переселились. Во уверение же сего я, Абылай-сул-

тан, своеручно печать мою приложил». Об этом сказано в книге И. В. Ерофеевой «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1775-1821 годов», стр. 310.

Из этого письма султана Абылая на имя императрицы Екатерины II видно, какую важную роль играл Кулеке батыр для Абылая. И что, возможно, Кулеке могла знать как посла-дипломата императрица Екатерина II, т.к. в это же время 1763 года умирает великий Кожаберген жырау, на годовщине которого 1764 году присутствовал сам Абылай, но султан не сообщает об этом императрице. Также в данной книге И. В. Ерофеевой «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1775-1821 годов» на стр. 426 упоминается, что после смерти тархана Жанибека Кошкарулы Кулеке батыр является самым сильным старшиной Среднего жуза, в 50 – начале 60 годов XVIII века под его управлением находилось около 3 тыс. семей. Кульсары и Кулеке обычно кочевали вместе с аулом султана Абылая в бассейне р. Ишим от Звериноголовой до Петропавловской крепости.

После смерти Кулеке батыр временно «аманатом» был похоронен в урочище Аютас. В последующее лето его сын Тлеуке (Шал акын) и другие дети и родственники по указанию Абылая повезли его тело, обёрнутое кожей, через Бетпакдалу в далекий Туркестан и предали земле в мавзолее Кожа Ахмета Яссауи. Памятный камень, поставленный на могиле батыра, сохранился и до наших дней. На внутренней стене мавзолея имеется список похороненных здесь знаменитых ханов, султанов, батыров, биев. В этом списке есть имя и Кулеке Танибердыулы.

Потомки Кулеке батыра на сегодняшний день живут в селах Каратал, Алкаагаш, ауле Искак Ибрая, в городе Сергеевке района Шал акына и многих населенных пунктах и городах РК.


В городе Петропавловске в 2008 году в рамках государственной программы «Культурное наследие» была отреставрирована Резиденция Абылай хана. Северо-Казахстанская область получила уникальный музей нового типа, не имеющий аналогов в республике. Экспозиция комплекса не только знакомит посетителей с основными событиями жизни Абылая, но и уделяет значительное внимание воспитанию в посетителях чувства патриотизма и преданности Родине. В 1-м зале музея есть витрина, посвященная Кулеке батыру. В 2021 году в г. Сергеевке был открыт дворец спорта им. Кулеке батыра, где состоялся республиканский турнир по казакша курес. В 2022 году состоится празднование 320-летия

Кулеке Танирбердыулы на его родине в районе Шал акына. В казахском музыкально-драматическом театре имени С. Муканова будет поставлена пьеса о Кулеке батыре, написанная акыном, драматургом-писателем Баянгали Алимжановым. Также к изданию готовится книга «Кулеке батыр и его потомки».

Для увековечения памяти национального героя, исторической личности, в честь 320-летия ходатайствуем о переименовании ПГТ Сергеевка (названного по имени поселенца Сергея Мисурина из Украины в 1905 г.) на его малой родине в районе Шал акына на аул Кулеке батыра. Территория ПГТ Сергеевка, согласно архивным данным, называлась аулом Кулеке. В данное время в Правительстве РК рассматривается вопрос об изменении статуса ПГТ Сергеевка на село.

Жантлеуов Мурат Кошанович,
ветеран Водного хозяйства РК, почетный гражданин

Северо-Казахстанской области;
Алимжанов Аслан Хайдарович,
специалист научно-исследовательскогр отдела
музейного комплекса «Резиденция Абылая хана»



Түнгі керуен-сарайдың көрінісі.
Түркістан, 2022 жыл, 5 мамыр



Мұрат Қошанұлы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда. Түркістан, 2022 жыл



Тарих ғылымдарының докторы, профессор, мұрағатшы Болатбек Нәсенов ғылыми еңбегін сыйлыққа тартуда. Түркістан, 2022 ж.



Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның делегаттары М. Жантілеуов, А. Садаев, Г. Арынова, Б. Жүнісов

«Солтүстік Қазақстан» газеті. 2021 ж.

Батырдың атындағы спорт сарайы

Шал ақын ауданының орталығы Сергеевка қаласында Құлеке батыр атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылды. Өңір басшысы Құмар Ақсақалов арнайы барып, шалакындықтарды нысанның ашылуымен құттықтады. Мұнда елді мекен тұрғындарына спортпен шұғылданып, саламатты өмір салтын ұстануына бар мүмкіндік жасалған. Сондай-ақ, байрақты бәсекелер де осында өткізіледі. «Мұнда барлық спорттық шараларды өткізуге мүмкіндік бар. Күрес кілемдерін, шаршы алаң орнатуға болады. Алдағы уақытта Құлеке батырға арналған қазақ күресінен турнир өткізуді жоспарлап отырмыз», – деді облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Сергей Мелехов.



Облыс әкімі Қ. Ақсақалов тұрғындарды саламатты өмір салтын ұстануға жаппай тарту үшін ауылдағы спорттық нысандарға, мәдениет ошақтарына қажетті құрал жабдықтар алуды тапсырды

Арайлым Жолмұқанова

Сайдың тасындай іріктелген

14 желтоқсан, 2021 ж.

Шал ақын ауданындағы Құлеке батыр атындағы спорттық-сауықтыру кешенінде қазақ күресінен облыстық турнир өтті. Спорттық шара Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және саналы ғұмыры ат үстінде өткен Құлеке батырды еске алу мақсатында ұйымдастырылды.



Бозкілем үстіне шыққан 20-ға жуық балуан күш сынасып, намысты қолдан бермеуге тырысты. Турнирдің салтанатты ашылу рәсімінде аудан әкімі Рахат Смағұлов, Қызылжар орталық мешітінің бас имамы Хамзат Әділбеков, батырдың ұрпағы Мұрат Қошанұлы сөз сөйлеп, сайдың тасындай іріктелген күш иелеріне сәттілік тіледі.

Алқаағаш ауылының тумасы Әлібек Ғосманов турнирдің жеңімпазы атанса, Көкшетау қаласының өкілі Әсет Жүнісов екінші, уалихановтық Алтынбек Аусағитов үшінші орынды иеленді.

Әсемгүл Қайнетова,
Шал ақын ауданы



Құлеке батырды еске алу мақсатында өткен қазақ күрес турниріне келген азаматтар аудан әкімі Р. Смағұловтың қабылдауында



Шал ақын ауданының бір топ азаматтары қазақ күресін тамашалауда

V бөлім

ЕЛ ТАРИХЫ, ЕЛГЕ ТАҒЗЫМ

Осы жылы біздің атақты бабамыз Құлеке батырдың 320 жылдығы аталады. Осы өткен кезеңде Қазақ хандығының көшпелі халқы отырықшы ел болды. Қазақтардың өмір салты өзгерді, осыны біз жас ұрпаққа жеткізгіміз келіп, әңгімемізді сонау өткен ғасырлардан бастайық деп отырмыз.

Біз Кеңес заманы кезінде туып өскен ұрпақпыз. Біздің аталарымыз, әкелеріміз сол кезең оқиғаларының, соғыстың сұрапыл жылдары мен революцияның куәгері болды, халықты орасан зор қырғынға ұшыратқан отызыншы жылдардың ашаршылығын,1937-38 жж. қуғын-сүргінін бастарынан кешті.

Қазіргі кезде Шал ақын аталатын аудан Бәйімбет болысына тиесілі болған, оның орталығы Казанка ауылы (қазір Айыртау ауданы) болыс іріленгеннен кейін Ортақшылар деп аталған болатын. 1932 жылы аудан орталығына айналды. Кеңес дәуірінде біздің аудан атауын үш рет өзгертті: Төңкеріс, Октябрь, Сергеев ауданы, ал бүгінгі күні Шал ақын ауданы деп аталады.

Біздің көптеген жерлестеріміз облысымыздағы колхоз, совхоз қозғалысының қатысушылары мен ұйымдастырушысы болды. Қазақстанның ең жақсы ұлдары өз жастық шағын, бар ынта-жігері мен күштерін соғыс алдында, соғыс жылдары және соғыстан кейінгі қиын кездерде колхоз құруға жұмсады.

Ұлы Отан соғысы жылдары Алқаағаш, Қаратал, Козловка ауылдарынан майданға 192 адам аттанды, оның ішінде 100 адам қаза тауып, хабарсыз кетті. Майданнан оралған 92 адам мүгедек болып немесе жараланып қайтты. Қазір, өкінішке орай, сол адамдар ұмыт болды. Біз осы олқылықтың орнын толтырып, Құлеке батыр ұрпақтары мен олардың ағайын-туғандары тұратын Алқаағаш пен Қаратал ауылдарындағы жерлестеріміз туралы жариялымдарды жалғастыруды ұйғардық.

Құлеке батырдың ұрпақтары

Тарихи деректерде біздің Атығай ұлыстары «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» дейін Сыр бойында болған. Жоңғар шапқыншылығы кезінде үдере көшкен елдің ішінде олар осы Көкшетау төңірегіне келіп тоқтаған екен. Сол жерде, Азат стансасының маңында Шал ақын дүниеге келеді. Жерге қоныстану ол кезде ата-атамен, ру-рулар болып орналасатын заман. Атығайдың Құдайберді, Бәйімбет ұрпақтары орналасатын жер таңдап жүргенде Есіл өзенінің бойында тұратын қалмақтар мен естектерді кездестіріп, оларды бұл арадан қуу мәселесін көтереді. Қол жинап, олармен соғысуға бел байлайды. Сол соғыста Құдайберді, Бәйімбет қолдары жеңіске жетіп, қалмақ-естек елдерін бұл арадан солтүстік батысқа қарай қуып салады да, Есілдің екі қапталында өз руластарын орнықтырады. Ол алқап осы күнгі Крещенка селосынан Бескөлге дейінгі жер. Ол соғыста бұл елдерден біраз адам шығын болады. Оның ішінде Құлекенің ағасы Тілеке де мерт болады. Жерді бөлісе келгенде Құлеке батырдың ауылына осы күнгі Сергеевка қаласы тұрған жер тиеді. Сол соғыста Құлеке батыр қалмақтың үш батырын жекпе-жекте өлтіреді. Оларды Сары (кейін Сарбұлақ атанған жер), Бағанаты, Шуда (бертін Шудасай атанған) өздеріне тиген жерге Құлеке, Тілеке, Қожаберген балалары орналасады. Осы күнгі кейбір басылымдарда біреудің қателеу айтқан пікірімен бұрмаланып айтылып жүрген жағдайлар да кездеседі. Бұл арадан аю алған Құлекенің немересі Мөңкенің баласы Адырай. Елдің түстік жағындағы шыңның астында апанынан кішісі бар, ірісі бар

барлығы Адырай жеті аю алғаны анық. Сол шыңның ығындағы ауыл әуелі Құлеке ауылы, одан кейін аю алынған шыңды «Аютас» атап, ол жердегі ауылды «Аютастағы ауыл» атап кеткен. Осы орында Аютас ауылы 150 жылдай қоныстанып отырған.

Ал Құлеке батыр Абылай ханның беделді батыры, әрі серігі болады. Құлеке Абылай атынан әлденеше рет Ресей, Қытай елдеріне елшілікке барады. 1742 жылы Орта жүз, Кіші жүздің хан-сұлтандары белді батыр, билерімен бірге Ресей қол астына қарайтындары туралы Акт берілді. Бұдан соңғы жылдары Құлеке батыр орыс үкіметімен жақсы қарым-қатынаста болады. Орыс үкіметінің ресми құжаттарында оның есімі жиі кездеседі. Мәселен, сыртқы істер коллегиясының Орынбор губернаторы А. Давыдовқа 1760 жылы 28 шілдеде берген жарлығында Құлеке батырдың қазақ ішінде атақты, беделді адам екені айтылып, онымен жақсы қатынастарда тұру керектігі, лайықты сый көрсетілуі қажеттігі ескертіледі. Құлеке де жай қарап жатпай, патша-ағзамның атына 400 қара ат сыйлаған екен. Осындай жағдайда ақ патшаның ит терісіне мөр басып берген құжатты – Құлеке ұрпағынан Ресей әскеріне солдат алынбасын дегені Бөбекенің кіші баласы Тіленшенің үйінде, баласы Кежен үйінде сақтала береді. Ол кісілер темекі атады екен де, сол мөр басылған құжатты анық білмей, бір былғары тері деп темекі орап ұстай береді. 1916 жылғы патшаның жарлығы бойынша қазақтан солдат алуға бұйрық шыққанда, әлгі патшаның құжатын іздестіріп Кеженнің Ыбырайының үйінен тауып, өңі, жазуы өшіп, әр жері тесілген былғары болып көгеріп кеткен теріні тауып уезге апарғанда оны ешкім де оқи алмайды да, ақыры сенім білдіріп Құлеке тұқымынан солдат алмай, бейтарап тастапты.

Ал патша үкіметінің отарлау саясаты мен қазақ жеріне орыс, украин шаруаларын көшіріп, орналастыру науқаны жүріп жатқан кезеңде 1897-98 жылдары Сергеевка селосын орналастыруға келген «землемерге» Аютас ауылы отырған жер ұнайды да қазақтармен сөйлесуге тілмаш іздейді. Марьевканың орыстары Дәулетбайдың орысша білетінін айтады.

«Землемер» Дәулетбайға келіп, бұл араға қазақтардың қашан келгенін сұрайды. Оған Дәулетбай 152 жыл болды депті. «Землемер» Омбы орталығынан алып келген құжаттарына қараса, Омбы архивіндегі құжаттарда 151 жыл деп жазылған екен.

Сонда «землемер»: «Сендерде жазу жоқ бола тұра, осы жылдардың ішінде не болып жатқанын, қай кезде, қай жылдары не өтіп жатқанын қайдан, қалай білесіздер?» – депті.

Дәулетбай оған: «Біздерде күн, апта, айдың күн есебі бар да, жылдар, одан кейін 12 жылдың жыл қайыру есебі, одан әрі 36 жылдың ораза айналымы бар. Міне, осы есептер әкеден балаға, баладан балаға ауыса береді, одан ешбір жаңылыс кетпейді, – депті. – Ал Сіздің архивіңізде жазу қазақтар келіп орналасқан соң, бір жылдан кейін жазылып отырғанға ұқсайды», – депті. Әлгі «землемер» бұл жауапқа таң қалып, басын шұлғиды.

Сол «землемердің» алып келген бұйрығымен Аютас ауылы Есілдің оң жағына көшірілетін болады. Аютас ауылының тұрғындарына бұрынғы Марьевканың түбіндегі Барамов өткелінен Баянша өткеліне дейінгі алқап, Алқаағаштың ар жағындағы «Мұзжауған» мен Кривощеково селосына дейінгі жер беріледі.

Осы алқапқа әр тұқым өзді-өзі болып орналасады. Мөңке ұрпақтары осы күнгі «Аютас» пионер лагері тұрған жерге орналасып, Дәулетбай үйлері Есілдің жиегіндегі (бұрынғы Суат аузы деген) жерге орын тебеді. 50-ші жылдардың басында сол жерлерде колхоздың фермасы, кісі тұратын үйлері болған.

Дәулетбай сол Есілдің жиегінде мешіт салып, оған имам болуға келген арабша сауаты бар дағыстандық Мұхаметжанды белгілеп, өзіне әйел әперіп, өзінің бір отауы іспетті ұстапты. Ол жердегі қонысын, мешітті Есіл тасыған сайын су алып, мазалары кеткен соң мешітті ауылдың ортасы болатын (осы күнгі зираттың дөңес жеріне) жерге орнатып, оған имамдыққа Мүжікейдің Ғаббасын (Жамантайдың әкесін) белгілепті. Ғаббас, Қоспан Мақашев, Қарып Дәулетбайдың өз баласы үшеуі Мақыбай ауылындағы Қожахмет хазіреттің медресесінде оқыған. Бірақ ішіндегі пысығы Ғаббас деп өз баласына мешітін қимай, Ғаббасты имам қылған.

Осылай тыныш отырған елдерді колхоздастыру науқаны кезінде ұсақ ауылдарды біріктіріп, бір жерге орнықтыру жұмысы қызып жатты. Құлекенің Бекет, Мөңке тұқымдары, Қожаберген ұрпақтары бір колхозға біріктірілетін болды да, көшелер белгіленіп, үйлер салына бастады.

Козловка селосы 1908 жылы салынды да, олар орналасқан көлді Козловка көлі атанады. Оған дейін ол көл Қайыңсай көлі атанған. Ол көлге тақала орналасқан Қарақоға көлі болды, оған тақау Қаратал көлі болды, айнала өскен қара талы өте жиі, әсіресе, қыстықүні қаракүңгірт тартып тұратын. Оған тіркес көлшікті Итөлген, оған тіркес жұрнағы ғана қалған көлшікті Кішкенемұз деп атайтынбыз. Оған бертінге дейін ауыл балалары шомылып жүрген. Міне, осы

көлшіктер осы күні жоқтың қасы, ал сол кездердегі көлдерді жағалай өскен талдарға балап, ауылдың атын да Қаратал атап кеткен.

Жаңадан ұйымдасып жатқан колхоздарды басқару кедейлерге, жарлылардың баласына берілсін деген ұранмен әліпті таяқ деп білмейтін кедейлер шаруашылықты басқару жағын білмей, колхоз орталығына шаруалардан жинаған мал басы, саймандар талан-таражға салынып, өздері колхоздың бір-бір атын мініп, отбасымен ішке (Қорған, Түмен, Омбы облыстарына) бір түнде қашып отыратын болды. Латып Дәулетбайұлын бірнеше рет шақырып, колхоз басқаруды ұсынса, ол кісі ол жұмыстан бас тартып, ат басын ішке көшуге дайындап жатқан. Сол уақытта ол кісіні екі рет ауданға тұтқындап әкетіп, ақыры соттаймыз деген соң колхозға басқарма болуға көнді. Ол кезде Кеңес үкіметіне қарсы деп соттап жіберу тіпті оңай дүние болатын. Латыпты басқарма болуға зорлау себебі, ол кісі 1926 жылы 7 отбасын біріктіріп кооператив ұйымдастырып, егін салып, ет-май дайындап, мемлекетке өткізетін болған. Кооперативте 12-15 өгіздер, құрал-саймандар болған. Ол кооперативте болғандар – Смағұлов Шәріп, Қамбаров Ахметбек, Жақыпов Ахметжан, Дәулетбаев Қарып, Көбенеков Әміржан туыстарымен. Сол жақтан Шопан Нұржанов деген жас жігіт есепшот жүргізетін болған. Егінді Ақанбарақ жерінде салған соң сол беттен жұмыс адамдарын алған ғой. Міне, сондай тәжірибесі бар деп Латыпты әкеліп колхоздың төрағасы етіп сайлайды. Колхоз орталығында ешбір қора-қопсы, қойма, тіпті әлі кеңселері де жоқ. Бір отбасының бір бөлмесінде үй иелері, бір бөлмесі кеңсе болып тұратын. Екі жылдай құрғақшылық болып, егін себуге тұқымдық дәнді халықтан жинау керек болды. Халықтың хал-жайы астан-кестеңі шығып жатқан, әлі қоғамның орнығып болмаған кезінде қандай күйде болатыны белгілі. Орыс селоларында егін салу жұмысы өз бабымен жүріп жатқан-ды.

Козловка селосында 1931 жылға дейін 30-40 отбасы тұрған екен. Солардың ішінде әлді шаруалары да болған. Олар Яковлев Егор (қазақтар Жақып, Жагор дейтін), Кондрашов Никифор (қазақтар Мекеше дейтін). Оларда егін бастыратын ат барабаны, сеялкалар болған.

Бірінші рет басталған егін науқанына, жаста болсақ та, біз Сүлейменов Молдахмет (әкесі бізде дүкенші болып істеген) екеуміз қатынастық. Екі пар жуас өгіздерді жеккен біз тоқтан 300-500 метрдей жердегі егіс алқабынан артып берген егін бауларын алып келеміз, өздері түсіріп алады. Қайта жетектеп апарып, ол арада

артатындар қайта артып береді. Міне, осылай кешке дейін жүреміз де, кешке үйге қайтарда екеумізге екі топатай шелек тары салып береді. «Сендер жас баласыңдар, еңбеккүн жазуға болмайды. Сондықтан сендердің ақыларың осы топатай тары», – деп беретін, шамасы 2-3 килодай болатын.

Егін соғудың жағдайын толығырақ айтып жатқаным, колхоз шаруашылығы неден басталып, 5-6 жылдың ішінде қандай дәрежеге жеткені кейінгі жастар білсін деген ниет.

Аштық жылдары ешқайда кетпей, ауылдың түн орнына, сол сойқан ауыртпалықты бірге көтеріп, қиыншылықты бірге көрген отбасыларын айта кеткен жөн болар. Солардың ішінде Дәулетбаевтардың екі үйі, Көлбаев Сақыпжігіт, Нұров Ахмет, Мұқан үйлері, Тұрымбаев Есімсейіт, Жұмабековтар, Сауытбеков Қапардың отбасы, Жарқымбайдың Әлібайы, Досмағұл үйі, Ыбырай балалары Хамит, Қабдылмәжит, Оразалы үйі, Мұқанның Халелі мен Нұрышы, Есдәулеттің Амангелді үйі, Нәліштің Шәрбиі, Баймақан үйі. Жантемірдің Қаптайы сол жылдары колхоздың бригадирі болды.

Егін бастырылып, бригада басына «аяқ түйгіш», «қол түйгішпен» тарыны түйіп, ыстық ас ұйымдастырады. Жұрт тарының ақ ботқасына тойып жатты. Ауылда аштық кезінде әлсіреп қалған адамдарды, балаларды бригаданың басына әкеліп қостарда орналастырып, емін-еркін тамақтандырған соң олар күзге қарай оңалып қатарға қосылды. 1931 жылдары Қараталға Социалдан, Алқаағаштан бірнеше отбасы көшіп келіп, 1932 жылдың ауыртпалығын бірге көрді. Олар Сүлеймен үйі, Досым қажының, Шыңғыс қажының үйлері, Шәріпжай, Әбжән, Әбу үйлері, тағы сол сияқты шаңырақтар.

1932 жылдың қыркүйек айында ауылға мұғалім келіп, мектеп ашпақшы болды. Бірақ балалар оқитын орын болмай, оқу басталмай қалды. Колхозшылар қысқа дайындалып, малдарға қора-қопсы, амбарлар салуға кірісті. Еңбек күндеріне тарыларын алып, оларды бидайға айырбастап, күнкөрістері түзеле бастады. 1933 жылдың наурыз айында колхоз төрағасы Латып пен орынбасары Досмағұлды ол кезде Мәдениет деп аталатын (Ыбыраев) аулсовет орталығына шақырып алып еді. Сол жерде олар тұтқындалыпты деп естідік. Төрағаға қойған кінә – 1932 жылдың егінінің еңбек күндері жоқ, жұмыс істеуге шамалары келмеген адамдарға, шаруасы нашар үйлерге астық таратып берді, ал басқарма орынбасарларына одан басқа аудан орталығына мініп барған атын ұрлатып алғанын кінә ғып ауыл кеңесі төрағасы Біржан дегенмен (түбі Өрнек) өз ауылымыздан екі адам қол қойып көрсеткен ғой. Бұл

екеуімен бірге сол кезде сельпода істейтін ағайынды Асылбеков Біләл мен Қонтайды тұтқындап, оларды алып кетуге Саумалкөлден милиционер Омшин Трофим деген жас жігіт келеді. Біләл жас, өткір жігіт, Латыпқа жиен күйеу болатын. Ол мынадай ақыл береді:

– Біз Қонтай екеуміз әлі жаспыз, Латып, сен ондай ауыртпалықты көрмеген, денсаулығың мықты адам емессің, ал Досекең болса жасы келіп қалған адам, сендер түрменің ауыртпалығын көтере алмайсыңдар, жай өліп қаласыңдар. Сондықтан сендер жолда қашып кетіңдер, ол үшін осында Жұмағалидің үйінде ас ішіп, мына милиционерді араққа тойдырып, жолға шығайық, сосынғысын көреміз, – дейді. Ақыры солай істеп, жолда араққа тойған милиционер тұлұпқа оранып ұйықтап қалғанда, Латып пен Досмағұл шанадан түсіп қалады да даламен тура Марьевкадағы тамыр орыстарының үйінде біраз жатып, іш жақтағы ағайындарына кетіп отырады. Ақыры оларды іздеген де кісі жоқ, сонымен тыныштала дады.

Міне, бірінші колхозды ұйымдастырып, халқын қырғыннан алып қалған басқарма төрағасының қызметі осылай аяқталып еді. Іштен аман-сау оралғаннан соң Латып ауырып, 1935 жылы дүние салады, ал Досмағұл қартайып, 1957 жылы қайтыс болды.

Ішке көшіп кеткендердің алды 1933 жылдың қыркүйек айында оралды. Бір үйде екі-үш отбасы қосылып тұруға мәжбүр болды. Келесі жылы жаппай үй салуға кірісті. Осы кездерде колхоз төрағасы болып Ыбыраев Қабділмәжит пен Бектұров Кәмәли (Бостаудан), ал 1935 жылы Құдайбергенов Нұрақай (Көктерек ауылынан) келді.

1935 жылы Қараталда мектеп ашылып, бірден 1-2 сыныптар оқуға кірісті. Ересек балалар мен мектеп жасына толғандар бірге оқып жатты. Бірінші ашылған мектептің мұғалімі Жайлыбаев Хамит деген Сәлима деген әйелі екеуі сол мектептің екі бөлмелі үйдің біреуінде тұрды. Бір бөлмеде екі сынып оқыды. Келесі жылы баяғы мешітті бұзып, оған жаңадан ағаш қосып, кәдімгі бастауыш мектеп салынды. Ол мектеп 20 жылдай жұмыс атқарды. Елге оралушылар көші жалғаса берді. Колхоз шаруашылығы нығая түсті. Ауылда енді екі бөлмелі үйлер, саманнан салынған үйлер бой көтерді. Қызыл бұрыш ашылды. Мәдени жұмыстар жандана бастады.

1937 жылы бүкіл КСРО-ның жаңа Конституциясы бойынша сайлауға дайындық басталды. Бұл ірі төңкерістік қозғалыс еді. Халықты жаппай сауаттандыру, мәдениеттендіру жұмысы жүргізілді. Колхозымызды Қамбаров Ахметбек басқарды. Ол кісі бір айтады, айтқанын орындайды, өзінің де орындатар қабілеті болды. Қара-

тал колхозы ауданымыздағы 41 колхоздың алды болды. Екі жаңа Газ-АА автомашинасын сатып алды. Ал 1938 жылы астықтың мол шығуынан ауыл адамдарының әл-ауқаты оңдалып, тіпті Мәскеу, Иваново қалаларынан киім-кешек, маталарды алып келіп, үйдің ішін, киімдерін дұрыстай бастады. Сол жылы Қаратал мектебін бірінші болып 14 бала бітіріп еді. Олар: осы ауылдың шежіресін құрастырып отырған Латанов Уәп, Қоспанова Күлзипа, Біржанова Күлзаға, Әбдірова Тойжан, Есімсейітов Серікбай, Оразалин Батих, Ғабдуллин Қойшыбай, Сахатов Мәжікен, Нуртазин Шәкім, Әубәкіров Шәкім, Оразалин Сейітжан, Білялов Сұлтан, Қапаров Қапсәлям, Айтжанова Мәуия. Осылардың 9-зы соғысқа қатысып, үшеуі – Әубәкірдің Шәкімі, Сұлтан, Мәжікен сол соғыста қаза болды.

Сол 1937-38 оқу жылында мектеп меңгерушісі және мұғалім болып Шабдан Хамзин деген келіп еді. Ол бір сондай алымды, өткір, ойлаған ойын іске асыратын, елге сүйкімді ер азамат еді. Мәдениет саласына жан-тәні қалмай кірісетін. Сол бір жыл ішінде оқушылар мен ауыл жастарын, тіпті ересек адамдарды қосып, «Айман-Шолпан», «Еңлік-Кебек», «Түнгі сарын», «Ер Тарғын» сынды пьесаларды дайындап сахнаға шығаратын.

Қаратал ауылының осылай тұрмысы, экономикасы көтеріліп, аудандағы еңсесі биік колхозға айналды.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен бірінші мобилизацияда, 15 шілде күні, 1912 жылы туғандар, екінші мобилизацияда, 22 желтоқсан күні, 1900 жылға дейінгі туғандардың түгелдейін әскерге алып кетті. Елде тек шалдар мен әйелдер қалды.

Содан біздерді, жоғарғы сынып оқушыларын, оқудан босатып, колхоз жұмысына араластырды. Мені 2-ші бригаданың есепшісі етіп сайлады. Колхозды басқаруға Аманов Құрманғалиды, ол кісі әскерге кеткен соң соғыстан жараланып келген Есләмбек Нұрғожинді сайлады.

Соғыс кезіндегі халықтың, елдегі шалдар мен әйелдердің, балалардың еңбектегі ауыр халін суреттеуге бір кітап та жетпес еді.

1942 жылы аудандық оқу бөлімі мені Алқаағаш мектебіне меңгеруші етіп белгілеп жіберді. Сол 1942-43 оқу жылы аяқталған соң мені әскер қатарына шақырды.

Қаратал ауылынан майданға 89 азамат шақырылып, олардың 53 майданнан оралмады. Майданнан қайтқандары елге оралып, еңбек етті. Соғыстан оралмаған азаматтарға ауыл ортасында ор-

наласқан мектеп ауласында ескерткіш орнатылып, аты-жөндері жазылған тақта, 53 түп қарағай отырғызылды.

Қаратал колхозын Есләмбек Нұрғожиннен кейін Нұртазин Смайыл (Жаңаталаптан) басқарды. 1948 жылы колхоз басқармасы болып Әлмағанбет Құрманғожин келіп, елді он жылдай өзі зейнет демалысына шыққанша басқарды.

Одан кейін колхоздар совхоздарға ауысып, Қаратал алдымен «Заря», кейіннен Ы. Ыбыраев атындағы совхоздың бөлімшесі болып белгіленді. 1990 жылға дейін ауылымыз ауқатты, мәдениетті, білімді ел болып, алдыңғы қатарға шықты.

Ендігі ауылдың хал-жағдайын баяндауға сол ауылда тұратын адамдарға кезек бердім.

Уәп Латанов,
Шал ақын ауданының құрметті азаматы,
«Парыз» газеті. 29 қараша, 2002 ж.

Қаратал ауылы туралы



1941-1945 жж. еліміздің бостандығы үшін қаза болған жауынгерлердің тізімі

Антропов Митрофан Васильевич, қатардағы жауынгер. 1901 ж. Сергеев ауданы, Козловка с. туған. Оқтябрь АӘК арқылы 1941 ж. әскерге алынып, 1942 ж. 12 наурыздан хабарсыз кеткен.

Әубәкіров Шәкім, сержант. 1923 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы 1942 ж. 21 қаңтарда әскерге алынып, 1943 ж. желтоқсан айынан хабарсыз кетті.

Әбдіров Мәлік, қатардағы жауынгер, атқыш. 1916 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. 1941 ж. 17 шілдеде Октябрь АӘКнан әскер қатарына шақырылған. 314 АД, 1078 АП құрамында соғысқан. 1941 ж. 8 қыркүйекте тұтқынға түскен. Бұдан кейінгі тағдыры белгісіз.

Әбілев Шәріп, қатардағы жауынгер. 1909 ж. Сергеев ауданы, Октябрь с. туған. Октябрь АӘК арқылы 1941 ж. шілде айында әскерге алынып, 1942 ж. желтоқсан айынан хабарсыз кеткен.

Әбілев Темірғали, тағдыры белгісіз, хабарсыз кеткен.

Әбилов Шәкір, сержант. 1918 ж. Сергеев ауданы, Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы 1941 ж. 17 шілдеде әскерге алынып, 11 АД, 219 АП құрамында бөлімше командирі ретінде соғысқа қатысқан. 1944 ж. 13 ақпанда қаза тауып, Эстония, Суурмакеды дер-ның оңт. жағынан 1,5 шақырым қашықтық жерде жерленген.

Баймақанов Ерен, қатардағы жауынгер. 1922 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы 1942 ж. 25 мамырда әскерге алынып, 22 гв. АД. 65 гв. АП құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1944 ж. 1 тамызда қаза тауып, Латвиядағы Либавск болысы, Разныэки хуторында жерленген.

Бажатов Есілбай, кіші лейтенант. 1913 ж. қазіргі Сергеев ауд., Жаңаталап а. туған. Октябрь АӘК арқылы 1943 ж. 3 наурызда әскерге алынып, 294-АП, 811-АП құрамында атқыштар взводының командирі ретінде соғысқа қатысқан. 1945 ж. 18 қаңтарда қаза тауып, Польшадағы Камень дер-да жерленген.

Бидалов Сұлтан, қатардағы жауынгер. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы 1941 ж. желтоқсанда әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1943 ж. 16 наурызда жау тұтқынында өлтірілген.

Бижигитов Шәкір, қатардағы жауынгер. 1924 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы 1942 ж. 29 тамызда әскерге алынып, 1943 ж. қыркүйек айынан хабарсыз кеткен.

Бимендин Айтмағамбет, қатардағы жауынгер. 1909 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы 1941 ж. 17 шілдеде әскерге алынып, сол жылдан хабарсыз кеткен.

Бимендин Жаркен, қатардағы жауынгер. 1917 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы 1941 ж. 17 шілдеде әскерге алынып, 314 АД, 1078 АП құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1942 ж. 29 қыркүйектен хабарсыз кеткен.

Бимендин Зейнолла, қатардағы жауынгер, Сергеев ауд., Марьевка с. туған. Қаратал а. тұрғыны. Октябрь АӘК арқылы 1942 ж. әскерге алынып, 1944 ж. қыркүйек айынан хабарсыз кеткен.

Бимендин Ж., тағдыры белгісіз, хабарсыз кеткен.

Бірімжанов Мұхаметжан, қатардағы жауынгер. 1909 ж. Сергеев ауд. Қаратал с. туған. Октябрь АӘК арқылы 1941 ж. 17 шілдеде әскерге алынып, 371 АД, 1233 АП құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1942 ж. 14 тамызда қаза тауып, Тверь обл. Ржев ауд, Усатово дер-да жерленген.

Бірімжанов Рақым, қатардағы жауынгер. 1912 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы 1941 ж. 17 шілдеде әскерге алынып, сол жылдан хабарсыз кеткен.

Бектасов Көкжан, қатардағы жауынгер, атқыш. 1912 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы 1941 ж. 17 шілдеде әскерге алынды, 314 АД, 18.12.1941 ж. хабарсыз кеткен.

Ғаббасов Қабылқайыр, қатардағы жауынгер. 1923 ж. Сергеев ауд. Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы 1941 ж. әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1942 ж. желтоқсаннан хабарсыз кеткен.

Ғаббасов Мағау, қатардағы жауынгер. 1920 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы 1940 ж. әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1943 ж. желтоқсаннан хабарсыз кеткен.

Ғаббасов Кадыр, сержант, бөлімше командирі. 1914 ж. Сергеев ауд. Жаңаталап а. туған. Октябрь АӘК арқылы 1941 ж. 10 шілдеде әскерге алынды. 1943 ж. ақпан айынан хабарсыз кеткен.

Ғабдуллин Мағыпер, қатардағы жауынгер, атқыш. 1916 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. 1939 ж. Октябрь АӘК арқылы әскер қатарына шақырылған.1941 ж. желтоқсанда хабарсыз кеткен.

Горбачев Василий Иосифович, 1926 ж. Сергеев ауд., Козловка с. туған. Октябрь АӘК арқылы 1944 ж. әскерге алынды. 161

Сп. 95 Сд. 24.01.1945 ж. қаза тауып, Польшаның Серадз қал. жерленген.

Дәненов Шәкен, қатардағы гв. жауынгер. 1924 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы 1942 ж. әскерге алынып, 84 гв. АД, 250 гв. АП құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1944 ж. 12 ақпанда № 8 КГ-де жарақаттан қайтыс болып, Витебск обл., Шумилин ауд., Кисляки дер-сынан 4 шақырымдай қашықтықта жерленген.

Еблахметов Төлеген, қатардағы жауынгер. 1910 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы 1941 ж. 17 шілдеде әскерге алынып, 314 АД, 1074 АП құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1943 ж. 16 қаңтарда қаза тауып, Ленинград обл., Мга ауд., Гонтовая Лапка дер-нда жерленген.

Ебілов Тілеген, қатардағы жауынгер. 1908 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1943 ж. наурыз айынан хабарсыз кеткен.

Жарқынбаев Құрман, қатардағы жауынгер. 1908 ж. Сергеев а. туған. Октябрь АӘК арқылы әскерге алынып, 1205 АП құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1942 ж. 2 сәуірде қаза тауып, Тверь обл., Инчиково дер-нда жерленген.

Жаламанов Қабыкен, қатардағы жауынгер. 1902 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы 1941 ж. 15 шілдеде әскерге алынып, 156 гв. АП құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1942 ж. 10 науырыздан хабарсыз кеткен.

Жұмағазин Сайдақ, қатардағы жауынгер. 1922 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1943 ж. желтоқсан айынан хабарсыз кеткен.

Жұмағазин Сейпі, қатардағы жауынгер. 1922 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы 1942 ж. 8 қаңтарда әскерге алынып, тасымалдаушы ретінде соғысқа қатысқан. 1944 ж. 22 қаңтарда қаза тауып, Ленинград обл., Колпино қ-нда жерленген.

Жұмағазин Сәни, қатардағы жауынгер. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы әскерге алынып, 25626-ә/б құрамында соғысқа қатысқан. 1944 ж. 22 қаңтарда қаза тапқан.

Ибраев Қайыр, қатардағы жауынгер. 1919 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы 1940 ж. әскерге алынып, 201 АД құрамында автоматшы ретінде соғысқа қатысқан. 1942

ж. 17 ақпанда қаза тауып, Ленинград обл., Вошково дер-нда жерленген.

Ибраев Ғазиз, қатардағы жауынгер. 1925 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы 1943 ж. әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1943 ж. желтоқсан айынан хабарсыз кеткен.

Ибраев Төкен, қатардағы жауынгер. 1911 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы 1939 ж. әскерге алынып, 1942 ж. хабарсыз кеткен.

Ілиясов Күзенбай, қатардағы жауынгер. 1916 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1942 ж. желтоқсан айынан хабарсыз кеткен.

Ыбыраев Тимағұн, қатардағы жауынгер, атқыш. 1911 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. 1941 ж. Октябрь АӘК арқылы әскер қатарына шақырылған. 1945 ж. 10 шілдеде 5372 ЭГ-де қайтыс болған. Польшаның Қалиш қ-лық зиратында 7 қабірде жерленген.

Калиев Нұрғожа, қатардағы жауынгер. Сергеев ауд., Қаратал а. дүниеге келген. Әскерге 1942 жылы Октябрь АӘК-нан әскер қатарына шақырылған, онда атқыш болған. 1943 жылы наурызда хабарсыз кеткен.

Кәкімов Ғазиз, қатардағы жауынгер. 1909 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. 1941 ж. 10 желтоқсанда Октябрь АӘК-нан әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1944 ж. желтоқсанда хабарсыз кеткен.

Кәкімов У., тағдыры белгісіз, хабарсыз кеткен.

Қажнәсіпов Базарбай, қатардағы жауынгер. 1916 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК-нан әскерге алынып, 484-ә/б құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1941 ж. қазанда хабарсыз кеткен.

Қамбаров Ахметбек, қатардағы жауынгер. 1907 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. 1942 ж. 2 сәуірде Октябрь АӘК арқылы әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1942 ж. 5 қыркүйекте қаза тауып, Тверь обл., Ржев ауд., Знаменск дер-нда жерленген.

Қанафин Әубәкір, қатардағы жауынгер. 1900 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. 1942 ж. Октябрь АӘК-нан әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1943 ж. 12 қазанда хабарсыз кеткен.

Қапизов Шамшидтен, қатардағы жауынгер. 1923 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. 1941 ж. Октябрь АӘК арқылы әскерге алынып, 1943 ж. хабарсыз кеткен.

Қоспанов Жанахмет, кіші лейтенант. 1925 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. 1943 ж. Октябрь АӘК арқылы әскерге алынып, соғысқа қатысқан. 1945 ж. мамырда қаза тауып, Германияда, Берлиндегі бауырластар бейітінде жерленген.

Қоспанов Садық, қатардағы жауынгер. 1916 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК арқылы әскерге алынған, 04614 «И»- д/п. 1945 ж. 18 қантарда қаза тапқан.

Кондрашов М. Н., хабарсыз кеткен.

Макунин Семен Васильевич, қатардағы жауынгер, атқыш. 1900 ж. Сергеев ауд., Козловка с. туған. 1941 ж. Октябрь АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1273 СП, 387 СД. 23.01.1942 ж. қаза тауып, Калуга обл., Ульянов ауд., Городок с. жерленген.

Макунин Семен Григорьевич, қатардағы жауынгер, атқыш. 1915 ж. Сергеев ауд., Козловка с. туған. 1941 ж. Октябрь АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 20.01.1942 ж. қаза тауып, Харьков обл., Изюм ауд., Левковка а. жерленген.

Молодых Федор Александрович, кіші лейтенант, бөлімше командирі. 1911 ж. Сергеев ауд., Козловка с. туған. 1941 ж. Октябрь АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 314 СД. 18.12.1941 ж. хабарсыз кеткен.

Оразалин Мұжан, қатардағы жауынгер, атқыш. 1923 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. 1942 ж. Октябрь АӘК-нан әскер қатарына шақырылған, 1943 ж. желтоқсанда хабарсыз кеткен.

Өмірзақов Ахметжан, қатардағы жауынгер, атқыш. 1906 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. 20.01.1942 ж. Октябрь АӘК-нан әскер қатарына шақырылған, 1944 ж. ақпан айында хабарсыз кеткен.

Омаров Әбдірахман, қатардағы жауынгер, атқыш. 1906 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. 1942 ж. Октябрь АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 45 ГВАП құрамында соғысқан. 1942 ж. желтоқсанда хабарсыз кеткен.

Рамазанов Қабыкен, қатардағы жауынгер, атқыш. 1943 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. 1943 ж. қазанда Октябрь АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 52 АП құрамында соғысқан. 1945 ж. ақпанда хабарсыз кеткен.

Сахатов Мәжкен, қатардағы жауынгер. 1924 ж. Октябрь ауд., Қаратал а. туған. 1942 ж. Октябрь АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1942 ж. қарашада хабарсыз кеткен.

Сақыпжігітов Қажығали, қатардағы жауынгер, атқыш. 1904 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. дүниеге келген. Петропавл ҚӘК-нан әскер қатарына шақырылды. 7485 әскери бөлімі құрамында соғысқан. 1943 жылы мамырда хабарсыз кеткен.

Спаен Мұхамеджан, қатардағы жауынгер, атқыш. 1916 ж. Сергеев ауданы, Қаратал а. туған. 1941 жылы 17 шілдеде Октябрь АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1943 жылы 18 маусымда Ленинград майданында хабарсыз кеткен.

Спаен Қайырбек, қатардағы жауынгер. 1904 ж. Сергеев ауданы, Қаратал а. туған. 1941 жылы 13 желтоқсанда Октябрь АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1944 жылы сәуірде хабарсыз кеткен.

Тәжіахметов Ғаббас, гв. қатардағы жауынгер. 1898 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. 1942 ж. 7 наурызда Октябрь АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 84 ГваД, 243 ГвАП құрамында соғысқан. 1944 ж. 1 қарашада ұрыста қаза тапқан. Калининград обл., Гольдап ауд., Шуйкен с-нда жерленген.

Тәжіахметов Қапез, қатардағы жауынгер. 1917 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. Октябрь АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 771 АП құрамында соғысқан. 1945 ж. 27 қаңтарда ұрыста қаза тапқан. Шығыс Пруссияның Шафсберг дер-нда жерленген.

Телегин Василий Егорович, қатардағы жауынгер, атқыш. 1926 ж. Сергеев ауд., Козловка с. туған. 1943 ж. Октябрь АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 179 АД, 234 АП құрамында соғысқан. 1944 ж. 13 шілдеде ұрыста қаза тапқан. Латвияның Лудзен ауд., Карсава қ-дағы бауырластар бейітінде хабарсыз кеткен.

Теміржанов Қайырбек, қатардағы жауынгер, атқыш. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. 1941 ж. Октябрь АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1942 ж. ақпанда хабарсыз кеткен.

Теміртаев Қайырбек, қатардағы жауынгер, 1916 ж. Сергеев ауд., Қаратал а. туған. 1941 ж. Октябрь АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 12.02.1942 ж. хабарсыз кеткен

Шачнев Иван Григорьевич, қатардағы жауынгер, атқыш. 1909 ж. Воронеж обл., Бесков ауд., Каменское с. туған. 1941 ж. қазан айында Октябрь АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1816 СП. 1942 ж. маусым айында хабарсыз кеткен.

1941-1945 жж. еліміздің бостандығы үшін күресіп елге оралған жауынгерлердің тізімі
Список участников Великой Отечественной войны, вернувшихся с фронта. с. Каратал и с. Козловка

№	Аты-жөні Ф.И.О.	Өмір сүрген жылдары Годы жизни
1.	Абушахманов Д.	Белгісіз
2.	Айбасов Қабдолла	1913 ж. – 30.01.1996 ж.
3.	Әнесов Қажымұрат	Белгісіз – 1988 ж.
4.	Ахметов Есілбай	1924 ж. – 1984 ж.
5.	Абдрахманов Шөкен	1915 ж. – 1984 ж.
6.	Баймақанов Наби	1924 ж. – 1988 ж.
7.	Бекбасов Рамазан	1900 ж. – 1990 ж.
8.	Белибо Павел	14.01.1908 ж. – 28.01.1996 ж.
9.	Богомолов Дмитрий	1923 ж. – белгісіз
10.	Бибанов Рақым (участник гражданской войны. 1919-1921 гг.), ВОВ, имел бронь	15.01.1903 ж. – 1983 ж.
11.	Бижігітов Сабит	1926 ж. – 27.03.1988 ж.
12.	Бимендин Шияп	1903 ж. – 1966 ж.
13.	Ғаббасов Жамантай	15.03.1924 ж. – 27.07.2006 ж.
14.	Ғабдуллин Көкен	1917 ж. – 1988 ж.
15.	Ғабдуллин Қойшыбай	1922 ж. –2001 ж.
16.	Ғабдуллин Тымтуыр	15.04.1924 ж. – 25.07.2011 ж.
17.	Досмағұлов Қабдрашид	1909 ж. – 25.03.2003 ж.
18.	Елиясов Көкен	1918 ж. – 14.07.1999 ж.
19.	Есімсеитов Қошқарбай	11.01.1914 ж. – 19.02.1984 ж.
20.	Жоламанов Сыздық	11.06.1906 ж. – 1993 ж.
21.	Жуков Алексей Емельянович	1911 ж. – белгісіз
22.	Қалиев Қайыржан	1915 ж. – 05.07.2008 ж.
23.	Қамбаров Әлти	1916 ж. – 2006 ж.

24.	Қапаров Қабдуссалям	1926 ж. – 15.03.2005 ж.
25.	Карипов Сұлтан	1917 ж. – белгісіз
26.	Кольмягин Александр	20.08.1917 ж. – 27.01.2004 ж.
27.	Кондратьев Василий	01.04.1909 ж. – 03.02.1988 ж.
28.	Кондрашов Константин	1948 ж. Құғын-сүргін құр.
29.	Кондрашов Терентий	01.01.1916 ж. – 07.1983 ж.
30.	Кондрашов Василий Матвеевич	1922 ж. – белгісіз
31.	Қоспанов Бікан	1911 ж. – 1989 ж.
32.	Құлдеев Қоспан	1904 ж. – 1995 ж.
33.	Латанов Уәп	28.01.1925 ж. – 01.03.2007 ж.
34.	Мұқанов Нұрыш	1916 ж. – 1990 ж.
35.	Моисеев В.	Белгісіз
36.	Нұртазин Шәкім	07.04.1923 ж. – 10.06.1985 ж.
37.	Омаров Бейсенбі	1916 ж. – белгісіз
38.	Оразалин Кәкімжан	1919 ж. – 1947 ж.
39.	Оразалин Сейітжан	1924 ж. – 1950 ж.
40.	Сәденов Қажырақым	1904 ж. – 1997 ж.
41.	Сахатов Қабықай	09.05.1919 ж. – 15.03.1984 ж.
42.	Сахатов Қайнет	1907 ж. – 10.09.1977 ж.
43.	Смагулов Сәден	Белгісіз
44.	Тажахметов Аушаман	1924 ж. – 1994 ж.
45.	Терехин Федор	1900 ж. –1970 ж.
46.	Уаисов Рүстем	1908 ж. – 1976 ж.
47.	Укомский Александр Степанович	Белгісіз
48.	Шынтеміров Жұма	1903 ж. – 1986 ж.
49.	Ыбыраев Әбікай	05.12.1921 ж. – 1976 ж.
50.	Ыбыраев Қайыр	1912 ж. – 1980 ж.
51.	Ыбыраев Мараш	Белгісіз
52.	Молодых Николай Николаевич	Белгісіз
53.	Тлеубердинов Сұлтан	1911 ж. – 1975 ж.
54.	Фокин Василий Иванович	1912 ж. – 1985 ж.

Газета «Новатор»,
К 60-летию Курской битвы

Этот трудный путь к победе



На снимке:
Ж. Габбасов – участник битвы на Курской дуге

Уроженец села Каратал Жамантай Габбасов на действительную военную службу был призван в неполные 18 лет Октябрьским военкоматом в 1942 году. Сразу же в составе группы призывников его отправили на краткосрочную военно-учебную подготовку в пехотный полк в город Акмолинск. Далее последовали курсы подготовки младших командиров в г. Андижане (Узбекская ССР) при штабе Среднеазиатского военного округа.

А тем временем с театра военных действий приходили тревожные вести: фашисты рвались к Сталинграду. Слушая эти сообщения, молодые курсанты желали как можно скорее попасть на фронт и вступить в схватку с ненавистным врагом. И вот закончена учёба, без раскачки следует погрузка в эшелоны, уносящиеся на передовую. Для Жамантая фронтовые будни начались в должности командира взвода 555-го стрелкового полка 127 дивизии.

В одном из яростных боёв на Южном направлении комвзвода Габбасов получает первое ранение. Подлечившись в полевом госпитале Ярославля, вновь отбыл на фронт. К этому моменту активные боевые действия развернулись в районе старинных русских городов Курск, Орёл и Белгород. Немецко-фашистские войска всеми силами пытались взять реванш за поражение под Сталинградом и захватить важные в стратегическом отношении города. Они желали переломить ход войны, взять инициативу в свои руки и вновь устремиться к Москве (от Орла до Москвы

350 км). С этой целью они подтянули на этом направлении самые отборные войска, возглавляемые опытными генералами, огромное количество боевой техники, в том числе новейшие танки «Тигр». С ними и вступили в тяжёлые бои солдаты взвода младшего лейтенанта Габбасова. Проявив мужество и беспримерную храбрость, бойцы Красной Армии сдержали натиск врага, а затем, перейдя в контрнаступление, опрокинули его защитные порядки.

Победа в Курской битве стала вершиной коренного перелома в ходе Великой Отечественной войны. После неё огненный вал войны покатился на запад и началось победоносное наступление наших войск.

В боях под Курском Жамантай снова получил ранение, после чего был отправлен на лечение в эвакогоспиталь г. Ессентуки. На курском направлении доблестно сражались многие североказахстанцы, в том числе и из нашего района. Среди них В. В. Татарников, М. А. Вдовин, Д. Г. Загорулько, К. Жакупов, Н. В. Левда, Г. Т. Самсонов и другие. Танкисты Г. А. Портнов и К. Нурпеисов участвовали в знаменитом танковом сражении под Прохоровкой. Некоторые из ветеранов уже ушли в мир иной. Вечная им память и слава.

После увольнения из рядов действующей армии Жамантай вернулся в родной аул. Приобщение к мирной жизни начал в качестве счетовода колхоза «30 лет Казахстана». С 1954 года его трудовая биография продолжилась профессией дорожника в ДЭУ-55. По душе пришлась эта нелёгкая работа Жамантаю. Вплоть до выхода на заслуженный отдых, считай тридцать полных лет, отработал он мастером в дорожной организации. За хорошую квалифицированную работу, добросовестность и трудолюбие он был в 1966 году удостоен высокого звания «Почётный дорожник Казахстана». Кстати, один из немногих в районе. Грудь ветерана украшают награды в ратных и трудовых делах. Среди них орден Отечественной войны II степени и орден Красной Звезды, медали «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.», медаль маршала Жукова, «За доблестный труд» и другие. У него немало благодарственных писем и почётных грамот.

И сегодня ветеран второй мировой войны в строю. Принимает участие в делах родного аула, нередкий гость в школе. Хочется пожелать ему счастья, здоровья, успехов во всех делах! Поздравляем с юбилеем Курской битвы.

И. Сергеев



Курмангужин Альмаганбет

(1898-1980 гг.)

Баскарма моего детства

Сознаю, мои детские впечатления могут быть, как ныне говорят, неадекватными. И, конечно же, субъективными.

Мне ещё не было и семи, когда я (понятно, не по своей воле) очутился в казахском ауле Северо-Казахстанской области в начале сентября 1941 года. Помню, мною руководило чувство неосознанной обиды, растерянности, неприкаянности. Я понимал, что родителям моим плохо. Плохо было и мне. И всё было непривычно, внове: убогий быт, скособоченные домишки, ветхие шошалы, сплетённые из тала, кизячный дым, стойкий запах перебродившего айрана. И люди, точно прибитые нуждой и войной с проклятым «керманом» и людоедом «Китляром».

Как-то втемяшилось в моё детское сознание: главное лицо в ауле – председатель колхоза, суровый, строгий дядя Альмаганбет Курмангужин. И имя, и фамилию баскармы я поначалу произносить не мог. С одной стороны робел, с другой стороны, мой язычок не был ещё приспособлен к длинным казахским именам и гортанным казахским звукам. Ну а онкель Аль-ма-ган-бет звучало неестественно. Позднее я называл его просто баскармой, а ещё позднее Әлеке.

Честно сказать, я его побаивался. Суровый, резкий, дородный, он будто пронизывал людей строгим, острым взглядом, сидел верхом на лошади монументально, словно памятник самому себе,

будто сказочный батыр, с короткой камчой в руке, в сапогах или восседал, точно на троне, зимой в санях-кошёвке, летом на тарантасе с плетёным коробом, занимая массивным телом всё пространство. По-русски он говорил с сильным казахским акцентом. И вообще, он был немногословным. Человек конкретного дела. Умел подчинять людей своей воле, пользовался непререкаемым авторитетом, и никто в ауле ему не возражал.

Будучи мальчишкой я, понятно, не могу судить о том, как он руководил колхозным хозяйством. Однако очевидно: вожжи правления держал крепко. Теперь понимаю: он был видным организатором колхозного движения и неизменно находился на добром счету и в районе, и в области. Друзей и товарищей среди руководства было у него немало.

Я дружил и дружу с его старшим сыном, видным дипломатом Салимом Курмангужиным. Мы ровесники. Играя со светлолицым, рослым, с юных лет склонным ко всякой новизне корешем своим Салимом, я иногда заглядывал в дом баскармы. Он, так мне казалось, дома, в семье был строг, суров и сына воспитывал с раннего детства в узде, посильном труде и повиновении. Вообще, как я теперь понимаю, баскарма Альмаганбет Курмангужин был колоритной фигурой, сыном своего крутого времени, ответственным и требовательным кадром, цельной личностью.

Расскажу об одном случае. В осеннюю страду нас, школьников, нередко даже из начальных классов, время от времени мобилизовали на колхозную работу. Однажды нас, восьми-девятилетних шалопаев, погнали на стан шелушить подсолнух. Мы уселись кругом, выбирали из кучи посерёдке шляпы подсолнуха и старательно выбивали, вышелушивали семечки. Мои шустрые напарники первым делом набили себе карманы, пазухи отборными семечками. Я тоже последовал их примеру, радуясь, что дорвался до дарового лакомства. Ближе к концу работы неожиданно подъехал верхом на гнедом жеребце баскарма, спешился, сел в круг, цепким тяжёлым взглядом ощупал всю босоногую ватагу. Мы, как говорят казахи, сразу подобрали руки-ноги и затаили дыхание. Баскарма тихо распорядился: «Все карманы выпростать! Воровать нехорошо! А в награду за труд выдать каждому по две шляпки подсолнуха». Я оглянулся. Мои тамыры начали чуть-чуть, по горсти, облегчать содержимое карманов. Я, ёрзая от стыда, готов был провалиться сквозь землю. Под пристальным взглядом сурового баскармы я незаметно высыпал всё из своих карманов и, как будто себя



Альмагамбет с бригадой строителей

наказывая, выбрал из осевшей кучи помятые, скукожившиеся по краям головки подсолнуха.

И ныне, 65 лет спустя, я чувствую на себе этот хмурый, пронизывающий взгляд баскармы, зорко стоявшего на страже колхозного добра. Повторяюсь, мои воспоминания детские. Ими и пользовался и в своей прозе, когда писал о баскарме моего детства.

А ещё точно помню, что мой отец относился к баскарме с глубоким уважением. Знаю, в годы войны баскарма распоряжался давать нашей депортированной, репрессированной семье то пуд ячменя, то полпуда овса, то обрат из колхозной фермы, что было серьёзным подспорьем в то голодное лихолетье.

Герольд Бельгер,
писатель



Қоспанов Бікән

(1909-1989 жж.)

Қоспанов Бікән – 1909 жылы 24 мамырда Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданы Қаратал ауылында дүниеге келген. 1942 жылы Кеңес Армиясы қатарына шақырылып, Ленинград майданы, 8 армияның 314 атқыштар дивизиясының 1074 атқыштар полкіне қатысып, 1943 жылғы 20 қыркүйектен 9 қазанға дейін соғысқан. Аға сержант Қоспанов Бікән 8 армияның 314 атқыштар дивизиясының 1074 атқыштар полкінің құрамында Ленинград майданындағы Отан соғысының қатысушысы, 1943 жылдың 20 қыркүйегінен 9 қазанына дейін бөлімше командирі қызметін атқарды.

1943 жылы 9 қазанда Будагош станциясына жақын жерде болған шабуыл кезінде ол сүйегінің зақымдалуымен оң аяққа оқ тиіп ауыр жараланды.

Госпитальде емделіп болғаннан кейін ол әскери қызметке жарамсыз деп танылып, резервке ауыстырылды, екінші топтағы мүгедек болып танылды. Тұрғылықты жеріне келген соң ол Октябрь аудандық селолық округінің нұсқаушысы болып жұмыс істей бастады.

1946 жылы бухгалтерлік курсты бітіріп, Қаратал колхозында есепші болып жұмыс істеді.

Қай жерде қызмет істесе де өте сыйлы болды. Жұмыста ауа-райына қарамай, таң атқаннан күн батқанға дейін үйге келмейтін. Бірге істеген барлық жұмыскерлер қатты сыйлайтын.

1951 жылы Кеңес Одағының Коммунистік партиясы (КОКП) қатарына қабылданды.

1957 жылдың ақпан айынан бастап № 3 бөлімшенің басқармасы болып тағайындалды, 1958 жылдың тамыз айынан бастап құрметті демалысқа шыққанға дейін колхоз төрағасы, содан кейін бөлімше басқарушысы болып жұмыс істеді.

Марапаттар тізімі:

Қызыл Ту ордені,

I дәрежелі Отан соғысы ордені,

II дәрежелі Отан соғысы ордені,

Қызыл Жұлдыз ордені,

I дәрежелі Даңқ ордені,

«Ерлігі үшін» медалі,

«Әскери еңбегі үшін» медалі.

Бейбіт уақытта «Қазақстанның 30 жылдығы», Ленин атындағы, Сталин атындағы, Калинин атындағы, «Қызыл Ту» колхоздары бойынша Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесіне (БАШК) қатысушыларының бекітілген тізімдеріне сәйкес 1957 жылы Қоспанов Бікән Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесінің алтын медалімен және «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

Балалары ер жетіп, әкесінің атына кір келтірген жоқ. Балаларының барлығына жоғары білім берді, олар бір-бір жанұя болып отыр. Құдайға шүкір, немерелері де бір-бір шаңырақтың иесі болып отыр.

1989 жылы қараша айында 80 жасында қайтыс болды. Шал ақын ауданы Қаратал ауылында жерленді.

Сартай Қоспанов



Шыңғысов Ғазез

(1924-2000 жж.)

Әке туралы естелік

Ауыл. Қайта келмес балалық шақ. Иә, барша қазақтың ата мекені – ауыл. Барлығы кеше сияқты, топырағында жалаңаяқ, шаң-шаң болып, жаңбырдан кейін лашық сулардан алаңсыз асыр салғанымыз көз алдымызда. Балалықтың балауса, балдәурен өткен туған жерім есіме түссе, ойымда, жүрегімнің бір бөлігінде әрқашан жүретін марқұм әкем мен анамның қасында өткізген бақытты күндерім көзіме елестеп, сайрап жөнеле береді. Туған жер топырағы киелі Шал ақын ауданы ертеден-ақ ән мен жырдың бір ортасы атанған. Талай дүлдүл ақындар да, жезтаңдай әншілер де, дәулескер күйшілер де, батырлар да, еңбекқор адамдар да дүниеге келген қасиетті жер. Бұл өңірдің бір байлығы – адамдары. Солардың ішінде бірге өмір сүрген біздің қарапайым әкеміз еді.

Әкеміз Шыңғысов Ғазез Шыңғысұлы 1924 жылы 20 тамызда Алқа-Ағаш ауылында Ақылов Шыңғыстың отбасында дүниеге келген. Бала кезінен бастап ағаларымен бірге еңбекке ерте араласып есейген. Ауылда мектептен білім алған. Колхоздың әртүрлі жұмыстарын басқа балалармен бірге істеді. Қырық бірінші жылдары елімізге соғыс ауыртпалығы түскенде екі ағасы соғысқа аттанады (Ақылов Айтжан Шыңғысұлы, 1918 жылы туған, 1941 ж. 24 маусымда Октябрь ӘАК арқылы әскер қатарына шақырылған, қатардағы жауынгер, атқыш. 1941 жылғы желтоқсан айында хабарсыз кеткен.

Шыңғысов Қайсар Шыңғысұлы, 1922 жылы туған, 1942 жылдың 22 қаңтарында Октябрь ӘАК арқылы әскер қатарына шақырылған, гв. қатардағы жаунгер, 4 гвардия мотоатқыштар полкінің атқышы. 1944 жылғы сәуір айында хабарсыз кетті).

1941 жылдан бастап еңбек жолы «Заря» колхозында басталады. Әртүрлі жұмыстар атқарады. 1951-54 жылдары Петропавл қаласындағы ауылшаруашылық техникумында оқып, председатель, агроном мамандықтарын алып шығады. 1957 ж. 15 ақпанда 3-ші бөлімшеге (отделение) жұмысшы болып қабылданады. 1957 ж. 16 сәуірде 3-ші бөлімшеге агрономның міндетін атқарушы болып орналасады. 1957 ж. 3 желтоқсанда есепші (учетчик), зоотехник, бригадир жұмысын 1969 жылдың 2 қазанына дейін атқарған. Ал 1969 жылғы 2 қазанда Ибраев совхозының 3-ше бөлімшесі Қаратал ауылына басқарма (управляющий) болып тағайындалады. Бұл қызметте тапжылмастан 18 жыл қызмет етіп, 1987 жылғы 14 шілдеде зейнетерлікке байланысты совхоз штатынан шығады.

Әр адам өз әкесін өзінше есіне алады. Менде солай. Әкемді есіме алғанда, ол шыңдай биік, салтанатты болатын. Оның түр келбеті мен ішкі жан дүниесінің үндескендігін оның даусынан, адамдармен емін-еркін, сөз табыса, жарқын араласқанынан көруге бо-



Суретте: Ғазез Шыңғысұлы, Жанатай Ғабитұлы, Меңдібай Молдақов, Арғын Дүйсенбіұлы

лады. Әкем менің қауырсындай жеңіл болатын. Оның салмағын айтып тұрған жоқпын. Ешкімге қабағымен де, мінезімен де салмақ салмайтын. Жұмыс бабында жұмысқа байланысты қатаң сұраулар болып тұрды. Бірақ, бірге шешіп отырды. Өшіккен адамның артынан қуу, ондай болған жоқ. Көмек беруге тырысты. Қарапайым, адамгершілігі, рухани байлығы өте биік болды. Өзі ісінің маманы, елді біріктіре, жұмысқа жұмылдыра білді.

Ұйымдастыру қабілеті жоғары болды. Үкіметтің алға қойған жоспарларын, егін шаруашылығына, мал шаруашылығына болсын, уақытында орындап, облыс көлемінде алғы орындардан көрініп отырды. Ұйымдастыру қабілетінің арқасында ауыл азаматтарының бірлесе жұмыс істеуінде, егінді уақытында бірінші орып алып, басқа ауылдарға көмекке баратын. Ауылдың әлеуметтік тұрмыс жағдайларына да көп көмегін тигізді. Жаңа үйлер салу, елдің тазалығы, тағы басқа жұмыстарды сырт қалдырған жоқ. Зейнеткерлікке шыққанша аянбай еңбек етті. Бірнеше мәрте ауылдық Совет депутаттығына сайланған. Көп жылдық адал еңбегі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының атынан атқарушы комитеттің шешімімен 1981 жылы «Еңбек ардагері» және басқа медальдармен марапатталған. Тыл және еңбек ардагері.

Әке – сүйенер тіреу. Баға жетпес қайран әке. Әке әркімге қымбат. Әркім өз әкесін әрқашан өзінен жоғары ұстайды. «Әке көрген оқ жонар» деген әкеге байланысты. Мен әкемнің бойында күш-жігерді, батырлықты, батылдықты, қайсарлықты, білімділікті, еңбекқорлықты өн бойынан көрдім. Осы қасиеттері қазіргі кезеңде маған көп септігін тигізеді, көмек беріп тұрады.

Әкем Ғазез бен анам Ману екі қыз тәрбиелеп өсірді. 13 немерелері бар. Қазіргі таңда шөберелері де өсіп келеді. Екеуі немерелерін де бағып, үлкен қолғанат көрсетті. Үлкен немерелеріне отбасын құруға да ат салысты.

Сара, Майкен Ғазез қыздары.
05.02.2022 ж.

***



Қойшыбай Қабдоллаұлы

Қазақтың «қырық жыл аштық болса да, ажалсыз өлмес» деген бір қағидаты бар. Фашистік Германиямен Отан қорғау жолындағы алпауыт соғысқа біздің Қаратал ауылынан сайдың тасындай 112 жігіт аттанған екен, соның 50-і дәмдері үйден жазып, аман-есен елге оралыпты. Солардың бірі – менің әкем – Қабдолла ұлы Қойшыбай.

Жалпы, Қабдолланың бес ұлы: Қажырахым, Мағыпер, Көкен, Қойшыбай, Тымтәуір соғысқа қатысқан. Мағыпер әкеміз екі қол, екі аяқтан айырылып Мәскеуде әскери госпитальда жатып, соңғы хатын қарындашты аузына тістеп жазған, топырақ сол жақтан бұйырды. Тымтәуір әкеміз оң қолын беріп келді, қалғандары дін аман, аздап контузия алса да, он екі мүшесі түгел, ел қатарлы еңбек етті. Қажырақым мал асырап, сауда-саттықпен айналысты. Көкен денсаулығының барында трактор-егіс бригадасын басқарды, артынан шеберлікпен айналысты. Тымтәуір сол қолмен шот қағып, жазу жазып, мал шаруашылығында фуражер болып қызмет жасады. Менің әкем алғашында ветеринарлық санитар, кейіннен қабілеті шыңдалып Ленин орта мектебінде шаруашылық меңгерушісі, интернатты да бірге алып жүрді. Мен жоғарғы оқу орнына түскенде мол жалақы табамын деп жылқы бағуға ауысып кетті.

Мен студент кезімде, артынан қызмет істеп жүргенде де еңбек демалысын ауылда әкемнің жанында өткізетінмін, негізгі жұмыс – шөп науқаны, отын дайындау. Маңайдағы шапқылардың иелері болатын, біз алысқа, берісі 10, әрісі 15 шақырымға дейін атпен баратынбыз, жол бойы әңгімесін тыңдайтынмын. Таза ауада шалғы тартып, екі жол сайын бір шай кесе қымыз сіміріп, ой еңбегін қол еңбегіне ауыстыру неткен ғанибет еді. Маған осындай демалыс жаныма жағатын.

Әкем сол көппен бірге 1942 жылы соғысқа аттанды. Орал қаласында әскери дайындықтан өткен соң, Сталинград фронтына соғысқа кіреді. Жаудың беті қайтып, кейін шегінгенде бұлар қуа бастайды. Сөйтіп бір селоға кіргенде үлкен асханаға тап болады, үстел бәрі жасаулы, арақ-шарап толып тұр екен. Содан рота командирі аухаттанып алуға рұқсат береді, шекелері енді қыза бергенде немістер қоршап алады. Бұл немістердің өздеріне бұйырмай қалған дастарханы екен, қайырыла соғып тұзаққа түсірсе керек. Сонымен көп шығынмен қоршаудан құтылады, командирлерін соғыс трибуналына ұйғарады. Со бетімен бұлар бүкіл дивизия болып, қалмақ жерлерін басып (Астрахан облысы) Симферополь, Қырым түбегіндегі шайқастарға қатысады. Басқа дивизиялармен қосылып Жеңіс туын Шығыс Пруссия (қазіргі Румыния) жерінде тігеді.

Әкем Жеңіс күнін 8 мамырда атап өтетін, өйткені соғыстың бітуін 2 мамырда жариялап, самолеттен листовкаларды таратады, онда жол-жөнекей қандай да болсын материалдық құндылықтар болса өздеріңмен бірге ала жүріңдер делінген. Содан бұлар бір семіз атты сойып алып, қақтап тамақ қылады, ротаның негізгі құрамы қазақ пен өзбек болса керек. 8 мамыр түскі тамаққа тойып алып, шұлғауларын кептіріп, дем алып жатқанда немістердің 2-3 рамасы (бомбардировщик) ұшып келе жатады. Үндемей жатса тиіспес пе еді, бір өзбек «Біз жеңдік» деп шұлғауын бұлғағанда әлгілер ызадан болу керек, бомбаларын тастап-тастап жібереді. Сөйтіп бір рота солдаттан 7-і аман қалады, аздап жарақаттанғандар бар, жартысынан астамы көз жұмады. Әкем сол бомбалардан кейін көзі көрмей 2 сағат жатады, әйтеуір бір уақытта көре бастайды.

Соғыстан келе жатқандарды Мәскеу арқылы тексеріп, Отан қорғау борышын өтеуге қалдырады. Біздің әкеміз тағы үш жыл әскерде болып, 1948 жылы елге оралады, алдында, 1947 жылы, әке-шешесін қуантып демалысқа келіп кетіпті. Міне, осылай өмір мен өлімнің арасында небір қиыншылықтардан аман өтіп, туған жерге оралады. Шешеміз Күлпаш екеуі 8 перзент өсіріп, тәрбие берген. 2003 жылы ақпан айында облыс әкімі А. В. Смирновтың қабылдауында (ауданнан 15 шақты адам) болып, сәуір айында дәм-тұзы таусылады.

Марқұм ақкөңіл, кеңпейіл, ойыншыл, ақжарқын адам еді, үлкенмен үлкенше, кішімен кішіше қалжыңдай беруші еді. Топырағы торқа болғай.

Самат Қойшыбайұлы,
2022 жыл

***



Қаптаев Зейнолла Қаптайұлы (05.05.1926-26.01.2011 жж.) тыл еңбеккері, еңбек ардагері

Қаптаев Зейнолла Қаптайұлы 1926 жылы 5 мамырда Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Шал ақын ауданы Қаратал ауылында дүниеге келген.

Зейнолла Қаптайұлының балалық шағы, сол кездегі барлық балалар сияқты, қиын да алапат ашаршылық 30-шы жылдармен тұспа-тұс келді. Жеті сыныптық білім алды. Әкесін еңбек әскеріне қабылдаған кезде, анасына отбасын асырауға көмектесу керек болды. Зейнолла отбасының ең үлкені болғандықтан кейінгі төрт қарындасы мен інісіне қамқоршы болып, оқуын жалғастыра алмады.

Соғыс уақыты қаншама жастарды балалықтың бал дәмінен ерте айырып, арқаларына жауапкершілікті талап ететін ауыр күндерді жүктеп қойды. Бірі мылтық асынып соғысқа аттанса, енді бірі қара жұмысқа, тылға жегілді.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап жұмысшылар мен шаруалар күн сайын екі норманы орындауға міндеттеме алды: біреуі өзі үшін, екіншісі майданға кеткен жолдастары үшін. «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін» ұраны әрбір кеңес еңбеккері, қала мен ауыл үшін өмір заңына айналды. Тыл еңбеккерлері 10-12 сағаттан күш аямай жұмыс істеді.

Жас Зейнолла сұрапыл соғыстың 1943 жылында алғаш рет трактор руліне отырды:

– Сол кездер қиын уақыт болды: дөңгелекті тракторларда жұмыс істедік, қолымызбен көп жұмыс істедік. Бірақ адамдар қиын-

дыққа төзіп, ештеңені ойламады. Неміс басқыншыларын тез арада жеңу керек болатын, – деп еске алатын ол.

Еңбек еткен жылдарындағы күн сәулесінен күйіп қалған егістік алқаптарын, жомарт астықты, әрине, алғашқы егін нанының дәмін есіне алады.

Иә, Зейнолла Қаптайұлының еңбек тәжірибесі, егіншінің ұзақ әрі қиын жұмысы артта қалды. Ол көптеген жас жігіттерге тәлімгер болды, жастар одан астық алқабының шебері болуды үйренген. Өзінің еңбегі мен оның нәтижелері үшін бар күш-жігерін салатын. Қалай болғанда да, ол осы туып-өскен жері үшін аянбай тер төккен, оның осы кәсібі тек мамандық емес, нағыз өмірлік ұстанымы болатын.

Зейнолла Қаптайұлы өз ісіне деген адалдығымен ерекшеленді, еңбектің қыр-сырын шебер меңгерді. Сондықтан оны әріптестері қатты құрметтеді, сыйлады.

Отан алдындағы ерен еңбегі үшін марапатталған Қазақ КСР құрмет грамоталарын ұқыпты сақтады.

Оның кеудесінде Еңбек Қызыл Ту ордені, «Ерен еңбегі үшін», «Тың жерлерді игергені үшін» медальдары, «КСРО халық шаруашылығындағы жетістіктері үшін», «Еңбек ардагері», Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесінің қола медалі, «Социалистік жарыстың жеңімпазы» бірнеше төсбелгілер, Жеңіс құрметіне және басқа мерейтойлық медальдары жарқырап тұрды.

1969 жылы «Еңбек сіңірген егіншілер» құрметті атағы берілді.

Жерлестері, қараталдықтар, оның кандидатурасын төрт рет халық депутаттарының ауылдық кеңесіне ұсынды. Әрине, ол өзінің депутаттық міндеттерін сенімді орындады.

Зейнолла Қаптайұлы өте қонақжай және ақкөңіл адам болатын, ол үйіне келгендердің барлығын күлімсіреп қарсы алатын. Ауылдастары ол құрметті, сыйлы адам болғандықтан оның пікірін тыңдайтын.

Халық «Ер жігіт өз өмірінде ағаш отырғызып, ұл тәрбиелеп, үй салуы керек» дейді. Зейнолла Қаптайұлы өзі үй тұрғызып, бір ағаш емес, бірнеше ағаштар отырғызды, жұбайы Дәмелі Алпысбайқызымен бірге үш лайықты ұл, төрт қыз тәрбиелеп өсірді.

Балалары қызметтің түрлі салаларында табысты жұмыс істейді. Балалары мен немерелері Зейнолла Қаптайұлының жарқын бейнесін әрқашан еске алып, оны мақтан тұтады. Оның өмірі мен еңбегі әрқашан олар үшін үлгі болады.

АЛҚААҒАШ АУЫЛЫ ТУРАЛЫ

Газета «Новатор», 1987 г.



Дни далекие, дни памятные

Воспоминания... Они близки и дороги каждому человеку, ибо это жизнь, это то, что прочной нитью связывает настоящее и прошлое.

Воспоминания Умербая Ибраева – это рассказ человека, чьи жизнь и судьба неразрывно связаны с летописью нашего края, района, очевидца и участника далеких событий, ставших сегодня для нас уже историей: годы становления Советской власти, коллективизации, ликвидации безграмотности, целины. Большой жизненный и трудовой путь прошел Умербай Ибраев, за его плечами богатый опыт партийной и хозяйственной работы. В 1927 году он стал комсомольцем, в 1938-м – членом Коммунистической партии.

Начну издалека, с того, как в районе формировались казахские аулы. В конце второй половины XIX-го века в местах, где расположен Сергеевский район, быстро расселились крестьяне-переселенцы из центральных малоземных районов России. В то же время было проведено формирование централизованных лесных массивов, т.е. изъяты из пользования казахского населения земли, годные к посеву, и лесные массивы в государственный фонд. В результате этого и образовались так называемые государственные дачи Ровная, Ястребиная, Сардонная, центром которых явилась Кондукторская канцелярия (ныне контора Октябрьского лесхоза). Переселенцы поселились в селах Новопокровка, Кривощеково, Марьевка, Сергеевка, хуторах Никитинка, Козловка, Раевка, Со-

коловка, Вишневка и других. Казахи перешли на полукочевой образ жизни, поскольку из многоземельных они превратились в малоземельных. На территории района поселились племена атыгай, караул, керей и уаки. Из этих племен и образовались аулы Бес-Тобе, Шортай, Енбек, Аксу, Жанасу, Коктерек, Бирлик, Ортак, Каратал и другие.

В десятых годах XX века начали поговаривать о том, что казахов будут переселять на юг, в Кзыл-Орду, Джезказган. Стали даже формировать делегации для отбора земельных территорий. Но тут началась первая мировая война и политике царя не дано было увенчаться успехом. Что же касается условий жизни казахской бедноты, то они были в наихудшем положении. Не было возможности заниматься скотоводством: не было пастбищ, запасов корма. Оставшимися клочками земли распоряжались баи и феодалы. Это объединяло бедных казахов и русских, их дружба постепенно крепла.

***

На территории района есть много памятных исторических мест, связанных с историческими событиями тех лет. Это был 1919 год. Там, где сейчас плещется целинное море и расположились села Чапаево, Жалтыр и Аканбарак, раньше были густые леса, селений не было. Этим и воспользовался отряд П. Д. Шишкина, укрываясь от колчаковцев. Но разведчика отряда Байназара Калгыменова враги все же схватили. Прямо в с. Марьевке 15 августа его разрубили саблями. Хоронить разведчика запретили, но товарищи погибшего Федор Соколов и Сергей Наяндин ночью вывезли труп в село Баганаты. Если ехать из Кривощекова в Социал, по правой стороне дороги, между лесами остается старое кладбище. Здесь был похоронен Мукан Бексеитов, председатель аулсовета, член ревкома, погибший от рук кулаков 10 марта 1921 года.

А называется кладбище Шешен-Тускен. Здесь, в этом урочище, когда-то праздновали свадебный той родители Мукана. На кладбище с.Новопокровки был похоронен товарищ Бексеитова – Николай Кук, представитель продразверстки из Петербурга. В 1967 году останки героев были перевезены в Алкаагаш. В их честь тогда установили скромный памятник, а думается, они заслуживают большего.

В урочище Шабдар Ат (пегий конь) был сосредоточен тайник для доставки пищи партизанам, скрывавшимся в аулах Кошана Жантлеуова и Даира Сактаганова. Жены партизан Федора Соко-



Памятник Мукану Бексеитову в ауле Алкаагаш

лова, Якова Кузьмина, Якова Крыгина, Сергея Наяндина, Николая Кузнецова, Андрея Белоусова ходили в лес под видом сбора ягод и грибов, носили мужьям еду. Однажды случилось вот что. Кайни Оспанова, жена Д. Сактаганова, собралась нести пищу в лес. Но в это время увидела верховых русских офицеров и солдат, их было шестеро. Долго не думая, она побежала к матери К. Жантлеуова Алтын. И женщины нашли выход из положения. Укрывшись чапаном, Алтын легла в постель и начала вздыхать и причитать. В этот момент вошли верховые и требовали ответить, где их мужья и почему в доме посторонняя. На это Кайни спокойно сказала, что где муж, не знает, а сама она пришла навестить больную мать. Тогда один из офицеров схватил руку Алтын и стал проверять пульс. Конечно, у перепуганной женщины сердце колотилось по-бешеному. Офицер по-татарски сказал другим, что она и в самом деле больна, вымыл и вытер свои руки. С тем они и уехали.

Юго-восточнее села Белоглинки есть большой лес, это рядом с нынешним полевым станом тракторно-полеводческой бригады совхоза им. 50-летия ВЛКСМ. Именно здесь в 1827 году вдова хана Уали Айганым Аблаева впервые организовала обработку земли. Согласно директиве омского генерал-губернатора было прика-

зано отпустить ей для посева овес, пшеницу, просо и пуд лука. Отсюда и название леса – Егинды агаш, т.е. хлебный лес. Почти век спустя, весной 1921 года, в этом лесу восставшие против Советской власти кулаки расстреляли арестованных коммунистов, среди которых были известные нам Мукан Бексеитов, Николай Кук. Отсюда еще одно название леса – коммунистерді өлтірген ағаш – лес, где убили коммунистов.

Есть на территории района и старица, в которой утопились три молодые женщины, не желавшие мириться с унизительным положением женщин в феодальном обществе. О событиях прошлого напоминает возвышенность Кок-Тобе севернее села Каратал. Один из активистов колхозного движения Аяжан Мусин бежал из неволи, но враги вновь его поймали и вместе с другими расстреляли. В лесу, что находится между нынешним зданием районной прокуратуры и райбольницей, есть братское кладбище, где они и похоронены. Поэтому возвышенность Кок-Тобе казахи называли еще Канды-Тобе, т.е. кровавая возвышенность.

События минувших дней... Они уже далеки от нас. И как отзвук того, что было, что волновало и чем жили поколения наших дедов и прадедов, – те памятные места, даты, о которых мы помним, не должны забывать. Без тех грозных, суровых дней не было бы нашего сегодня, счастливой, полной света и добра жизни равных среди равных. Страницы истории нашего края незабвенны.

Умербай Ибраев

Алқаағаш ауылымыздың құрылғанына – 92 жыл

ТАБИҒАТЫ КӨРКЕМ – ТЕРІСКЕЙ ӨЛКЕМ

1927 жылғы желтоқсан айында өткен большевиктердің Бүкілодақтық Коммунистік партиясының (ВКП (б) XV съезі партия мен халықтың алдында ауыл шаруашылығын ұжымдастыру (коллективизация) туралы тапсырмасын қойып, колхоздар мен совхоздарды кеңейту және ірілендіру жоспарын белгіледі. 1928-1931 жылдары Төңкеріс ауданында (қазіргі Шал ақын ауданы) зорлықтың күшімен ұжымдастырылған көп шаруашылықтардың ішінде

Алқағаш атты колхоз да құрылған екен. Осы ұжымшарды (колхоз) 1950 жылғы 7-ші тамыз күні қасындағы Қаратал ауылымен және Козловка орыс селосымен қоса біріктіріп, жаңадан «30 лет Казахстана» атты ірілендірілген колхоз құрылып, орталығы Қаратал ауылында (бұрынғы Құлеке ауылы) болыпты. Жаңадан құрылған ұжымшарды ұзақ жылдар бойы төраға ретінде атақты Әлмағанбет Құрманғожин аяғына дейін басқарса, ал партком хатшысы болып алғашқы жылы Молодых аз ғана уақыт істепті. 1943 жылдың басында 17 жасында Ұлы Отан соғысына аттанған менің әкем Арғын Дүйсенбіұлы 7 жыл қатарынан Қиыр Шығыста әскери борышын өтеп болып, 1950 жылы еліне оралған әкеме осы хатшылық қызметтің тізгінін ұстатыпты. Ол кезде есепшілік қызметті соғыстан ауыр жараланып келген ардақты Айдархан Кәкіжанов ағамыз абыроймен атқарыпты.

Жаңа ұжымшардың салтанатты түрде ашылған күнінде қазақтың нағыз нарқасқасы, атақты мемлекет қайраткері, ол кезде бізде облатком төрағасы болған Жұмабек Ахметұлы Тәшенев те қатысыпты.

Тікелей өзі үш ауылдың құрылтай жиналысын басқарып, осы аңыз адамның колхозшылар мен аудан басшыларының дәл ортасында отырып бірге түскен ұжымдық фотосуреті кітапша бетінен табылып, көрсету сапасы сын көтермейтін күйінде қолыма тиді. Көптен ізіне түсіп таба алмай жүрген осы фотоқұжаттың құндылық бағасы оның мынадай тарихи сәтті сол қалпында сақтап қалу сапасына байланысты ғой. Сондықтан қазіргі компьютерлік техниканың арқасында осы ұжымдық суреттегі әке-шешелеріміздің жас кезіндегі бет бейнелерін ажырата алатындай қалыптарына келтіріп, оларды кейінгілер танитындай түрлеріне жеткіздік. Шаруашылықтарының дүрілдеп тұрған кеңес заманында түтін саны үйлері ғана жүзге таман, ал қазіргі күйзеліс кезінде қырыққа жетпейтін тұрғын қалған «Алқағаш» атты ауылымыздың әлі де сақталып отырғанына 92 жылдан аса уақыт өте шыққан екен. Дер кезінде елдің 90 жылдығын атап өтуге өршіп тұрған тәжтұмаудың (коронавирус) кесірі кедергі жасады. Осыдан бір ғасыр бұрын, яғни 1917 жылы, осы теріскей өлкемізді жайлаған, ал тұрмыс салты жартылай көшпенді болған біздің ата-бабаларымыздың феодалдық қоғамдық жүйесін астан-кестенін шығарып, дүниесін бастан-аяқ қазандай төңкерген Қазан төңкерісінің (Ұлы Октябрь Социалистік революциясы) болғаны және оның себеп-салдары тарихтан бәрімізге бесенеден белгілі. Ал осы төңкеріске дейінгі уақытта Орта жүз-



Ортада: облыстық атқару комитетінің төрағасы Ж. А. Ташенов «Қазақ ССР-нің 30 жылдығы» колхозының еңбеккерлерімен:

Жантілеуов Қабдолла; Ж. А. Ташенов – облыстық атқару комитетінің төрағасы, А. Құрманғожин – колхоз төрағасы, Шыңғысов Ғазез.
Оң жақта бір топ болып отырғандар: Шегенов Махмет, Жақыпов Қошқарбай, Өсіпов Қайролла, Ғабитов Жанатай, Сайдалин Шери,
Әйелдер арасында: Әубәкірова Гауһар, Қыдырмина Қазина.1951 жыл.

дегі Атығай руының бергі Бәйімбет тармағынан тарайтын кіші аталарымыз, яғни кең жайылған ой мен қырдағы Қабай, ағайынды атақты Тілеке мен Құлеке батыр, Есбол, Көшек пен Бурабай батырдың есімдерімен аталатын жеке-жеке кішігірім ауылдар қазіргі Шал ақын ауданының аумағында Алқаағаш ауылының айналасындағы кең төңіректі қыстапты. Ал жазғы жайлаулары Шал ақын ауданымен көршілес Айыртау және Ғабит Мүсірепов сияқты үш ауданның жер көлемдерін қоса қамтиды екен. Осыған дәлел ретінде Алқаағаш ауылымыздың дәл қасында Шеген қыстауы (Құлеке ұрпағы) мен Жиренайғыр көндері, жақындау жерде Бурабай көңі, Шоң (Қабай) көңі, Күшік көңі мен Тұрлығұл қыстауы, ал жоғары Есілге қарай Есбол қыстауы, Жантілеу қорасы мен одан әрі Сарыбұлақ (Тілеке) деп аталатын көп қыстаулардың үйілген көндерге айналған ескі орындары жайрап жатыр. Осы тізімді жалғастырар тағы бір айғағы – қазіргі Социал (бұрынғы Есеке) ауылынан бері

қарай Есіл өзенінің бойында Есенбай алқасы (шұбары), Тайпақ (Тілеке) пен Шәкір қыстаулары және олардың ескі қорымдары (атабейіттер) орналасқан. Ал Кривощеково селосының оңтүстігіндегі қалың шоқ қайыңдардың баурайында кеңес заманында іргелі ел болған Шортай аулының қазір ескі жұрты мен қорымы ғана қалған. Кезінде осы ауылдың негізгі тұрғындарын Қабайдан тарайтындар құрап, ал қазіргі қалған ұрпақтары қасындағы Неждановка селосында тұрып жатыр. Шортай ауылының осы атауы ерте кезде Қабайдан шыққан Шортай батырдың атымен тура байланысты және ол ел ішінде «бала Қабай» деген атымен танымал. Мұның тарихи себебі, маңайындағы азулы басқа аталарға бағынышты болмау үшін Шортай бастаған бір қауым ел бөлек қоныстанып, тәуелсіз боламыз деп таңдаған жері осы Шортай ауылының аймағында екен. Алыс түкпірдегі Двойники селосының жанындағы қалың ағаштың баурайындағы ескі жұрттың орны ел ауызында Ақтайлақ қыстауы деп аталады. Ауыр шайқаста қаза тапқан Ақтайлақ батырдың екі қабат жас келіншегі Күләйімді олжа ретінде қалмақтар өздерінің ханына әйелдікке сыйға тартыпты. Себебі, шаштарынан байлап-матап күндікке әкеткен қазақтың көркем қыз-келіншектерінің ішіндегі ең сұлуы – осы Күләйімдей болса керек. Көп кешікпей Күләйім босанып, күйеуі Ақтайлақтан туған ұлының есімін қалмақтар өздері жазатын тибеттің жетілген санскрит тобының тілінде «Пюрвя-бай» деп (қазақша Бейсенбі) атын қойыпты. Алпамсадай Пюрвябай ер жеткенде хан өліп, қасындағы қалмақтар енді оның қазақтың баласы екендігін әшкерелеп, қайта-қайта намысына тиіп түрткілей бастайды. Қатты күйінген Пюрвябай қатты әрекеттерге барып, шешесіне амалсыздан шындықты айтуына тура келеді. Осыдан кейін Пюрвябай қазақ еліне кетуге аса сақтықпен дайындалып, өзімен бірге шешесі Күләйімді, ханнан туған інілері Шебер мен Мәлкелдіні, қарындасы Қаракөз бен жолбасшы алып, түнделетіп қашып шығады. Алыс жолда түрлі қиындықтарды жеңіп өтіп, қалмақ құғыншыларынан зорға дегенде құтылып, Көкшетау өңіріндегі Атығай-Қарауылдың елдерінен пана табады. Абылай ханның қол астында талай ерлік істерімен Пюрвябай көзге түсіп, сүйсінген ел оның қалмақша атын айтуға ылғи ыңғайсыз санап, бурадай зор денесіне қарап Бурабай деп есімін қазақша атапты. Сол жердегі айнадай Күміскөлді батырдың құрметіне Бурабай көлі деп өзгертіпті. Көлдің оңтүстігіндегі биік таудың басына шыққанда Бурабай батыр тұрған жерінен 40-50 шақырымдай айналасындағы төңіректің айқын көрінетінін бірден

байқап, сол жердің тастарын өзі қопарып, келетін жауды шолатын жан-жағынан қарауыл тесіктері мен есіктерін шығарып, демалып жатуға да жайлы үңгірлеп үй жасаған ғой. Алдымен елдің қалауымен Бурабай үңгірі атанып, кейін осындай ыңғайлы әскери нысанды Кенесары хан өзінің жаугершілік заманында толық пайдаланып, содан Кенесары үңгірі аталып кетіпті. Шынында Бурабай үңгірі ғой. Осылай елдің ерекше ыстық ықыласына бөленіп, Абылай ханның ең сенімді батыры болған Бурабай Ақтайлақ ұлы орта жастан асқанда шешесімен ақылдасып, ханның рұқсатымен ақ ордадағы қыстауларын тастап, әкесі Ақтайлақтың қыстауын бетке алып көшеді. Алдында Бәйімбет елінің ақсақалдары ақылдасып, көшіп келген бір қауым елдің қоныстануына қазіргі Сергеев су қоймасы мен Ақан-Барақ ауылының аумағындағы шабындығы мол, жайылымдары кең жерлерді бөліп берген ғой. Бурабайдың қартая бастаған шағында оның құзырлығының әлсірегенін пайдаланып, қалмақ бауырларына жергілікті билік иелері қысым көрсете бастайды. Осыған шыдамаған інісі Мәлкелді елді бөліп алып, Қанжығалы еліндегі Сарыкөл деген жерге көшіп кетеді. Ол жер қазіргі Қостанай облысының Урицкий ауданында орналасқан. Ресейдің отарлау саясатының нәтижесінде 19 ғасырдың аяғында Марьевка, Сергеевка және басқа да орыстың селоларын салуға орындарды босатып, Бурабайдың қалған ауылдары осы мекендерін еріксіз тастап, қазіргі Новопокровка, Ровное мен Кривощеково селоларының Алқаағаш жағындағы нулы ағаштардың (Мұзжауған шұбары, Бала бейіт қорымы) ішіне қарай ығыстырылған ғой. Бұған дейін осы өңірдің аумағында 18-19 ғасырларда орыстың әлгі аталған селолары атымен де жоқ еді. Ұзын сөздің қысқасы – 1930 жылға дейін «Алқаағаш» деген ұжымшар құрылмай тұрып, артынан осы жаңа ауылдың негізін құраған – Қабай, Тілеке, Құлеке, Есбол, Көшек және Бурабай сияқты кіші аталардың жартылай көшпелі шағын ауылдарының қыстаулары Төңкеріс ауданын молынан қамтып, жайлаулары теріскей өлкемізге кеңінен созылыпты. Ол кездегі құбылмалы ауа райына ата-бабаларымыз әбден төселіп, төбелері ойылған шыммен жабылған, жартылай қазылған жылы жер үйлерде тұрып, ызғарлы теріскейдің қаһарлы қыстарына төтеп берген ғой. Малдарына және жандарына ыңғайлы жерлерді таңдап, қалың да және ұзын шоқ қайыңдардың ықтасын бауырайларын паналапты. Бір ғасырдан кейін осы аталған аталарымыздың қыстаулары мен қастарындағы әр атаға меншікті ескі қорымдарының (атабейіттер) орындары жермен жексен болып, қалың шөптің

астындағы көңге айналған жерүйлердің орнындағы төмпешіктері де қазір жай көздерге онша байқалмайды. Осындай табиғи түріндегі ата қоныстарды танитын белгілері өше бастағасын, бірақ топонимикалық ескі атаулары елдің есінен өшпесін деген ниетпен осылай жаңғырта жазғанды жөн көрдім. Ол заманда қыстап шыққаннан кейін осы аталған аталарымыздың кішігірім ауылдары көктем шыға қыстауларынан 100-200 шақырымнан аса ұзап барып, сол маңайдағы жаздағы жайлауларына жетеді екен. Мысалға, Тілекенің бір бай ауылы ала мойнақ үйір-үйір жылқыларымен қазіргі Айыртау ауданындағы Саумалкөлдің жағалауындағы аймақты жайлапты. Ал қырдағы Қабайдың Шоңнан тарайтын ауылының ол кездегі жайлауы қазіргі Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның теміржолдың бойындағы «Парижская коммуна» елді мекенінің төңірегін қамтиды екен. Сол жердегі Қарағаш деген ауылда Қабайдан тарайтын ұрпақтары еркін өсіп-өніп, кеңес уақыты кезіндегі шаруашылықтары өркен жайыпты. Қасында осы атаға тиесілі ескі қорымның бар екендігі де тура айғақ қой. Осындай іргелі ауылдың қазіргі хал-ахуалы керісінше күйзелістің салдарынан құлдырау мен ыдыраудың шегіне жеткен сияқты. Ал енді 1928-1931 жылдары Төңкеріс ауданындағы «Алқаағаш» колхозы құрылмай тұрып, сол жердегі Қабайдан тарайтындар басқа аталарға қосылуға қарсылық білдіріп, өздері бөлектеніп «Сұлушоқ» деген жеке колхоз құруға біраз тырысып бағыпты. Бірақ Кеңес өкіметінің тегеурінді саясаты ағайынды Тілеке, Құлеке, Бурабай, Есбол, Көшектен және олардан бұра тартқан Қабайдан тарайтындардың бәрінің бастарын қосып, 1930 жылы «Алқаағаш» деген колхозды құрғызыпты. Мұрағаттық бір ғана құжатта (Краткий справочник по истории колхозов и совхозов Сев.-Каз. области (1918-1980) құрылғаны 1930 жыл деп жалаң түрде көрсетілген, бұдан басқа қосымша растайтын деректер әзірше табылмады. Жаңадан құрылған шаруашылыққа аталған қыстаулардың ортасындағы «Алқаағаш» деген ұзыннан созылған ну қайыңды алқаның атауын таңып, айналасы шоқ қайыңдар мен қалың шілікті томарлы көлдердің қасындағы бос жерге жаңа ауылдың қонысын таңдапты. «Алқаағаш» деген атына сай жаңа ауылдың шынында да жері қара топырақты да құнарлы, алуан түрлі шөбі шүйгін, сулары көл-көсір, яғни, бір сөзбен айтқанда, табиғаты шырайлы да шұрайлы, ол кездегі осындай табиғи байлықтары ағыл-тегіл мол еді. Солтүстігіндегі Тұрлығұл байдың (Қабай) қонысынан бері ауылға дейін бірнеше шақырымға дейін ұп-ұзын ішектей созылған «Аяқтал» атты қалың шіліктің жуан қара талдары қаншама

жылдар отындыққа жетті. Осы шіліктер қоршаған аумағы кең «Өленділің» суы мен қорегі мол, жайылымы осы ауылдың шаруашылықтағы малдарын әлі күнге дейін 90 жылдан аса асырап келеді. Ауылдың дәл іргесіндегі «Шеген қыстауы» деген жерде ескі ата қоныстың үйінділері әлі де байқалады. Атақты Құлеке батырдың тікелей ұрпақтары Әшім (Әйнеке) мен баласы Шеген билердің осы елдегі қызметтері әлі зерттелмеген тың тақырыптар. Жаңадан сайланған жас би Шегенге атақты Тоқсан бидің әдейі іздеп келуі, нөкерімен қыстауында қонып жатуы және екі бидің арасындағы жұмбақты сөз тартыстары туралы елдің ауызында айтылса да әлі жазылмаған. Шеген бидің қасында атқосшы ретінде үнемі бірге жүрген жас Қошан Жантілеуұлының (1895 ж.т. – 29.09.1981 ж.қ.) кейін осы ауданды басқарып, жеке басына қатер төнсе де түрмеде жатқан Үкілі Ыбырайды құтқаруға барғанының өзі ерлік қой. Қошан ақсақалдың өз өмірінің соңғы сәтіне дейін Ыбырайдың аманат ретіндегі өлеңге толы көк дәптерін сақтап қалуының өзі – бөлек әңгіме. Ал Үкілі Ыбырайдың ең жас тоқалы Кәлимадан туылған сүйікті де өнерлі қызы Бибіштің өмірінің соңына дейің осы «Алқаағаш» ауылында Мағзұм Сыздықұлымен тұрмыста болып, осында туған ұлы мен қызының естеліктері де қандай тартымды. Кешегі құғын-сүргін кезінде «Уәлиханов» деген аты шулы тектерін жасырып, фамилиясын «Макин» деп өзгертіп, сонау Көкшетаудан соғыстың алдында «Алқаағаш» ауылына Мақының ұлы Ыдырыс жанұясымен көшіп келіп паналапты. Алматы қаласында әдейі барып жолыққанымда атақты архитектор Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлиханов «Алқаағаш» ауылындағы балалық сәттерін есіне түсіргенде әлі де ұмыта қоймапты. Бұдан да басқа Шыңғыс әулетінің небір қилы тағдырларының тоғысқан іздері шағын да қарапайым ауылымыздың тарихында көмескіленіп жатыр. «Алқаағаш» ауылының жұлдызының ең биік және өте жарқырап жанған уақыты – ол гектарынан 21 центнер астық алынған 1938 жыл екен. Себебі, осы жолы мол астық алған осы ауданның 10 ұжымшарының қатарында «Алқаағаш» ұжымшары Мәскеу қаласындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысып, жоғары көрсеткіштерге ие болғандардың арасында 1-ші дәрежелі диплом және күміс медальмен марапатталып, сыйлыққа он мың сом кеңес ақшасы мен жеңіл автомобиль беріліпті. Ал басқармасы Сейсенбек Нұғыманов Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталыпты. Республикалық дәрежедегі зейнеткер, танымал өлкетанушы ағамыз – Өмірбай Ыбырайұлының (02.08.1907 ж.т. – 22.05.1996 ж.қ.) өзі

«Мұзжауған шұбарында» туылып, «Сарыбұлақ» қыстауында өскесін ата шежіресі мен бабасы Бурабай батырдың өмір жолын зерттеп, ұрпаққа қалдырған естелік еңбегі өлкетануда ерекше септігін тигізді. Амандық болса, осы соңғы аталған оқиғаларды дұрыс сараптап, рухани түрде қайта жаңғырта жаза алсақ, үлкен сауап болар еді.

Осындай алуан сырлы теріскейдей өлкемді, Шал ақын ауданы мен ауыл-аймағымның ата шежіресін төл перзенті ретінде шынайы жүректен жырлап, кіші отаныма арналған өлеңдерім мен өңделген әлгі ұжымдық фотосуретті ел-жұртымдағы бауырларымның назарына ұсындым.

Ер еткізген еліңді жамандама,
Жалпақ басып жерімен жүресің.
Жайлаған жеріңді жамандама,
Топырағы бұйырса, көріне кіресің.

Шет елдерге қашып амалдама,
Қорасын күзетіп, итшілеп үресің.
Мемлекетің мықты қамалда ғана
Егемендікте еркін өмір сүресің.

Жер мен еліңнің аманында ғана
Бейбіт күннің түндігін түресің.
Тәуелсіздігі нық заманын қала,
Мәңгілігі үшін болсын күресің!

Дүйсенбі Қайрат Арғынұлы,
ҚР Журналистер одағының мүшесі,
Солтүстік Қазақстан тәуелсіз заңгерлер
палатасының заң кеңесшісі

1941-1945 жылдары еліміздің бостандығы үшін күрескен жауынгер жерлестерімізге Мәңгілік ескерткіш



1941-1945 жж. еліміздің бостандығы үшін күрескен жауынгер жерлестеріміздің тізімі

Қаза тапқандар

Әйекин Жұмағали	1912–1941	Бекмағанбетов Қарып	1909–1943
Әлмырзин Тәйкібай	1924–1943	Бұлқаев Әлмаганбет	1912–1944
Балтабаев Айтмаганбет	1922–1942	Бұлқаев Қабдол	1902–1942
Ваянтаев Ережеп	1922–1941	Дәуленов Нұрке	1917–1941
Бәкеев Тобылбай	1918–1943	Едірісов Қайырбек	1921–1941

Есалин Темірбек	1907–1943	Мұқанов Тойкен	1922–1941
Жұмабаев Сауытбай	1920–1941	Мұхаметжанов Қойшыбай	1922–1943
Журавлев Василий	1924–1942	Өсіпов Бейсенбі	1922–1942
Ыбыраев Бестай	1922–1944	Сәкенов Қарабатыр	1922–1942
Ыбыраев Мұхаметжан	1922–1942	Сәкенов Қасым	1920–1941
Ысқақов Молкен	1922–1941	Сақтағанов Қабдөш	1923–1942
Қабдырақымов Әбілқайыр	1923–1942	Серғазин Қажығұмар	1912–1942
Қамасалиев Қайролла	1910–1941	Сыздықов Мағзұм	1900–1941
Қамасалиев Қоңыр	1922–1941	Сыздықов Сәлім	1922–1942
Қожантаев Мәкен	1902–1942	Тұрлығұлов Қажығали	1912–1942
Қожахметов Мәжік	1908–1943	Хамзин Қожахмет	1913–1943
Майкин Сыздық	1902–1942	Шаймерденов Ахметжан	1920–1942
Майлыаяқов Аманжол	1922–1942	Шыңғысов Қайса	1922–1944
Маңқашев Бажкен	1922–1943	Шыңғысов Айтжан	1918–1941

Елге оралғандар

Ахметов Серікбай	1919–1978	Қожантаев Тәсібек	1922–1947
Әбжанов Ғаббас	1924–1993	Қожин Байғали	1906–1995
Әбжанов Қажен	1919–1965	Қыдырмин Зейнол	1918–1994
Әбжанов Мырзахмет	1915–1995	Қыздарбеков Серік	1922–1970
Әубәкіров Ахметжан	1907–1985	Мәкімов Кәрім	1897–1979
Әубәкіров Шәрәп	1911–1994	Мәкімов Шахмет	1907–1980
Бейсенов Сағынай	1919–1995	Мұқанжанов Қажынәсіп	1910–1996
Бекмағанбетов Қадыркеш	1922–1981	Нұркенов Жәкежан	1908–1997
Бестенов Жанғали	1915–1985	Оспанов Шәріп	1919–1989
Ғабитов Жанатай	1913–1983	Өсіпов Қайролла	1908–1976
Дүйсенбин Арғын	1925–1986	Өсіпов Жұмағали	1917–1948
Дайыров Ерғали	1912–1987	Рамазанов Тұрғын	1921–1998
Жақыпов Қошқарбай	1921–2007	Сайдалин Шери	1916–1987
Жандосов Қабдолла	1907–1984	Сәкенов Ғалым	1914–1990
Жантілеуов Амантай	1909–1981	Сыздықов Кәкім	1905–1968
Жантілеуов Қабдолла	1900–1987	Тайпақов Қошқарбай	1909–1993
Жүзенов Еңсеген	1925–1982	Тұрлыбеков Қажыуәли	1913–1983
Кәкіжанов Айдархан	1925–2010	Тілемісов Қайретден	1924–1947
Қазымбетов Қуанышбай	1922–1982	Ыбыраев Өмірбай	1907–1996

Есімдерің ел есінде

(Алқаағаштағы Ұлы Отан соғысында қаза болған ерлерге орнатылған ескерткіш алдындағы сыр)

Асыққан аққу қаздай айдын көлге,
Азабын сағыныштың көрдіңдер ме?
Жеңіс күнге жеткенше ұзақ жүріп,
Туған жерге дәм тартып келдіңдер ме?

Өртке оранып талайың, бағыт-бағы,
Төгілді қанша қыршын қасық қаны.
Арулар сүйген сендер кемпір болды,
Тоса-тоса көздері талды-дағы.

Көріскенше біз сіздермен болдық асық,
Келдіңдер ме, ағалар, арып-ашып.
Ағалар, келдіңдер ме, аяулылар,
Жақсылықтың гүліне жаны ғашық.

Таныс бізге кескіндер күн қарыған,
Айрылды біз білеміз кім бағынан.
Күте-күте кемпір шал көзін жұмды,
Болмаған соң бір хабар ұлдарынан.

Асыққан аққу құстай айдын көлге,
Сан жылдардың азабын жеңдіңдер ме?
Оралдың ба майданнан түгел босап,
Туған жерді сағынып келдіңдер ме?

Қаншалықты болғанын бұл сұрапыл,
Айта алмайсың қиял мен жұмсақ ақыл.
Бұрын-соңды болмаған бұл соғысты
Жазылғаны тарихта өшпес ақыр.

Қазақ біздің намысқой, батыр халық,
Берсе уәде сөзінде тұрары анық.
Кейінгі ұрпақ ер жетіп, өсіп-өніп,

Ерлігінен сіздердің өнеге алып.

Қайран менің бауырым, ағаларым,
Ауыр болды-ау оқ тиген жараларың.
Туған елге келгенше болдың асық,
Отыр тосып әйел мен балаларың.

Өлгендердің орны ешқашан толмайды,
Бауыры суық қара жер де тоймайды.
Қыршын кеткен боздақтарды өмірден
Еске алғын, ұмытуға болмайды.

Қуанттыңдар халқыңды, туған елді,
Құрмет тұтат қашанда батыр ерді.
Ерліктерің ұрпаққа ескерткіш боп,
Тұрасыңдар осынау алаңда енді.

Жүректерді мұздатады соғыс деген атың,
Еске алады ағайын оралмаған жақынын.
Әрқайсысың жеке-жеке атыңды атап,
Аруақтарға бас иіп, дұға оқыдым.

Әбжәтай Сұрағанұлы,
Алқаағаш ауылы

Алқаағаш қырандары

1941-1945 жылдардағы сұрапыл соғысқа Шал ақын ауданының Алқаағаш ауылынан 76 азамат аттанған екен. Ол кезде адамдардың рухы, отансүйгіштік сезімі ерекше-тін. Сондықтан да шығар, кеудесінде намыс оты бар ауыл азаматтарының бірі де өз басына төнген қауіп-қатер жайлы ойламай, сұрапыл соғысқа жол тартқаны. Отан үшін от кешіп соғысқа аттанған азаматтардың Ресей, Украина, Белоруссия, Польша, Венгрия, Чехословакия елдерінде қаза тапқаны қаншама. Сонымен қатар, 1941-1942 жылдары 25 жерлесіміз майдан даласында хабар-ошарсыз кетті. Бұлардың дені



әлі үйленіп, үй болып та үлгермеген жас жігіттер еді. Сондықтан олардың артында ұрпақ та қалмады. Соғыста опат болған біраз жауынгерлердің әлі күнге дейін қайда жерленгені де беймәлім. Тіпті, кейбір мерт болған жерлестеріміздің артында құжаттары мен суреті де қалған жоқ. Ал майданға аттанған ерлердің орнына ауыл әйелдері білек сыбана жұмыс істегенін жадымыздан шығаруға хақымыз жоқ. Хабар-ошарсыз кеткен 25 жерлесіміздің біреуі – әкемнің туған ағасы Нұрке Дәуленов. Ол 1941 жылғы 17 шілдеде әскерге алынып, 314 атқыштар дивизиясының 1074 полкының құрамында болған. Бес айдан кейін канды қырғында оққа ұшып, үйге «қара қағаз» келеді. Ағамыздың артында екі сәбиімен еңіреп жеңгеміз қалды. Осылайша тағы бір үйдің шаңырағы ортасына түсті.

Отан алдындағы перзенттік парызын өтеуге аттанғандардың арасынан туған топыраққа табаны тиген 36 жерлесіміздің бірі – Қошқарбай Жақыпов. Жеңіс жолындағы ерлігі және Берлинді алуға қатысқаны үшін оның кеудесінде Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендары жарқырайтын. Тағы бір жерлесіміз Шери Сайдалин де Венгрия астанасы Будапешт қаласы үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды. Осындай орден тағы екі ауылдасымыз – Ғалым Сәкенов пен Серікбай Ахметовке де бұйырды.

Серікбай атамыз –1945 жылы Мәскеу қаласындағы Қызыл алаңда өткен Жеңіс күніне арналған парадқа қатысқан жауынгер. Ол бұл парадта Иосиф Сталинді, оның қызметтестері В. Молотовты, Г. Маленковты, белгілі маршалдар Г. Жуковты, К. Рокоссовскийді, И. Коневті және басқаларын өз көзімен көріп қайтты. «Ерлігі үшін» медалі Шәрәп Әубәкіров, Ахметжан Әубәкіров, Сағынай Бейсенов, Қадыркеш Бекмағанбетов секілді батыр аталарымызға берілгені біз үшін мақтаныш. Тағы бір жерлесіміз Арғын Дүйсенбиннің кеудесінде «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалі жарқырайтын.

Қиян-кескі ұрыс даласынан аман-есен оралған жерлестеріміз бейбіт күндері де ел дамуына сүбелі үлес қосты. Өйткені, соғыстан кейінгі жылдары елдің тұрмысы нашар, жұпыны еді. Майдангер Жәкежан Нұркенов ауылға оралған соң трактор тізгініне ие болып,

зейнетке шыққанға дейін еңбек етті. Ғаббас Әбжанов, Сағынай Бейсенов, Жанғали Бестенов, Серік Қыздарбеков кеңшардың малын бақты. Майдан даласына бір аяғын беріп келген Серік әкеміз де отбасын асырап, балаларын жеткізу үшін қатардан қалмай жұмыс істеді. Қарт жауынгерлердің ешқайсысы да үйде отырған жоқ. Байғали Қожин, Шери Сайдалин, Шәрәп Әубәкіров зейнет жасына жеткенше еңбек майданында қызу жұмыс істеді.

Алқаағаш – шағын ғана ауыл, соның өзінде намысқой, еңбекқор, білімді азаматтардан кенде болған емес. Бізден үш бірдей аудандық атқару комитетінің төрағасы түлеп ұшқанын мақтан тұтамыз. Солардың бірі – Ұлы Отан соғысының ардагері Еңсеген Жүзенов. Ол елге келгеннен кейін еңбекке араласып, жоғары білім алды. Партия, кеңес органдарында қызмет еткен оның ұйымдастырушылық, басқарушылық қабілеттері ескеріліп Преснов аудандық партия комитетінің 2-ші хатшысы, Көкшетау облысы Чистополье аудандық халықтық бақылау комитетінің және аудандық атқару комитетінің төрағасы лауазымдарына сайланды.

Тағы бір майдангер ауылдасымыз Өмірбай Ыбыраев кеңшардың директоры, аудандық атқару қомитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. Ал майданға өзі сұранып аттанған Айдархан Кәкіжанов ұрыс даласынан жараланып, елге мүгедек болып оралса да, еңбектен қалған жоқ. Көрші Қаратал ауылында бірнеше жыл есепші, туған ауылында отыз жылға жуық кеңшардың бөлімше басқарушысы болды, Кривощеково ауылдық кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Бүгінгі күні сол жауынгерлердің бірде-біреуі арамызда жоқ. Қарт майдангерлердің соңғысы 2010 жылы қазан айында көз жұмды. Соғыс ардагерлері өз заманының батырлары еді ғой. Олар ешқашан ел үшін атқарған еңбектерін міндетсінген емес.

Қарт жауынгерлердің батылдығынан бөлек, еңбекқорлығына тәнті боласың. Қабдолла Жандосов атамыз кеңшардың шөбін шауып жүріп те шаршағанын айтып бір реніш білдірмейтін. Қайролла Өсіпов, Кәкім Сыздықов, Қадыркеш Бекмағанбетов, Зейнел Қыдырмин, Ахметжан Әубәкіров, Ерғали Дайыров бөлімшеде өздеріне тапсырылған жұмыстарды мінсіз атқарушы еді. Шөп шауып, мая үйгенде олардың ширақтығына, қажырлы қайратына таңғалатынбыз. Әлі күнге дейін аталарымыз салып кеткен ауылдағы алғашқы клуб ғимараты көзге ыстық көрінетін.

Ол кісілердің еңбекқорлығынан бөлек, қазақы болмысына да қызығушы едік. Қабдолла Жантілеуов атамыз аңшылықты кәсіп

қылды. Бүркіт ұстап, аң аулаудың шебері еді. Ол кісінің туған інісі Амантай және соғыстан мүгедек болып оралған Жанатай Ғабитов қоймашы болғанын ауылдастары ұмыта қойған жоқ. Шахмет Мәкімов ауылда мал дәрігері, ал оның ағасы Кәрім егін күзетуші еді. Тұрғын Рамазанов Новопокровка жумысшылар кооперативінде өмір бойы есепші болды. Тағы бір ағамыз Мырзахмет Әбжанов Тимирязев ауданының Сулы станциясында ұзақ жыл еңбек етіп, зейнетке шықты.

Тағдырдың жазуымен туған ауылдан жырақта өмір сүрген майдангерлер де бар. Солардың бірі – Қуанышбай Қазымбетов, ол ғұмырының соңына дейін Өзбекстанда тұрды. Сүйегі де сол жақта жерленді. Бірақ бала-шағасының туған топыракка қайта оралғаны қуантады. Бүгінгі күні олар Алматы қаласына қоныс тепкен. Тағы бір ауылымыздың жауынгері Қошқарбай Тайпақов саналы өмірін Ресей елінде өткізді. Қазақта «Орнында бар оңалар» деген аталы сөз бар. Жоғарыда аталған аталарымыз ұрпағының қызық-қуанышына кенелді, немере сүйіп, бақытты күндердің куәсі болды.

1418 күн мен түнге созылған Ұлы Отан соғысының зардабы ешкімге жеңіл тиген жоқ. Кең-байтақ еліміздің бір түкпірінде жатқан менің туған ауылым Алқаағашта да қанды қырғынның зардабынан қаншама отбасының түтіні өшіп, қаншама ана жесір, балалар жетім қалды. Жанарлары жастан құрғамай қаншама қыз-келіншектер сүйген жарларын тосып, сағыныштан сарғайып өмірден өтті. Ұлы Отан соғысының аяқталуына 2 жыл қалғанда Тәсібек Қожантаев пен Қайретден Тілемісов жараларынан айыға алмай дуниеден озды. Олардан кейін Жұмағали Өсіпов те мына өмірмен қош айтысты. 1965 жылы майдан даласынан жаралы оралған ардагер Қажен Әбжановты да жақындары мен ауылдастары қимастықпен о дүниеге шығарып салды.

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан бері 76 жыл өтті, сонда да от кешіп, опат болған жерлестеріміздің ерлігі ұмытылмайды. Оларға бас иіп, тағзым ету – біздің перзенттік парызымыз.

Сайран Молдахметов,
Солтүстік Қазақстан облыстық
адвокаттар алқасының адвокаты

АУЫЛЫМНЫҢ АРЫСТАРЫ



Алқаағаш ауылы, 1984 жылдың 9 мамыры – Жеңіс күні

Алқаағаш ауылының Ұлы Отан соғысына қатысқан бір топ азаматтары, бірінші қатарда отырғандар солдан оңға қарай: Аубакиров Шарап, Жандосов Қабікен, Нұркенов Жакежан, Жантілеуов Ғабдолла.

Екінші-үшінші қатарда тұрғандар: Аубәкіров Ахметжан, Қожин Байғали, Ыбыраев Жүкен, Сакенов Ғалым, Қыдырмин Зейнол, Жақыпов Қошқарбай, Кәкжанов Айдархан, Дүйсембин Арғын, Бестонов Жанғали, Бейсенов Сағынай.

***

Жантілеуов Қабдолла, 1900 жылы СҚО Октябрь ауданы Алқаағаш селосында туған. 1942 жылдың наурыз айында әскерге шақырылған және 1943 жылғы маусымда Октябрь АӘК есепке тұрған.

Ұлы Отан соғысына қатысқан, қатардағы жауынгер, мерген. 1943 жылдың ақпанында снаряд жарықшағымен оң аяғына ауыр жарақаттанған. Әскери ауруханада емделген соң әскери қызметке жарамсыз болып танылып әрекеттегі армиядан босатылған.



Соғысқа дейін колхозда жұмыс істеген және аң аулауға құмар болған, бүркіттерді баулыған. Оның жұбайы Сәлима Шәнешқызы жолдасы майданда болғанда жылдан астам бүркіттерді қарға, сауысқан атып асыраған. Қабдолла үйге оралған соң бүркіттер оны даусынан танып, шаңқылдап дауыс берген. Соғыстан кейін колхозда жұмыс істеген, аң аулаумен айналысқан. 1953 жылы халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде елтірі тапсырғаны үшін күміс медальмен марапатталған. Марапаттары: «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.» медалі, мерейтойлық медальдар. Төрт бала тәрбиелеген. 03.02.1987 жылы қайтыс болды. Алқаағаш зиратында жерленген.

***

Осипов Қайролла, 1908 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданы (қазіргі Шал ақын ауданы) Алқаағаш селосында дүниеге келген.

1941 жылғы 10 тамызда Октябрь АӘК Қызыл Әскер қатарына шақырылған. Әскери қызметін 01.07.1941 жылдан Жоғары бас қолбасшы ставкасында резервте болған 151-ші атқыштар дивизиясы 21-ші армияда бастаған.

1941 жылғы 20 тамызда 3066-шы зенитті-артиллериялық дивизионда ант қабылдаған. Ұлы Отан соғысына 07.07.1941 ж. 366-шы жеке зенитті-артиллериялық дивизионда Батыс майданда, 01.08.1941 жылдан Орталық майданда қатысқан. 01.09.1941 ж. дивизион Брянск майданына – майдандық бағынысқа, 01.11.1941 ж. Закавказье майданына – майдандық бағынысқа ауыстырылған.

151-ші атқыштар дивизиясымен (21 армия) атауы ауысқан 6 -шы гвардиялық дивизияның 366-шы жеке зенитті-артиллериялық дивизионы Қызыл Әскердің басқа құрамаларымен соғыс басындағы қиын кезеңді бастан кешіре отырып, жаудың басым күштерімен өз халқына және жеңіске деген зор сеніммен қайсарлық көрсете соғысқан. Армияның әскерлері 12 500 км соғыс жол-



дарын кешкен. Олар жауды Сталинград пен Курск маңында жайратқан, Украина, Белоруссия, Прибалтика, Ленинград, Белгород, Харьков, Витебск, Шяуляй жерлерін жаудан азат еткен. Фашистердің Курляндтық тобын талқандауға қатысқан. Осы кезеңде қару есебінің командирі Қайролла Осипов екі рет жеңіл, ал 1943 жылдың қыркүйегінде ауыр жарақат алған. Бірақ әскери емханадан әрқашан өзінің дивизионына оралып отырған. Жеңістен кейін бөлімді Курлянд түбегін күзетуге қалдырған. Ұрыстарға 1941 жылдың 20 тамызынан 1945 жылдың 9 мамырына дейін қатысқан. 1945 жылы әскерден қайтарылған.

1941 жылғы тамыз айынан 1945 жылғы қыркүйек айына дейінгі неміс фашистерімен ұрыстарда көрсеткен қайсарлығы мен батырлығы үшін Жоғары бас қолбасшының тоғыз алғыс хатымен, «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.» медалімен, мерейтойлық медальдармен марапатталған. Соғыстан кейін өзінің колхозында жұмыс істеген. Тың жерлерді игеруде еңбек еткен. Жұбайы Бижамал Әубәкірқызы екеуі сегіз бала тәрбиелеп өсірген. 1976 жылы қайтыс болған. Алқаағаш с. жерленген.

***



Жантілеуов Амантай, 1909 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданы Алқаағаш селосында дүниеге келген. 1941 жылдың 15 шілдесінде Қызыл Әскер қатарына шақырылған, 1942 жылдың шілде айында Октябрь АӘК есепке тіркелген.

Ұлы Отан соғысына Калинин майданында 250 атқыштар дивизиясы, 4 216 атқыштар полкі, 3 батальон, 9 рота құрамында 1942 жылдың 20 қаңтарынан 1942 жылдың 30 наурызына дейін Ржев

ұрысына қатысқан. 1942 жылғы Ржев-Вяземск операциясы –1942 жылдың 8 қаңтарынан 20 сәуіріне дейін жүргізілген Калинин және Солтүстік Батыс майдандарының шабуыл операциясы. Мәскеу маңындағы кеңестік қарсы шабуылдың жалғасы. Ұлы Отан соғысының қантөгіс операцияларының бірі: 4 ай ұрыс нәтижесінде 300 мың адам қаза тапты (ресми кеңес деректері бойынша).

В. И. Сталин 1943 жылдың тамыз айында соғыс майданындағы жалғыз сапарына Ржев ауданына аттанды. Жантілеуов Амантай 1942 жылдың 30 наурызында Ржев қаласы үшін ұрыста ауыр жарақат алды. Кескілескен қолма қол ұрыста таңғы сағат 5-те ротада бірнеше солдат қана қалғанда, денелі Амантай бір фашисті орда атып өлтіріп, ал екіншісін автомат дүмімен өлтіріп иығына ауыр жарақат алды. III дәрежелі «Слава» орденімен марапатталған. БКП (б) мүшесі. Госпитальда емделген соң соғысқа жарамсыз деп танылып запасқа шығарылды. (1942 жылғы 27 маусымдағы № 2946 эвакогоспитальмен берілген № 15 жарақаттану туралы анықтама). Екінші топтағы мүгедек. Марапаттары: «За боевые заслуги» медалі, мерейтойлық медальдар.

Мүгедек болса да, соғыстан кейін Новопокровка селосында қойма меңгерушісі қызметін атқарған. 1956 жылы Амантай отбасымен Кривошеково селосына көшеді де Октябрь орман шаруашылығына орманшы болып орналасады. Бұл қызметті зейнетке шыққанға дейін атқарады. Адал еңбегі үшін көптеген грамоталары мен медальдары бар. Жұбайы Нұржиян Мұхамедиярқызымен 47 жыл отасты, 5 бала тәрбиелеп, білім берген. 1985 жылы қайтыс болды. Алқаағаш ауылының зиратында жерленген.

***

Мұқажанов Қажынәсіп, 1910 жылы 12 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданының Алқаағаш ауылында дүниеге келген.

Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін Қажынәсіп Мұқажановтың отбасы қазіргі Қорған облысы (Ресей) және қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының аумағында бірнеше жерде тұрған.

Соғыс алдында отбасы, сондай-ақ жақын туыс-туғандары, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданының Алқаағаш ауылына қоныстанды.



Соғыстың басында майданға жіберу үшін әскерге шақырылды, бірақ сырқаттануына байланысты дәрігерлік комиссияның шешімімен босатылды. Әскердің орнына ол Петропавл қаласындағы еңбек әскеріне шақырылды. Петропавлда 1942 жылдың қаңтар айынан бастап майдан шебі жақындаған кезде КСРО-ның батыс бөлігінен көшірілген жылу электр станциясының (ЖЭО) құрылысында тыл еңбеккері ретінде жұмыс істеді.

ЖЭО құрылысы аяқталғаннан кейін, 1944 жылдың қаңтарынан бастап электр станциясын пайдалануда көмір беруші бригадирі, содан кейін отын-көлік цехы бастығының орынбасары болып және басқа да лауазымдарда жұмыс істеді.

ЖЭО салу және пайдалану кезінде алдыңғы қатарлы қызметкер ретінде 1944 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде майданға жұмылдыру («брондау») бойынша шақырудан кейінге қалдырылды, оның мерзімі кейіннен 1945 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.

Адал еңбегі мен белсенді қоғамдық қызметі үшін электр станциясының басшылығымен құрмет грамоталары, бағалы сыйлықтар және алғыс хаттармен бірнеше рет көтермеленді.

1943 жылдың 12 қыркүйегінде «Наркомэлектро Социалистік жарысының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. ЖЭО құрылысындағы ерекше еңбегі үшін 1945 жылғы 17 тамызда Қызыл Жұлдыз жауынгерлік орденімен, 1946 жылдың 19 қазанында «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін» медалін алды.

Соғыс аяқталғаннан кейін 1948 және 1950 жылдары Петропавл қалалық Еңбекші депутаттар кеңесінің депутаты болып сайланды.

1957 жылдың мамыр айында дәрігерлердің ұсынысы бойынша отбасымен Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданының Афанасьевка ауылына көшіп келіп, 1970 жылы зейнетке шыққанға дейін совхоз астық қоймасының меңгерушісі болып жұмыс істеді.

БКП (б) мүшесі, 1940 жылдың маусымынан бастап КОКП мүшесі, «КОКП-та болған 50 жыл» белгісімен марапатталды. Жергілікті маңызы бар дербес зейнеткер.

Соңғы жылдары Петропавлда жұбайы Қайнимен ортаңғы баласы Еркенмен бірге тұрды.

Қ. Мұқажановтың отбасында үш ұл және екі қыз бар. Ұлы Еркен Мұқажанов пен келіні Бисулу Мұқажанова Петропавлда тұрған, ҚР Ішкі істер органдарының зейнеткерлері, полиция полковниктері.

***



Ғабитов Жанатай, 1912 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданы Алқаағаш селосында дүниеге келген. 1941 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылған. Ұлы Отан соғысының қатысушысы. Ұрыстарға 1942 жылдың наурызынан 1944 жылдың мамырына дейін қатысқан.

10 желтоқсаннан 28 желтоқсанға дейін 888 атқыштар полкінің 158 атқыштар дивизиясының құрамында I Прибалтика майданында мерген лауазымында соғысқан, БКП (б) мүшесі. Жоғары Бас қолбасшының ставкасы 1943 жылғы қазаннан қарашаның басына дейін 1944 жылғы қысқы кампанияда Қызыл Әскердің шабуылын кең майданда – Балтық теңізінен Каспий теңізіне дейін жүргізуді жоспарлады. Белоруссияны өз позициясында ұстап қалу мақсатында Гитлер қолбасшылығы бұл жерге зор күштерді шоғырландырып, күшті, жақсы эшелондалған қорғаныс құрды. Қалалар мен қалалық кенттер тіреу пунктеріне айналдырылды. Витебск және басқа да ірі елді мекендерде орлы қорғаныс шептерінен құрылған айнала қорғаныс құрылды. Өзендердің жағаларында қорғану ғимараттары құрылды. Бірақ олардың ойлағандары жүзеге аспай, Қызыл Әскердің шабуылы қазанда басталып 1943 жылдың соңына дейін кең майданда жүргізілді. Қараша айында біздің бөлімдер мен құрамалар толықтырылды, міндеттері анықталды. 13 желтоқсанда олар «Городок» операциясын бастаумен шабуылды жалғастырды, шабуыл 31 желтоқсанға дейін жүргізілді. Кеңес әскерлерінің шабуылын тоқтату үшін Гитлер қолбасшылығы Витебскіге жаңа қосымша күш қосты – екі жаяу дивизия. «Городок» ірі темір жол станциясының бекітілген қорғаныс шептеріне сүйене отырып жау табанды қар-

сылық көрсетті. Қала іргесінде қорғаныстың үш шебі құрылған еді. Витебск үшін шешуші шайқас 1943 жылдың 23 желтоқсанында басталды. Шабуыл алдында ұрыспен барлау жүргізілген еді. Бұл барлау нәтижесінде немістердің аса қауіпті ошақтары анықталды. 23 желтоқсанда сағат 11.00-де артиллериялық дайындық басталды. Бір сағаттық артиллериялық дайындықтан соң әскердің 11 гвардиялық және 43 гвардиялық әскерлері шабуылға шықты. 888-ші атқыштар полкі шабуылдың ушыққан жерінде болатын. Ғабитов Жанатай өзінің жолдастарымен ұрысқа бірнеше рет көтерілді. Құрылым орлары мен жолдарында кескілескен қолма-қол ұрыс басталды. Ұрыс 36 сағатқа созылды, күндіз ғана емес, түнде де жалғастырылды. 1943 жылдың 23 желтоқсанында Витебск қаласының маңындағы ұрыста сүйегі зақымдалып мина қалдығымен сол аяғы жараланды. Аяғының қозғалысы шектеулі. Екі ауыр және бір жеңіл жарақат алған. Госпитальда емделген соң соғысқа жарамсыз деп танылып запасқа шығарылды (1944 жылғы 5 мамырдағы № 2491 эвакогоспитальмен берілген № 305 жарақаттану туралы анықтама).

Марапаттары: «За отвагу», «За боевые заслуги», «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.», «За освоение целинных земель», «Ветеран труда», мерейтойлық медальдар.

Өмір бойы III топ мүгедегі. Қойма меңгерушісі қызметін атқарған. Жұбайы Қапан Мұқажанқызымен 51 жыл отасқан. Қызы Ақжібек жолдасы Мәжит Нығметжанұлымен 4 бала тәрбиелеп өсірген. Немерелері бар. Ғабитов Жанатай 1983 жылы 70 жасында қайтыс болған. Алқаағаш ауылындағы зиратта жерленген.

***

Сәкенов Ғалым, 1913 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданы Алқаағаш ауылында дүниеге келген (қазіргі Шал ақын ауданы). 1941 жылы 15 шілдеде Октябрь АӘК Қызыл Әскер қатарына шақырылған. Сәкенов Ғалым сұрапыл соғысты 1941 жылдың 16 қыркүйегінде Солтүстік-Батыс майданда 7 армия, 314 атқыштар дивизиясының құрамында, 858 атқыштар полкінің 4 батареясында бастаған. 1942 жылдың 10 қазанында

Ленинград облысының Синявкино станциясы үшін болған жойқын шайқаста снарядтың жарылысынан сол жақ иығанан ауыр жарақат алып, әскери госпитальға түскен. Госпитальда жарты жылға жақын емделген. Госпитальда емделгеннен кейін соғысқа жарамсыз деп тауып, елге оралған (денсаулығы туралы анықтама, 27 мамыр 1943 жыл), II топ мүгедегі. «За боевые заслуги», мерейтойлық медальдармен марапатталған. Елге оралғаннан кейін көп жылдар аңшылар қоғамында, кейіннен заготконторада абыроймен жұмыс атқарған. Алқаағаш ауылындағы зиратта жерленген.

***



Шәріп Оспанұлы, 1919 жылы Жалтыр ауылында дүниеге келген. Ата-анасынан, бауырларынан ерте айырылған Шәріп Қошан Жантілеуұлының тәрбиесінде болған. 1938 жылы әскер қатарына шақырылған. 1939 жылы 9 атқыштар полкіне қабылданып, кіші сержант атағы берілген, фин соғысына қатысушы.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Шәріп Сталинград 116 атқыштар полкінде болған. 1942 жылдан бастап соғыстың аяғына дейін бөлімше командирі, миномет дәлдеушісі болған. ЭНСК армиясында жоғары сапалы снайпер атағын алған. Партия қатарына 1943 жылы қабылданып, бөлімше хатшысы болған. Соғыс аяқталуға таман Жапонияның Квантун армиясына қарсы тұрып, оған тізе бүктіргендердің қатарында болған. Сол себепті туған ауылға бірден орала қоймай 1947 жылға дейін әскери қызмет атқарған. Отан алдындағы борышын адалдықпен атқарғаны үшін орден, медальдармен марапатталған: II дәрежелі Отан соғысы орденімен, «За отвагу», «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.», «За победу над Японией» медальдарымен марапатталған. Шәріп Генералиссимус Сталиннің бұйрығы бойынша бірнеше мәрте құрмет хаттармен марапатталған.


7 февраля 1945 г., № 31

Лучший снайпер Энской части коммунист Шариф Осланов избран парторгом ротной парторганизации.
Фото И. САВИНА.

Соғыс аяқталған соң Шәріп Октябрь орман шаруашылығына орманшы болып жұмысқа орналасты. Соғыстың ауыр күндері естен кетсін дегендей Шәріп жұмысқа белсене кірісті. Сондықтан елі, жері көркейсін деп өзіне сеніп тапсырылған орман шаруашылығындағы қызметін өте нәзік сезіммен, ұқыптылықпен атқаратын. Тапсырылған орман шаруашылығының аумағы өте кең еді, оны аралап шығу үшін бір күн де жетпейтін. Орманды қорғау, ағаш отырғызу, жер жырту, бәрін де үлгеру керек еді. Бұқамен жер жыртып, жас көшеттерді отырғызу, оларды аялап өсіру орманшының міндеті еді. Жас ағаштарды күтіп, олар көтерілгенде Шәріп жас балаша қуанатын. Еліне, жұртына еңбек атқарған әр күнін бақыт деп санайтын. Туған жеріне, еліне деген махаббатты балаларына да дарытты. Зайыбы Әлпиямен үлгілі жанұя құрып, қырық жылдан артық отасты. Өмірге бес бала әкеліп, оларды өсіріп, оқытып, қыздарын қияға, ұлдарын ұяға орналастырған жандар. Ұлдары мен қыздары өмірде өзінің орнын тапқан адамдар. Шәріптің 19 немересі, 14 шөбересі бар. Олар да атасы сияқты еліне қызмет етуде. Соғыстан кейінгі еңбегі үшін Шәріп грамоталармен, медальдармен марапатталған. «Мен өз жұмысымды жақсы көремін. Орманға қарап жасарасың, ауруың кетеді, орман – адам өмірінің тынысы», – дейтін Шәріп.

65 жасында Шәріп зейнетке шықты. Зейнеткер болса да өзіне жұмыс тауып, үй маңындағы ағаштарды күтіп тыным таппайтын. Күніне бір мәрте орманға барып ағаштармен сөйлесіп келетін.

Үлкен мен кішіні жанына жақын тартқан, сабырлы да салмақты мінезімен ұрпағын оң жолға салған, адалдыққа тәрбиелеген аяулы жан, асқар таудай әке, асыл жар, сүйікті ата Шәріп Оспанұлы 1988 жылғы 25 шілдеде дүниеден өтті. Алқаағаш ауылының зиратында жерленді.

Бүгін, Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығы қарсаңында әкемізді еске ала отырып құран бағыштап, дұға оқытамыз. Марқұмға

Алла Тағаладан рақым мен мейір сұрап кіршіксіз жан рухы жұмақтан табылып, иманды болсын деп тілейміз.

Дүниеде біз үшін барың нұрдай,
Жан едің-ау, қоймайсың сағындырмай.
Аңсауменен өзіңді еске аламыз,
Дұғамызды бір Алла қабыл қылғай.

***



Сәкенов Қасым, 1920 жылғы 22 ақпанда туылған. Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь АӘК-мен 45/86 артиллериялық атқыштар полкіне шақырылған. 1941 жылғы 4 шілдеде Белоруссияның Гродно облысының Лида поселкесі маңында тұтқынға алынып Германияға айдалып әкетілген.

«Хохенштайн» концлагерінде 1Б Шығыс Пруссия шталагының қатал филиалдарының бірінде 1942 жылғы 28 шілдеде қаза болған. Польша территориясындағы Ольштынек қаласының маңындағы Судва поселкесінде мәңгі есте қалдырылған.

«Калининград облысының мәңгі есте қалдыру кітабы», 265-294 беттер.



***




Жақыпов Қошқарбай, Ұлы Отан соғысына қатысушы, еңбек ардагері.

Ұлы Отан соғысының қаһарлы 1941-1945 жылдары күн сайын тарихтың терең қойнауына кетуде. Жер мина, снаряд, бомба жарылысынан алған ауыр жарасын біртіндеп емдеді. Бүгінгі күні сол қатыгез ұрыс даласында ағаш та, гүл де, шөп те өсіп жатыр. Қиратылып, күйреген қала мен ауылдар қалпына келтіріліп, біршама көркейе түсті. Иә, жер бетінде соғыстың ізі қалмады деуге де болады, бірақ сол сұрапыл соғыстың ізі ардагерлердің есінде, жүрегінде мәңгілікке қалмақ. Жеңіске жетуде біздің жерлестеріміз де үлкен үлес қосқан. Сергеевка қаласы аудандық орталығынан алыс емес жерде, қайың шоқтарының арасында Алқаағаш ауылы бар. Өз атының дәлелі ретінде ауыл алқа тізбегінің буындарындай қайың шоқтары айналасында орналасқан. Себебі, бұл сұлулықты оңтүстік шығысында «өлеңді» шатқалы тұйықтайды. Ерте көктемнен күздің соңына дейін өлке табиғатының ғажап әуені өшпейді. Осы үлкен емес, 50 түтіні бар ауылдан Отан қорғауға 67 адам шақырылды. Әскер қатарына шақырылғандардың арасында Жақыпов Қошқарбай да болды. Ол 1921 жылдың 15 қаңтарында туған. Ыбыраев орта мектебінің 8 сынып оқушысы бола тұра, 1942 жылы Қарулы күш қатарына шақырылды. Үш айлық оқудан және қысқа мерзімді курстардан кейін ол майданға аттанады. Оның түскен 241 атқыштар дивизиясының бағыты Ста-

линградқа бағытталған болды. Жақыпов Қошқарбайдың майдандық күндері байланыс батальонында басталды. 1942 жылдың жазы Ұлы Отан соғысының қауырт кезеңінің бірі ретінде тарих бетінде қалған. Техника мен тірі күште артықшылығына ие бола отырып, неміс әскері Сталинградты жаулап алу және Волганы «кесіп тастауды» мақсат етті. Жақыпов Қошқарбай дәл осы қанды төккен ұрысқа қатысқан еді. Үздіксіз жауған оқ астында оған батальон командирі мен рота арасында байланыс орнату міндеті болды. Ол байланыс үздіксіз болу үшін барынша тырысты. Қиын соғыс күндері байланыстың үзілуі не екенін одан жақсы түсінетін адам болмаса керек. Жаудың дауылдай бұрқыраған атысында да әлденеше рет кабельдің үзілуін қалпына келтірген. Сталинград түбіндегі ұрыстарда кіші сержант Жақыпов Қошқарбай бірнеше рет жараланса да, ылғи әскер сапына қайта оралатын. Сталинградты ерлікпен қорғағаны үшін «Үздік байланысшы» кеуде алқасымен, «Сталинградты қорғағаны үшін», «Ерлігі үшін» медальдарымен марапатталған. 1943 жылдың маусымында дивизия Орловск-Курск бағытына орналастырылады. Курск доғасының тарихи шайқасында көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. 1944 жылдың ақпанында 241 дивизия екінші Украина шайқасына ұласып кетіп, Украинаны азат етуге қатысты. 1944 жылы Жақыпов Қошқарбай Совет Одағының Коммунисттік партия қатарына алынған болатын. Бұл жаудың үстінен жеңіске деген сенімділікті одан бетер арттырды. Ол жас коммунист ретінде туған жеріне және Отанына деген адал қызметтің үлгісін көрсетуге тиіс болды. 1945 жылы дивизия Польшаның астанасы Варшава қаласын азат етуге қатысты. Қаланы азат етуде көрсеткен батылдығы мен қайсарлығы үшін бөлім командирі Жақыпов Қошқарбай «Варшаваны азат еткені үшін» медалімен марапатталды. Бірақ алда Кенигсберг қамал-қаласы тұрды. Неміс қолбасшылығы қоршап алу жағдайында қамалдың ұзақ уақыт тойтарыс беруге мүмкін болатын бар шараны қолданды. Онда жерасты зауыттар, көптеген қоймалар және арсеналдар болатын. Бірақ сол кезде кеңес әскерлері мен қаруы бас кездегідей болмады. Кеңес әскерлері тек жеңіске ғана ниеттелді. Сол себепті неміс әскерлері қанша қорғанса да, Кенигсберг аз уақыт ішінде кеңес әскерлерімен алынды. Шабуыл неміс әскерінің толықтай талқандалуымен аяқталды. Кенигсберг шабуылында жасаған ерлігі үшін және майдандағы ерлігі үшін Жақыпов Қошқарбай «Кенигсбергті алғаны үшін» медалімен ма-

рапатталды. Солтүстік Қазақстан солдатының жеңіс жолы осылайша жалғасты. Жау апанын талқандау – әр солдаттың тілегі, арманы болды. Осының жақын екеніне олар кәміл сенді. Жақыпов Қошқарбай қызмет еткен дивизия Берлин шабуылы мен толық талқандалуына да қатысты. Осылайша ол Рейхстагта жеңіс туының желбірегенін өз көзімен көрген болатын. Бірақ осымен соғыс аяқталмады. Қанаушылық, бұзақылық, зорлық болмау үшін Жақыпов Қошқарбай қызмет еткен бөлімін Германияда комендантттық тәртіп орнату үшін қалдырған болатын. Майданда қиян-кескі ұрыс болып жатқанда «барлығыда майдан үшін, барлығыда жеңіс үшін» ұранымен үлкені мен кішісі де, әйелдер мен балалар да тылда қызмет еткен. Солардың арасында Жантілеуова Мағиша да болған. 16 жасында жедел дайындық курстарын аяқтай салысымен колхоздың есепші бухгалтері болып жұмыс істеді. Соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін жеңімпаз жауынгерлер орала бастады. Солардың арасында 1946 жылдың шілде айында Жақыпов Қошқарбай да туған ауылына әскерден оралды. Сол жылы олар шаңырақ құрды. Туған-туысқандарының арасында шағын ғана той өткізіп, колхоз жұмысына белсене қатысты. Елуінші жылдардың ортасында облыста, бүкіл Қазақстандағыдай тың жерлерді игеру басталды. Бүкіл ел бойынша ауылды дамыту үшін патриоттық қозғалыс етек алды. Осылайша 1957 жылы «Заря» кеңшары ұйымдастырылды. Трактор-егіс бригадалар мен бөлімшелер құрылды. Жақыпов Қошқарбайға егіс бригадасының есепшісі қызметі ұсынылды. Сол қызметте 30 жылдан артық үздіксіз, адал қызмет етті. Бейбіт уақыттағы еңбек ерлігінің дәлелдемелері ретінде көптеген марапаттары бар. Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерінің салтанатты костюмінің кеудесінде:

– Қызыл Жұлдыз ордені
– II дәрежелі Отан соғысы ордені

Медальдар:

– «Сталинградты қорғағаны үшін»
– «Жауынгерлік қызметі үшін»
– «Ерлігі үшін»
– «Варшаваны азат еткені үшін»
– «Кенигсбергті алғаны үшін»
– «Берлинді алғаны үшін»
– «Германияны жеңгені үшін»

және тағы 14 мерейтойлық медальдар Ұлы Отан соғысы ардагерінің кеудесін көріктейді. Жұбайы Жақыпова Мағиша 30 жылдан артық тұтынушылар кооперативінде қызмет етті. Осы еңбегі үшін «Ерең еңбегі үшін» медалімен, Құрмет грамоталарымен, құнды сыйлықтармен, Алғыс хаттармен марапатталды. Олар жеті бала тәрбиеледі: бір ұл және алты қыз, одан 15 немере, 21 шөбере сүйді. Қазіргі таңда үлкендерінің бесеуі зейнетте, немере тәрбиелеуде. Жұбайы Мағишамен 61 жыл бірге үлгілі отбасы болып ғұмыр кешті. 1996 жылы балалары «Алтын той» өткізді. Жақыпов Қошқарбай 2007 жылы қайтыс болды. Шал ақын ауданында Алқаағаш ауылында жерленді. Дәл бір жылдан кейін жұбайы Жақыпова Мағиша да қайтыс болады. Жолдасының жанында Алқаағаш ауылында жерленген.

***



Какжанов Айдархан (1925-2010).

Какжанов Айдархан 1925 жылы 18 ақпанда Күсеп ауылында дүниеге келді. Содан Алқаағаш ауылына көшіп, 1938 жылы ауылда 4 сыныпты бітіріп, 1938-1942 жылдары Ленин орта мектебінің 8 сыныбын тәмамдайды. 1940 жылы 30 маусымда ВЛКСМ мүшелігіне кірген. 1942-1943 жылдар аралығында Ленин ауылдық Кеңесінде хатшы қызметін атқарған.

1943 жылдың мамыр айының соңында соғысқа өзі сұранып аттанған. 1943 жылғы мамыр айының соңы – 9 қараша аралығында Өзбекстанның Самарқанд қаласында 368-ші атқыштар полкінде әскери дайындықты өтті. 1943 жылдың қарашасынан 1944 жылы 1 Украин майданының 575 полкінің қатарында Винница мен Житомир аймақтарында автоматшы болып алдыңғы шептегі соғысқа қатысқан. 1944 жылы 24 қаңтарында жеңіл жараланып 1944 жылдың 4 наурызға дейін Казатин қаласында № 5289

а.г.л.р. госпиталінде емделуде болған. 1944 жылдың 4 наурызынан сол жылдың 24 сәуіріне дейін 121 атқыштар дивизиясының 510 атқыштар полкінде Житомир өлкесінде алғы шептегі соғысқа қатысқан. 1944 жылы 24 сәуірде ауыр жараланып 27 маусымға дейін Винница қаласындағы № 1410 эвакогоспиталінде емделген. Наградалары: ордендер, оның ішінде II дәрежелі Отан соғысы ордені. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының 1985 жылғы 11 наурыздағы Указымен және басқа да медальдармен марапатталған. 1945 жылдың 28 қаңтарынан 1950 жылдың 7 тамызына дейін «Алқаағаш» колхозында есепші қызметін атқарған. 1950 жылы «Алқаағаш» колхозы мен «Қаратал» колхозын біріктіріп, ірілендіріп «30-жылдық Қазақстан» колхозын құрады. Петропавл қаласында колхоз есепшілерін дайындайтын Казучкомбинатта оқығаннан кейін 1950 жылдан 1957 жылдың ақпанына дейін «30-жылдық Қазақстан» колхозында бухгалтер болып істеген. 1953 жылы Коммунистік партия қатарына кірген. 1957 жылдың ақпанында «30-жылдық Қазақстан» колхозы «Заря» совхозына қосылып, Алқаағаш пен Қаратал осы совхоздың № 3 бөлімшесі болған. 1957 жылдың ақпанынан 1958 жылдың шілдесіне дейін № 3 бөлімшенің бухгалтері қызметінде болып, 1958 жылдың шілдесінен 1973 жылдың маусымына дейін № 3 бөлімшеде, яғни Алқаағаш ауылында бөлімше басқарушысы қызметін атқарды. 1973 жылдың маусымынан 1977 жылдың маусымына дейін Кривощеков Кеңесінің төрағасы болып жұмыс істеді. 1977 жылдың желтоқсанынан 1985 жылдың 18 ақпанына дейін «Заря» совхозының № 3 бөлімшесінде Алқаағаш ауылында бөлімше басқарушысы болып қызмет атқарады. Көп жылдық адал еңбегі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының атынан атқарушы комитеттің шешімімен 1986 жылы «Еңбек ардагері» және басқа медальдармен марапатталған. 1985 жылы ақпанда зейнеткерлікке шықты. 2010 жылы қазан айында 85 жасында қайтыс болды.



Жоғарыда солдан оңға қарай: Айтпақ, Бәшкен, Тұрғын, Сәлім, Қадіркеш. Алдыңғы қатарда: Мәну, Шәрәп, Қошқарбай, Әшкен. 1940 жыл



Құлеке ұрпақтары. 1941 жылғы мамыр айы. Жоғарғы қатарда солдан оңға қарай: Қожантаев Базарбек, Өсіпов Бейсенбі, Жақыпов Қошқарбай, Қыдырмин Зейнол, белгісіз, белгісіз, Бекмағанбетов Қадыркеш.
Екінші қатарда: Ғабитова Қапан, Жантілеуова Қадиша, Жантілеуова Мағиша, Жантілеуова Сәлима (алдында отырған Жақсылық, сүйеніп тұрған - Болат)
Итті құшақтап отырған Үстенов Баяхмет (Ыбыраев ауылының азаматы, Жәнібекке жатады, Какжанов Айдарханға жезде болады). Қасында бүркітпен отырған Жантілеуов Ғабдолла, шетте бүркітпен отырған Жантілеуов Қошан.



Мерекені ұйымдастырушылар



Шакиров Жақсылық, Макенов Есләм туыстарымен



Өмірбай Ибраевтың балалары Сайран, Марат елдегі туыстарымен



Сағат Хамзин отбасымен, туыстарымен



Қайролла Мұқамеджанов, Абылай Шериев, Шортанбай Мұқамеджанов, Бейбіт Қожахметов



Мұқажанов Еркін отбасымен, туыстарымен



Ерден Жантілеуов бауырларымен



Шақтыбай, Орынбай, Сайран, Азамат отбасыларымен



Иләш Қошанова туыстарымен



Мұрат Жантілеуов отбасымен



Дайырова Баян балаларымен, немерелерімен



Жұмабай Кәкімұлы Сыздықов туыстарымен



Ауыл жастары ескерткіш алдында



Жеңістің 70-жылдығына жиналған ауыл азаматтары

АЛҚААҒАШТАН БЕРЛИНГЕ ДЕЙІН

Қазіргі тың деректер бойынша өткен 20 ғасырдың 1941-1945 жылдары болып өткен Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 1 млн. 300 мыңдай адам қатысып, оның ішінде Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданының үлесі 4776 адам болса, ал осы ауданның Алқаағаш ауылынан 80-ге жуық ер-азамат қан майданға аттанып, соғыстың оты шарпыған Берлинге дейінгі фашистік Германия жаулап алған Шығыс және Батыс Европа елдерін азат етуге қатысып, Иранда да болғаны бар екен. Біразы Моңғолия және Қытай жерлеріндегі милитаристік Жапонияның Квантун армиясын талқандауға қатысып, 1945 жылдың 2 қыркүйек күні екінші дүниежүзілік соғыстың соңғы жеңіс нүктесі қойылған Қиыр Шығыста әскери міндеттерін 1950 жылға дейін атқарып, елге біртіндеп абыроймен оралыпты. Осы аталған ауданның орталығы – Сергеевка қаласы мен Алқаағаш ауылында осы майдангерлерге жаңартылған ескерткіштердің орнатылғанын 8 мамыр күні «Қазақстан – Петропавл» телеарнасы күні бұрын дүйім елге паш етті. Биылғы ақпан айының 5 күні Петропавл қаласындағы Ғалымжан Жұмабаевтың үйінде арнайы ас үстінде осы ауылдың жастары 60-тан асқан тумалары ұйымдастыру кеңесін құрып, 6 наурыз күні аталмыш ауылда ағайын-туыстармен ақылдасып, бекітілген жоспар бойынша белсенді азаматтарға қолдарынан келетін арнайы істер жүктеліп, ортасынан жарылып қисайған бұрынғы ескерткішті жаңартудың қамына дереу кірісіп те кетті. Себебі, кешегі Кеңес уақытында, 1975 жылдың 9-шы мамыр күні Ұлы Жеңістің 30 жылдық мерекесіне арнайы ашылған осы ескерткіш 40 жылғы уақыттың табынан әбден тозып, тұғыры ортасынан жарылып, үстіндегі тізерлеп отырған жеңіс жауынгері де салмағынан сәл қисайып, сылақ пен сырлары түсіп, ескерткіш тақтадағы боздақтардың тізімі де көмескіленіп, бір сөзбен айтқанда, өте аянышты көрініс еді. Ескерткіштің сыртында сол өткен уақытта іске қосылған соңғы ауылдық типтегі Мәдениет үйінің ғимараты – клубтың тас- талқан үйіндісі де ауылға кіре берістегі биік жолдың дәл алдында шашылып, бейнебір соғыс жүріп өткендей әсер қалдырып, күйзелістен сұры қашқан елдің сиқын тіпті қашырғандай еді.

Алдымен ескі ескерткіш тақтадағы соғыстан келмеген 39 боздақтың бұрынғы тізімі елде қайтқан 38 боздақтың тізімімен, туылған және қайтқан жылдарымен толықтырылып, аты-жөндері қайтадан тексеріліп, соғыс болған Украина жерінің Житомир қаласынан әкелінген көмірдей қара базальт тастан қиылған үш тақтайға қашап жазылып, сәуір айының 28-і күні Петропавл қаласынан елге жеткізілді. Алқаағаш, Кривощеково, Ровное селоларында және Сергеевка қаласында тұратын елдің іскер азаматтары өздерінің техникалық автокөліктері және құрал-жабдықтарымен келіп, 8-ші мамырға дейін бірнеше сенбіліктер өткізіп, үйіндіні жоқ қылып, айналасын айнадай ғып тазартып, аббаттандырып және көгалдандырып жаңартылған ескерткішті уақытында ашуға дайындап та қойды. Атап айтқанда, тұғырдағы бетон қондырғыларды бұрынғы деңгейінен жоғары көтеріп, металл құрсаулар және торлармен орап, үстіндегі мүсіннің қалбырының ішін тығыздап, қайтадан бәрін мықтап бекітіп, сырттарын жаңадан сылап және сырлап, 76 боздақтың тізімі бар базальт тақталар мығым шегеленіп, жарқырап тұрды. Сымтор қоршаулар да осындай жөндеуден өтіп, ішін айнала он бір көк шырша мен қайыңның көшеттері отырғызылып, жаңадан құм төгіліп, оюлы бетон тақташалары алдындағы жолға төселді. Қалған құрылыс материалдары жаңарған ескерткіштің қарсысындағы 1921 жылы Кеңес өкіметі үшін күресте ақ гвардияшылар азаптап өлтірген коммунист Мұқан Бексейітұлына ертеде орнатылған ескерткіштің жөндеуі мен оның жаңа қоршауына жұмсалып, артылғаны дәл қасындағы жоғары вольтті электр трансформатордың қауіпінен сақтандыратын айнала қоршауға жетті. Аудан әкімшілігі әдейі көмекке жіберген техника құралдарымен ауылға бұрылатын 4-5 шақырымдай биік жол мен ауыл ішіндегі екі көше тегістеліп өтті. «Алтау ала болса аспандағы кетеді, ал төртеу түгел болса төбедегі келеді» деген қазақ елінің ғасырлар бойғы сын елегінен сүзіліп өткен аталы сөздері ағайын-туыстар бір кісідей тізе қосып, бір іске жұмылған осындайда айтылады ғой. Әсіресе, осы соғыстан келмеген Шаймерденов Ахметжанның (1920 ж.т. – 1942 ж.қ.) немересі, жеке кәсіпкер Берік Ибрагимұлы Ахметжанов Сергеевка қаласынан өзінің жұмысшылары мен құрылыс материалдарын әкеліп, ыстық тамағын ұйымдастырып, басынан аяғына дейін ескі ескерткішті бұзып, қайтадан жаңарту жұмыстарын тиянақты жүргізді. Бір қызығы жұмысшылардың бірі Сергей Федорович Дуко (1966 ж.т.) әйелі Оксананың шешесінің туысы Василий Журавлевтің (1924 ж.т. – 1942 ж.қ.)

аты-жөнін базальт тақтадағы тізімнен көргенде қатты таңырқап, білмегенін бірақ білді. Шынында Журавлевтер отбасы Ғабит Мүсірепов атындағы Тахтаброд селосынан Алқаағаш ауылына 1936-37 жылдары қоныс аударған болатын. Шешесі Маруся (1892 ж.т. – 06.02.1971 ж.қ.), ұлдары Василий мен Александр (1929 ж.т.) және қызы Тамара (1932 ж.т.) қазақ тілі мен жол-жоралғысына судай жетік, елмен етене араласып, бауырласып кеткен еді. Бүкіл ауыл «Мәрусә» дейтін апамыздың алғашқыда қазақша шүлдірлеген тілін қызықтап, құралыптастары «әлі орыссың» деп әзілдегенде, ол «пускай, мен шоқынды» деп құтылатыны елдің әлі есінде. Ойын сөз тоқтамай жанына батқанда: «Орыс демеңдер, мен қазақпын!» – деп жыларман болғанын бала кезімде әжемнің бауырында көзім көрді. Сөйткен Мәрусә апамыз өзінің өсиетімен 1971 жылы қазақ зиратына жерленіп қойғанда аты-жөнін қазақша Жұмағазықызы Мариям деп молдалар дәуір айналдырып, марқұм қазақ құда-құдағиы мен күйеу баласының қастарында жатыр. Қызы Тамараның есімін жас кезінде Алқаағаш ауылында Темірғали ағамызға тұрмысқа шыққанда Сайдалы молда Мәраш деп өзгертіп, неке суын ішкізіп, қазір Мәраш Әбжанова жеңгеміз зейнет демалысында жанұясымен Тимирязево селосында тұрып жатыр. Боздақтардың тізім саны сексеннен асып, стандартты базальт тақтаның бет ауданына сидыра алмай, әлі дүдәмәл дегендерін келісіп қысқартқанда: «Василий Журавлев – Мәрусәнің баласы, ауылымның азаматы» – деп шаң жуытпай тізімде қалдыртым. Сөйткеніміз елдің алдында дұрыс абырой болған сияқты. Ал енді Берікке оң қолындай көмекші болған осы ауылда тұратын, өзінің қолтаңба өнерімен өңірімізге танымал, әуесқой суретші, ағаш астаудың шебері Серік Ахметжанұлы ертеден өзі қыңқылдап айтып жүрген жаңартудың көркемдік жағын әдемі үйлестіріп, екі ескерткіштің дизайн жұмыстарын ойдағыдай жасады. Серіктің әкесі – Ахметжан Әубәкірұлы (14.04.1907 ж.т. – 15.12.1985 ж.қ.) барлаудан «тіл» – немістің офицерін әкеліп, соғыстың басында талай ерлік жасап, алған ауыр зақымдардың зардабынан соғысқа жарамсыз деп танылыпты. Қатты үсіктен аяқ-қолдары жансызданып, семіп және сіресіп қалса да түгел кескізбей, Бурятияның Улан-Удэ қаласының маңайындағы № 1487 эвакогоспитальда ұзақ емделіпті. Тек сол қолдың үш саусағын кескізіп, қолтықтың астындағы алынбаған жарықшақпен және төсінде «Ерлігі үшін» медалімен елге 1942 жылдың тамыз айында келіп, сүйретіліп зорға жүрсе де ауыр жылдарда «Алқаағаш» колхозын басқарыпты. Сөйтіп

Серік өнерінің арқасында әкесі сияқты тылдағы еңбектің ардагері, соғыс жылдары жұмыста ақ орамалын басына тастай таңып, темір доңғалақты тракторынан түспеген анасы Каукар Айтбайқызының (1918 ж.т. – 19.09.2010 ж.қ.) және Астана қаласы құрылысының жобаларын жасауда бас сәулеткер ретінде елеулі еңбек еткен ағасы Нәсіп Ахметжанұлының (02.05.1951 ж.т. – 11.07.2004 ж.қ.) аруақтарын риза еткендей еңбек сіңірді.

Осылар сияқты күш-жігерлерін аямай, сенбіліктерде тазалаудың ауыр да қара жұмыстарын игеруге техника құралдарымен көмектесіп, қарқынды құрылысты жедел аяқтау үшін әрқайсысына жүктелген әр түрлі іс-шараларды уақытында орындаған «Жәрдем» КМК-ның директоры Төлебай Қайролапов, орман шаруашылығы мекемесінің директоры Сайлаубек Қошанов, бас орманшы Сәбит Төребеков, Қайсар Оспанов, Амантай Сыздықов, Қапаш Естанов, Қобылан, Аман, Қанат пен Мұрат Тасмағанбетовтер, Аманбек Бекмағанбетов, Есілбай Қожантаев, Қырым Баяндин, Самат пен Ермек Дүйсенбиндер, Қайыргелді Қыдырмин, Қонысбай Молдақов, Қайыргелді Белгібаев, Ерік Абжанов, Аманжол Жандосов сияқты елдің алғысына бөленген азаматтардың тізімін ұялмай жалғастыра беруге болады. Әсіресе, тозған ескерткішті жаңарту туралы елді ерте қозғаған ой тастап, бірауыздан ел мен аудан әкімшілігіне қолдатып, ұйымдастырудың іс-шараларын жоғарыдан уақытында орындата білген ел ағалары – Шортанбай Мұхамеджанов, Мұрат Жантілеуов, Бекет Жүсіповтердің ел басқарудағы мол тәжірибесі мен облысымызға сыйлы танымалдылығы түйінді мәселелерді тез шешіп берді. Ең бастысы жан-жақтағы ауылдың тумаларынан бір миллион үш жүз мың теңгеден астам қаражат жиналып, осы қозғаушы күшті ұтымды пайдаланып, қордың көлеміне сәйкес көсіле білдік. Қаржы ісін тиянақты жүргізуге ғылыми-зерттеу институтының бас бухгалтері – ініміз Азамат Зейкенұлының мол тәжірибесі септігін тигізді.

Сонымен 9 мамыр күні сағат 10-да алпыс үйге жетпейтін шағын ауылда Ұлы Жеңісті ұлықтау басталды. Айтулы мерекені ауылдастарымен бірге тойлауға осы облыстың жан-жақтағы аудандарында, Алматы, Астана, Қарағанды, Қостанай, Көкшетау, Павлодар мен Петропавл қалаларында тұратын ағайын-туыстары бала-шағаларымен арнайы келіп, жиналғандардың жалпы саны 400-ден асты деуге болады. Салтанатты жиынды аудан әкімі Марат Қосылұлы Омаров пен ардагерлер ұйымының аудандық кеңесінің төрағасы Тұрар Сейітжанұлы Оразалин құттықтау сөздерімен ашып,

жаңартылған ескерткішке гүл шоқтарын қойып, республикалық су шаруашылығының мемлекеттік кәсіпорнының «Есіл су» филиалының бас инженері Мұрат Қошанұлы Жантілеуовті мерекелеу қарсаңында әлеуметтік іс-шараларға белсене қатысқаны үшін аудан әкімінің Құрмет грамотасымен марапаттады. Соғыс ордендері мен жауынгерлік медальдардың иегері, майдангер Шери Сайдалиннің баласы, ертеден елге танымал Сайдалы молланың немересі – бескөлдік зейнеткер Абылай Шериұлы боздақтарға және дұға дәм еткен барша аруақтарға аят оқыды. Соғыстың елге тигізген зардабы туралы тарихшы Жұмабай Сыздықовтың баяндамасынан кейін тебіреніп сөйлегендердің легі бір толастаған жоқ. Олардың ішінен әкесі Мәкен соғыстан келмеген ақсақалымыз Есләм Мәкенұлы (1936 ж.т.), майдангер әкесі Қуанышбай соғыстан кейін Өзбекстанда тұрып, Шыршық қаласында жерленіп, сонау оңтүстіктен келген зейнеткер баласы Қуандық Қуанышбайұлы мен келіні Күлжамал сөйледі. Астана қаласынан келген жанұялардың атынан кезінде облысымыздың мәндайалды майталман диқаншысы болған, қос орденді Жақсылық Шәкіров сынды ағамыз ақ тілегін айтып, сосын емші Бабахан Қайроллаұлы аруақты атасы Өсіп молланың ұлдары Қайролла, Жұмағали мен Бейсенбі атты майданда нағыз қандары төгілген ағайынды әкелеріне арнауын оқыды. Жеке кәсіпкер Қырым Баяндин Ұлы Жеңіс күнін жақындатуға өз үлестерін қосқан, жасөспірім балалық шақтары ауылдарда соғысқа кеткен ересектердің орындарын басып, буындары бекімей ауыр қара жұмыстарды атқарумен өткен тылдың еңбек ардагерлері – аналарымыз Рақима Шүкенқызына (1928 ж.т.), Бәтес Іргебаеваға және Оразбай Бегалин (1932 ж.т.) ағамызға өз атынан сыйлықтар тарту етті. Атығай руының Тілеке, Құлеке, Бурабай (Ақтайлақ) сынды атақты батырлары мен Шал ақынның ерлікке толы өмір жолдарын шежіредей қылып жырлаған осылардың тікелей ұрпағы, Алқаағаш ауылының тумасы Әбжәтәй Сұрағанұлы (1929 ж.т. – 10.10.2004 ж.қ.) деген жездеміз еді. Осы жездемнің авардың ақ иық ақыны Расул Гамзатовтың әлемге әйгілі ән болып тараған тырналар туралы өлеңіне еліктеп, «Есімдерің ел есінде» деген 2003 жылдың мамыр айында айтулы ескерткіштің алдында тебіреніп шығарған 12 шумақ өлеңін қайтадан қарап шығып, мәтінін бұзбауға тырысып, оғаш ұйқастарын сәл түзедім. Ауыл аймағын қатты сағынып, соғыстан қайтқан жаралы жауынгерлерді айдын көліне оралуға асығып ұшқан аққу-қаздарға теңеуі өз басыма өте ұнады. Сағыныштың сазы мен ерліктің рухына толы марқұм жездемнің осы

өлеңін жаңғыртып, ерлердің аруақтары риза болсын деген ниетпен аты шулы ата-бабаларының жан-жақтан бастары қосылған ұрпақтарының алқалы жиынында оқып бердім.

Арасында аудан орталығынан шақырылған өнерпаздар мен мектеп оқушылары әзірлеген соғыс туралы қойылымдар мен орындаған әсерлі ән-күйлер тыңдаған елдің көңілінен шықты. Жаңартылған ескерткіштің сән-салтанатын қуана-қуана қызықтаған көпшіліктің көтеріңкі көңіл күйі, ақ батасы мен жүрекжарды тілектері, ауада қалықтаған сазды әуендер, талғаммен әсем безендірілген сахнаның көркі, ашық бояулары көздің жауын алғандай болып киінген және алқызыл гүлдер ұстап сапта тұрған мектеп оқушылары – бәрі де ұлыстың ұлы күніндегідей бір-бірімен үйлесімдерін тауып жатты. Жарасымдары жарқын осы алуан түсті көріністердің қызығына кенелген көпшілік күні бойы сұрланып, ал түстен кейін нөсерлеткен ауа райын елеген де жоқ. Осының бәрі арнайы бейнефильмге түсірілді. Ескі ескерткіштердің жыл сайынғы күтімдерін ерікті түрде атқарып, ал биыл ескерткіштерді жаңартуға байланысты өткізілген сенбіліктерге сабақтардан қолдары босаған кездерде және шама-шарқынша белсене ат салысқан мектеп оқушыларына, ұстаздар ұжымына және бәрін білікті ұйымдастыра білген мектеп директоры Бикеш Қатыранқызы Жұмағұловаға айтар алғысымыз мол. Осы игілікті іс-шаралардан шет қалған тумалар ауыл мен маңайда кемде-кем шығар. Үлкен асқа бір жылқы мен бір қой сойылып, түскі дәмге жиналған елге 36 табақ ет тартылып, боздақтарды құрметпен еске алып, аруақтарға құранның аяттары бағышталды. Осындай ұлан-асыр астың мәзірін жұмыла әзірлеп, жабдығын тиянақты өткізген елдегі ақ жаулықты апа-қарындастарымыз бен келіндеріміздің еңбектері ерен еді. Алланың нұры – көктемнің нөсерлеткен алғашқы жауынына малшынып, жиналған жұрттың көңілдері ризашылықтан шат-шадыман тасып, қанағаттанған сезімнің қуанышты да қуатты құшағында жан-жаққа тарап жатты.

Дәл биылғы жылы құрылғанына 85 жыл толған «Алқаағаш» атты ауылым қысқа тарихында төңкеріс, азамат соғысы, жаппай ұжымдастыру, қолдан жасалған аштық пен қуғын-сүргін жылдары, Ұлы Отан соғысы, тың жерлерді игеру, қайта құру және әлемдік күйзеліс сияқты сынақты кезеңдерден өтсе де елдің бүтіндігін сақтап қалуға тырысыпты. Ал енді тарихи маңызы боздақтардың қанымен жазылған Ұлы Жеңісті ұлықтауды сәтті өткізген Алқаағаштықтар бірлік пен ынтымаққа толы елдігіміздің біртұтастығын тағы да дәлелдеді.

«Көп түкірсе көл» және «Өлі риза болмай тірі жарымайды» – деген аталы сөздер осындай игілікті істердің жемісті жетістігіне қол жеткенде айтылады ғой. Төл тарихымызда «Қазақ елі» деген мемлекеттілігіміздің сақталуына кепіл болған қазақтың осындай ауылдарына «Мәңгілік ел» бағдарламасының аясында болашаққа сәтті сапар тілейміз!

Қайрат Дүйсенбі,
Петропавл қаласы

Тамылжып Алқаағаштың атырабы,
Алдыңнан көркем сурет ашылады.
Құлпырып гүл-бәйшешек жұпар бүркіп,
Жаныңды рахатқа батырады.

Ахметжан Нұртазин,
халық ақыны

Өмір жалғасы

(Үзінді)

Қошекең бүгіндері шау тартқан шағында ауылдан алысқа ұзамаса да Алқаағашқа жиі соғып тұрады. Ол ең алдымен ат басын ауыл ортасындағы ескерткішке тірейді. Бұл ауылдастарының жарқын болашақ жолындағы жалынды күрескер Мұқан Бексейітовке орнатқан ескерткіші. Сосын інісі Қабдолланыкіне түсіп, аз-мұз тыныстап алар еді. Бірде осы дәстүрінен ауытқыған сәті де болған.

Сол күні ол ескерткішке соқты да тура бөлімше басқарушысы Айдархан Кәкіжановтың үйіне тартты. Айдархан Мұқанның немересі. Ол Қошекең кіріп келгенде орнынан тұрып кеткен. Сосын әлденеге кінәлі адамдай Қошекеңмен жанар түйістіре алмай жалтақтай берді. Мұндайда Қошекең бет-жүзін демейді.

– Айдархан, сенен мұны күткен жоқ едім, – деді ол ренішін жасыра алмай.

– Білемін, Қошеке, білемін, шаруадан босай алмай жатырмыз.

– Әй, сенің шаруаңда менің жұмысым жоқ. Әлде сен әкесінің ескерткішін әлпештеп жүр деген сөзден қашасың ба. Біліп қой,

ол сенің ғана әкең емес, осы ауылдың әкесі. Сен шаруа дейсің, ал ол мына сені мен мен үшін жанын пида еткен!.. – Жайшылықта сабырлы, әр сөзін бипаздап сөйлейтін Қошекең сөйтіп Айдарханның аузын аштырмай қойған. Осы әңгімеден кейін Айдархан да, Алқаағаштың басқа тұрғындары да бұл ескерткішке басқаша көзқараспен қарайтын болды.

«Жігіт уәдеде тұрса жігіт». Айдархан содан қайтып Қошекең көңіліне кірбің түсірген емес. Содан да болар, өмірі біреудің көңілін қалдырып көрмеген Қошекең соңғы кездері оның үйіне жиі соғатын болды.

– Айдархан, қалдарың қалай? Бұл Қошекеңнің жаттанды сауалы. Мұндайда Айдархан да жауаптан тосылып көрген емес. Ол алқаағаштықтардың шаруашылықты өркендетуде қол жеткен табыстарын саралап айтып береді.

– 1 гектарынан 20 центнерден өнім алғанымызды білетін шығарсыз, – дейді Айдархан күлімсіреп. – Биыл 17-ден айналдырсақ деп отырмыз.

– Неге аз?

– Өзіңіз «арық айтып, семіз шық» демеуші ме едіңіз.

– Е, бәсе, ал ет пен сүттің жайы қалай?

– Бұл көрсеткіштерден де кенже қалып отырғанымыз жоқ. Соңғы екі жылда жоспарды еттен 100 центнерге асыра орындаған едік. Биылғы торқалы той жылы тағы 600 центнер ет дайындамақпыз. Сүт дайындау жоспары да жыл сайын асыра орындалуда.

– Бәрекелді, бәрекелді!!! – Қошекең жас балаша қуанып, Айдарханды арқаға қағады.

Осылай Алқаағашқа келген сайын Қошекеңнің көңілі бір көтеріліп қалады. Жайнаған жердің жасарған келбетін көрген сайын өзі де жасара түскендей сезінеді Қошекең. Ол қылшылдаған жас шағында жарқын болашақ жолындағы күреске шыққанда кіндік қаны тамған Алқаағаш өңірі дәл бүгінгідей өзгере қояды деп ойлаған жоқ еді.

Ал Алқаағаштың бүгінгі ажары шынында да айшықты. Қаз-қатар тізілген ақшаңқан үйлер, жайқалған жасыл желек көздің жауын алады. Ауыл тұрғындарының әл-ауқаты да жақсарған үстіне жақсара түсуде. Осыдан он-он бес жыл бұрын мұнда жеке меншік автомашиналары, мотоциклдері барлар некен-саяқ еді. Бүгіндері олардың жалпы саны жиырмадан асады. Ал тоңазытқыш, теледидар әр жанұяның игілігіне айналған.

Бүгінгі Алқаағаш дәулетіне сәулеті сай ауыл. Мұнда тұрғындардың өнімді еңбек етуіне не қажеттің бәрі жасалған. Ауыл ортасындағы сегізжылдық мектепті, дәрігерлік пункт, магазин, клуб, кітапхана үйлерін көргенде қарт көңілі қуанышқа толады әрқашан.

* * *

Біз Октябрь орман шаруашылығын бетке алып келе жатқанда жолсерігіміз, осы шаруашылықтың директоры Қабыкеш Шәріпов «Қошекең – алтынның сынығы ғой» деген болатын. Сонда біз болашақ очерктің тақырыбын тапқандай болып едік. Енді, міне, очерк жазылып, соңғы нүктесі қойылды. Бірақ оның тақырыбы басқа болып отыр. Ол орынды да сияқты. Өйткені бұл өзінің бүкіл саналы өмірін халыққа қызмет етуге арнаған Қошекең туралы ғана емес, оның ісін жалғастырушы – бүгінгі ұрпағы, олардың жасампаз жарқын істері жайлы сыр.

Жарасбай Сүлейменов

Туған ел, ыстық болдың мұнша неге,
Білмеймін, осылай ма әр пендеге.
Ойымнан жатсам, тұрсам бір кетпейсің,
Көңіліме қағылыпсың болып шеге.

Сегіз сері

Ауылым

Ауыл – адамзаттың кең дүниенің есігін ашқан, өмірге келген жері. Туған жер адам өмірінде киелі орын алады. Ауыл деген әр азамат үшін ерекше ыстық болары сөзсіз. Туған жер – адам баласының кіндік қаны тамған, жанына, жүрегіне жақын қимас сезімге бөлейтін алтын ұясы. Бар балалық шағымыз ауылда өтті емес пе? Ойын-сауық, қымыз-айран, дос-жаран, ағайын-туыс өзіне қамтып тұрғандай. Сол сияқты менің де «Алқаағаш» ауылым бар. Біздің «Алқаағаш» аталатын ауылымыз, ата қонысымыз, бабаларымыздың таңдап орналасқан мекенжайы. Арғы атамыз Қалқастан тараған Құлеке, Тілеке, Бурабай, Қабай ұрпақтары мекендеген ауыл. «Алкаағаш» деп аталуына себеп болған бір-бірі-



Шортанбай Мұхамеджанов

не жалғасып өскен шоқ-шоқ ағаштар. Қыздың мойнына әсемдік беріп тұратын алқа тәрізді. Сондықтан болу керек ауылдың «Алқаағаш» деп аталуы. Қазан төңкерісінен кейін зорлықтың күшімен ұжымдастырылған көп шаруашылықтың ішінде «Алқаағаш» атты колхоз құрылған. 1950 жылы 7 тамыз күні қасындағы Қаратал ауылымен және Козловка деген орыс селосымен қоса біріктіріп жаңадан «30 лет Казахстана» атты ірілендірілген колхоз құрылып, орталығы Қаратал ауылы (бұрынғы Құлеке ауылы) болыпты. Аштық жылдарынан кейін ел еңсесін көтеріп, етек-жеңін жия бастаған шағында тосыннан Ұлы Отан соғысы басталып кетеді. Әр мезгілде шағын ауылымыздан ел қорғауға 68 азамат аттанды. Ауылда кәрі-құртаңдар, әйелдер мен буыны бекімеген балалар қалды. Колхоздың барлық жұмысының ауыртпалығы осы бала-шағаның мойнына түсті. Сол кезде он екі-он төртке тола бастаған балалар, аш-жалаңаш, жазғы ыстықта, қысқы суықта демалыс дегенді білмей еңбек етті. Сонда жамаусыз киім кимей, бүйірі шығып тамақ ішпей жүрсе де, еңбектен қалған жоқ. Ерте есейіп, бәріне жауапкершілікпен қарауға мәжбүр болды. Лобогрейканы сүйреген аттың жалында, соқа сүйреген өгізді айдап жер жыртты, шөп шапты, астық жинады. Ерлер майданға аттанғанда солардың орнын басып тракторға отырған аналарымыз қаншама, солардың арасында Қапан Мұқажанқызы Ғабитова, Рәзипа Махмет бәйбішесі Сақтағанова, Ешен Әбжанова, т. б. Ауылымызда жастайынан еңбекке араласқан, соғыс жылдары тылда, одан кейін тың жерлерді игеру жолында аянбай еңбек еткен әкелеріміз, үлкен буын ағаларымыз: Сыздықов Кәкөш, Қасенов Нығметжан, Шыңғысов Ғазез, Дәуленов Қабен, Бимендин Құбаш, Дәуленов Зейкен, Қожин Мағзұм, Сексенов Дәрмен, Тасмағанбетов Қажыбай, Тасмағанбетов Мұқаш, Ділдебаев Есләм, Белгібаев Қаратай сынды ағаларымыздың өмірі еңбекпен шыңдалды. Олар өздерінің соғыс жылдарынан бастап меңгерген тәжірибесін іс жүзінде дәлелдей білді. Бұл азаматтардың ізін басып келе жатқан ағаларымыз еліміздің алғашқылары болып жоғарғы оқу орындарына түсті, олар:

Қошанов Аманжол – Мәскеу мемлекеттік университетінде оқыды. Аманжол ағамыз ғылым саласында көптеген жетістіктерге жетті. Экономика ғылымдарының докторы, академик атағын алды. Ғылым академиясының вице-президенті, мемлекеттік сыйлықтың иегері.

Махметов Базарбай – Алматы политехникалық институтында оқыды. Базарбай ағамыз Қарағанды қаласында көп жылдар көмір шахтасының инженері болып қызмет атқарды.

Қасымов Шекен – Алматы педагогикалық институтында оқыды. Шекен ағамыз өзі тәмамдаған Ленин орта мектебінде директор болып 20 жылдан астам уақыт қызмет атқарды.

Шарипов Қажиакбар – Алматы педагогикалық институтында оқыды. Қажиакбар ағамыз 1954 жылы мезгілсіз ауыр науқастан қайтыс болып Алматыда жерленді. Көп армандары орындалмай, қыршын кетті.

1957 жылы Қаратал, Алқаағаш, Социал, Соколовка ауылдары біріктіріліп «Заря» совхозы құрылды. Совхоз орталығы болып бұрынғы «Смычка» колхозы болған Кривощеково селосы бекітілді. Алқаағаш ауылы № 3 бөлімше болып ұйғарылды. Совхоздар құрылып, тың жерлерді игеру жылдан-жылға қарқын алды, жұмыс қолы жетіспей жатты. Комсомол жолдамасымен Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан, Молдовиядан, жан-жақтан лег-легімен жастар келіп жатты. Оларды орналастыратын орын болмай, алғашқы кезде вагондар мен будкаларда тұрып жатты. Біздің ауылда Дундуков Иван, Гуц Спиридон, Прибыльский Михаил, Радченко Иван деген алғашқы тың игерушілер тәулік бойы кезекпен «С-80» тракторларымен жер жыртты. Совхоздарға техника бөліне бастады. «ГАЗ-51» машинасы, «ДТ-54» тракторлары, «СК-3» комбайндары. Сол техникаға отыратын мамандар жетіспей, елден орта буын ағаларымызды Новопокровский МТС, Марьевский МТС, Ольгинский МТС-терде ашылған курстарга автокөлік жүргізушісі, тракторист-комбайнер оқуына жіберді. Солардың ішінде: Ахметжанов Ибрагим (Рай), Сыздықов Аманбай, Жақсыбаев Нұрғали, Темірбеков Тоқбай, Ғабдуллин Болат, Ғабдуллин Жақсылық, Әбжанов Ермағанбет, Сыздықов Қайыржан, Сайдалин Қасен, Жандосов Смағұл, Бейсенов Жаңбырбай, Сексенов Дәурен, Кәкімжанов Бәрикеш, Тасмағанбетов Томаш, Естанов Қабеш, Хамзин Жайық, Қабдолов Өтеген, Макенов Есләм, Сәлменов Мәжіктер бар. Ұлы Отан соғысының алдында туған ағаларымыз еңбек жолын осылай бастады. Сол кездегі трактортшы, шофер, комбайнер ағаларымыз-

дың еңбектері адал ғой, шіркін! Ол кезде техниканы қоятын орын жоқ кез еді ғой. Ерте тұрып, үйде от жағып, су жылытып, машинаны қыздырып от алдырудың өзі бір машақат еді ғой. Жұмыс істеу бір бөлек, соны ұйымдастыра білу, дұрыс бағыт жоспарлау, әр адамның қолынан келмейтіні анық. Ауылымыз «Заря» совхозының бөлімшесі болғаннан бері басқарма қызметін атқарған азаматтар:

1 Кәкіжанов Айдархан, 1957-1972 жж.
2. Жандосов Қабен, 1973-1974 жж.
3. Мапенов Садық, 1974-1977 жж.
4. Кәкіжанов Айдархан, 1978-1985 жж.
5. Аниев Бақытжан, 1986-1987 жж.
6. Естанов Қабиден, 1988-1989 жж.
7. Қожантаев Нұржан, 1990-1991 жж.

Елден тыс жерде қызмет істеген және істеп жүрген ел азаматтарының түгел болмаса да, білгенімше атап өтуді жөн санадым:

Сыздықов Қалихан – орыс мектептерінің директоры болып қызмет жасады. Ауыр науқастан Астана қаласында қайтыс болды.

Жантілеуов Кәрібай – облыстық орман шаруашылығы басқармасының орынбасары, Соколов аудандық орман шаруашылығы мекемесінің директоры болып қызмет атқарған.

Сыздықов Жұмабай – қызметін аудандық комсомол комитетінен бастап, аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушесіне дейін көтерілді. Аубакиров Нәсіп – Қарағанды қаласының сәулетшісі болып қызмет атқарды. Аубакирова Фарида Айдарханқызы – академик Евней Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың доценті. Педагогика ғылымдарының докторы.

Жахин Білім – Павлодар қаласында тұрады. Зейнеткер. Милиция подполковнигі.

Мұқаметжанов Мұрат – әкімшілік полицияның бастығының орынбасары қызметінен зейнеткерлікке шықты. Полиция подполковнигі.

Абілов Уәли – еңбек жолын ауылда ұстаз болып бастап, кейіннен орман шаруашылығында қызмет атқарды.

Әбілов Қайрат – Астана қаласында дәрігер. Медицина ғылымдарының докторы.

Әбілова Зәуреш – Астана қаласында тұрады. Медицина қызметінің полковнигі.

Шакирова Айнагүл – зейнеткер. Бас прокуратураның бөлім бастығы қызметін атқарған. Полковник.

Мұхамедрахимов Шақтыбай – Тараз қаласында жеңіл өнеркәсіп саласында қызмет атқарған. Зейнеткерлікке шығып Астана қаласында тұрып жатыр.

Жантілеуов Данияр Амангелдіұлы – Солтүстік Қазақстан ғылыми-зерттеу институтында ғылыми жұмыстармен айналысады, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты.

Атыңнан айналайын, Алқаағаш!

Алқаағаш – кең байтақ Отанымыздың теріскейінде орналасқан шағын ғана ауыл. Қазір ауылда 38 ғана жанұя мекен етеді. Көптеген нәтижесі жоқ реформалар осы ауылды да айналып өтпеді. Кезінде 80-нен астам жанұяның азаматтары өмір сүрді. Табиғатына көңіл аударсақ, ауыл іргесін айналып бір-біріне жалғасып жатқан шоқ-шоқ ағаштар сұлу қыздың мойнына әсемдік беріп тұратын алқа тәрізді. Сондықтан болар, ауылдың аты осылай аталып кеткені.

Октябрь революциясы орнағаннан кейін осы жерлер бұрын Көкшетау уезі Бәйімбет болысына қараған және оның атқару комитетінің төрағасы болып 1922 жылы біздің ауылдың тумасы Қошан Жантілеуов сайланған. Бір айта кететін жағдай, біздің шағын ғана ауылда ағайынды Құлеке және Тілеке, Бурабай, Қабай батырлардың ұрпақтары осы күнге дейін тату-тәтті өмір сүріп жатыр.

Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының аяғында зорлықтың күшімен «Алқаағаш» колхозы ұжымдастырылып құрылған. Уақыт жылжи келе, 1950 жылы біздің ауыл көрші Қаратал ауылымен және Козловка атты орыс селосымен біріктіріліп жаңадан « 30 лет Казахстана» атты колхоз ұйымдастырылған. Осы шаруашылыққа сол жылдары іс-сапармен әйгілі қоғам қайраткері, қазақ халқының мақтанышы, республика басшыларының бірі, сол кезде Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарған Жұмабек Тәшенов келіп, өз көзімен колхозда жүргізіліп жатқан іс-шаралармен жақын танысып, жиналыс өткізіп, ақыл кеңесін берген.

Жақында Ұлы Жеңіс күні қарсаңында ауылдастар осы мерекемен бірге туған ауылына 93 жыл толуына байланысты дүркіретіп той өткізді. Шынына келсек, бұрын ауылға арналған осындай шаралар жасалмаған. Мерекеге Астана, Алматы, Қарағанды, Павлодар, Көкшетау қалаларынан және облысымыздың басқа да елдімекендерінде тұратын азаматтар туған ауылына ат басын тіреді. Жиналғандар Ұлы Отан соғысы қатысушыларына арнап салынған ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Осы қос мерекеге арналған жиналыста Шал ақын ауданы әкімінің орынбасары А. Дүйсенбинов ауыл азаматтарын қос мерекемен құттықтап, аудан әкімінің Құрмет грамотасын тапсырды. Кривощеково ауылының әкімі А. Жақсыбаев сөз алып ауыл азаматтарына құттықтауын жолдады. Мерекеге арналған баяндаманы осы ауылдың тумасы Болат Шайжанов жасады.

1941-1945 жылдардағы сұрапыл соғысқа Алқаағаш ауылынан 76 азамат аттанған екен.

Отан алдындағы перзенттік парызын өтеуге аттанғандардың арасынан туған топыраққа табаны тиген 36 жерлесіміздің бірі – Қошқарбай Жақыпов. Жеңіс жолындағы ерлігі және Берлинді алуға қатысқаны үшін кеудесінде Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендары жарқырайтын. Тағы бір жерлесіміз Шери Сайдалин де Венгрия астанасы Будапешт қаласы үшін шайқастарға қатысып ерлік көрсеткен үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Осындай орден тағы екі ауылдасымыз – Ғалым Сәкенов пен Серікбай Ахметовке бұйырды. Ал майданға аттанған ерлердің орнына ауыл әйелдері, әлі де буыны қатпаған жастар білек сыбана жұмыс істегенін жадымыздан шығаруға хақымыз жоқ. Қапан Мұқажанқызы Ғабитова, Рәзипа Махмет бәйбішесі Сақтағанова, Ешен Абжанова, Гаухар Әубәкірова трактор жүргізіп егін-орақ жұмыстарына қатысқан...

1957 жылы осы колхозға кірген екі ауыл және бір село жаңадан ашылған «Заря» кеңшарына қосылады. Алқаағаш ауылы аталған кеңшардың бөлімшесі болып құрылды. Бөлімшені 23 жыл Ұлы Отан соғысының ардагері Айдархан Какжанов басқарды. Алпысыншы жылдардың басында екі бірдей трактор-егіс бригадасы егін егіп мемлекетке мыңдаған тонна бидай мен басқа астық өнімдерін тапсырып тұрды. 1967 жылы «Заря» совхозының № 4 бригадасы (басқарушысы Жандосов Қабен) мемлекеттік міндеттемелерін орындағаны үшін Сергеев аудандық партия комитетінің, атқару комитетінің мерекелік дипломымен марапатталды.

1972 жылғы 27-ші қыркүйегіндегі Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің, облыстық атқару комитетінің шешімімен «Заря» кеңшарының трактористі Жандосов Смағұл «Солтүстік Қазақстан облысының үздік механизаторы» деген атаққа ие болды. Осы жарқын азамат Еңбек Қызыл туы орденімен марапатталды. Ұлы Отан соғысына қатысушылар трактористі Жәкежан Нұркенов, комбайыншы Серікбай Ахметов, есепші Қошқарбай Жақыпов, тыл ардагерлері Әбиәкім Мұхамедрахимов, Базарбек Қасенов, Мұқаш Тасмағамбетов, Кәкім Сыздықов, « Құрмет белгісі» орденінің иегері Мағзұм Қожин, Құбаш Бимендин, Нығметжан Қасенов, Дәрмен Сексенов, Қажыбай Тасмағамбетов, Зейкен Дәуленов, Қарауыл Іргебаев ауылдың еңсесін көтеруге мол үлесін қосты.

Кейінгі ауыл ұрпағы Бәрикеш Кәкімжанов, Мұса Тілемісов, Өтеген Қабдолов, Ерсайын Жұмағұлов, Тоқбай Темірбеков, Жайық Хамзин, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған Нұрғали Жақсыбаев, « Құрмет белгісі» орденінің иегері Қабиден Естанов, Ермағамбет Абжанов, Қайыржан Жұмабаев, Әшкен Темірбеков, Майдан Шайжанов, Мәди Байкенов, Бейбіт Айтжанов, «Еңбек даңқы» орденінің иегері Қайыргелді Дайыров, ағайынды Құлибек және Алатай Ахметовтар, Уәликеш Қайралапов қатардан қалмай еңбек етті. Туған ауылының бекінуіне жүргізушілер Қаратай Белгібаевтың, Есләм Макимовтың, Аманбай Сыздықовтың, Әскер Әубәкіров, Төлеген Қыдырминнің, Тоқсанби Өсіповтың үлесі мол болды. Алпысыншы жылдардың басында кеңшар басшылары ауылға сауын сиырлар әкелді. Бір жағынан бұл оқиғаның пайдасы да тиді, себебі ауыл тұрғындарына, апа-жеңгелерімізге жұмыс орындары ашылды. Қатарынан үш жыл Менделеев атындағы Мәскеу химия-технология, Таганрог радиотехникалық, Пятигорск фармацевтикалық институттарының студенттері жазғы еңбек семестрын Алқаағаш ауылында жалғастырды. Олар мал қораларының құрылысын жүргізді. Мал фермасында Ұлы Отан соғысының ардагерлері, малшылар Сағынай Бейсенов, Жаңғали Бестенов, мал дәрігері Шахмет Макимов, мал мамандары Меңдібай Молдахов, Есләм Ділдебаев, сауыншылар Зада Қыздарбекова, Перизат Қыздарбекова, Биғайша Жандосова, Күләш Қожина, Зейникәмал Жахина, Алтынгөз Жұмағұлова, Кәкима Естанова, Гүлжамал Абжанова, Шәмшия Қабдолова, Ермек Жандосова, Сәлтәй Сәлменова, Дәмежан Тілемісова, Дариха Жақсыбаева, Кәмәл Шайжанова, Мәртай Темірбекова, бұзау күтушілер Рахила Қасенова, Бағылаш Какжанова, Жәми Сыздықова, Гаухар Молдахова, Түкірік Темірбекова ерлі-зайып-



Еліміздің 93 жыл толуына арналған тойға жиналған ауылдастар



Ат жарыстан көрініс

ты Молдаховтар, бұзау күтуші Майра мен малшы Аман ерен еңбегімен танылды. Ал мал дәрігері Зейкен Жахин тапжылмай өз қызметін бір орында 33 жыл абыроймен атқарды.

Ұстаздар Кәмел Дайырова, Мәнәп Бимақанов, Ережеп Тасмағамбетов, Қайролла Мұхамеджанов, Лида Кыдырмина, Баян Дайырова, Сәуле Жұмабаева ұзақ жылдары ауыл балаларына жалықпай сапалы білім алуына ат салысты. Ауыл мектебінің шәкірттері қазір облысымызда және өзге өңірлерде жемісті қызмет атқаруда. Ал осы ауылдың тумасы, Орал педагогикалық институтының түлегі Шекен Қасымов атағы кеңге тараған Ленин орта мектебінде 20 жылдан астам директорлық қызмет атқарды.

Туған ауылдың топырағын басқан жерлестеріміз, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, аудандық атқару комитетінің төрағалары болып сайланған Еңсеген Жүзеновтің, Өмірбай Ыбыраевтың, Қазақстан Республикасы ғылым академиясының академигі, осы академияның экономика институтының директоры Аманжол Қошановтың, Кеңес одағының құрметті теміржолшысы, Петропавл қаласының құрметті азаматы, «Құрмет белгісі» орденінің иегері Зейкен Жандосовтың, Солтүстік Қазақстан облыстық сотының судьясы Үміт Құрманғожинаның есімдері зор мақтанышпен есте қалады. Еңбек жолын туған ауылында сақманшыдан бастап, кейін Белоградов кеңшары партия ұйымының хатшысы болып сайланған Қалиақбар Сыздықов, Қайранкөл кеңшарының жұмысшылар комитетінің төрағасы Науқан Ақжігітов, тыл ардагері, Интернационал ауылдық кеңесінің төрағасы Уантай Қасенов, кен инженері Базарбай Махметов, «Заря» және Дзержинский атындағы кеңшарлардың аға зоотехнигі Қабен Дәуленов – біздің жерлестеріміз.

Кеңес үкіметінің жолдамасымен Алжир Республикасында 5 жыл инженерлік қызмет жасаған, Қазақ политехникалық институтының түлегі Серік Махметов, құрылыс инженері Сағат Хамзин, Қарағанды қаласының архитекторы Нәсіп Әубәкіров, «Союзцелинвод» тресінің басқарушысы Мұрат Жантілеуов, М. Жұмабаев аудандық сотының судьясы Айтқожа Сайдалин, прокуратураның әділет аға кеңесшісі Айнагүл Шәкірова, медицина қызметінің полковнигі Зәуреш Әбілова, полиция полковнигі Еркін Мұқажанов, әділет полковнигі Арман Жұмабаев – біздің ауылдастарымыз.

Ауылдан сырт жерде еңбек еткен жерлестеріміз Ы. Ыбыраев атындағы кеңшардың бөлімше басқарушысы, тыл ардагері Ғазез Шыңғысовты, осы кеңшардың трактор-егіс бригадасының басқа-



рушысы, орден иегері Қалиолла Ережеповты, «Октябрь» кеңшарының механизаторы, Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл ту ордендерінің иегері Жақсылық Шәкіровты, «Ақсуат» кеңшарының механизаторы, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған Теміржан Бірімжановты қадір тұтамыз.

Тұтынушыларды керек-жарақ тауарлармен қамтамасыз етіп ауыл дүкенінде отыз жылдан астам М. Жақыпова қызмет жасады. Мағиша тәтеміз жерлестеріне қажет заттар мен киімдерді, азық-түлікті тұрақты қамтамасыз етіп тұратын. Жеті баланың анасы сауда жасаудағы жақсы көрсеткіштерге жеткені үшін «Ерен еңбегі» медалімен марапатталған. Ғылым жолын қуған ауылдастар бар екенін жария етуімізге болады. Олар медицина ғылымының докторы Қайрат Әбілов, техника ғылымдарының PhD-докторы Саят Молдахметов, педагогика ғылымының кандидаты Фариза Какжанова, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаттары Асқар Естанов, Данияр Жантілеуов, Сәуле Қошанова, Пекин университетінің докторы, синолог, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы Конфуций институтының директоры.

Жиналғандар мерекеге арналған мәдени, спорт шараларына ризашылығын білдірді. Ақан сері атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық филармониясының «Мәңгілік» би ансамблі көрер-

мендердің көңіліңен шықты. Осы филармонияның белгілі әншісі Д. Құрманкина және басқа да орындаушылар сахна төрінде нақышына келтіріп бірнеше ән орындады, домбыра тартылды. Белдесу күресінде Ғосманов Әлібек жеңімпаз атанды. Қой көтеруде Қарипов Данияр, гір көтеруде Қайыров Әділ, армреслинг бәсекесінде Жаңбырбаев Рахат жеңіске жетіп дипломдармен марапатталды.

Мерекеде ұлтқа жақын көкпар тарту жақсы ұйымдастырылыпты. Осы тартысқа Есіл, Шал ақын, Ғ. Мүсірепов атындағы ауданының көкпаршылары шақырылыпты. Той иелері, ауыл жастары да өз командасын баптап, сынаққа шығарған. Бірнеше сағат созылған тартыста жүлделі бірінші орынды Есіл ауданының көкпаршылары иеленді. Құнан жарысы сайысында Досмағұлов Айдын озып шықты. Аламан бәйгеде жүлделі үш орын да Ы. Ыбыраев ауылының сәйгіліктеріне бұйырды.

Той иелері ауыл шаруашылығының ардагері Дәурен Сексеновке, Ауған соғысына қатысушы Қажымұқан Өсіповке құрметпен шапан жапты. Алқаағаштықтар туған ауылына құрмет көрсетіп, елін қорғаған жерлестеріне тағзым етті. Оларға арнап ас беріліп, құран оқылды.

Алқаағаш ауылының шетте жүрген тұрғындары мерейлі тойдуманды атап өткенде түрегеп тұрып қызмет жасаған ауылдың жалынды жігіттері мен қыз-келіндеріне шексіз алғыстарын білдірді.

Сайран Молдахметов,
Солтүстік Қазақстан облыстық адвокаттар
алқасының адвокаты

VI бөлім

Елге белгілі Құлеке ұрпақтары



Тілеуке Құлекеұлы (Шал акын)
(1748-1819 жж.)

Шал ақын, шын аты Тілеуке Құлекеұлы (1748 жылы Көкшетау облысы Азат станциясында туған. 1819 жылы Солтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Шал ақын ауданында дүниеден өткен) – халық ақыны, Абылай ханның замандасы. Туылған кезде қойылған аты Тілеуке, кейін оны Шал деп те атап кеткен. Бала кезінде тапқыр, зерек, ойға жүйрік, алғыр болған, ақылды қариялардың сөзін сүйіп тыңдаумен қатар, оңай есіне сақтап отырған. Сол үшін де оны замандастары мен жеңгелері қалжыңдап «көпті көрген, қария» деп ат қойған. Әкесі Құлеке атақты батыр, мәмлегер, елші болған, анасы Үйсін тайпасынан шыққан атақты Төле бидің қызы. Шал ақын Есіл жағалауына бала кезінен келіп, Сергеев (қазіргі Шал акын) ауданы аумағында өмір сүрген. 15 жасынан бастап поэзия өнеріне бейімділігінен сол замандағы ақындардың шығармалары мен фольклорға деген қызығушылығын танытады. Ш. Уәлихановтың айтуы бойынша, Шал ақын қазақ халқының шығу тегі, тайпалары, хан-

дар генеалогиясы туралы мәліметтер жинап, соның негізінде тамаша эпос жазады. Үнемсіздігі мен епсіздігінен, жинақылығының жоқтығынан Шал ақын әкесі қалдырып кеткен байлықты сақтап қала алмаған. Кедейшіліктің ауыр тұрмысын бастан кешкен кезде байлардан көмек сұрамаған. Жағымпаздық пен жалпақтауды жек көрген, тағдырдың барлық сынақтарынан абыроймен өткен. Шал ақынның мұралары бізге толық жетпеген, жеткендерінің өзі бір жарым мың жол ғана. Өлеңдері тақырыбы бойынша әртүрлі: жақсылық пен жамандық, жомарттық пен дүниеқорлық, ақылдылық пен надандық, кедейлік пен байлық. Оның лирикалық шығармалары философиялық тереңдігімен және адалдығымен баурап алады. Оның шығармаларында діни тақырып ерекше орын алған. Ол өз заманының жоғары білімді адамы болған. Ақын адамдардың өмірден өз орнын таба білуі, жақсылық жасай білуі, т.б. көптеген жайттар адамдардың өзіне байланысты екенін айтқан. Осылар жайлы оның дидактикалық шығармалары («Әке мен шешенің қандай қымбат екенін түсіну», «Жігіт туралы», «Ер жігіт бәрін білетіндігімен тәккаппарланса», «Жаман адам, дәрежесі жоғарылаған сайын ақымақ бола бастайды», «Әйел бейнесі», т.б) көп. Шал ақын адамның ең жақсы қасиеттерінің бірі бірлік пен достыққа ұмтылу деп санады. Шал ақынның бірқатар өлеңдерінде түркі тілдес елдердің поэзиясына тән дәстүрлі эволюциялық тақырып адам өмірінің кезеңдері, балалық шақтан қартайғанға дейінгі өмірі бейнеленген. Ол шығармаларын аяқ асты шығарған. Оның суырып салмалық өнері осы жанрдың бейнесі болып табылады. Ол поэзиялық жарыстардың шебері, көптеген айтыстарға қатысқан («Шал ақынның қызбен айтысы», «Бәйбіше мен Шал ақынның айтысы», «Шал ақын мен жігіттің айтысы», т.б.). Зерттеушілері оның өнерінің көркемдік жағынан ерекше жетістіктерін айтып, оның тілінің бейнелілігін, дәлдігін, тапқырлығын және стилінің мәнерлілігін көрсеткен. Оның көптеген нақыл сөздері, өлеңдері ел жадында сақталған. Шал ақынның өлеңдері алғаш 1928 ж. басылды, «Жаңа әдебиет», № 5. Содан кейін 1958 ж. сегіз өлеңі жарық көрді, «Қазақ әдебиеті», 28 қазан. Шал ақынның кейбір шығармаларын кезінде М. Хакимжанова, Ф. Ғабитова, А. Нұрқанов, М. Мағауин ақсақалдардың ауызша айтқанын хатқа түсірген. М. Мағауин Солтүстік Қазақстанға 1964 жылы келген сапарында Октябрь орман шаруашылығында тұратын Қошан Жантілеуов ақсақалдан Шал ақынның 20 шақты өлеңін, Баян ауылында тұратын Жанақым Әлібаев, Самарқан Жұмадиев, мұғалім Шадат Есмаған-

бетовтардан жазып алды, 1991 жылы «Ай, заман-ай, заман-ай»... екі томдық кітап жарық көрді.

Қазақ ССР Ғылым академиясына 1959 жылы Ғаббас Елеусізов ақсақал Шал ақынның 15-тен астам өлеңін тапсырған.

Шал ақынның бірнеше шығармасын түркі тілдері әдебиетін жақсы білетін белгілі ғалым Х. Шаяхметұлы жазып алған, оның қолжазбасы Қазан университетінің Н. И. Лобачевский атындағы ғылыми кітапханасында сақтаулы. Шал ақынның шығармалары негізінен 1960 жылдан басылып шыға бастады, сол кезде оның шығармашылығы туралы зерттеу мақалалары да жарияланды. «XVII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» (1962 ж.), «Үш ғасыр жырлайды» (1985) басылымдарының алғы сөздерінде ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі, профессор И. Дүйсенбаев Шал ақынның шығармаларын Бұхар жырау, Тәттіқара, Ақтамберді есімдерімен қатар қояды. Шал ақынның мұраларын әдебиеттанушылар Х. Сүйіншәлиев, М. Мағауин, Ғ. Абетов, Ш. Елеукенов, Ә. Дербісалин, Ө. Күмісбаев, т.б. зерттеген. 1998 жылы 25 қарашада Алматыда «Шал Құлекеұлы және ақындық өнер» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізілді. Шал ақынның шығармалары жоғарыда аталған басылымдардан басқа «Алдаспан» (1971), «XV-XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясы», (1982) «Бес ғасыр жырлайды», (1985, 1989) жинақтарына кірді. Соңғы шыққан «Шал ақын» («Арыс», 2003) басылымына ақындардың қазақ және орыс тілдеріндегі шығармалары, белгілі ғалымдардың ғылыми мақалалары енгізілді. 2016 жылы «Өмір жолы» телеканалында «Шал ақын» деректі фильмі шықты.

Шал ақын қартайыңқыраған шағында Мәлібай, Мәлике деген екі перзент көріпті. Мәлібайдан ұрпақ жоқ. Мәликені қалың қыпшақ ішінде Нұрым дегенге ұзатқан екен. Нұрымнан Айтбай, Айтбайдан Наушабай, Наушабайдан белгілі ақын Нұржан Наушабаев туған. Бәйімбеттің қарттары Нұржанға Шал атамыздың аруағы қонған деседі.

Ч. Ч. Валиханов

Собрание сочинений в пяти томах

Том 1

Из преданий о происхождении киргиз замечателен джир ахуна из племени аргын, из рода атыгай и поколения худайберды и отделения баембет-чала, современника прадеда моего, хана Абылая. Знающих эту эпопею теперь очень мало, по крайней мере, я до сих пор не имел случая ее слышать. Говорят, что Чал в своем джире собрал все народные сказания, относящиеся до происхождения киргиз, и составил полную генеалогию ханов, родоначальников и племен, происшедших от Алача (разумеется весь народ) включительно до Худайберды-батыра, одного из 12 сыновей Даута, родоначальника 12 поколений атыгаевского рода. Мы не имеем под рукою этого эпоса, да и к настоящему случаю и не считаем его нужным, а потому вниманию вашему предложим общее народное сказание, известное каждому киргизу, питающему хоть малую претензию на белобродство и старое ухо (карекулах* – много слышавший).

А-Ата, 1961
Издательство Академии наук

---

* Предания, сообщенные Левшиным в его «Описании киргиз-казачьих орд и степей», совершенно не существуют между киргизами, одно из них есть переделка нашего. Киргизы никогда не сообщают русским своей старины и всегда выдумывают совершенно противное. Когда Пограничное управление сибирских киргиз, желая сложить для них свод законов народных, отправило чиновника Сотникова, поручило для совершенного знакомства с духом и обычаями спрашивать о преданиях, то киргизы, боясь, чтобы их как народ казачества не обратили в казаков, говорили совершенно противное, производя себя от Мухаммеда и арабов(Примечание Валиханова.)

Шал ақын



Мұхтар Мағауин

1964 жылы Солтүстік Қазақстан облысында болған кезімізде Сергеев ауданы «Заря» совхозында тұратын 70 жастағы Жантілеуов Қошан ақсақал бізге Шал атына қатысты мәліметтермен бірге ақынның ғылымға белгісіз өлеңдерін айтып берді. Қошан Құлекенің бесінші ұлы, Шалдың інісі Қазақбайдың ұрпағы.

Қазақ әдебиетіне қатысты мақалаларының бірінде Шоқан «Менің бабам Абылай ханның замандасы, арғын атығай ішінде Бәйімбет табынан шыққан Шал ақын қазақ халқының тегі, қазақ халқын құраған рулар жайлы аңыздарды жинақтап, тамаша эпос жасады», – дейді. Осы аз ғана сөздерден-ақ Шалдың өз дәуірінің даналығын бойына сіңірген кең тынысты, қуатты ақын болғандығы аңғарылады.

Шал ақын аталып кеткен Тілеуке Құлекеұлы кәзіргі Көкшетау облысының территориясындағы Азат теміржол станциясының төңірегінде дүниеге келеді.

Шалдың шешесі «Ұлы жүзде ханнан кем қадірленбеген» атақты үйсін Төле бидің қызы екен, ал әкесі Құлеке сырт жауларға қарсы күресте көзге түскен сол замандағы атақты батырлардың бірі болған. Құлеке мен оның бірге туған ағасы Тілекенің ерлігі жайындағы әңгімелер ел арасында күні бүгінге дейін айтылады. Бұлардың кейбірі Қазақстан ғылым академиясының орталық кітапханасының қолжазбалар қорына тапсырылған көрінеді.

Құлеке жайында нақты деректер де сақталған. Ол 1742 жылы Орта жүз бен Кіші жүздің хан-сұлтандары, белді батыр, билерімен бірге Россия қол астына қарайтындығы туралы ант береді. Бұдан соңғы уақыттарда Құлеке батыр орыс үкіметімен жақсы қатынастарда болады. Абылай атынан әлденеше рет елшілікке барады. Орыс үкіметінің ресми документтерінде оның есімі жиі кездеседі. Бұлардан Құлеке батырдың өз заманында аса ықпалды адам

болғандығы көрінеді. Мәселен, Сыртқы істер коллегиясының Орынбор губернаторы А. Давыдовқа 1760 жылы 18 шілдеде берген жарлығында Құлеке қазақ ішінде аса атақты, беделді адам екендігі айтылып, онымен жақсы қатынаста тұру керектігі, лайықты сый көрсетілуі қажеттігі ескертіледі.

Шал дүниеге келген кез – ақтабан-шұбырындыдан соң ежелгі қоныстарынан босқан қазақ руларының әлі орныға алмай, сапырылыса көшіп жатқан дәуір еді. Болашақ ақын ес біліп, ер жетіп қалған шағында Бәйімбет, Құдайберді тайпалары Есіл бойына қоныс аударады. Бұл жерді мекендеген естектермен соғыста Құлекенің ағасы Тілеке батыр қаза табады. Алайда осыдан соң көшіп келген қазақтар өздерінің басшысы Құлеке батырдың қайраты арқасында Есілден естектерді ығыстырып шығарады. Қазір Солтүстік Қазақстан облысында тұратын белгілі халық ақыны, ескі шежіре мен ел әңгімелеріне жетік Ахметжан Нұртазин былай деп жырлайды;

Сарыбұлақ, Шуда менен Бағанаты
Естектің батыры екен шыққан аты.
Соғысып, сойылдасып берілместен
Белдеуден босамапты байлаулы аты.
Тілеке сол ұрыста қаза тапты,
Құлеке ашуменен ерттеді атты.
Өлтіріп Бағанаты, Сарбұлақты
Ағасы Тілекенің кегін апты

Айтылмыш оқиғаның дәлді қай жылы болғаны мәлімсіз. Ахметжан ақсақалдың есебінше бұл 1750-1760 жылдардың шамасы, ақтабан-шұбырындыдан кейін Бәйімбет тайпасы Көкшетау маңында жиырма бес жылдай тұрған екен, содан соң барып Есілге келіпті. Қарт ақынның есебінің шындыққа жақын екендігі көрінеді. Орыс үкіметінің ресми документтерінен Құлеке батырдың ауылы 1761 жылы Есіл бойында көшіп жүргенін білеміз. Алайда Құлекелердің бұл жерді қашаннан бері иемденгені белгісіз.

Ел әңгімелерінің айтуынша, Есілге келгенде Шал ер жетіп қалған бала екен дедік. Олай болса, қазір ақынның туған, өлген жылдары ретінде көрсетіліп жүрген 1760-1831 деген сандарға күман туады.

Егер Шал шынымен 1760 жылы дүниеге келіп, 1831 жылы опат тапты десек, Абылай (1713-1781) көз жұмғанда ол 21 жаста және

Шоқан туардан төрт-ақ жыл бұрын қайтқан. Олай болса, Шоқанның Шалды Абылай ханның замандасы дегенінен гөрі Уәли ханның замандасы деуі жөнге келіңкірейтін еді.

Шоқан Шал құрастырған үлкен шежіре-жырдың ұмытылып бара жатқандығын айтады. «Қазір бұл эпопеяны білетін адамдар қадау-қадау ғана...». Шоқан үшін Шал өзі туардан төрт-бес-ақ жыл бұрын өлген адам емес, ертеректе жасаған ақын. Шал шыққан ауыл да Шоқан ауылы дерлік, ақын мекені Алқаағаш, Қаратал, Сырымбеттен 40-50 шақырымдай-ақ жер.

Шалдың ертеректе өткен ақын екендігіне мынадай тағы бір мысал келтіруге болады.

Шал бірде жол жүріп келе жатып Баян батырдың үйіне түсіпті. Осының алдында ғана аңнан оралған Баян қонақасына атып әкелген қоянын сояды. Сыйға риза болмаған Шал алдына табақ тартылғанда;

Құдай артық жаратқан Сары, Баянды,
Маған астың ақ лақтай қоянды.
Менен артық кім жейді
Анау тұрған жалың менен жаяңды,
Келе қалсаң үйіме,
Мен-дағы асып беремін... –

деп барып, өленді сөкет сөздермен аяқтайды. Шоқанның айтуынша, Баян 1781 жылы Абылайдың көзі тірісінде жоңғарға қарсы жорықтардың бірінде қаза тапқан. Баян мен Шал құрдас демейміз, әйткенмен алты алашқа аты кеткен батырға жаңағыдай сөйлеу ең болмаса жігіт ағасы атанып қалған жанның, жұрт таныған бетті ақынның ғана қолынан келер іс.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйеніп, ақын XVIII ғасырдың орта шенінде туған деп шамалайық. Кәріқұлақ қарттардың айтуынша, Шал қоян жылы жайлауда, 71 жасында офат тауыпты. Сонда Шал XIX ғасырдың алғашқы ширегінде өлген болады. Бұл кезге қоян жылы екі рет – 1807, 1819 жылдарға келеді. Біздің есебімізге сәйкесі соңғысы.

Сонымен, біз Шал ақын Тлеуке Құлекеұлы 1748 жылы туып, 1819 жылы өлген деп санаймыз. Ақынның туған жері, жоғарыда айттық, қазіргі Көкшетау облысындағы Азат теміржол станциясының төңірегі. Ес білгеннен соңғы өмірі өткен жер – қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Сергеев ауданының территориясы.

Қариялардың айтуынша, Шалдың сүйегі Сергеевка селосының қасындағы Аютас деген төбенің қарсысында, Есілдің оң жақ қабағындағы көп бейіттің ішінде. Бірақ ешкім де ақынның қабірін дөп басып көрсете алмайды.

Төрт әйелді Құлеке батырдан алты ұл туған: Бәбеке, Мөңке, Шардақ, Тлеуке (Шал), Қазақбай, Жүсіп. Құлекеден өрбіген ұрпақ қазір 80 үй шамасында, Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев ауданының «Тереңсай», «Заря» совхоздарында тұрады.

Шал қартайыңқыраған шағында Мәлібай, Мәлике деген екі перзент көріпті. Мәлібайдан қазір ұрпақ жоқ. Мәликені қалың қыпшақ елінде Нұрым дегенге ұзатқан екен, Нұрымнан Айтбай, Айтбайдан Наушабай, Наушабайдан белгілі ақын Нұржан Наушабаев туған.

Бәйімбеттің қарттары Нұржанға Шал атамыздың аруағы қонған деседі.

Шалдың бала күнінде Құлеке: «Ұлым батыр болады, жақсылап бақ», – деген екен, келіншегі күліп: «Батыр болмайды, ақын болады: кішкентай күнінде емгенде мамасын домбыра етіп ойнап жатушы еді», – депті-міс.

Шалдың алғаш ақындық даңқының шығуы – он бес жасында.

Құлеке батырдың ағасынан қалған Күреңкей деген бәйге аты бар екен. Соны ел билеген төрелердің бірі бір жорыққа сұрап мінеді де, тақымына жаққан соң айтқан уақытында қайырмай, сіңіріп кетуге айналады. Құлеке қасына Тлеукені (Шалды) ертіп, атын алмаққа өзі барады.

Төре Құлекенің шаруасын білген соң: «Өзің батыр Құлекесің. Басқан ізің мал. Сонша жерден бір тайдың соңынан келгенің қартайғаның-ау, – деп күліпті.

Әңгіме сонымен аяқсыз қалады, ауылда алтыбақан екен. Тлеуке де ойында болып, жастармен бірге ән салып, өлең айтып түнді сауықпен өткізеді.

Қараша күз екен, таң ата ауа салқындап, бұлыңғыр тартып, жауын жауыпты. Мал өргенде бір арық тоқты сазға түсіп, үй сыртында әудем жерде жатып қалса керек. Сыртқа шыға қалған төре мұны көреді де, әлдебір қызметшісіне айтады, ал ол тоқтыны арқалап тасалау бір талдың түбіне әкеліп тастайды. Мұны Тілеуке аңдап қалған екен. Күн көтеріле жұрт оянып, қонақтар жүруге айналғанда төре: «Балам, түнде жеке шыққан дауыс сенікі ме деп жорыдым. Бізде ондай әнші жігіт жоқ еді, қане, екі-үш ауыз лебізіңді естірте кет», – деген екен. Шал өленді қоя беріпті:

Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің,
Болмайды қойға пана тал дегенің.
Жалаң аяқ, жалаң бас тоқты арқалап,
Хан ата, қалай екен мал дегенің!?

Сыйлайды ханымыз деп үлкен, кіші,
Біреудің хақын жемес жақсы кісі.
Тақтағы хан таптағы биді еңкейткен,
Хан-ата, қалай екен малдың күші!

Төре жығынды болыпты дейді.Тұлпарды қайырып, жетекке тағы бір ат қосыпты. Бірақ Құлеке батыр қатты жабырқап қайтыпты: балам батыр бола ма деген үміт кесілді. Шалдың ақын даңқы тарап кетті...

Қобыз сарыны,
Алматы. «Мектеп». 2007. 129-132 б.

Қайролла Мұқанов,
«Солтүстік Қазақстан» газеті.
9 қазан, 2007 ж.

Шал ақын Құлекеұлы

«Қазақтың өлең өнерінің інжу-маржан үлгілерін жасаған, артына өлмейтұғын сөз қалдырған, поэзия тұғырын биікке көтерген ақындар атасы – Шал Құлекеұлының мұрасы болашақта да қадір-қасиетін сақтай беретіні кәміл». Рахманқұл Бердібай.

Біздің жерлесіміз, әйгілі ақын Шал Құлекеұлының есімі осы күні көпшілікке белгілі. «Шал ақын – XV-XVIII ғасырлар әдебиетіндегі ең көрнекті тұлғаның бірі. Біздің қолымызға жеткен шығармаларына қарағанда Құлекеұлы қазақ әдебиетінде Бұқардан кейінгі ірі ақындардың бірі екендігінде шәк жоқ. Мұндай халық тұрмысына, тірлігіне жақын тұрған табиғи төкпе ақындар табиғатта сирек ұшырайтын құбылыс. Ешқандай мектеп, медресе көрмей-ақ өлеңдері ауыздан ауызға, ғасырдан-ғасырға тарап кеткен Шалдың шеберлігі хақында қалай айтсақ та, ол көтере береді», – деп жазды

әдебиетші ғалым Өтеген Күмісбаев өзінің «Шал Құлекеұлы» атты мақаласында («Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті (XV-XVIII ғғ.), зерттеулер. Алматы. 1983, 310 бет). Шал Құлекеұлының шығармалары ұрпақтан-ұрпаққа тарап, сонау XVIII-XIX ғасырлардан бүгінге дейін жетті. Ол туралы алғашқы жазба дерек ғұлама ғалым Шоқан Уәлихановтың еңбегінде аз ғана кездеседі. Шоқан өзінің «Киргизское родословие» деген еңбегінде былай дейді: «Из преданий о происхождении киргиз замечателен джир ахуна из племени Арғын, из рода Атыгай и поколения Кудайберды и отделения его Баймбет Чала, современника прадеда моего хана Абылая. Знающих эту эпопею теперь очень мало, по крайней мере, я до сих пор не имел случая ее слышать. Говорят, что Чал в своем джире собрал все народные сказания, относящиеся до происхождения киргиз, и составил полную генеалогию ханов родоначальников и племен, происшедших от алача (разумеется весь народ) включительно до Кудайберды батыра – одного из 12 сыновей Даута, родоначальника династии поколения Атыгаевского рода. Мы не имеем под рукою этого эпоса» (Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч., т. 2, с. 158). Шоқаннан кейін Шал шығармашылығы туралы жазба дерек көп уақытқа дейін болмады. Тұңғыш рет 1929 жылы «Жаңа әдебиет» журналының № 5 санында Шалдың өз өмірі туралы айтылған «Он бес деген жасым-ай» деп басталатын толғауы жарық көреді. Бұдан кейін Шал ақын туралы толығырақ дерек ақын Ғалым Малдыбаевтың 1958 жылғы 28 қарашада «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Шал ақын кім?» деген мақаласында берілді. Онда Шалдың арғы тегінен, өмірбаянынан мәліметтер беріліп, тоғыз өлеңі оқырманға ұсынылды. «Әртүрлі тақырыпты қозғайтын осы тоғыз өлеңнің өзі Шалдың шымыр, шешен кісі екендігін дәлелдегендей еді», – деп жазды әдебиетші Ханғали Сүйіншәлиев («Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері». Алматы. 1967, 120 бет). Бұл басылымдарға дейін Шал ақын туралы, оның өміршең өлеңдері туралы әдебиет зерттеушілеріне мүлде белгісіз болды деуге болмайды. Өйткені ақынның өлеңдерін оның өмір сүрген атырабындағы Қошан Жантілеуов, Молдағұл Мырзабеков, Ахметжан Нұртазин, Самархан Жұмаділов секілді қариялар жатқа айтып жүретін. Сондай кісілерден Шал ақын шығармаларынан Айқын Нұрқатов, Әйтім Абдрахманов, Фатима Ғабитова, Темірғали Исмайылов сияқты қазақ әдебиеті мен ғылымына үлкен еңбек сіңірген белгілі адамдар жазып алып жүрген. Алайда ақын шығармаларының дендеп баспа беттерін көруі де, ол туралы мақалалар мен зерттеулердің жариялануы да

негізінен 1960 жылдардан басталады. Сол кезден Шал ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мына басылымдарда сөз болды: «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындары шығармаларының жинағы» (Алматы, 1962), «Үш ғасыр жырлайды» (Алматы, 1965), «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (Алматы, 1967), «Қазақстан ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор Ысқақ Дүйсенбаев «Үш ғасыр жырлайды» жинағында жазған алғы сөзінде Шал Құлекеұлының аты Бұқар жырау, Тәтіқара, Ақтамберді есімдерімен қатар аталып, бұл кісілердің шығармалары қазақ әдебиетінде белгілі авторлары бар жаңа әдеби үлгілердің пайда бола бастағанын көрсетеді, осыдан барып жазба әдебиетінің негізі қаланды деген пікір айтады. 1964 жылы қазіргі халық жазушысы, ғалым Мұхтар Мағауин ақынның туған ұрпағының бірі – Қошан ақсақалмен және Мырзахмет, Самархан, Ахметжан, Жанақым секілді қарттармен әңгімелесіп, көп материал жинайды. Соңынан Ғылым академиясы қорына әр кезде түскен Қыздар Қазыбеков, Фатима Ғабитова, Темірғали Исмайылов, Айқын Нұрқатов, Әйтім Абдрахманов, Ғаббас Елеусізов нұсқаларын алып сараптап, өзінің кандидаттық диссертациясының негізгі бөліміне кіргізеді. Кейін ол осы еңбегінің негізінде қазақ тілінде «Қобыз сарыны» (1968), орыс тілінде «Кобыз и копье» (1971) атты монографияларын жарыққа шығарды. Сол 1971 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Алдаспан» атты жинағында ол Шал ақынның 89 өлеңін жариялады. Бұл Шал ақын өлеңдерінің бұған дейінгі басылымдарынан әлдеқайда көп болды.

Сондай-ақ, профессор Ханғали Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері», Ғали Әбетовтің «Шал ақын жайындағы жаңа деректер» (Алматы, 1976), Өтеген Күмісбаевтің «Шал Құлекеұлы» атты еңбектерінде ақындар атасының өмір сүрген кезеңі, шығармаларының кімге арналып, қандай мәселелерді көтергендігі, жалпы Шал ақынның қазақ әдебиетінде алатын орны қарастырылған. «Шал – ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті арасындағы көрнекті өткелдердің бірі. Ол көркем сөздің күшімен көп нәрсені сипаттап кетті. Сондықтан да оны Шығыс поэзиясының жұлдыздарымен еркін салыстыра аламыз... Рудаки, Омар Хайям, Саади, Хафиз, Жәмиді қарасаңыз, Шалмен иықтасатын жерлерін тауып алу қиын емес», – дейді Өтеген Күмісбаев аталған еңбегінде.

1998 жылы 25 қарашада Алматыда өткен «Шал Құлекеұлы және ақындық өнер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының да Шал ақын мұрасын танып, зерттеуге қосқан үлесі мол. Шал ақынның әкесі Құлеке батырдың ұрпағының бірі – Аман-

жол Қошановтың кіріспе сөзімен ашылған бұл конференцияда Қазақстан ғалымдары Шәкір Ыбыраев, Рәбиға Сыздықова, Құбығұл Жарықбаев, Өтеген Күмісбаев, Өмірзақ Айтпайұлы, Жұмат Тілепов, Қырғызстан ғалымы Абдуллажан Ақматалиев, жазушылар Мұхтар Мағауин, Герольд Бельгер ақын шығармаларына жан-жақты талдау жасады. Осы конференциядан кейін шыққан «Шал Құлекеұлы» атты кітапта аталған авторлардың баяндамаларына қоса академик Рахманқұл Бердібайдың, профессор Шериаздан Елеукеновтың, халық жазушысы Мұхтар Мағауинның, академик Әнуар Дербісәлиннің, профессор Ханғали Сүйіншәлиевтің, филология ғылымдарының кандидаты Ғали Әбеновтың, Еңлік Жұматаеваның, журналист жерлесіміз Хамит Біржанұлының мақалалары, ардагер ұстаз, жазушы Сейтен Сауытбековтың әңгімелері жарияланды. Өкінішке орай, бұл кітап өте аз данамен (600 дана ғана) шыққандықтан облыс кітапханаларына, дүкендерге мүлдем түспеді, жұртшылық қолына жетпей қалды. Осыны ескерген облыстық тарихи-өлкетану мұражайы жанындағы «Асыл мұра» орталығы 2003 жылы Шал ақынға арналған жоғарыда аталған кітапқа енген және енбеген ақын өлеңдерінен құрастырып, оның толығырақ жинағын шығарды («Шал ақын. Өлеңдер. Зерттеу деректер, Алматы. «Арыс» баспасы. 2003). Бұл кітапқа бұрынғы басылымдарда жарияланған 89 өлеңге жаңадан табылған 12 өлең қосылды. Кітап 1000 дана болып шығарылып, облыс кітапханаларына түсті және мектептер мен жеке оқырмандар қолына тиді. Бірақ бұл әлі де аз, әрине. Қазіргі кезде, құдайға шүкір, ақын бабамыздың есімі еліміздің барлық жұртшылығына таныс. Оның есімін есте қалдыру үшін атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық. Оның туған ауданы Елбасының Жарлығымен Шал ақын есімімен аталады. Жуырда аудан орталығында ақынның ескерткіші ашылды. Облыс мектептерінде, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында ақынның өмірі мен шығармашылығына көңіл бөлінуде. Ақынның өмірі мен оның өлеңдерінің жас ұрпақты отансүйгіштікке, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуде рөлі зор. «Қызыл тіл, тіршілікте тебіреніп қал», – деп жырлап өткен Шал ақын – Шығыс поэзиясының жұлдызы.

Әр жерде қадір, құрмет көрген жанмын,
Жақсы менен жаманды білген жанмын.
Жайымды сіз білмейсіз, мен – жорға тай,
Тайпалап, талай топқа кірген жанмын.

Жақсылар бізді есінен тастамаған,
Өнерсіз деп жаманға бастамаған.
Қария қазақ, ноғай естіген жан,
Ұрынбаған қалмады жаста маған.

Мен өзім талай сөзді хатпен жазғам,
Әзілдеп мерт болады артық қазған.
Өткен іске өкінсем, өмірім зая,
Тұяққа ілінгенді қайта жазбан.

Жақсының жүрген жері той болады,
Ақыл жоқ, кей адамда бой болады.
Көрмеге қандай жаман болсадағы
Парасат кей шаһбазда ой болады.

Жамандар тыңдамайды жақсы сөзін,
Сүйресең де жақсы іске бұрмас өзін.
Надандар асыл білес сұтас көрсе,
Гауһардай-ақ айырмас сонан көзін.

Адамды жөн білетін дана деп біл,
Істерін жалқау жанның шала деп біл.
Құр жасы елулерге келсе-дағы,
Білімсіз сондай жандар бала деп біл.

Шешен сол – сөйлер сөзден қамалмаса,
Жақсы сол – істер ісін тәмамдаса.
Апу-күпу дегенмен әулие емес,
Күнәсі күнә үстіне жамалмаса.

Жаман сол – жақсы сөзді ұға алмаса,
Ғалым болмас ұстаздан дұға алмаса.
Молла есімін алған жан толып жатыр,
Не керек ғылым бойға жұға алмаса.

Кеңес көп есті берсең іште жатқан,
Бір құдай сөйлесін деп тіл жаратқан.
Қызыл тіл, тіршілікте тебіреніп қал,
Шешендер сендей талай жерде жатқан.

Замандас құрбың келсе, қадірін біл,
Артында әзіл сөздің қалады зіл.
Жалпылама жамандар неме керек,
Шаһбазды нағыз біздей ерім деп біл.

Әйел туралы

Қарауыл қана дейтін бір қатын болады:
таңертен тұрады,
түндікті оңынан ашады.
Кетіп бара жатқанға көз салып,
өтіп бара жатқанды адал алады.
Екінші әйел – қыналы бармақ дейтін:
аз нәрсені көптей қылады,
Көп нәрсені көлдей қылады,
киіміне кір жұқпайды,
Асына қылшық тұрмайды,
дүниесінің бәрі таза болады.
Ерінің бары-жоғын білгізбейді.
Ер егіз, еңбексіз жалғыз деген,
Осы талайлы ердің қолына түседі.
Үшінші әйел – ашып атар, жатып ішер…
Саптама етік көрпілдеп,
Сиыр жапасы сырпылдақ,
Сормаңдай ерге жолығады.

Әкесі Құлеке өлгенде айтқаны

Құлеке жиырмада арқар еді,
Отызда би, қырқында дарқан еді.
Кешегі дулап өткен Құлекенің
Алдынан орыс, қазақ тарқап еді.
Алпыс бір мүшел келді мерттей болып,
Өтпедің сол мүшелден серттей болып.
Кешегі дулап жүрген ер Құлеке,
Су тиген сөне қалдың өрттей болып.

Астынан көк өгіздің тас көтерген,
Кісіні арықтаған ас көтерген.
Бәрі де туған жанның өлмей тұрса,
Бұрынғы үлкен қайда бас көтерген!..
Астынан қара тастың су көтерген,
Мұнарды суға түскен бу көтерген.
Бәрі де туған жанның өлмей тұрса,
Бұрынғы батыр қайда ту көтерген!..

Жігіт туралы

Бір жігіт бар – құр жан,
Бір жігіт бар – тірі жан.
Бір жігіт бар – жігіт жан.
Құр жан дейтін жігіт –
кеудесінде жаны бар,
еш нәрсені бітірмейді.
Тірі жан дейтін –
бар тапқанын киім мен
асқа сатар,
жақын көрген досын
жатқа сатар,
Қызыл белбеу, шоңқима
етік, үкі тағып,
әркімді бір сықақ қылар;
Жігіт жан дейтін жігіт –
Сегіз қырлы, бір сырлы болар.

«Шал ақын Құлекеұлы және ақындық өнер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары

(Шал ақын Құлекеұлы. Шығармалары. Зерттеулер)
(Алматы. 1999 жыл 264 бет, 600 дана)

Халықтар бірлігі мен Ұлттық тарих жылына арналған 1998 жылы 25 қарашада өткен «Шал ақын Құлекеұлы және ақындық өнер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда Қазақстан Республикасы Ғылым министірлігі, Ғылым академиясының вице-президенті, академик Аманжол Қошановтың кіріспе сөзі.

– Құлеке батырдың перзенті, Үйсін Төле бидің жиені Шал Құлекеұлының біздің бірнеше ғасырлық поэзиямыздағы қадір-қасиеті ерекше…

Ол ұлы ғалымымыз Шоқан Уәлихановтың: «Менің бабам Абылай ханның замандасы Арғын Атығай ішінде Бәйімбет табынан шыққан Шал ақын қазақ халқының тегі, қазақ халқын құраған рулар жайлы аңыздарды жинақтап, ғажайып эпос жасаған», – дегеніндей өз кезінің терең білімді оқыған азаматы.

Ақын мұрасының бүгінгі таңда қазақ әдебиетінің тарихын, тілін зерттейтін ғалымдарымыз бен көрнекті ақындарымыз, жазушыларымыздың, алыс-жақындағы түрік, қырғыз бауырларымыздың зерттеу объектісінің нысанына айналуының өзі оның поэзиялық құдіретінің пәрменін паш етіп, алып ақын болғандығын айқындай түсуде. «Отан тарихы сабақтары және Қазақстан қоғамының жаңғыруы» атты Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының арнаулы сессиясында Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаев мырза қазақ халқының ұлы перзенттері Абылай, Әбілқайыр, Бұқар жырау, Төле, Қазыбек, Әйтеке билер, Абай, Шоқан қатарында Шал ақын есімін де атады. Бұлар халқымыздың рухани қуаты, ел егемендігінің ірге тасын бекіндіруге бірден бір мәңгілік дәнекерлер деп танылды. Ал, мұның өзі түптеп келгенде бүгінгі конференцияны біздің ұлттық әдебиетіміздің мерейін көтеретін, өміріміздегі елеулі оқиға деп есептеуге кепілдік береріне дау жоқ. «Шал ақын Құлекеұлы және ақындық өнер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияны ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

Уәп Латанов,
соғыс және еңбек ардагері

Шал ақын өлеңдерінің ел арасында таралуы

Құрметті жәмиғат!

Бұрын мүйізі қарағайдай академиктердің, ақын-жазушылардың алдында сөз сөйлеп машықтанбағандықтан, мүдіріп, сүрініп қалмау үшін айтар ойымды қағазға түсіріп алып едім. Енді соны оқып беруге рұқсат етіңіздер.

Биылғы халықтар бірлігі мен тарих жылы біздің бабамызды еске алып, жыр дүлділінің 250 жасқа толған мерейтойын ұйымдастырған екенсіздер. Осы алқалы жиынға Шал ақын бабамыздың кіндік қаны тамып, өсіп-өнген жерден елдің ыстық ілтипаты мен жүрекжарды қуанышын арқалап біз де келіп тұрмыз.

Асыл бабамыздың ақберек ақындығы, сөз өнерінде тарихпен әдебиеттен алар орны, тілінің шұрайлылығы, қиыннан қиыстырып сөз саптауы туралы зерттеуші ғалымдар жеріне жеткізе баяндады.

Ақын бабамыздың тікелей ұрпағы, сол елдің азаматы ретінде бірнеше жағдаятқа тоқталуды қош көрдім. Біріншіден, ақын өлеңдерінің ел арасында таралуы хақында, алланың нұры жауғыр, Мұхтар Мағауин іниміздің асқан еңбекқорлығы мен ізденімпаздығы арқасында ақын жырлары бір арнаға топталып, халық игілігіне айналып отыр. Сол үшін заманымыздағы тұлғалы жазушы, мәттағам ғалым Мұхтар Мағауинге баба ұрпақтары атынан мың да бір алғыс айтамыз. Өнерің өрге жүзе берсін, қарағым.

Әдетте, қазақ асыл сөзді жерде қалдырмаған. Шашау шығармай жинап жүрмегенмен, уыттыларын алып ыңғайлы жерінде пайдалынып отырған. Шал ақын өлеңдері де ауыздан ауызға тарап, құйма құлақ кісілердің айтуымен ұрпақтан ұрпаққа асыл мұра ретінде жеткен.

Мәселенші, ел арасында көне көз қариялардың аузынан естіген, бірақ та, басылымдарда кездесе қоймаған толғауынан бір үзінді келтіруге болады:

Аз ғана кеңес жазайын
Мына бір дәптер қағазға,
«Ақымаққа таяқ» деген бар,
Ақылды нұсқа сабазға.
Мұсылмандар, жедел бол
Ораза, иман, намазға.
Ағайын болсаң, тату бол
Әуес болма наразға.
Ризық берер бір құдай,
Жарлы болсаң тағы азба,
Жалғыз болып бай болсаң
Дәулетің болар туғаның.
Жарлы болып көп болсаң
Көпте болсаң сынғаның.
Езгілік етсең сөйлеме
Ысырап болар қылғаның,
Досқа жалған сөйлесең,
Өзіңді өзің ұрғаның.
Түрлі ғылым, өнерге
Жаста әдет қылмасаң,
Бәйтеректей қайыспай
Қоңырайып тұрғаның.
Бұл заманға желікпе
Көрмегенге нанбаған.
Екі достың арасын
Айырады оңбаған.
Хақиқат өзі көрмесе
Тілге азбайды оңды адам.
Ақсақал болмас ауылда
Өз алдына қонбаған.
Билігі келмей басына
Біреу айдап зорлаған.
Балаң әдеп көрмейді
Сабақ алмай молдадан.
Би кеңесі түзелмес
Үлгі көрмей ордадан.
Ердің ері сол болар
Шашпай сырын жинаған.
Жаман жолдас сол болар

Орынсыз жерде қинаған.
Жақсы жолдас сол болар
Шашпай сырын жинаған.
Баланың асыл болғаны
Ата, енесін сыйлаған.
Үйретпей таныр өз орнын
Ақылға толық милы адам.
Милы адамның белгісі
Сөзі шықпас шашауға.

Бәрі бірдей тоқпақ деп
Балта ұрма қашауға.
Ақылсызды үйрету
Салғандай құрық асауға
Негізі жаман жасықты
Қайтадан болмас жасауға.

Тіпті сол кездің өзінде дінге деген қазақ халқының ыждаһанына сын көзбен қараған. Шалдың сөзі осы күнгі халімізгеде көз жүгірткендей көрінеді. Мысалы,

Қазақ жүр мұсылмандық жаласында
Сайраңдап сахарының даласында.
Пайда ізден күндіз-түні дамылы жоқ,
Ғибадат хаққа қылмас шамасында.
Дегенменен, мұсылман іс бітпейді,
Бұл күнде жұрттың көбі дін күтпейді.
Қазақша киім киіп сөйлегенмен
Мойнынан парыз, уәжіп бір түспейді.
Дау десе ұмтылатын болдың, қазақ
Дін десе шалқаясың, сорлы қазақ.
Мынауың өтірік деп бетке түкір,
Жоқ болса бұл сөзімнің орны, қазақ.
Ортаға жарар еді мешіт салса,
Намазын қаза қылмай оқып тұрса.
Бір ғалым фазиматтан имам сайлап
Байлары жәрдем беріп уахыб қылса,

– дейді де

Дүнияға семіреміз несін біліп

Азды көп қызығына есіріліп.
Дүнияға жалаңаш кеп жаяу қайттың,
Мойынға төрт қары боз тесіп іліп,

– деп тоқтайды.

Біздің тұсымызда да ел ішінде білгір қариялар көп болды. Осы жиынды ашқан Аманжолдың әкесі марқұм Қошан аға, осында отырған Мұқаш ағамыздың әкесі Ғаббас отағасы, анау Хамиттің әкесі – дүниеден ертерек озған Біржекең, сондай-ақ өзіміздің Қаратал, Алқаағаш, Социал ауылдарындағы Омар молла, Қарып, Ғаббас молдалар, Ысхақ, Темірбай, Досмағұл, Әбдір, Сұраған, Жүніс сынды қариялар Шал ақын сөздерін майын тамызып айтып отырушы еді.

Әкеден жас, ақылдан бос қалдың дегендей, әр түрлі себептермен біз ол кісілердің айтқандарының көбін ұстай алмай қапы қалдық. Мысалы, мен өзім 17 жасымда соғысқа аттандым. Майданда ауыр жарақат алып, соғыс біткен соң елге оралып, біраз уақыт мүгедектікте болып, айыққан соң от басын құру қажет болды. Таусылмайтын күйбең тіршіліктің қамымен жүрдік.

Осы орайда тың игеру жылдарындағы бір оқиғадан сіздерді хабардар ете кетейін. Бір кезде қазіргі Сергеев су қоймасын жасау ісі қолға алынды. Ата-бабаларымыздың зиратына, Шал ақын да сол арада жерленген, су астында қалу қаупі төнді. Қаншама алысып-жұлысқанмен 200 жылдай болған зират-қорым су астына кетті. Сөз реті келген соң айтып тұрмын. Тірілерді былай қойып, аруақтар рухына да тыныштық бермеген кездер болды ғой.

Мұны айтып тұрған тағы бір себебім – көп бейнеттің бір зейнеті бар деген. Талайдан көкейде жүрген арманды іске асыру жайында. Алматыдағы зиялы қауымның ынта білдіруімен Сергеев ауданына Шал ақын есімін беру туралы мәселе аудандық мәслихатта қаралып, құптайтын шешім қабылданған еді. Осы сапарға шығар алдында облыс басшысының алдына қойылып аудан жұртшылығының пікірі қолдау табады ғой деген үміттеміз.

Иә, еліміздің қиыр солтүстігінде тағы бір аудан байырғы қазақ атауына иеленіп тұрса, қазіргі аласапыран дәуірде бұл да сыртқа айбар, елдігімізге айғақ, нұр үстіне нұр болар еді.

Шал ақын артына мол әдеби мұра қалдырып, туған халқы мен ана тіліне қалтқысыз қызмет етуімен қоса перзенттік парызын адал өтеген ұл.

Абылай ханның жауынгер батырларының бірі әрі елшілік саясатына араласқан Құлеке – Шал ақынның әкесі. Сол кісі дүние салар алдында денесін Түркістанға әулие-әмбиелер қасына апарып жерлеуді өсиет еткен көрінеді. Ит арқасы қиян – сонау терістіктен Бетпақ даланы көктей басып, жылқы терісіне оралған мәйітті салт атпен, айшылық жол жүріп, атақты Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне апарып, жер ана құшағына тапсырған баласы Тілеуке – Шал ақын. Сөйтіп ол ата өсиетін бұлжытпай орындап, перзенттік борышын да риясыз атқарған.

Ал сөз соңында айтатыным, осындай алқалы бас қосу өткізіп, баба рухын тебірентіп жатыр екенсіздер. Бүгінгідей алмағайып шақта мәслихат ұйымдастырған ғылым академиясының басшыларына, ақын атамыз туралы жылы лебіздерін білдіріп, ой толғаған баяндамашыларға, өнер көрсеткендерге шексіз алғысымызды айтамыз. Тыңдаушысы жоқ сөз – жетім. Осы ғимаратқа жиналған сөз қадірін түсінетін тыңдарман қауымға да көп-көп рахмет.

Әмәндә, жақсылықта жүздесейік, ардақты ағайын! Бәрімізді ата-баба аруағы қолдап, желеп-жебеп жүрсін.

Қазақстан Республикасы Президенті
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мырзаға,
Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаев мырзаға,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі
Даниал Ахметов мырзаға

Ашық хат

Ел егемендігіне ие болып, барымызға берекет айтып қана қоймай, сан ғасырларда жоғалтқан жоғымызды да іздеп түгендеу – Президентіміздің үстіміздегі 1998 жылды «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деп атауы барша жұрттың ізгі ниетімен үндестік тауып отыр. Біздің әдетті есеңгіреуден шұғыл арылып оңалар тұсымыз да, ойланар тұсымыз да осы. Солженицын сықылды сайқал саясат қуғыштардың атамекенімізге көз алартқан өлермендігін

тойтару үшін де айтулы өңірлерде кімдер ғұмыр кешіп, ұрпағына қандай мирас-мұра қалдырғанын көзіне шұқып көрсету ләзім.

Осыған орай елім, жерім деген әр қазақ азаматының көзіне оттай ыстық басылатын аймақтардың бірі – ақ қайыңды, күміс көлді Есіл өңірі, Солтүстік сұлбасы. Әйгілі «Елім-айдың» елі, Ақан, Біржан, Шоқан, Ыбырай, Сегіз серінің кіндік қаны тамып, мекен еткен, ән шалықтатқан, салдық-серілік құрған жерлер.

Сол айтулы шоғырдың ішінде қазақтың ақындық поэзиясының үлкен тұлғасы, ұлылықпен терезесін теңестірген Шал ақын Құлекеұлының туғанына биыл 250 жыл толғалы отыр.

Әкесі Құлеке батыр (жазба дерекнамалар бойынша) Абылай ханның беделді де қарымды ру басыларының бірі болуымен қатар қолына қару алып жерін қорғаған, Ресей мен Қытай арасында хан тапсырмасымен елшілікте жүрген ірі тұлғалардың бірі. Кезінде Шоқан Уәлиханов шығыс елдеріне тән ақындық дәстүр туралы айта келе қазақ халқының шежіресін эпос етіп жырлаған ақындық өнердің бірден-бір атақты өкілі Шал ақын еді дейді.

Әдебиетіміздің тарихында Шал ақын жайында біраз дүние бар. Халық ақындары жинақтарында, ауыз әдебиетін зерттеуші ғалымдар еңбектерінде, бұқара халық аялап, жадында сақтағаны қанша десеңізші?! Демек, биыл туғанына 250 жыл толғалы отырған әйгілі ақын бабамызды мақтап қана қанағат тұтпай, мақтанып, ұлт тарихынан лайықты орнын айқындап беру – ұрпақ алдындағы бәріміздің перзенттік ортақ парызымыз.

Осыған байланысты Алматыдағы жоспарланып отырған ғылыми конференциямен қатар халқымыздың көрнекті ақыны, ақындық дәстүрдің төл басы ретінде танылып келген Шал Құлекеұлының туғанына 250 жыл толуына орай, оның туған өңірі Солтүстік Қазақстан облысында, ел ордасы – Астанадағы Еуразия университетінде тиісті мерекелік шаралар белгіленіп, жүзеге асырылса – осының бәрі республикамыздың түстігі мен терістігіне бірдей тарихи маңызы бар мәдени оқиға болар еді деген игі ниетіміз де, тілегіміз.

Ақын бабаның зираты кезінде Аютас аталған ежелгі ел қонысының ескі қорымында. Бұл жер қазір Сергеев ауданы су қоймасының дәл түбінде. Сондықтан Сізден, Президент мырза, осы мәселені ел рухы үшін, жоғалтқанымызды тауып, өткеніміздің оралтамыз деп жатқан осынау ұлт тарихы жылында, кезінде сергелдеңге түскен атажұртымыздың атауын ақын өмір кешкен, мәңгілік тыныс тапқан жері – Сергей деген қара шекпеннің атымен аталып келген

Сергеев ауданына Шал акын есімінің берілуіне (Шал акын ауданы деп аталып), облыс, аудан орталығында бір-бір көшенің ақын атауымен аталуына көмектесуіңізді сұраймыз. Ақын жатқан ескі қорымның тұсынан ескерткіш – обелиск орнатылса. Осы хатта көтерілген мәселе мемлекеттік маңызы бар шаруа ретінде қолдау тауып, шешілуіне сеніміміз кәміл. Бұлай дейтініміз – ұлы Баба аруағы ризашылығы, халықтың жүрек жарды алғысы.

Әбділдә Тәжібаев, халық жазушысы
Тұманбай Молдағалиев, халық жазушысы
Сафуан Шәймерденов, халық жазушысы
Зейнолла Қабдолов, халық жазушысы, академик
Серік Қирабаев, академик
Тұрсынбек Кәкішев, әдебиеттанушы-ғалым
Манаш Қозыбаев, академик
Мұхтар Мағауин, халық жазушысы
Кәкімбек Салықов, ақын, жерлесі
Есләм Зікібаев, ақын, жерлесі
Герольд Бельгер, президент сыйлығының иегері, жазушы
Шәкір Ыбыраев, әдебиеттанушы-ғалым
Аманжол Қошанов, академик, Шал ақынның ұрпағы
Ғарифолла Есім, ҚР ҰҒА корр-мүшесі, сыншы

Алматы, 1998 жылдың сәуірі

Согласно Указу Президента Республики Казахстан от 14 декабря 1999 года № 294 Сергеевский район переименован в район Шал акына.



Жантілеуов Қошан
(1895-1981 жж.)

Шабдар ат Шұбары, Құлеке ауылы № 4 Бәйімбет болысы, Көкшетау уезі, Ақмола губерниясында (қазіргі СКО Шал акын ауданы Аютас мекені) дүниеге келген.

Әкесі Жантілеу Қошанды 1910-1914 жылдары белгілі халық ағартушы-ұстаз Ахмет Жантелин мектебіне берген. Төрт буынын бітірген соң орыс тілін меңгерсін деп Марьевка селосындағы төрт кластық приход мектебіне берген. Екі жыл оқып бірінші сатысын бітірген.

Белгілі қоғам қайраткері, 1918-1921 жж. азамат соғысы кезінде Колчак әскерлерімен, әртүрлі бандалармен күрескен. 1922-1929 ж. Бәйімбет болысы төрағасы болып сайланады. Алаш Орда тәуелсіз қазақ мемлекетін құру мақсатын қолдап, жергілікті жерде осыған сәйкес болыстық комитеттер арқылы халықты осыған бағыттаған саясат жүргізуге ат салысқан. Міне, осы қызметтің басы-қасында бір жағынан жаңа үкіметтің бағытын ескере отырып, екіншіден 20 жылдардағы елдегі алаш азаматтарымен рухани байланыста болу жас волисполком төрағасы Қошан Жантілеуовтің тағдыр артқан жүгі салмақты да күрделі еді. Бәйімбет және Ортақшылдар (Айыртау) болыстарында жаңадан жер бөлісі, елді жаңадан қоныстандырудың өз алдына қиын да бұрын соңды болмаған науқан болатын. Солтүстік Қазақстан облыстық архивінен келесі материал табылды:

В Акмолгубземустройство

От уполномоченного о-ва
«Кулеке» № 4-го аулсовета
Ортакшилдарской волости
Кокчетавского уезда
Кошана Жантлеова

Заявление

Земля, состоявшая в пользовании 435 едоков о-ва «Кулеке» на учете значится по 13 десятин на едока, но по выработанной норме в Акмолгубземустройство полагается нам по 14 десятин, следовательно, по одной десятине не хватило на 435 едоков по 435 единиц.

Поэтому просьба о-ва дополнить этих недостающих земель из сменолежащих участков К. Л. Д. Ястребиной, затем выселить поселок Кривощеково, оставив землю в пользование о-ва «Кулеке».

Последняя просьба заключается в том, что леса, которые по качеству никуда негодны, были включены в счет корма и нужно будет отнести в счет неудобных.

Председатель Кошан Жантлеов.
20/IV-27 г.Ф.70, Оп.6Д.172

Бұл арыз бойынша тексеру комиссиясы құрылып, көрсетілген кемшіліктерді дұрыс деп тапқан. Бірақ сол жылдары елде коллективизация басталып, арыз аяқсыз қалған.

Академик Ебіней Арыстанұлы Бөкетов еске алғанда: «Совет дәуірінің алғашқы кезеңіндегі ел басқарған азаматтардың ішінде халық сыйлап, «әй кәпір» атанбай өткен дара тұлғаның бірегейі еді ғой», – дейтін еді.

1930 жылы Қошан Жантілеуов үлкен көшті бастап (400 үй шамасында) қалың Бәйімбетті Ресейдің Қорған, Түмен облыстарына жан сақтатқанда Социал, Қаратал, Алқаағаш, Бағанаты, қазіргі Ыбыраев, Жаңаталап, елді мекенінің Қабай-Тұяқ, Тәйірберді-Құлеке, Тілеке, Марқаш, Алыпқаш, Нақ аталары (көшуге жарайтындары) осы үлкен көшке ілесіп, жандарын сақтап қалған көрінеді. Осылардың ішінде Сағындықов Малғаждар, Ебіней Бөкетовтың әулеті – әкесі Арыстан, ағалары Ыбырай, Маутайлар да болған.

Содан ел іші тиышталып, жан басы аман қалғаннан кейін 1935-1936 жылдары «ұлы көш» кейін жөңкіліп, елге оралған.



Қошан Жантілеуов
кооперативтер съезінде.
Петропавл. Наурыз, 1924 ж.

Қ. Жантілеуов тарихтан белгілі Құлеке батырдың алтыншы ұрпағы. Ол қазақтың көптеген ақын, жыраулардың өлең жырларын, дастандарын жадында сақтаған. Белгілі ғалым, жазушы Мұхтар Мағауин Қошаннан Шал ақынның 20 астам өленің жазып алып 1971 ж. «Алдаспан» жинағында жарналады. Соңғы жылдарда Қ. Жантілеуов белгілі ақын Ахметжан Нұртазин басқарған Октябрь орман шаруашылығында жұмыс істейді. Қолы бос уақытта қыран бүркіт, жүйрік ит, жақсы ат ұстап, аң аулаумен айналысады. Қ. Жантілеуов кезінде Үкілі Ыбыраймен, оның шәкірті Молдахмет Тырбиевпен жақсы қарым-қатынаста болған. 30 жылдары Үкілі Ыбырай халық жауы атанып Айыртауда тұрмеде отырғанда Қошан оның хәлін біле барып, атақты әнші ақынның соңғы өленін жазып алып елге таратқан. Қ. Жантілеуов зайыбы Шәпия екуі 14 бала тәрбиелеп өсірген.

«Солтүстік Қазақстан», 16 қаңтар, 2008 жыл

Биыл халқымызға адал қызмет атқарған абзал азамат, көне өлең, жыр, аңыз-әңгімелердің қазынасындай болған шежірелі, әйгілі Құлеке батырдың және оның атақты ұлы Шал ақынның ұрпағы Қошан Жантілеуовтің туғанына 110 жыл толады.

Қайролла Мұқанов,
өлкетанушы

ШАЛ АҚЫН ЖЫРЛАРЫН ЖАДЫНДА САҚТАП, халқымызға жеткізген асыл ұрпағы – Қошан Жантілеуов жайлы

Мен Марьевка орта мектебінде оқып жүрген кезімде Аманжол Қошановпен танысып, бірден достасып кеттік. Көктемнің тамаша күндерінің бірінде Аманжол осы ауданның Лесхоз деген ауылындағы әкесінің үйіне бірге барып қайтуға шақырды. Сөйтіп бір демалыс күні Қошан ақсақалдың үйіне келдік. Қошекең сәлемімізді алып, бұрын көрмеген мені «Бұл қай бала?» деп сұрады. Аманжол мектепте бірге оқитынымызды айтқаннан кейін менің ата-тегімді сұрады. Зерек адам ғой, біздің аталарымызды білетін болып шықты. Жатсынған жоқ, өз баласындай көріп жылы сөйлесті. Бәйбішесі Шәпия шешей де жылы шыраймен қарсы алып, қымызын әкеп, шайын жасап бәйек болды. Сол бірінші кездескеннің өзінде Қошекең ескіліктен біраз әңгіме айтып, сол кездегі жаңалықтардан да хабардар екендігін көрсетті. Оқу бітіріп, қызметте жүргенде де Қошекеңнің үйінде бірнеше рет болып, сәлем беріп, қызықты да мазмұнды әңгімелерін тыңдадым. Ол өзінің өмірінен сыр шертіп, азамат соғысы, Кеңес үкіметі орнаған кездерінде басынан өткен жайларды айтатын. Кейін Үкілі Ыбыраймен кездескен кездерін бабалары Құлеке батыр мен Шал ақын туралы әңгімелейтін. Арасында Шал ақынның өлеңдерінен мысалдар келтіріп отыратын еді. Қашан барсаң да, Қошекең жылы шырай мен көтеріңкі көңілмен қарсы алатын және әрқашанда мол, берекелі дастарқаннан дәм татқызбай жібермейтін. Міне, Қошекең осындай ақжарқындығымен, кісілігімен менің есімде қалды. Енді Қошекеңнің кім

екенін ата-тегінен бастап, қазіргі ұрпақтарына дейін жеткізіп айтып көрейін. Қошекеңнің арғы тегі Атығайдың Бәйімбетінен тарайды. өзінің жазып кеткен шежіресі бойынша Бәйімбеттен – Жоламан, одан – Дәулетай, одан – Тәйірберді, одан – атақты Құлеке батыр. Әйгілі Абылай ханның елшісі болған Құлеке батырда алты ұл болған: Бәбеке, Мөңке, Тілеуке (Шал ақын), Шардақ, Қазақбай, Жұсып. Қазақбайдың үлкен ұлы Жанкөшектен – Бекмырза қажы, одан – Жантілеу. Жантілеуде 8 ұл, бір қыз болған. Қошан – Жантілеудің үшінші ұлы. Қошан Жантілеуұлы өзінің ата қонысы Шабдар ат Шұбары ауылында (Шал ақын ауданындағы Аютас маңында) дүниеге келген. Ол әуелі арабша оқып сауатын ашады. Одан Марьевка селосында белгілі қоғам қайраткерлері Байғаскин Есім және Баймақанов Шәкірмен бірге екі сыныптық орыс мектебіне оқуға түсіп, оны 1914 жылы бітіріп шығады. Кеңес үкіметі жаңа орнығып жатқан кезде, 1917-1918 жылдары, жас Қошан Марьевка, Коноваловка селоларында қызыл партизандармен бірге бандылармен күреске шығады. 1918-1921 жылдары «Красная гвардия» партизан отрядының командирі П. Д. Шишкинмен және оның жолдастарымен танысып, оларды Марьевкада штабы тұрған Колчак әскерлерінен жасырған. Өзі Марьевкаға жиі барып, партизандарға ондағы жағдайды хабарлап отырған. Бұл істе оған немере ағасы Дайыр Сақтағанов пен әкесі Жантілеу де көмектескен. 1919 жылдың күзінде Колчак әскері Қызыл Армияның тегеуріне шыдамай, Омбыға қарай қашады. Қызыл Армия әскері келгесін тығылып жүрген партизандар оларға қосылып, Қошанға, әкесі Жантілеуге, немере ағасы Дайырға рахмет айтып, Колчак әскерінің ізіне түсіп қуып кетеді. Қошан Жантілеуов Кеңес үкіметінің алғашқы шараларын орындауға белсене қатысады. 1921 жылы аштық кезінде Петроградтан келген жұмысшы, азық-түлік отрядының бастығы Александр Кукке көмектесіп, ашығып жатқан Орталық Ресей және Еділ бойы тұрғындарына астық жөнелтуге қолғабыс жасайды. 1922 жылы Көкшетау уездік партия комитеті мен атқару комитетінің ұсынысымен 24 жастағы Қошан Жантілеуов Бәйімбет болыстық атқару комитетінің төрағасы болып сайланады. Ал 1924 жылы сол уездің іріленген Ортақшылдар болыстық атқару комитетінің басшысы болады. Бұл болыстың жері осы күнгі Айыртау, Шал ақын және Ғабит Мүсірепов атындағы аудандардың жерін қамтыған еді. Осы қызметтерде жүріп, Қ. Жантілеуов ауыл, селоларда кеңес билігін құру, көшпелі ауылдарды отырықшыландыру, елді кооперациялау, ұжымдастыру жұмыстарын жүргізуге белсене ат салысқан.

Ол әсіресе халықты сауаттандыру жұмысына көп еңбек сіңіреді. Қызылжар өңірінде бірінші болып осы болыстықта «Қызыл отау» жұмысы ұйымдастырылған. «Қызыл отау» жұмысын жандандыру үшін әрі жұрттың сауатын ашуға көмектесу үшін Петропавл педтехникумы мен кооперативтік техникумның оқытушылары мен студенттері шақырылады. Олар әр түрлі көптеген мәдени жұмыстар жүргізіп, сауатсыздарға сабақ берген. Соңғы уақытқа дейін сол болыстықтың қариялары Қ. Жантілеуовтың «Қызыл отау» жұмысын жақсы ұйымдастырғанын, сондықтан жергілікті тұрғындардың да оның өткізген шараларына зор ынтамен қатысқанын айтып отырушы еді. Ұжымдастырудың алғашқы кезіндегі асыра сілтеушіліктер және 1931 жылғы аштық Қ. Жантілеуовті жұмысын тастауға мәжбүр етті. Ол өз аулының және бірнеше көрші ауылдардың тұрғындарын басқарып, Түмен облысына көшіріп апарады. Сөйтіп жүздеген жерлестерін қырғыннан аман сақтап қалады. Көп ұзамай еліне қайтып келген Қ. Жантілеуов Көкшетау және Солтүстік Қазақстан облыстарының «Заготскот» жүйесіндегі кеңшарларын басқарады. Соңғы жылдары зейнеткерлікке шыққанға дейін ол белгілі ақын Ахметжан Нұртазин басқарған Октябрь орман шаруашылығында қызмет атқарды. Қолы бос уақытта қыран бүркіт, жүйрік ит, жақсы ат ұстап, аң аулаумен айналысты. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де бірсыпыра уақыт аңшылығын жалғастырды. Сол кездегі Қошекеңнің аңшылық кезіндегі батылдығын Ахметжан ақын өлеңінде былай суреттеген:

Ағашқа Қошан барды да,
Айқай шықты мұңдалап.
Аңшының көбі алдында,
Барады аңды қуалап.

Аты жүйрік астында,
Жетті Қошан төтелеп.
Салған найза қасқырға
Бойлады барып жетеден.

Сағадан сынып найзасы,
Өзіне қасқыр ұмтылды.
Таусылды қарттың айласы,
Абыржыды бір түрлі.

Өзіне қасқыр атқанда,
Алқымнан алды шошынбай.
Алпыстан жасы асқанда
Қарт көрдім батыр осындай.

Ат үстінен алысқан,
Аңшының ерлік бұл ісі.
Алқымда қолы қарысқан,
Қасқырдың бітті жұмысы.

Алынған қасқыр терісін,
Қанжығаға байлады.
Қарияның бұл ісі
Батылдықтың айғағы.

Қошекең Құлеке батырдың туған баласы, өзінің бабасы Тілеукенің (Шал ақынның) көптеген өлеңдерін жатқа білген. Белгілі ғалым, жазушы Мұхтар Мағауин Қошан Жантілеуовтен Шал ақынның жиырмадан астам бұрын баспа бетін көрмеген өлеңдерін жазып алып, «Алдаспан» (Алматы. «Жазушы», 1971 ж.) жинағында жариялады. Қ. Жантілеуов кезінде Үкілі Ыбыраймен, оның шәкірті Молдахмет Тырбиевпен жақсы қарым-қатынаста болған. 1930 жылдары Үкілі Ыбырай халық жауы аталып Саумалкөлде түрмеде отырғанда Қошан оның халін біле барып, атақты әнші-ақынның соңғы өлеңін жазып алып елге таратқан. Қ. Жантілеуов зайыбы Шәпия екеуі 14 бала тәрбиелеп өсірді. Оның ұлы Аманжол Қошанов – Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, белгілі қоғам қайраткері, білікті экономист. Өзге балалары да жоғары білім алып, әр салада жемісті еңбек етіп жүр. Қошан Жантілеуов өз балаларымен бірге әкесі Ғайса Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тауып, шешесі Мәруар (Қошекеңнің қарындасы) 1945 жылы 29 жасында қайтыс болған, шиеттей үйелмелі-сүйелмелі Рахила, Рәш, Күләш атты үш жиенін өз қамқорлығына алып, тәрбиелеп өсіріп, оқытып, олардың өмірден өз орындарын алуларына көмектесті. Қошекеңнің осындай қайырымдылығын басқа да көптеген азаматтар көрді.

Өңіріміздің беделді азаматы, халық ауыз әдебиетінің білгірі, шежіреші, шешен Қошан Жантілеуов атамыз 1981 жылы 83 жасында дүние салды. «Орнында бар оңалар» дегендей, артында мол ұрпағы қалды. Бүгіндері Қошекеңнің 5 ұлы, 6 қызы, 50-ден

астам немересі, соған жуық шөбересі өздерінің сүйікті де ұлағатты әкесін, атасын, нағашы атасын зор сағынышпен еске алып отырады, оның айтқан нақыл сөздерін, өсиеттерін орындауға тырысады. Қошекеңнің жастарға берген аталық батасының өзі көңілді көтеріп, бойға жаңа күш-қуат беретіндей еді. Бірде мен оның сүйікті ұлы Аманжолға берген мына бір батасын жазып алған едім:

А, құдайым оңдасын, оң жолына бастасын!
Ғайып ерен, қырық шілтең, Қыдыр бабам қолдасын!
Маңдайыңнан бағың ашылсын, бағың күннен-күнге тасысын!
Береке дарып дастарқаныңа, қастарың маңайыңнан
аулақ қашсын!
Үкімет айтты дұрыс заң, бұрылма сол жолыңнан!
Басыңа бақыт, қыран құс қонсын!
Осы айтқаныммен тура жүр!
Жеті атаңа дейін бағың соңыңнан қалмай барсын!

Биыл Қошан Жантілеуұлы 110 жасқа толады. Осыған орай ұлы бабасы Шал ақынның мол мұрасын жадында сақтап, жұртына жеткізген, өз ұрпағын, елін, жерін сүюге, халқына адал қызмет етуге тәрбиелеген абзал атамызды еске алып, аруағына құрмет көрсетуді парызымыз деп білеміз.

Латанов Уәп Латыпұлы
(1925-2007 жж.)

Уәп Латыпұлы Латанов 1925 жылдың 28 қаңтар айында қазіргі Шал акын ауданының Қаратал ауылында дүниеге келіпті. Әкесі Латып сол кездегі сауатты адамдардың бірі болған. Ол өткен ғасырдың 20 жылдарының соңы мен 30 жылдардың басында Қаратал ауылында колхоз басқарады. Ол 1935 жылы ұзақ аурудың салдарынан дүние салады. Әкеден жас қалған Уәп тұрмыстың қиындығына қарамай оқуын үзбейді. Орта мектепті бітіріп, жоғарғы оқу орнында білімін жалғастыруды армандайды. Алайда 1941 жылы басталған алапат соғыстың кесірінен ол 9 сыныпты бітіргеннен кейін туған ауылында есепшілік жұмысқа орналасады. Соғыстың



екінші жылы аудандық оқу бөлімі оны мұғалімсіз қалған Алқаағаш бастауыш мектебіне жібереді. Сөйтіп 9 сыныпты бітірген жас бозбала сол мектепті басқарып, оның жұмысын дұрыс жолға қояды.

Келесі жылы 18 жасқа толған ауыл мұғалімі әскер қатарына шақырылып, алдымен Самарқанд қаласында дайындықтан өтеді. Содан кейін Украинаны азат етуге қатысады. Днепр өзені үстіндегі кескілескен шайқаста ерлік көрсетеді. Корсунь-Шевченко ұрысында ауыр жарақаттанып, алты ай госпитальда жатып емделеді. Одан кейін атты ескерлер артиллериясында Шығыс Пруссияға дейін барады. 1945 жылдың ақпан айында Уәп Горький қаласына радистерді дайындайтын курсқа жіберіледі. Жеңіс туралы қуанышты хабарды сонда естиді. Сол жылы күзде елге оралады. Октябрь аудандық атқару комитеті оның әскер қатарындағы алған радист мамандығын ескеріп, аудандық байланыс мекемесіне қызметке жібереді. Ол жерде қатардағы байланысшыдан сол мекеменің бастығына дейін көтеріледі. Өзі қызмет атқарған он жылдың ішінде сол саланың жұмысын көтеруге көп еңбек сіңірді. Атқарған қызметінде іскерлік, ұйымдастырушылық қабілетін таныта білген Уәп Латыпұлы аудандық атқару комитетінің орынбасары болып тағайындалады. Осы қызметті 14 жыл атқарған Уакең аудан тұрғындарының әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешуге қол үшін беріп, көпшіліктің алғысына бөленді. Бұдан кейін ол Сергеев су қоймасы басқармасын басқарды. Осы қызметтен зейнеткерлікке шығады.

Соғыста алған ордендері мен медальдарына қоса елеулі еңбегі үшін екі мәрте «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен, Құрмет грамоталармен марапатталады. Сергеевка қаласының құрметті азаматы.

Уәкең зейнеткерлікке шыққан соң да қол қусырып отырған жоқ. Аудан, қала өмірінің тұрмыс-тіршілігіне белсене араласты. Көп жылдар бойы аудандық ақсақалдар кеңесінің мүшесі болды. Ол әсіресе білім саласындағы, қазақ тілін дамыту жолындағы кемшіліктер жөнінде өз ойын білдіріп отырды. Уәкең жас ұрпақтың өз ата-тегін білу үшін бұған дейін ауызша таралып келген шежірелерді жазып сақтау қажеттігін айта отырып, өз бабалары-

ның шежіресін сонау Дәуіттің 12 баласынан бастап бүгінге дейін тізіп, аудандық «Парыз» газетінің 2002 жылғы 27 қыркүйегіндегі санында жариялады. Ол өзінің арғы аталарының бірі Шал ақын Құлекеұлы туралы да деректер жинап және ауданға Шал ақын есімін бергізуге көп еңбек сіңірді. Нәтижесінде 2003 жылы Елбасының арнайы Жарлығымен Шал ақын ауданы деп аталды.

Уәп Латыпұлының өмірі мен қызметі, адамгершілік қасиеттері жастарға үлгі, өнеге болары сөзсіз. Өмірде әртүрлі адамдар болады ғой. Солардың ішінде адамгершілігімен, ақыл-парасатымен, жібектей жұмсақ мінезімен ерекше есте қалатындары да бар. Міне, сондай жандардың бірі осыдан екі жарым жылдай уақыт бұрын дүниеден өткен Уәп Латанов ағамыз еді.

Асылдың сынығы еді

Мен Уәкеңді ең алғаш 1950 жылдардың басында сол кездегі Октябрь ауданының орталығы Марьевка орта мектебінде оқып жүргенімде көрдім. Ол кезде шамасы 26-27 жастағы Уәкең аудандық байланыс мекемесін басқаратын. Біз, мектеп оқушылары, оның аққұба, дөңгелек жүзді көркіне қызыға қарайтынбыз. Кездескенде сәлем беріп жүретінбіз, ал сөйлесуге батылымыз бармайтын. Ол сәлемімізді алып, біздің сабақ үлгеріміміздің сұрап, жақсы оқитынымызға ризашылығын білдіретін. Университетті бітіріп, Хрущев атындағы совхоздың орта мектебінде, кейін Городецкое селосының орта мектебінде қызметте жүргенде Уәкеңмен жиі кездесіп жүрдік. Мен Қызылжар қаласына қызметке ауысқанда да байланысымыз үзілген жоқ. Кездескен сайын сәлем бергенде жылы амандасып, жағдайды сұрап, шынайы көңілін білдіріп жататын. Өз басым ол кісімен қаншама жылдар бойы кездесіп, әңгімелесе жүріп, оның біреуге дауыс көтергенің көрмеппін. Қашанда салмақты қалпын сақтап, аса бір байыппен сөйлейтін. Айтқан әңгімелері адамды қызықтырып, тыңдағың келе беретін. Уәп 1925 жылдың 28 қаңтарында қазіргі Шал ақын ауданындағы Қаратал ауылына Латып Дәулетбайұлының отбасында дүниеге келіпті. Әкесі Латып сол кездегі сауатты адамдардың бірі еді. Өткен ғасырдың 20 жылдары-

ның аяғында бірнеше үйдің басын біріктіріп, шағын кооператив құрды. Кейін Қаратал ауылында колхоз құрылғанда ауылдастары оны соның басқармасы етіп сайлады. 1930-1932 жылдары көрші ауылдардың тұрғындары аштықтан өліп немесе басқа жаққа көшіп кетіп жатқанда Латыптың іскер басшылығының арқасында қараталдықтар егін егіп, мал өсіріп, аштықтың зардабын көрмепті. Әттең, өзі ұзақ аурудың салдарынан 1935 жылы дүние салыпты. Ол кезде Уәп әлі жеті жаста ғана екен. Әкеден жетім қалған жас бала тұрмыстың қиыншылығына қарамай оқуын үзбейді. Қайта орта мектепті бітіріп, жоғарғы оқу орнында білімін жалғастыруды армандайды. Алайда, 1941 жылы басталған соғыстың кесірінен ол Ленин орта мектебінің 9 сыныбын бітіргеннен кейін туған ауылына келіп, есепшілік жұмысқа орналасады. Соғыстың екінші жылы аудандық оқу бөлімі оны мұғалімсіз қалған Алқаағаш бастауыш мектебіне жібереді. Сөйтіп 9 сынып бітірген жас бозбала сол мектептің жұмысын басқарып әрі жас бүлдіршіндерге сабақ беріп, оның жұмысын дұрыс жолға қояды.

Келесі жылы 18 жасқа толған ауыл мұғалімі әскер қатарына шақырылып, Самарқанд қаласында дайындықтан өтеді. Содан кейін Украинаны азат етуге қатысады. Днепр өзені үстіндегі кескілескен шайқаста ерлік көрсетеді. Корсунь-Шевченко ұрысында ауыр жараланып, алты ай госпитальда жатып емделеді. Одан кейін Пугачев қаласында жасақталған атты әскерлер артиллериясы полкінің құрамында Шығыс Пруссияға дейін барады. 1945 жылдың ақпан айында Уәп Горький қаласында радистер дайындайтын курсқа оқуға жіберілді. Жеңіс туралы қуанышты хабарды сонда естиді. Сол жылы күзде елге оралған Уәп аудандық статистика басқармасына жұмысқа орналасады. Көп ұзамай Октябрь аудандық атқару комитеті оның әскер қатарында алған радистік мамандығын ескеріп, аудандық байланыс мекемесіне қызметке жібереді. Онда ол қатардағы байланысшыдан сол мекеменің бастығына дейін көтеріледі. Өзі қызмет атқарған он жыл ішінде аталған ауданның елді мекендеріндегі байланыс бөлімшелерінің жұмысын жақсартады. Уәкең аудандық мәдениет бөлімін басқарған кезде де осы саланың жұмысын көтеруге көп еңбек сіңіреді. Қай жерде болмасын іскерлік, ұйымдастырушылық таныта білген Уәп Латыпұлы одан әрі аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары лауазымына жоғарылатылады. Осы қызметті табан ауыстырмай 14 жыл атқарған Уәкең аудан тұрғындарының әлеуметтік тұрмыстық мәселелерін шешуге қол ұшын беріп, көпшіліктің шынайы

алғысына бөленеді. Бұдан кейін ол тоғыз жылдай Сергеевка су қоймасы басқармасын басқарады. Осы қызметтен зейнеткерлік демалысқа шығады. Бір сөзбен айтқанда, Уәкең қандай қызметте болмасын өзінің еңбексүйгіштігімен, адалдығымен, кішіпейілдігімен, халыққа етене жақындығымен зор құрметке бөленді. Соғыста алған ордендері мен медальдарына қоса елеулі еңбегі үшін екі рет «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен және Құрмет грамоталарымен марапатталды. Сергеевка қаласының құрметті азаматы атағына ие болды. Уәкең зейнеткерлікке шыққасын да қол қусырып қарап қалған жоқ. Аудан, қала өмірінің тұрмыс-тіршілігіне белсене араласты. Көп жылдар бойы аудандық ақсақалдар кеңесінің мүшесі болды. Өзінің сүйікті жары Күлпәшпен 56 жыл бірге тату-тәтті өмір сүрді. Екеуі екі ұл, бес қыз тәрбиелеп өсірді. Балаларының бәрі де ер жетіп, жоғары білім алды, үйлі-баранды болды, әр салада қызмет атқаруда. Олардан көрген немерелері, жиендері бар. Уәкең қызметте жүргенде де, зейнеткер жасында да ел қамын ойлап, әрдайым толғанып, проблемалық мәселелер көтеріп отырды. Солардың бірқатарын баспасөз басылымдарында жариялап тұрды. Республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінің 2002 жылғы 13 қыркүйектегі санында жарияланған «Білім беру жолындағы кейбір келеңсіздіктер» атты мақаласында Уәкең елімізде білім беру сапасы төмен жекеменшік университеттердің қаптап кеткеніне қынжылады. Оларды бітіріп, диплом алып шыққан жастардың көпшілігі жұмыссыз жүргенін айта келіп, одан да болашақ жастарға білім беретін мектеп мұғалімдерін көбірек дайындау қажеттілігін ескертеді. «Солтүстік Қазақстанның» 1995 жылғы қаңтарында жарияланған «Ел тағдыры, ер тағдыры» атты мақаласында ол жастардың бұрынғылар айтқандай жеті атасын білуінің қажеттілігі, әр ауылдың тарихын жазып, келешек ұрпаққа танымдық маңызы бар материал дайындап беру туралы пікірін білдіреді. Уәкең жас ұрпақтың өз ата-тегін білуі үшін бұған дейін атадан балаға ауызша таралып келген шежіресін жазып, сақтау қажеттігін айта отыра, өз бабаларының шежіресін сонау Дәуіттің 12 баласынан бастап бүгінге дейін тізіп, аудандық «Парыз» газетінің 2002 жылғы 27 қыркүйектегі санында жариялады. Бұл аса құнды дерек – осы күнгі жастарға таптырмайтын құжат.

Уәкең өзінің жетінші атасы Құлеке батырдың жатқан жерін анықтау үшін де біраз тер төкті. Ол Әзірет сұлтан (Қожа Ахмет Яссауи) мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының қызметкерлеріне бірнеше рет хат жазып, ақырында 1999 жылдың

3 маусымында сол кесенеде өтетін бабалар сүйегін мемлекеттік деңгейде жерлеу рәсіміне шақырған жеделхат алады. Өкініштісі, ол хабар кеш келгендіктен бара алмады. Кейін «Қазақ әдебиеті» газетінің сол 1999 жылғы 11 маусымындағы санында Яссауи кесенесінде сақталған 82 құлпытастың тізімі беріліп, онда 61-ші болып «Арғын Құлеке батыр Тәңірбердіұлы» деп берілген бабасының есімін көріп, Уәкең зор қуанышқа бөленеді. Оны жұртқа жеткізу үшін ол «Солтүстік Қазақстанның» шілде айындағы № 53 санында «Бабамыздың рухы жаңғырды» деген мақаласын жариялады. Онда Уәкең Құлеке өз заманында жоңғарларға қарсы соғыста аты шығып, Абылай ханның белді батырларының бірі болғаны, патшалық Ресей мен қазақ елі арасында қызмет атқарғаны, хан-сұлтандармен бірге антқа қол қойғаны туралы жазды.

Уәп Латыпұлы аталарының бірі Шал ақын Құлекеұлы туралы да материалдар жинап, мақалалар жазды. Оның сол еңбегі ескеріліп, еліміздің көрнекті ғалымдары бас қосқан «Шал ақын Құлекеұлы және ақындық өнер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға қатысуға Алматыға шақырылды. 1998 жылы 25 қарашада өткен осы конференцияда Уәп Латыпұлы Шал ақын өлеңдерінің ел арасында таралуы деген тақырыпта сөз сөйледі. Кейін Алматының «Дайк-Пресс» баспасынан шыққан «Шал ақын Құлекеұлы (Шығармалары. Зерттеулер)» атты кітапта басқа ғалымдар мен жазушылардың мақалаларымен қатар Уәкеңнің сөзі де басылды.

Сол кітаптың соңында халық жазушылары Әбділдә Тәжібаев бастаған зиялы қауым Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа, мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаевқа СҚО-ның сол кездегі әкімі Даниял Ахметов қолдаған Шал ақын Құлекеұлының 250 жылдық мерейтойының құрметіне оның туған жеріндегі Сергеев ауданын Шал ақын деп атауға көмектесуін өтінген ашық хаты келтірілген. Құдайға шүкір, бұл өтініш 1993 жылы орындалды. Бұл шешім Елбасының арнайы жарлығымен бекітіліп, ақынның туған ауданы «Шал ақын ауданы» деп аталды. Осы тарихи маңызды жұмысқа Уәп Латыпұлының еңбегі зор екені бүгінде көпке мәлім. Кейін Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы жанындағы «Асыл мұра» орталығы Шал ақын өлеңдерінің толық жинағын шығарды. Сергеевка қаласында аудан әкімдігінің алдындағы алаңға Шал ақынның ескерткіші қойылып, салтанатты түрде ашылды. Осының бәрі Уәкең бастаған үлкен ізденістің жалғасы деуге толық негіз бар. Жалпы алғанда, Уәкеңнің өмірі мен қызметі, адамгершілік

қасиеттері жастарға үлгі, өнеге дер едім. Осының бәрі олардың бойына адамгершілік, еңбек сүйгіштік, еліне, жеріне, халқына деген патриоттық сезім ұялатуға зор әсер етері сөзсіз, әрине!

Қайролла Мұқанов,
өлкетанушы

Қоспанов Қайрөш Қоспанұлы



Қоспанов Қайрөш 1929 жылы 21 қарашада Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь (қазіргі Шал ақын) ауданындағы Қаратал ауылында дүниеге келген.

Ленин орта мектебін бітіріп Петропавл педагогикалық училищесіне түседі. Осы оқу орнын тәмамдағаннан кейін Октябрь ауданындағы Ленин орта мектебіне мұғалім болып орналасады. 1950 жылдың наурызынан 1953 жылдың маусымына дейін әскери борышын өтеуде болады. Әскер қатарынан оралғаннан кейін Қарағанды педагогикалық институтына оқуға қабылданып, оны 1957 жылы бітіріп шығады. Осы жылы өзі білім алған Ленин орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ береді. 1963 жылдың тамызында осы мектептің оқу ісінің меңгерушісі, ал 1965 жылдың 22 шілдесінен директоры болып істейді.

1967 жылы 6 қыркүйекте Қайрөш Қоспанов Кривощеков орта мектебіне директор болып ауыстырылады. 9 жыл осы мектепте басшылық жасайды. Осы уақыт ішінде ол ұйымшыл, іскер педагогикалық ұжым құра білді. Тамаша пән кабинеттері мен еңбекке баулитын шеберханаларды жабдықтады. Мектепте жақсы жабдықталған спорт залы, атқыштар тирі, волейбол, футбол алаңдары, жеңіл атлетикадан жаттығу жасайтын алаңдары бар спорт комплексі құрылды. Қ. Қоспановтың шебер басшылығының арқасында мектепте оқу-тәрбие жұмысы жоғары деңгейге көтерілді.

Оқушылардың білім сапасы артты. Мектеп шәкірттері аудандық және облыстық пән олимпиадаларында, көркем өнерпаздар байқауларында, спорттық жарыстарда жүлделі орындарға ие болды. Осы мектептің көптеген түлектері жоғары және орта арнаулы оқу орындарына түсті.

Қайрөш Қоспанұлы оқу-тәрбие жұмысының көптеген мәселелерін мұғалімдер ұжымымен және ата-аналармен ақылдаса отырып шешетін. Жергілікті кеңшар және атқарушы билік басшыларымен жақсы қарым-қатынаста болғанның нәтижесінде мектептің материалдық базасы нығайды. Сөйтіп аз уақыт ішінде Кривощеков орта мектебі аудандағы және облыстағы ең таңдаулы мектептердің бірі болды.

Қ. Қоспановтың осындай жұмыстарын бағалаған облыстық оқу бөлімі оны 1976 жылы 20 қыркүйекте қабілеттері шектеулі балаларға арналған Архан мектеп-интернатына директор етіп жіберді. Ол бұл мектепті қабылдағанда оқу орнының жағдайы өте төмен болатын. Қ. Қоспанов бұл мектеп-интернатқа 13 жыл, яғни зейнеткерлікке шыққанша басшылық етті.

Осы жылдары мектеп үлкен өзгеріске ұшырады. Материалдық-техникалық базасы нығайды. Тәрбиеленушілер мен педагогтарға әлеуметтік тұрмыстық жағдайлар жасалды. Мектеп-интернаттың өз шаруашылығы (малшаруашылығы, егістік, бау-бақша және т. б.) болды. Бұл балалардың тамақтануын жақсартуға мүмкіндік берді. Зейнет демалысына шыққаннан кейін де Қ. Қоспанов осы мектепте сегіз жыл ұстаздық етті. Тек 1997 жылы денсаулығына байланысты жұмыстан кетті.

Білім беру жүйесіндегі ұзақ жылғы еңбегі үшін Қ. Қоспанов «Құрмет белгісі» орденімен, ОКСР ағарту саласының үздігі,» Қазақ КСР халық ағарту үздігі» төсбелгілерімен, Қазақ КСР Білім министрлігінің, облыстық, аудандық оқу бөлімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

2004 жылдың 12 маусымында қайтыс болды.

Біржанов Хамит Біржанұлы



1930 жылы 2 мамырда Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі Шал ақын ауданының Қаратал ауылында туған. Ауылда бастауыш мектепті бітіріп, көрші Ыбырай ауылындағы орта мектепке ауысады.

1947 жылы оны күміс медальға тәмамдап, Алматыдағы шет тілдер институтына оқуға түседі, оны аяқтаған соң сол институтта оқытушылық жұмысқа қалдырылады.

Хамит Біржанұлы 1954 жылдан бастап журналистік еңбекке араласады. Қазақстан мемлекеттік баспасында редактор болып қызмет атқарады. 1956 жылы тың игерудің қарқын алуына байланысты солтүстік өңірдегі аудандық газеттер үлкейтілген форматта екі тілде шыға бастаған кезде Орталық партия комитеті оған Көкшетау облысындағы Еңбекшілдер аудандық газетіне жолдама береді. Содан «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясында газеттің Қостанай облысы бойынша меншікті тілшісі болып жұмыс істейді. Қостанай облыстық партия комитетінің ұсынысымен облыстық «Коммунизм жолы» газеті редакторының, ал 1963 жылы қазақ тіліндегі газет таратылған соң орыс тіліндегі «Ленинский путь» газеті редакторының орынбасары болып қызмет атқарды.

1965 жылы Қазақстан КП ОК жанындағы Алматы жоғары партия мектебін тәмамдаған соң Қостанай облысындағы Рудный қалалық партия комитетінің хатшысы болып сайланады.

1971 жылы қызмет бабымен Алматыға қоныс аударып, «Қайнар» баспасында бас редактор қызметін атқарады. 20 жылға тарта жоспарлау комитетінде бөлім, басқарма бастығы болып жұмыс істейді.

ҚР еңбек сіңген зейнеткер.

Хамит Біржанұлы «Құрмет белгісі» орденімен, «Ерен еңбегі» үшін, «Астанаға –10 жыл», «1941-1945 Ұлы Отан соғысы жылдардағы ерен еңбегі үшін» және басқа да тоғыз медальмен, Құрмет

грамоталармен марапатталған. ҚР оқу-ағарту ісінің үздігі. Х. Біржанов Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ол аударма саласында елеулі үлес қосты, марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін, саяси, көркем, ауылшаруашылық, балалар әдебиетінің көптеген шығармаларын қазақ тіліне аударған.

2000 жылдан бастап Бостандық аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы. Алматы қалалық ардагерлер кеңесінің төралқа мүшесі.

Дулат Қошанұлы Қошанов



1932 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданы (қазіргі Шал ақын ауданы) Алқаағаш ауылында туылған.

Оқуды Алқаағаш бастауыш мектебінде бастаған, ата-анасы Көкшетау қаласына көшкеннен кейін Көкшетаудағы жеті жылдық мектепті аяқтаған. Әкесі «Заготскот» директоры қызметін атқарған. Ұлы Отан соғысы аяқталған соң өзінің кіші отаны Октябрь орман шаруашылығына көшіп келген. 1947 жылы Дулат орман шаруашылығының жұмысшысы болып еңбек жолын бастаған. 18 жасында ағаш өңдеу цехының білдекте істейтін мастері-жұмысшысы болып ауыстырылған. Осы ауыр жұмыста 1992 жылы зейнетке шыққанға дейін, үзіліссіз 45 жыл жұмыс істеген. Оның еңбек кітапшасында жұмысшы болып қабылданды, мастер білдекте істейтін жұмысшысы болып ауыстырылған, зейнетке шығуына байланысты жұмыстан босатылды деген екі жазу ғана бар. Біздің әкелеріміздің заманы өзінің ерекше бейнесімен, қоғамдық менталитетімен, мінезінің өзгешелігімен, жақсы аурасымен ерекшеленген. Кеңестік өмірдің құрама бөлігі болып табылатын образбен ерекшеленген заман. Сталиндік репрессияның, соғыстың ызғарлы да аш жылдарының барлық ауыртпашылығын басынан өткерсе де өмірден жасымаған, еркін, болашақтан, жақсылықтан үмітін үзбеген, адал,

адамгершілігі мол адамдар болған. Алдымен «кеңестік адамдар» қатарында қатардағы еңбеккерлерді айтуға болады. Осындай адамдардың бірі Дулат Қошанов десек артық кетпейміз.

Ол орман шаруашылығының өміріне белсене араласқан. Ауылдық кеңес депутаты болып бірнеше рет сайланған. Әке-шешесімен бірге кіші бауырларын тәрбиелеу мен білім беруге көмектескен. Жұмысшы ретінде өзін лайықты ұстаған. Жастарға үлгі бола білген. Еңбекте жеткен табыстары үшін бірнеше рет сыйақылармен, грамоталармен марапатталған. Бірнеше бес жылдық ұдайы социалистік жарыстың жеңімпазы болған. Қаз. ҚСР Министр кеңесінің Орман шаруашылығы мемлекеттік комитетінің алқасымен «Ударник девятой пятилетки» белгісімен марапатталған. Солтүстік Қазақстан облыстық орман шаруашылығы басқармасының Құрмет кітабына енгізілген, мерейтойлық медальдармен марапатталған. 1986 жылы СССР Жоғарғы Кеңес Президиумі жарлығымен «Знак почета» орденімен марапатталған. Жұбайы Иләш Сыздыққызымен жеті бала тәрбиелеп жоғары білім берген. Қазіргі уақытта олар Қазақстан Республикасының халық шаруашылығының әр саласында қызмет атқаруда. Дулат Қошанұлы 1999 жылы 29 қыркүйекте қайтыс болып, Алқаағаш зиратында жерленген.

Қасымов Шекен



Қасымов Шекен 1932 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь (қазіргі Шал ақын) ауданы Алқаағаш ауылында туған. Бірінші сыныпты оқып жүргенде Ұлы Отан соғысы басталып, оқуға жағдайы болмай, аздап үзіліс жасап алады. Орта мектепті 1951 жылы бітіріп, екі жыл ұжымшарда есепші болып істейді. 1953 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түсіп, химия пәнінің мұғалімі мамандығын алып шығады.

Арнайы жолдамамен Орал облысының Жәнібек ауданындағы орта мектепте ұстаздық жолын бастайды. Бұл мектепте төрт жыл еңбек етіп, Солтүстік Қазақстан облысына ауысып, Шал ақын ауданындағы Балуан сегіз жылдық мектебінде химиядан сабақ береді. 1964 жылы жоғарыда аталған Ленин (қазіргі Мәркен Ахметбеков атындағы) орта мектепке қызметке жіберіледі, алдымен қатардағы мұғалім, екі жылдан кейін оқу ісінің меңгерушісі болды. 1968 жылы жоғарыда аталған мектептің директоры болып тағайындалды. 19 жыл үзіліссіз осы қызметте жемісті еңбек етті. Оның басшылығымен мектептің мұғалімдер ұжымын бірлестіруде, оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруда, мектептің материалдық базасын нығайтуда көп жұмыс атқарылды. Бастауыш партия ұйымының хатшысы болып істеді. Бірнеше мәрте ауылдық Кеңес депутаттығына сайланды. Білім беру жүйесіндегі көп жылғы жемісті еңбегі үшін Шекен Қасымов «Ерлік еңбегі үшін» медалімен, «Қазақ ССР оқу-ағарту ісінің үздігі» төс белгісімен, облыстық, аудандық оқу бөлімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Қошанов Аманжол Қошанұлы
(11.10.1934-18.05.2021 жж.)



Аманжол Қошанұлы Қошанов 1934 жылдың 11 қазанында Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Алқаагаш ауылында дүниеге келген. Марьевка орта мектебін алтын медальмен бітіріп, арман құшағында білім қуып, Мәскеуге аттанады. Кешікпей-ақ М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің экономика факультетіне оқуға түседі. 1957 жылы ойдағыдай аяқтап, Ақтөбедегі кооператив техникумына оқытушы болып орналасады. 1959 жылдан Қазақ ССР Ғылым академисының экономика институтына қабылданады. Ғалым, экономика ғылымының докторы (1979),

«Парасат» ордені, 2004 ж.

«Барыс» ордені, 2014 ж.

«Алматы қаласының Құрметті азаматы», 2014 ж.

«СКО Құрметті азаматы», 2014 ж.

профессор (1980), ҚР ҰҒА-ның академигі (1989). ҚР ғылым мен техникасына еңбек сіңірген қайраткер (1994), Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, кіші, бас ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі, директордың орынбасары, директоры болған. 1989-90 жж. ҚР ҰҒА президиумының аға ғалым хатшысы, 1994 жылдың ақпан айынан қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімінің академиялық хатшысы, 1997-99 жылдан ҚР ҒА вице-президенті қызметтерін атқарған. 600-ден аса ғылыми еңбектің, оның ішінде 53 монографияның авторы, ол 16 доктор, 60-тан астам кандидат оқытып шығарған. «ҚР ҰҒА Жаршысы. Қоғамдық ғылымдар сериясы» журналының бас редакторы. Халықаралық конференцияларда, Жапонияда, Германияда, Англияда, Финляндияда, Грекияда, Қытайда, Кореяда, Венгрияда өткен симпозиумдарда ғылыми баяндамалар жасаған. Ғылыми еңбектері АҚШ-та, Қытайда, Жапонияда, Швецияда, т. б. елдерде жарық көрген. Ғылымда және халықаралық ынтымақтастықта зор жетістіктерге жеткені үшін Америка өмірдерек институты мен халықаралық департаменті «Жыл адамы. 2004» құрметті атаққа лайық деп тапты (Нью-Йорк). Президенттің жарлығымен әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы мемлекеттік сыйлығы берілді. «Парасат», III дәрежелі «Барыс» ордендерімен марапатталған.

1998 жылы 25 қарашада Алматыда өткен «Шал Құлекеұлы және ақындық өнер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы Шал ақынның әкесі Құлеке батырдың ұрпағының бірі ҚР ҰҒА академигі Аманжол Қошановтың кіріспе сөзімен ашылды. Ол еліміздегі зиялы қауым өкілдерін, ғалымдарды жұмылдыра отырып, жоғарғы жақтың тиісті шешім қабылдауына қол жеткізді. Сөйтіп, 1999 ж. 14 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Сергеев ауданы Шал ақын ауданы болып аталды. Аманжол Қошанов Алматы қаласының және Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы.

КЕМЕЛ ТҰЛҒА



Қадыр Ахметов,
тарих ғылымдарының
докторы, профессор



Марат Жүкібай,
экономика ғылымдарының
кандидаты, профессор

Сарыарқаның самал желді, саумал көлді, сауыры көркем, бауыры құтты өңірінде ұрпағына ұлағаты мол мұра қалдырған, ел қадірлеген, сөз бастаған еңселі тұлғалар ғұмыр кешкен. Мұндағы жұрт ұрпақ тәрбиесіне ертеден-ақ ерекше көңіл бөліп, онысын атадан балаға беріліп отыратын ізгі дәстүрге айналдырған. Білім мен ғылымның өзгеше қуатты, керемет дүлей тегеуріні болатынын сол өңірдің пәнилік жазғанын көтеріп өткен, көріп кеткен көрнекті Шал ақын:

Жаман сол – жақсы сөзді ұға алмаса,
Ғалым болмас ұстаздан дұға алмаса,
Молла есімін алған жан толып жатыр,
Не керек ғылым бойға жұға алмаса,

– деп тереңінен сезінсе керек. Бәлкім, өз шаңырағында да атаға тартып туар қасқа ұлдың кіндігі кесілерін білген шығар. Расында да, солай болды. 1934 жылғы қазан айының 11 жұлдызында Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Алқаағаш ауылында бүгінде есімі алты алашқа мәшһүр болған қоғам қайраткері академик Аманжол Қошанұлы дүниеге келді. Ол әйгілі академик Е. А. Бө-

кетов оқыған мектепте білім алып, оны алтын медальмен бітірді. Демек, оның тегінен жалғасқан дарындылық мектеп қабырғасында шыңдала, қайрала түсіп, жасындай жарқылдады, жұлдыздай жарқырады деуге болады. Осы қабілетінің арқасында білімді жас М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің экономика факультетіне оқуға түсіп, 1957 жылы оны ойдағыдай бітіріп, алғашқы еңбек жолын ұстаздық етуден бастады. 1959 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясы экономика институтына жұмысқа қабылданды. Осында жүріп ғылымның күре жолына түсті. Қазақ КСР ҒА-ның корреспондент-мүшесі Ғ. Шолановтың жетекшілігімен ғылыми зерттеулер жүргізіп, 1965 жылдың ақпанында «Қазақстанның ауыр өнеркәсібіндегі ұлғаймалы ұдайы өндіріс қарқыны және оның салалық құрылымын жетілдіру (1929-1965 жж.)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Жас ғалым ғылым атаулының сандаған саласымен шырмауықтай байланысып, өріліп-өрбіп жатқан экономиканы тереңдей зерттеуге біржолата бет бұрды.

Осы мақала авторларының бірі М. Жүкібай Алматы халықшаруашылық институтын 1965 жылы наурыз айында бітіріп шыққаннан соң Қазақ КСР Ғылым академиясының вице-президенті әрі экономика институтының директоры, академик С. Б. Бәйішевтің қабылдауымен аталған институтқа экономист мамандығына қабылданғанда, кандидаттық диссертациясын Мәскеуде қорғап келген жас ғалым А. Қошановпен танысады. Ағалы-інілі болып 15 жылдан аса институтта қызмет атқарады, оның ішінде 1965-1970 жылдары академик С. Б. Бәйішевтің тікелей басқаруымен әрі жетекшілігімен бір секторда ұлғаймалы ұдайы өндірістің тиімділігін арттыруда, республикада өндірілген өнімнің көлемі мен ұлттық табысты пайдаланудың арақатынасын талдауда жаңа бағыттың бастауында болады.

Жетпісінші жылдары экономика институтында «Әлеуметтік-экономикалық проблемалар» бөлімі ашылуына байланысты А. Қошановқа оны басшылық ету міндеті тапсырылады. Содан бастап қай бағытта қызмет жасаса да, институт қабырғасында 16 жыл бірге жұмыс жасайды. Міне, осы кезеңде А. Қошанов та, кәсіби экономист, ғалымдардың қатарына қосылды. Оның ғылыми мүдделері экономика ғылымының теориялық негіздерінен, жай және ұлғаймалы ұдайы өндіріс проблемаларынан экономикалық социология проблемасын зерттеуге тікелей ауысты.

Ғалым республика мен ірі аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін теңестіру мәселесін тұңғыш рет тұжырымдап, күн тәртібіне қоя білді. Қазақ КСР тәжірибесі негізінде әлеуметтік-экономикалық дамудың деңгейін біртіндеп өзара жақындастырып, теңестірудің объективті қажеттігін негіздеді. Республикадағы экономика ғылымының өміршеңдік мәні зор жаңа бағыттары өзінің оң шешімін тапты.

1983 жылы А. Қошановқа «Кемелденген социализм тұсындағы Қазақстанның индустриялық дамуы» атты монографиясы үшін Қоғамдық ғылымдар саласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты атағы берілді.

А. Қошановтың 60-90 жылдардағы сан қырлы ғылыми және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі Қазақ КСР Ғылым академиясының экономика институтымен тікелей байланысты. Мұнда ол аспирант, кіші және аға ғылыми қызметкер, институттың ғылыми хатшысы, кейін сектор мен бөлім меңгерушілігі қызметтерін атқарды. 1979 жылы Аманжол Қошанұлы «Қазақстанның индустриялық өсуінің заңдылықтары мен проблемалары» деген тақырыпта докторлық диссертациясын табысты қорғап, 1984 жылы профессор атағын алды. 1985 жылдан бастап ол – директордың ғылым бойынша орынбасары, 1988-1995 жылдары – Қазақ КСР Ғылым академиясы экономика институтының директоры, 1987 жылдан бастап директорлық лауазымына қоса аталған академияның қоғамдық ғылымдар бөлімі бойынша академик-хатшының қызметін атқарды.

30 жыл бойғы ғылыми ізденіс пен атқарылған ұйымдастырушылық жұмыста А. Қошанов Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (1983 ж.) және академигі (1989 ж.) болып сайланады. 1989-1990 жж. академия төралқасының бас ғылыми хатшысы қызметін атқарса, ал 1989 жылдан бастап төралқа мүшесі болды.

А. Қошановтың жеке басына тән өзіндік өзгеше қасиеті – оның экономикалық теорияны жетік те терең меңгергені, түбегейлі нарықтық кезеңде күрделі экономикалық және әлеуметтік өзгерістерді жан-жақты талдап зерделеуі, сондай-ақ, қоғамдық өндіріс талаптарын байыпты талдап жасайтындығы, кеңестік тоталитарлық экономикадан нарықтық экономикаға көшудің күрделі мәселелерін шешуде заң шығарушы және атқарушы органдарға практикалық көмек көрсеткенін айта кету керек. Әсіресе, академик А. Қошановтың ғылыми жетекшілігімен және қатысуымен

жүзеге асқан республика экономикасын дағдарыстан шығару және тұрақтандыру жөніндегі дағдарысқа қарсы шаралардың арнайы бағдарламаларын ерекше атап айтқанымыз жөн.

А. Қошанов Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімінің академик хатшысы және институт директоры ретінде нарықтық реформаларды жүзеге асыруға, республикамыздың қазіргі ғылыми базасын құрудағы сол реформалардың рөлін сезініп, жауапкершілігін жүктеуге негіз боларлықтай жағдайларға сай келерлік ғылыми-зерттеу жұмыстарының жаңа бағыт-бағдарын академиялық институттар мен жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу қызметіне енгізуі нәтижесінде қоғамдық ғылымдар саласындағы зерттеулерді үйлестіру және жинақтауға қатысты үлкен көлемде жұмыстар атқарды.

Академик А. Қошанов экономика институтын республиканың қоғамдық-экономикалық және әлеуметтік өмірінің ең бір қиын кезеңінде басқарды. Ғылымның талантты ұйымдастырушысы ретінде ол өзінің бойындағы бар ғылыми әлеуеті мен ұйымдастырушылық қабілетін осы жылдары экономика ғылымын қайта құруға, институттың ғылыми қызметін нарыққа көшірудің көкейкесті мәселелерін шешу ісіне жұмылдырылды.

Ғылыми және ұйымдастырушылық салада сіңірген қомақты еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен академик А. Қошановқа 1995 жылы «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері» құрметті атағы берілді.

Академик А. Қошанов – еліміздегі нарықтық экономика теориясы саласындағы жетекші экономист – ғалым. Оның жаһандану және өңірлік бірігу жағдайында түбегейлі экономикалық реформа, меншік қарым-қатынасын қайта құру, кәсіпкерлікті одан әрі дамыту, ұлттық экономикалық мүдделер мен экономикалық қауіпсіздік жүйесі мәселелеріне арналған еңбектері еліміз бен шетелге кеңінен танымал. Ғалымның ғылыми жетекшілігімен экономика ғылымында жаңа ғылыми бағыт қалыптасты: «Қазақстан дамуының түбегейлі өзгеріс моделі ретінде аралас экономикалық қоғамды қалыптастыру стратегиясы». Соңғы кезде академик А. Қошановтың бастамасымен «Ұлттық экономикалық мүдделер мен меншік қарым-қатынасының жүйесі жаһандану жағдайында» атты бағдарлама негізінде, Еуразия экономикалық қоғамдастығы

елдерінің егемендігі мен ұлттық қауіпсіздігін нығайтуда негізге алынатын жаңа ғылыми бағыт әзірленуде.

Академик А. Қошанов – 450-ден аса ғылыми еңбектерін жариялады, соның ішінде 40-тан аса монографияның авторы және қосалқы авторы. Бұл монографияларда кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын нарықтық экономиканың қиындықтары мен жетістіктері, сондай-ақ, күрделі мәселелердің қазіргі заман талаптарына сай күн тәртібіне қойылуы және оларды шешудің стратегиялық мәселелері қамтылуымен бірге, Қазақстанның түбегейлі өзгеріс үлгісі ретінде аралас тұрпатты нарықтық экономиканы қалыптастырудың міндеттерін шешудің теориялық-әдіснамалық тәсілдемесін іздестіру жолдары қарастырылады.

Академик А. Қошанов жоғары білікті экономика кадрларын даярлауға бедерлі үлес қосты. Ол 20 жылға таяу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне қарасты экономика институтының докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі мамандырылған кеңесіне басшылық етумен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің, Халықаралық қазақ-түрік университетінің арнаулы докторлық кеңестерінің мүшесі болды. Академиктің ғылыми жетекшілік етуімен экономика ғылымдарының 15 ғылым докторы, 60 ғылым кандидаттары даярланды. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінің профессоры. Талантты ғалым, ұстаз ретінде академик Қошановтың білікті ғылыми мектебі қалыптасты.

1992-1997 жылдары академик А. Қошанов ЖАК-тың экономика салаларының сараптау кеңесінің төрағасы қызметін атқарды. Ол жан-жақты білімді, ғылыми-зерттеу жұмыстарында мол тәжірибелі үлкен ғалым. А. Қошанов өзіне тапсырылған саланың ғалым-мүшелерін біліміне, тәжірибесіне байланысты ұйымдастырып тағайындауда ЖАК жұмысына елеулі үлес қоса отырып, ғылыми қадрларды сапаландыру жөнінде нақты нәтижеге қол жеткізді.

Сонымен қатар, экономиканың әр саласынан үміткерлерден түскен кандидаттық пен докторлық дәрежедегі диссертацияларды және доцент-профессор атағына ие болуға жіберген ғылыми жұмыстарды лайықты зерделей келіп, жоғары адамгершілігін, инабаттылығын, принципшілдігін әрі ғылыми дәреже мен атаққа талпынушы маман-ғалымдарға деген сезімталдығымен ерекшеленді, олардың еңбектерін әділетті түрде шешіп отырды.

Академиктің ғылыми-ұйымдастырушылық және баспагерлік қызметі сан салалы. А. Қошанов – 1994-2004 жылдары аралығында «Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы» журналының бас редакторы, Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы алқасы мен 5 томдық «Көне заманнан бүгінге дейінгі Қазақстан тарихы» бас редакция алқасының мүшесі және осы басылым авторларының бірі, «Общество и экономика» (Мәскеу, РҒА), «Реформа» (Бишкек) журналдарының халықаралық кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының «Хабаршысы», «Баяндамалары» журналдары мен тағы да басқа басылымдар редакциясы алқасының мүшесі.

Ғылыми және қоғамдық қызметте сіңірген айтулы еңбегі және экономика ғылымын дамытудағы үлкен үлесі үшін А. Қошанов ҚР Президентінің Жарлығымен (06.12.04) «Парасат» орденімен, «Еңбекте үздік шыққаны үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен Қазақстан Министрлер кеңесінің және Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы мен ғылым министрлігі – Ғылым академиясының құрмет грамоталарымен, Білім және ғылым министрлігінің «Ғылымды дамытуға сіңірген ерекше еңбегі үшін» деген құрмет белгісімен екі мәрте марапатталды.

2004 жылы Халықаралық Кембридж өмірдерек орталығы (Англия) академик А. Қошановты ғылымды дамытудағы сіңірген еңбегі және халықаралық ғылыми топтармен тығыз байланыс жасағаны үшін «XXI ғасырдың аса көрнекті зиягері» құрметті медалімен марапаттаса, Америка өмірдерек институты мен халықаралық зерттеулер орталығы (Нью-Йорк) ғылымдағы және халықаралық ынтымақтастығы аса зор жетістіктері үшін екі мәрте «Жыл адамы – 2004, 2009» құрметті атағына лайық деп тапты. 2006 жылы тамыз айында белгілі Американдық орталық (ABJ-USA) академик А. Қошановты халықаралық «Алтын белгімен» марапаттады. Бұл белгі (медаль) арнайы Қазақстанның атына елінің таңдаулы азаматына халық пен мемлекет алдында айтулы еңбектері үшін белгіленген. 2009 жылы Халықаралық өмірдерек ассоциациясы (Кембридж, Англия) академик А. Қошановты «Дүниежүзінің таңдаулы 100 ғалымы» санатына еңгізу туралы шешім қабылдаған. Ал Америка өмірдерек ассоциациясы А. Қошановты құрметті «Тәуелсіздік медалімен» және «Ар орденімен» кәсіби саладағы жетістіктері халықаралық ғылыми қауымдастығы үлесі үшін марапаттаған (2009 ж.).

Қорыта айтқанда, ірі ғалым, белгілі қоғам қайраткері, академик Аманжол Қошанов ағамыздың жарқын бейнесі шәкірттері мен достарының жүрегінде мәңгі сақталатыны сөзсіз деп білеміз.

Ғайсина Рәш Кошанқызы
(1937-1986 жж.)



Ғайсина Рәш Кошанқызы 1937 жылы қыркүйек айында Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі Шал ақын ауданындағы Көктерек ауылында дүниеге келген. 1954 жылы қазіргі Мәркен Ахметбеков атындағы орта мектепті алтын медальмен бітірген. Осы жылы Алматының Абай атындағы қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1958 жылы қызыл дипломмен бітіріп, орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің маманы болып шығады. Өзінің ұстаздық жолын Совет (қазіргі Аққайың) ауданындағы Ақбас ауылындағы орта мектептен бастайды. 1970 жылы Тимирязев ауданының орталығындағы он жылдық мектепте жоғары сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті пәндерінен сабақ береді. 1971 жылы осы аудандағы «Целинный» кеңшарындағы орта мектепте директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалады. Үш жылдан кейін осы мектептің директорлық қызметіне жоғарылатылады. Осы қызметті өмірінің соңына дейін, яғни 1986 жылға дейін абыроймен атқарды. Қазақ тілін, қазақ өнерін ерекше қадірлеп, орыс тілі мен әдебиетінің шебер маманы еді. Оның еңбегі жоғары бағаланып, «Қазақ КСР оқу ісінің үздігі» атағына ие болды, Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальдармен марапатталды. Артында қалған екі ұл, екі қыз бүгіндері үлкен азаматтар. Нұрланы көп жылдар ІІМ мекемелерінде қызмет етіп, қазір зейнеткерлік демалыста. Кіші ұлы Нұржан Оңтүстік Қазақстан облысы прокурорының орынбасары болып істейді. Рәш Қошанқызының үлкен

қызы Гүлнәр Астана қаласында қызметте, ал Бейнегүлі – медицина ғылымының кандидаты, дәрігер, Алматы қаласында тұрады.

Ахметбеков Мәркен Ахметбекұлы
(1940-1993 жж.)



Мәркен Ахметбеков 1940 жылы 5 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев ауданы Қаратал ауылында дүниеге келген. Әкесі Қамбаров Ахметбек сауатты адам болғандықтан, оны «Кеңес» колхозының төрағасы етіп тағайындады. Анасы Зейни – үй шаруасындағы әйел, Кәкен мен Мәркен – екі ұлы және қызы Қайрияны тәрбиелеп өсіреді. Мәркен небәрі екі жаста болғанда әкесі майданға шақырылады. 1942 жылдың қазан айында рота командирі Ахметбек Қамбаров теңсіз ұрыста батырлықпен қаза табады. Анасы балаларды жалғыз тәрбиелеп өсіреді. Жақын туыс-жолдастары оларға мүмкіндігінше көмек көрсетіп отырды.

Жеті жасқа толған Мәркен соғыстан кейін Қаратал орта мектебінің бірінші сыныбына барады. Содан кейін бірнеше жыл Социал жеті жылдық мектебінде оқиды. Білімге деген құштарлық оны Ленин орта мектебіне алып барады.

Мәркен Ахметбекұлы еңбек жолын 1962 жылы Алматы зооветеринарлық институтын бітіргеннен кейін СевНИИЖ кіші ғылыми қызметкерінен бастады. 1962 жылдан 1969 жылға дейін Сергеев ауданы совхоздарында қатардағы зоотехник, кейін бас зоотехник болып жұмыс істеді. 1969 жылы Сергеев аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары, кейін Сергеев ауданының «Ступинский» совхозының директоры болып тағайындалды. 1973 жылы Бескөл аудандық халық депутаттары кеңесі атқару комитетінің төрағасы болып сайланады. 1983 жылы

М. А. Ахметбеков Мәскеу қаласындағы қоғамдық ғылымдар академиясын бітірді.

Он бір жыл бойы М. А. Ахметбеков партиялық жұмыста, онда Жамбыл, Сергеев аудандарының бірінші хатшысы, Қазақстан компартиясы обкомының екінші хатшысы қызметтерін атқарды. 1991 жылы Мәркен Ахметбекұлы шаруашылық жұмысына ауысып, облыстық өнеркәсіп комитеті төрағасының бірінші орынбасары болады, ол жұмыс істеген барлық мекемелерде ауылшаруашылық өндірісін ұйымдастырушы шебер басшының таланты толық ашылды. Мәркен Ахметбекұлы жұмыста әріптестері мен облыс тұрғындары арасында лайықты беделге ие болды.

Қайда жұмыс істесе де, М. А. Ахметбеков парасаттылығымен, еңбексүйгіштігімен, адамдарды түсінушілігімен ерекшеленді. 1989 жылы Мәркен Ахметбекұлы облыстық Кеңестің депутаты, ал 1990 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Аютас ауылдық округінің шешімдері бойынша және тұрғындардың өтініші бойынша Сергеевка қаласының көшелерінің бірі (бұрынғы Учительская) оның есімімен аталған. Көрнекті мемлекет қайраткерлерінің (Б. А. Әшімов, М. С. Сағдиев, Н. Айтқожин, А. Қошанов, Ғ. Тәшенов, ақын Қ. Салықов) өтініші бойынша оның есімі Ленин орта мектебіне берілді. Оның еңбек жолы мен өмір жолы Еңбек Қызыл Ту ордені және «Құрмет Белгісі» ордені сияқты көптеген үкіметтік наградалармен аталып өтілген. Алда арман-мақсаттарға толы ұзақ жол, биік шыңдар күтіп тұрды... Бірақ, өкінішке орай, жоспарлары мен үміттері орындалмады. Әрқашан әдептілікпен, адамдарға жылы және жауапкершілікпен, жеке қарапайымдылықпен, өмірлік оптимизммен ерекшеленетін сүйкімді жанның 1993 жылы 7 қазанда 53 жасында өмірі қиылды.

Біртуар азамат, бауырымыз

Мәркен Ахметбекұлын еске алу, оның саналы өміріндегі республика, халқы алдындағы атқарған сан алуан, әр саладағы қызметі көңілге разылық сезім ұялатып, «азаматтық борышын барынша өтеуге құлаш ұрып баққан қайраткер еді» деген ұғым өзінің мағы-

насын ашқандай. Бірақ бұл өмірде «әттеген-ай» арман мақсатына жете алмай кетті-ау деген өкініш сезімі де Мәркенді танып-білген азаматтардың көңілінде әрдайым бір қаяу болып тұрары да анық. Шынында, Мәркеннің саналы өмір жолы республика экономикасы толыққанды дамып, 60-80 жылдары халық дәулеті біршама түзеліп, кеңірек тыныстауға мүмкіншілік туған дәуір-кезеңге сәйкес келіп еді. Мәркен осы кезеңде Жаратушы сыйлаған, атадан дарыған адами қасиеттерін, алған білімін уақыт талабымен ұштастырып, ұйымдастырушылық дарынын халық игілігіне жұмсап, еліне, республика көлеміне танылған азамат деңгейіне көтеріліп еді.

Еліміз егемендікке қолы жетіп, тәуелсіз мемлекеттің іргесін қалауға кіріскенде Мәркен мезгілсіз дүниеден озды. Елі ердің жасына енді кіріп, қажыр-қайраты толысқан шағында әлі де қанша істер тындырар еді, өмірдің талай қызығы мен шыжығын басынан өткеріп, әулет бақытына бөленер еді-ау деген ой мазалайды. Мәркенді біліп-танып болған жұртшылық та осы пікірде. Мәркен еліміздің тәуелсіздігін бар болмысымен құп алып, жаңа дәуірдің есігін айқара ашуға бет алғандардың ішінде болатын. Ол бұл дүбірлі үдеріске белсене кірісе алмай кетті. Осы жағдайды толық сезінген, оя кезде ССРО халық депутаты, мемлекет қайраткері, ақын Кәкімбек Салықов сонау Мәскеуден азалы қосынға үн қосып жатты:

«Өтті өмірден Қызылжардың ірісі,
Бір тарылды ағайын ед тынысы.
Өтті өмірден
Менің ғана емес-еу,
Мағжан, Сәбит, Ғабит – аға інісі», –

деп.

Мәркен тарихтан кең танымал, қазақ мемлекеттігінің Абылай ханмен тізе қосып, ірге тасып қаласқан, ұлы ханымыздың қолбасшыларының бірі, мәмілегер-дипломат Құлеке батырдың жетінші ұрпағы болатын. Осы ретпен алтыншы бабасы атақты Шал ақын болып келеді. Өзінің бар кезеңінде бұл мағлұматтар халық жадында болмаса, ресми түрде айтыла бермейтін-ді. Бірақ баба аруағы іштей қуаттандырып, рухтандыратын. Мәркен бұл орайда босқа сыр шашып аспайтын. Өткен жүйенің де салқыны болар, бас көтерген қазақ азаматтарының барлығына жуық кедей таптан шықтық деп жан сақтаған замаң еді ғой негізінде.

60-шы жылдардың басында аспирант кезім болатын. Көрші Қаратал ауылына ағайын-туғандарға сәлемдесіп, Мәркеннің шешесі Зейни апай қайтыс болған Ахметбек шаңырағына көңіл айтып шыққаным бар. Мәркен институтты жаңа бітірген жас маман, ауылына жолдама алып, қызметке орналасқан екен. Кәкен ағасы екеуі басқа түскен ауыртпалықты көтеріп, екеуі де жас, үй болмаған кездері, үрпиісіп отырған жағдайы бар еді. Көңіл білдіріп, бір-бірімізге ризалық сезіммен қоштасқанбыз. Осы жағдай есіме жиі оралып, Мәркеннің өмір бастауы осылай болып еді-ау деген ой оралады жадыма. Тағдыр оның алдынан үлкен өмір есігін ашылатынын әзірге құпияда сақтап, өмір бастауын осылай халқын, елін, жұртын біле, көре тұруына тағы да мүмкіндік бергендей еді.

Онсыз да Мәркен халықтың өмірін, мұң-мұқтажын ес білгелі біте-қайнап өскен ортасымен сана-сезіміне сіңіріп өскен азамат еді. Өмір қиындығын бар болмысымен сезініп, түсінетін. Өзі осы ортада, әкесіз, шешенің ғана қамқорлығын көріп, сол кісінің аясында ғана болды. Соғыстан қайтпаған әкенің мұңы, жастай сыңар қалып, шаңырақ сақтап, балаларын жеткіземін деп тырмысып баққан шешенің мехнаты, жалпы соғыстан кейінгі иесінен айрылған азынаулы шаңырақтар, солардың қасірет-мұқтажын көріп өскен азамат еді Мәркен.

Ол өз өмірінде соғыстан қайтпаған әкесі Ахметбектің жүріп өткен жолын жаңа дәуір талабынан көрініп, ел ішіндегі басшылық қызметін, халық алдындағы тынымды өнегесін өзіне медеу, ғибрат тұтатын-ды. Сырт көрініске жария етпей, бірақ әке бейнесін әрдайым есіне сақтап, өзін сол арманда кеткен тағдырдың жалғасындай сезінетін секілді еді. Иә, солай еді. Мәркеннің сонау өмір өзен жалғасы секілді тағдырының ұшар басынан, кейіннен қуат алып, мағыналы да танымды еңбек жолында әке тағдыры орындалмай, әке арманы Мәркенге қуат беріп, алға жетеледі десем қателеспеспін. Әкеге ұқсап бағу, ол кісінің ел алдындағы өтей алмай кеткен борышын жалғастырып жүзеге асыру оған жүктелген рухани аманат, іштей алға ұмтылдырып жетелейтін өнеге еді.

60-70 жылдары республикамызда Одақ шеңберінде экономика, өндіріс саласында айтулы бағдарламалар жүзеге асырылып, басқару жүйесі, кадр тәрбиелеуге баса назар аударылғаны белгілі. Жалпы кадр өсіруде ол дәуір өзінің қалыптасқан, тиімді жүйесімен ерекшеленетін. Мәркен осы жүйеден жүктеген сенімді ақтап, ширек ғасыр әр салада басшы қызмет атқарады. Қызмет бабында қай дәрежеде болмасын ісіне адал, білгірлігімен, ұжымды негізгі

бағытқа бастап, әрқашанда халықпен түсінісіп, мүмкіншілігінше жағдай жасайтын. Облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты, СОКП Орталық комитеті жанындағы қоғамдық ғылымдар академиясын ойдағыдай бітіріп, мемлекеттік, қоғамдық қызметтегі өрісі одан сайын кеңейе түсіп еді.

Мәркен қызметінде, әсіресе Жоғарғы Кеңестің депутаты кезінде ауыл шаруашылығы комитетінің мүшесі бола тұра, жалпы Кеңестің пленарлық отырыстарындағы талқылауларға қатысып, ұсыныстар енгізіп, білікті, байсалды, кәсіпқой маман, мемлекет өресінде ой-пікірі қалыптасқан қайраткер дәрежесінде танылды. Сол кездегі Алматыдағы бір министрліктің басшылығына таңдалып, лайықты деген әңгімелер де жүріп жатты. Осы жылдары Мәркен еліміздің тағы бір көрнекті қайраткері Еркін Әуелбековпен жақын байланыста болып, оның ауыл шаруашылығында аграрлық партия құрамын деп талаптанып жүрген кезі болатын. Не керек, Еркіннің еліне қамқор болуға соңғы ұмтылысы жүзеге аспады, өкінішті-ақ.

Мәркен республика, облыстағы басшы азаматтармен кеңінен таныс болып, араласа білді. Жас маманның ұйымдастырушылық қабілеті ерте танылып, оған лайықты сенім жүктелді: сатылап кеңшар, аудан, облыс көлемінде, республикамыздың жоғарғы мемлекет органының мүшесі болды. Ерте танылды дегеннен шығады, 60-шы жылдары халқымыздың біртуар, ұлтжанды азаматы Өзбекәлі Жәнібеков Мәркенді солтүстік өңірде бір шалғай кеңшарда бас маман болып жүрген жерінен жолығып, бір күн бірге болып, келешекте орталыққа комсомол жұмысына тартамын деп, келісімін сұрапты. Көп ұзамай Мәркен Мәскеуде өткен комсомолдың Бүкілодақтық сьезіне делегат болып қатысты. Кейіннен аудандық атқару комитетінің төрағасы дәрежесінде Мәркен айтулы партия, совет қызметкері, жерлесіміз, Социалистік Еңбек Ері П. З. Телюкпен қызметтес болды. Осы күнгі сенатор Анатолий Башмаков Мәркеннің тәрбиесінде болып, кеңшар комсомол комитетінің хатшылығынан өскен азамат. Мәркен Мәскеуде оқуда, Жоғарғы кеңестің депутаты болған жылдары республиканың талай өңірінен, астанамыз Алматының бірталай бас көтерген азаматтарымен терезесі тең, қоян-қолтық араласқан еді. Жолдастыққа адал, ақжарқын мінезімен, азаматтық парасат болмысымен тартымды еді. Осы күнгі белді сенатор, ол кезде Жамбыл облысының әкімі Өмірбек Байгелдімен институтта бірге оқып, дос-жар екенін еске алатын.

Мәскеуде академияда оқып жүргенінде Мәркен семьясымен көшіп барды. Күләш қалалық поликлиниканың бірінде (Измай-

лово төңірегінде) қызмет істеп, Серік, Бауыржан мектепте оқыды. Айтайын дегенім, сол кезеңде СОКП Орталық Комитетінде белді қызмет атқаратын еліміздің белгілі азаматы, ағасы іспеттес Кәкімбек Салықов, дипломат-жерлесіміз Сәлім Құрманғожиндермен екі үйдің біріндей араласып, ағайындай болып кеткен еді. Бұл азаматтар (семьяларымен) Мәркен мен Күләшті әрқашанда жылылықпен, сағынышпен еске алып, өмірден ерте озған Мәркенге әлі күнге дейін қимастық көңіл білдіреді.

Тағы да бір еске алатын жайт, өзінен лауазымы жоғары адамдардың алдында жағыну, иілу дегеннен аулақ болатын. Қызметі, парасатымен, адамгершілік болмысымен танылатын. Уақытында облыстың бірінші хатшысы Василий Демиденконың лауазымды партия басшыларына тән болып қалыптасқан басқару жүйесіндегі үйреншікті тәсілдеріне (сыр ашқанда) сын көзқарас танытып, соңғы жылдары жоғарыдан нұсқау беріп, халық, облыс жағдайына немқұрайдылық танытатынын айтушы еді. Әрине, олар Орталық империяның өкілдері болатын, сол жүйенің нұсқауын ғана ескеріп, соңғы жылдары қалыптасқан, дағдылы сүрлеуге сүйеніп, жандарын қинамайды дейтін. Әрине, бұл көрініс партияның соңғы кезеңіндегі формалистік шылауға батып, халық, ел-жұрт, олардың мүддесінен алшақтау кезеңі еді шынындада. Өз басым В. Демиденконы 1992 ж. Мәскеуде КПСС қоғамдық ғылымдар академиясында өткен бір халықаралық жиында кездестірдім. Ол сол мекемеде доцент дәрежесінде қызметте екен. Мен баяндамамда Қазақстандағы тың игеру науқаны кезеңінде ысырапшылдыққа, ұраншылдыққа ұрынып, қазіргі уақытта жер егесіз қалып жатқан жағдайын баса айттым. Бұл жағдай бұрынғы одақтас республикалардың аграрлық жүйесіне тән келеңсіздік еді. В. Демиденко тіс жарып, уәж айтпады. Көп кешікпей ол қайтыс болыпты дегең хабарды естідік.

Уақыт, заман өзгеріп, Мәркен тұлғасы алыстай түскен секілді, көкжиектен мұнарланып, мен кім едім, не тындырдым, тірлікте мені, менің санатымдағы азаматтардың бұл тірлікте үлесі қандай деп елім, халқым есіне ала ма екен дегендей елес беретін іспетті,

Әрине, 60-шы жылдары кәмелетке толысып, солтүстік өңірде, қалың елінің ортасында талай жауапты қызмет атқарған Мәркен сынды халықтың қайнар ортасынан жарқырап көрінген санаулы азаматтардың үлесі бүгінгі егемен республикамыздың әл-қуатында, халқымыздың өзіндік өз болып сезінген рухани тәуелсіздігінде деп сеніммен айта аламыз. Өмір, тағдыр жалғастығы осылай, өз

заңдылығымен үйлесім табуда. Өз легімен келіп, фаниден өтіп жатқан айтулы азаматтардың өмірде тындырған сан-саналы қызметтерін қандай да болсын даурықпа үдерістер бүркеп, ысырмақ емес. Мәркен халық алдындағы борышын сонау қыспағы мол, тежеулі заманда барынша атқарып, бүгінде ел жадындағы есімдер қатарында. Осылардың алдыңғы санатында маңдайы жарқырап, бізге күлімсірей қарап, мейірбанды кейпімен біздің Мәркен көз алдымызда тұрады. Ақын Есләм Зікібаев жырға қосқандай:

«Хош, Мәркен,
Қимасақ та, бауырым,
Іздер ел сан бәйгеге қосқан ұлын.
Жүрерсің көңілімізде бірге жасап
Барында жалпақ жұртың,
Дос бауырың...» –

дейміз біз бүгінде. Жарқын бейнең әрдайым жадымызда, біртуар, аяулы азаматымыз, Мәркен бауырымыз.

Аманжол Қошанов,
экономика ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ҰҒА академигі

Еркін Қайырбекұлы Спаен



Сексеннің сеңгіріне шыққан Шал ақын ауданының Қаратал ауылының тумасы Еркін Қайырбекұлы Спаен бұл күндері аты аңызға айналған Құлеке батырдың үлкен ұлы Бабекеден тараған ұрпақтардың үлкені. Елі үшін ересен еңбек еткен Еркін Қайырбекұлының өмір жолы көпке үлгі, ұрпаққа ұлағат болмақ.

Еркін Спаен 1940 жылы 19 ақпан күні Қаратал ауылында дүниеге келіп, 1957 жылы Ленин орта мектебін бітір-

ген соң трактористер дайындайтын курсты аяқтап, еңбек жолын туған ауылында тракторшы болып бастаған. Ол бірден еңбек озаттары қатарынан көрінді. Ерінбейтін, бастаған ісін міндетті түрде аяғына дейін жеткізетін жас маман ел құрметіне бөленді, жоғарғы марапаттарға ие болды. Еңбектегі жетістіктері еленіп Еңбек Қызыл Туы орденімен марапатталды.

1976 жылы Солтүстік Қазақстанда егін бітік шығып, соны ысырапсыз жинап алуға көп болып кіріскен еді. Ол кезде тәжірибелі комбайншы болған Еркін Қайырбекұлы да бұл іске жұмыла кірісті. Күн демей, түн демей комбайн штурвалында отырып астық бастырды. Орақ соңында ол облыс бойынша алдыңғы қатарда болды, өйткені ең жоғарғы көрсеткіш – 20 мың центнер астық бастырып Қазақстан миллиардына қомақты үлес қосты. Осы көрсеткіші ескеріліп, Еркін Спаен Социалистік Еңбек Ері атағына ұсынылған, бірақ белгілі себептермен бұл атақ берілмей, сол кездегі Одақтың ең жоғарғы наградасы Ленин орденімен марапатталды. Көп ұзамай Еркін Қайырбекұлы ауылдағы трактор-егіс бригадасының бригадирі болып тағайындалды және бұл қызметті де абыроймен зейнетке шыққанға дейін атқарды. Айта кеткен жөн, Еркіннің Ұлы Отан соғысында қаза тапқан әкесі Қайырбек Сыпайынұлы соғысқа аттанғанға дейін ауылда трактор-егіс бригадасының бригадирі болып, отызыншы жылдары ауылды дамытуға көп еңбек сіңірген екен.

Бөлімше басқарушылары Ғазез Шыңғысов, Қарамырза Әбдірахмановтармен бірлесе отырып ауылды көркейтуге зор үлес қосқаны баршаға аян. Еркін Спаен Солтүстік Қазақстан облыстық халық депутаттары кеңесіне депутат болып сайланып, ел мұқтажын жеткізіп, келелі мәселелерді шешуге ат салысты. Көп жылдар бойы Сергеев аудандық партия ұйымының бюро мүшесі болды. Аупарткомның бірінші хатшылары Социалистік Еңбек Ері Есім Шайкин, Қазақ ССР-ның депутаты болған Мәркен Ахметбековтер Еркін Қайырбекұлының қоғамдық жұмысын да жоғары бағалап, көпшілікке үлгі етті. Облыс коммунистері үлкен сенім көрсетіп КОКП-ның соңғы XXVIII съезіне делегат етіп сайлады.

Кісілік көркем қалпынан ауытқымаған Еркін Қайырбекұлы әлі де ауыл өміріне белсене араласады. Зайыбы Мәну Тоқтарқызы екеуі үш ұл, бір қызын аяқтандырып, немерелер сүйді, шөберелер көрді. Перзенттері ауыл шаруашылығы саласында әкелерінің ісін алға жалғастыруда.

Махметов Серик Махметович
(1945-2013 гг.)



Махметов Серик Махметович родился 15 мая 1945 года в селе Алкаагаш Октябрьского района Северо-Казахстанской области. Отец, Шаймерденов Махмет, родился в 1894 году в селе Алкаагаш Октябрьского района Северо-Казахстанской области. Умер в 1977 году. Мать, Шаймерденова Рахима, родилась в 1896 году в селе Крещенке Октябрьского района Северо-Казахстанской области. Умерла в 1984 году.

Махметов Серик в 1964 году окончил 11 класс Марьевской средней школы Сергеевского (ныне Шал акына) района Северо-Казахстанской области. В 1964 году поступил в Казахский политехнический институт, который окончил в 1969 году, получил специальность инженера-электрика.

В 1987 году окончил университет марксизма-ленинизма при Карагандинском обкоме КП Казахстана, отделение научного атеизма.

Трудовую деятельность начал в 1969 г. в качестве мастера на Лисаковском участке. В 1976 году работал в Карагандинском монтажном управлении треста «Казэлектромонтаж» в качестве старшего инженера. За 19 лет работы в системе треста «Казэлектромонтаж» принимал участие во многих пусковых стройках Казахстана и России в качестве инженера-наладчика. С 1991 по 1994 годы находился в загранкомандировке в г. Аннаба (Алжир) в качестве заместителя директора по энергетической части. С 1995 года переведен в г. Алматы в УПТК АО КЭМОНТ на должность начальника отдела снабжения. В 2008 году работал в ООО «Чайна Триумф Интернэшнл Инжиниринг» в п. Мойынкум Жамбылской области в качестве ведущего инженера. В 2009 году работал в ТОО «Мынарал Тас Компания» в качестве главного инженера-электрика. С 2010 года до последних дней работал в АО «Алатау Жарык Компаниясы» на должности главного

специалиста сектора комплектации управления капитального строительства.

Имеет многочисленные государственные награды и грамоты республики Казахстан и государства Алжир.С женой Талмаш родили и воспитали четверых детей и внуков.

Теміртас Әнәсов



Теміртас Әнәсұлы Анасов Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданы (қазіргі Шал ақын ауданы) Қаратал ауылында 1947 жылы 20 ақпанда дүниеге келді. 1963 жылы Ленин орта мектебін аяқтап, арнайы-жол машиналары инженер-механигі мамандығы бойынша Целиноград инженерлік-құрылыс институтына түсті.

Еңбек қызметін 1970 жылы № 6 жол-құрылыс трестінде ДСУ-37 механигі ретінде бастады. 26.02.1975 ж. бастап ДЭСУ-441 бас инженері ретінде ауыстырылды.

25.02.1980 ж. ауыстыру тәртібімен СҚО жаңа ашылған Целинный ауданының «Союзцелинвод» трестінің Целинный ЖПУ бастығы ретінде тағайындалды.

1985 жылы Ишим магистральдық су құбырларын пайдалану басқармасының бастығы ретінде тағайындалды, ол жерде 19.02.2010 ж. зейнетке шыққанға дейін жұмыс істеді.

Осы лауазымда жұмыс істеген 25 жыл ішінде кәсіпорын мол табыстарға қол жеткізді. Басқарма Сергеев, Тимирязев, Ғ. Мүсірепов, Жамбыл аудандарын және Қостанай облысының үш ауданын ауыз сумен қамтамасыз етті.

Халыққа ауыз су беру көлемі жыл сайын артып отырды, кәсіпорын, кеңшарлар тарапынан шағымдар болған жоқ, судың сапасы «Ауыз су» МЕМСТ сәйкес болды.

Қайта құрудың қиын кезеңінде кәсіпорынның инфрақұрылымын сақтап қалды. Ол басқарған 450 адамнан тұратын ұжым, Сергеев ауданы Водопроводное к. бас имараттары және аудандардағы үш ЖПУ тұрақты жұмыс істеді, кадрлардың тұрақтамауы болмады.

2003 жылы Сергеев сорғы станциясының тазарту имараттарының істен шығуына байланысты «Созцелинвод Трест» РМК мамандарының, соның ішінде Т. А. Әнәсовтың бастамасымен 33 км магистральдық сутартқышын салу арқылы Сергеевка қ. Ишим топтық су құбырына қосты.

Ол басшылық еткен кезеңде кәсіпорын «Союзцелинвод» трестінің ауыспалы туымен және КСРО мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің «Союзсельхозводоснабжение» бас басқармасының ауыспалы туымен бірнеше рет марапатталды.

Т. А. Әнәсов жемісті еңбегі үшін 1979 жылы Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің Құрмет грамотасымен, 2007 жылы СҚО әкімінің Құрмет грамотасымен, 2007 жылы АШМ Су ресурстары комитетінің Құрмет грамотасымен, «Еңбек даңқы», «Су шаруашылығы саласының кәсіби қызметкері», «Су шаруашылығы ардагері» төсбелгілерімен марапатталды.

Еңсесі биік азамат

Шал ақын ауданының беделді азаматы Теміртас Әнәсұлы Әнәсовпен ауруханада танысып, достасып кеттім. Абзал азамат көрші, әрі жарыстас ауданның білікті маманы, іскер басшысының көріктісі деген оймен ажарлы іні жайлы лебіз білдіргенді жөн көріп, қолыма қалам алдым. Жарыстас дегеннен шығады, сол кездегі үрдіс бойынша жарыстас ауданнан келетін делегацияны бізге айтулы азамат, марқұм Мәркен Ахметбеков басқарып келсе, бізден баратын қонақтарды Болат Көшімбаев басқарып барған еді. Бір сөз еткелі отырған Теміртас Әнәсұлы осы астықты өңірдің төл тумасы.

Темекең жайлы обыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының бастығының орынбасары Болат Шонұлы Рахимовтың сөзімен айтар болсақ, Теміртас Әнәсұлы қазақтың нарқасқа жігіттерінен саналады екен. Ел қамын Едігедей ойлаған

ақылды азамат еліміз тәуелсіздік алып, атан жығар нарықтың өтпелі кезеңінде аудан орталығынан қол созым жердегі Водопроводный поселкесінің көпұлтты отбасыларының ынтымақ, достық, бірлігін сақтай отырып, ел еңсесін көтеріп, бағын жандырып отыр. Поселкенің жүз үйлі тұрғындары Теміртас Әнәсұлы есімін жылы лебізбен атап, жүрекжарды алғыстарын айтып жүреді. Бәрі де бір кісінің баласындай, бір шаңырақтың астында тұрып жатыр. Темекеңнің тағы бір ерекшелігі, ол әйгілі Ленин орта мектебінің түлегі екен. Жалпы Солтүстік өңірімізде аттары тарихқа алтын әріппен жазылған екі білім ғимараты бар екенін көбіміз біле бермейтініміз де ақиқат. Соның бірі Сырымбет ауылында болса, екіншісі – Ленин мектебі. Қазір бұл мектеп Кеңес Одағының батыры Ысқақ Ыбыраев атымен аталады. Сырымбет орта мектебін Алаштың арда туған азаматтары – ақиық ақын Кәкімбек Салықов, әйгілі сәулетші Елтаңбамыздың көрікті авторларымыздың бірі Шот-Аман Уәлиханов алтын медальмен бітіріп, бүгінде елінің елеулі, халқының қалаулы ұлына айналып отыр. Ал Ленин мектебінде жазушы, аудармашы, республикалық әдебиет және қоғамдық сыйлықтың иегері Герольд Бельгер, қарымды қаламгер, жазушы ағаларымыз Бақыт Мұстафин, Жарасбай Нұрқанов, Ермек Қонарбаев оқып шығып, киелі мектептің жұлдызын жаққан. Есімі республикаға танымал ақын Болат Қожахметов те осы мектептің түлегі екенін де алғаш Теміртас Әнәсұлынан естіп білген едім. Расында да, аталмыш білім ғимараттары сонау қиын жылдарда талай өрім өреннің бағын жандырып, жұлдызын жаққанын көзкөргендер әлі күнге айтып жүргені бізді бір ерекше нұрлы сезімге бөлейді.

Теміртас та барлық ауыл балалары секілді шалғайдағы Қаратал атты ауылда өмірге келіп, төрт сыныпты бітірген екен. Аяулы әкесі Әнәс сол қиын жылдарда басын қатерге тіге жүріп, діндарлық, имандылық жолына түсіп, өте сауатты молла болыпты. Замана саясатына орай адал еңбек етіп жүрсе де, бес уақыт намазын оқып, сәждеге басын тигізіп, ораза ұстағаны үшін Кеңес үкіметінен біраз қиянат көріпті. Молдалығы үшін облыстық газет бетінде де сыналыпты. Қырық жыл қырғын болса да аман шығып, ұрпағын сақтап қалған екен. Ақылды әке замана саясатына ерте түсініп, Теміртасын оқуынан қалдырмай, қолынан келгеннің бәрін жасапты. Төрт сыныпты бітірген Теміртасын әйгілі Ленин мектебіне әкеліп оқытқан.

Киелі мектептен сапалы білім алған жас өрен 1970 жылы Целиноград инженерлік-құрылыс институтының жол және құрылыс

бөлімінде оқып, инженер-механик мамандығын алып шығады. Алғаш еңбек жолын № 37 жол-құрылыс учаскесінде, алдымен сол кездегі үрдіс талаптарына сәйкес учаске механигі, одан кейін аталмыш учаскенің бастығы болып тағайындалады. Әкенің тәлімді тәрбиесімен өскен балаң жігіт көптеген игі істер атқара білді. Алдымен халықпен жұмыс істеуді бүгешігесіне дейін үйреніп, ақылды басшыға айналды. Өзін де, басқаны да тәрбиеледі.

Жетпіс алтыншы жыл Теміртас Әнәсұлының өсу, өрлеуінің басы болды. Нақ осы жылы Темекең Сергеевка қаласындағы № 411 ірілендірілген жылжымалы механикаландырылған кәсіпорынның бас инженері болып бекітіледі. Сексенінші жылы көрші Целинный ауданында Петропавл қаласындағы «Трест СоюзЦелинвод» су құбырлары басқармасына қарасты су шаруашылығымен айналысатын учаскенің бастығы болып тағайындалды.

Одақтың кезінде бұл учаскенің аталмыш өңірде су шаруашылығын, құрылыс салып, аудан экономикасын, мәдениетін дамытуда атқарған рөлі орасан зор болды. Мұнда Теміртас Әнәсұлының басқаруымен құрылысшылар тұрғын үй салумен бірге өте ауқымды өнеркәсіптік база объектісін қысқа мерзімде салып, пайдалануға берді. Сексен бесінші жылы Шал ақын ауданында (ол кездегі Сергеев ауданы) Әнәсов басқарып отырған учаске екі аудан аумағында (Тимирязев) су құбырларын салатын және жөндейтін трест ашылып, елеулі өзгерістер енгізілді. Алдымен ұйымдастыру жұмыстарына трест бастығы болып тағайындалды да, жаңа кәсіпорынға «Есіл су құбырларын пайдалану басқармасы» деп айдар тағылды. Бір ерекшелігі – су тресі тура Мәскеудегі Су шаруашылығы министрлігіне бағынған ғой. Мұндай үрдістер басқа салада да өндіріске енгізілген. Мәселен, Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін көптеген кеңшарлардың Мәскеуге бағынып келгенін біз тарихтан білеміз. Теміртас Әнәсовтың сөзімен айтар болсақ, сол жылдарда суға деген сұраныс өте күшті болған екен. Трестен Қостанай облысынан, Тимирязев ауданынан – 16, Жамбыл ауданынан – 4, Сергеев ауданынан – 3, Целинный (қазіргі Мүсірепов) ауданынан – 3 кеңшар су алып тұрған. Су құбырлары Одақтың Совминнің шешімімен алпыс екінші жылы басталып, алпыс сегізде аяқталған екен. Басты мақсат – жаңа құрылған кеңшарларды сумен қамтамасыз ету болып табылады. Құбыр ұзындағы 1959 шақырымды құрайды.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда су шаруашылығы тресінің құты қашып, берекесі кете бастайды. Оған себеп Одақтың ыды-

рауымен бірге кеңшарларда су аяғы құрдымға кетіп, тарап кетуі. Кеңшарлар аталмыш мекемеге екі миллион теңге берешегін өтей алмады. Білікті басшы, іскер маман Теміртас Әнәсұлы қиыннан жол тауып, қолда бар техникасын шашып алмай, кадрларын сақтай отырып, поселке тұрғындарының жан-жаққа көшіп кетпеуі үшін қолынан келгеннің бәрін жасады. Ізденіп жүріп, екі жарым жыл өзін-өзі қаржыландырып, жұмыс істеуге жеңілдік алып, шаруашылығын нарықтың өтпелі кезеңінен шашасына шаң жұқтырмай, аман алып шықты.

Екі мың бірінші жылдан тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мақсатымен солтүстік аймақты «Есіл су» мемлекеттік кәсіпорны тұсауы кесіліп, өмірге жолдама алды.

Түйіндеп айтқанда, Теміртас Әнәсұлы басқаратын «Водопроводный» поселкесі Октябрь селолық округіне қарайды екен. Поселкеде 110 отбасы тұрады. Мұнда орта мектеп, клуб, спортзал жұмыс істейді. Поселкенің жылдан-жылға экономикасы дамып, тұрғындардың тұрмысы жақсарып, жасыл желек жайқалып, сәулеттеніп тұрса, осының бәрі де абзал азамат Теміртас Әнәсұлының ерен еңбегінің жемісі деп түсінген жөн. Асыл азаматтың жерлестері алдында беделі мен мерейінің өсіп келе жатқанын айта берудің өзі артық. «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» дегендей өткен ақпан айында ердің жасы алпысқа толған ажарлы да іскер азамат Теміртас Әнәсовтың ерен еңбегі ескеріліп жүрсе, нұр үстіне нұр демекпіз.

Тайлақ Жалмұрзенов,
ҚР Журналистер одағының мүшесі, «Парыз» газеті

Сартай Бікәнұлы Қоспанов



1947 жылы 23 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев ауданында дүниеге келген. 1965 жылы Новопокровка орта мектебін бітіріп, сол жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтының «Емдеу ісі» факультетіне оқуға түсті. 1971 жылы институтты бітіргеннен кейін Петропавл қаласының 1 қалалық біріккен ауруханасына хирург-дәрігер лауазымына қабылданды. Біздің облысқа келген байырғы ұлттың алғашқы хирург дәрігері болып жұмыс істеді. Хирург-дәрігер болып жұмыс істеген кезеңде әртүрлі патологиясы бар жүзден астам науқастар құтқарылды, сол үшін науқастар оған мейірімді және сезімтал қарым-қатынасы үшін өте риза болды. Осы уақытқа дейін көптеген бұрынғы науқастар көшеде дәрігерді көріп, тоқтатып, оның денсаулығы мен өміріне қызығушылық танытады. 1984 жылы медицина қызметкерлері кәсіподағының облыстық комитетінің хатшысы болып сайланды, онда 1985 жылдың желтоқсанына дейін жұмыс істеді. Сол жылы облыстық қан құю станциясының бас дәрігері болып тағайындалып, онда 36 жыл жұмыс істеді. ОҚО бас дәрігері болып жұмыс істеген уақытта Қазақстанда алғаш рет пластик атты ыдыстарға қан алу, қан ауруымен ауыратын науқастар үшін VIII факторды дайындау, 4 еселік тромбоферез енгізілді. Қан дайындау бойынша ОҚО ҚР көшбасшыларының алғашқы үштігіне кірді. Республикада алғашқылардың бірі болып Қан орталығы ғимараты салынды. 2011 жылдың қаңтар айында зейнеткерлік жасқа толуына байланысты ҚР Еңбек кодексінің 57-бабына сәйкес дайын өнімді беру бөлімшесінің меңгерушісі лауазымына ауыстырылды. Денсаулық сақтауды ұйымдастырушы және жоғары санатты дәрігер-трансфузиолог ретінде 1 санатты біліктілігі бар. 1996 жылы ҚР Құрмет грамотасымен, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен және «ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісімен марапатталды. Қазақстан Республикасы қан қызметінің 80 жылдығына орай атаулы сағаттармен және

«Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталған. 2016 жылы «Шапағат» медалімен марапатталды.

Мұрат Қошанұлы Жантілеуов



1949 жылғы 20 қазанда Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы (бұрынғы Сергеев) Октябрь орман шаруашылығы кентінде дүниеге келген.

1968 жылы Шал ақын ауданы «Заря» совхозында Кривощеково орта мектебін аяқтап, осы жылы Қазақ политехникалық институтының инженер-құрылысшы факультетіне, өнеркәсіптік-азаматтық құрылыс бөліміне түсті.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің бағыттауына сәйкес 1973 жылғы қазаннан бастап институт бітіргеннен кейін Көкшетау облысы, Уәлихан ауданындағы № 4 «Кокчетавсельстрой» тресінің ПМК-401 мастері, прорабы, участке бастығы ретінде 1977 жылға дейін жұмыс істеді. 1977 жылғы сәуірден Солтүстік Қазақстан облысы Сергеевка қаласындағы «Петропавловсксельстрой» тресінің Шал ақын ауданы Марьевка ПМК-5 мастері, прорабы, аға прорабы, участке бастығы болып жұмыс істеді.

1981 жылы «Союзцелинвод» тресінің Сергеев пайдалану-құрылыс басқармасына бас инженер. 1985 жылдан жоғарыда аталған басқарманың бастығы болып тағайындалып, 13 жыл қызмет атқарды. Сол жылдарда сутартқыштарды қайта құрумен, Иман-Бұрлық-Питное көлі арнасының құрылысымен, жинақтаумен және «Кубань-М» жаңбыр машинасының суару жүйесін пайдаланумен айналысты.

1998 жылы Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің ұсынысы бойынша Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің 1998 жылғы 16 қарашадағы № 95-Ж бұйрығымен «Союзцелинвод» тресінің басқарушысы болып тағайындалды. «Союзцелин-

вод» тресінің жүйесіне ұзындығы бойынша Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Қостанай, Павлодар облыстары мен Қорған, Омбы облыстарының шекаралас аудандарын ауыз сумен жабдықтаған Гиннесс рекордтар кітабына Булаев, Ишим, Преснов Соколов және т.б. топтық су құбырлары енген. Соттың 1999 жылғы 26 қаңтардағы № Т/128-н үйғарымы негізінде «Союзцелинвод тресі» РМК оңалту басқармасы болып тағайындалды. Осы кәсіпорында оңалту процедурасы аяқталғанға дейін 2001 жылғы қыркүйекке дейін жұмыс істеді.

Қайта құру жылдары «Союзцелинвод» тресіне, оның қызметкерлерінің тағдырына өзінің түзетулерін енгізді, бірақ қызмет түрі ауыл халқын сумен қамтамасыз ету болып қалды.

Сумен жабдықтаудың ең қиын жағдайы әсіресе Уәлиханов пен Ақжар аудандарына орын алды, бұл аудандарда 1996-1998 жылдары Беловод топтық су құбырымен су беру тоқтатылды. Топтық су құбырына қосылған 48 кент ауыз сусыз қалды. 2000 жылы «Союзцелинвод» тресінің ПМК-26, ПМК-28, ПМК-5, СМУ және Сергеев ЭСУ құрылымдық бөлімшелерінің күшімен ұңғымаларды бұрғылау, Комсомольское-Чехово құрыш сутартқышын қайта құру жүргізілді және Чехово-Кішкенекөл сутартқышының 18,1 км сутартқыш желісі салынды, Чехово сорғы станциясы салынды және 2000 жылғы 25 қазанда Республика күніне орай Кішкене көл аудан орталығының тұрғындарының таза ауыз суға қолдары жетті.

Қайта құрудың қиын жылдары М. Қ. Жантілеуов басқарған ұжым облыстың сумен жабдықтау жүйесін, ұжымды сақтап қалды.

2001 жылғы 20 қыркүйекте Су ресурстары комитетінің 01.11.2001 жылғы № 32-Ж бұйрығымен «Есіл су» РМК-ның су құбырларын пайдалану жөніндегі бірінші орынбасары болып тағайындалды. 2011 жылдың қыркүйегінен бастап 2016 жылға дейін «Қазсушар» РМК-ның «Есіл су» филиалының бас инженері лауазымында қызмет атқарды.

Мұрат Қошанұлы өзінің саналы өмірін мал шаруашылығының, өңдеу өнеркәсібінің дамуына, ауыл халқын жұмыспен қамту және демография, халықтың денсаулық жағдайының мәселесін шешуге, Солтүстік Қазақстан облысы, Қостанай облысы, Көкшетау, Щучинск қалаларын дамыту мен жетілдіруге әсер еткен, халықты кепілдендірілген сапалы ауыз сумен жабдықтау мәселесіне арнады. Жалпы жұмыс өтілі 49 жыл, сумен жабдықтау жүйесінде – 35 жыл.

Мұрат Қошанұлы көп жылғы жемісті еңбегі және жоғары кәсіптік жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Ауылшару-

ашылық министрлігінің, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің, АШМ Су ресурстары комитетінің, облыс әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған, «Су шаруашылығы саласының кәсіби қызметкері», 1, 2, 3 дәрежелі «Еңбек даңқы» белгісімен және «Су шаруашылығының ардагері» төсбелгісімен марапатталған.

2020 жылдан Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы.

Ер мерейі – еңбегі

Таным-пайымына көлеңке түсірмейтін қазақ небір айтулы азаматтарды ардақтаса, соның анықтығына көзің жеткен сайын айызың қанады. Еліне елеулі, халқына қалаулы нар жігіттер есейе келе алдына барғанның жүрегіне нұр төгетін абыз дерлік ақылманға айналғанын көріп те, сезіп те жүрміз. Мұны біздің дана халқымыз: «Көргені жақсы көш бастар» деп, ұлағатпен ұқтырған.

Менің ұсынып отырған әңгімеме арқау болған Мұрат Қошанұлы Жантілеу немересі нақ осыған лайық адам екенін Қызылжарда «Мен – қазақпын» деген азамат қана емес, өзге ұлт өкілдері де біледі.

Айтып, айтпай не керек, Мұрат Қошанұлы айыз қанарлық шаңырақта тәлім алған! Бөленген бесігі өзгелерден бөлек болмаса да, тәлімі-тәуір, тәрбиесі танымды. Осы қасиеті өмірлік серік болып, бүгінгі жетпіс жасында нағыз ел сүйсінген тұлғасын таныта тұрады. Осы жақында ғана 85 жасқа толған ағасы академик Аманжол Қошанов «Тұлғасында тоғысқан алуан дарын, Толағайдай танылған тарлан ғалым» деп айтқандай, інісіне аспандағы Ай мен Күндей жол нұсқағаны айтпаса да түсінікті.

Бұл – тектілік! Қазақ өлеңінің жаңа арнасын абыз жыраулардан соң соны арнаға салған Шал ақынның тамаша жырлары тамырын бүлкілдеткен шаңырақтан Аманжол Қошанұлындай ірі экономика білгірі түлеп ұшқаны, ғалым болмаса да, шаруашылық басшы ретінде мәлім Мұраттың іле қанат қомдауы әбден қисынды.

Аға ініге ақылшы екені айғақты. Аманжол ағасы жол сілтеген Мұрат 1968 жылы Алматыдағы Қазақ политехникалық институтына ден қойып, бес жылда оны тәмамдайды. Осы тұста айтайын деп оқталып отырғаным – Мұрат Қошанұлының әулетінен қанына сіңген еңбекқорлығы. Әйтпесе, есімі Есіл өңірі түгіл, Алматыдағы ғылыми ортаға әбден мәшһүр әкесі Қошан Жантілеуұлы екеу емес, он төрт баланы алаңсыз оқыта алатын отағасы еді.

Бірақ Мұрат әкеге салмақ салмай, ұяда көргенін істеп, әуелі Павлодар облысындағы Торайғыров кеңшарында студенттердің халықаралық құрылыс жасағында еңбекпен шынықса, 1970 жылы Тольяттидегі автозауытты салуға да өзінің үлесін қосты.

Қазақ: «Түсіне қарама, ісіне қара», – дейді ғой. Мұрат Қошанұлына Тәңір қосынан беріпті. Ісінің кемшінін түр-түсімен, желбуаз тілімен бүркемелейтін кейбір жылпостардай емес ол. Еңбекқорлығынан, табиғи куш қуатынан шығар. Мүкең құдай қосқан жан жары Ұмсындық Ыбырайқызымен жақсы отбасын құрып, шаңырағын берекеге бөледі. Олармен кездесіп қалып амандық-саулық біліскен соң ағайдың сәл ойланып қалғандай сыңайын байқадым. Тағдырдың әркімге әрқалай тартуы бар ғой. Ернар, Қарлығаш есімді ұл-қызынан ұрпақ сүйіп отырған еңселі орда иесі. Жаңа ғана танысқан емес, бұрыннан білетін аға болған соң мен де оның өмір жолына одан әрі ой жүгірттім.

Еңбек жолын бастап, Уәлиханов ауданының орталығын салуға үлес қосқанына осында іс-сапармен болғанымда қаныққан едім. Тұрғын үйлер, партия, ауатком ғимараттары, әлеуметтік мәдени, бірқатар өндірістік нысандар ірге көтерген. Мұрат мастер, прораб, учаске бастығы сияқты қызметтерді абыроймен атқарған.

Ер жігіт туған жеріне алаңдамай қоймайды. Бұл құдайы шындық! Мұрат та осындай күй кешкен. «Құланның қасуы, мылтықтың басуы» демекші, бірде ел ұйтқысы Қошан ақсақалға сәлем бергелі ат басын бұрған сол кездегі Сергеев ауданының басшысы, Социалистік Еңбек Ері Есім Шайкин:

– Бізге сендей жігерлі жас қажет-ақ! Туыңды туған жеріңе тік. Мен саған осындағы су құбырларын пайдалану басқармасының бас инженері қызметін қолыңа алуды ұсынамын. Кел де, іске кіріс,- деді.

Бұл басқарма сол уақыттағы Кеңес Одағындағы атынан ат үркетін ең беделді «Союзцелинвод» тресіне қарайтын. Бастығы –Қаттай Бектасұлы Кеншинбаев та одаққа танымал.



Ағалы-інілі Жантілеуовтер: Ерболат, Ерсайын, Мұрат, Ерден (бірінші қатарда) және балалары Данияр, Елжан, Ернар, Саят

Әуелі жүрексінгені рас. Алайда, Есім Шайкенұлы тегін азамат емес қой. Жас басшының бойдағы жасымас жігерін қыранды баптаған құсбегідей аңдаған екен.

Бұл басқарма – аса зор аумақты сумен қамтамасыз етіп отырған үлкен ұйым. Облыстың Сергеев, Мәскеу, Келлеровка, Тимирязев (қазіргі Шал ақын, Есіл аудандары), Көкшетау өңірі бар, елді мекендерін 1982 жылы пайдалануға берілген су арнасы арқылы өмір нәріне қарқ қылды. Шабындық алқаптар, мал жайылымдары ризыққа кенелді. Жаңбырлатқыш қондырғылардың арқасында бір жазда мал азығы екі мәрте шауып алынатын болды. Әрине, су аспаннан жаңбыр болып жауған жоқ. Жас басшы ел қоныстанған жерлерді аралады. Халық сулы жерлерді таңдайтыны өмір-тұрмыстың сабағы емес пе. Соны жастайынан білетін Мұрат Қошанұлы ауданның Иман-Бұрлық өзенінен Питное көліне дейінгі арнаның нақты жобасын осылайша жүзеге асырып еді. Ол осы басқармада төрт жыл бас инженер болса, кейінгі он үш жыл бойы басшылық тізгіні қолына берілді. Трест басшылары да бейғам жандар емес қой. Бірақ басшылық қызмет бұйрық беріп, қағазға айналдырып қол қоя салу емес, іскерлік, көрегендік, болашақты болжай білу қабілеті бойдан табылуы керек қой. Өйткені басшы-

лар да – адамдар, қарамағында жұмысшылар еңбек етеді. Жұмысшылардың мұң-мұқтажына, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына көңіл бөлу – басшының міндеті. Мұрат Қошанұлы мұны ақсатпады. Өзінің бұл ісінің нәтижесі танылғанын еңбекшілердің іске деген ынта-ықыласынан өзі де аңдап-аңғарып отырды. Басқарма өңірдің бұрынғы Жамбыл, Сергеев, Ленин, Мәскеу, Тимирязев аудандарының елді мекендерін ауыз сумен жабдықтады.

Мен Мұрат Қошанұлын бұрыннан білетінмін. Тілшінің тірлігі осыдан да аңғарылады. Бірін біріне қарсы қоятын емес, түймедейін түйедей қылып көрсететін, уәдені үйіп-төккенде алдына жан салдырмайтын, есігінен кері аттап шыққаныңды тілеп отыратын, іске берекесіз, басқан жерінің шөбі қайта тікірейіп тұратын бастықтардың біразын өзімнің 44 жылдық журналистік қызметімде танып-білгенмін. Ал, керісінше, қызметке берілген Мұрат Қошанұлындай азаматтар да аз емес. Риза боласың. Осындай жандар жайында жазуға қаламың өзі тіленіп, қолыңа өзі қона кеткендей болады. Осының дәлелі – бұл әңгіменің кейіпкері Мұрат ағаның ісі. Ердің жасы елуге толмай тұрып, облыс басшылығының ұйғарымымен 1998 жылы «Союзцелинвод» тресі басқарушысының орынбасары, ал келесі жылы басшылық қызметіне тағайындалады.

Айтуға ғана оңай, әйтпесе міндеті зор, сұраным мол іске кірісу үлкен жауапкершілік жүктеді. Облыстың он бір, Қостанай өңірінің үш ауданын, Көкшетау қаласын сумен жабдықтады. Ауыз суға зәру Уәлиханов ауданында Есдәулет жерасты су қайнарынан бастап, ұзындығы алпыс төрт шақырым су торабын салды. Трест кәсіпорындарында бір мыңнан аса адам еңбек етті. Жаңа басшы келгелі трестің ісіне қан жүгірді. Бұрындары белгілі-белгісіз себептермен сырт беріп кеткен білікті мамандар босағадан қайта аттады. Үш механикаландырылған колонна, құрылыс-монтаж басқармасы, Сергеевка қаласындағы осындай кәсіпорын трестке қайта қосылды.

Бүгінде жетпіс жастың белесінен орын алып отырған Мұрат Қошанұлы атқарған, тындырған істерін көңілі толып еске алса да, ойына адам айтқысыз қиындықтар орала береді. Жігерлі, қайратты кезі ғой, күш-қуатқа көнбейтін тас қамал жоқ па дерсің? Әйтпесе. Ие, десеңізші!

1996-1998 жылдары аса қиын жағдай қалыптасты. Уәлиханов және Ақжар аудандары Беловод топтық су торабынан ажыратылып, 48 елді мекенге ауыз су жетпей қалды. Бұл Беловод су торабы мемлекетаралық маңыздағы арна еді. Ол арна арқылы

Павлодар облысының бір ауданы, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан өңірінің екі ауданы сумен жабдықталса, Омбы облысының осынша ауданы қосылған еді. Өмірдің нәрінен айрылған елді мекендердің мүшкіл халі бір трестің иығына ауыр жүк болып артылды. 2000 жылы қарамағындағы бес бірдей кәсіпорын ұңғымаларды бұрғылап, 19 шақырымдай су торабын іске қосты, Уәлиханов ауданының Чехов ауылында жаңа сорғы станциясын салды. Осындай жанқиярлықтың, жұдырықтай жұмылған ұйымшылдықтың арқасында Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарының аумағында 234 елді мекендегі 195 мыңдай тұрғын ауыз суға қарық болып, қуанышқа кенелді. Ал су құбырларының ұзындығы 3 мың шақырымнан асып түсті.

Мұрат Қошанұлын «Су иесі – Сүлеймен» десе болады. Өмірінің 35 жылын сумен жабдықтау ісіне арнағаны бір ғанибет емес пе! Оның ісін, ұйымдастырушылық қабілетін ондаған жоғары мәртебелі марапаттары айғақтайды. Әсіресе «Су шаруашылығы саласының кәсіби қызметкері», I, II және III дәрежелі «Еңбек данқы» төсбелгілері өзін ерекше ләззатқа бөлейді. Жетпіс жасында да жігері жасымаған Мұрат ағаның тұлғасына риза боласың.

Құдай қоскан жұрағаты Ұмсындық Ыбырайқызы да еңбекте үлкен абырой иеленген. Экономист білімін меңгерген ол осы мамандық бойынша Сергеев аудандық тұтынушылар одағында және облыстық балалар ауруханасында басшы қызметте болды. Ұл-қызы Ернар мен Қарлығаштан ұрпақ сүйіп отырған бақытты жандар бұлар. Ерлі-зайыпты Мұрат ағамыз бен Ұмсындық жеңгемізді көрген сайын жұбайының тұлғасынан Құлеке батырдың, Шал акынның тектілігін, ал зайыбының бойынан ұяда көрген тәлімін, қазақ әйелінің ақылмандығын, инабаттылығын танимын. Сондайда тебереніп кетесің. Ақынға шабыт беріп, жүректі жыр толқытып тұрады ғой.

Тектілігін тарту етіп Шал ақын,
Сыйлағандай қыран құстың қанатын.
Бойыңызда мол қасиет тоғысқан,
Ұққан адам ғибрат-үлгі алатын.

Болсаңыз Сіз шаңырақтың шынары,
Зайыбыңыз – жанып тұрған шырағы.
Шамшырақтай жарасыммен ықылас
Мәңгілікке ырыс болып тұрады.

Ата жолы ер мерейін өсіре
Болды нағыз ырыс пенен несібе.
Қажымаған қайраты мен еңбегі
Ілестірді ізгілердің көшіне.

Зейнолла Әкімжанов,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Оразалин Тұрар Сейітжанұлы



Құлеке батырдың үлкен ұлы Бәбекенің немересі Құлшықтан тараған ұрпақтардың бірі Оразалин Тұрар Сейітжанұлы.

Тұрар Сейітжанұлы 1951 жылы 10 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі Шал ақын ауданы Қаратал ауылында туған. Еңбек жолын 1968 жылы Ленин орта мектеп-интернатында тәрбиеші болып бастаған. 1974 жылы Петропавл педагогикалық институтын бітіргеннен кейін сол мектепте тарих пәнінің мұғалімі, мектеп директорының орынбасары қызметтерін атқарған. Алқаағаш сегізжылдық мектебінің директоры, «Заря» совхозының жұмысшылар комитетінің төрағасы, «Ольгинский» совхозының партия комитетінің хатшысы, аудандық «Новатор» газетінің бас редакторы, Шал ақын ауданы әкімі аппаратының басшысы, «Нұр Отан» ХДП-ның аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, «Шал ақын ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар» бөлімінің басшысы қызметтерін атқарып ауданның әлеуметтік экономикалық дамуына үлес қосып, жақсы нәтижелерге қол жеткізді.

2015 жылдан бері Шал ақын аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы, облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі.

Тұрар Сейітжанұлы жұмыстың барлық саласында өзін сауатты, білікті маман ретінде көрсете білді. Ол қарапайымдылығымен, әдептілігімен ерекшеленді, еңбек адамдарына үлкен қамқорлық көрсетті. Білікті, жауапкершілігі мол, ардагерлерге әлеуметтік көмек көрсету, жастарды отансүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиелеуде көптеген жұмыстар атқаруда. Т. С. Оразалин Солтүстік Қазақстан облысы Мәслихатының 2 және 3 шақырымында депутат болып сайланған. Тұрар Сейітжанұлы Оразалин Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Шал ақын ауданының құрметті азаматы, Солтүстік Қазақстан облысының құрметті ардагері. Республикалық ардагерлер ұйымының «Құрмет белгісі» төсбелгісімен, « Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне – 10 жыл»,»Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне – 20 жыл», «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне – 25 жыл»,»Қазақстан Республикасы Конституциясына –10 жыл», «Қазақстан Республикасы Конституциясына – 25 жыл» медальдерімен және Қазақстан Республикасы Президентінің, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

«Достойные люди в моей родословной. Кто они?»

Представляем работу ученицы 5 класса города Астаны Кошановой Айганым на тему «Достойные люди в моей родословной. Кто они?», награжденной за эту работу дипломом III степени на республиканском конкурсе и сертификатом Международного конкурса школьников «Дебют в науке», проходившем в г. Екатеринбурге с 20 по 22 апреля 2021 года.

Меня зовут Айганым, учусь в гимназии № 5 г. Астаны. Рано или поздно перед человеком встают вопросы: «Почему меня так назвали? Кто мои предки?». Я обратила внимание, что в моей семье часто звучат имена таких людей, как Шал акын, Кулеке батыр. Кто они? Почему я о них знаю мало? Какое отношение они имеют к моей родословной? Вот на эти вопросы мне предстояло ответить.

А заинтересовалась такой темой в детстве, когда жила в г. Петропавловске и часто была в гостях у атаки с ажекой. У них дома очень много изображений батыров и акынов, в шлемах с луками и мечами, с национальными музыкальными инструментами. Ата часто рассказывает истории про моих предков, а еще у него целых 17 братьев и сестер, поэтому у меня очень много родственников, все они бережно хранят историю о своих предках и передают ее своим детям.

Аташка рассказывал, что меня назвали в честь Айганым, которая была бабушкой Шокана Валиханова. А еще в нашем роду очень много знаменитых людей, которые прославились не только у себя, но и по всему Казахстану и за его пределами. Поэтому в своей работе я хотела бы попытаться рассказать о них, достойных людях, имя которых осталось в истории моей страны навсегда.

Я думаю, что каждому человеку следует знать корни, историю своей семьи. Еще А. С. Пушкин писал: «Неуважение к предкам есть первый признак безнравственности».

Что такое родословная? Это перечень поколений одного рода. Род – ряд поколений, происходящий от одного предка. Я – почка на ветвях большого дерева. Родители, как ветви, рожденные стволом этого дерева. А ствол дерева – семья. Я так представляю все это.

Актуальность данной темы в том, что знать свою родословную необходимо: без прошлого нет настоящего. Это происходит в каждой семье через рассказы бабушек и дедушек, но устные рассказы и предания могут исчезнуть, поэтому нужно, чтобы история рода не исчезла без следа.

Цель: изучить историю моего рода, узнать, какие люди являлись достойными людьми моего рода.

Объектом исследования является моя родословная.

Цель работы:

– собрать фотографии;

– составить родословную моей семьи;

– собрать сведения и написать об известных людях моего рода.

Задачи: выявить, какие знаменитые батыры и поэты были в моей родословной, какие интересные люди были и есть в истории моего рода.

Методы исследования:

– метод сбора и анализа;

– интервью

Этапы, процедура исследования:

1. Сбор фактического материала
2. Обработка, составление словаря, включающего знания по теме.
3.Составление родословной.

1. Моя родословная

1.1 О значении слова «родословная»

Думаю, что у слов « Родина», « родители», « род» – один корень. Они помогают нам узнать традиции и историю своей семьи. Если обратиться к словам, образованным от корня «род», то к ним относятся слова: родня, родичи, родина, родник, рождать, урожай, народ, родственник, родители, родовой, родимый, родоначальник, родословная. Я думаю, почти каждое из этих слов дорого и близко нам, обозначает начало всему живому на земле, семье, отечеству, маленькому ручейку, синему морю. Так что же такое родословная?

Родословная – это родословие, перечень поколений одного рода, который устанавливает, откуда мы произошли и в какой степени мы родственники. Раньше именно в форме дерева записывалась генеалогия. А что это за наука – генеалогия? Из словаря я узнала: генеалогия – это наука, которая возникла в 17-18 вв., изучает происхождение, историю и родственные связи родов и семей. Я думаю, что каждый человек должен знать хотя бы семь поколений, что тоже неплохо. Мне понравились пословицы, в которых говорится о родословной: «Дерево, у которого крепкие корни, ветер не валит», «Дерево, хоть оно в несколько стволов растет, корень один имеет». Мой ата как-то сказал: «Когда на голову беда свалится, родственника узнаешь». А мне понравилась такая поговорка: «Тот, кто свою страну не знает, – невежда, тот, кто родословную свою не знает, – грешен».

1.2. Немного о себе

Меня зовут Айганым, мне 11 лет и я учусь в 5 классе. Оценки в школе у меня довольно неплохие. Мои любимые предметы: математика, русский язык, самопознание и английский язык. Также увлекаюсь пением, чтением познавательных и научных книг, посещаю кружок рисования, дополнительные занятия по плаванию, русскому, математике и английскому языку.

Моё любимое время года – лето. Я люблю лето, потому что только летом люди могут купаться в разных водоёмах, идут каникулы, которые длятся целых три месяца.

Сейчас я читаю книгу «Путь Абая». Это роман-эпопея Мухтара Ауезова. Эта книга описывает нелёгкую жизнь Абая Кунанбаева. Также она широко известна не только в Казахстане, но и по всему миру, и в этом году наша страна отмечает юбилей великого человека.

Моя мечта – успешно окончить школу, купить огромный дом, завести котят и найти работу, которая будет мне по душе (дизайнера или художника) и посещать много стран, знакомиться с разными людьми.

В людях я очень ценю их отзывчивость, трудолюбие, ум. И мне неважно, насколько человек будет красивым, главное – то, что у него внутри.

Меня назвали в честь Айганым Сарғалаққызы, и я, конечно, заинтересовалась, какой была эта удивительная женщина. Она родилась в местности Сырымбет в Северо-Казахстанской области (1783-19.11.1853 годы жизни) и была младшей женой хана Уәли, бабушкой Шокана Уәлиханова.

Она была очень умной, знала шесть иностранных языков – арабский, русский, французский и др. Представляете: в архивах сохранилась ее переписка с российскими государственными организациями (Северным комитетом в Санкт-Петербурге, Азиатским департаментом МИД России, городами Омск, Тобольск и Петропавловск).

Бабушка Айганым была для своего внука неисчерпаемым источником мудрости. Она в увлекательной форме рассказывала ему сказки (ертегілер), старинные народные легенды, предания, исторические события прошлого.

Меня удивило, что Айганым в течение 30 лет была главой обширного округа, где проживало много шаруа*, пользовалась авторитетом местного населения, и ни одно важное событие в Центральном и в Северном Казахстане не проходило без её участия.

Она была очень мудрой, стремилась, чтобы роды жили дружно в степи, чтобы между казахами и русскими был мир. Она помогала ученым и инженерам, занимавшимся исследованиями в Казахстане.

Русский исследователь и ученый П. П. Семёнов-Тянь-Шанский писал: «Айганым – вдова хана Вали со своими детьми осталась вер-

ной России. Александр I с большим вниманием относился к вдове, велел выстроить ей в Сырымбете дом, в котором жил Шокан Уалиханов». Ей выделили средства для построения усадьбы, где она воспитала внука – будущего учёного, путешественника Шокана Уалиханова.

Я очень много слышала об этой усадьбе и видела фотографии в Интернете и информацию о ней, но никак не могла попасть туда.

Сейчас усадьбу отреставрировали и сделали музей, но был карантин, и я не смогла туда попасть, а так хотелось! В следующем году, думаю, моя мечта исполнится.

Своего сына Шынгыса она отправила на учёбу в Омское военное училище, 12-летнего внука Шокана, несмотря на протест его матери Зейнеп, также отправила учиться в Омск. Это говорит о том, что уже тогда Айганым понимала важность учебы и получения хорошего и достойного образования, и сейчас это тоже очень важно.

Еще я узнала от родных, что С. Муканов в романе «Промелькнувший метеор» создал привлекательный образ Айганым.

Я хочу оправдать надежды моих ата и аже, моих родителей, потому что названа в честь такой великой женщины казахской степи.

1.3 Моя семья.

Сейчас моя семья живет в столице нашей страны – Нур-Султане, и я этому очень рада. Мои родители, папа Ернар и мама Раушан, родились и выросли в Северо-Казахстанской области в районе Шал акына. Я тоже родилась в городе Петропавловске и жила там до 3-х лет, поэтому считаю Северный Казахстан моей малой Родиной.

Мои родители своим примером показывают мне, что надо хорошо учиться, чтобы добиться результатов в этой жизни и занять достойное место. Мой папа учился в Алматы на юриста в юридической академии, а после ее окончания работал в прокуратуре и дослужился до звания майора. Когда мы переехали в Нур-Султан, он работал в акимате помощником акима и одновременно учился в Академии государственной службы при Президенте Казахстана, учился за рубежом в городе Париже, сейчас работает начальником юридического департамента, состоит в резерве судей и имеет много грамот и даже медаль от Президента Казахстана за хорошую работу. Мама тоже хорошо работает и еще учится на между-

народную аттестацию бухгалтера. Очень много времени работает, даже дома.

Моей младшей сестренке Дарие всего 4 года, она пока не хочет учиться и ходить в детский сад, но я думаю, что в будущем она все поймет и тоже захочет быть похожей на наших предков.

В прошлом году летние каникулы я провела у аташки с ажекой в селе Мичурино рядом с городом Петропавловском. Занималась плаванием в бассейне и рисованием в образовательном центре «Өзінше». Побывала в музее Абылай хана в городе Петропавловске, и это оставило неизгладимое впечатление в моей памяти.

На примере своих родителей я вижу, что если хорошо учиться, то можно применить свои знания в работе и тебя оценят, будут хорошо оплачивать работу. А это поможет исполнить свои желания, например, я люблю путешествовать и уже была во ОАЭ, Вьетнаме и Шри Ланке, где много увидела интересного и познавательного.

2. Достойные люди моего рода. Кто они?

Я читала очерки по истории района Шал акына. Оказывается, в 1723 году, в год великого бедствия – «Актабан шубырынды»*, джунгары вторглись в степь. Отступая от врагов из района Сырдарьи, мои предки, род Атыгай, пополнили число кочевников Приишимских степей.

Наш предок Кулеке батыр* был сподвижником Абылай хана и его правой рукой. Он был смелым воином и послом Абылай хана в России и Китае. Я узнала, что в единоборстве победил троих естекских батыров и освободил Северный Казахстан от врагов, заселил туда всех своих родичей. Значит, он был одним из руководителей рода Атыгай. Смелый и отважный человек.

В книгах написано, что он руководил большим отрядом и воевал с джунгарами, его отряд сарбазов* был самым отборным. Абылай хан выставлял его на самые опасные направления, когда надо было защитить рубежи Казахстана от внезапных атак джунгар. И даже упоминается, что российские власти тоже отмечали его большое влияние.

В доме атаки и ажеки имеется его фотография, где указано, что он жил в 1702-1763 гг. и похоронен в мавзолее Ходжи Ахмета Яссауи. В этом году я была с родителями в Туркестане и видела надгробный камень с его именем. Представляете, в списке мавзолея его имя на первом месте среди батыров!

Кулеке батыр является предком в восьмом поколении моему папе Ернару согласно родословной (шежіре). Значит, я представитель девятого поколения по отношению к Кулеке батыру!

В доме атаки и ажеки очень чтят память Кулеке батыра, и я горжусь, что являюсь его потомком, значит во мне течет кровь батыра, защитника и патриота своей страны. А это большая ответственность.

Знаменитый сын Кулеке батыра – Тлеуке (Шал акын) родился уже на севере. С 15 лет он писал стихи, проявлял большой интерес к фольклору. Шал акын собрал материалы о происхождении нашего народа, о его родах, генеалогии ханов и создал эпос.

Меня поразил интересный случай, связанный с Шал акыном.

«У Кулеке батыра был призовой скакун Куренкей, оставшийся еще от старшего брата. Один из сыновей хана Абылая выпросил его на время, чтобы съездить на нем в набег, но потом, увидев необыкновенную резвость и выносливость скакуна, не возвратил в назначенный срок и пытался присвоить его навсегда. Кулеке, взяв с собой сына, приехал в ханскую ставку – Орду.

Хан, выслушав просьбу Кулеке батыра, засмеялся: «Ты сам батыр, Кулеке, скота у тебя много. Неужели ты настолько постарел, что приехал по следам какого-то жеребенка в такую даль?». Разговор на этом кончился. Вечером в ауле началось гулянье молодежи, Шал всю ночь веселился со сверстниками, пел песни, участвовал в айтысах*, качался на качелях. Дело было осенью, к рассвету похолодало и пошел дождь. Когда овцы выходили на пастьбу, худой барашек попал в саз (болотистый солончак) неподалеку от аула и начал погружаться в трясину. Хан, вышедший из юрты, увидев это, сделал замечание слуге, тот вытащил барашка и отнес под куст тальника, чтобы защитить от холода. Тлеуке (Шал акын) это заметил.

Когда поднялось солнце, народ проснулся и хан сказал решившим уезжать гостям: «Сынок, думаю, что это твой голос так выделялся ночью, потому что у нас нет такого певца. Ну-ка, спой мне перед отъездом». Шал сразу запел:

Не боится петь юноша Шал никогда.
Защитит ли от холода тал? Никогда.
Что бывает, чтоб хан на спине нес барашка,
Этого я не предполагал никогда!
Значит, многое значит для кочевника скот.

Хан-отец это знает, он любит народ.
Если будет нужда в том, любого барашка
Хан и бий, и батыр на спине понесут.

Хан признал себя побежденным. Он вернул скакуна и прибавил от себя еще коня. Но батыр Кулеке вернулся недовольным: его надежда на то, что сын станет батыром, не сбывалась. А Шал получил известность. Теперь он полностью становится на путь акына».

Еще я узнала, что 2001 году Указом нашего 1-го Президента имя великого поэта было присвоено бывшему Сергеевскому району – район Шал акына Северо-Казахстанской области, откуда мои предки родом. Это очень важное событие!

Мне понравились эти строки из стихотворения поэта:

Одежда, честный меч – жигита красота,
Отважный в битве муж – народа красота,
Вещь хороша, когда у ней есть назначенье,
Пух белых лебедей в озерах – красота.
Лес и весенний луг с цветами – красота,
И горы на земле, родной нам, – красота,
Когда меж близкими людьми раздора нет,
То это и для всех соседей – красота.
Ученый и мудрец для рода – красота.
Он для своей земли, для мира – красота.
Коль будешь слушать ты, что говорит Аллах,
Откроется тебе всей правды Красота.

Чем они мне понравились? В этом мире у всех есть предназначение: у человека – любить землю, жить в мире и согласии, чтить традиции рода, соблюдать заповеди.

Не могу не написать о моем прадедушке Қошане Жантілеуове, который был участником партизанского движения против колчаковских войск. Он был охотником и құсбегі – мастером охоты с ловчими птицами, одним из глубоких знатоков поэзии своего предка Шал акына.

Мой прадедушка вырастил и воспитал 17 детей, которые трудились и трудятся на благо нашей страны.

В доме атаки и ажеки хранится его ружье, которое перешло по наследству, оно разукрашено узорами и сценами охоты, мой аташка очень бережет эту реликвию.

В этой работе я хотела также осветить жизнь моего атаки, которого я очень люблю.

Мой атака, Жантлеуов Мурат Кошанович, окончил в городе Алма-Ата политехнический институт и всю жизнь трудился в сфере водного хозяйства, снабжал население питьевой водой, за свою жизнь у него очень много грамот и благодарностей, медалей и, когда ему исполнилось 70 лет, получил звание почетного гражданина Северо-Казахстанской области за всю его работу на благо страны.

Я родилась в один день с моим атакой, 20 октября, и младше его ровно на 60 лет, и это очень символично – значит, я должна соответствовать статусу аташки, и я стараюсь не подводить его.

У моего атаки много братьев, сестер и других родственников, все они работали и работают в разных сферах, от учителя до академика, от крестьянина до депутата, они живут по всему Казахстану. Если мы едем в любой город Казахстана, то обязательно там будут наши родственники, и они все очень дружные.

Есть в нашем роду и ученые. Кошанов Аманжол Кошанович – знаменитый ученый-экономист, в Американском биографическом институте удостоен почетного звания «Человек года» в 2009 году, почетный гражданин Северо-Казахстанской области и города Алматы. Сейчас он на заслуженной пенсии, но когда мы приезжаем к нему в гости, он работает в своем кабинете и ему постоянно звонят из разных организаций, просят прочитать лекцию, написать статью или принять участие в заседании. Я горжусь этим.

В моем роду очень много знаменитых людей, которые оставили свой след в истории Казахстана, и я очень хочу быть похожей на них.

Меня восхищают страницы жизни старшей сестры моего атаки – Кошановой Раш. Она была заслуженным учителем Казахской ССР, награждена орденом Трудового Красного Знамени, вырастила и воспитала четверых детей, которые тоже работают на благо страны.

Я хочу равняться на нее и быть похожей во всех отношениях.

Еще мне хочется сказать, что наш род оставил большой след в истории Казахстана. Мне даже трудно посчитать сразу, сколько потомков Кулеке батыра, но могу сказать, они все – достойные люди своей великой страны. И неважно, кто они – академики, хозяйственные и общественные деятели, рабочие, акыны – всех объединяет одно: они делали и делают все во имя народа, во имя

Родины. Я думаю, это самая высокая миссия человека на земле. И несут они ее достойно.

Заключение

В ходе работы по составлению родословной мне удалось достичь поставленных целей и решить намеченные задачи. Я узнала многое о членах семьи внутри рода и, наконец, расширила мои представления о генеалогии. С помощью родителей, бабушек и дедушек мы, насколько это возможно, восстановили родословную своей семьи. Для этого мы собирали информацию обо всех родственниках. Попытались узнать не только о тех, кто рядом с нами, но и о тех, кого нет уже живых.

Многое узнала о профессиях наших родственников, о датах и годах рождения. Я поняла, что своей жизнью обязана многим поколениям своей семьи. Надо бережно относиться к своим близким, не забывать их, во всём им помогать.

Еще поняла, что любые испытания и несчастья можно преодолеть, если рядом с тобой будут родные, надёжные люди, которые придут на помощь в трудную минуту.

Поняла, что сейчас, в это нелегкое время, мы можем положиться только на семью. Родители передают нам свой опыт, правила и традиции, прививают хорошие привычки.

У меня тоже сложился небольшой, пусть маленький опыт в изучении истории нашей семьи. Эту работу я обязательно продолжу, буду собирать материал о новых именах в истории моего рода. Хочу написать книгу про мою бабушку Кошанову Раш. Ее жизнь – служение людям.

Пролистав все семейные альбомы, из рассказов моих родных, я и мои родители составили родословную (Приложение). На вид схема кажется простой, но за каждым именем таится история, история поколений не должна угасать.

Список терминов:

В ходе работы я столкнулась неизвестными словами и решила сделать небольшой словарь.

1. Шежіре – генеалогическая родословная.
2. Құсбегі – охотник с ловчими птицами.
3. «Актабан шұбырынды» – период нашествия джунгар, «Годы великого бедствия» (1723-1727 гг.).
4. Айтыс – песня-импровизация в форме состязания двух акынов.

Моя родословная (Шежіре):

Құлеке-батыр

Қазақбай

Жанкөшек

Бекмырза

Жантілеу

Қошан

Мұрат

Ернар

Айганым(это я)

Достойные люди в моей родословной. Кто они?



Кошанова Айганым

О значении слова «Родословная»

- Родина, родители, род, родник, рождать, родовой, родословная – корень «род»
- Дерево, у которого крепкие корни, ветер не валит;
- Когда на голову беда свалится, родственника признаешь;
- Тот, кто свою страну не знает – невежда, тот кто свою родословную не знает – грешен.

Великая женщина Казахской степи





Айганым Саргалаққызы, (1783-19.11.1853 г.г.) - младшая жена Уали хана, бабушка Шокана Уалиханова.

Сабит Муканов роман «Промелькнувший метеор»

Мои достижения:



Моя семья









Нашроди семьяоченьмногочисленныеи дружные. Мой прадедушка вырастил и воспитал 17 сыновейи дочерей,которыев свою очередь воспитывают в своих потомкахуважение к предками мы не забываем нашей «малой» Родины и находимвремядля встречаместе,где бы мы не находились




Достойные
люди моего
рода. Кто они?

- Халқы қадырленген қайраткер Қошан Жантілеуов, АО «Полиграфия» 2012 г.

Имена в истории. Северный Казахстан, ТОО «Издательство Северный Казахстан», 2015 г.

Эпоха последних батыров. КФ НОФ «Аспандау», 2019 г.









Выводы по теме исследования:

- В нашем роду были и есть достойные люди, оставившие свои имена в истории моей страны.
- Жизнь моих предков связана с историей Северного Казахстана и всей страны в целом
- Потомки Кулеке-батыра – достойные люди Великой степи



5. Ақсақал – старейшина, почтенный человек.

6. Ақын – поэт-импровизатор.

7. Батыр – богатырь, почетное звание, дававшееся за воинские заслуги народом.

8. Ертегілер – сказки.

9. Сарбаз – воин-всадник.

10. Шаруа – рядовой скотовод.

VII бөлім

КҰЛЕКЕ БАТЫРДЫҢ ШЕЖІРЕСІ



Ахметжан Нұртазин
(1908-1973 жж.)

Шежіре – дастан
(Кіріспе)

Арнаған ұрпақтарға
аманатым. 1970 жыл

Қолымда жеті шежіре,
Отырмын ойда толғанып.
Міндет қойып өзіме,
Тұныққа терең көз салып.

Талай түнді өткіздім,
Шежірені қолға алып.
Таратайын уш жүзді,
Сәтін салса оңғарып.

Шығыс халқы өмірін
Көп ғалымдар зерттеген.
Қазақтың өмір тарихын
Табамыз деген сертпенен.

Казанцев пен Потанин,
Монголдан деп жөптеген.
Бертольд деген білгір де
Одан үзап кетпеген.

Әр ғалымдар өзінше,
Әртүрлі етіп жорыпты.
Өзбек пенен монғолға
Қазақты теліп келіпті.

Аманжолов Сәрсен нақ,
Анығын айтып беріпті.
Арғы түбі қазақтың
Түрікпеннен өріпті.

Түріктің ру басшысы
Алаш батыр болыпты.
Сейілхан мен Жайылхан
Деген екі ұл көріпті.

Сегіз ата түрікпен
Сейілханнан өріпті.
Жайылхан ұлы Майқыдан
Өзбек, Сапуан болыпты.

Сапуанның баласы
Айыр қалпақ деліпті.
Ол кісіден Қазақ пен
Созақ өсіп өніпті.

Созақтан Қарақалпақ боп,
Қазақтан туған Алаш та.
Алаштан туған үш бала
Таралған үш жүз оңаша.

Үлкен ұлы Ақарыс,
Ортаншысы Жанарыс.
Ең кішісі Бекарыс.
Бұл жайында жас ұрпақ
«Айқап» атты журналдан
Кәрімнің сөзін көр, таныс.

Ұлы жүзді басқарған
Үлкен ұлы – Ақарыс,
Орта жүзді басқарған
Ортаншы ұлы – Жанарыс.
Кіші жүзді басқарған
Кіші ұлы – Бекарыс.

Үш жүзге бөлінетін жайы қалай,
Бұл жөнінде болжамдар бар ғой талай.
Қазақтың үш әйелі болған екен,
Ақбидай, Дина және Алтынсамай.

Ақбидай, Дина екеуі бедеу болып,
Ұл тапқан Алтынсамай күні толып.
Күншілдік жасап оған екі әйелі
«Алапес балаң» деген ерге келіп.

Күндестік көре алмаған сөзге нанып,
Баланы көмсін деген тірі апарып.
Қимаған өлтіруге жігіттері
Баланы кете барды анасы алып.

Жас бала Алаш болып аталады,
Ер болды, енді оған кім бата алады.
Жағдайды анасынан білгеннен соң
Қалайша шыдап батыр жата алады.

Алаш мықты, жүректі болды батыр,
Әкесін ізден келіп тапты ақыр.
Алапес деген бала аман шығып,
Екі әйел сыбағасын тартты ақыр.

Ақыры екі әйелдің басын алды,
Әкесін көшіріп өз қасына алды.
Ерекше күші басым батыр болып,
Қалмақтың біраз жерін басып алды.

Бар елді бағыныштыы үшке бөлген,
Бөлгенде қоныс саны жүзден келген.
Бірдей ғып бөліп беріп үш арысқа,
Үш жүз деп содан бері атап келген.

Шын аты Ақарыстың Абайдолла,
Жанарыс анық аты – Құбайдолла.
Жамантас – Бекарыстың анық аты,
Деп жазған Аманжолов Сәрсен сонда.

Орта жүз

Жанарыстан Қотан би туған оза,
Қотан биден Қара мен Дара қожа.
Бес қожа деп аталған содан бері,
Есмағұл, Есім менен Ақтан қожа.

Ақтан қожа баласы – Арғын елі,
Қара қожа баласы – Қыпшақ елі.
Дара қожа ұрпағы – Қоңыраттар,
Есімнен өрбіп өскен Найман елі.

Есмағұлдан Ошыбай, Жаубасар ер,
Қотан биден тараған ұрпақ түгел –
Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақпенен,
Керей, Уақ аталған алты рулы ел.

Арғын

Баласы Ақтан қожа Ақжол батыр,
Ақжолдан туған екен Арғын ақыр.
Арғыннан жеті сүпы туып өсіп,
Осылай қанат жайып келе жатыр.

Аға сұлтан Жәнібек елді бастап,
Арғын, Керей руы оны қостап.
Он бесінші ғасырда кеткен көшіп,
Бөлініп Әбілхайыр ханды тастап.

Көшіп барған жері екен Моғолстан
Темір атты ханы бар елді қысқан.
«Қазақ тағы кез болды темір торға», –
Деп жазған Рашит тарих етіп дастан.

Арғынның елі де көп, жері де үлкен,
Қалайша мақтанса да болады жөн.
Абай мен Мұхтар, Сәкен Сейфуллинге
Қай ақын, қай жазушы келеді тең!

Жәлел мен Ыбыраев Ысқақ, Мәлік
Фашистің ордасына ойран салып,
Кешегі өткен Отан соғысында
Батырлар Алтын жұлдыз келген алып.

Тарайды Ақсүпыдан Қанжығалы,
Асаубай, Шәңкі, Тәкіш содан бәрі.
Сарыдан Тобықты мен Қаракесек,
Иманның ұрпақтары Тарақты елі.

Ақсүпының баласы Бәсентиін,
Қарадан Қарауыл боп тарар кейін.
Баласы Мейрам сүпы Елеместен
Өрбіген соңғы ұрпақтар бізге дейін.

Еламаннан Есенбай, Игіс атты,
Игіден Елемес еді шыққан аты.
Атақты Дәуіт туып Елеместен,
Осылай мәлім болған ұрпақ аты.

Дәуіттен Атығай мен Қалқас баба,
Аққиік, Қойлыатығай, Бағыс бала.
Қоңырбай, Қоңырнайман, Майлыбалта,
Құлансу, Бабасанмен туды жаңа.

Дәуіттің үлкен ұлы ер Атығай,
Саятшы атаныпты сері Атығай.
Дәуіттің он екі ұлы сері атымен
Атанып кеткен тегіс елі Атығай.

Қалқастың үлкен ұлы Құдайберді,
Бәйімбет тете інісі соңына ерді.
Ертеде Сырдың бойын мекен еткен,
Кейінде көк Есілге көшіп келді.

Қалқас өліп Қалмақтың күні туды,
Елімізді ежелгі жерден қуды.
Қалмақтың Қалдан ханы қойдай талап,
Сарысу, Шу бойынан елді қуды.

Қазақтар болды ақтабан шұбырынды,
Ашығып жолда халық көп қырылды.
Қоқанның Құдияр ханы жолда талап,
Осылай азып-тозып ел бүлінді.

Қырық жыл көшуменен тартып азап,
Еліміз Көкшетаудан орын алад.
Сол жерде ширек ғасыр өмір сүріп,
Дүниеден қайтыс болған атам Азат.

Қазақтың бар қызығы – баққан малы,
Бір-бірін шақырысып татқан дәмі.
Атамыз отыз бес жыл мекен еткен
Қазіргі Азат атты станцияны.

Жамангұл, Жантелі мен Қаумен өсіп,
Меңдеке, Тілекемен тізелесіп.
Бәйімбет, Құдайберді елін бастап,
Көлемді көк Есілге келді көшіп.

Есілді мекендеген аз ғана Естек
Қазаққа қарсы шықты «қайта көш» деп.
«Есілді еш адамға бермейміз», – деп,
Шықты олар қолына алып бір-бір кескек.

Сарбұлақ, Шуда менен Бағанаты
Естектің батыры еді шыққан аты.
Соғысып келгендермен қарсыласып,
Белдеуден босамады байлаулы аты.

Тілеке осы ұрыста қаза тапты,
Құлеке содан кейін ерттеді атты.
Батыры Бағанаты, Сарбұлақты
Өлтіріп Тілекенің кегін алды.

Естектен тазартылып Есіл жері,
Құдайберді, Бәйімбет қалың елі
Мың жеті жүз алпыс бір жылы келіп,
Мекені Есіл болды содан бері.

Ерке Есіл елімізге өте ұнады,
Мақал бар «елу деген – ел құлағы».
Атығай, Қарауыл мен Керей, Уақ
Жарасқан қашаннан да ынтымағы.

Шақырып бірін-бірі келді көшіп,
Қыдырып ерулікті жүрді жесіп.
Шал ақын, Бәкет ақын, Тоғжандарды
Өсірген ерке Есіл, алтын бесік.

Орыс халқы сексен жыл кейін келді,
Келе егін салуға бейімделді.
Қазақтар соқасына көлік беріп,
Өсірді жомарт жерден егінді енді.

ШЕЖІРЕ

Жеті атасын білген ұл
Жеті жұрттың қамын жер.
Өзін ғана білген ұл
Құлағы мен жағын жер.

Қазақ руларының шежіресі ұрпақтан ұрпаққа негізінен ауызша алмасып, тарап отырған. Әрине, мұндайда әр буын кейбір нұсқауларды өзгертіңкіреп жіберулері мүмкін. Ал мәдениетті елдердің бәрінде де шежіренің көп томдық жинақтары Ресей, Германия, Англия, Франция және шығыс елдерінде арнайы жарияланып отырады. Шежіреге ерекше көңіл бөлетіндердің бірі біздің халқымыз. Бірақ жазу-сызудың кенже болып қалуының салдарынан ондай кітаптар болмады. Сонда да сонау К.Жалаирдің заманынан бастап, Ш. Уәлиханов жазған «Ұлы жүз шежіресі», Ниязовтің, М. Шормановтің, Мәшһүр Жүсіптің, Шәкәрімнің, Н. Наушабаевтің қалдырған қымбат қазыналарының орны бөлек.

М. Тынышбайұлының, С. Аманжоловтың, М. Мұқановтың еңбектері ғылыми тұрғыдан алғанда арғы-бергі тарихымызды терең түсінуімізге көмектеседі.

Шежіре туралы ол:

– Ескіні көздеушілік, ұлтшылдыққа, жікшілдікке бөлуге ыңғайланған дүние деп жымысқы саясат кеңес дәуірінде одан әрі өрістеді. Бұл аңқау қазағымыздың көпшілігін мәңгүртікке әкеліп тіреуі емес пе? Енді міне, тәуелсіздік алғаннан кейін өз тарихымызды өзіміз білуге, оның жабық жатқан қатпарларын ашуға қол жетті», – дейді. Шежірені жұрт «ата тарату» деп тар өрісті мағынада түсінеді. Шынында ол елдің өткен өмірінен хабар беретін, бір қауымның шығуының, таралуының, адамзаттың дамуын зерттейтін тарихи ғылымның ертеден келе жатқан елеулі тармағы. Тіпті, К. Маркс ру тарихы жөніндегі көшпенділердің түсіне тоқтала келіп: «Олардың құрылымы – бәйтерек ағаштың құрылымына қатты ұқсайды», деген.

ШЕЖІРЕ

Уәп Латанов

Менің Шал ақын ауданына қарасты осы ұлы бабаның ұрпақтарына осы шежірені жазып-таныстыруға болған бірден бір себеп – ол қазіргі жастардың өз тектерін білуге деген құштарлығы, олардың өтініші.

Осы күнгі байқауымызша, қазіргі жасы елуден асқан ерлердің өздері өзінің шығу тегін, тіпті «жеті атасын» да білмейді екен.

Мен осы шежірені ата-жұрттың тарихын көп білетін Шоламанұлы Досмағұл атамыздан 1946 жылы соғыстан жаралы болып келіп, мүгедек болып жүрген жағдайда жазып алып едім. Соңғы тарауларын бертінде қостық. Кейбір жерлерінде қателіктер кездессе, кешірім сұраймын.

Шежіремізді Орта жүздің Арғын, Қыпшақ, Қоңырат, Найман, Керей, Уақ деп аталатын Алты арыс елінен бастайық та, ішінен өзімізге тиісті аталарды кейінге қарай тарата берейік.

Орта жүзге – Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды облыстарында тұратын қазақтар жатады. Алты арыс рулардың кейбір құрылымдары басқа облыстарда да тұрып жатады. Біздер Орта жүздің Арғынынан тараймыз. Ұраны: Ақжол, таңбасы: 00 – көз. Осы арада әртүрлі шежіреде әртүрлі айтылатын жағдай: Арғынның екінші бәйбішесінен (Момыннан тараған жеті Момынды дерекке алдық) тараған Сары сұпы тармағын жалғастырамыз.

Осы Сары сұпыдан – Еламан, одан – Есенбай, Есенбайдан – Игі, одан – Елемес, одан – Дәуіт. Дәуіттің 12 баласы болады: Атығай, Қалқас, Баба, Бабасан, Аққиік, Қойлыатығай, Бағыс, Құлансу, Есентаңырық, Майлыбалта, Моныс, Жауғаш.

Дәуіттің үлкен ұлы Атығай өзі батыр, сері, би, ел билеген адам, атағы қазақ қауымына кең тарағаннан соң, Дәуіттен тараған барлық елді басқа рулар Атығай елі деп атаған соң, Атығай руы болып қалады. Осы Атығайдың інісі Қалқастан екі бала болады: Құдайберді, Бәйімбет. Осы ауданның Жаңажол, Көктерек ауылдарынан бастап, Бескөлге дейінгі алқапты алып жатқан елдер осы Құдайбердінің ұрпақтары.

Бәйімбеттен алты бала өрбиді: Уанас, Жоламан, Жетім, Төбет, Айбас, Тоқа. Жоламаннан – Дәулетей, одан – Қайдауыл, Аллаберді, Алдияр, Тәңірберді, Қабай, Тұяқ, Есеке.

Тәңірберді (ел арасында Тәйірберлі деп атап кеткен) ер жетіп, үйлі-баранды болған кезде жұт болып, малын айдап Ұлы жүздегі таудың етегіндегі елдерге барып қыстайды. Сол елде бір байдың қызымен көңіл қосып қалады. Жаз шығып, елге қайтар кез болады. Сонда қыз Тәңірбердіге жүкті болып қалғанын айтады. Тәңірберді, сәтін салса, бір жылдың ішінде келіп, алып кететінін айтады. Елге келген соң замандастары: «Айдаладағы біреудің қызы буаз болып қалып, бала тапты деп қалай барасың?» – деп келекелейді. – «Мүмкін, ол басқа біреудің баласы шығар?» – деп жібермейді.

Осы арада айта кететін бір жағдай мынадай: Тәңірбердінің ағасы Алдияр қайтыс болғаннан соң жесірін Тәңірбердіге қосады. Алдиярдан қалған жас бала Тілеке Тәңірбердінің баласы болып кетеді. Тәңірбердінің бәйбішесінен Құлеке, тоқалынан Қожаберген туады.

Кейбір басылымдарда қателік кетіп, Шал ақынның шешесі Ұлы жүздегі Төле бидің қызы деп жүр. Шындығы, Құлекеге айттырған Төле бидің қызы екені рас. Төле би Құлекенің әкесі өлгеннен соң ата дәулеті шайқала бастағанын көріп, қызын бермеуге ойланады. Дәл сол кезде Үйсін елін Бөлек деген батыр келіп шабады. Төле би осы жағдайды пайдаланып, басқа жерге көшеді. Құлекенің жас, албырт шағы, қалыңдығын іздеп барып жатқан кезі екен. Қайын атасының қорлығына шыдамай, кісі жіберіп: «Не тілейді екен?» деген сұраққа Төле би: «Мына жауымды жеңіп берсін!» – дейді. Бөлекті қуып Құлеке кетеді. Төле бидің ойы – Құлекені Бөлек батыр өлтіріп-ақ тастар, сөйтіп одан құтылармыз деген айла. Бірақ іс Құлекенің жеңісімен аяқталады. Сондағы Құлекенің мінген аты Бақансұр да өзіне лайықты әрекет жасайды. Бөлек батырды жеңген Құлекенің атағы ел аузынан бірден бірге тарап кетеді. Міне, осыдан бастап Құлеке батыр атанады да, оған қарт Төле би риза болып, қызы Сандықты Құлекеге қосады. Бірақ Сандық бала көтермейді. Содан, осы жаққа келген соң Есіл бойындағы қалмақ, естектермен соғыста өзінің туған ағасындай болып кеткен Тілеке жау қолынан қаза тапқан соң оның екі әйелін Құлекеге қосады. Тілекенің бәйбішесінен екі ұл – Қаранай мен Қарабай, тоқалынан Күсеп пен Төлек қалады.

Енді Құлекеге қосқан Тілекенің бәйбішесінен Бәбеке, артынан Шардақ туады. Құлеке алған тоқалынан Мөңке артынан Тілеуке

(Шал ақын) туады. Сандық бәйбіше алдымен туған Бәбеке мен Мөңкені өз бауырына салып асырайды. Бәйбішенің бейілінің түскені сондай, құрысқан емшегінен сүт шығып, екеуін өз емшегімен қоректендіреді.

Жоғарғыдағы айтылғандардың бәрін жинастырып айтсақ, Тәңірбердінің балалары Құлеке, Тілеке, Ақтайлақ (Бурабай), Қожаберген болып 4 ауыл болады.

Ақтайлақ (Бурабай) қайдан пайда болды, соған тоқталайық.

Жоғарыда айтылған Тәңірбердінің Ұлы жүздің таулы жаққа барып, мал қыстатқан елінде аяғы жүкті болып қалған қызды айтып едік қой. Оған бір жыл ішінде барам деген уәдесін ел жағындағылар бұзып, уәделі уақытында бара алмай, сонымен жылдар өтіп жатты. Уәде бойынша, бала туғанда сүйінші сұрата кісі жібер деген екен ол жақта, сондықтан сүйінші сұрап кісі келеді. Оған Тәңірберді қос қара ат мінгізіп жібереді. Келген кісіге: «Ұл туса атын Ақтайлақ қоямыз деп едік, соны ұмытпасын», – деп тапсырады. Сүйінші сұраушы атын мініп, тонын киіп, риза болып аттанады. Елдегі еріккен замандастары Тәңірбердіні келекелеп, мазақ етіп, отырған жерде іле берген соң ол енді бармай қояды.

Қыз талай рет кісі жіберіп, жауап ала алмайды.

Сандалған қыз әкесінен аз-мұз дүниесін алады да, танымайтын, көрмейтін бір елге барып отырады. Күйеуге тиместен Ақтайлақты мәпелеп, өсіріп, үйлендіреді. Ақтайлақ та жас бурадай жұлқынған, батыр, батыл болып өседі. Ол елге Тәңірбердінің қылығы, әңгімесі жетеді. Содан шешесі жылап отырып, баласына бар шындықты айтады: «Қарағым, біреуден естіп жасығанша, өзімнен естіп біл. Сенің әкең Атығай ішіндегі Бәйімбет елінің батыры Тәңірберді деген кісі еді», – дейді. Бар жағдайды білген аласұрған жас батыр жолындағы елді бұзып-жарып, осы араға көшіп келеді. Ел ішіндегі жеңгелері ержетіп келген Ақтайлақты енді өз атымен атауды ерсі көріп, өзінің бураша бұрқыраған мінез-қылығына қарап, Буреке, Бурабай деп атап кеткен. Сонымен Тілеке балаларының, Бурабайдың ұрпақтары осы күнгі Алқаағаш ауылында тұрады.

Ендігі соз Құлекенің балаларының ұрпақтарын тарату болады. Құлекенің алты баласы болады: Бәбеке, Мөңке, Тілеуке (Шал ақын), Шардақ, Қазақбай, Жүсіп. Бәбеке мен Мөңкенің ұрпақтары түгелдей Қаратал ауылында тұрады. Шардақ, Қазақбай, Жүсіптің ұрпақтары түгелге жақын Алқаағаш ауылын мекендейді. Ал Шал бабамыздың ұрпағы біртіндеп біткен, оны кейін айтармыз.

Енді Бәбекеден бастайық.

1. Бәбекеден екі ұл: Бөгенбай, Тіленші.

Бөгенбайдан – Әшім, Ақым, Бәш, Шомақай, Ату.

Әшімнен – Шеген, Шәймерден. Шегеннен – Сәкен, Сыздық. Шәймерденнен – Махмет, Мұхаметжан, Ахметжан. Махметтен – Серік, Серіктен – Бахтияр, Мұхаметжаннан – Елтай, одан – Еркін, Ермек. Ахметжаннан (соғыста қаза болған) – Рай, Райдан – Берік, Еркебұлан. Шегеннің Сәкенінен – Ғалым (дүниеден өтті).

Сыздықтан – Кәкөш, Аманбай. Кәкөштен – Қалихан, Амангелді, Еркін, Амантай, Жұмай. Әшім атамыз Бәйімбет ішіндегі жалғыз Төбе би болған адам. Ол кісіні Әйнекең деп атап кеткен. Ал оның баласы Шеген де Бәйімбет ішіндегі билердің бірі. Өте денелі, ауыр салмақты кісі болыпты. Ел арасына шыққанда төрт жігіт кілемге салып, көтеріп жүреді екен.

2. Бөгенбайдың екінші ұлы Ақымнан – Күдербек, Болатбек, Сауытбек, Әуелбек, Есқақ. Күдербектен – Қажнәсіп, одан – Базарбай (соғыстан келмеді), одан – Бекен; Бекеннен – Ерке, Мереке, Қуанар. Еркеден – Азамат, Ерген. Мерекеден – Айтуған, Айтуар. Болатбектен – Қамза. Оның ұрпағы Ахметжан. Одан Шәмшит, Талапкер. Шәмшиттен – Жасұлан, Руслан. Сауытбектен – Қамбар, Қапар, Молдахмет, Қамдөнбай, Дәмолда.

Қамбардан – Ахметбек, одан – Кәкен, Мәркен. Кәкеннен – Ғалымжан, Мәркеннен – Серік, Бауыржан. Серіктен – Нұрсұлтан.

Қапардан – Қапсалям, Қази. Қапсалямнан – Тоқтар, Тоғжан, Нұржан. Дәмолдадан – Әлти, одан – Жәкен, одан – Ернар, Сабыржан.

Ақымның Есқақынан – Назым апай, Қызылжардағы қызы Баянның қолында тұрады. Баян айтысқа түсіп, ақындық қасиет көрсетіп жүрген жиендердің бірі.

3. Бөгембайдың Бәшінен – Ақжан, Темірбек, Жантемір. Ақжаннан – Нұртаза, Қанапия. Нұртазадан – Қапсамат, одан – Шәкім. Шәкімнен – Марат, Жанат, Азамат, Азат, Талғат. Нұртазаның жиені Серікбай, одан – Қатран, одан – Алтай, Айдос, Мәнап, Ербұлан.

Қанапиядан – Әубәкір, Бейіс, Жұқан. Әубәкірден – Бағрам, одан – Абай, Адай. Абайдан – Нұрбол, Нұрлыбек, Абылай. Адайдан – Дәулет. Жұқаннан – Болат. Бәштің Темірбегінен – Кәли, Айтжан, Райс. Кәлиден – Нұрғожа, Қайыржан, одан – Қанат, одан – Дархан, Айтжаннан – Қайрош, одан – Балғабай, Болат, Самат, Дулат.

Ал Жантемірден – Уәйіс, Әнес, Қаптай. Уәйістен – Айтпақ, Рүстем. Рүстемнен – Мағзұм, Мейраш, Кәрім. Мағзұмнан – Дулат, Мейраштан – Мақсат. Әнестен – Теміртас, одан Асқар, Досан, Бауыржан. Қаптайдан – Зейнолл, Қаратай. Зейнолдан – Балтабай,

Боранбай, Талғат. Балтабайдан – Жанболат, Ерболат. Боранбайдан – Сағат. Талғаттан – Бағдат. Қаратайдан – Қайсар.

4. Бөгенбайдың Шомақайынан – Мақаш, Мүжікей. Мақаштан – Қоспан, Ельяс, Абдрахман. Қоспаннан – Бікән, Шөкен, Салық, Қайрөш. Бікәннан – Тобыл, Сартай, Аманжол. Тобылдан – Арман, Нұрлан, Руслан. Тобыл Бікәннің соғыстан оралмаған Салық деген інісінің атында. Шөкеннен – Мәйкеш, одан – Марат, Мұрат, Талғат. Қайрөштен – Манарбек, Жүрбек, Ниязбек.

Ельястан – Көкен, Күзембай, Көкеннен – Қайрат, одан – Қазыбек, Раимбек. Абдрахманнан – Қарамырза, одан – Марал, Орал, Амангелді. Оралдан – Алтынбек. Енді Мүжікейден – Ғаббас, Зікірия, Жақия өседі. Ғаббастан – Әбілқайыр, Мағауия, Жамантай. Алдыңғы екеуі соғыстан оралмады. Жамантайдан Нәсіп, Қанат. Нәсіптен – Мақсұт, Тұрсынбек, Қанаттан – Айбек, Әлібек.

5. Бөгенбайдың кіші ұлы Атудан – Жарқымбай, одан – Бижігіт, Әлі, Әлібай, Құрмаш. Бижігіттен – Шәкір, Сәбит. Сәбиттен – Жәуда, Қарман, Шамған, Ербол, Ерден. Жәудадан – Талғат. Қарманнан – Мұрат, Ринат, Мирас, Ерхан, Шамғаннан – Қайрат, Ерболдан – Бауыржан, Еркебұлан.

Әліден – Алпысбай, Байбол. Әлібайдан – Мейраш. Әлінің Алпысбайынан (оны Әлібай асырап алған) – Руслан, Байболдан – Азамат.

Бәбекенің екінші баласы Тіленшіден Кежен, онымен ұрпақтас – Құлшық.

1. Кеженнен – Шоламан, Жоламан, Ыбырай, Смағұл. Шоламаннан – Досмағұл, одан – Қабдырашит. Қабдырашиттен – Әміржан, Бораш, Шортанбай, Амантай, Абай. Бораштан – Мұрат. Шортанбайдан – Қайрат, Амантайдан – Талғат, Досмағұлдан – Біләл, Жұмабай деген інілері болған. Біләлдан – Сұлтан (соғыстан оралмады). Жоламаннан – Әубәкір, Мәкен, Кәкім, Сыздық. Әубәкірден – Шәкім, Темірхан, Мәкеннен – Қаби, одан – Ғалым, Қайыркелді. Ғалымнан – Рүстем. Кәкімнен – Бағыт, Сыздықтан – Сәлім, одан – Жанат, Марат, Мұрат, Саят, Сәмбет. Ыбырайдан – Хамит, Қабділмәжит (Көстен), Қайыр, Қабдылмәжиттен – Асылхан, Арыстан. Арыстаннан – Асқар, Азамат. Асқардан – Алмат, Азаматтан – Рахат. Шәріптен – Ауған, одан – Бейбіт, Қорған, Данияр, Еркін.

2. Тіленшінің екінші баласы Құлшықтан – Байқадам, одан – Бейсен. Одан – Сыпайы, Оразалы, Өміруақ. Сыпайыдан – Нұрман, Қайырбек, Ахметжан, Мұхаметжан, Нұрманнан – Тіленбай, одан – Төлебай, Абай, Жанай. Төлебайдан – Қайсар, Асылан, Абай-

дан – Азамат. Қайырбектен – Еркін, одан – Манарбек, Өмірбек, Ниязбек. Манарбектен – Әділ, Әсет. Өмірбектен – Дәурен, Дидар. Ахметжаннан – Төлеш.

Мұхаметжаннан – Аманжол. Одан – Руслан, Бауыржан. Бауыржаннан – Олжас, Оразалыдан – Кәкімжан, Мүжән, Сейітжан. Сейітжаннан – Тұрар. Тұрардан – Қайрат.

3. Тіленшінің бір үйі – Абдан, одан – Игі, Ордабай, Игіден – Есет, Есей, Есен. Есеннен – Жұмағазы. Одан – Сейпи, Науқан, Дәурен. Науқаннан – Айдос, Ерсайын, Бауыржан. Дәуреннен – Болат, Қанат, Ордабайдан – Баубек, одан – Мырзахмет, Қожахмет.

Құлекенің екінші баласы Мөңкенің ұрпақтарын таратайық.

Мөңкенің алты баласы болады. Елшібек, Келдібек, Елемес, Самай, Адырай, Жарғыш.

1. Елшібек саятшы, бүркітші, жуас адам болыпты. Інісі Келдібек батыр, жүзбасы болып келген жауға қарсы шығатын, қол ұстап елінің тыныштығын сақтайды. Бірде орыс отрядымен кездесіп қалып, оларды тоқтатып, енді сөйлесуге келгенде бірін бірі түсінбей отряд бастығымен жекпе-жекке шығады. Келдібектің жігіттері алыста тұрады да, орыс отрядының алдына барып атының шылбырын беліне байлай салып, екеуі алыса кеткенде, Келдібек отряд бастығын алып ұрады. Беліне байлаған ат үркіп, белбеудегі қанжарын кейін тартып әкетеді. Сөйтіп жатқанда отряд адамдары жүгіріп келіп, Келдібектің басын қағып түсіреді. Міне, осылай апат болған Келдібектің артында Ақтанберген, Көктенберген, Құдайберген деген үш баласы қалады. Ол балаларды сақтап өсіруші ағасы Елшібек болады. Екеуі ержетіп келе жатқанда шетінеп кетеді де, Құдайберген ержетіп, одан Дәулетбай өседі. Дәулетбайдан – Қарып, Латып, Шәріп. Қарыптан – Сұлтан, Қуантай. Сұлтаннан – Нүркен. Нүркеннен – Заман. Қуантайдан – Халел, Жәмел, Кемел, Жомарт. Кемелден – Әділхан. Латыптан – Уәп, одан – Талғат, Нил. Талғаттан – Эдуард, Ринат, Олжас. Эдуардтан – Диас, Әмір. Нилден – Эмиль.

Осы арада атамыз Дәулетбайдың басынан өткен бір жағдайды айтуға тура келеді. Ол Тройцкінің діни медресесін бітіріп, үйге қайтып келе жатқанда Қызылжарда Латып деген көпес татармен кездесіп, сонда тұрып қалады да, артынан бұл кісінің таза, өте тәртіпті, адал жұмыс істейтінін көріп, Латып бүкіл көпестік ісін басқаруға қояды. Көпес мал жинап, Орынборға айдатады екен. Жолда Кіші жүздің қарақшылары талан-таржаға ұшыратып, көп

шығынға ұшырататын көрінеді. Дәулетбай бастап, алдынан өтсе, жергілікті адамдармен тіл табысып, тіпті мал басы өсіп баратын болыпты. Ресейдің неше түрлі қалаларынан тауар әкеліп, Латыптың дүкендері кірісті жұмыс істепті. Содан Дәулетбайды босатпай ұстайды. Енді бірер жыл істе деумен Дәуең 40-қа келіп қалады. Содан Латып Дәуеңді босатып, Марьевкадан бір дүкен салып береді. Атамыз 40 жасында көшебе-керей ішіндегі майлы-мұсаит әулетінен 17 жасар қызға үйленіп, 15 нәресте сүйеді. Бір жылы «ұшпа» деген дерттен 4 ұлы бір күнде дүние салады. Осыдан шошынған әжеміз бала көтермей қояды. 10 жыл өткенде барып, аяғы ауыр болғанын естіп, Латып хабар жібереді. Егер де келін аман-есен болса маған хабар жіберсін, нәрестенің есімін өзім қоямын депті. Содан әжем аман-есен босанып, оған Қызылжардан Латып та келіп, ұлдың атын Қабдыл Латиф деп өз атын беріпті.

Бертін келе Латып болып кетті де, әжеміз Латан деп атағаннан, біздер сол атты фамилиямызға алыппыз.

2. Мөңкенің үшінші баласы – Елемес, одан – Дерібсал, одан – Омар. Омардан – Әбдірахман, Бейсенбі. Әбдірахманнан – Зейнелғаріп, Қабдұлқалым, Ғалым. Зейнелғаріптан – Нұрлан, Арман. Бейсенбіден – Алтай, Рамазан, Жәлел, Жанат, Жәкен.

3. Мөңкенің төртінші баласы – Самай. Одан – Бақа, Мұстафа. Бақадан – Тұрымбай. Одан – Есімсейіт, Жұмабек. Есімсейіттен – Қошқарбай, Серікбай. Қошқарбайдан – Молдағұл, Сәбитбек. Молдағұлдан – Қайрат, Мақсұт. Сәбитбектен – Мұрат. Серікбайдан – Марат, Мұрат. Жұмабектен – Қуаныш, Болат. Қуаныштан – Асан.

4. Мөңкенің ендігі баласы – Адырай, одан екі бала – Аяу, Қалау. Аяудан – Әбушахман, Әбушахманнан – Біржан, Дәрібай. Біржаннан – Хамит, одан – Мақсұт, Азамат, Қанат. Дәрібайдан – Дидарбек. Жапардан – Бірімжан. Бірімжаннан – Мұхамеджан, Рақым – екеуі де соғыстан оралмады.

Қалаудан – Нұр, Темеш. Нұрдан – Ахмет, Мұқан. Ахметтен – Есілбай. Темештен – Сыздық, одан – Жұмабай, Қожабай. Жұмабайдан – Әукеш, Рым, Құбаш. Әукештен – Еркетай, Амантай, Абай, Әсет. Рымнан – Жомарт, Қайрат, Талғат, Болат. Құбаштан – Асқар, Қанат, Алтай, Болат.

Қожабайдан – Қайдар. Одан – Арман. Мөңкенің баласы Жарғыштан тұқым жоқ. Құлекенің үлкен екі Бәбеке, Мөңке балаларының ұрпақтары Қаратал ауылында тұрады.

Енді Құлекенің басқа балаларының ұрпақтарын таратайық.

Құлекенің төртінші баласы Шардақтың ұрпақтары:

Шардақтан – Бегәлі, Қазан туады. Бегәліден – Алақай, Төкей. Алақайдан – Сексен, одан – Керей, Керейден – Дәурен, Дәрмен. Дәрменнен – Орынбай. Орынбайдан – Серік.

Қазаннан – Көбет, Төбет, Байтөбет, Жанпейіс. Төбеттен – Қонысбай, Ыбырай, Мұқанғали. Қонысбайдан – Шәріпжан, одан – Қарман, Қажен. Қарманнан – Есен, Қаженнен – Ержан, Бекжан, Төлеген, Болат, Ербұлан, Руслан, Асылан. Бекжаннан – Аңсаған. Мұқанғалидан – Жүкен, одан – Нұрғали, Жанғали, Нұржан, Қази, Қали.

Құлекенің баласы Тілеуке (Шал ақынның) ұрпағы:

Тілеуке кейінгі әйелінен екі перзент көрген екен. Мәлібай, Мәлике (қызы).

Мәлібайдан – Сәкібай, одан – Төлеген. Оның Жәмила деген қызы 1944 жылы 71 жасында бұрынғы Рузаев ауданындағы Қарағаш ауылында қайтыс болған. Ал Мәликені қыпшақ ішіндегі Нұрым дегенге ұзатады. Нұрымнан Айтбай, одан – Наушабай, одан – қазақ еліне белгілі ақын Нұржан Наушабаев 1859 жылы туып, 1919 жылы қайтыс болған. Қостанай қаласында Нұржанға арналған ескерткіш орнатылған.

Құлекенің бесінші баласы Қазақбайдың ұрпақтары.

Қазақбайдан үш ұл – Жанкөшек, Тазкөшек, Аққөшек.

Жанкөшектен – Бекмырза, Дүйсенбай. Бекмырзадан – Жантілеу, Қабит. Жантілеуден – Қошан, Ғабдолла, Амантай. Қошаннан – Дулат, Аманжол, Мұрат, Амангелді, Ерсайын, Ерден, Ерболат. Дулаттан – Өмірсерік, Ержан. Аманжолдан – Жанар, Дәмелі. Мұраттан – Ернар. Амангелдіден – Данияр. Ерсайыннан – Елжан; Ерденнен – Саят, Қабиттен – Жанатай, Ғабдолладан – Кәрібай, Болат, Жақсылық. Кәрібайдан – Төлебай, Болаттан – Абай, Құнанбай. Жақсылықтан – Дәрібай, Төлентай. Амантайдан – Төлеген, Сансызбай, Ағыбай, Ақыжан.

Дүйсенбайдан – Әбілжан, Мәлік, Өсіп, Сәлік. Өсіптен – Қайролла, Жұмағали, Бейсенбі. Қайролладан – Тоқсан, Бабахан, Темірхан, Әділхан, Қажымұқан.

Енді Тазкөшектен – Сақтаған, одан – Даир, Махмет, Әбіней, Қабдос. Махметтен – Базарбай, Аманбай. Базарбайдан – Нұрлан, Қайрат. Нұрланнан – Данияр, Қайраттан – Уәлихан, Сақтаған қызы Мағпиядан Қадіркеш, одан – Орынбай, Аманбек, Сайлау, Жанат.

Аққөшектен – Мырзабай, одан – Баянтай, Құсайын, Баянтайдан – Әбу, Ережеп. Ережептен – Зейкен, Науқан. Науқаннан – Тілепбай. Құсайыннан – Әбжан, одан – Ермағамбет, одан – Ерік, Берік,

Құлекенің алтыншы баласы Жүсіптің ұрпақтары:

Жүсіптен – Есбол, одан – Жолдыбай, Малдыбай, Сапақ, Қайралап.

Жолдыбайдан – Қожық, Қожантай. Қожықтан – Мырзалы, одан – Шәмеш, одан – Ағыбай, Руслан, Серікбай. Қожантайдан – Сәдуақас, Тәсібек, Мәкен, Базарбек. Мәкеннен – Есләм, одан – Айдын. Базарбектен – Нұрлан, Нұржан, Асқар, Әсет.

Малдыбайдан – Ыбырай, одан – Жақсыбай, одан – Науқан. Сапақтан – Қасым, Зейнол. Қасымнан – Шекен, Құбаш. Шекеннен – Болат, Қайрат, Бейбіт. Зейнолдан – Төлеш, Қабиден, Қайыргелді.

Қайралаптан – Қасен, Құсайын, Темірбай. Қасеннен – Темірбек, Нәжмидден, Қажы, Неғметжан. Темірбектен – Тоқбай, Тиышбай. Тоқбайдан – Сырымбет, Сәмбет, Ниязбек, Әлеумет. Қажыдан – Уәлиолла, Төлебай. Уәлиолладан – Арман, Арыстан, Амангелді. Төлебайдан – Амандық, Ақжол, Аманжол. Неғметжаннан – Мәжит, Қанат. Мәжиттен – Дәулет. Қанаттан – Нұртас, Нұрболат, Нұржігіт. Темірбайдан – Сапар. Ол ертеректе қайтыс болды.

Міне, Құлекенің Шардақтан, Қазақбайдан, Жүсіптен өрген ұрпақтары Алқаағаш ауылында тұрады.

Ендігі әңгіме **Құлеке Тәңірбердіұлының інісі Қожабергеннің ұрпақтары** туралы болады. Оның барлығына дейін түгел осы Қаратал ауылында Құлекенің Бәбеке, Мөңке ұрпақтарымен тұрады.

1. Қожабергеннен екі бала – Бекше, Қонақай. Бекшеден – Көде, Тана, Жылкелді, Тайрабай. Көдеден – Сырым, Тұрлыбай. Сырымнан – Дербіс, Тұрып, Ыбырай. Дербістен – Ережеп, одан – Алшын, Қадір, Қапсамат. Алшыннан – Ерсайын, Ербол, Жанат. Қадірден – Бағдат, Болат. Қапсаматтан – Әлібек, Ербол. Тұрыптан – Әбіл мен Тажахмет. Әбілден – Мәлік, Шәкір, Шәріп. Мәліктен – Қаратай, Базар. Қаратайдан – Ерке, Серкебай, одан – Әлихан. Базардан – Марат, Әсет, одан – Арман. Тажахметтен – Сейдахмет, Кәкім, Ғаббас, Аушаман. Сейдахметтен – Шәйгөз. Кәкімнен – Ғазез, Аушаманнан – Қасет, Таир, Төлеген, Тайга. Ыбырайдан – Мәрәш, Қайыр. Мәрәштән – Еркін, одан – Марат, Ахмет. Қайырдан – Берік, Серік. Беріктен – Жангелді. Тұрлыбайдан – Бекмырза, Бекбас, Айбас. Бекмырзадан – Бименде, Сахат, Елияс, Қасен, Рамазан (Бекбас баласы

болған). Бимендіден – Шияп, Зейнол, Айтыма, Жәкен, Жәркен. Шияптан – Жанатай, Амантай. Жанатайдан – Аманжол. Амантайдан – Жоламан, Амангелді, Еркін, Есен, Руслан, Ерген, Бақытжан. Зейнолдан – Қаратай, Оразбай. Қаратайдан – Еркебұлан. Оразбайдан – Думан, Дулат. Сахаттан – Қайнет, Бәри, Қабықай, Мәжікен, Қабдырәшит. Қайнеттен – Ержан, Төлеш, Кенжеболат. Ержаннан – Ерболат. Төлештен – Нариман, Бауыржан, Өміржан. Кенжеболаттан – Бахтияр. Бариден – Сәлім, Ғалым, Мейраш. Мейраштан – Руслан, Диас. Сәлімнен – Марат, Самат. Ғалымнан – Ерлан.

Қабықайдан – Мереке, Нұрлан, Рәшит. Мерекеден – Асан, Есен. Нұрланнан – Арман. Рәштиттен – Жанболат. Қабдырәштиттен – Рәшит, Қизат, Мұрат. Рәштиттен – Ринат. Қизаттан – Азамат, Әлібек. Мұраттан – Жангелді.

Елиястан – Сағындық. Одан – Өркен, Еркін, Қанат, Жанат. Өркеннен – Абылайхан, Шыңғысхан, Рауан. Қасеннен – Имаш, Жұмаш, Мейрам. Имаштан – Еламан, Қалқаман, Тасқын, Ақан, Бекет, Азат. Еламаннан – Азамат, Қанат. Қалқаманнан – Әмір. Тасқыннан – Айдар. Жұмаштан – Қайырбай, Қаршыға, Асылбек. Қайырбайдан – Дамир, Әділ. Қаршығадан – Дархан, Данияр. Мейрамнан – Мереке, Азамат.

Енді Бекмырзаның Бекбас асырап алған баласы Рамазаннан – Қабиден, Имақ (бала қылып алған Қасеннің ұлы), Қабиденнен – Ефрат, Дәулет, Бағдат, Азамат. Ефраттан – Азат. Дәулеттен – Гамзат. Азаматтан – Самат. Имақтан – Бейбіт, Бекболат, Бүркіт, Болат, Бейбіттен – Олжас, Алмас, Асхат.

Бекбастың өзінен туған бала Құсайын ертерек дүниеден өткен.

Айбас қажы туралы бір мақалам «Солтүстік Қазақстан» газетінде (нөмірі 47, 31, 2002 жылғы мамыр) шығып еді. Енді осы Айбас қажыдан екі бала – Қапез бен Керей туады. Қапезден – Зият, Қабдол, Сепен, Шеріп. Зияттан – Изән, Зикен, Абай, Жабай, Таңат, Жанай, Кенжетай. Қабдолдан – Болат, Қанат, одан – Бауыржан. Сепеннен – Еншібай, Мереке, Жоламан, Балжан. Еншібайдан – Арман. Мерекеден – Амангелді, Асқар. Жоламаннан – Дархан, Керейден – Қалкен, Серік (Олардың балаларының атын ауылда ешкім білмеді. Олар Соколов ауданында).

2. Бекеннің екінші баласы – Тана.Танадан – Аққозы, Қарақозы, Шеген. Аққозыдан – Шашдәулет, Жандәулет. Шашдәулеттен – Анас, Боқан. Анастан – Қажымұрат, одан – Кеңес, Жеңіс, Егіс, Амантай, Аманбай, Талғат, Қошқарбай, Жомарт. Кеңестен – Дулат, Әскер, Нұрлан, Руслан. Жеңістен – Аңсаған, одан – Нұрбек. Қошқарбай-

дан – Бейбіт, Өмір, Асылан. Боқаннан – Айтжан, Амандық. Айтжаннан – Азамат, Айдар. Айдардан – Есмахан, Әлібек, Әлішер. Азаматтан – Айдын. Амандықтан – Қанат, Нұржан, Бауыржан, Марат, Ержан. Қанаттан – Жәнібек, Мейрамбек. Бауыржаннан – Темірхан.

Жандәулеттен – Сәден, Қабдолла, Қабдолладан – Қажырақым, Көкен, Мағыпер, Бәри, Қойшыбай, Тімтуір. Қажырақымнан – Орал, Есләм. Оралдан – Жомарт, Болат, Асқар, Үсен. Жомарттан – Дастан. Болаттан – Досжан. Асқардан – Айдос, Асылан. Үсеннен – Дархан.

Көкеннен – Қайыркелді, Мәнап, Қарақоржын, Айтбай, Нұрдәулет. Қайыркелдіден – Руслан. Мәнаптан – Қаршыға. Қарақоржыннан – Әнуар. Айтбайдан – Нұрлан. Қойшыбайдан – Самат, Берік, Думан, Ерлан, Қизат, Ұлан. Саматтан – Ақан, Аққол. Қизаттан – Дәулет. Тімтуірден – Базар, Сабыр, Сырым, Кенжеболат. Базардан – Сайлау, Сәкен.

Шегеннен – Ыбырай, одан – Жарас, одан – Ғазез, Әбікей, Мағау, Қыздатай, Жұмаш. Әбікейден – Болат, Жанат. Мағаудан – Сайлау, Игілік. Қыздатайдан – Мақсұт, Мәжит, Айдар. Жұмаштан – Аманжол, Асқар.

3. Бекшенің Жылкелді, Тайрабай ұрпақтары – Жылкелдіден – Шынтемір, Темірбай. Шынтемірден – Жұма, одан – Еркін, одан – Еркебұлан, Азамат, Олжас, Руслан. Темірбайдан – Қайырбек (соғыстан оралмады). Тайрабайдан – Шуат, Берден. Берденнен – Мұқан, одан – Халел, Нұрыш. Нұрыштан – Серік, Тұрғын. Серіктен – Жанбота, Нұрлан. Тұрғыннан – Орман, Мұхтар.

Қожабергеннің екінші баласы Қонақайдың ұрпақтары:

Қонақайдан үш бала: Теңізбай, Қырғызбай, Елшібай. Теңізбайдан – Көлбай, Көлдей, Есдәулет. Көлбайдан – Сақыпжігіт. Одан – Қажығали, Қона. Қажығали соғысқа дейін Көлденең Есіл өлкесінде ірі қара мал совхозының директоры болып тұрғанда соғыс басталып, содан соғыстан оралмады. Артта қалған екі қызы сол жақта болуы керек. Қонадан – Сапар, Мұрат, Сайлау. Сапардан – Сайран, Жанат, Талғат, Ойрат. Мұраттан – Бейбіт, Ермек. Сайлаудан – Арман. Көлдейден – Қоспан, Қоспаннан – Сепен, Жантақ, Ертай, Нығмет. Сепеннен – Сәбит, Еркін. Ертайдан – Қайсар, Нұрлан, Досан. Нығметтен – бір бала. Есдәулеттен – Баймақан, Амангелді, Жүніс. Баймақаннан – Жақия, Халық, Ерен, Нәби, Мырзатай. Жақиядан – Тұяқ, одан – Серік. Халықтан – Серік, Берік, Ерік, Кенжеболат, Арман. Мырзатайдан – Қанат, Марат.

Қырғызбайдан – Қойман, Есембек. Қойманнан – Нәліш, одан – Балсейіт, Шәрби, Қарби, Қажнәсіп. Шәрбиден – Қажыкен (одан бір бала, астана жақта тұрады). Есембектен – Ебінахмет, одан – Тілеген (соғыстан оралмады).

Елшібайдан Найман, Бибан. Найманнан – Әбуқажы, Бәкір, Базит, Минуал – олардан ұрпақ жоқ. Бибаннан - Әбдір, Қожақым, Рақым, Темір. Әбдірден – Мәлік, одан – Уәли, одан – Бауыржан, Есенбай, одан – Дәулет.

Қожақымнан – Сепен, балалары басқа жақта, белгісіз. Рақым кеңес үкіметі тұсында кедейден шыққан коммунист, 30 жылдан артық басқару қызметінде болды. Төңкеріс, Зерендіде, Қызыл ту ауданында бірінші хатшы қызметін атқарды. Рақымнан – Кеңес, Жеңіс, Абылай, Темірхан. Жеңістен – Олдас, Абылайдан – Марат, Қанат, Мұрат. Темірден – Құрмаш, одан – Ешмай, Жақсылық, Жақсыбай, Жасұлан, Олжабай, Базар, Өлке, Асылбек, Ерке, Жүрекжан. Жақсылықтан – Қайрат, Азамат. Жақсыбайдан – Бүркіт. Жасұланнан – Ербол.

Осымен Құлекенің Бәбеке, Мөңке ұрпақтары мен Қожабергеннің ұрпақтары Қаратал ауылының тұрғындары болып шықты. Бұлардан басқа да соңғы жылдары көшіп келіп жатқандар да бар.

Ата-бабаларымыздың аруағы қолдап, ауылымыздың жан басы көбейіп, тұрмыс жағдайлары жақсарып, қиыншылық көрмей, бақытты өмір сүруіне тілектестігімді білдіремін.

АЛҚААҒАШ

Дүйсенбі Қайрат Арғынұлы

Алқаағаш - ауыл, аймағым, айналайын,
Алтын бесігімде бөленіп жайланайын.
Алтын ұямда түлеп, самғап ұшсам да,
Алтын қазығыма айналып байланайын.

Ата-баба қонысы, атажұрт, атамекен,
Атам заманнан ең құтты қотан екен.
Өскен өлкемді жырласам жарасады,
Оттан да ып-ыстық кіші отан екен.

«Ақтабан шұбырындының» көшкін желі
«Елім-ай» жырын тудырды шежірелі.
Қаратау мен Сырдағы ел жерін тастап,
Жеткендегі мекені – қазіргі теріскей елі.

Батырлардың қанымен шайған мекен,
Алтын тамырын ататегім жайған екен.
Орта жүзде Арғынның ата шежіресіне
Тарихи куә – қорымдарын қойған екен.

Батыс Сібір ойпатының кең етегінде,
Оңтүстігін орайтын төменгі ең шегінде,
Саф алтын Сарыарқаның дәл төбесінде
Теріскейдей елі бар қазақтың тегінде.

Сібірдің сұғына кіріп жылы қойынына,
Естектер енген еді жері жайлы ойына.
Оларды қазақтың қолдары түре қуып,
Содан бері иелі Есілдің сайлы бойына.

Орта жүзде Арғынның белді руларын,
Көше бермей отырықшы ел құруларын
Атығай, Қарауыл, Керей, Уақ, Сибанға
Белгіледі жерлерін, суатқа көл суларын.

Ақ киізге көтеріп хан сайлады даласы,
Ханына ақ үй салды Қызылжар қаласы.
Атығай – Қарауылдың алты қызын алған,
Хан Абылай – осы елдің күйеу баласы.

Кешегі Қожаберген жырау, Сегіз сері,
Абылай, Кенесары, Шоқандай өрендері.
Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай,
Қызылжар өңірі – өнердің өнген жері.

Алқаағаштың да баурайын сайрандатқан,
Сал-серілер төрінде дәм-тұзын татқан.
Жантілеудің үйінде баласы Қошанмен,
Үкілі Ыбырай да аунап-қунап жатқан.

Абылай ханның оң қолы – ер Құлеке,
Батырдың атақты ақын ұлы – Тілеуке.
Ерлердің ерлік істерін елінде ұлықтап,
Шал ақын ауданы - қазіргі бұл өлке.

Тез таниды ой мен қырдағы Қабайды,
Тілеке, Құлеке, Көшек пен Бурабайды.
Осы кіші аталардың үрім - бұтағымен,
Ауылым таза Атығай руынан тарайды.

Дәуіттен 12 ұл өніп, үлкенін елі қалап,
Сері де ер Атығай есімін руға балап,
Ішінде Бәйімбетпіз ауыл - аймағыммен,
Баяғы Бәйімбет болысын құрған алап.

Есіл өзені Сарыарқаны аралап аққан,
«Есіл өңірі» деген теңеуді арқалатқан.
«Солтүстік Қазақстан облысы» дегізіп,
Кеңес үкіметі алаулатып алқа таққан.

Теріскейдің табиғаты бай даласында,
Құнарлы жер, айнакөлдер айналасында,
Ну орман, қалың шілік қырларында,
Тұнған тоғай Есілдің сай - саласында.

Жасыл шырша, көк терек, ақ қайыңдар,
Жапырақ жүрекпен құшақ жайдыңдар.
Көміртегіні жұтып, оттегімен байытып,
Ауаны тазалап, хош иіспен шайдыңдар.

Табиғаты тосын, құбылмалы ауа райы,
Тәуекел істерге тәуелді шаруа жайы.
Жазы қоңыржай, күзі жауын - шашынды,
Қысы қарлы боран, саршұнақ аяз ұдайы.

Көктемде еріген қар суы көл - көсір,
Асып тасиды жердің құты, көркі - Есіл.
Мол су мен малдың жайылымында,
Көбейтіп төрт түліктің төлдерін өсір.

Орманның ортасынан орын тепкен,
Мал бағып, егінін егіп, терін төккен.
Ауылдары аралас, малдары қоралас.
Қазақ - орыс елдері көрші көптен.

Ауылдар таңғажайып табиғат аясында,
Жанға жайлы, малға ыңғайлы саясында.
Айналасы ат шаптырым көк шабындық,
Жаз шауып, көпенелеп, үйеді маясын да.

Есімде әлі - мол шие, жидек, бүлдіргені,
Шақыратын піскенде үзілуге үлбіреген.
Шалғында аунап, жалаң аяқ жүгіргенде
Қос табанды шөп қытықтап күлдіргені.

Өз ауылым шоқ қайыңдар алқасында,
Қоршаған қалың ағаштар қалқасында.
Алқаағаш деген атына сай табиғаты,
Томарлы тұйық көлдері дәл қасында.

Қасында - Ақсу, Жаңасу, Тораңғыл, Еңбек,
Есеке, Тереңсай, Көктерек, Мектеп, Өрнек,
Қаратал - Аютастағы Құлеке ауылы ғой,
Қорымына Шал ақынды қойған жерлеп.

Есілдің сол жағы – Бағанаты, Ақан-Барақ,
Мерген, Балуан, Жалтыр, Жарқын, Ынтымақ,
Жаңаталап, Жаңажол, Кеңес, Түшке, Бірлік,
Қарға тамырлы туыс ауылдар екені нақ.

Қырда - Аралағаш, Қарағаш, Егіндіағаш,
Тауағаш, Отынағаш - табиғи тегінде ағаш.
Ағашты ауылдар арасынан арайланып,
Алқаағашым көзайымдай көрінді оғаш.

Шыр айналдым ауылым Алқаағашты,
Шабытым шалқып, аспанға ала қашты.
Жан сарайымды нұрлы жыр айналып,
Кемпірқосақ шумақтар шұғыла шашты.

Жеп - жеңіл ұйқастарым кезек желіп,
Өлеңдетіп орынын тауып тізбектеліп,
Айдын көлін аңсаған аққу - қаздай,
Қонып жатыр ауылымды ізден келіп.

Ақ балтырлы, сымбатты шоқ қайыңдар,
Алқаңа аңсап келдім, құшақ жайыңдар.
Жасыл желекті баурайыңда ауылымды,
90 жыл гүлденткен шақ - жайың бар.

Тоқсан жылда ауылымның марқайғаны,
Осы жаста шал - кемпірдің қартайғаны.
Жас ұрпақты кезегімен мол қартайтып,
Мәңгі елде атсын де арайлы әр таңы.

Ұлы даланың теріскейдегі ел аймағы,
Сарыарқаның қалқыған кілең қаймағы.
Өркениет ошағы киіз үйден басталып,
Ботай қонысынан шықты мол айғағы.

Салт мініп, жегуге жылқыны үйретті,
Дәру қымыз дәміне әлемді үйір етті.
Көшпенділер мәдениетін асқақтатып,
Өркениетті жылқымен өрге сүйретті.

Астықты алқап, ақ қайыңдар аймағы,
Қаптаған бау - бақша, саяжайлар бағы.
Құнарлы жердің төрінде Қызылжарым,
Берекеміздің бұзылмасын бал қаймағы.

Мағжан туылды, маржан сөздің семсері,
Сәбит, Ғабит, Шухов, Сафуан, Сәкен сері.
Теріскейдің көгіндегі шоқ жұлдыздар,
Қазақ әдебиетінің классик зергерлері.

Әлемге танымал туындылары көркем,
Табиғи таланттарды тудырған өлкем.
Ғалымдар әулеті – Айтқожа тегінің ірісі,
Лениндік сыйлық алуы - ұлылыққа тең.

Герольд Бельгер үш тілге тыңғылықты,
Ебіней, Аманжол – академиктер мықты.
Шаталов, Викторенко – ғарышкерлер де,
Ең алды Шал ақын ауданынан шықты.


Топырағыңда жаралды табиғи затым,
Киелі ортам - саф ауа, таза табиғатым.
Жеті атам жайлап қалдырған аманаты,
Ауданым жайлы жазған тағзым хатым.


Дүйсенбі ұлы Арғынның Қайратымын,
Ата - бабамның ауылдағы ар - ұятымын.
Перзент парызы деп ұрпаққа ұсындым,
Шежіре таныса ата - тегін айыратынын.


Ауыл аймағын, табиғи ортасын танып,
Тарихын зерттеп, қыр - сырына қанып,
Ұққан ұрпақ елінің ерте қамын ойлар,
Жасампаздық жолында жасынан жанып.


Ауылдардан басталады Ұлы дала елі,
Ел іші - алтын қазына, алуан шежірелі.
Тілді, ділді, дінді, текті таза сақтай білу -
Қазақы болмысымыздың рухани дәлелі.


Р. Жантілеуова. Шежіре – сызба






Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Бөгенбай
Тіленші
Әшім
Ақым
Бәш
Шомақай
Ату
Шеген
Шаймерден
Сәкен
Сыздық
Махмет
Мұхаметжан
Ахметжан
Сәлім
Серік
Елтай
Рай
Ғалым
Қасым
Кәкім (Кәкөш)
Аманбай
Бахтияр
Еркін
Берік
Алдияр
Еркебұлан
Қалихан
Данияр
Әнуарбек
Алибек
Жұмабай
Самат
Эльдар
Ермек
Еркін
Толқын
Азамат
Амантай
Ақан
Әсет
Амангелді
Манарбек



Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Бөгенбай
Тіленші
Әшім
Ақым
Бәш
Шомақай
Ату
алдыңғы беттерде
Құдербек
Болатбек
Сауытбек
Әуелбек
Есқақ
Қажнасып
Қамза
Қамбар
Ахметбек
Кәкен
Ғалымжан
Мәркен
Серік
Бауыржан
Базарбай
Ахметжан
Қапар
Қапсәләм
Қази
Бекен
Талапкер
Молдахмет
Нұржан
Ерхат
Шәмшит
Тоқтар
Ерке
Кәмденбай
Тоғжан
Мереке
Жасулан
Дәмолда
Әлти
Қуанар
Руслан
Жәкен
Ернар
Сабыржан



Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Бөгенбай
Тіленші
Әшім
Ақым
Бәш
Шомақай
Ату
Ақжан
Темірбек
Жантемір
Нұртаза
Қанапия
Қали
Нұрғожа
Қайыржан
Қанат
Дархан
Айтжан
Райс
Қапсамат
Шәкім
Қайреш
Әубәкір
Марат
Бағрам
Жанат
Абай
Азамат
Адай
Азат
Бейіс
Талғат
Жұқан
Танат
Болат
Балғабай
Дулат
Ренат
Болат
Серік
Думан
Самат
Бірлік
Берік



Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Бөгенбай
Тіленші
Әшім
Ақым
Бәш
Шомақай
Ату
Ақжан
Темірбек
Жантемір
Уайс
Әнес
Қаптай
Қаратай
Теміртас
Зейнол
Қайсар
Рүстем
Айтпақ
Асқар
Арман
Балтабай
Жанболат
Ерболат
Мағзұм
Дулат
Досан
Мейраш
Мақсат
Бауыржан
Руслан
Боранбай
Сағат
Кәрім
Темірлан
Талғат
Бағдат
Айсұлтан
Сұлтан
Сағадат
Дамир



Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Бөгенбай
Тіленші
Әшім
Ақым
Бәш
Шомақай
Ату
алдыңғы беттерде
Мақаш
Мұжікей
Қоспан
Ельяс
Абдрахман
Бікән
Салық
Шөкен
Қайреш
Көкен
Құзембай
Қарамырза
Тобыл
Сартай
Аманжол
Ержан
Арман
Нұрлан
Руслан
Мәйкеш
Марат
Мұрат
Талғат
Жұрбек
Бауыржан
Манарбек
Ниязбек
Алишер
Қайрат
Қазыбек
Раимбек
Марал
Орал
Амангелді
Алтынбек



Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Бөгенбай
Тіленші
Әшім
Ақым
Бәш
Шомақай
Ату
алдыңғы беттерде
Мақаш
Мүжікей
Ғаббас
Зікірия
Жақия
Әбілқайыр
Мағауия
Жамантай
Нәсіп
Қанат
Мақсұт
Тұрсынбек
Айбек
Әлібек


Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Бөгенбай
Тіленші
Әшім
Ақым
Бәш
Шомақай
Ату
Жарқымбай
Бижігіт
Шәкір
Сәбит
Жауда
Талғат
Шамған
Қайрат
Қарман
Ербол
Бауыржан
Еркебұлан
Ерден
Азамат
Әлі
Алпысбай
Байбол
Мұрат
Ренат
Мирас
Ерхан
Әлібай
Мейраш
Тілеген
Ерген
Руслан
Арман
Азамат
Құрмаш



Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Бөгенбай
Алдыңғы беттерде
Тіленші
Кежен
Құлшық
Абдан
Шоламан
Жоламан
Ыбырай
Смағұл
Досмағұл
Қабдрашит
Әміржан
Біләл
Сұлтан
Бораш
Мұрат
Жұмабай
Шортанбай
Қайрат
Амантай
Талғат
Абай



Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Бөгенбай
Алдыңғы беттерде
Тіленші
Кежен
Құлшық
Абдан
Шоламан
Жоламан
Ыбырай
Смағұл
Әубәкір
Шәкім
Темірхан
Мәкен
Қаби
Ғалым
Рустам
Жан
Жалғас
Алдияр
Қайыргелді
Асхат
Нұрсат
Мақсат
Кәкім
Бағыт
Сыздық
Сәлім
Жанат
Нұржан
Алихан
Марат
Талғат
Мұрат
Ержан
Ерлан
Саят
Даниял
Сәмбет
Әлинұр



Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Бөгенбай
Алдыңғы беттерде
Тіленші
Кежен
Құлшық
Абдан
Шоламан
Жоламан
Ыбырай
Смағұл
Хамит
Қабділмәжит
Қайыр
Асылхан
Арыстан
Асқар
Алмат
Азамат
Рахат
Шәріп
Ауған
Ермек
Науырыз
Қорған
Аңсар
Еркін
Мирлан
Данияр
Темірлан





Бәбекеден тағы бір үй тарауы мүмкін
-Абыл, одан Айқынбай және Ыбырай ???



Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Алдыңғы беттерде
Елшібек
Келдібек
Елемес
Самай
Адырай
Жарғыш
Ахтанберген
Көктенберген
Құдайберген
Даулетбай
Қарып
Сұлтан
Нұркен
Қуантай
Халел
Жәмел
Кемел
Жомарт
Латып
Шәріп
Уап
Талғат
Эдуард
Ринат
Олжас
Нил
Эмиль
Дербсәл
Омар
Әбдірахман
Зейнелғарып
Нұрлан
Арман
Қадұлқалым
Ғалым
Бейсенбі
Алтай
Рамазан
Жалел
Жанат
Жакен



Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Елшібек
Келдібек
Елемес
Самай
Адырай
Жарғыш
Бақа
Мұстафа
Аяу
Қалау
Тұрымбай
Жұмабек
Есімсейіт
Қуаныш
Асан
Болат
Абушахман
Біржан
Дәрібай
Жапар
Хамит
Дидарбек
Бірімжан
Мұхаметжан
Рақым
Мақсұт
Азамат
Қанат
Қабдолла
Әділжан
Асқар
Данияр
Қошқарбай
Молдағұл
Сәбитбек
Қайрат
Мақсұт
Мұрат
Серікбай
Марат
Мұрат



Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Елшібек
Келдібек
Елемес
Самай
Адырай
Жарғыш
Бақа
Мұстафа
Аяу
Қалау
Нұр
Темеш
Ахмет
Мұқан
Сыздық
Есілбай
Жұмабай
Қожабай
Қайдар
Әукеш
Рым
Құбаш
Арман
Еркетай
Амантай
Абай
Әсет
Жомарт
Қайрат
Талғат
Болат
Асқар
Қанат
Алтай
Болат



Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Бегәлі
Қазан
Алақай
Сексен
Төкей
Керей
Дәрмен
Даурен
Орынбай
Серік
Дулат
Медет
Жасулан
Азат
Бахыт
Жамбыл
Руслан
Ержан
Ақжол
Дастан
Дармен
Марлен
Санжар



Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Бегәлі
Қазан
Көбет
Төбет
Байтөбет
Жанпейс
Қонысбай
Ыбырай
Мұқанғали
Шәріпжай
Жүкен
Қарман
Қажен
Амантай
Есен
Данияр
Ержан
Ерген
Бекжан
Аңсаған
Төлеген
Болат
Ербұлан
Мансұр
Расул
Жасулан
Сакен
Руслан
Қуанар
Әділет
Асылан
Әмірғали
Жанғали
Әлібек
Нұрәли
Нұрлан
Нұржан
Марат
Жансерік
Ғиззат
Қази
Қали
Мейрам
Бейсен
Жансерік
Әнуар



Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Жанкөшек
Тазкөшек
Ақкөшек
Бекмырза
Бекбай
Дүйсенбай
Жантілеу
Ғабит
Қошан
Ғабдолла
Амантай
Жанатай
Дулат
Ержан
Өмірсерік
Аманжол
Дидар
Мұрат
Ернар
Амангелді
Данияр
Ерсайын
Елжан
Диар
Дәулет
Ерден
Саят
Ерболат
Алихан



Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Жанкөшек
Тазкөшек
Ақкөшек
Бекмырза
Бекбай
Дүйсенбай
Жантілеу
Ғабит
Жанатай
Қошан
Ғабдолла
Амантай
Жақсылық
Кәрібай
Төлеген
Сансызбай
Дәрібай
Төлебай
Ағыбай
Арман
Ақтай
Ақыжан
Төлөнтәй
Алан
Болат
Бахтияр
Абай
Құнанбай
Азамат
Армат
Адай
Азат
Темірлан



Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Жанкөшек
Тазкөшек
Аққөшек
Бекмырза
Бекбай
Дүйсенбай
Өсіп
Әбілмәжін
Мәлік
Сәлік
Қайролла
Жұмағали
Бейсенбі
Тоқсанби
Роман
Дархан
Рамазан
Осман
Қажығали
Дастан
Батырхан
Дамир
Бабахан
Руслан
Ахмет
Омар
Темірхан
Санжар
Тамерлан
Әділхан
Қажымұқан
Әли


Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Жанкөшек
Тазкөшек
Аққөшек
Сақтаған
Дайыр
Махмет
Әбікей
Мағыпия
Қабдес
Базарбай
Аманбай
Нұрлан
Данияр
Азамат
Қайрат
Уалихан
Ораз
Иманғали
Осман
Айтуар
Қадыркеш
Орынбай
Аманбек
Руслан
Ерлан
Сайлаубай
Данияр
Марат
Нұрсұлтан
Жанат
Әмірхан
Әлинұр


Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Жанкөшек
Тазкөшек
Аққөшек
Байқонақ
Мырзабай
Құсайын
Баянтай
Абжан
Әбу
Ережеп
Ермағамбет
Науқан
Тілепбай
Серік
Ерік
Берік
Ерлан


Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Есбол
Малдыбай
Сапақ
Қайралап
Сары
Жолдыбай
Ыбырай
Қыдырма
Зейнол
Жақсыбай
Қасым
Науқан
Шекен
Құбаш
Болат
Қайрат
Әділ
Бейбіт
Шынболат
Төлеш
Жасулан
Темірлан
Думан
Рахат
Нұрбатыр
Медет
Қабиден
Ренат
Жомарт
Мадияр
Қайыргелді
Дулат
Айбар
Аңсар


Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Есбол
Малдыбай
Сапақ
Қайралап
Сары
Жолдыбай
Құсайын
Қасен
Темірбай
Темірбек
Нәжмидден
Қажы
Неғметжан
Тоқбай
Мәжит
Дәулет
Сырымбет
Даулет
Шынғыс
Қанат
Нұртас
Қайрат
Түяқ
Серік
Аділжан
Нұрболат
Нұржігіт
Сәмбет
Әділет
Ниязбек
Нұрбек
Уалиолла
Арман
Әлеумет
Қуандық
Мейірбек
Сұлтанбек
Арыстан
Аңсар
Амангелді
Арлан
Асылжан
Төлебай
Амандық
Айдын
Ақжол
Әмір
Аманжол
Амандық


Құлеке
Бәбеке
Мөңке
Шардақ
Тілеуке (Шал-ақын)
Қазақбай
Жүсіп
Есбол
Малдыбай
Сапақ
Қайралап
Сары
Жолдыбай
Жақып
Сәлмен
Мәжік
Ермек
Елубай
Азамат
Абай
Қожық
Мырзалы
Шәмеш
Ағыбай
Рустам
Ренат
Серікбай
Руслан
Ойрат
Асхат
Қожантай
Садуақас
Мәкен
Тәсібек
Базарбек
Есләм
Айдын
Данияр
Нұрлан
Нұржан
Мейірбек
Асқар
Айдар
Әсет
Айбек

Алғыс хат

Бұл кітап өз заманының мемлекет қайраткері, тарихи тұлға Құлеке Тәңірбердіұлын мәңгі есте қалдыру жөніндегі жерлестері мен батыр ұрпақтарының жеке үлесінің арқасында жарық көрді. Жан дүниесінің ризашылығымен үлес қосқан азаматтар;

Адамов Давид Вячеславович
Анасов Темиртас Анасұлы
Анисов Егіс Қажымұратұлы
Ахметов Сабыр Қайратұлы
Базарбаев Қуанар Бекенұлы
Баймұқанов Дәстен Абылайұлы
Балтабаев Абылай Зияұлы
Баширов Жүсіп Қабдуахитұлы
Бижигитов Ербол Сабитұлы
Ғабдуллин Дарібай Жақсылықұлы
Ғабдуллин Самат Қойшыбайұлы
Елемесов Серикбай Елемесұлы
Еңсегенов Жұмабек Нығметжанұлы
Жантілеуов Ерсайын Қошанұлы
Жантілеуов Мұрат Қошанұлы
Жахин Азамат Зекенұлы
Жусупов Бекет Қаратайұлы
Жұмағазин Дәурен Жұмағазұлы
Зикирин Елтай Қайырбекұлы
Исмагулов Айтмұқан Жұмабайұлы
Қадіралин Қайрат Ғалымұлы
Қажрахимов Жомарт Оралұлы
Қалиев Құдайберген Қалиұлы
Қалиев Қанат Қайыржанұлы
Қоспанов Сартай Біканұлы
Қошанова Жанар Аманжолқызы
Құрманқұлов Зарап Ерғалиұлы
Латанова Мариям Уапқызы
Макенова Райхан Қошанқызы

Махметов Қайрат Базарбайұлы
Махметова Бақыт Серікқызы
Найманов Хамит Әбілқасымұлы
Омаров Қанат Қосылұлы
Омаров Тоқтарбай Сыздықұлы
Оразалин Тұрар Сейітжанұлы
Сақтанов Какім Әбуұлы
Сахатов Ерболат Ержанұлы
Сексенов Орынбай Дәрменұлы
Спаен Еркін Қайырбекұлы
Тасбаев Бағдат Айтенұлы
Тимур Сартай Қоспановтың немересі
Тоқымбетов Ильяс Акбаруұлы
Уахитов Мейраш Рүстемұлы
Хамзин Қабдырахман Садуақасұлы
Шарипов Қабдусалам Шәріпұлы
Шаяхметов Қазбек Серікұлы
Шыңғысова Сара Ғазезқызы

Қымбатты жерлестер, Сіздерге жанашыр жүректеріңіз үшін үлкен рахмет! Құлеке батырдың аруағы қолдасын!

МАЗМҰНЫ

М. Жантілеуов. Кіріспе 5
З. Тайшыбай. Алғы сөз 13

I бөлім

З. Тайшыбай. «Қазақтың ханы Абылай» Құлеке батырға қатысты 15
Құжаттар мен материалдар 18
И. В. Ерофеева. 1675-1821 жылдардағы қазақ билеуші элитасының эпистолярлық мұрасы
Құжаттар мен материалдар 59
Б. Нәсенов. Қазақтардың тарихы. Хандар 67, 74
Б. Тогисбаев. Образование первого казахского государства ... 75

II бөлім

Б. Жунусов. Абылай хан и вопросы государственности 79
Қ. Мұқанов. Құлеке батыр 89
А. Қошанов, А. Тасболатов. Қол бастаған Құлеке 94
З. Тайшыбай. Кулеке батыр – соратник Абылай хана 99
Х. Біржанов. Құлеке батыр 104
Ғ. Қадіралин. Батыр бабалар хақында 107
Ж.Сүлейменов. Ұлылардың бесігі 113
Ж. Тажин. Батыр бабалар ерлігі үлгі болуға тиіс 123
М. Есмаганбет. Будь сильным, как Кулеке... 126
М. Жантілеуов. Кулеке батыр в истории Северного Казахстана 127
Д. Баймұқанов. Бір кездесу 140
С. Габдуллин. Ер есімі ел есінде 146
М. Жантілеуов. Сегіз қырлы, бір сырлы адам. 148
М. Қанғожин. Құлеке батырдың соңғы сөзі 150
Қ. Қоспанов. Туған жер 153
Ә. Сұрағанұлы. Құлеке батыр 154

III бөлім

Б. Әлімжанов. Пьеса. Құлеке батыр 160
Ел қорғанын ұлықтау. Ғылыми-практикалық конференция .. 205
Жақсыбай Самрат. Сахнада – ел қорғаны Құлеке батыр 212

IV бөлім

Құлеке батырды мәңгі есте сақтау және қайта қарау жөнінде
Құлеке батырға арналып өткізілген іс-шаралар 222
«Қызылжардың хас батырлары» тақырыбында
онлайн-конференция 231
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің
30 жылдығына орай ұйымдастырылған «Қос
батырдың бірі – Құлеке» атты конференция 233
А. Қошанов. Халық мүддесі, ел тағдырына
байланысты аянбай қызмет еткен Құлеке батыр
бабамыз туралы (1702-1763 жж.) 234
Г. Кубенова. Абылай ханның сенімді серігі 240
А. Қазиқанова. Қос батырдың бірі – Құлеке. 241
Қазақстан Тәуелсіздгінің 30 жылдығына арналған
конференция 243
М. Жантілеуов, А. Әлімжанов. «Қаз дауысты
Қазыбек бидің қазақ қоғамындағы орны мен рөлі»
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция 244
Доклад для конференции на тему «Исторические
личности, похороненные в Туркестане» 246
А. Жолмұқанова. Батырдың атындағы спорт сарайы 255
Ә. Қайнетова. Сайдың тасындай іріктелген 256

V бөлім
Ел тарихы, елге тағзым

У. Латанов. Құлеке батырдың ұрпақтары. 259
Қаратал ауылы туралы 266
1941-1945 жж. еліміздің бостандығы ушін қаза
болған жауынгерлер тізімі 273
И. Сергеев. Этот трудный путь к победе 275

Г. Бельгер. Басқарма моего детства 277
Бікән Қоспанов 280
Сара Мәйкен. Ғазез қыздары. Әке туралы естелік 282
С. Қойшыбай. Қойшыбай Қабдоллаұлы 285
Қаптаев Зейнолла 287
Алқаағаш ауылы туралы 289
Умербай Ибраев. Дни далекие, дни памятные 289
Қайрат Дүйсенбі. Табиғаты көркем-теріскей өлкем 292
1941-1945 жылдары еліміздің бостандығы үшін
күрескен жауынгер жерлестеріміздің тізімі 300
Ә. Сұрағанұлы. Есімдерің ел есінде 302
С. Молдахметов. Алқаағаш қырандары 303
Ауылымның арыстары 307
Жантілеуов Қабдолла 307
Осипов Қайролла 308
Жантілеуов Амантай 309
Мұқажанов Қажінәсіп 310
Ғабитов Жанатай 312
Сәкенов Ғалым 313
Шәріп Оспанұлы 314
Сәкенов Қасым 316
Жақыпов Қошқарбай 317
Какжанов Айдархан 320
Қайрат Дүйсенбі. Алқаағаштан Берлинге дейін 330
Ж. Сүлейменов. Өмір жалғасы 336
Ш. Мұқамеджанов. Ауылым 338
С. Молдахметов. Атыңнан айналайын, Алқаағаш 342

VI бөлім

Елге белгілі Құлеке ұрпақтары. Тлеуке
Құлекеұлы (Шал ақын) 349
Ч. Валиханов. Из собрания сочинений 352
М. Мағауин. Шал ақын 353
Қ. Мұқанов. Шал ақын Құлекеұлы 357

«Шал ақын Құлекеұлы және ақындық өнер» атты халықаралық ғылыми конференцияның материалдары 364
У. Латанов. Шал ақын өлеңдерінің ел арасында таралуы 365
Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевқа «Ашық хат» 369
Жантілеуов Қошан 372
Қ. Мұқанов. Шал ақын жырларын жадында сақтап 375
Латанов Уап Латыпұлы 379
Қ. Мұқанов. Асылдың сынығы еді 381
Қоспанов Қайрөш Қоспанұлы 385
Біржанов Хамит Біржанұлы 387
Қошанов Дулат Қошанұлы 388
Қасымов Шекен Касымұлы 389
Қошанов Аманжол Қошанұлы 390
Қ. Ахметов, М. Жүкінбай. Кемел тұлға 393
Ғайсина Рәш Қошанқызы 399
Ахметбеков Мәркен Ахметбекұлы 400
А. Қошанов. Біртуар азамат, бауырымыз 401
Еркін Қайырбекұлы Спаен 406
Махметов Серік Махметович 408
Теміртас Анасұлы Анасов 409
Т. Жалмұрзенов. Еңсесі биік азамат 410
Сартай Біканұлы Қоспанов 414
Мұрат Қошанұлы Жантілеуов 415
З. Әкімжанов. Ер мерейі – еңбегі 417
Оразалин Тұрар Сейітжанұлы 422
А. Кошанова. Достойные люди в моей родословной. Кто они? 423

VII бөлім
Құлеке батырдың шежіресі

А. Нұртазин. Арнаған ұрпақтарға аманатым 439
У. Латанов. Шежіре 447
Қайрат Дүйсенбі. Алқаағаш 458
Р. Жантілеуова. Шежіре – сызба 464
Алғыс хат 489

Құлеке батыр және ұрпақтары

Тарихи-өмірбаяндық очерктер

Құрастырған М. Жантілеуов

Баспаға 08.09.2022 қол қойылды.
Қалпы 84x108 1/32.
Қағазы офсетті.
Қаріп түрі «CharterITC». Баспа табағы 25, 62.
Бағасы келісімді. Таралымы 100. Тапсырыс № 349

Книга отпечатана в типографии ТОО «Издательство «Северный Казахстан».
Адрес: 150001, Республика Казахстан, Северо-Казахстанская область,
г. Петропавловск, ул. Кошукова, 5.
Тел. +7 (7152) 31–07–72, e-mail: iim@izdatelstvo-sk.kz.


(gap) keazo